К. АХАНОВ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқулық

ҮШІНШІ БАСЫЛЫМЫ

АЛМАТЫ, «САНАТ», 1993

ББҚ 81.2 Я73
А 93

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Редакторы **Наурызбай Ақбаев**

Аханов Қ.

А 93 «Тіл білімінің негіздері: Оқулық, 3-бас.— Алматы. «Санат», 1993.—496-бет.

ISBN 5-7090-0103-1

Оқулықта тіл білімінің негізгі ұғымдары мен басты-басты теориялық мәселелері қамтылған. Бұдан бірнеше жылдардан астам уақыт бұрын жарық көрген бұл туынды жоғары оқу орындары студенттері мен аспиранттар, аспирантар мен мұғалімдер, тіл білімінің мамандары үшін құндылығын әлі жоғалтқан жоқ.

А $\frac{4602000000-019}{416(05)-93}$ 2-93

ББҚ 81.2 Я73

ISBN 5-7090-0103-1

© Аханов Қакен, 1993

Какен Аханов

ВВЕДЕНИЕ В ЯЗЫКОЗНАНИЕ

УЧЕБНИК

(На казахском языке)

Корректоры *Ж. Махмутова*
Көркемдеуші редакторы *Ө. Тілеулиев*
Техникалық редакторы *Ф. Овчинникова*

ИБ № 111

Терүге 24.04.92. жіберілді. Басуға 25.08.93 қол қойылды. Пішімі 60×90¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «әдеби». Шартты баспа табағы 31,0. Есептік баспа табағы 34,3. Таралымы 8000 дана. Тапсырыс № 948. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы Білім беру министрлігінің «Санат» баспасы, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 85-аға үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің полиграфкомбинаты, 480002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41-үй.

АЛҒЫ СӨЗ

«Тіл білімінің негіздері»— университеттер мен пединституттардың филология факультеттерінде өтілетін теориялық пән. Пәннің мақсаты мен міндетіне орай, бұл оқулықта тіл білімінің негізгі ұғымдары мен терминдері қарастырылып, оның басты-басты теориялық мәселелері баяндалады.

Бұл оқулық қазақ тілі және онымен туыстас басқа түркі тілдерінің материалдарының негізінде жазылды. Кейбір мысалдар шет тілдерден (батыс және шығыс тілдерінен) келтірілді. Құрылысы басқа тілдердің ішінде орыс тілінен мысалдар көбірек алынды. Ұсынылып отырған кітапты жазуда орыс тіліндегі осы тәріздес оқу құралдарын жасаудың бай тәжірибесін үйрену бізге көп көмегін тигізді.

Басқа да ғылым салаларындағы сияқты, тіл білімінде әлі де толық шешімін таппаған кейбір мәселелер және олар жайында әр түрлі пікірлер мен байымдаулар бар. Болашақ филолог-мамандардың ондай мәселелерден де хабардар болғаны жөн. Осыны ескере келгенде, әр түрлі пікір таласын тудырған, әлі де болса үңіле түсуді қажет ететін кейбір мәселелерді атай отырып, оларды зерттей түсудің маңыздылығына назар аударуды мақұл көрдік. Мұнымен бірге автордың ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы бағдарлауы мен түйіндері де берілді. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде 25 жылдан астам уақыт бойында оқыған лекцияларының материалдары пайдаланылды. Зерттеушілердің тіл білімінің алуан түрлі мәселелері жайындағы пікірлері де ескерілді. Олар сілтеме мен тақырыптардан кейінгі әдебиет тізімінде көрсетілді.

Бұл кітап «Тіл біліміне кіріспе» деген атпен 1965 жылы жарық көрген оқулықтың негізінде жазылды. Оқулықтың 1965 жылғы басылуының қолжазбасын жазу және баспаға даярлау кезінен (бұл кез 1963—64 жылдары болатын) бері он шақты жыл өтті. Бұл мерзім ішінде тіл білімінің біркыдыру теориялық мәселелері жайында тың пікірлер айтылды, өте мол ғылыми әдебиет жарық көрді, бірсыпыра мәселелер жаңаша баяндалды. Осыларды ескеріп, оқулықтың тарауларына өзгерістер, толықтырулар енгізілді, кейбір тараулары тыңнан жазылды*.

Тіл — әрбір адамның өмір бойы қолданатын ең маңызды құралы. Бұл кітапта болашақ мамандарға сол құрал туралы ғылымның әрі тартымды, әрі өте-мөте маңызды екенін баяндап беру басты мақсат етілді.

* Кітап 1978 жылғы басылым бойынша шығарылды.

I тарау

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

§1. ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ

Тіл білімі немесе лингвистика[1] — тіл және оның даму заңдары туралы ғылым. Тіл — қоғамдағы адамдардың өз ара пікір алысу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады. Тілдің осы аталған әр түрлі жақтары тіл білімінің тиісті салаларында, мысалы, тілдің дыбыс жүйесі тіл білімінің фонетика саласында қарастырылса, сөздік құрамы лексикология саласында, грамматикалық құрылысы грамматика саласында қарастырылады. Тіл білімінің осы аталған салаларының әрқайсысы өз ішінде бірнеше салаға немесе бөлімге, мысалы, фонетика саласы сипаттама фонетика, салыстырмалы-тарихи фонетика, эксперименталды фонетика және т. б. болып бөлінеді. Мұндай ішкі салалар немесе тармақтар жайында мағлұмат осы кітаптың әр тарауының тұс-тұсында беріледі.

Бүтіндей тіл және оның әр түрлі салалары даму, біртіндеп жетілу күйінде болады. Тілдің әр түрлі салаларының даму сипаты мен қарқыны түрліше болуы мүмкін. Бүтіндей тіл және оның әр түрлі салалары тілдің ішкі даму заңдары бойынша дамиды. Тіл білімі (немесе лингвистика) тілдің әр түрлі жақтары мен салаларын, олардың дамуын, өз ара байланысын, тіл дамуының ішкі заңдарын зерттейді. Тілдің әр түрлі жақтары (дыбыс жүйесі мен сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы) бір-бірімен өз ара тығыз байланысты болатыны сияқты, тіл білімінің оларды (тілдің әр түрлі жақтарын) зерттейтін салалары да (фонетика мен лексикология және грамматика) бір-бірімен өз ара тығыз байланысты болады.

Тілді белгілі бір дәуірде өмір сүріп тұрған қалпы тұрғысынан қарастырып, сипаттама беретін тіл білімі бар да, оны (тілді) шығуы мен тарих бойында дамуы тұрғысынан зерттейтін тіл білімі бар. Алдыңғысы сипаттама тіл білімі немесе синхрониялық лингвистика, соңғысы тарихи тіл білімі немесе диахрониялық лингвистика деп аталады.

Белгілі бір тілді, оның жүйесі мен құрылымын ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру және оның даму заңдарын ашып айқындау үшін, ол тілді және ондағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды біріншіден, шығуы мен дамуы тұрғысынан, екіншіден, ол құбылыстарды туыстас тілдердегі біртектес құбылыстармен салыстыру тұрғысынан зерттеу қажет. Ф. Энгельс тілді тарихи тұрғыдан зерттеудің және оны туыстас тілдермен салыстыру тұрғысынан карастырудың маңызы туралы былай деп жазды: «...Ана тілінің материясы мен формасы» түсінікті болғанда, оның пайда болуы мен бірте-бірте дамуы зерттеліп отырғанда ғана түсінікті болады, ал егер, біріншіден, ана тілінің өзінің өшкен формаларын және, екіншіден, түбірлес тірі және өлі тілдерді назарсыз қалдыратын болсақ, әлгілердің түсінікті болуы мүмкін емес[1]. Демек, тілді, ондағы әр түрлі құбылыстарды шығуы мен дамуы тұрғысынан және ол құбылыстарды туыстас тілдердегі ұқсас немесе біртектес құбылыстармен салыстыру тұрғысынан қарастыру тілдің шынайы табиғатын, оның даму заңдарын ашып айқындаудың басты шарты болып саналады.

Толық мағынасындағы ғылым ретінде тіл білімінің өзі тілдерді тарихи және салыстыру тұрғысынан зерттеудің негізінде, дәлірек айтқанда, тілдерді зерттеуде салыстырмалы-тарихи методты қолданудың нәтижесінде, салыстырмалы-тарихи грамматиканың негізінде XIX ғасырдың басында жасалды. Бұған дейін де, әрине, тіл білімі болған. Бірақ XIX ғасырға дейінгі тіл білімінде тілдің және ондағы сан алуан құбылыстардың шығуы, дамуы және олардың себептері айқындалмай, тек сипаттама берумен шектелініп келді. Бір сөзбен айтқанда, XIX ғасырға дейінгі тіл білімі тілдегі құбылыстарды ғылыми талдау тұрғысынан түсіндіру дәрежесіне көтеріле алмай, оларға (тілдік құбылыстарға) сипаттама берумен ғана шектелді.

Ал XIX ғасырда ғылым атаулыда, әсіресе қоғамдық ғылымдар саласында, соның ішінде тіл білімінде әр түрлі құбылыстардың өзгеруі, тарихи дамуы тұрғысынан қарастыратын көзқарас пайда болып, ғылыми зерттеулерде историзм принципі қолданыла бастады. Осы бір дәуірдегі ғылым туралы Гегельдің ғылымға сіңірген еңбегі жайында Ф. Энгельс «Анти-Дюринг» деген кітабында былай деп жазды: «...Ол тұңғыш рет бүкіл табиғат, тарихи және рухани дүниені процесс түріндегі нәрсе, яғни үнемі қозғалуда, өзгеруде, қайта құрылуда және дамуда деп таныды, сөйтіп осы қозғалу мен дамудың ішкі байланысын ашуға тырыс-

[1] *Лингвистика* — француз тілінің linguistique (латынша lnqua — «тіл») сөзі бойынша жасалған термин: тіл туралы ғылым дегенді білдіреді.

[1] *Ф. Энгельс*, Анти-Дюринг, қазақша басылуы, Алматы, 1957, 317-бет.

ты»[1]. Ал тіл білімінде тілді өзгеріп дамып отыратын құбылыс ретінде қарайтын көзқарас қалыптасты. Тілді және оңдағы құбылыстарды өзгерілуі, дамуы тұрғысынан қараудың, туыстас тілдерді салыстыра зерттеудің барысында тіл білімінде XIX ғасырдың бірінші ширегінде сипаттама анализден ғылыми анализге көшуге мүмкіндік жасалды. Тілдердің өзгеру және даму заңдары ашылып айқындалды. Осының нәтижесінде тіл білімі ғылым ретінде жасалып қалыптасты.

Жеке бір тілдің жүйесі мен құрылысын және оның даму заңдарын зерттеп айқындайтын жеке тіл білімі (частное языкознание) бар да (мысалы: орыс тіл білімі, украин тіл білімі, ағылшын тіл білімі, француз тіл білімі, әзірбайжан тіл білімі, қазақ тіл білімі және т. б.), ғылым ретіндегі тіл білімінің теориясы болып саналатын жалпы тіл білімі (общее языкознание) бар. Жалпы тіл білімі — нақты бір тіл туралы немесе оның дамуының жалқы заңдары туралы емес, қатынас құралы ретінде қаралатын адам баласы тілінің дамуының жалпы заңдары туралы ғылым. Демек, жалпы тіл білімі мен жалқы (жеке, нақты) тіл білімі бір емес. Алайда, бұл екеуінің (жалпы тіл білімі мен жалқы тіл білімінің) арасында өз ара байланыс пен қарым-қатынас әрқашан сақталады. Тіл білімінің жалпы теориялық саласы болып саналатын жалпы тіл білімі, әдетте, бір ғана тілдің емес, көптеген тілдердің деректерін есепке алады, оларды (тілдерді) ғылыми тұрғыдан зерттеудің нәтижелерін сүйеніп етеді және осылардың бәрін жинақтай келіп, жалпы теориялық топшылаулар мен қорытындылар жасайды. Зерттелген тілдер мен олар жайындағы деректер неғұрлым көп болса, жалпы тіл білімінің теориялық топшылаулар мен қорытындылар жасауына мүмкіндіктер де соғұрлым мол болады. Жалпы тіл білімі дамуының қазіргі кезеңінде мұндай мүмкіндіктер, бұрынғы дәуірлердің қай-қайсынан болсын, анағұрлым мол. Қазіргі замандағы ғылымның барлық салалары сияқты тіл білімі де жаңжақты дамып отыр.

Жалпы тіл білімінің теориялық топшылаулары мен қорытындылары жеке тілдерді зерттеу үшін, және осыған орай, жеке тіл білімінің дұрыс бағытта дамуы үшін өте-мөте қажет. Советтік жалпы тіл білімі тіл туралы марксистік қағидаларды басшылыққа ала отырып, жеке тілдерді дұрыс бағытта зерттеуге бағыт-бағдар сілтейді. Біздің елімізде жеке тілдерді зерттейтін әрбір нақты (жеке) тіл білімі (мысалы: орыс тіл білімі, грузин тіл білімі, қазақ тіл білімі және т. б.) советтік жалпы тіл білімінің теориялық қағидаларына сүйенеді. Совет тіл білімі отандық тіл білімі мен дүние жүзілік тіл біліміндегі жетістіктерді де ескеріп, керегінше пайдаға асырады.

---

[1] *Ф. Энгельс.* Анти-Дюринг, қазақша басылуы, Алматы, 1957, 27-бет.

Жалпы тіл білімі тілдің мәні мен қызметін, оның ойлаумен ара қатынасын, байланысын, адам баласы тілінің пайда болуын қарастырады, тілдің даму заңдарын айқындайды, тілді зерттеудің методтарын белгілейді, дүние жүзіндегі тілдерге олардың грамматикалық құрылысына қарай, шығу тегінің бірлігі мен туыстастық дәрежесіне қарай классификация жасайды, тіл білімінің әр түрлі салаларының (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис және осы салалардың әрқайсысының ішкі тармақтары) ара қатысы мен байланысын, ғылымдар жүйесінде тіл білімінің алатын орнын айқындайды.

Жалпы тіл білімі — тіл туралы ғылымның теориялық саласы да, «Тіл білімінің негіздері» (немесе «Тіл біліміне кіріспе») деп аталатын курс — жалпы тіл білімінің бастама курсы. «Тіл білімінің негіздері» жалпы тіл білімі қарастыратын мәселелерді оқып білу үшін алғашқы баспалдақ, соған жолдама іспетті; мұнымен бірге ол жеке, нақты тілді (немесе тілдерді) ғылыми тұрғыдан танып білуге де көмектеседі.

§2. ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ

Ғылым атаулы, әдетте, екі топқа бөлінеді: оның бірі — жаратылыс тану ғылымдары, екіншісі — қоғамдық ғылымдар. Ғылым атаулының бұлайша екі үлкен топқа бөлінуі, сайып келгенде, олардың нені зерттейтіндігімен байланысты. Шындық болмыстағы құбылыстардың бір тобы материалдық құбылыстар, жаратылыс құбылыстары болса, екінші тобы — қоғамдық құбылыстар. Материалдық құбылыстарды, жаратылыс құбылыстарын жаратылыс тану ғылымдары (физика, химия, биология, математика және осылардан бөлініп шыққан басқа ғылымдар) зерттесе, адам баласы қоғамындағы құбылыстарды (яғни қоғамдық құбылыстарды) қоғамдық ғылымдар (тарих, философия, саяси экономия, заң ғылымдары және т. б.) зерттейді.

Тіл білімі ғылымдардың осы аталған екі тобының (жаратылыс тану ғылымдары, қоғамдық ғылымдардың) қайсысына жатады? Бұл мәселе ғылым тарихында түрліше қаралып, осыған орай, түрліше шешіліп келеді. Мысалы, XIX ғасырда кейбір ғалымдар тілді жаратылыс құбылыстарының қатарына жатқызды да, осыған орай, тілді зерттейтін тіл білімін де жаратылыс тану ғылымдарының қатарына қосты. Неміс лингвисі Август Шлейхер (1821—1868) дәл осындай пікірде болып, тілді тірі организм сияқты құбылыс деп есептеді. Оның пікірінше, тіл де тірі организмше туады, өседі, картайып тозады, өледі. Август Шлейхер тілді биологиялық құбылыстардың қатарына жатқызып, оны (тілді) зерттейтін тіл білімін де жаратылыс тану ғылымдарының қатарына қосты. Алайда, Август Шлейхердің бұл тұжы-

рымы мүлдем қате. Бұлай дейтініміз: тіл мен тірі организмнің арасында түбірлі айырмашылықтар бар. Тірі организмнің өлуі биологиялық тұрғыдан болмай қойылмайтын шарасыздық. Ал тіл қандай бір тірі организмнен болсын анағұрлым ұзақ өмір сүреді. Тіл өз дамуының ішкі заңдары бойынша дамып отырады, бірақ оның тірі организм сияқты өлуі шарт емес. Тірі организм биологиялық құбылыстардың қатарына жатса, тіл қоғамдық құбылыстардың қатарына жатады. Демек, Август Шлейхердің тілді тірі организм деп, табиғат құбылыстарының қатарына жатқызуы қаншалықты қате болса, тіл білімін қоғамдық ғылымдардың емес, жаратылыс тану ғылымдарының қатарына қосуы соншалықты қате. Тіл — қоғамдық құбылыс, сондықтан оны зерттейтін ғылым — тіл білімі де қоғамдық ғылымдардың қатарынан орын алады.

Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орнын және оның басқа ғылымдармен байланысын жете түсіну үшін, қазіргі замандағы ғылымның сипаты туралы мәселеден хабардар болу өте-мөте қажет. Қазіргі заманда бір жағынан, ғылымның бұрын болмаған жаңа салалары жасалып, ғылымда дифференциация процесі жүріп жатса, екінші жағынан, екі немесе бірнеше ғылымның өз ара түйіскен жерінен сол ғылымдардың бәріне бірдей ортақ, бәріне бірдей қатысты проблемаларды бірлесе зерттейтін дербес ғылыми дисциплиналар жасалып, ғылымда интеграция процесі жүріп жатыр. Бұл жайында И. Д. Андреевтің «Ғылым және қоғамдық прогресс» деген кітабында жақсы айтылған: «Кейбір объективті процестер, мысалы, физикада да, химияда да зерттелініп, бірақ әр басқа методтармен зерттелініп жүр. Мысалы, ядролық реакцияның нәтижесінде химиялық элементтердің өзгерулері радиохимияда да, ядролық физикада да зерттелінеді. Микробөлшектердің ішкі молекулярлық өз ара әсері әрі химияда, әрі квантты механикада зерттелінеді. Осылардың нәтижесінде физикалық химия, химиялық физика, химиялық термодинамика, физика-химиялық биология тәрізді және т. б. іргелес ғылымдар пайда болды. Екі ғылым — биология мен химияның түйіскен жерінен жаңа ғылым — биохимия туып, ол химиялық процестерді тіршіліктің шығуы мен дамуы тұрғысынан зерттейтін болды.

Ал мұның өзі ғылымның даму барысында материяның қозғалысының бір ғана формасын зерттейтін бір тектес ғылымдардың ғана емес, шындық болмыстың әр басқа жақтарын зерттейтін әр түрлі ғылымдардың жақындасуының қазіргі кезде қарқынды процесі жүріп жатыр деген сөз. Интеграция қазірде математика мен лингвистика, логика мен математика және т. б. осылар тәрізлес, бұрын бірі-бірімен ешбір ұқсастығы жоқ сияқты болып көрінетін ғылымдарды қамтып отыр.

Ғылымдардың интеграциясы өте-мөте күрделі процестерді, заттарды, шындық болмыстың құбылыстарын біркыдыру ғылымдардың бірлесе комплексті зерттеу түрінде де, әр түрлі ғылымдардың басқа ғылымдарға кірігуі, әр басқа ғылымдардың предметтері мен методтарының өз ара жақындасуы түрінде де жүріп жатады. Мұның бәрі бұрын бір-бірімен ешбір ұқсастығы жоқ сияқты боп көрінетін ғылымдардың ара жігінің жойылуына әкеп соғады. Айталық, физика мен химияның, физика мен биологияның, химия мен биологияның арасындағы, осы аталған ғылымдардың әрқайсысы мен кибернетиканың, космос кеңістігі туралы ғылым мен көптеген басқа ғылымдардың арасындағы дәлме-дәл дерлік шекараны қазірде деп басып көрсету қиын. Кибернетиканың жетістіктерімен байланысты математикалық және, әсіресе техникалық ғылымдар биологиямен, психологиямен және тіпті тіл білімімен де, яғни ертеректе, шын мәнінде, техникамен үш қайнаса сорпасы қосылмаған ғылымдармен де жақындасып отыр. Осыдан келіп, біріншіден, аталған ғылымдардың өз ара бірін-бірі байытуы және олардың дамуы үшін, екіншіден, материалды және рухани өмірдің барлық саласындағы құбылыстардың жалпылама байланысы мен өз ара бір-біріне бағыныштылығын дәлме-дәл бейнелейтін ғылыми білімінің бір тұтас және сан түрлі жүйесінің анағұрлым қарқынды процеспен қалыптасуы үшін қолайлы жағдайлар жасалып отыр.

Мұнымен бірге аталған фактілер ғылымдардың интеграция процесі өзінің қарама-қарсы процесі — ғылымдардың дифференциация процесімен тығыз байланысты екендігін және, шын мәнісінде, оның жалғасы мен аяқталуына қызмет ететіндігін дәлелдейді, ал мұның өзі қарама-қарсылықтың бірлігінің ашық айқын мысалы болып табылады. Қазіргі уақытта ғылымда бұл процестердің екеуі де жүріп жатыр, дегенмен ғылымдардың интеграция процесі қазірде анағұрлым тез қарқынмен қанат жаюда. Мұның өзі зерттелінетін предметтің сипатының өзгеруінен ғана емес, мұнымен бірге материя қозғалысының негізгі формаларының мәнісін, осы формалардың өз ара байланысын, бірбіріне тәуелділігін, бірімен-бірінің шарттастылығын ары қарай тереңірек танып білуден және шындық болмыстың дамуының бірқыдыру жалпы принциптері мен заңдылықтарын, мысалы, шарттылық принципін, информацияны, сақталу принципін және т. б. ашып айқындаудан болып отыр.

Ертеректе, ғылымдардың дифференциация процесі ең басты кезекте жүріп жатқан кезде, бөлініп шыққан ғылымдар дербес басқа ғылымдарға азды-көпті болса да тәуелсіз дамыған кезде жаратылыс тану ғылымдары мен қоғамдық ғылымдардың күллісінің органикалық бірлігін байқау қиын болды. Ал қазіргі уақытта, ғылымдардың дифференциациясы мен интеграциясы бір тұтас диалектикалық процесс болып отырғанда, бұл бірлік әсіресе ашық айқын көрінеді.

Мұның өзі түсінікті де. Әрбір ғылым өмірдің белгілі бір сала-

сын зерттеумен шұғылданады. Бірақ материалды дүние бір тұтас және оның бірлігі де материалдығында. Дүниенің бір тұтастығы оның салаларының, бөлшектерінің, әр түрлі жақтарының өз ара тығыз байланысты, бірімен-бірі шарттас екендігін, бірбіріне әсер ететіндігін көрсетеді. Материалды дүниенің әр түрлі жақтарын зерттейтін ғылымдардың күллісінің етене бірлігі де осымен айқындалады.

Дегенмен бұл да жеткіліксіз. Қазіргі уақытта өмірдің әрбір жеке саласы, әдетте бір ғана емес, әр түрлі ғылымдардың бір тұтас комплексінде зерттелінеді, бұл ғылымдардың әр қайсысы өзінің жағын, өмірдің осы салаларының белгілі бір жағын, зерттейді. Міне сондықтан да қазірде, мысалы, XVII—XVIII ғасырларда бір тұтас ғылым ретінде саналған химия да, бір тұтас ғылым ретінде саналған физика да жоқ, физикалық ғылымдардың, химиялық ғылымдардың, биологиялық ғылымдардың және т. б. тек бір тұтас комплекстері ғана өмір сүріп отыр.

Оның үстіне, ғылымдардың даму процесінде, жоғарыда аталып өткеніндей, оның бұрын бір-бірімен ешқандай ұқсастығы жоқ сияқты болып көрінетін салаларының өз ара тығыз байланысы ашық айқын көрінеді. Мысалы, күні кеше ғылымдар биология мен техникалық ғылымдарды бір-бірімен болар-болмас қана байланысты ғылымдар деп санайтын еді. Ал кибернетиканың пайда болуы бұл пікірді теріске шығарады. Бір-бірінен мүлдем басқа болып көрінетін бұл ғылымдарды бір тұтас ғылымға біріктіретін арнаулы ғылым — бионика пайда болды. Кибернетика әр түрлі жаратылыс тану ғылымдарын бір-бірімен байланыстырып қана қойған жоқ, сонымен бірге жаратылыс тану ғылымдары мен қоғамдық ғылымдардың арасындағы етене бірлікті де дәлелдеді.

Мұның бәрі көбіне-көп ғылымдардың өте қызу қарқынымен жүріп жатқан дифференциация, әсіресе интеграция процесінің нәтижесі болып табылады[1].

Ғылым атаулының осылайша даму барысында тіл білімі де басқа көптеген ғылымдармен байланысқа түсіп, солармен қанаттаса дамып келеді. Ол, ең алдымен, қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысты. Бұлай болатыны мынадан: тіл білімі тілді қоғамның тууымен бірге туып, қоғамның дамуымен бірге дамитын қоғамдық құбылыс ретінде, қоғам мүшелерінің пікір алысу, қатынас жасау құралы ретінде қарастырады. Тіл білімі тілдің шығуын, жасалуын және дамуын зерттегенде, тарих ғылымының деректерін де пайдаланатыны сияқты, тарих ғылымы халық тарихын, қоғам тарихын зерттеу барысында тіл білімінің деректері мен жетістіктерін де пайдаланады. Сондай-ақ, тіл білімі археологиямен де, этнографиямен де байланыста болады. Бұл байланыс мынадан: тіл — талай заманның жемісі, қазіргі тілдің элементтері өте ерте заманда жасалған. Ал археология болса, ол халықтардың ежелгі, көне мәдениетін зерттейді, этнография халықтардың ерте кездегі тұрмысы мен әдет-ғұрпын зерттейді. Осыған орай, археология мен этнографияның деректері тіл тарихына қатысты мәселелерді зерттеуде, айқындауда өте құнды материал ретінде қызмет ете алады. Тіл білімінің бір саласы — этнолингвистика тілді сол тілдің иесі — халықтың мәдениетімен байланысында зерттейді. Тіл білімінің археология және этнографиямен байланысы бір жақты байланыс емес, екі жақты байланыс. Бұлай дейтініміз: археологиялық және этнографиялық деректер лингвистика үшін қаншалықты пайдалы болса, лингвистикалық деректер археология мен этнография үшін соншалықты пайдалы болмақ.

Тіл ойлаумен тығыз байланысты. Осыған орай, тіл білімінің ойлау категориялары мен ойлаудың заңдары туралы ғылым — логикамен, ойлау процестері және олардың тілде көрінуі туралы ғылым — психологиямен байланысы келіп туады. Тіл білімі философиямен де тығыз байланысты. В. И. Ленин таным теориясы мен диалектикаға негіз болатын білім салаларының бірі ретінде тіл тарихын да атайды[1].

Тіл білімі қоғамдық ғылымдармен ғана емес, сонымен бірге жаратылыс тану ғылымдарымен де байланысты. Тілдің дыбыстық жағын тіл білімінің фонетика саласы, физиканың акустика саласы қарастырады. Сөйлеу процесі дыбыстарды айту және тіл дыбыстарын қабылдаумен тікелей байланысты. Ал бұл процесті дыбыстардың артикуляциясы (сөйлеу мүшелері арқылы тіл дыбыстарының жасалуы) жағынан және сөйлеуді есту мүшесі арқылы қабылдау жағынан физиология зерттейді. Тілдің күрмелу себептерін медицина ғылымының мамандары, атап айтқанда, психиаторлар, дефектологтар, логопедтер зерттейді. Мұның үстіне, электронды машинамен аударма жасаудың, информация теориясының және кибернетиканың бірсыпыра мәселелерінің тікелей тіл біліміне қатысты болуы лингвистика мен математика ғылымдарының байланысын тудырып отыр.

Бұл айтылғандар тіл білімінің дербес ғылым бола отырып, әр түрлі қоғамдық ғылымдармен де, жаратылыс тану ғылымдарымен де қарым-қатынаста, өз ара байланыста болатынын және жалпы білімдік үлкен мәні бар екенін көрсетеді.

§3. ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҒЫЛЫМНЫҢ ӘР ТҮРЛІ САЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Тіл білімінің әр түрлі ғылымдармен байланысын жете түсіну үшін, оның қоғамдық ғылымдар және жаратылыс тану ғылым-

[1] *И. Д. Андреев.* Наука и общественный прогресс, Издательство «Высшая школа», М,, 1972, стр. 15—18,

[1] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 38-том, қазақша басылуы, 369-бет.

дарының әр түрлі салаларымен байланысының әр қайсысына арнайы тоқталу қажет.

1) Тіл білімі мен әдебиет тану ғылымы филология ғылымдарының құрамына енеді. Білімнің бұл екі саласы бір-бірімен ертеден бері байланысты. Ақын-жазушының творчествосын зерттеу оның шығармасының тілі мен стилін зерттеуді де қамтиды, өйткені «тіл — әдебиеттің бірінші элементі» (М. Горький). Лингвистер тілді зерттеуде әдеби шығарманың тіліне назар аудармай тұра алмайды, өйткені әдеби шығарма лингвистер үшін құнды материал болып саналады. Тіл білімінің стилистика деп аталатын саласы әдебиет тану ғылымымен өте-мөте тығыз байланысты болады.

2) Тіл білімінің философиямен тығыз байланысы бар. Тіл білімі философиямен біріншіден, методологиялық қағидалар жағынан байланысса, екіншіден, зерттелінетін ортақ проблемалар жағынан жақындасып байланысады. Марксистік-лениндік философия советтік ғылымдардың күллісінің, соның ішінде тіл білімінің де методологиясы болып саналады, ғылымдардың дұрыс бағытта дамуы үшін бағыт-бағдар сілтейді.

Совет лингвистері диалектикалық материализмнің барлық құбылыстарды бір-бірімен өз ара байланысында қарау, бір-бірімен шарттастығы тұрғысынан қарау керек дейтін талабын басшылыққа ала отырып, тілді басқа құбылыстармен өз ара байланысы тұрғысынан зерттейді. Мысалы, ойлаудың заңдарын, халықтың материалды және рухани өмірінің ерекшеліктерін, оның тарихын білудің тілдегі құбылыстарды танып білуде, халықтың тарихы мен тіл тарихын және олардың байланысын жете түсінуде үлкен мәні бар. Тілдің сыртқы байланыстарын былай қойғанның өзінде, тілдің өзі де өз ара бір-біріне байланысты, бір-біріне шарттас тілдік құбылыстардың жиынтығынан құралады. Тілді іштей өз ара тығыз байланысты, бір-біріне бағынышты элементтердің жиынтығы, солардың бір тұтас жүйесі ретінде қарағанда ғана, оның (тілдің) табиғатын толық танып білуге болады.

Диалектикалық материализм табиғат пен қоғам өміріндегі барлық құбылыстар қозғалу, өзгеру, даму күйінде болады, осыған орай, оларды өзгеруі мен дамуы күйінде қарау керек деп үйретеді. Диалектикалық материализмнің бұл қағидасының тілді зерттеуге де тікелей қатысы бар. Тіл қатып қалған құбылыс емес. Тіл де басқа құбылыстар сияқты өзгереді, дамиды. Оның дамуы, басқа қоғамдық құбылыстарға қарағанда, баяу өтеді. Бірақ ол, баяу болса да, өзгеру, даму күйінде болады. Демек, тілді, ондағы құбылыстарды және құрылымдық элементтерді өзгеруі мен дамуы тұрғысынан зерттегенде ғана, олардың табиғатын жете түсінуге болады. Осыдан, тіл білімінің алдына тіл дамуының заңдарын ашып айқындау міндеті жүктеледі.

Себеп пен салдарды, жалпы мен жалқыны, мүмкіндік пен

шындықты және олардың ара қатынасын материалистік тұрғыдан түсіну тілдік және құбылыстар — фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды және олардың шығуы мен тарихи дамуын ғылыми тұрғыдан баяндауға көмектеседі.

Тілдің мәні, оның таңбалық сипаты, тілдің шығуы мен дамуы, ойлау мен тілдің ара қатысы және т. б. проблемаларды зерттеп шешу үшін, философия тіл біліміне бағыт-бағдар сілтейді, аталған проблемаларды шешудің принципін белгілейді. Адамның ойлауы тіл формасы түрінде іске асатын болғандықтан, философия адамның ойлау процесі, анығырақ айтқанда, өзін қоршаған дүниені адамның тану процесі тілде қалай көрінеді деген мәселені ескерусіз қалдыра алмайды. Бұл мәселе таяныш етілетін негізгі философиялық позиция тұрғысынан шешілуге тиіс: диалектикалық материализм материя алғашқы да, сана екінші туынды деп есептейді. Бұл қағида — кеңестік ғылымдардың күллісіне, соның ішінде тіл біліміне де, бірдей қатысты, бірдей ортақ, басты қағида. Бізді қоршаған дүние және оның заңдары адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүреді, адам оны еңбек процесінде таниды және пайдаланады. Адамның ойлауы тіл арқылы материалды жамылғышқа оранады да, объективті шындықты көрсетеді. Объективті шындықта болған нәрсенің, танылғанның бәрі де тілде белгіленеді.

Ал идеалистік көзқарастағы философтар мен лингвистер (Гумбольдт, Фосслер, Вейсгербер, Уорф, семантикалық философияның уәкілдері) бұған қарама-қарсы теорияны уағыздайды. Олардың пікірінше, тілдің заңдарының халықтың дүниеге көзқарасына әсер ететіндей күші бар, ал халықтың дүниеге көзқарасы оның материалды өмірінің жағдайын айқындайды. Алайда, бұл — ешбір қисынсыз теория, қате көзқарас. Бұлай дейтініміз: тіл халықтың дүниеге көзқарасына да әсер ете алмайды, адамның ойлауын да айқындап белгілей алмайды, өйткені тілдің өзі ойдың құралы, тілді халық иеленеді, тіл қоғамға, ондағы адамдарға қатынас құралы ретінде қызмет етеді. «...Ойдың құралы болу оның басшысы және билеп-төстеуші қожасы болу дегенді білдірмейді»[1].

Тілдің теориялық мәселелерін тек жалпы тіл білімі ғана емес, сонымен бірге тілдің философиясы (философия языка) мен тілдің психологиясы да (психология языка) қарастырады. Жалпы тіл білімі тіл туралы ғылымның бір саласы болып саналса, тілдің философиясы философия ғылымының бір саласы болып саналады да, ортақ проблемаларды бірлесе зерттейді. Мысалы, жалпы тіл біліміне де, тілдің философиясына да бірдей қатысты мәселелердің бірі — сөз және онымен белгіленетін заттың арасындағы байланыстың сипаты туралы мәселе (белгілі бір зат

[1] *В. А. Звегинцев.* Теоретико-лингвистическое предпосылки гипотезы Сепира-Уорфа.— Сб, «Новое в лингвистике», вып. I, М., 1960, стр. 123.

басқаша емес, неге осылайша аталады деген сұраққа жауап беру мәселесі) өте ерте дәуірлерден бастап талқыға түскен болатын. Сондай-ақ тілдің ойлуға қатысты туралы мәселе де жалпы тіл білімі мен тілдің философиясына бірдей қатысты басты проблемалардың бірі болып саналады. «Атаудың табиғаты, тілдің ойлаумен байланысы — тілдің мәнінің проблемасына енетін мәселелер. Бұл проблема тіл философиясында да, жалпы тіл білімінде де қарастырылады; сөйтіп, тіл мәнінің проблемасы тіл философиясы мен жалпы тіл біліміне ортақ болып табылады»[1].

Тіл білімі тілдегі әр түрлі формаларды қарастырып, соларға талдау жасайды. Бұл, әрине, тіл білімі үшін негізгі және маңызды мәселе. Дегенмен, тіл білімі тек формаға ғана назар аударып қоймайды. Марксистік философия өмірдегі барлық заттар мен құбылыстарда мазмұн мен форма бар және мазмұн мен форма өз ара байланыста, диалектикалық бірлікте болады деп үйретеді. Мазмұнның өмір сүруі үшін, белгілі бір формаға енуі, соған орануы, сол арқылы белгіленуі шарт. Белгілі бір формасы болған жағдайда ғана, мазмұн туралы сөз ете аламыз. Тіл де — осындай құбылыс. Тіл мазмұны мен мағынасы жоқ формалардың жиынтығы емес, тілдегі формалардың да, басқа да құбылыстардың формаларындағы сияқты, мағына, мазмұны бар. Осылай болғандықтан, тіл біліміне тілдегі формаларды зерттегенде, ол формаларды мағынасымен, мазмұнымен байланысында зерттеу, олардың бір-бірімен ара қатынасына назар аударып отыру міндеті жүктеледі. Тілді оның формасы мен мазмұнының бірлігі, байланысы тұрғысынан зерттегенде ғана, оның (тілдің) дамуының жалқы (жеке) заңдары мен жалпы заңдарының табиғатын ашып айқындауға және жете түсінуге болады. Міне, осы мағынада тіл білімі белгілі дәрежеде философиялық ғылым болып табылады, нақты тілдік құбылыстарды зерттеумен бірге, жоғарыда аталып өткеніндей, тілдің философиясына қатысты мәселелерді де қарастырады. Бұл айтылғандардың бәрі де тіл білімі мен философия ғылымдарының өз ара байланысты ғылымдар екенін көрсетеді.

3) Тіл білімі әсіресе л о г и к а м е н тығыз байланысты. Тіл білімі мен логиканың байланысы ғылымның бұл екі саласында зерттелінетін құбылыстардың өз ара байланысынан келіп туады. Логика — ойлаудың заңдары мен ой формалары туралы ғылым. Ал ойлау, әдетте, тіл арқылы көрінеді, тіл арқылы жарыққа шығады. Анығырақ айтқанда, адамның ойы тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, түсінікті бола алады Логикада ойлаудың заңдары, ойдың формасы мен құрылысы зерттелінсе, тіл білімінде тілдің заңдары мен құрылысы, тілдегі әр түрлі формалар мен құрылымдық элементтер зерттелінеді. Тіл білімінде ойлау категориялары мен ойлаудың заңдарына назар аударылғанда, олардың тілге, тілдік категорияларға қатысы жағынан ғана назар аударылады. Тілдік единицалар, мысалы, сөз бен сөйлем ойлау категориялары — ұғым және байымдаумен байланысты болады. Осыдан, сөзді ұғыммен, сөйлемді байымдаумен байланысында зерттеу міндеті келіп туады.

Алайда, сөз бен ұғымның, сөйлем мен байымдаудың өз ара байланысы тілдік категориялар (сөз, сөйлем) мен логикалық категориялардың (ұғым, байымдау) тепе-теңдігін білдірмейді. Тілдік категориялар мен логикалық категориялардың арасындағы айырмашылықтарды ескермеу, оларды бір-бірімен теңдестіру және тілдік категорияларға тек логикалық тұрғыдан анықтама беру логицизмге апарып соғады. Тіл біліміндегі мұндай бағыт логикалық бағыт деп аталады Бұл ретте, логиканың тіл туралы ғылымының жасалып қалыптасу барысында оған тигізген әсерін айтуға болады. Грамматикалық категорияларды логикалық категориялармен теңестірудің негізінде универсальды (рациональды) грамматиканы жасау идеясы пайда болды да, мұндай грамматика XVII ғасырда Францияда жасалды. Тіл біліміндегі логикалық бағыттың әсерін, соның қалдырған ізін синтаксистік ұғымдарға берілген кейбір анықтамалардан көруге болады. Мысалы, орыс тілінің елуінші жылдары жарық көрген грамматикаларында бастауышқа мынадай анықтамалар берілген: 1. «Подлежащее обозначает тот предмет, о котором что-либо говорится в предложении»[1]. 2. «Подлежащим называется слово (или сочетание слов), обозначающее предмет, о котором что-либо говорится в предложении»[2].

Қырғыз тілі грамматикасында «Сүйлем ичинде ойдун негизин ээлеп, ким жана эмне жөнүндө айтылып жатканын билдирген сөз ээ деп аталат»[3] («Сөйлем ішінде ойдың негізіне ие болып, кім және не жөнінде айтылғанын білдіретін сөз бастауыш деп аталады») — делінсе, қазақ тілі грамматикаларында бастауышқа анықтамалар мына түрде берілген: 1. «Сөйлемдегі ойдың иесі болып тұрған тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз»[4]. 2. «Сөйлемнің кім, не туралы екенін білдіретін, айтылған ойға негіз болатын тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз»[5].

Бастауыш туралы түрлі тілдердегі бұл анықтамалар таза лингвистикалық тұрғыдан емес, логикалық тұрғыдан берілген. Егер жоғарыда келтірілген логикалық анықтамаларға сүйенсек,

---

[1] *А. С. Чикобова.* Проблема языка как предмета языкознания. М., 1959, стр, 15.

[1]. Грамматика русского языка, часть II, синтаксис, под редакцией акад. *Л. В. Щербы*, М., 1953, стр. 3,

[2] *В. Н. Зиновьев.* Учебник русского языка для студентов казахов, часть II, Алма-Ата, 1951, стр. 10.

[3] *Д. Исаев.* Қырғыз тилинин грамматикасы. Фрунзе, 1955, 13-бет.

[4] *С. Аманжолов, А. Әбілқаев, И. Ұйықбаев.* Қазақ тілі грамматикасы, екінші бөлім, синтаксис. Алматы, 1957, 10-бет,

[5] *М. Балақаев.* Қазақ тілі грамматикасы, Алматы 1949, 18-бет.

«Оған темекі тартуға болмайды» деген жақсыз сөйлемдегі *оған* деген мүшені (сөзді) бастауыш деп тануға тура келер еді. Бұлай дейтініміз: жоғарыда келтірілген анықтамалар бойынша, бастауыш —«сөйлемдегі ойдың иесі болып тұрған мүше», «кім немесе не туралы айтылғанды білдіретін мүше». Ал мысалға келтірілген сөйлемде ойдың иесі болып тұрған мүше — *оған*. Демек, *оған* деген мүше келтірілген мысалда логикалық субъект болып саналады. Бірақ бұл мүше грамматикалық тұрғыдан бастауыш емес, толықтауыш. Грамматикалық бастауыш пен логикалық субъектінің бір-біріне сәйкес келетіні бар. Бірақ әрқашан бұлай бола бермейді. Мысалы, жоғарыда келтірілген сөйлемнен грамматикалық бастауыш пен логикалық субъектінің сәйкес келмейтіндігі көрінеді. Сөйлем мүшелерін дұрыс ажырата білу үшін, оларға берілетін анықтамалар жоғарыдағыдай логикалық анықтама емес, сөйлем мүшелерінің тілдік табиғатын көрсетерліктей грамматикалық анықтамалар болуы шарт.

Грамматикалық категорияларға логикалық анықтамалардың берілуінен туған жоғарыдағыдай кемшіліктер кейінгі кездерде түзетіліп, грамматикалық ұғымдарға олардың тілдік табиғатын айқындайтын анықтамалар беріліп жүр. Бұл ретте орыс тілі грамматикасы мен қазақ тілі грамматикасында бастауышқа берілген соңғы кездегі анықтамаларды мысалға келтіруге болады:

1. «Подлежащим называется независимый член предложения, который отвечает на вопрос кто? или что?»[1]. «...Подлежащее — это главный член, выраженный именительным падежом имени (номинативом)»[2].

2. «Атау септігінде тұрып, сөйлемдегі басқа мүшелерге бағынышты болмайтын тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз»[3].

Сонымен, тіл мен ойлаудың, тілдік категориялар мен ойлау категорияларының өз ара байланысы олардың бірінің екіншісіне үстемдік жасауын білдірмейді. Зерттеу объектілерінің (тіл мен ойлаудың) өз ара байланысы тіл білімі мен логиканы жақындастырып байланыстырады. Ғылымның әр саласына бірдей ортақ проблемалар ортақ міндеттерді тудырады. Осыдан келіп лингвистерге (тіл білімі мамандарына) тілдік категорияларды ойлау категорияларымен байланысында, ал логиктерге (логиканың мамандарына) ойлау категорияларын тілдік категориялармен байланысында зерттеу міндеті жүктеледі.

(4) Тіл білімі психологиямен де байланысты. Психология психикалық құбылыстарды, атап айтқанда, түйсік пен қабылдау, елес пен ой, сезім мен тілек, бейімділік пен қабілет, ерік сапалары мен мінез белгілерін зерттейді. Ал аталған психикалық құбылыстардың, мысалы, түйсік пен қабылдаудың, елес пен ойдың, сөйлеу процесіне және оны қабылдап түсіну процесіне тікелей қатысы бар. Сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасау, пікір алысу, біреудің сөзін қабылдау, оны ұғыну процесін түсіндіру психологияның жәрдемін керек етеді. Бұлай болатындығы мынадан: тілдік жүйе адам санасында сақталынады, адам бұл жүйенің элементтерін өз ара байланысты элементтер ретінде ұғынады. Заттың біздің санамызда сақталған атауымен байланысы — психикалық байланыс. Заттардың өзіне тән белгілері бойынша аталуы және ол белгілердің таңдалынып алынуы — психологиялық факт[1].

Сөздің семантикалық жақтарына, сөз мағынасының ауысуына қатысты құбылыстар да психикалық құбылыстармен астарласып жатады. Мысалы, метафора, метонимия, синекдоха тәсілдері арқылы сөз мағынасының ауысуы ассоциация деп аталатын психикалық құбылысқа негізделеді. Ал аталған тәсілдер арқылы сөздер көп мағыналы сөздерге айналады.

Адам ауызекі тіл арқылы қатынас жасағанда да, жазба тіл арқылы қатынас жасағанда да, белгілі бір мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге сол мазмұнға өзінің қатынасын, қалай қарайтындығын да білдіреді. Тіл ойды білдірудің ғана құралы емес, сонымен бірге сезімді де білдірудің құралы ретінде қызмет атқара алады. Эмоцияны білдіру тілдегі сөздерге де, сөйлемге де тән. Мысалы, *жаман, жексұрын, сұмпайы, сұмырай* немесе *құмар, іңкәр, ынтызар* тәрізді синонимдік қатарлардың құрамындағы мәндес сөздер бір-бірімен эмоциялық бояуы жағынан ажыратылады. Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер болып бөлінеді де, олар арқылы әр түрлі көңіл күйі: сезім, тілек, арман, өкініш, қуаныш, таңдану, бір сөзбен айтқанда, адамның психикалық ішкі дүниесі беріледі. Сонымен, тіл психикалық құбылыстарды танып білудің де құралы ретінде пайдаланылады.

Психология тілдік құбылыстардың мазмұнын ашып айқындауға көмектесуі мүмкін. Бірақ тілді бір жақты психологиялық тұрғыдан қарастыру қате болады. Әр басқа тілдердегі септіктердің, шақ формалары мен шырай формаларының, грамматикалық род формалары мен жіктелудің, синтетикалық формалар мен аналитикалық формалардың түрліше болуын ұлттардың психикалық склад айырмашылықтары арқылы түсіндіру, әрине, мүмкін болмаған болар еді.

(5) «Адам баласының сөйлеуі неліктен?» деген мәселе социологиялық проблема ғана емес, сонымен бірге физиология-

---

[1] *С. Г. Бархударов и С. Е. Крючков.* Учебник русского языка, часть II, синтаксис, М., 1961, стр. 10.

[2] Грамматика современного русского литературного языка, Издательство «Наука», М., 1970, стр. 547.

[3] *А. Ысқақов, К, Аханов.* Қазақ тілі, «Мектеп» баспасы. Алматы, 1971, 7-бет.

[4] *Е, И. Шендельс.* Связь языкознания с другими науками, М,, 1962, стр. 24,

лық проблема ретінде де қаралады. Сөйлеу, әдетте, тіл дыбыстарынсыз және олардың айтылу, қабылдау процестерінен тыс болуы мүмкін емес. Бұл процестерді артикуляция (сөйлеу аппаратында тіл дыбыстарының жасалуы) жағынан да, сөйленген сөзді есту мүшесі арқылы қабылдау жағынан да физиология зерттейді. Осыған орай, физиология лингвистиканың тіл дыбыстарын зерттейтін саласы — фонетикамен байланысқа түседі.

Марксистік тіл білімі тілдің дыбыстық сипатына айрықша мән береді. Марксизм тілдің шығуының өзін алғашқы адамдардың сөйлеу мүшелерінің жетіліп дамуына байланысты деп қарайды. Ф. Энгельс «Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі» атты кітабында тілдің шығуын еңбек процесімен, алғашқы адамдарда анықтап ажыратушы дыбыстарды айту қабілетінің пайда болуымен және ол қабілеттің дамуымен байланыстырады.

Тілдің шығуы туралы бұл қағиданы атақты физиолог И. П. Павловтың екінші сигнал жүйесі туралы ілімі де растай түседі. И. П. Павловтың пікірі бойынша, бізді қоршаған дүниедегі құбылыстардың тікелей әсерінен болатын түйсіктер мен елестер бірінші сигнал жүйесін құрайды. Бірінші сигнал жүйесі адамдарға да, жануарларға да тән. Бұл сигнал жүйесі шартты рефлекстердің әрекеті арқылы пайда болады. Шартты рефлекстер дегеніміз сырттан болатын тітіркендіруге организмнің одан әсер ала отырып, қайта жауап қайыруы. «Адамның сөзі (речь) шындық болмыстың осы аталған тікелей сигналдарының негізінде пайда болады, оның өзі (сөз) осы бірінші сигналдың сигналдарының жүйесі болып саналады. Егер, мысалы, күйіп қалудың түйсігі адамды немесе жануарды оттан сақтандыратын сигнал болып табылса, «От!», «Ыстық!» «Оттан сақтан!», «Күйіп қалма!» және т. б. сөздер күйіп қалу түйсігінің сигналы (сигналдың сигналы) болып табылады»[1].

Физиолог-ғалымдар И. М. Сеченов пен И. П. Павловтың зерттеулерінің арқасында ми мен сөйлеудің әрекетін танып білуде қазіргі заманғы ғылым елеулі табыстарға жетті. Жоғары нерв қызметінің теориясы шындықты сәулелендірудің адамға тән формасы екінші сигнал жүйесіне негізделетінін көрсетеді. Естілетін және оқылатын сөздер екінші сигнал жүйесін құрайды. Олар (сөздер) сырттан болатын басқа да тітіркендіргіштер тәрізді әсер етеді де, шартты рефлекстерді тудырады. Олардың басқа тітіркендіргіштерден ерекшелігі мынада: сөздер бірінші сигнал жүйесін құрайтын нақтылы заттар мен құбылыстардың белгілері, сигналдары болып есептелінеді. Демек, сөз сигналдардың сигналы ретінде әрекет етеді.

[1] *Л. Р. Зиндер.* Общая фонетика, Издательство Ленинградского университета, 1960, стр. 7—8.

Екінші сигнал жүйесін сипаттай келіп, И. П. Павлов былай жазды: «Егер біздің айналадағы дүниеге қатысты түйсіктеріміз бен елестеріміз біз үшін шындық болмыстың бірінші сигналдары, нақтылы сигналдар болып табылса, онда сөз сөйлеу органдарынан мидың қабына баратын... кинэстезикалық тітіркенулер, екінші сигналдар, сигналдардың сигналы болып саналады»[1].

Сөйлеу органдарынан мидың қабығына барып жететін кинэстезикалық тітіркенулерді сөйлеу органдарының әр түрлі қалыпқа түсуінен пайда болатын тітіркенулер деп түсіну керек. И. П. Павловтың пікірі бойынша, екінші сигнал жүйесінің физиологиялық механизмі сөйлеу органдарынан мидың қабығына баратын кинэстезикалық тітіркенулерге байланысты болып, соған негізделеді. Демек, дыбыстардың жасалуы кезіндегі сөйлеу мүшелерінің қимылы екінші сигнал жүйесі үшін қажетті шарт болып саналады.

Сигнал жүйелерінің екеуі бір-бірінен бөлек, жеке дара күйінде емес, бірге әрекет етеді. Бірінші сигнал жүйесін сезіммен қабылдау жаңа (екінші) сигнал — сөзбен беріледі де, саналы түрде ұғынылады. Бұл айтылғандар сөйлеу процесіне және оны қабылдап ұғынуға қатысты мәселелерді физиологияның да қарастыратынын, осылай болғандықтан лингвистиканың физиологиямен де байланысты екендігін көрсетеді.

6) Сөйлеу процесінде жоғары нерв жүйесі де, сезім мүшелері мен дыбыстау мүшелері де бірдей қатысады. Бұлардың сөйлеу процесіндегі және сөзді қабылдау кезіндегі әрқайсысының әрекеті бір-біріне байланыссыз, жеке дара күйінде болмайды, қайта олардың бірі екіншісімен өз ара іліктеседі де, барлығы жиналып келіп, бірлесе қызмет атқарады. Сөйлеу жоғары нерв жүйесінің қызметімен байланысты болса, адамдарда болатын афазия (тілдің күрмелуі) ауруы мидың зақымдалуымен байланысты. Осылай болғандықтан, медицина ғылымының уәкілдері — психиаторлар, дефектологтар, логопедтер сөйлеуді (речь) жоғары нерв жүйесінің қызметі және мидың қызметімен байланысында қарастырады. Афазияны зерттеу сөйлеу орталығының (речевой центр) мида орналасуын айқындауға мүмкіндік берді. Психиатрия мен логопедияның деректері лингвистика үшін қаншалықты маңызды болса, лингвистиканың деректері медицина ғылымының аталған салалары үшін де соншалықты маңызды.

7) Адам баласының тілі — дыбыстық тіл. Тілдегі сөздер өздерінің дыбыстық жамылғышы — дыбыс тіркестері арқылы өмір сүреді. Тілдегі дыбыстар жүйесін тіл білімінің фонетика саласы зерттейді. Ал жалпы дыбыс атаулыны, дыбыс құбылыстарын физиканың акустика деп аталатын саласы қа-

[1] *И. П. Павлов.* Физиология высшей нервной деятельности.— Полное собрание сочинений, том III, кн. 2., М.—Л., 1951, стр. 232.

растырады. Акустика дыбысқа тән белгілерді, атап айтқанда, дыбыс ырғағы мен дыбыс күші, дыбыстың созылыңқылығы мен дыбыс әуені деп аталатын белгілерді айқындап ажыратады. Мұнымен бірге, акустика дыбыстарға қатысты тон мен салдыр және резонанс деп аталатын құбылыстарды да айқындайды. Бұларға байланысты акустикалық сипаттамалар мен мағлұматтардың тіл білімінің фонетика саласы үшін мәні айрықша.

(8) Тіл білімінің тарих ғылымдарымен, соның ішінде этнография және археологиямен байланысы бар. Тіл тарихы — сол тілді жасаушы және сол тілді қолданушы халықтың тарихының бір саласы. Сондықтан белгілі бір тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі — халықтың тарихына байланыссыз қарауға болмайды Тіл тарихы мен халық тарихының байланысы — екі жақты байланыс. Тілдің тарихын сол тілді жасаушы, қолданушы және оның иесі — халықтың тарихымен тығыз байланысында зерттеу қаншалықты қажет болса, халық тарихын сол халықпен бірге жасасып келе жатқан оның тілінің тарихымен байланысында зерттеу соншалықты қажет.

Ф. Энгельс халықтың тарихына, қоғамның тарихына қатысты мәселелердің сырын ашып айқындау және олар жайындағы өзінің ойлары мен пікірлерін дәлелдеу үшін тілдік деректерді мол пайдаланған. Мысалы, Ф. Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінде семьяның пайда болуы туралы мәселеге тоқтала келіп, ол кездегі семьяның қазіргі семьядан мүлдем басқа екендігін, ең бастапқы семья бағыныштылардың ұйымы мен оған енген құлдардың жиыны деген ұғымды білдіргенін айтады. Мұны дәлелдеу үшін латынның *familia* (мағынасы —«семья») деген сөзіне талдау жасайды. *Familia* (семья) деген сөз алғашында осы заманғы филистердің сентименталдық пен от басының дауынан құралатын арманын көрсетпейді; римдіктерде ол сөз алғашында тіпті ерлі-зайыпты адамдар мен олардың балаларына айтылатын сөз болмай, құлдарға ғана айтылатын сөз болды. *Familus* үй құлы деген сөз, ал *familia* — бір адамның қолына қарайтын құлдардың жиыны деген сөз. Рудың жасаған заманында да familia, id est patrimonium (яғни мұра) өсиетпен қалдырылып отыратын болған. Бұл сөзді жаңа қоғамдық организмді атау үшін римдіктер ойлап шығарған еді, бұл организмнің басшысы әйел мен балалардың және бірнеше құлдардың қожасы болды; римдіктердің ата билігі бойынша солардың бәрінің де өмір сүру, өлімге бұйырылу правосы соның қолында болды»[1].

Э. Энгельс жоғарыда аталған еңбегінде рулық құрылыс туралы айта келіп, тіл фактілеріне айрықша назар аударады.

[1] *Ф. Энгельс.* Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы, Алматы, 1948, 70-бет.

Ф. Энгельстің төмендегі талдаулары халықтың тарихын тіл деректеріне байланысты зерттеудің, соның негізінде баяндаудың тамаша үлгісі болып табылады.

«Халықтардың қоныс аударған кезіне дейін германдықтардың руларға ұйымдасқандығында күмән жоқ. Олар Дунай мен Рейннің, Висла мен солтүстік теңіздерінің аралығындағы облысқа біздің заманымыздан бірнеше жүз жыл алда ғана орналасқан болу керек; кимврлар мен тевтондар ол кезде әлі қоныс аударумен болған еді, ал свевтер болса Цезарьдың заманында ғана түпкілікті қоныстанған еді. Свевтер туралы Цезар: олар ру-рулары мен туысқандық топтары (gentibus cognationibus que) бойынша бытырай қоныстанды деп ашық айтып отыр, ал Юлилер руындағы (gens Julio) римдіктердің әңгімелеуінде gentibus деген бұл сөздің әбден анық, талассыз маңызы бар сөз. Бұл сөз барлық германдықтарға тән сөз; айта берсең, жаулап алынған Рим провинцияларында да олар ру-ру болып қоныстанса керек. Дунайдың оңтүстігіндегі жаулап алынған жерге халықтың рулар (genealogiae) бойынша бытырай қоныстанғаны «Аламан Правдасында» дәлелденіп отыр, соңғы кездегі марка яки селолық қауым қандай мағынада қолданылса, genealogia деген сөз бұл арада дәл сондай мағынада қолданылған. Осы жуырда Ковалевский бұл genealogine-лер ірі-ірі үй қауымдары еді, бұлардың арасында жер бөлініп қойылған еді және кейіннен ғана бұлардан селолық қауым келіп шыққан еді деген пікірді білдірді. Ал олай болғанда, мұның өзі — fara деген сөзге де тән нәрсе; «Аламан Правдасында» genealogia деген сөз нені белгілесе, бургундтар мен лангобардтарда — демек, гот, герминон немесе жоғарғы неміс тайпасында,— fara деген сөз де бүтіндей болмаса соған жуық деуге болатындай, соның дәл өзін белгілейді. Бұл сөздер шыныменен ру немесе үй қауымы дегенді білдіре ме, жоқ па — мұның өзін бұдан былай да әлі зерттеу керек болады.

Руды белгілеу үшін германдықтардың бәрінде де жалпы бір атау сөз болды ма, болса дәл қандай сөз болды деген сұрауға тіл ескерткіштері бізге оң жауап бермейді. Этимология жағынан алғанда, гректің genos, латынның gens дегеніне готтың *kuni,* орталық-жоғарғы-неміс өлкесінің *künne* дегені дәл келеді, сонымен бұл сөз дәл сол мағынада қолданылады. Әйел атының да сол бір түбірден шығатындығы: гректің *gyne,* славянның *zena* (әйел), готтың *qvino,* ерте заманғы Скандинавияның *kona, kuna* деген түбірінен шығатындығы аналық право заманының болғанын көрсетеді,— Лангобардтар мен бургундтардан біз, жоғарыда айтылғандай, *fara* деген сөзді кездестіреміз; Гримм бұл сөзді *fisan* — бала тудыру — деген гипотетикалық түбірден шығарып отыр. Мен мұның бұдан гөрі дәлірек *faran* деген сөзден — жүріп-тұру, көшіп-қону, қайт келу деген сөздерден шыққандығын дәлелге алуды, дәлелге алғанда, тек

туысқан адамдардан ғана құралатынын өзінен-өзі түсінікті көшпелі жұрттың белгілі бір бөлегін белгілейтін атау ретінде, бірнеше ғасырлар бойы алғашында күн шығысқа, онан соң күн батысқа жосыла көшіп жүрген кезде бірте-бірте рудың өзіне қолданылып кеткен атау ретінде дәлелге алуды дұрыс көрер едім.— Онан соң, готтың *sibja*, ағылшын-саксонның *sib*, ерте заманғы жоғарғы неміс өлкесінің *sippia, sippa* дегендері — *тума* (*Sippe*) деген сөз. Ерте заманғы Скандинавия тілінде бұл сөздің *sifjar — тумаластар* деген көпше түрі ғана кездеседі; жекеше түрінде — әйел тәңірісінің *Sif* деген есімі ретінде ғана кездеседі... Егер де руды белгілеу үшін тегінде жалпы бір герман атауы болған болса, онда ол атау, сірә, готтың *kuni* деген сөзі болған болу керек, мұны түбірлес тілдердің сондай сөзімен ұқсастығы ғана дәлелдеп қоймай, сонымен қатар, мына бір жағдай да, одан *kuning* — король деген сөздің туатындығы да дәлелдейді; бұл *kuning* деген сөз алғашында ру яки тайпа ақсақалын белгілейтін болған. *Sibja* (тума) деген сөзді, сірә, есепке алуға тура келмес; не дегенмен де, *sifjar* деген сөз ерте заманғы Скандинавия тілінде қандас туыстарды ғана белгілеп қоймай, сонымен қатар жұрағаттарды да белгілейді, басқаша айтқанда, ең кемінде екі рудың мүшелерін қамтиды; сонымен, sif деген сөздің өзі руды белгілейтін сөз болуы мүмкін емес»[1].

Тіл деректерін зерттеу және оларды пайдалана білу тарихқа қатысты әр түрлі проблемаларды танып білуге көмектеседі. Ол проблемалардың қатарына белгілі бір халықтың тегі, оның пайда болуы, халықтардың дамуының әр дәуіріндегі мәдениеті, белгілі бір халықтың басқа халықтармен байланысы туралы мәселелер енеді. Рулардан тайпаның, тайпалар одағынан халықтың жасалып пайда болуы ру тілінен тайпа тілінің, тайпа тілінен халық тілінің пайда болып жасалуынан бөлек емес, қайта бір-бірімен қабаттасып жатады. Демек, халық тілінің жасалып пайда болу тарихына қатысты мәселелерді есепке алмай тұрып, халықтың жасалып пайда болу мәселесін ғылыми тұрғыдан жан-жақты дұрыс шешу мүмкін емес. Халықтың тайпалық құрамы туралы мәселе әрбір тайпаның этногенезін айқындау мәселесімен ұштасады. Бұл мәселені шешпей тұрып, тарихшы халықтың пайда болуы туралы мәселені, ал лингвист халық тілінің жасалып пайда болуы туралы мәселені ғылыми тұрғыдан түсіндіре алмайды, өйткені халықтың құралуы мен оның тілінің құралып жасалуы өз ара бір-бірімен ғана байланысты емес, сонымен бірге тайпалардың пайда болу тарихы және дамуымен де байланысты болады. Тілдегі диалектілік айырмашылықтарды зерттеу халық тілінің пайда болу тарихын, соған сай халықтың құралып жасалу тарихын айқындауға қажетті құнды материалдар бере алады.

[1] *Ф. Энгельстің* аталған еңбегінің 164—165-беттері.

Тілдегі деректер, мысалы, кірме сөздер белгілі бір халықтың тарих көшінің бойында қандай елдермен, қандай халықтармен қарым-қатынаста болғандығын айқындауға көмектеседі. Мысалы, қазақ тілінің байырғы лексикасының өзінде орыс тілінің, араб тілінің, иран тілдерінің және монғол тілдерінің сөздерінің болуы қазақ халқының аталған халықтармен ерте дәуірлерде белгілі бір қарым-қатынаста, байланыста болғандығын көрсетеді.

Кейде жеке сөздердің шығу төркінін айқындаудың өзі де тарихқа қатысты мәселелердің сырын ашуға көмектесе алады. Мысалы, орыс тілін зерттеушілердің пікірінше, «мал» деген мағынадағы *скот* сөзі ерте кезде айырбастауда, сауда жасауда құнның өлшемі ретінде пайдаланылған да, орыс тіліндегі деньги (ақша) деген сөздің орнына жүрген. Орыс тіліндегі бұл сөзге туыстас украинша *скотница*, немісше *Schatz* деген сөздердің «қазына, байлық» деген мағынаны білдіруі жоғарыдағы тұжырымды дәлелдей түседі. «Орыс тілінің этимологиялық сөздігін» құрастырушы А. Г. Преображенский бұл сөздің шығу тегіне және оның білдіретін мағыналарына тарихи тұрғыдан талдау жасай келіп, орысша скот гот тілінің «теңге (монета), ақша» деген мағынадағы *skatts* деген сөзіне, ежелгі солтүстік неміс тілінің «алым (подать), салық (пошлина), ақша, байлық» деген мағыналарды білдіретін *skattr* деген сөзіне, ежелгі саксон тілінің «ақша, дүниелік» деген мағыналарда қолданылған *skat*, көпше түрі *skattos* деген сөздеріне сай келеді дейді[1].

Зерттеушілердің пікірінше, неміс тілінде «қабырға» (стена) деген мағынаны білдіретін *Wand* деген сөз «өру, тоқу» деген мағынаны білдіретін *winden* деген етістіктен жасалған; мұның өзі ежелгі германдықтардың баспанасы бұтақтардан, талдан тоқылып салынғанын аңғартады.

Қазақ тілінде «тігу ісінде қолданылатын құрал» деген мағынаны білдіретін *біз* сөзінің этимологиясына үңілсек, бұл сөз шығу төркіні жағынан *мүйіз* деген сөзге барып тірелетінін және тігу үшін қолданылатын құралдың (біздің) алғашында мүйізден жасалғанын аңғартады. Мұны қазақ тілінің оңтүстік диалектісі (Жуалы ауданы) мен өзбек, ұйғыр тілдерінің деректері дәлелдейді. Аталған диалектіде *біз* сөзі *бігіз* түрінде, ұйғыр тілінде *бегіз*, өзбек тілінде *бигиз* түрінде айтылады. Мұнда *б* мен *м* дыбысының, *ү* мен *і* дыбысының алмасу және сөз ортасындағы *г* дыбысының түсіп қалу құбылысы ғана бар. Ал мұндай құбылыс түркі тілдерінің тарихында жиі ұшырасады.

Түркі тілдеріндегі фразеологиялық сөз тіркестерінің пайда болуына, шығу төркініне назар аудару халықтың тұрмысына, кәсібіне, шаруашылығына және оның өміріндегі уақиғаларға

[1] *А. Г. Преображенский.* Этимологический словарь русского языка, том второй. М., 1959, стр. 310.

қатысты көптеген жайлардан хабар береді. Кейбір тұрақты сөз тіркестері кәсіпке байланысты жасалып, сол туралы мағлұмат берсе, қайсыбір тұрақты сөз тіркестері әдет-ғұрыпқа, діни түсінік пен әр түрлі нанымға байланысты пайда болып, солар туралы мағлұмат береді. Тұрақты сөз тіркестерінің ішінде халықтың күн көрісі, тұрмыс жайы, шаруашылық түріне байланысты пайда болып, солар жайында түсінік беретін түрлері де жиі ұшырасады. Мысалы, қазақ тіліндегі *қозы көш жер, ат шаптырым жер, тай шаптырым жер, бие сауым уақыт, қой аузынан шөп алмас, қойдан қоңыр, қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, аттың жалы, түйенің қомында, ат үсті, ат ұстар, ат құйрығын кесісу, ат төбеліндей, ат салысу, атқа мінер, ат-тонын ала қашу* және т. б, тұрақты сөз тіркестері қазақ халқының негізгі шаруашылығының, күн көрісінің малмен байланысты болғандығын және осы тіркестердің де сонымен байланысты жасалғандығын көрсетеді. Тілде алуан түрлі құбылыстар мен жайларға айғақ болатын фразеологиялық единицалар жиі кездеседі.

Халықтың ерте кездегі әдет-ғұрпы, тұрмысы жайындағы этнографиялық ұғымдардың атаулары (сөздер мен сөз тіркестері) тарихи сөздіктер мен тарихи шығармаларда сақталып, олар жайында мағлұмат береді. Этнографтар халықтың замандар бойындағы тұрмыс салты, әдет-ғұрпына байланысты жайлар мен халық жасаған материалды байлық, рухани мәдениетке қатысты жайларды зерттегенде, тіл фактілеріне сокпай өте алмайды. Өйткені тіл — солардың бәрін ұзақ замандардың бойында ұрпақтан ұрпаққа жеткізген және сақтап қалған құралдардың бірі. Мысалы, аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы қазақ халқының тұрмыс салты мен әдет-ғұрпына, ер-тұрман, қару-жарақ, әр түрлі таңба белгілеріне байланысты сөздер мен сөз тіркестері халықтың этнографиялық жайларынан мол мағлұмат пен деректер береді. Әр саладан бірнеше мысалдар:

а) Әдет-ғұрыпқа байланысты атаулар (сөздер мен сөз тіркестері): *Абайдың бұл келісі ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Ең алғашқы келу — осы. Өзге келістердей емес, күйеу бұл жолы, алғашқы күндерде талай нәрсеге көндіге білу керек. ...Тойдың артынан барып қана қол ұстату кеші болады. Қол ұстату, шаш сипату деген... ырымдар — осы. Шаш сипардың алдында күйеу жақтан берілетін сыйы болады.*

ә) Әр рудың таңбасына байланысты атаулар: *«Абай қора ішінде келе жатып, әр топтың түс-түсында байлаулы тұрған аттарына қарап, сандарынан таңбаларын көріп, іштен танып келеді. Анау «көз таңба» дейтін қос дөңгелек — Арғын, Бошан аттары. Мына біреу «ашамай таңба»— Керей. Ал, ана біреу көк ат ше? Е, е, ол «шөміш таңбалы»— Найман екен ғой... Екі жерде арабтың «шын» әріпіне ұқсаған төре таңбасын да таныды.*

б) Киім үлгілеріне байланысты атаулар мен түсініктер: *Үстінде тиін ішіктің сыртынан киілген, жағасы қайырма қара барқыт қаптал шапаны бар. Құла түсті ықшам тігілген шапан. Аса ұзын жең емес.* ***Кең қолтық, ұзын жең үлгіні осы Қарқаралы қазағы ғана киеді. Олардың жағасы да Тобықты үлгісінен басқаша. Тобықты тымағы Қаркаралынікіндей төрт сай емес, алты сай болатын.*** *Абайдың кигені — сондай өз елінің тымағы. Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті кәріс белбеу.*

Мырзаларынан бастап, қосшыларына шейін киім үлгілері бірінен-бірі бөлек рулар байқалады. Бұнда төрт сай, аласа төбелі тобықты тымағы, жіңішке ұзын төбелі керей тымағы, сырмалаған алты сай найман тымағы, сегіз сай уақ тымағы бар. Бірінен-бірі бөлек шапан-кемзал үлгілері, ер-тоқым басқалықтары да Абай көзіне бадырайып, бірінен-бірі басқаланып көрінеді.

Осы тәрізді тілдік фактілерді жинау және оларға тарихи тұрғыдан талдау жасау этнографиялық жайларды танып білуге көмектеседі.

Лингвистиканың біркыдыру мәселелері, мысалы, этимология мен диалектологияның мәселелері, тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасының түрлері, халық тілі мен ұлт тілінің жасалып пайда болуы туралы және т. б. осылар тәріздес мәселелер қоғам тарихынан тыс, тарих ғылымына байланыссыз дұрыс шешімін таба алмайды. Түсінікті болу үшін, лингвистикалық субстрат құбылысын алып қаралық. Тілдердің тоғысу процесінде жеңген тілдегі жеңілген тілдің элементі, әдетте, субстрат деп аталады. Тілдік субстрат, әдетте, этникалық ассимиляция процесінде, рулардың, тайпалардың немесе халықтардың араласуы, топтасып бірігуі барысында пайда болады. Тілдік субстрат этникалық субстратпен тығыз байланысты. Демек, тілдік субстрат мәселесін зерттеп шешу үшін, тарих ғылымының этникалық топтар, олардың өз ара қарым-қатынасы және бір-бірімен араласуы туралы деректері мен мәліметтеріне арқа сүйеу өте-мөте қажет.

Говорлар мен диалектілерді зерттеу, әдетте, фольклорлық шығармаларды (ертегілер, тұрмыс-салт жырлары және т. б.) жинау және сол диалектіде сөйлеушілердің тұрмыс-салтын (баспанасы, киімі, тамақ даярлауы, өндіріс құралы, нанымы мен дінге сенуі және т. б.) зерттеумен тығыз байланысты. Осыдан тіл білімінің бір саласы — диалектологияның этнографиямен (тарих ғылымының халықтардың материалдық, қоғамдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктерін зерттейтін саласы) байланысы келіп туады.

Өлі тілдерді зерттеу және ол тілдерді иеленушілерді айқындау, олардың таралу шегін белгілеу лингвистиканы археологиямен жақындастырады. Археология археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу арқылы халықтардың материалдық мәдениетінің (баспана, өлікті жерлеу ерекшеліктері, еңбек құралдары, киім, қару-жарақ, зергерлік бұйымдар, жазба ескерткіштер және т. б.) тарихын зерттейді. Көне тарихқа қатысты мәселелерді қарастыруда археологиялық зерттеулер мен лингвистикалық зерттеулер және олардың деректері бірін-бірі толықтырып дәлдей түседі.

9) Тіл білімі «Адам баласы қай заманда және қалай сөйлеп үйренді?» деген сұраққа жауап беру барысында антропологиямен жақындасады. Антропология — адамның биологиялық табиғаты, органикалық тіршілік ішінде адамның алатын орны, алғашқы адамның пайда болуы, адамның адам тәрізді жануардан айырмашылығы, көне заман мен қазіргі замандағы адамның морфологиялық типтері туралы ғылым. Адам баласы тілінің пайда болу дәуірін айқындауда әсіресе палеантропологияның деректері айрықша маңызды.

10) Лингвистикалық зерттеулерде кейде географиялық фактілерге де назар аударуға тура келеді. Тілдік құбылыстар кейде географиялық жағдайлармен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, таулы аймақтарда тілдері әр түрлі, саны шағын халықтардың (мысалы, Кавказ бен Памирдегі және т. б. таулы аймақтардағы халықтар мен тілдер) болуы, теңіздер мен мұхиттардың аралдарды мекендеген халықтардың қатынасын жасауына, тілдерінің бір-біріне әсер етуіне мүмкіндік бере бермеуі; кең территориядағы диалектілердің бір-бірінен алшақтауы немесе, керісінше, тар территориядағы диалектілердің бір-біріне жақын болуы — осылардың бәрі географиялық жағдайлардың белгілі дәрежеде тілге әсер ететіндігін көрсетеді. Демек, бұл жайларды да лингвистикалық зерттеулерде ескеру қажет болады.

Тіл білімі мен географияның өз ара байланысы ғылымның жаңа бір саласы — лингвистикалық географиядан көрінеді. Лингвистикалық география тілдегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құбылыстардың қандай территорияға тарағанын және географиялық тұрғыдан алғанда, қай территориямен шектелетіндігін көрсетеді. Лингвистикалық географияның, әсіресе диалектілерді зерттеуде, белгілі бір диалектінің таралу шегін айқындауда үлкен маңызы бар. Лексикалық диалектілердің де (мысалы: *жай-үй* деген мағынада; *кепін-әңгіме, мәлет-дәреже, әбес-ұят, бекер, бықателеусіз, байқаусыз, нән, әйдік-үлкен, зор, ашар-кілт т. б.*), фонетикалық диалектілердің де (мысалы: *мошы-мосы, мошқал-мосқал, кележек-келешек, мелет-мезет, дабыс-дауыс, жылпыс-жылпос, машақ-масақ, мышық-мысық, пейне-бейне, таңлай-таңдай т. б.*), грамматикалық диалектілердің де (мысалы: *барғым жоқ — барғым келмейді, оқығысы бар — оқығысы келеді, алыңал, бізің-біздің, беркіту-бекіту, қарысылау-қарсы алу, күніге сайын — күн сайын т. б.*) ерекшеліктерін зерттеудің нәтижесі географиялық картаға түсіріледі де, тілдердегі немесе диалектілердегі белгілі бір құбылыстың таралу шекарасы сызықтармен (изоглосс), үшбұрыштармен немесе т. б. таңбалармен белгіленеді. Белгілі бір тілдің лингвистикалық атласы жасалады. Зерттеушілердің изоглостардың[1] ізіне түсіп, оны қарастыру үстінде тілге әсер еткен саяси, экономикалық және географиялық жағдайларға да назар аударуына тура келеді. Мысалы, изоглостар кейде тілдік қарым-қатынасқа кедергі болатын және тілдердегі жаңалықтардың бір жерден екінші жерге өтуіне тұсау болатын саяси, экономикалық шекаралармен немесе табиғаттағы тосқауыл, бөгеттермен байланысты болады. Зерттеушілерге тілдегі құбылыстардың таралу және бір-бірінен шектелу ерекшеліктерін құр тізімге алып қана қоймай, оларға әсер еткен жағдайлардың күллісін есепке алу және солармен байланыста қарау міндеті жүктеледі.

Лингвистикалық атластар бір тілдің атласы түрінде де, туыстас тілдердің тобын түгелдей қамтитын атлас түрінде де жасалады. Мысалы, орыс тілінің говорларының атласы («Атлас русских народных говоров центральных областей к востоку от Москвы») жасалып, 1957 жылы жарық көрді. «XIX ғасырдың соңғы ширегінде пайда болған лингвистикалық география XX ғасырдың бойында үлкен жетістіктерге жетті. Бірқатар европалық тілдердің ұлттық атластары жасалды. Жекелеген кішірек территориялар үшін арнаулы көптеген атластар да құрастырылды. Соңғы он жылдың ішінде славян тілдерін лингвогеографиялық тұрғыдан зерттеу анағұрлым алға басты. Қазіргі кезде жеке славян тілдерінің атластарын жасау жұмысы барлық славян елдерінде жүргізілуде. Совет Одағында орыс, украин, белорус тілдерінің атластары жасалып жатыр. Совет Одағындағы басқа халықтардың тілдерінің лингвистикалық географиясын жасау жұмыстары да жүргізілуде. Мұның барлығы лингвистикалық географияның теориялық мәселелерінің қазіргі заманғы тіл білімі үшін маңызды екендігін көрсетеді»[2].

Қазіргі кезде барлық славян тілдерін қамтитын жалпы славяндық лингвистикалық атластың жоспары талқылануда. Бұл атлас славян тілдерінің бір-бірімен әр түрлі дәуірлердегі өз ара

---

[1] *Изоглосс* — грек тілінің isos —бірдей тең, біркелкі деген мағынадағы сөзі мен glössa —тіл, сөйлеу (речь) деген мағынадағы сөзінен жасалған термин. Изоглостар — тілдік немесе диалектілік құбылыстардың таралған жерлерін белгілеп, соларды бір-біріне жалғастырып қосатын лингвистикалық картадағы сызықтар дегенді білдіреді.

[2] Вопросы теории лингвистической географии. Издательство Академии наук СССР. М., 1962, стр. 3.

катынасы мен славян тілдеріне ортақ құбылыстардың даму ерекшеліктерін зерттеп айқындау үшін келешекте құнды материалдар бермек.

Лингвистикалық атлас жасау жұмысы лингвистикалық географияның теориясын дәл қазіргі кезде бір бүтін тұтас теория ретінде жасалып бітті және әбден қалыптасты деуге болмайды. «Лингвистикалық географияның тұтас теориясы жаңа ғана жасала бастады»[1].

Лингвистикалық география тілдерді тарихи тұрғыдан зерттеуді де мақсат етіп қояды. Тілдегі сан алуан құбылыстарды картаға түсіру (картографирование) тіл тарихын зерттеу үшін де құнды материалдар бере алады.

Лингвистер тілдердің ерте дәуірлердегі таралу шекарасын айқындауда, халықтардың орналасуына, қоныстануына және олардың бір жерден екінші жерге ауысып араласуына байланысты тілдердің жақындасуын немесе араласуын тарихи тұрғыдан алып зерттеуде география мәселелеріне соқпай өте алмайды. Байланыс, өз ара қарым-қатынас осындай мәселелерден келіп туады. Мысалы, зерттеушілердің пікірінше, әзірге дәлме-дәл және толық айқындалмаған мәселенің бірі индоевропа халқының және соған сай оның тілінің ежелгі ата мекені (прародина) туралы проблеманы лингвистер мен тарихшылардың, географтар мен палеоботаниктердің, археологтар мен антропологтардың бірге күш жұмсауынсыз шешу мүмкін емес. Басқа халықтардың ата мекені мен ежелгі тарихы туралы да осыны айту керек. Бұл проблеманы шешуде ежелгі индоевропа тілдеріндегі өмірлік қажетті ұғымдардың атауларының (сөздердің) таралуына талдау жасаудың, хайуандар мен өсімдіктердің географиялық таралу шегін тарихи тұрғыдан айқындаудың, геоботаниканың деректерін пайдаланудың және осылардың барлығын бір-бірімен ұштастыра білудің шешуші маңызы бар.

Бұлардың ішінде тіл деректерінің маңызы өте-мөте күшті. Ф. П. Филин мәселенің осы жағын аңғарта келіп, славян тілдеріне қатысты былай деп жазды: «Ежелгі славян тілінің фонетикалық және грамматикалық құбылыстарының туыстас тілдерге оның дамуының белгілі бір сатысына айрықша жақындығы, туыстас емес тілдерден енген кірмелердің элементтері (туыстас емес тілдермен басқа да түйісулер) ежелгі славян тілінің қандай тілдердің географиялық қоршауында болғандығы туралы сеніммен айтуға мүмкіндік береді. Егерде ежелгі славян тілімен қалай да бір байланыста болған тілдердің таралуының географиялық көрінісін айқындау және бұл көріністің ежелгі славян тілінің дербес өмір сүрген кезінен бастап өзгерісін айқындау сәтті болып шықса, онда славянның шекарасы тұрақты болмаған ата мекені (прародина) айқындалған болар еді.

[1] Бұл да сонда. М., 1962, стр. 5.

Бұл мақсатқа жету үшін (және ежелгі славянның мәдениетін зерттеп білу үшін) ежелгі славян тілі лексикасының жануарлардың, өсімдіктердің аттарын, өзінің таралуында локальды сипаты болған жергілікті ландшафт пен табиғаттың басқа құбылыстарының ерекшеліктерінің аттарын, бір жерлерде белгілі екінші жерлерде белгісіз болған материалдық мәдениеттің әр түрлі заттарының аттарын белгілейтін бөлімін зерттеу жұмысы өте маңызды. Алайда тілдің дерек-дәлелі жеткіліксіз болып қалуы мүмкін, өйткені тілдік құбылыстарда өздігінен ертедегі қоныс тебушілердің материалдық және рухани дүниесінің көптеген ерекшеліктерінің территорияға таралуын және уақытын көрсетерліктей тікелей айқындағыштар болмайды. Мысалы, *бук* деген сөздің этимологиясы мен тарихына байланысты ежелгі славяндықтың батыс шекарасы туралы қаншама айтыстардың туғаны жақсы белгілі. Бұл тәрізді айтыс-таластар, егер бұл ағаштың өткен замандарда таралуынан шекарасының өзгеруі туралы сенімді деректер табылмаса, шексіз дерлік бола береді... Бұлар тәрізді мәселелерді (ал олар өте көп болуға тиісті) дұрыс баяндауға археология, этнография, палеозоология, палеоботаника және басқа пәндердің (дисциплиналардың) деректері өте үлкен маңызға ие болуға тиісті. Өзінің кескінін өзгерткен ата мекеннің (прародина) шекарасын айқындау үшін ертедегі лингвистикалық салаларды археологиялық мәдениет салаларымен салыстыру пайдалы болмақ, бірақ мұндай салыстыруларда тарихи тіл білімінің деректері жетекші және айқындап шешуші болуға тиісті. Біз славяндардың (және басқа да этникалық топтардың) этногенез проблемасын баяндауда археология мен этнографияның маңызын жоққа шығаруға жалпы ынталы болып отырған жоқпыз. Керісінше, тіл білімі мамандары, археологтар, этнографтар, антропологтар, палеоботаниктердің және тағы басқалардың тізе қосқан тобының ынтымақтастығы өте-мөте қажет; мұнсыз мәселенің шешімінің табысты болуына сенім арту қиын. Бір нәрсенің, яғни тілдің, этникалық бірліктің және оңашалықтың, тайпаның немесе туыстас тайпалар тобының, халықтың басқа этникалық единицалардан айырмашылығының ең басты және міндетті белгісі болып саналатындығын есте ұстау керек. Барлық басқа пәндердің деректерін тарихи тіл білімінің деректерімен теңестіруге болмайды»[1].

Сонымен, халықтың тарихы мен тіл тарихына қатысты көптеген проблемаларды зерттеп шешу әр түрлі ғылым салаларының ішінде салыстырмалы-тарихи тіл білімі мен географияның деректеріне және жетістіктеріне негізделуді, соларды таяныш етуді талап етеді.

[1] *Ф. П. Филин.* Образование языка восточных славян, Издательство Академии наук СССР. М. —Л., 1962, стр. 77—78.

Тарихи зерттеулерде топонимиканың[1] да маңызы өте-мөте күшті. Топонимика — тіл білімі мен географияның аралығынан орын алатын лингвистикалық ғылым. Топонимика лексикологияның географиялық атауларды зерттейтін бір саласы болып саналады. Топонимика халықтардың және олардың тілдерінің тарихынан бағалы мәліметтер береді. Олай дейтініміз: топонимикалық атаулар талай ғасырлар бойы өмір сүреді де, халықтардың ерте замандарда қай жерде қоныс тепкені, қай жаққа қоныс аударғаны немесе жерден келіп қоныстанғаны, этникалық топтардың араласуы, тарих бойында халықтардың бірбірімен қарым-қатынасы және т. б. көптеген жайлар мен құбылыстар туралы хабар береді. Ондай атауларды солардың айғағы деп түсінеміз. Топонимиканың кейде «жер тілі» («язык земли») деп аталуы да осыдан. Топонимикалық атаулар белгілі бір халықтың ерте замандардағы мекені қай жер болғанын білуге және оның қоныстанған территориясының шекарасын айқындауға көмектеседі.

11) Тіл таңбалардың коммуникативті жүйесі болып саналады. Осыған орай тіл білімі жалпы таңба атаулыны қарастыратын, таңбалардың жалпы теориясы туралы ғылым — семпотикамен[2] байланысқа түседі. Семпотика жалпы таңба жүйелерін қарастырғанда, оларды мағынаны білдірудің және таңбалаудың құралдары ретінде қарастырады. Ол кез келген таңбалар жүйесін, мысалы, телеграфта қолданылатын Морзе әліппесін, теңіз жолы мен әуе жолына, жалпы транспорт сигнализациясына қатысты таңбалар жүйесін, жазу мен шифрлардың әр түрлі тәсілдерін, географиялық карталардағы таңбалардың табиғатын және тілдің таңбалар жүйесін қарастырады. Семпотиканың таңбалардың табиғаты мен олардың ажыратушы белгілері, таңбалардың классификациясы мен түрлері туралы және шифровкаланған текстерді ажыратып айқындау туралы қағидалары тіл білімі үшін де маңызды қағидалар болып саналады.

12) Тіл білімі белгілі дәрежеде математикамен де, кибернетикамен[3] де байланысты. Тіл білімі математика ғылымымен, біріншіден, машиналық аударма мәселелері бойынша байланысса, екіншіден, тілді зерттеуде математикалық статистика методтарының қолданылуы жағынан байланысады. Математикалық статистика методы, мысалы, сөздіктерді жасауда оларға енетін сөздер тізбегінің (словник) аумағын белгілеуге және байланыс техникасында дыбыстардың қолданылу жиілігін айқындауға көмектеседі. Тілді математикалық методтар

[1] *Топонимика* — грек тілінің «жер» мағынасындағы topos деген сөзі мен «ат», «есім» деген мағынадағы onota деген сөзінен жасалған термин.

[2] *Семпотика* — грек тілінің «таңба» деген мағынадағы semaion немесе sema деген сөзінен жасалған.

[3] *Кибернетика* — грек тілінің «меңгеремін» деген мағынадағы *kyberneio* деген сөзінен жасалған.

бойынша зерттеудің барысында математикалық лингвистика деп аталатын білім саласы жасалып қалыптаса бастады.

XX ғасырда электрон теориясының дамуы, оны кең түрде пайдалану және техниканың автоматика, телемеханика тәрізді жаңа салаларының жасалуы — осының бәрі ғылым мен техниканың күшті қарқынмен дамуына және түрлі ғылым салаларының белгілі бір проблемаларды шешу үстінде бір-бірімен жақындасуына әкелді. Бір-бірінен алшақ ғылымдардың, мысалы, математика, физика, физиология, психология, лингвистиканың өз ара түйісуінен келіп, жаңа ғылыми пән (дисциплина) — кибернетика пайда болды. Ғылым мен техниканың бұл жаңа саласына қатысты мәселелер ғылымының әр саласының мамандары — математиктер мен физиктер, логиктер мен психологтар, физиологтар мен лингвистердің қатысуымен шешіледі. Сонымен, кибернетика — осы аталған ғылым салаларының деректері мен жетістіктеріне негізделетін, солардың синтезінен құралатын синтетикалық ғылым.

Кибернетика мына жайларды негізге алады: тірі организм мен машинада байланыс пен меңгеру және бақылау процестерінің кейбір ортақ белгілері болады. Бұл белгілердің, ең алдымен, қазіргі заманғы электронды машиналарға қатысы бар. Электронды машинаның адам миының қызметіне ұқсас қызмет атқаратын механикалық құрылысы болады. Электронды-есеп машинасы ой еңбегінің кейбір қызметін атқара алатындай етіп жасалған. Ол бір секундтың ішінде жеті-сегіз мың арифметикалық амалды шеше алады. Бұл машина бір тілден екінші тілге аударма жасау үшін де қолданылады. Электронды есеп машинасы ғылыми-техникалық әдебиеттерді аударуда қолданылып жүр. Мысалы, жоғары математиканың оқулығы ағылшын тілінен орыс тіліне машинамен аударылды.

Электронды-есеп машинасының механизмінің құрылысы машина мен тірі организмнің атқаратын қызметінің ұқсастығына негізделеді. Машинада да, тірі организмде де сырттан болатын сигналдарды қабылдап, соған жауап беретін меңгеруші және меңгерілетін бөлшектер болады. Сигналдар адамның әрекеті мен машинаның жұмысына әсер етіп, айқындай алатын информациялар береді. Жалпы алғанда, информация дегеннің ұғымы өте кең және ол бірден-бірге беріліп, қайта өзгеріп отырады. Оны мына мысалдар бойынша түсінуге болады. Оқытушы лекция оқиды, тыңдаушыға белгілі бір информацияны хабарлайды, тыңдаушы оны қабылдайды да, жадында сақтайды. Әрі қарай тыңдаушылар қабылданған информациядан өзінше қорытынды жасай отырып, оны қайта құрып өзгертеді. Басқа бір мысал келтірейік. Оқушылар шет тілді оқи отырып, ол тілдегі сөздер мен грамматикалық формалар туралы информация алады да, ол информацияны өзінің миында қайта құрып өзгертеді және соның негізінде сөйлем құрап, өзінің ойын айтады. Кеме-

нің капитаны дауыл туралы информация алысымен, тиісті команда береді.

Сигналдар да осы сияқты әр алуан болады. Сигналдардың құлаққа естілетін түрлері (мысалы: ысқырық, гудок) мен көзге көрінетін түрлерінің (мысалы: цифрлар, суреттер, светофордың қызыл және жасыл түстері) бәрінің де белгілі бір хабар, түсінік беретін қызметі болады. Адамның қабылдайтын сигналдарының ішіндегі ең бастысы, ең маңызды сигнал — сөз. Телеграф лентасындағы электр импульстері, сызықша мен нүктелер де информация беретін құралдар (сигналдар).

Информация беретін сигналдардың системасынан код құралады. Мысалы, телеграфта қолданылатын белгілердің жиынтығы — «Морзе әліппесі» («азбука Морзе») деп аталатын код бар. Информация беретін сигналдардың системасының (кодтың) қатарына теңіз сигнализацияның коды, автомобиль және темір жол сигнализацияның коды, цифрлық код және т. б. жатады. Көптеген айрықша ерекшеліктері болғанымен, белгілі дәрежеде тілді де шартты түрде код деп санауға болар еді.

Осы айтылғанды ескере отырып, адамның әрекеті мен электронды машинаның жұмысының арасындағы ұқсастықты былайша түсінуге болады: адам информацияны хабарлайтын сигналдарды, яғни «кіруші сигналдар» («входные сигналы») деп аталатын сигналдарды өзінің сезім мүшелері арқылы қабылдайды. Олар нерв каналдары арқылы миға жетеді де, адамның жадында сақталады; одан әрі қарай олар мида қорытылады да, адам соған сай белгілі әрекет жасайды немесе одан басқа бір жаңа информация қорытылып жасалады. Осының нәтижесінде «кіруші сигналдар» қайта өзгеріп, «шығушы сигналдар» («выходные сигналы») деп аталатын сигналдарға айналады.

Мысалы, «Космосқа бірінші болып ұшқан кім?» деген сұрақты дыбыстық сигналдар — сөздерімен берілген информация деп қарауға болады. Есту мүшесі арқылы бұл сигнал қабылданады да, ол миға жетеді, онда информация қорытылып қайта жасалады. Сөз түрінде жасалған жаңа информация — «Гагарин» деген жауап мидың командасы бойынша беріледі. «Гагарин» — сөйлеуші үшін «шығушы сигнал» да, тыңдаушы үшін «кіруші сигнал». Бұл процесс қайталанып айнала береді. Электронды машина да осы принцип бойынша жасалған. Ол машинаға да информацияны қабылдау, сақтау, оны қайта құру және жеткізіп беру мақсаты жүктеледі.

Электронды машина аудармашының қызметін атқаруы үшін, оған аударманың арнайы программасы жасалып беріледі. Программа сөздік пен аударманың инструкциясынан құралады. Аударманың программасы машинаның «еске сақтайтын» құрылысына енгізіледі де, оған аударманың тексі беріледі. Электронды машинадағы информация цифрлық информация болғандықтан, әрбір әріп белгілі бір санмен белгіленеді. Екі тілде де бір фонемаңы білдіретін әріптер біркелкі белгіленеді. Мысалы: ағылшынша және орысша «а»-16; ағылшынша «в» және орысша «б»-06; ағылшынша «w» және орысша «в»-13; ағылшынша «m» және орысша «м»-11; орысша «щ»-23 және т. б.[1].

Әріп басушы конструкция шыға беріс жолда цифрлық кодты сөз тіліне аударады. Қазіргі заманғы электронды машиналар сөздігі мың шамалы сөзден құралған ғылыми-техникалық әдебиеттерді бір тілден екінші тілге аудара алады. Алайда, қазіргі электронды машиналар әдебиеттің барлық түрін аудара алады деуге болмайды. Мысалы, көркем әдебиетті бір тілден екінші тілге аудару өте-мөте күрделі проблема болып саналады. Бұл проблема әлі шешімін тапқан жоқ, көптеген мамандар оның шешілуіне күмән да келтіреді. Әдетте, көркем әдебиеттің сөздігі өте бай және әр жақты болады. Оның тілінде сан алуан фразеологиялық сөз тіркестері, метафоралар, бейнелі сөз өрнектері жиі кездеседі. Көркем шығарманы аударуда оның мазмұнын ғана емес, сонымен бірге екінші тілде оның бүкіл көркемдік қасиетін, жазушының стильдік ерекшелігін сақтап аудару керек. Мұның бәріне қазіргі кездегі электронды машинаның мүмкіндігі жете бермейді. Бұл — бір.

Екіншіден, адам саналы түрде әрекет жасайды, ал машина адамның белгілі бір тапсырмасын ғана атқарады. Бірақ, ол (машина) адамды түгелдей ауыстыра алмайды.

Тіл білімі математика ғылымымен, біріншіден, машиналық аударма мәселелері бойынша байланысса, екіншіден, тілдік материалдарды зерттеуде тіл біліміне математикалық методтардың ене бастауы жағынан байланысады. Кейінгі жылдарда тілдік фактілерді зерттеуде ықтималдық теориясы (теория вероятности), математикалық логика, статикалық метод қолданылып жүр. Тілді математикалық методтар бойынша зерттейтін математикалық лингвистика деп аталып жүрген білім саласы жасалып қалыптасуда.

§4. ТІЛ БІЛІМІНІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘНІ

Тіл білімінің ғылым ретінде теориялық үлкен мәні болуымен бірге, оның практикалық маңызы да күшті. Тіл білімінің теориялық мәселелерін зерттеудің нәтижелері және олардан жасалған қорытындылар мен топшылаулар лингвистиканың көптеген практикалық мәселелерін шешуге және оған бағыт-бағдар сілтеп, дұрыс жолға қоюға көмектеседі.

Тіл білімі тілдің даму заңдылықтарын және ондағы тілдік категориялардың бір-бірімен байланысын, өз ара қарым-қатынасын ашып айқындаумен бірге, тілді оқыту ісіне, оның заңды-

[1] Жоғарыдағы деректер *Е. И. Шендельстің* аталған кітапшасының 43—48-беттерінен алынды.

лықтарын білдіруге көмектеседі. Сондай-ақ, тіл білімі тілдердің әрі қарай дамуының перспективасын көрсетіп, тілді өңдеудің, оны жетілдіре түсудің ғылыми негізі мен қағидаларын жасап береді. Тіл білімінің практикалық мәні әсіресе біздің еліміздe айрықша болып отыр. Кеңес дәуірінде елімізде халықтардың ұлттық мәдениеті мен ұлт тілдерінің жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлардың барлығы да жасалады. Бұрынғы Кеңес Одағындағы халықтардың әрқайсысының тілдерінің сөздік құрамы алуан түрлі жаңа сөздермен, көптеген ғылыми-техникалық терминдермен толығып байиды, грамматикалық құрылысы жетіле түсті. Бұрын жазуы болмаған халықтардың тілдерінің алфавиттері жасалынып, оқыту ісі жолға қойылды. Еліміздегі халықтардың тілдері ғылыми тұрғыдан зерттеліп, олардың әдеби түрінің нормаларын белгілеуде, жетілдіріп өңдей түсуде көптеген жұмыстар істелді. Әдеби тілдің нормасын белгілеп айқындау және оны өңдеп жетілдіре түсу мәселелері тіл білімінің қағидалары мен деректеріне арқа сүйеудің негізінде шешіледі.

Біздің көп ұлтты еліміздегі әрбір ұлт тілінің нормативті грамматикасы мен ғылыми грамматикасын жасау, әр түрлі сөздіктерін құрастыру, орфографиясы мен орфоэпиясының және ғылыми-техникалық терминологиясының мәселелерін зерттеп, бір жүйеге келтіру т. б. мәселелер марксистік лингвистикалық теорияның, марксистік тіл білімінің негізінде қарастырылып шешілуде. Демек, осы мағынада тіл білімінің ұлттық мәдениетті дамытуда айрықша маңызы бар.

Адамның логика ғылымын білмесе де, арнайы оқымаса да, өзінің ойын логикалық тұрғыдан дұрыс баяндай алатыны сияқты, тіл білімімен (грамматикамен) арнайы шұғылданбай-ақ, тілді меңгеріп сөйлей алатыны белгілі. Ал бұларды оқып білудің маңызы мынада: логика ғылымын оқып білу адамның ойлау мәдениетін арттыратыны сияқты, тіл білімін оқып білу адамның сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетін арттырады, ой өрісін кеңейтеді. Ойлауды және оның заңдарын жете білу үшін логика ғылымы қаншалықты маңызды болса, тілді және оның заңдары мен қағидаларын жете білу үшін тіл білімі де соншалықты маңызды.

Оқып білім алу, әдетте, тілді оқып машықтанудан, атап айтқанда, дұрыс жазып, дұрыс оқи білуде үйренуден басталады.

Дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу — әрбір мәдениетті адамның алдына қойылатын басты шарттардың бірі. Ал мұның өзі тілдің орфографиясы мен орфоэпиясын, грамматикасы мен әдеби түрін жете білуді қажет етеді. Мұнымен бірге тілдің стильдік тармақтарын жете білудің де практикада маңызы зор. Мысалы, газет-журналдарда жарияланатын мақалалардың стилі мен ғылыми тақырыпқа жазылған еңбектердің стилі немесе көпшілік алдында жасалатын баяндамалардың, лекциялардың стилі мен күнделікті іс-қағаз стилі бір емес. Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұларды да күнделікті практикалық жұмыста ажырата білу тіл білімінен (әсіресе оның стилистика саласынан) хабардар болуды қажет етеді.

Тіл білімінің ғылым мен техниканың әр түрлі салаларының теориялық мәселелерімен бірге практикалық мәселелеріне де (мысалы, телемеханика мен кибернетикаға, телефон мен телеграфқа, машинамен аударма жасау ісіне байланысты мәселелер) қатысы бар.

* * *

Қорыта келгенде, бұл деректер тіл білімінің көптеген ғылымдармен байланысты екендігін, ол байланысты жете білудің теориялық жақтан болсын, практикалық жақтан болсын, айрықша маңыздылығын және бұл мәселелердің әсіресе ғылымға деген ынта мен құштарлықты арттыруда өте-мөте мәнді екендігін көрсетеді.

Ірі ой иелерінің, жазушылардың, ғылымның басқа салаларынан маманданған көрнекті оқымыстылардың тілге және оны зерттейтін ғылым — лингвистикаға айрықша назар аударуы оның тартымды, айрықша маңызды екенін аңғартады.

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин тіл және тіл білімі жайында теориялық мол топшылаулар жасады; ол қорытындылар мен топшылаулар совет тіл біліміне негіз болып қаланды.

К. Маркс тіл туралы, оның қоғамдық мәні, ойлаумен байланысы және оған қатысты т. б. мәселелер жайында көптеген құнды пікірлер айтып, топшылаулар жасаған. Ол неміс, ағылшын, француз, орыс, испан, итальян, грек, латын, румын және т. б. тілдерді білген.

Ф. Энгельс К. Маркспен бірге ғылыми коммунизмнің негізін жасады. Ф. Энгельс философия, саяси экономия, тарих, физика, математика, жаратылыс тану ғылымдарын жан-жақты білген оқымысты, ғылымның корифейі болды. Мұнымен бірге Ф. Энгельс өте-мөте талантты лингвист болды. Ол «Франк диалектісі» деген тамаша лингвистикалық еңбек жазды. Тілдің шығуы туралы проблеманы зерттеуде Ф. Энгельстің «Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі», «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегіне сүйеніп, оны басшылыққа аламыз. Ф. Энгельстің тілдерді өте-мөте көп білетіндігіне, тілдерді соншама тез үйреніп алу талантына таңданбай қала алмаймыз! Ол неміс, ағылшын, француз, итальян, орыс, поляк, серб, болгар, испан, португал, норвег, голланд, гот, ирланд, румын, фарсы, грек, латын тілін білген. Ф. Энгельс ежелгі саксон, ежелгі неміс, ежелгі француз және т. б. тілдердің тарихын, милан, ескі правонсаль, католан сияқты диалектілерді де білетін болған. Ф. Энгельстің тілдерді көп білетіндігін еске алып, замандастары мен достары «Энгельс жырма тілде сөй-

лей алады» дейді екен. Ол қай ұлттың адамына хат жолдаса, хатты соның тілінде жазатын болған.

Ғылыми коммунизмнің негізін салушылар — К. Маркс пен Ф. Энгельс ғылымның сан алуан салаларынан өте-мөте білгер болды, көптеген тілдерді оқып үйренді және жетік білетін болды, тіл және тіл білімі жайында теориялық мол мұра қалдырды. Оларды оқып үйрену және өмірде қолдана білу — ең басты міндет.

В. И. Ленин К. Маркс пен Ф. Энгельстің тіл және тіл білімінің мәселелері жайындағы қағидаларын одан әрі дамытты. В. И. Ленинның «Материализм және эмпириокритицизм», «Философия дәптерлері», «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?», «Россияда капитализмнің дамуы», «Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын-заметкалар», «Міндетті түрдегі мемлекеттік тілдің керегі бар ма?», «Орыс тілін тазарту туралы» және т. б. еңбектері мен мақалаларында, жазған хаттарында тіл және тіл білімі мәселелеріне үлкен мән беріліп, олар жайында көптеген қорытындылар мен топшылаулар жасалды. В. И. Ленинның аталған еңбектерінде тіл мен ойлаудың байланысы, сөз бен ұғымның арақатысы, сөздің жалпылаушы қасиеті, диалектиканың тілдегі элементтері, ұлт тілдері, олардың жасалып қалыптасуы және т. б. теориялық мәселелер жан-жақты баяндалып, олардың қыр-сыры айқындала түсті. Тіл және тіл білімінің мәселелері жайындағы лениндік қағидаларды үңіле оқып үйренудің тіл туралы ғылымның теориялық та, практикалық та мәселелерін танып білуде өте-мөте үлкен маңызы бар.

Қоғам қайраткерлері, ірі ойшылдар, атақты жазушылар мен сыншылар, жаратылыс тану және техникалық ғылымдар саласындағы ірі білімпаздардың ішінде тіл білімі мәселелерімен арнайы шұғылданған, лингвистикалық үлкен-үлкен мұра қалдырған талай адамдар бар.

Орыс халқының ұлы ғалымы және ақыны М. В. Ломоносов Россияда материалистік философия мен жаратылыс тану ғылымының негізін қалаушы болды. Ол химия мен физика саласында айрықша маңызы бар ғылыми үлкен жаңалықтар ашып, зор еңбек етті. Мұнымен бірге, М. В. Ломоносов аса білгір лингвист еді. Ол орыс тілі грамматикасының негізін қалады, «үш стиль» теориясын жасады. М. В. Ломоносовтың қаламынан туған «Россиялық грамматика» («Российская грамматика») — аса зор маңызы бар лингвистикалық еңбек.

Орыстың ұлы ойшылдары және әдеби сыншылары В. Г. Белинский мен Н. Г. Чернышевский философия, эстетика, әдебиет мәселелерімен бірге тіл және тіл білімі жайында ғылыми үлкен маңызы бар пікірлер айтып, бай мұра қалдырды. В. Г. Белинский орыс тілінің грамматикасын жазды. Өз тұсындағы Васильев, Қалайлович, Гречтің ескірген грамматикаларының кемшіліктерін көрсетіп, дұрыс сынға алды. В. Г. Белинский тілдің тағдыры жеке адамдардың еркіне, зорлығына көнбейді, тіл тазалығын сақтаушы да, қорғаушы да сол тілді жасаған халық деп түйіндейді.

В. Г. Белинский де, Н. Г. Чернышевский де өздері өмір сүрген дәуірдегі грамматикаларға рецензиялар жазып, талай рет құнды сын-пікірлер айтты. Мұнымен бірге, олар тіл мен ойлаудың байланысы, тілдің мәні мен қызметі, тіл тазалығы, аударма және оның тілі, әдеби тіл, жеке ақын-жазушылардың тілі мен стилі тәрізді мәселелерді үңіле қарастырып, олар жайында терең талдау жасады.

К. Маркстің шәкірті және жақын серігі, марксизмнің көрнекті теоретигі және насихатшысы, француз социалисі Поль Лафарг (1842—1911) диалектикалық және тарихи материализм, тарих және саяси экономикадан бірсыпыра еңбектер жазды. В. И. Ленин Поль Лафаргтың кантианттықты сынға алуын өте жоғары бағалады. Поль Лафарг талантты лингвист болды, ол «Тіл және революция» деген мазмұнды еңбек жазды.

Совет әдебиетінің негізін қалаған Алексей Максимович Горький тілдің байлығы мен мәнерлігі, халық тілі мен әдеби, тіл, тіл тазалығы, тілдің қарапайымдылығы мен дәлме-дәлдігі, автор тілі мен персонаж тілі, аударманың тілі, жеке ақын-жазушылардың тілі мен стилі тәрізді қыруар мәселелер жайында мазмұнды да мол талдаулар жасап, аса бағалы лингвистикалық мұра қалдырды.

Біздің заманымызда А. А. Фадеев, М. О. Әуезов, Қ. А. Федин және т. б. көрнекті жазушылар тіл және тіл білімі мәселелеріне айрықша назар аударып, сан рет құнды пікірлер айтты, әлденеше мақалалар жазды.

Бұл айтылғандардың бәрі де тіл білімінің теориялық жақтан да, практикалық жақтан да зор маңызы бар ғылым екендігін көрсетеді[1].

---

[1] Ғылымдардың классификациясы, тіл білімі және оның басқа ғылымдармен байланысы жайында әдебиеттер: *Е. И. Шендельс.* Связь языкознания с другими науками, Изд. «Высшая школа», М., 1962; *А. Н. Леонтьев.* Языкознание и психология. Изд. «Наука», М, 1966; *Б. М. Кедров.* Формальные и диалектические принципы классификации наук и общая структура научного знания. —Сб. «Диалектика и логика, Форма мышления», Изд. АН. СССР М, 1962; *Г. Н. Волков.* Изменение социальной ориентации науки, —«Вопросы философии», 1969, № 1; *Д, М. Трошин.* Методологические принципы современной науки, М., 1966; *И. Д. Андреев.* Наука и общественный прогресс, Изд, «Высшая школа», М., 1972, стр. 5—38, 73—90; *Ф. Джордж.* Мозг как вычислительная машина. Перев, с англ. М., 1963; *Ю. В. Кнорозов.* Машинная дешифровка письма маяй. «Вопросы языкознания», 1962, № 1. *А. Н. Леонтьев* и *Д. Ю Панов.* Психология и технический прогресс. —Сб. «Философские вопросы физиологии высшей нервной деятельности и психологии», М., 1963; *К. Аханов.* Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы. —«Қазақстан мектебі», 1964, № 8; 1965, № 4.

II тарау

ТІЛДІҢ ҚОҒАМДЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

§1. ТІЛДІҢ АНЫҚТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Өмірде алуан түрлі құбылыстар бар. Олар табиғат құбылыстары және қоғамдық құбылыстар болып екі топқа бөлінеді. Тіл қоғамдық құбылыстардың қатарынан орын алады. Ол — қыр-сыры мол, күрделі құбылыс. Тілдің табиғатын (мәнін) танып білу үшін оның ең басты қасиетін айқындап алудың маңызы айрықша. Тілдің табиғатын айқындайтын ең басты қасиеті делініп, әдетте, оның қатынас құралы болу қызметі аталады. В. И. Ленин «Тіл — адам қатынасының аса маңызды құралы»[1] — дейді. Тілдің қызметін түсінуде бұл анықтаманың үлкен маңызы бар. Тіл — адам баласы қоғамында қатынас құралы, сөйлесіп, пікір алысудың құралы ретінде пайда болды. Тарихта мұндай коллектив алғашында ру, тайпа түрінде, кейінде халық тілі, ұлт болып өмір сүрді, осыған орай ру тілі, тайпа тілі, халық тілі болды. Адамдар коллективіне — мейлі ол ру немесе тайпа болсын, халық немесе ұлт болсын — осылардың бәріне де тіл қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы оның табиғатын (мәнін) айқындайтын басты қасиеті деуіміз де осыдан.

Тіл мен қоғамның өз ара тығыз байланысы — екі жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы, оны дамытуы мүмкін емес. Демек, қоғамның өмір сүруі, адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қатынас құралы, пікір алысудың құралы — тіл қажет. Тіл — адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам — тілдің өмір сүруінің шарты, қоғамнан тыс, адамдардың коллективінен тыс тіл жоқ. Қоғамның өмір сүруі үшін, адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін тіл қаншалықты қажет болса, тілдің өмір сүруі үшін қоғам да соншалықты қажет.

Сонымен, тілге анықтама беруде ең алдымен оның әлеуметтік қызметі, яғни қоғамдағы адамдардың қатынас құралы болу қызметі, негізге алынады. Тіл — тек қатынас құралы ғана емес,

[1] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 20-том, қазақша басылуы, 408-бет.

сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Адамның ойы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, белгілі бола алады. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Демек, ойлау мен тіл бірбірімен өз ара тығыз байланыста болады (бұл жайында толығырақ мағлұматты келесі параграфтан қараңыз). Осылай болғандықтан, тілдің табиғатын айқындауда оның (тілдің) қатынас құралы болу қызметімен бірге ойлаудың және ойды жүзеге асырудың құралы, ойдың материалдық формасы екендігі де ескерілуі қажет.

Тілдің қатынас құралы болу қызметі мен ойлаудың құралы болу қызметіне қоса тағы бір қызметі бар: ол — экспрессивті қызмет. Тілдің экспрессивті қызметі делініп, әдетте, оның (тілдің) адамның субъективті қатынасын, сезімі мен эмоциясын білдіру қызметі аталады. Тілдің экспрессивті қызметінің, ондағы эмоциональды-экспрессивті құралдар мен тәсілдердің ойды көркемдеп, әсерлеп жеткізуде, әсіресе көркем әдебиетте маңызы айрықша күшті.

«Сөз — барлық фактілердің, барлық ойдың киімі» (М. Горький). Шынында да, тіл — халықтың тарихы, шежіресі, халықтың күллі өмірінің жаңғырығы мен ізі; онан сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады. К. Д. Ушинский тілдің осы бір қасиеттері жайында былай деп жазды: «Тілде бүкіл халықтың, оның бүкіл елінің рухы көрінеді, онда халықтық рух творчество қуатымен ойға, суретке айналады, отан аспанының даусы, оның ауасы, физикалық құбылыстар, оның климаты, оның даласы, таулары мен жазықтары, оның ормандары мен өзендері, оның дауылдары мен нажағайлары көрінеді... Халық тілінің айқын да тұнық терең інде туған елдің жалғыз табиғаты ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани өмірінің бүкіл тарихы сәулеленіп көрінеді»[1].

«Тіл — көркем әдебиеттің бірінші элементі» (М. Горький). Халық тілінің байлығынан суарылған, оны творчестволықпен игере білген, оның күші мен қуатын бойына сіңіре алған жазушы ғана нағыз көркем, нағыз әсерлі шығарма жаза алады. Тіл — қуатты құрал. Оның қуаты мен құдіреті, ғажайып бейнелілігі мен алмас қылыштай өткірлігі әсіресе көркем әдебиет пен публицистикада көрінеді де, айрықша әсерлі күшке айналады. Алексей Максимович Горькийдің «Дауылпазының» өткір тілі, революцияға шақырған даусы қаншама әсерлі, қаншама қуатты десеңізші! Жамбыл Жабаевтың пафос пен патриотизмге толы «Ленинградтық өрендерімінің» Ұлы Отан соғысында кеңес жауынгері мен халқына күш, жігер беріп, жауға қарсы

[1] *К. Д. Ушинский.* Избранные педагогические сочинения. М., 1945, стр. 205—206.

аттандыруда еткен әсері, әрбір сөзінің қуаты, дауылпаздай саңқылдаған даусының құдіреті баршамызға аян! Ол ешқашан да ұмытылмақ емес. Ол Кеңес Одағы халықтарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі теңдесі жоқ ерлік істерінің шежіресінде жазулы тұр!

Көркем сөздің баурап алатын күші ерлікке, Отанды сүюге, адамгершілікке тәрбиелейді. Тілдің әсерлі күшке айналуы үшін оның әрі ашық, айқын, әрі өткір, әрі көркем болуы шарт: Максим Горький: «Тілдің күші тәрізді әрекет ететін шынайы әдемілігі дәлме-дәлділік, айқындылық, сөздің үнділігі арқылы жасалады» дей келіп, тілдің тазалығы, дәлме-дәлдігі үшін күресу керек деген талап қойды: «Тілдің тазалығы үшін, мағыналық дәлме-дәлдігі үшін, өткірлігі үшін күресу дегеніміз — мәдениет қаруы үшін күресу. Бұл қару неғұрлым өткірірек болса, неғұрлым дәлме-дәл бағытталса, ол соғұрлым жеңімпаз болады»[1].

Айтайын дегеніңді дәлме-дәл, ашық, айқын және әсерлі түрде жеткізіп беру әрқашан оңай бола бермейді. Ол үшін тілді, әсіресе оның байлығын, көркемділігі мен үнділігін, сан сырлы мағынасы мен өткірлігін, эмоциональды бояуы мен экспрессивті қызметін жан-жақты меңгеру, көптен-көп жаттыға білу қажет.

Тілді қоғамдық құбылыстардың қатарына жатқызуға негіз болатын басты белгі оның қоғамға қызмет ету белгісі екендігі жоғарыда айтылды. Бірақ тілдің қоғамға қызмет етуі басқа қоғамдық құбылыстардың, мысалы, базис пен қондырманың, қоғамға қызмет етуінен өзгеше болады. Базис қоғамға экономикалық жағынан қызмет етсе, қондырма қоғамға саяси, заңдық, эстетикалық және басқа идеялар арқылы қызмет етеді, қоғам үшін тиісті көзқарастардың нормаларын жасап береді. Демек, тілден басқа қоғамдық құбылыстар, мысалы, базис пен қондырма, қоғамға белгілі бір салада қызмет етеді. Ал тілдің басқа қоғамдық құбылыстардан айырмасын көрсететін айрықша ерекшелігі мынада: тіл қоғамға қызмет еткенде, адамдардың қатынас құралы, пікір алысу құралы, бірін-бірі түсінісу құралы ретінде адамдардың ісі мен әрекетінің барлық саласында: өндіріс пен экономикалық қатынастар саласында да, саясат пен мәдениет саласында да, қоғамдық өмір мен күнделікті тұрмыста да бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қызмет етеді. Демек, тіл адамның ісі мен әрекетінің барлық саласын қамтиды, осыған орай, оның қимыл өрісі өте кең және әр жақты болады. Тілдің бұл ерекшелігі оның ең басты қызметі — қатынас құралы болуынан келіп туады.

Тіл қоғамдық құбылыстардың қатарына енгенмен, оны басқа қоғамдық құбылыстармен, мысалы, қондырмамен немесе мәдениетпен теңестіруге болмайды. Н. Я. Маррдың және оны қолдаушылардың тілді қондырмалық құбылыстардың қатарына

[1] *М. Горький.* О литературе. М., 1937, стр. 147.

жатқызуы тіл білімінде елеулі қателіктерге соқтырды. Тіл білімі жайындағы 1950 жылғы дискуссияда ол қателіктер сынға алынып, тіл туралы теріс қағидалар түзетілді. Марксистік ғылым базис (қоғамның белгілі бір дәуіріндегі экономикалық құрылысы) пен қондырманың (қоғамның саяси, праволық, діни, көркемөнерлік, философиялық көзқарастары және соларға сәйкес саяси, праволық және тағы басқа мекемелер) және тілдің бір-бірінен айырмашылықтарын, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін айқындап берді.

Қондырма белгілі бір базистен туса және базистің өзгеруінен қондырма да өзгеріп, жаңа базиске сай жаңа қондырма туса, тіл ескі не жаңа базис тарапынан туған емес, ол талай заманның жемісі. Бір базис пен оның қондырмасының ғана емес, бірнеше базистің және соған сәйкес бірнеше қондырманың туып, жойылуы да тілдің жойылуына, жаңа тілдің жасалуына әкеп соқтырмайды. Демек тіл қандай базистен, қандай қондырмадан болса да анағұрлым ұзақ өмір сүреді. Мұның бәрі тілдің тұрақты құбылыс екендігін көрсетеді.

Қондырма өз базисінің тағдырына, таптардың тағдырына, қоғамдық құрылыстың сипатына қалай болса солай қарамайды, ол өз базисінің қалыптасып нығаюына, жаңа құрылыстың ескі базис пен ескі таптарды құртып жоюына көмектеседі. Қондырма үстем таптың мүддесін қорғайды, ол таптық сипатқа ие бола алады. Бұл ретте тілдің қондырмадан түбірлі айырмашылығы бар. Тіл белгілі бір таптың мұқтажын өтеу үшін емес, қоғамдағы барлық таптардың мұқтажын, бүкіл қоғамның мұқтажын өтеу үшін қызмет атқарады; ол қоғам мүшелерінің әлеуметтік дәрежесіне қарамастан, олардың бәріне бірдей ортақ құрал — қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Демек, тіл таптық сипатқа емес, жалпы халықтық сипатқа ие болады. Тілдің қоғам мүшелеріне, олардың таптық, әлеуметтік дәрежесіне қарамастан, ортақ болуы, бірдей қызмет етуі, жалпы халықтық сипатқа ие болуы оның негізгі қызметі — қоғамдағы адамдардың қатынас құралы болу, пікір алысу құралы болу қызметімен тығыз байланысты. Қоғам мүшелерінің бәріне бірдей ортақ, күллісіне бірдей түсінікті тіл болмайынша, қоғам өндірісті тоқтатады, ыдырайды, қоғам ретінде өмір сүруден қалады. Тіл өз дамуының барлық дәуірлерінде бір тұтас қалпын, жалпы халықтық қасиетін сақтап, қоғам мүшелерінің бәріне бірдей ортақ құрал — қатынас құралы ретінде қызмет атқарып келді. Сонымен, тіл өз дамуының барлық дәуірлерінде — мейлі ру тілі немесе тайпа тілі болсын, мейлі халық тілі немесе ұлт тілі болсын — ол таптық тіл емес, адамдардың қатынас құралы ретінде әрқашан жалпы халықтық тіл болды.

Алайда, қоғамның таптарға бөлінуі, қоғамда қарама-қарсы таптардың болуы тілге әсер етпейді және онда ешбір ізін қалдырмайды деп ойлау қате болған болар еді. «Таптық сана мен

таптық идеология сөйлеу формаларымен (речевые формы) тығыз байланысты және өзінің көрінісін, ең алдымен, сөздік пен семантикада, фразеология мен тілдің синтаксистік-стилистикалық құралдарында табады»[1].

К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин әр түрлі таптардың санасы мен идеологиясының тілде көрінуі туралы талай рет жазған болатын. Мысалы, Ф. Энгельс «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінде буржуазияның пролетариатқа қатынасы туралы мәселеге тоқтала келіп, былай деп жазды: «Буржуазияны ақша ноқталаған масқара құлшылдық буржуаның үстемдігінің салдарынан өзінің ізін тіпті тілге де түсірді. Ақша адамның бағасын айқындады: бұл адам 10 мың ф. ст — he is wort ten thousand pounds, яғни ол мынадай сомаға ие. Кімде ақша болса, сол «байсалды», «адамдардың ең артық сортына» (the better sort of people) жатады, «беделімен пайдаланады» (influential) және өз айналасында барлық жағынан жөн сілтеп отырады. Саудагершілік рухы бүтіндей тілге сіңіп кетті, барлық қатынастар сауда терминдерінде, экономикалық ұғымдарда көрініп айтылады»[2]. «Жұмысшылар басқа диалектіде сөйлейді, буржуазияға қарағанда, басқаша идеялары мен түсініктері, басқаша әдет-салттары мен әдет-салт принциптері, басқаша діні мен саясаты бар»[3]. Ф. Энгельстің бұл сөздерін бір жақты ұғынып, тіл таптық болады деп түсіну, әрине, қате болған болар еді. Бұл жерде Ф. Энгельс «таптық тілдер жайында емес», әр басқа идеологиясы бар қарама-қарсы таптар жайында, таптық идеялар, түсініктер, салттар, салттық принциптер, дін, саясат туралы және әр басқа идеологияның, сайып келгенде, тілге (речь) таптық бояу жамайтыны жайында айтып отыр.

Поль Лафарг «Революцияға дейінгі және революциядан кейінгі француз тілі» атты еңбегінде «өсімдіктің өзіне тән климаттық ортадан бөліне алмайтыны сияқты, тіл де өзінің әлеуметтік ортасынан алшақтап кете алмайды»[4] деген дұрыс тұжырым жасайды. Поль Лафарг буржуазия табының құрылуы және оның таптық идеологиясының жасалуымен бірге француз сөйлеу тілі мен әдеби тілі нормаларының өзгеруін көрсетеді, революция дәуірі кезіндегі ауызекі және әдеби формасындағы француз тілінің тарихын үш түрлі жақтан, атап айтқанда: 1) тап күресінің тілде көрінуі тұрғысынан; 2) тілді осы күрестің құралы ретінде пайдалану тұрғысынан; 3) тіл үшін күресте және тіл арқылы күресте әр түрлі таптық күштердің жіктеліп орналасуы, шоғырлануы тұрғысынан алып қарастырады. Ұлттардың ішінде әлеуметтік таптардың болуы бір тұтас ұлттың нақтылы өмір сүруін

[1] *Г. П. Сердюченко.* За идеологическую четкость в вопросах языкознания, — журнал «Народы Азии и Африки», 1963, № 4, стр. 148.
[2] *К. Маркс и Ф. Энгельс.* Сочинение, издание второе, том 2, стр, 497.
[3] Бұл да сонда, 356-бет.
[4] *Поль Лафарг.* Литературно-критические статьи. М., 1936, стр. 51.

жоққа шығармайтын сияқты, тілде кейбір «таптық жаргондардың» болуы бір тұтас ұлттық тілдің нақтылы өмір сүруін танып мойындауға ешбір қарама-қайшы келмейді.

Қорыта айтқанда, тап күресі және таптық идеология тілде белгілі дәрежеде көрінуі, онда өзінің ізін түсіруі мүмкін. Бірақ мұның өзі бір тұтас ұлттық тілдердің болуын жоққа шығармайды, тілді таптық құбылыс деуге де негіз бола алмайды. Тіл қатынас құралы ретінде жалпы халықтық қасиетін сақтайды.

/Тіл мәдениетпен байланысты, бірақ онымен тепе-тең емес. Тілді қондырмамен теңестіру, бірдей деп есептеу қаншалықты қате болса, тілді мәдениетпен теңестіру, бірдей деп есептеу де соншалықты қате болмақ. Мәдениет идеологиялық, яғни қондырмалық құбылыстың қатарына енеді, осыған орай, ол (мәдениет) буржуазиялық та, социалистік те болуы мүмкін. Ал тіл қатынас құралы ретінде әрқашан жалпыхалықтық сипатта болып, буржуазиялық мәдениетке де, социалистік мәдениетке де, ескі мәдениетке де, жаңа мәдениетке де бірдей қызмет ете алады.

Тілдің өндіріс құралдарымен қызмет ету жағынан ұқсастығы бар. Тіл мен өндіріс құралдарының ұқсастығы мынада: тіл де, өндіріс құралдары да әр басқа қоғамдық құрылысқа — ескі құрылысқа да, жаңа құрылысқа да, мысалы, капиталистік құрылысқа да, социалистік құрылысқа да бірдей қызмет етеді, қондырмаға, қоғамдағы таптарға талғаусыз қарайды. Дегенмен, тіл мен өндіріс құралдарын теңестіру, оларды бірдей деп есептеу қате болар еді. Бұлардың арасында түбірлі айырмашылық бар: өндіріс құралдары материалдық игілік өндіреді, ал тіл ештеңе өндірмейді, адамдардың қатынас құралы, сөйлесу, түсінісу құралы ретінде қызмет етеді.

Сонымен, тіл базиспен де, қондырмамен де, мәдениетпен де, өндіріс құралдарымен де бірдей емес, тілді олармен теңестіруге болмайды. Тіл таптық құбылыс емес. Тіл қоғамдық құбылыс бола тұра басқа қоғамдық құбылыстардан түбірлі айырмашылығы бар және өзіне тән ерекше белгілері бар құбылыс болып саналады[1].

Тіл — адамдардың қатынас құралы болумен бірге, пікір алысатын, бірін-бірі түсінісетін құралы, қаруы. Осыған сәйкес, тіл мен ойлаудың арақатысы туралы мәселе келіп туады. Енді, осы мәселеге тоқталайық.

[1] Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі мәні мен ерекшеліктері жайында әдебиеттер: *Е. М. Галкина-Федорук.* Язык как общественное явление, М., 1954; В. М. Жирмунский. Проблема социальной дифференциации языка. —Сб «Язык и общество», М., 1968; *А. И. Смирницкий.* Объективность существования языка, М,. 1954; *Ф. П. Филин.* К проблеме социальной обусловленности языка. —Сб «Язык и общество», М., 1968.

§2. ТІЛ ЖӘНЕ ОЙЛАУ

Тіл мен ойлаудың өз ара байланысы туралы мәселе жалпы тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге философия мен логиканың және психологияның ең күрделі мәселелерінің бірі болып саналады. Мәселенің күрделілігі ойлаудың табиғаты мен тілдің табиғатының өте-мөте күрделі болуымен байланысты. Дыбыстық тіл де, абстракті ойлау да — адамға тән құбылыстар. Бұл екі құбылыстың екеуі де адамның екі жақты табиғатына сәйкес әрі әлеуметтік, әрі биологиялық жақтарымен сипатталады, осы екеуін бірдей қамтиды. Біріншіден, тіл де, ойлау да — адам миының туындысы, соның жемісі, екіншіден, тіл де, ойлау да — әлеуметтік құбылыс, өйткені адамның өзі қоғамдық құбылыс болып саналады. Тілде де, ойлауда да әлеуметтік және индивидуалды-биологиялық жақтар ұштасып, бір-бірімен бірлікте болады. Осы бірліктен тіл мен ойлаудың жалпы ерекшелігі көрінеді[1].

Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы, адам миының сәулелендіруші әрекеті арқылы тілдік единицалар объективті дүниенің заттары мен және құбылыстарымен байланысқа түседі, мұнсыз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қатынас жасауы мүмкін болмаған болар еді. Белгілі бір тілдің дыбыстық комплекстері ойлауда сәулеленетін объективті дүниенің элементтерінің сигналдары ретінде қызмет етеді де, бұл дыбыстық комплекстерде адам танымының нәтижелері орнығып бекітіледі, ал осы нәтижелердің өзі ары қарай танып білуге негіз болады. Сондықтан да тіл ойлаудың қаруы, инструменті ретінде, ал тіл мен ойлаудын байланысы бірлік ретінде сипатталады[2].

Қоғам мүшелерінің өз ара пікір алысуы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып не жазып жеткізеді. Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді. Ойдың жарыққа шығып, іске асуы, өмір сүруші үшін тілдік материалға негізделуі, сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер түрінде айтылуы шарт. «Тіл дегеніміз — ойдың тікелей шындығы» (К. Маркс). Ой шындығы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы көрінеді. Демек, тіл — пікір алысу құралы, ойлаудың қаруы, ойды білдіру құралы.

Марксизм-ленинизм классиктері тіл мен ойлау, олардың арақатысы туралы мәселені айқындап берді. Ойлау мен тіл бір-бірімен өз ара тығыз байланысты. Тіл ойлаудың шығуымен бірге, бір мезгілде шығып қалыптасты және оның дамуымен бірге дамып келеді. Тіл мен ойлаудың бірге шыққандығын және олардың өз ара тығыз байланыстылығын К. Маркс пен Ф. Энгельс талай рет көрсеткен болатын: «Тіл де, сана сияқты, ертеден келе жатқан нәрсе, тіл, дәл айтқанда, басқалар үшін, осының арқасында өзім үшін де, өмір сүріп отырған шын практикалық сана болып табылады; сөйтіп, тіл де, сана сияқты, басқа адамдармен қатынас жасау мұқтаждығынан және қажеттілігінен келіп туады»[1].

Диалектикалық материализм материяның алғашқы, сана мен рухтың екінші туынды екендігін көрсетеді. Ойлау мидың материалдық физиологиялық процестерімен тығыз байланыста болатырып, тек тілдің негізінде және тілдің көмегімен іске асады. Осымен байланысты диалектикалық материализм тілден тыс ойлау мүмкін емес, тіл мен ойлау өздерінің шығуы жағынан да, өмір сүруі жағынан да бір-бірінен бөлінбейді деп тұжырымдайды.

Диалектикалық материализмнің ойлау мен тілдің өз ара тығыз байланыстылығы туралы қағидасы — кеңес ғылымында әбден орныққан және басшылыққа алатын бірден-бір дұрыс қағида. Ал бұл проблеманың (ойлау мен тілдің байланысы туралы проблеманың) нақтылы мәселелеріне келетін болсақ, олардың ішінде әлі де болса толық шешімін таппаған мәселелердің немесе талас мәселелердің бар екенін мойындамасқа болмайды. Бұлардың қатарына, мысалы, тіл мен ойлаудың байланысының нақтылы формасы (мысалы, тіл форма болып, ал ойлау оның мазмұны болып табыла ма?) туралы мәселе, тілдің әр түрлі жақтары — материалдық, дыбыстық жақтарының және осылармен байланысты мағыналық жақтарының ойлауға қатысы туралы мәселе, логикалық және грамматикалық категориялардың қарым-қатысы, сөздің мағынасы мен ұғымының арақатысы және байымдау мен сөйлемнің арақатысы туралы мәселе және т. б. мәселелер енді. Аталған мәселелердің барлығы да күн тәртібіне қойылып та, баспасөз бетінде талқыланып та жүр[2]. Тілге (оның материалдық қабығына), бірінші жағынан, ойлаудың абстракті мазмұнының қатысы, екінші жағынан, қабылдау (восприятие) мен елестің (представление) сезіну, көрнектілік образының қатысы туралы мәселе де талқылауды және айрықша назар аударуды қажет етеді[3].

Ойлауды екі түрлі аспектіде қарауға болады: зерттеушілер ойлауды сөз еткенде, біріншіден, оны ұғым, байымдау формаларында болатын абстракті мазмұн, абстракті процестер түрінде қарайды да, екіншіден, қабылдау мен елестердің образы түрінде болатын сезім-образдардың мазмұны ретінде қарайды. Кейбір мамандар ойлаудың осы аталған екі түрлі жағының тілге қатысы бірдей деп есептейді. Олардың пікірінше, тіл қабылдау мен

---

[1] Общее языкознание, изд. «Наука», М., 1970, стр. 371.
[2] Общее языкознание, изд. «Наука», М., 1970, стр. 372.

[1] *К. Маркс и Ф. Энгельс.* Сочинения, том IV, стр. 20—21.
[2] *В. З. Панфилов.* К вопросу о соотношении языка и мышления.— Сб. «Мышление и язык», М., 1957, стр. 118
[3] Бұл да сонда, 119-бет.

елестің образдарымен тікелей байланыста болады, сөз ұғымды ғана білдірмейді, сонымен бірге елесті де білдіреді, ойлау мен тілдің тарихында ойлаудың тек қабылдау мен елестің образы түрінде өмір сүрген дәуірі болды, тіл тек соларды ғана білдірген. Бұл көзқарас әсіресе Леби-Брюльдің «Алғашқы ойлау» («Первобытное мышление») деген кітабында және Н. Я. Марр-дың еңбектерінде орын тепті.

Ойлаудың алғашқы даму сатысында адамның ұғымды жасай алар-лықтай бейімділігі болмады және ол дәуірде ойлау қабылдау мен елестің көзге көрінетін образдарының формасында ғана іске асты дейтіндер шындықтың сәулелену тәсілдерінің адамдар мен хайуанаттарда әр басқа болатынын ескермейді.

Адам ойлауының хайуанаттың «ойлауынан», соның ішінде адам тәріздес маймылдардың ойлауынан, айырмашылығы сол, адам шындықтың объектілерінің байланысы мен қарым-қатынастарын танып біледі және олардың қасиеттерін айқындап белгілей алады. Өзінің қажеттілігін қанағаттандыру мақсатымен алғашқы адамдар еңбектене бастады, өздерін қоршаған дүниедегі бір затты екінші затқа әсер ететіндей етіп пайдаланды. Еңбек процесінде айналадағы заттарды пайдалану ол заттардың бір-біріне қатысын және бір-бірінен айырмашылығын танып білуге әкелді. Еңбек процесінде адамның ойлауы пайда болды.

Объективті шындықтың адам санасында сәулелену абстракті және жалпылаушы сипатта болады да, ұғымдар мен байымдаулар және ой қорытындыларының формалары түрінде өтіп жатады. Ал басқа хайуанаттарды былай қойғанда, адам тәріздес маймылдардың өзінде объективті шындықтың сәулелену түйсік, қабылдау мен елестердің образдарының формалары түрінде ғана болады.

Заттар мен құбылыстардың тікелей әсер етуінен туып, түйсік формасында және қабылдау мен елес формасында болатын танымнан адам танымының (человеческое познание) айырмашылығы оның абстракті сипатында, өйткені осы танымның барысында пайда болатын ұғымдар тиісті заттар, құбылыстар сапа-қасиеттердің және т. б. тікелей сәулелену нәтижесі емес. Ондай ұғымдар заттар мен құбылыстарды ажырату процесінде шындықтың белгілі бір жақтарынан дерексіздену арқылы, олардың басты және екінші қатардағы белгілерін ажыратып алу арқылы және осылардың нәтижесінде топшылау жасау арқылы пайда болады. «Таным дегеніміз адамның табиғатты бейнелеуі. Бірақ бұл жай, тікелей, тұтас бейнелеу емес, бірқатар абстракциялардың процесі, ұғымдардың, заңдардың тууының, қалыптасуының процесі»[1].

[1] *В. И. Ленин.* Философиялық дәптерлер. Шығармалар, 38-том, қазақша бірінші басылуы, Қазақ мемлекет баспасы, 1962, 183-б.

Мысалы, алғашқы адамдардың ең жабайы құралдарды жасауы үшін оған қажетті материалдың қаншалықты қатты екендігін және ол құралдың үшкір немесе өткір болып шығуын білу қажет болды. Демек, құралды даярлаудың осы бастапқы дәуірінің өзінде-ақ алғашқы адамдарда заттардың мәнді емес қасиеттерінен дерексіздену және сол құралға тән жалпылама қасиетті айқындау бейімділігі болды[1].

Ең алғашқы қарапайым еңбектің түріне талдау жасаудың өзі ол еңбектің шындықтың абстракті және жалпылаушы сәулелену-інің негізінде ғана мүмкін болғандығын көрсетеді. Еңбек әрекеті мен абстракті, жалпылаушы ойлау бірлікте болады.

Адам баласы ойлауының тарихи дамуында сезіну көрнекілік сатысы, (чувственно наглядная стадия) болды дейтін теорияны жақтаушылар алғашқы халықтардың тілдерінде (язык первобытных народов) жалпы ұғымдар мен тектік ұғымдардың аттарының аз, арнаулы атаулар көп екендігін желеу етеді[2]. Мұндай факті болған күннің өзінде, арнаулы атаулар өздігінен белгілі бір нақтылы заттың көрнекілік образын (наглядный образ) білдіреді деуге болмайды. Мұның үстіне, кейбір тілдерде зат, сапа және т. б. атауларының талданып дараланудың молдығымен бірге, оларда жалпы ұғымдарды білдіретін атаулардың аз емес екендігін мойындамау дұрыс болмаған болар еді. Мысалы, ненец тілінде қардың әр түрін білдіру үшін қырық шақты арнаулы атаумен бірге жалпы ұғымды білдіретін *сыра* (мағынасы — «қар») деген сөз бар. Аталған тілде шананың түрлерін білдіретін жиырмадан астам сөзбен бірге *нарта* (солтүстіктегі ит шана, бұғы шананың аты) деген жалпы атау бар. Морж деп аталатын солтүстіктегі теңіз жануарының эскимос тілінде дараланған бірнеше атауы да, жалпы атауы да бар. Мысалы, эскимос тілінде *аргугак* — «батысқа қарай жүзуші морж», *каврык* — «солтүстікке қарай жүзуші морж», *акылюграк* — «біресе бір бағытқа, біресе басқа бағытқа қарай жүзетін морж», *эхъык* — «тамақтанушы морж», *кавалыграк* — «суда ұйықтап жатқан морж» дегенді білдіреді де *айвык* сөзі «морж» деген жалпылама мағынаны білдіреді[3].

Атаулардың бұлайша тарамдалып дараланулы практикалық қажеттіліктен, атап айтқанда, тиісті заттар мен құбылыстардың шаруашылықта, кәсіпте өте-мөте маңызды болуынан, аңшылардың аң аулау, балықшылардың балық аулау жұмысында нысанаға алғандарын тез және дәлме-дәл бағдарлау қажеттілігінен келіп туғанын ескерген мақұл. Демек, бұларды ойлаудың ерекшелігімен байланысты дұрыс бола бермейді.

Сонымен, еңбектің пайда болуымен байланысты ойлау пайда

[1] *В. З. Панфиловтың* жоғарыда аталған мақаласының 129-беті.
[2] *Леби-Брюль.* Первобытное мышление, стр. 95—119.
[3] *В. З. Панфиловтың* аталған мақаласының 145-бетінен.

болды және ол ойлау жалпылаушы және абстракті сипатта болды. Бұл айтылғандардан, алғашқы адамның шындықты танып білуінде шындық болмыстың сәулеленуінің көрнелік образды және тікелей тәсілінің ешбір қатысы болмады деген түсінік тумасқа тиісті. Сезім арқылы танып білу адамның танып білу процесінің ең бір негізгі көзі болып саналады. Марксистік-лениндік таным теориясының қағидаларының бірі біздің барлық біліміміз (знание), сайып келгенде, сезім мүшелерімізге объективті шындықтың тікелей әсер етуінен туатын түйсіктер мен қабылдау образдарына негізделеді деп түйіндейді.

Түйсіктер, сондай-ақ қабылдау мен елестердің образдары дүниедегі заттардың, құбылыстардың және олардың сапа, қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінің нәтижесінде пайда болады. Ал жалпылаушы және абстракті ойлау сыртқы дүниенің сезім мүшелері арқылы бізге жететін деректеріне, әсеріне сүйенгенімен, оның ұғым, байымдау және т. б. түрде болатын нәтижелерінің өздері сәулелендіретін объективті шындыққа қатысы жанама түрде болады. Әрбір ұғым заттар мен құбылыстардың және т. б. бүтіндей тобын олардың жалпы және басты қасиеттерінде бейнелей отырады да, сол топтағы әрбір затқа, құбылысқа және т. б. тән индивидуальды қасиеттерден дерексізденеді. Әрбір ұғым нақтылы заттардан, құбылыстардан тыс өмір сүрмейтін жалпыны (общее) бейнелейді[1]. В. И. Ленин осымен байланысты былай деді: «Жалпының өзі жекеде, жеке арқылы ғана болады. Жекенің қандайы болса да (қалай болғанмен) жалпы болады. Жалпының қандайы болса да жекенің (бөлшегі немесе бір жағы, немесе мәні). Жалпының қандайы болса да жеке заттардың бәрін тек шамамен ғана қамтиды. Жекенің қандайы болса да жалпыға толығынан енбейді т. т., т. т.»[2]. Сонымен, шындық болмыстың бейнеленуінің жалпылаушы және абстракті формаларының бейнеленудің сезім арқылы болатын формаларынан айырмашылығы сол, олар объективті шындықтың заттары, құбылыстарымен т. б. тікелей байланысты емес. Алайда, мұның өзі абстракті, жалпылаушы ойлау объективті шындыққа, материяға бағынышты емес дегенді, әрине, білдірмейді. Абстракті және жалпылаушы ойлаудың мазмұны, сайып келгенде, шындықтың бейнеленуінің нәтижесі, қозғалатын материяның әр түрлі формаларының нәтижесі болып табылады да, оның объективті шындықпен байланысы материалдық тілдік формалар арқылы іске асады[3]. Демек, абстракті жалпылаушы ойдың іске асуы үшін оның материалдық тілдік жамылғышқа енуі, тілдік формамен айтылуы шарт.

---

[1] Сб. «Мышление и язык», М., 1957, стр. 149.

[2] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 38-том, қазақша бірінші басылуы, 1962, 379-бет.

[3] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 38-том, қазақша бірінші басылуы, 1962, 149—150-беттер.

Тілдің шығуы мен абстракті, жалпылаушы ойлаудың шығуы туралы мәселелер өз ара тығыз байланысты. Мұны И. П. Павловтың екінші сигнал жүйесі туралы ілімі дәлелдей түсті. Ол екінші сигнал жүйесі адамның пайда болуымен байланысты туды және осымен байланысты жалпылаушы ойлау да (обобщенное мышление) пайда болды дейді. «Тегінде айналадағы дүниеге барып тірелетін біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз егер біз үшін шындық өмірдің бірінші сигналдары, нақтылы сигналдары болып табылатын болса, онда тілдің өзі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын ең алдымен кинэстезикалық тітіркенулер, екінші сигналдар, сигналдардың сигналдары болып есептеледі. Олар шындық өмірден дерексіздену болып табылады және жалпылауға мүмкіндік береді; ал мұның өзі бізге ғана тән, адам ойлауын, ең жоғарғы ойлауды жасайды»[1].

Сөз мағынасы ұғыммен ғана байланысты емес, сонымен бірге зат, құбылыс т. б. туралы елеспен де (представление) байланысты болады дейтін пікір бар. Белгілі бір сөзбен байланысты тиісті бір зат жайында адамда елестің образы пайда болуы мүмкін. Бірақ мұның өзі нақтылы заттың образы түрінде болады да, ол сөзді айтқанда, сөйлеуші немесе тыңдаушы адамдардың әрқайсысында әр түрлі заттардың (олардың бір текке жатуы мүмкін) образы пайда болады. Елестің көрнекілік образының ұғымнан айырмашылығы сол, ол бір адамнан екінші адамға тікелей тіл (сөз) арқылы беріле алмайды. Демек, сезім арқылы болатын көрнекілік образ сөздер және сөйлемдермен берілетін абстракті мазмұн арқылы пайда болады. Басқаша айтқанда, елестің образы тікелей емес, жанама түрде, тілдегі сөзбен, сөйлеммен айтылатын абстракті ойлау мазмұны арқылы ғана беріледі.

Адамның ойы тіл арқылы тілдегі сөздер және олардың тіркесі арқылы айтылады да, материалдық формаға енді. Ойлаудың туып жасалуында тілдің ролі айрықша зор. «Әуелі еңбек, ал онан соң және сонымен бірге анық сөз ең басты екі стимул болды, — деп жазды Ф. Энгельс, — осы екі стимулдың әсерінен маймылдың миы бірте-бірте адам миына айналды...»[2].

Ойлау мен тілдің диалектикалық байланысы тілдің танып білуде (познание) атқаратын үлкен ролін де айқындап белгілейді. Тіл біздің ойымызды жасап қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге ол (тіл) адамдардың білу жұмыстарының табыстарын баянды етуге, адамдардың сан ғасыр бойындағы мол тәжірибесін сақтауға және оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

---

[1] *И. П. Павлов.* Полное собрание сочинений, том III, М,— Л., 1949. стр. 490.

[2] *К. Маркс, Ф. Энгельс.* Екі томдық таңдамалы шығармалары, Алматы 1956, 77-бет.

Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың әр түрлі белгілері, бір-бірімен қарым-қатысы адам санасында ойлаудың әр түрлі формалары (ұғым, байымдау) түрінде бейнеленеді де, соңғылар тілде сөздер және сөйлемдер арқылы айтылады, осылар арқылы баянды етіледі. Адам санасында шындық өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре және баянды ете отырып, бізді қоршаған шындық өмір жайындағы біліміміздің сақтаушы болып есептеледі. Тіл объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың сапа, белгілері және бір-бірімен қарым-қатынасы туралы қандай бір ойды болса да айтып жеткізуге икемді болады.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категориялар мен ойлау категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория — ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Тіл арқылы адам ойлайды, тіл шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың, олардың сан алуан белгілері мен өз ара қатысының адам санасындағы бейнелері болып саналатын ойлау формаларын белгілейтін материалдық құрал ретінде қызмет атқарады. Мысалы, ұғым адам санасында дыбыстардың белгілі бір комплексі — сөз арқылы жатталып қалады. Дыбыстардан құралған сөз белгілі бір зат не құбылыс ұғымының адам санасындағы материалдық формасы болып саналады. Сөз, тілдік әрбір единицалар тәрізді, мазмұн мен форманың бірлігінен тұрады. Сөздің мазмұнын оның ұғымы, оның мағынасы жасайды да, сөздің формасын оның дыбыстық құрамы жасайды. Ұғымның сөзбен айтылуы қаншалықты міндетті болса, сөздің дыбыстардың тіркемесімен (жеке дыбыстан тұратын сөзден басқалары) айтылуы да соншалықты міндетті. Тіл дыбыстары — тілдің материалдық единицасы. Материалдық единицалардан (дыбыстардан) құралған сөздерді бір-бірімен тіркестіріп қолдану арқылы ғана ойды білдіруге, пікір алысуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл — ойды айтып жеткізудің материалдық құралы, тәсілі. Дыбыс материалдық единица, сөздің құрастырушы бөлшегі бола отырып, тілдік форма болып саналады. Сөз де, сөз тіркесі де, сөйлем де осындай тілдік формалар болып табылады. Сөздің формасы оның дыбыстық құрамынан көрінеді де, мазмұны осы дыбыстық тіркестің мағынасынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, тіл мен ойлаудың бірлігі форма мен мазмұнының бірлігі болып табылады. Тілдік форма мен мазмұнның арасында табиғи байланыс болмайды — тарихи байланыс, қалыптасқан шартты байланыс болады. Мысалы, *терезе* деген заттық ұғым мен оның лексикалық атауы терезе деген сездің арасындағы байланыс — табиғи байланыс емес, тарихи қалыптасқан байланыс. Егер зат пен оның атауының арасында табиғи байланыс болса, онда дүние жүзіндегі тілдерде лексикалық айырмашылықтар да болмаған болар еді.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тумауға тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтар мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді (сөз бен ұғымның өз ара байланысы мен арақатысы туралы толығырақ мағлұматты III тараудан (§2) қараңыз).

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі — байымдаудың сөйлеммен байланысынан да көруге болады.

Байымдауға, мағыналық жақтан алып қарағанда, бірдемені хабарлау, құптау немесе жоққа шығару тән де, форма жағынан алып қарағанда, субъект-предикаттық құрылым тән. Байымдаудың элементтері: субъект, предикат және байланыс (связка). Субъект байымдаудың предметі (предмет суждения) туралы ой болып саналады да, предикат байымдаудың предметі туралы не хабарланса, айқындалып белгіленсе, соны білдіретін ой болып саналады. Ал байланыс предикаттың мазмұнының байымдаудың предметіне қатысты екендігін білдіреді. Мысалы, «Сын есім дегеніміз заттың белгісін, сапасын, түр-түсін білдіретін сөз табы» деген байымдаудың субъектісі — «сын есім», предикаты — «заттың белгісін, сапасын, түр-түсін білдіретін сөз табы». Предикаттың субъектіге қатысын білдіретін байланыс (связка) — «дегеніміз» сөзі. Субъект-предикаттық форма күллі байымдау атаулының бәріне бірдей жалпылама тән болады. «Барлық ғасырларда барлық халықтарда, барлық тайпаларда және ойдың дамуының барлық сатыларында, — деп жазды Сеченов, — ойдың сөздік формасы өте-мөте қарапайым түрде біздің үш мүшелі сөйлемімізге келіп тіреледі. Нақ осының нәтижесінде біз ертедегі адамның жазба ескерткіштерде қалдырған ойын да, тағылардың ойын да, замандастарымыздың ойын да бірдей оңай қабылдай аламыз»[1].

Байымдау шындық дүниенің адам санасында бейнелену формасы ретінде қаралады, байымдаудың мазмұнының объективті сипаты болады. Ойдың формасы ретінде қаралатын байымдаудың өзі — бір тұтас нәрсе. Байымдаудың әрбір бөлшегі өздігінен байымдауды жасай алмайды және оның бір бөлшегін екіншісінен бөліп айыруға да болмайды. Байымдаудағы субъект преди-

[1] *И. М. Сеченов.* Избранные философские и психологические произведения. Госполитиздат, 1947, стр. 376.

қатсыз субъект бола алмайтыны сияқты, предикат та субъектісіз, өздігінен предикат бола алмайды. Бұлардың екеуінің басын қосу үшін байланыс та соншалықты қажет. Субъект пен предикаттың өз ара байланысы сырттай байланыс емес, іштей байланыс, етенелік байланыс[1].

Байымдаудың субъектісі мен предикатының бір-бірімен өз ара қатысы күрделі болады. Бұлардың арасында бірлік болады, предикат белгілі мағынада субъектіні қайталайды. Осылай бола тұрса да предикат әрқашан да субъектіден ерекшеленеді.

Ойдың формасы ретінде байымдау тіл формасында ғана өмір сүреді және дамиды. Сөйлемсіз байымдау өмір сүре алмайды. Демек, сөйлем — байымдаудың нақтылы өмір сүруінің формасы.

Сөйлем мен байымдаудың байланысы мен бірлігінің бекемдігі соншалықты, байымдаудың мән-мағынасын айқындау сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс құрастыруға мүмкіндік береді. Орайынша сөйлемді және оның құрылымын айқындап белгілеу сөйлемнің мағынасын, мазмұнын ашып айқындау үшін өте-мөте қажет. Мысалы, *Институтта оның сөйлеген сөзі жылы жүзбен қарсы алынды* деген сөйлемді алып қаралық. Бұл сөйлемді контекстен бөліп алып қарағанда, оның мағынасының күңгірт, екі ұшты екені аңғарылады. Бұл сөйлемнің осылай құрылуынан әңгіме «институтта сөйлеген сөз» жайында ма, әлде «сөйлеген сөздің институтта жылы жүзбен қарсы алынуы» жайында ма, — ол арасын дөп басып ажыратып айту қиын. Басқаша айтқанда, бұл сөйлемде *институтта* деген сөздің субъект пен предикаттың қайсысына қатысты екені белгісіз. Тыңдаушы адамның немесе текстi оқып отырған адамның сөйлемді дұрыс түсінуі үшін сөйлеуші немесе жазушы байымдаудың мағынасын және оның субъектісі мен предикатын дәлме-дәл айқындап алуы шарт. Егер әңгіме басқа жердегі емес, институттағы сөйленген сөз жайында болса, онда сөйлемді «Оның институтта сөйлеген сөзі жылы жүзбен қарсы алынды» деген түрде құру керек. Ал егер әңгіме оның сөйлеген сөзінің институтта жылы жүзбен қарсы алынуы жайында болса, онда ол ой «Оның сөйлеген сөзі институтта жылы жүзбен қарсы алынды» деген түрде айтылуы шарт.

Сөйлемнің грамматикалық құрылымы болады. Осыған орай, сөйлем мүшелерінің құрылымының (структура членов предложения) байымдаудың құрылымына қатысы қандай болады деген заңды сұрақ туады. Бұл мәселе жайында тіл білімінде де, логикада да әр түрлі көзқарастар мен пікірлер бар.

Кейбір лингвистер, сондай-ақ, логиктер сөйлемнің құрылымы мен байымдаудың құрылымы бір-біріне тепе-тең деп қарап,

[1] *П. В. Копнин.* Природа суждения и формы выражения его в языке, —Сб. «Мышление и язык». М., 1957, стр. 284—285.

бұлардың арасында айырмашылықтардың болатынын ескермейді. Сөйлем туралы теориядағы бұл бағыт ерте заманға барып тіреледі. Осы бағыт барлық тілдерге бірдей жасанды схема — сөйлем мен сөйлем мүшелерінің универсалды схемасын тудырды. Аталған схема бойынша, сөйлем мүшелерін ажыратып айқындауда грамматикалық критерий емес, мағыналық, логикалық кретерий негізге алынды. Мұның өзі грамматикалық категорияларды логикалық категориялармен араластырып жіберуге соқтырды. Мысалы, бастауышты «сөйлемде кім, не туралы айтылса, соны білдіретін мүше» деп айқындау сөйлемге және сөйлем мүшелеріне тек логикалық тұрғыдан келіп қараудың салдарынан болған.

Сөйлемнің құрылымын тікелей байымдаудың құрылымынан шығарып алу дүние жүзі тілдеріндегі сөйлемнің сан алуан түрлерін бір ғана универсалды схемаға жасанды түрде апарып сыйдыру болады. Мұндай концепция сөйлемнің әр түрлі типтерінің өзіне тән белгілерін, олардың құрылымының өзіндік ерекшеліктерін, сөйлем құрамындағы өзгерістерді жоққа шығаруға әкеледі. Барлық сөйлемді бір ғана универсалды схемаға енгізудің және сөйлемнің кейбір түрлерін сөйлем мүшелерінің түсіп қалуының нәтижесімен байланыстырып, оларды нормадан алшақтау деп есептеудің мүлдем қате екендігін мойындамауға болмайды. Осымен байланысты акад. В. В. Виноградов былай деп көрсетеді. «Диалогты сөйлеудің тіпті әрбір репликасында сөйлемнің «түсіп қалған» мүшелері орнына келтірілді. Мысалы, «Пушкиннің «Қарғаның мәткесі» дегенінен келтірілген мына үзіндіні алып қаралық: «— Тыңда! — деді қонақтардың бірі. — Ертегі! — деді Герман» — дегендегі Тыңда? және Ертегі! (деген лепті сөйлемдер былайша «талдануға» тиісті болды: это (бастауыш) был (байланыс) случай (баяндауыш); Ертегі! (Сказка!) деген сөйлемнің грамматикалық құрамы да осы схема бойынша ұғынылды»[1].

Сөйлем мүшелері — жай ғана ұғым емес, өзіне тән мағыналары бар сөздер. Ол сөздер логиканың заңдарының негізінде емес, сол тілдің заңдарының негізінде сөйлемде өз ара бір-бірімен тіркесіп айтылады. Логиканың заңдары күллі адамзатқа бірдей ортақ, ал сөздердің формалары мен сөз тіркестерінің формалары әрбір тілде түрліше болады.

Байымдаудың бөлшектері мен сөйлем мүшелерінің тепе-тең еместігін мынадан да көруге болады: байымдау үш мүшеден (субъект, предикат, байланыс) құралады, ал сөйлем бір сөзден де болуы мүмкін. Оның үстіне байымдаудың субъектісі мен сөйлемнің бастауышының бір-бірімен әрдайым сай келе беруі шарт емес.

Алайда, байымдау мен сөйлемнің және олардың мүшелерінің арасында белгілі бір байланыстың болатынын жоққа шығаруға

[1] «Вопросы языкознания». № 1, 1954, стр. 5.

болмайды. Сөйлем мүшелері сөздердің формалары мен сөз тіркестерінің формаларына негізделген синтаксистік категориялар бола отырып, байымдаудың құрылымымен тығыз байланыста болады. Сөйлемді мүшелегенде, мағыналық жақ та еске алынады. Байымдаудың мән-мағынасы сөйлем және оның құрылымы бойынша айқындалады. Мұның өзі әсіресе бір тілден екінші тілге аударма жасауда ашық-айқын аңғарылады. Шет тілдегі сөйлемге талдау жасаудың, оның мүшелерін тауып көрсетудің негізінде сол сөйлем арқылы айтылған байымдаудың мән-мағынасын танып білеміз. оның субъектісі мен предикатын айқындаймыз. Байымдауды осылайша айқындап алғаннан кейін ғана оны ана тілімізге аударып айта аламыз. Грамматикалық категориялар бойынша байымдаудың мән-мағынасын айқындап алуға болатыны мынадан: грамматикалық категориялар біздің ойымызды білдіру бағытында жасалып қалыптасады. Олар белгілі дәрежеде логикалық категорияларға, байымдаудың мүшелеріне икемделе қалыптасады, соларға сай тұлғаланады.

Сонымен, сөйлем мен байымдау бір-бірімен өз ара тығыз байланыста болады (Сөйлем мен байымдаудың арақатысы жайында толығырақ мағлұмат VI тарауда § 27).

Тілдегі әрбір единицалар — сөз, сөз тіркесі, сөйлем қандай да болсын белгілі бір мағынаны, ұғымды, ойды білдіреді. Ұғым мен ой тілдік единицалардың мазмұны болып саналады.

Адам ойын сөйлеп не жазып білдіреді. Адам іштей ойлау, сөйлеп орай іштей сөйлеу (внутренняя речь) бола ма деген сұрақ туады.

Жүргізілген эксперименттер адамда іштей сөйлеу болатындығын айқындады. Адам өзінше іштей сөйлегенде, оның сөйлеу мүшелерінің, мысалы, ернінің қимылдайтыны байқалады. Іштей сөйлеуде ойлау процесі өте-мөте жылдам өтеді. Іштей сөйлеудің жинақтылығы дыбыстап сөйлеуден гөрі кемірек, құрылысы шыраңқылау болады. Іштей сөйлеудің негізінде туған ойдың толық көрінісі дыбыстап сөйлеуде іске асады. Сондықтан да адам іштей сөйлеудің негізінде ғана ашық, айқын ойлай алады да, алөзінің ойын дыбыстап сөйлеуде ашық айқын білдіре алмайды деу мүлдем қате болған болар еді. Халық мақалдарының бірі: «Кім айқын түсініп ойласа, сол түсінікті сөйлей алады» — дейді.

Кезінде Ф. Энгельс Е. Дюрингтің дерексіз ойлау, шын мәніндегі ойлау тілдің көмегінсіз, сөйлеусіз (без речи) болады дейтін мағынасыз пікірін қатты сынға алып, былай деген болатын: «Ойлай болған күнде, ең таза, ең шын мәнісіндегі ой иесі хайуандар болғаны ғой, өйткені олардың ой ойлауына ешқашан да маза засыз сөздің бөгеті болмайды. Қалай болғанда да, дюрингілік пікірлер мен оларды баяндайтын тілден бұл пікірлердің қандай болса да бір тілге оңша жанаспайтынын... көруге болады»[1].

[1] *Ф. Энгельс*, Анти-Дюринг. Қазақ мемлекет баспасы, 1957, 84—85-бет.

Идеалист лингвистер мен философтар тілді психикалық құбылыс, ойлау процесі материалдық тілдік формаға байланыссыз болады дейтін қате көзқарасын дәлелдеуге тырысқанда, іштей өзінше ойлау немесе өзімен-өзі іштей сөйлеу процесін таяныш еткісі келеді. Олардың пікірінше, адам өзімен-өзі болып ойланғанда, оның ойлау процесі материалдық тілдік формасыз (тілсіз), таза күйінде өтіп жатады.

Мұндай тұжырыммен келісуге мүлдем болмайды. И. П. Павловтың екінші сигнал жүйесі туралы ілімі бойынша, сөйлеудің құлаққа әсер етуінен миға барып жететін физиологиялық тітіркенулер (раздражения) ғана емес, сонымен бірге сөйлеу мүшелерінен миға барып жететін кинэстезикалық тітіркенулер де сигналдардың сигналы болып саналады. Материалдық физиологиялық процестердің осы түрлерінің әрқайсысы да ойлау процесінің өтуіне материалдық негіз бола алады. «Ойлау процесінің екінші сигнал жүйесінің сигналдарының барлық осы түрлерінің негізінде бір мезетте болуы тіпті де міндетті емес. Мысалы, іштей сөйлеу, өзімен-өзі ойлану процесінде есту мүшелерінен миға келіп жететін тітіркенулер бізде болмайды, мұның өзі әңгімелесушіні тыңдағанымызда ғана болады. Бірақ іштей сөйлеу, өзімен-өзі ойлану процесі, эксперименталды зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, сөйлеу мүшелерінен келіп жететін кинэстезикалық тітіркенулерге сүйенеді. Іштей сөйлеу процесінде сөйлеу мүшелері арқылы тиісті артикуляциялардың еленбейтін түрде жасалатыны айқындалды, олар сырттан қараушыға және субъектінің өзіне байқалмай қалады да, тәжірибе жасалған кезде тиісті аспаптармен айқындалып белгіленеді»[1].

Бұл ретте, өзімен-өзі ойлану процесі жайында И. М. Сеченовтың жүргізген тәжірибесі өте-мөте маңызды. Ол былай деп жазды: «Бала ойланғанда, ол қалай да сол кезде сөйлейді. Бес жастағы балалардың ойы сөзбен немесе сыбырлап сөйлеумен, немесе тіпті тілдің қозғалуы, еріннің жыбырлауымен айтылады. Мұның өзі үлкен адамдарда да өте-мөте жиі (тіпті әрдайым, бірақ тек әр түрлі дәрежеде болуы мүмкін) болады. Мен тіпті өзімнен де білемін, менің ойымның ауыздың жабық, қозғалмайтын күйінде тілсіз сөйлеумен, яғни ауыз қуысында тілдің бұлшық еттерінің қозғалуымен қоса қабаттасуы өте жиі болады. Барлық жағдайда да басқалардың алдында бір ойға назар аударғым келсе, онда оны дереу сыбырлап айтып аламын»[2]. Сонымен, іштей сөйлеу процесі сөйлеу мүшелерінен, атап айтқанда, қозғалуы бірден байқала қалмайтын артикуляциялық мүшелерден келіп жететін кинэстезикалық тітіркенулермен байланысты болады.

[1] В. З. Панфиловтың аталған мақаласының 161-беті.

[2] *И. М. Сеченов*. Избранные философские и психологические произведения. Госполитиздат, 1947, стр. 142.

Буржуазиялық оқымыстылар тіл мен ойлау туралы мәселені қарастырғанда, олардың кейбіреулері тіл мен ойлау тепе-тең, бірдей нәрсе деп байымдаса, қайсыбіреулері тіл мен ойлауды бір-біріне байланыссыз түрде қарап, тілді ойлаудан, ойлауды тілден бөліп тастайды.

Мысалы, XIX ғасырдың бірінші жартысында Вильгельм Фон Гумбольдт тіл мен ойлаудың қарым-қатысы туралы проблеманы қарастыра келіп, тіл мен ойлау бірдей, екеуі тепе-тең деген қате қорытынды жасаған болатын. Гумбольдтан кейін де бұл «теорияны» жақтаушылар болды. Олар белгілі бір тілдегі грамматикалық ерекшеліктер сол тілде сөйлеушілердің ойлауының ерекшелігіне байланысты, әр түрлі системалы тілдердің болуы әр түрлі ойлаудың нәтижесі деп есептеді. Тіл мен ойлау туралы Гумбольдтың қате көзқарасын француз ғалымы Леви-Брюль де жақтады.

Белгілі бір ойды әр тілде түрлі тәсілмен айтып беруге болады, бірақ бұл түрліше ойлаудан болмайды. Орыс халқының ұлы жазушысы және ойшылы Н. Г. Чернышевский Гумбольдтың қате теориясын сынай келіп, былай деп жазды: «Тілдегі айырмашылыкка өте жиі теориялық мән беріп жүр, грамматикалық ерекшеліктер арқылы халықтың ойлау қасиеттерінің ерекшеліктерін айқындауға болатын сияқты деп түсінеді»[1]. «...Тілдің ойлаумен тепе-теңдігі туралы фантастикалық ой күмәнануға болмайтын шындық деп танылады да, мұның өзі мағынасыз қорытындылар болып шықты»[2]. Н. Г. Чернышевский тіл мен ойлаудың тепе-теңдігі туралы теорияны қатты сынға алып, бір тіл мен екінші тілдің арасындағы грамматикалық айырмашылықтар ойлаудың әр түрлі дәрежесін көрсетеді деп тұжырымдаудың мүлдем қате екендігін айтады.

Белгілі бір мазмұн әр түрлі тілдерде түрлі-түрлі формалар арқылы айтылады. Осы құбылысты желеу етіп, американың кейбір лингвистері (Боас, Л. Блумфилд, З. Харис т. б.) тіл мен ойлауды бір-бірінен бөліп тастап, олардың арасында байланыс жоқ деген қате қорытындыға келді. Тіл мен ойлауды тепе-тең деп қарайтын «теория» қаншалықты қате болса, тіл мен ойлаудың өз ара байланысы жоқ деп қарайтын «теория» да соншалықты қате.

Н. Я. Марр тіл мен ойлаудың өз ара қарым-қатысы туралы мәселені шешуге тырысқанмен, оны дұрыс шеше алмады. Марр-дың «ілімінде» тіл мен ойлауды тепе-тең деп қарау да, олардың бірлігін, өз ара байланысын жоққа шығару да орын тепті. Тіл мен ойлауды бір-біріне теңдестіру Маррдың тілдердің «сатылап даму теориясынан» көрінеді. Н. Я. Марр тілдердің әр түрлі морфологиялық типтері тілдердің дамуындағы әр түрлі сатыны, дәрежені көрсетеді және ойлаудың дамуын айқындайтын өлшеуіш

[1] *Н. Г. Чернышевский.* Полное собрание сочинений, 1951, т. X, стр. 890.
[2] *Н. Г. Чернышевский.* Полное собрание сочинений, 1951, т. X, стр. 837.

болып табылады деген қате қорытындыға келді. Н. Я. Марр тілдердің морфологиялық типтерінің негізінде тілдер мен ойлаудың дамуының үш түрлі сатысы (аморфты, агглютинативті, флективті) бар; тілдер мен ойлаудың аморфты түрі ең алғашқы түрі де, флективті түрі ең дамыған түрі деген мүлдем қате қорытынды жасады.

Н. Я. Марр, бір жағынан, өзінің «сатылап даму теориясы» бойынша тіл мен ойлаудың тепе-теңдігі туралы қате көзқарасты жақтап, екінші жағынан, семантика мәселесіне келгенде, тіл мен ойлаудың бірлігін жоққа шығарып, ойлауды тілден бөліп тастайды. Ол былай деп жазды: «Тіл дыбыстар арқылы көрінетін болғандықтан ғана өмір сүреді; ойлаудың қимылы мұндай көрініссіз-ақ болады... Тіл (дыбыстық тіл) бұл күнде өзінің қызметін кеңістікті сөзсіз жеңетін ең жаңа өнер-табысқа бере бастады, ал ойлау өзінің бұрын пайдаланылмаған қорлары мен жаңа табыстарынан жоғары өрлей береді, тілді тайдырып толығымен оның орнын басады. Келешектегі тіл — табиғи материалдан аулақ, техникада өсетін ойлау. Бұған ешбір тіл, тіпті дыбысты тіл де қарсы тұра алмайды, өйткені дыбысты тіл қалай да табиғат нормаларымен байланысты»[1]. Н. Я. Маррдың бұл пікірі мүлдем қате. Ол тілді ойлаудан бөліп тастап, идеалистік бағытта болды.

Сонымен, тіл мен ойлаудың арасына тепе-теңдік белгісін қойып теңестіру де, ол екеуінің бірлігін жоққа шығарып, бірінен-бірін бөліп тастау да ешбір ғылыми негізі жоқ қате көзқарастар болып табылады.

Тіл туралы марксистік ілім тіл мен ойлау әрдайым диалектикалық бірлікте болады деп үйретеді. Ойлау тілдегі сөздер мен сөйлемдердің негізінде іске асады, солар арқылы басқаларға белгілі бола алады. Басқаның ойын да тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы түсіне аламыз[2].

§3. ТІЛДІҢ ТАҢБАЛЫҚ СИПАТЫ

Тілдің таңбалық сипаты оның негізгі ерекшеліктерінің бірі болып саналады. Осылай болғандықтан, философтар мен лингвистер бұл мәселеге (тілдің таңбалық сипаты туралы мәселеге)

[1] *Н. Я. Марр.* Язык и мышление, Л., 1931, стр. 62.
[2] Тіл мен ойлаудың арақатысы туралы әдебиеттер: *Д. П. Горский и Н. Г. Комлев.* К вопросу о соотношении логики и грамматики. — «Вопросы философии», 1953, №6; *П. И. Визгалов.* Некоторые вопросы диалектики соотношения языка и мышления. Казань, 1962; *А. С. Ахманов.* Логические формы и их выражение в языке. — Сб. «Мышление и язык». М., 1957; *Д. П. Горский.* О роли языка в познании. — «Вопросы философии», 1953, № 2; *Е. М. Галкина-Федорук.* Слово и понятие. М., 1956; Л. О. Резников. Слово и понятие. Л., 1958; *П. В. Копнин.* Природа сознания и формы выражения его в языке, —Сб. «Мышление и язык». М., 1957; *Г. В. Колшанский.* Логика и структура языка. М., 1965; *В. З. Панфилов.* Взаимоотношение языка и мышления. М., 1971; — Сб. «Мышление и язык». М., 1967; *П. Сотникян.* Основные проблемы языка и мышления. Ереван, 1968.

ертеден бері-ақ назар аударып келеді. Тілдің таңбалық табиғаты әсіресе Бодуэн де Куртенэнің еңбектерінен және Фердинанд де Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» атты еңбегі жарыққа шыққаннан бергі дәуірде кең көлемде қарастырыла бастады. Ф. де Соссюр тілді таңбалардың жүйесі деп есептейді де, оны таңбалардың басқа жүйелерімен салыстыра қарайды. Ол былай деп жазды: «Тіл дегеніміз идеяларды білдіретін таңбалардың жүйесі, демек, оны жазумен, мылқаулар үшін жасалған әліппемен, символ мәнді әдет-ғұрыптармен, сыпайылық формаларымен, әскери сигналдармен және т. б. салыстыруға болады. Ол (таңбалардың жүйесі ретіндегі тіл. — К. А.) тек осы жүйелердің ішіндегі өте-мөте маңыздырағы. Сонымен, қоғам өмірінің ішіндегі таңбалардың табиғатын зерттейтін ғылым бар деп ойлауға болады, ...біз оны «семиология» деп атар едік»[1].

Таңбалар жүйесінің ұғымы қазіргі заманғы ғылымда кең өріс алғандығын және әр түрлі типтегі таңбалар туралы ғылым — семиотика білімнің әр түрлі салаларының назарын аударып отырғанын айту қажет. «Ғылыми-зерттеу процесінде таңбалық жүйелердің мол тобын қолданудың өрістеуі қазіргі заманғы ғылымның маңызды ерекшелігі болып саналады. Біздің кезіміздің адамдары өзінің практикалық қызметінің табысты болуы үшін «табиғи» таңбалар жүйелерін ғана емес, сонымен бірге әр түрлі жасанды «тілдерді» (математикалық формалар мен теңдемелер жүйелерін, чертеждерді, графиктерді, таблицаларды және т. б.) қолдануға мәжбүр болып отыр. Әр түрлі типтегі таңбалар жүйелері туралы ғылым — семиотика соңғы кезде зерттеушілердің назарын өзіне өте-мөте жиі аудара бастады. Оның негізгі проблемалары — таңба мен мағынаны анықтау, таңбалық ситуацияның компоненттерінің анализі, таңбалардың типологиясы және т. б. — диалектикалық материализм философиясының теориялық танып білу проблематикасымен тығыз астарласып жатады және философтар мен логиктердің, лингвистика, психология және кибернетика салаларындағы мамандардың қоянқолтық жұмыс істескен жағдайында ғана табысты шешімін таба алады»[2].

Тілдің таңбалық табиғаты сөз болғанда, бүтіндей тілдің және оның элементтерінің (морфема мен сөздің, сөз тіркесі мен сөйлемнің) объективті болмыстағы заттар мен құбылыстарға қатыстылығы және олармен жанама түрде байланысу дәрежесі ескеріледі. Тілдік единицалардың таңбалық қызметіне олардың (тілдік единицалардың) адамның танып білу әрекетінің нәтижелерін жалпылап білдіру қасиеті мен адамның қоғамдық-тарихи

[1] *Фердинанд де Соссюр.* Курс общего языкознания. Перевод с французского. М.,, 1933, стр. 40.

2) Акад. **М.** *Б. Митин.* Усилить наступательную борьбу против современной буржуазной философии. Кн. «Методологические проблемы науки», 1964, стр. 240.

тәжірибелерінің қорытындыларын (жиынтығын) тіркеу және сақтау қасиеті енеді. Тілдің таңбалық сипатына, ақыр аяғында, тілдік элементтердің мағыналарға ие болу нәтижесінде белгілі бір информацияны білдіруге бейімділігі, қатынас жасау процесінде коммуникативті және экспрессивті қызмет атқаруы енеді[1]. «Демек, «таңбалық» деген термин, онымен синонимдес «семиотикалық» деген термин сияқты, көп мағыналы, оған (терминге) әр түрлі мазмұн ендіріледі және табиғи тілге қатысы жағынан тілдік элементтердің әр басқа төрт түрлі қызметіне: белгілеу (таңбалау) қызметі (репрезентативті қызмет), жалпылаушы қызмет (гносеологиялық қызмет), коммуникативті қызмет және прагматикалық қызметке қатысты бола алады. Тілдің ойлаумен, танымның логикасымен және механизмімен тікелей байланысы, адам баласы тілінің объективті дүниенің көп түрлі сипатының күллісін белгілеудің универсалды жүйесі ретінде қызмет ететін ерекше қасиеті — осының бәрі тілдің таңбалық аспектісін әр басқа ғылымдардың (философияның, семиотиканың, логиканың, психологияның, тіл білімінің және т. б.) зерттеу предметіне айналдырады[2].

Жалпы таңба атаулының, әсіресе тілдік таңбаның, айрықша белгісі оның (таңбаның) табиғатының екі жақтылығында[3]. Мысалы, көшедегі жүріс-тұрысты светофор арқылы ретке келтіру (басқару) жүйесінде *жасыл түсті* таңбаның формасы ретінде қарауға болады және оған осы жүйенің ішінде белгілі бір мазмұн, атап айтқанда, «қозғалуға, жүруге, өтуге рұқсат» деген мазмұн сәйкес келеді. Бұл семиотикалық жүйенің элементтері екі жақты құбылыс ретінде, яғни осы жүйенің ішінде формасы және мазмұны бар таңбалар ретінде қызмет етеді. Жасыл түс сигнал жүйесінен тыс «қозғалуға, жүруге, өтуге рұқсат» дегенді білдіре алмаған болар еді. Тілдік таңбалар да осы сияқты; мысалы, бір тілдің жүйесінде ешқандай мәнге ие бола алмайды. Егер белгілі бір элемент семиотикалық жүйеде ешбір мәнге ие болмаса, онда ол сол жүйенің таңбасы емес, жай ғана физикалық дыбыс болып қалады. Тілдік таңбаның екі жақты сипаты оның ең мәнді белгілерінің бірі болып саналады. Таңбаның екі жағы — таңбалаушы және таңбаланушы жақтары тілде олардың абстракциясы, сәулеленуі түрінде тіркеледі, сөйлеушілердің санасында мағыналар (тілдік ұғымдар) түрінде және таңбалық форманың сезімдік образдары түрінде сақталады[4].

Шартты жүйелердің (тіл жүйесінен басқа жүйелердің) таңбаларында бір таңбалаушыға, әдетте, бір ғана таңбалаушы сәйкес келсе, тілдік таңбаның екі жағы бір-бірімен басқаша про-

[1] Общее языкознание. Издательство «Наука», М., 1970, стр. 96.

[2] Бұл да сонда, 96—97-бет.

[3] Тілдік таңбаның екі жақтылығы туралы қағида тіл білімінде әлі де болса пікір таласын тудырып, толық шешімін таппай келеді.

[4] Общее языкознание, М., 1970, стр. 112—113.

порция бойынша қатынасқа түсуі мүмкін. Мұны былайша көрсетуге болады: «біреу: бірнешеу» (бір ғана таңбалаушы: бірнеше таңбаланушы) немесе «бірнешеу: біреу (бірнеше таңбалаушы: бір ғана таңбаланушы). Тілдік таңбаның таңбалаушы және таңбаланушы жақтарының мұндай қатыстарының іздері (салдары) үлкен және олар тілдегі полисемия мен омонимия құбылыстарынан (бір ғана таңбалаушы — бірнеше таңбаланушы), синонимия құбылысынан (бірнеше таңбалаушы — бір ғана таңбаланушы) және тіл жүйесіндегі синкретикалық формалар мен дублет формалардан көрінеді. Тілдік таңбаның екі жағының белгілі бір автономиясы (дербестігі) таңбалаушының өз (меншікті) қызметінен басқаша қызметке ие болуына, ал таңбаланушының оның таңбасының өз формасынан басқаша құралдармен айтылуына мүмкіндік береді. Тілдік таңбаның екі жағының ара қатысының өзіндік ерекшелігі таңбаланушының таңбалаушыға әрқашан сәйкес келе бермеуінен гөрі таңбалаушы мен таңбаланушының элементтерге мүшеленуінің бір-бірімен сәйкес келмеуінде деп түсіну дұрыс болмақ[1].

Тіл білімінде тілдік таңбаның түрлерін айқындауда таңбаның қызметінің сипаты негізге алынады. Осыған орай, тілдік таңбаның типтері делініп мыналар саналады:

а) дифференциялаушы қызметі басым тілдік таңбалар. Бұлар — фонемалар (фонемалар потенциалды түрде мағынамен ұштасады).

ә) дифференциалаушы қызметінен теңдестіруші қызметі басым таңбалар. Бұлар — грамматикалық морфемалар, тілдік единицалардың синтаксистік байланыстары мен семантикалық байланыстарының моделдері.

б) әрі дифференциялаушы қызметке, әрі жалпылаушы қызметке ие таңбалар (мұндай таңбалар толық таңбалар деп те аталады). Бұлар — сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер[2].

Тілдік таңбаның белгілерінің бірі ретінде, әдетте, оның (таңбаның) еріктілігі (произвольность), шартты екендігі аталады. Тілдік таңбаның еріктілігі дегеннен таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы байланысты дәлелсіздігі (немотивированность), еркіндігі ұғынылады. Бір зат немесе ол туралы ұғымның әр басқа тілде әр басқа дыбыстық комплекспен аталуы зат пен оның атауының арасында етене байланыстың жоқтығынан болады.

Тілдің таңбалық табиғаты шартты таңбалар жүйесінен басқаша болады. Тілдің таңбалық жүйесін таңбалардың басқа жүйелерімен, мысалы, жол бойының белгілерінің (таңбаларының) жүйесімен, цифрлардың жүйесімен немесе әскери сигналдардың жүйесімен бірдей деп есептеуге болмайды. Бұлардың кейбір ортақ жақтары бар екені күмәнсіз. Таңбалардың аталған жүйелерінің бәрі де бірдеме жайында хабарлаудың құралы ретінде қызмет атқарады. Бірақ мұның өзі оларды бір қатарға қойып, тепе-тең деуге негіз бола алмайды. Бұлардың арасында үлкен және түбірлі айырмашылықтар бар. Тіл — ойды білдірудің, пікір алысудың, қатынас жасаудың кең көлемде қолданылатын жалпылама құралы. Оны қоғамдағы күллі адамдар өмірдің, іс-әрекеттің барлық саласында қолданады. Ал басқа таңбалар жүйесінің қолдану өрісі тілге қарағанда әлдеқайда тар, хабарлау мүмкіндігі анағұрлым аз болады. Тілдің көптеген басқа таңбалар жүйесінен тағы бір айырмашылығы сол: ол (тіл) мазмұнды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге адамның хабарланатын жайға қатысын, қалай қарайтынын, ұнатуын немесе ұнатпауын, эмоцияның т. б. түрлерін де білдіреді. Тіл логикалық ойлаумен ғана емес, сонымен бірге адамдардың психикалық дүниесімен де байланысты болады. Ал мұндай қасиет таңбалардың басқа жүйелерінде, мысалы, транспорт (автомобиль, темір жол, су жолы) сигнализациясында жоқ.

Тілден басқа барлық таңбалар жүйесі қолдан жасалады. Олар келісім бойынша жасалады және келісім бойынша өзгере алады. Таңбалардың мұндай жүйесі қоғамдағы адамдардың қатысуымен және солардың келісімі бойынша жасалады. Ал дыбыстық тілдің дамуы қоғам мүшелерінің еркіне бағынышты емес. Әрбір жаңа ұрпақ сол қоғамда тарихи қалыптасқан тілді қабылдайды, үйренеді. Шартты таңбалар жүйесі өзгеріске ұшырауы, жетіле түсуі, бір таңбаны басқа бір таңбаның ауыстыруы мүмкін. Мысалы, рим цифрларының жүйесі араб цифрларының жүйесімен ауыстырылды, жаңадан ноль таңбасы енгізілді. Таңбалар жүйесіндегі мұндай өзгерістер стихиялық түрде емес, саналы түрде, келісім бойынша болады. Дыбыстық тіл бұлайша өзгерте беруге көнбейді. Ол өз дамуының заңдары бойынша өзгереді, дамиды, өзінің дербестік қасиетін сақтайды.

Барлық таңбалар жүйесі, сайып келгенде, дыбыстық тілге негізделеді. Шартты таңбалардың барлығының да мағынасы тіл арқылы айқындалады және дыбыстық тілге «аударылады». Мысалы, транспорт сигналдарының мағынасын дыбыстық тілдегі аудармасы арқылы ғана түсініп білеміз. Светофордың қызыл түсті жарығы — «тоқтаңыз» немесе «өтіп кетуге болмайды» деген белгі. Мұны білмейтін адамға, ол қызыл түсті жарық қаншама жарқыраса да, еш нәрсені хабарлай да, аңғарта да алмайды. Сондай-ақ, қандай бір шифр немесе код болсын, олардың ешқайсысы да тілсіз қолданыла алмайды. Олар, сайып келгенде, тілге негізделеді.

Сонымен, шартты таңбалардың жүйелері тілге қатысты көмекші құралдар ретінде ғана мән-мағынаға ие бола алады. Қандай бір таңбалардың жүйесі болсын, ол — адамдардың өмірдің барлық саласында қатынас жасайтын, сөйлесіп пікір алысатын

---

[1] Бұл да сонда, 118—119-беттері.
[2] Жоғарыда аталған кітап, 136-бет.

құралы — тілді ауыстыра да алмайды, оның атқаратын жанжақты қызметін де атқара алмайды. Осы мағынада тілдік таңбалар басқа таңбалар жүйесінен ажыратылады[1].

§4. ТІЛДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІК ҚАСИЕТТЕРІ

Тіл белгілі бір құрылымы және қызметі (функция) бар, бір бүтін (тұтас) жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Құрылым мен жүйе тілге ғана емес, сонымен бірге басқа да құбылыстарға тән болуы мүмкін. Сондықтан да, ең алдымен, жалпы «жүйе» («система») және «құрылым» («структура») деген ұғымдардың мән-мәнісін айқындап алу қажет. Жалпы «жүйе», «құрылым» туралы ұғымдарды айқындау тілдің жүйелі сипаты мен құрылымдық қасиетін танып білуге көмектеседі.

Бүтіннің элементтерінің арасындағы қатынастардың схемасы, әдетте, құрылым деп аталады. Ал жүйе, қалай да болсын, белгілі құрылымның болуын аңғартады. Дегенмен, жүйе тек құрылымнан ғана тұрмайды. Әрбір жүйе оған өте-мөте тән және бірбірімен байланысты үш түрлі, атрибуттың[2] — құрылым мен субстанцияның[3] және қызметтің (функция) ұштасып келуінен және олардың диалектикалық бірлігінен құралып, өмір сүреді және дамиды. Осы үш атрибуттың ерекшеліктерін және олардың ара қатысын есепке алатын жүйелік зерттеу қарастырылатын объектіні тұтас күйінде танып білуге мүмкіндік тудырады. Жүйелік тұрғыдан қарау, сайып келгенде, жүйенің қасиеттерін оның

1) Тілдің таңбалық табиғаты туралы әдебиеттер: *Э. Г. Аветян.* Природа лингвистического знака. Ереван. 1968. *Л. А. Абрамян.* Гносеологические проблемы теории знаков. Ереван, 1968; Т. В. Булыгина. Особенности структурной организации языка как знаковой системы и методы ее исследования. —Сб. «Материалы к конференции «Язык как знаковая система особого рода». М., 1967; *А. А. Ветров.* Лингвистика. логика, семиотика, — «Вопросы философии», 1967, №2; *А. А. Зиновьев.* Об основах абстрактной теории знаков,—Сб. «Проблемы структурной лингвистики», М., 1963; *Е. М. Галкина-Федорук.* Знаковость в языке с точки зрения марксистского языкознания. — «Иностранные языки в школе», 1952, № 2; *В. Г. Гак.* О двух типах знаков в языке (высказывание и слово). —Сб. «Материалы к конференции» «Язык как знаковая система особого рода». М., 1967; *Вяч. Вс. Иванов.* Язык в сопоставлении с другими средствами передачи и хранения информации. —Сб. «Прикладная лингвистика и машинный перевод». Киев, 1962; *А. А. Леонтьев.* Языковой знак как проблемы психологии. —Сб. «Материалы к конференции «Язык как знаковая система особого рода», М., 1967; *Р. В. Пазухин.* О месте языка в семиологической классификации. —«Вопросы языкознания», 1968, № 3; *Ю. С. Степанов.* Структуры современной семиотики, —Сб. «Материалы к конференции «Язык как знаковая система особого рода», М., 1967; *Г. П. Шедровицкий.* О методе исследования знаковых систем. —Сб. «Семиотика и восточные языки». М., 1967,

2 *Атрибут*-латынның attributum деген сөзінен жасалған термин; «бірдеменің ең маңызды белгісі, заттан ажырамайтын тәуелділік» дегенді білдіреді.

3 *Субстанция* — латынның substontis («мән» деген мағынада) деген сөзінен жасалған термин: «заттар мен құбылыстардың мәні (сущность), табиғаты, түп негізі» дегенді білдіреді.

(жүйенің) құрылымы мен субстанциясының және қызметінің өз ара қатынасын айқындау арқылы талдап түсіндіруге келіп тіреледі. Жоғарыда аталып өткеніндей, жүйе туралы ұғым мен құрылым туралы ұғым өз ара шарттас, бір-бірімен байланысты ұғымдар болғанмен, бір-бірінен ажыратылатын, әр басқа ұғымдар болып саналады. Бұлардың әркайсысының өзіне тән, нақтылы мазмұны бар. Құрылым қатынастардың схемасы дегенді білдіреді, осыған орай, бұл ұғым (құрылым ұғымы) жүйенің бір ғана шағын жағы — оның реляциялы[1] (қатынасты білдіруші) қаңқасын сипаттайды. Ал жүйенің ұғымы — құрылым ұғымынан әрі кең, әрі күрделі ұғым. Жүйе — рет-ретімен орналасып ұйымдасқан бір тұтас құбылыс. Ол құрылым мен субстанцияның қосылуы, бірігуі түрінде өмір сүреді және белгілі бір қызмет атқарады. Сонымен жүйе құрылымға ие болатын және белгілі бір мақсатты орындау үшін осы құрылымды субстанция арқылы іске асыратын, ұйымдасқан (ретке келген) бүтін (организованное целое) ретінде қаралады[2].

Құрылымдық қасиет пен жүйелік қасиет тілге де тән. Құрылым мен жүйе ұғымдары тілге қатысты мынадай мазмұнға ие болады: құрылым бүтіннің бойындағы әр тектес элементтердің арақатынасынан және бірлігінен тұрады. Ол элементтер мыналар: а) дыбыс (фонема), ә) морфема, б) сөз, в) сөйлем. Бұл элементтердің арасындағы айырмашылықтар — сапалық айырмашылықтар. Демек, аталған тілдік элементтер бір-бірінен сапасы жағынан ажыратылады. Әрбір элементтің сапасын оның қызметі айқындап белгілейді.

а) Дыбыстар (фонемалар) — «құлаққа естілетін жай ғана дыбыстар емес», тілдің материалдық таңбалары (терминдік емес, қарапайым мағынадағы таңбалар). Тіл дыбыстары (фонемалар) біріншіден, есту мүшелері арқылы қабылданады, екіншіден, бір сөзді екінші сөзден, бір морфеманы басқа морфемалардан ажыратады. Мысалы: *т, д* дыбыстары *тән, дән* деген сөздерді бір-бірінен ажыратса, *н, ң* дыбыстары *тон, тоң* деген сөздерді бір-бірінен ажыратады. Бұларға қосымша мына мысалдарды салыстырыңыздар: *күн, түн, жүн*; *күз, күң, күш, құс, күл, күт*; *жүк, жүр, жүз; жан, жон, жөн; бас, бес, бос, бөс; досым, досың, досы*; *доспын, доссың* және т. б.

ә) Морфема — мағына мен дыбысталудың бірлігінен тұратын ең кіші тілдік элемент (единица). Морфеманың түбір (немесе негізі) морфема деп аталатын түрі (мысалы, орыс тіліндегі *красный* деген сездің құрамындағы *красн-*, қазақ тіліндегі *бүлін* деген сөздің құрамындағы *бүл*-морфемасы) заттық (вещественное) мағынаны білдірсе, аффикстік (немесе көмекші) морфема

1 *Реляциялы* — латынның «қатынас» (отношение) деген мағынадағы *retatio* деген сөзінен жасалған термин.

2 Общее языкознание (внутренняя структура языка). Издательство «Наука», М., 1972, стр, 28—30.

деп аталатын түрі не деривациялық мағынаны (сөз тудырушы аффикстің мағынасы: мысалы, *жылқышы*, *балалық* деген сөздердің құрамындағы *-шы*, *-лық* аффикстерінің мағынасы), не реляциялық мағынаны (сөздерді түрлендіретін және олардың байланысын, бір-біріне қатынасын білдіретін аффикстердің мағынасы; мысалы, *ағаштың бұтағы* дегендегі *-тың*, *-ы* аффикстерінің мағынасы) білдіреді. Түбір морфемалардың, мысалы, орыс тіліндегі красн-, қазақ тіліндегі бұл- (өлі түбір) дегендердің номинативті (атаулық) қызмет атқаруы үшін, олардың өзге айналып, орыс тілінде *красный, краснота, краснеть*; қазақ тілінде *бүлін, бүлдір, бүлік* түрінде қолданылғанда ғана, заттардың, құбылыстардың, сапаның, белгінің, іс-әрекеттің және т. б. атаулары ретінде қызмет атқара алады.

б) Сөздер заттар мен құбылыстарды, сапа мен белгіні іс-әрекет пен қимылды және т. б. атайды, солардың атаулары ретінде қызмет атқарады. Сөздің бұл қызметі — номинативті (атау болу) қызмет.

в) Сөйлем ойды білдіреді, хабарлау қызметін атқарады. Сөз номинативті қызмет атқарса, сөйлем коммуникативті қызмет атқарады. Сөйлем коммуникативті қызметті, әдетте, сездердің бір-бірімен тіркесін, өз ара байланыста, предикативті қатынаста жұмсалуы нәтижесінде атқарады. Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін хабарлаудың негізгі құралы — сөйлемдер арқылы іске асырады.

Құрылымның элементтері тілде өз ара бір-бірімен байланыса келіп, бірлікте болады. Тілдегі бір элемент мазмұнын өзгертіп, сапасы жағынан басқаша элемент ретінде қызмет етерліктей ішкі мүмкіндікке ие бола алады. Мысалы, сөйлем бір ғана сөзден *(Түн, Вокзал, Жүргіншілер)*, сөз бір ғана морфемадан (орысша: *дар, дом, ум*; қазақша: *ай, ас, ат)*, морфема бір ғана фонемадан *(бар-са-м, бар-са-ң* дегендердегі *-м, -ң)* құралуы мүмкін.

Тілдік құрылымның әрбір деңгейі (уровень) немесе сатысының (ярусь), мысалы, фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлерінің (сатыларының) әрқайсысының өз жүйесі болады да, әрбір жүйенің барлық элементтері сол жүйенің мүшелері ретінде қызмет етеді. Жүйе дегеніміз өз ара шарттас, өз ара байланысты біртектес элементтердің бірлігі. Жүйе «өзіне тән айрықша құрылымы бар кіші жүйелердің жиынтығы»[1] түрінде ұғынылады. «Тілдік жүйенің жеке деңгейлері бірінің үстіне бірі қатаң түрде мөлшерленген тәртіппен орналасады»[2]. Тіл құрылымының жеке деңгейлерінің (немесе сатыларының) жүйелері бір-бірімен қарым-қатынасында, өз ара байланысында тілдің жалпы жүйесін құрайды.

Тілдің жүйелі сипаты оның барлық саласынан — фонетикалық саласынан да, лексикалық саласынан да, грамматикалық саласынан да көрінеді. Мысалы, белгілі бір тілдің фонетикасында «дауысты дыбыстардың жүйесі», «дауыссыз дыбыстардың жүйесі» деп айтылуы тегіннен-тегін емес. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, дауыстылардың жуан және жіңішке, еріндік және езулік, ашық және қысаң болып жұп-жұбымен топтасуы және бұл жұптардың әрқайсысының ішіндегі топтардың бір-біріне қарама-қарсы қойылуы тілдің дыбыстық жағында белгілі бір жүйе бар екендігін аңғартады. Дыбыстар бір белгісі бойынша бір-біріне қарама-қарсы қойылса, екінші бір белгісі бойынша біртектес болып келеді. Мысалы, қазақ тілінде ***ы*** мен ***і*** дыбыстары олардың (дыбыстардың) айтылу кезіндегі тілдің қалпы (тілдің қатысы) жағынан бір-біріне қарама-қарсы дыбыстар (***ы*** — жуан, ***і*** — жіңішке) ретінде танылса, бұл екі дыбыс еріннің қатысы жағынан біртектес дыбыстар (езулік дыбыстар) ретінде танылады. Осындай жүйелі қасиет дауыссыз дыбыстарда да бар. Мысалы, *п* мен *б* дыбыстары дауыс қатысы жағынан бір-біріне қарама-қарсы қойылатын дыбыстар (***п*** — қатаң, ***б*** — ұяң) ретінде қаралса, жасалу орны жағынан біртектес дыбыстар — ерін дауыссыздары ретінде қаралады. Жалпы тілде, соның ішінде тіл дыбыстарында, айырмашылық қана емес, ұқсастық, біртектестілік те бар.

Жүйенің элементтері біртектес элементтер ретінде өз ара қарым-қатынасында, байланысында және бірлікте өмір сүреді. Жүйенің бір элементі өзі тектес екінші элементтің болуын аңғартады. Мысалы, септеудің жүйесі кемінде екі септіктің болуын керек етеді, басқаша айтқанда, бір септік өздігінен септеудің жүйесін құрай алмаған болар еді. Жіктелудің жүйесі туралы, бірінші жақтан басқа екінші жақ пен үшінші жақ болғанда ғана, сөз ете аламыз. Бірінші, екінші, үшінші жақтардың әрқайсысы бір-бірінсіз, жеке дара күйінде жіктелу жүйесін, әрине, құрай алмаған болар еді.

Сөздердің өзгеруі, түрленуі, олардың бір-бірімен тіркесуі, соның нәтижесінде олардан сөйлемнің құрылуы қалай болса солай емес, белгілі бір заңдарға, ережелерге бағынады, белгілі бір формалар бойынша іске асады. Әрбір сөз өзінше өзгеріп, өзінше түрленбейді. Сөздердің өзгеруі мен түрленуінің белгілі бір формалары мен белгілі бір жүйесі болады. Ондай формалар мен жүйе бір сөзді емес, белгілі бір топқа енетін сөздердің күллісін бірдей қамтиды. Мысалы, қазақ тілінде етістіктер ауыспалы осы шақта бірінші жақта ***-мын*** (***-мін***), екінші жақта ***-сың*** (***-сің***), үшінші жақта ***-ды (-ді)*** формалары арқылы жіктеледі. Бұл формалар бірді-екілі етістіктер ғана емес, ауыспалы шақта жіктелетін етістіктердің күллісіне бірдей тән, барлығына бірдей ортақ

---

[1] *Б. А. Серебренников.* Заключительное слово на дискуссии 1962 г. «Известия АН СССР, ОЛЯ», 1962, т. I, вып. 4. стр. 363.

[2] *С. Д. Кацнельсон.* О теории лингвистических уровней.—«Вопросы общего языкознания», М., 1964, стр. 32.

формалар болып саналады. Етістіктің тек ауыспалы осы шақ түрі ғана емес, шақ түрлерінің әрқайсысы өзіне тән белгілі бір үлгілер, формулалар бойынша жіктеледі. Осылай болғандықтан, етістіктердің жіктелу жүйесі туралы сөз ете аламыз. Сөздер белгілі бір формула бойынша септеледі, белгілі бір формула бойынша жіктеледі немесе тәуелденеді. Демек, сөздердің септелу жүйесі, жіктелу жүйесі және тәуелдену жүйесінің әрқайсысы сөздердің белгілі бір тобына тән және сол топқа енетін сөздердің барлығын бірдей қамтитын жүйе ретінде қызмет етеді. Егер белгілі бір тілдегі етістіктер тобына енетін сөздердің әрқайсысы әр түрлі жіктелетін болса немесе зат есімдер тобына енетін сөздердің әрқайсысы әр түрлі септелетін не тәуелденетін болса, онда септелудің жүйесі, жіктелудің немесе тәуелденудің жүйелері туралы ұғым да болмаған болар еді. Тілдің лексикасындағы сан мыңдаған сөздің әрқайсысы өзінше септелетін, өзінше жіктелетін немесе өзінше тәуелденетін болса, онда әрбір сөздің септелуін, жіктелуін немесе тәуелденуін біліп алу да, оқып үйрену де мүмкін болмас еді. Тілде, әдетте, мұндай жағдай болмайды. Бүтіндей тілде, оның әрбір саласында белгілі бір жүйе бар. Жүйелік қасиет тілдің синтаксис саласынан да ашық айқын көрінеді. Сөздердің сөйлемде тіркесуі белгілі бір тәсілдер арқылы, сөздердің тіркесу үлгілері арқылы іске асады. Әрбір тілде де сөздердің саны көп. Олардың бәрі де тіркесіп айтылуға икемді. Осыған орай, олардың тіркесіп айтылуынан сөз тіркестері мен сөйлемдер құралады. Бірақ тілде сөздер қаншама көп болғанмен, олардың бір-бірімен тіркесу тәсілдері мен үлгілері санаулы ғана. Тіл-тілде сөздердің тіркесуінің қиысу, матасу, меңгеру, қабысу деп аталатын тәсілдері бар. Бұл тәсілдердің әрқайсысы бірдіекілі сөздердің тіркесін емес, тіркесуші сөздердің белгілі бір тобын түгелдей қамтиды. Мысалы, қазақ тілінде сөздердің тіркесуінің матасу деп аталатын тәсілі бойынша сөздердің бірі ілік септік жалғауында, екіншісі тәуелдік жалғауында тұруы арқылы байланысады. Сөздердің тіркесуінің бұл тәсілі бірлі-жарымды сөздерді емес, көптеген сөздерді тіркестіретін, байланыстыратын тәсіл ретінде қызмет атқарады. Сөздердің тіркесу тәсілдерінің басқа түрлері жайында да осыны айту керек. Сонымен, сөздердің өз ара тіркесуінің, байланысының қиысу, матасу, меңгеру, қабысу деп аталатын түрлері жиналып келіп, тілде сөздердің байланысу тәсілдерінің жүйесін құрайды. Тілдің грамматикалық жүйесі сөздердің өзгеріп түрленуі мен сөздердің сөйлемде тіркесуінің формаларынан нақтылы түрде көрінеді.

Тілдің әр түрлі жақтары және ондағы элементтер (единицалар) өз ара бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мысалы, лексикалық единица ретіндегі сөзді алып қаралық. Сөзде белгілі бір лексикалық мағына мен грамматикалық мағыналар ұштасып келеді. Сөздің лексикалық единица ретінде өмір сүруі үшін оның дыбыстардың тіркесімен айтылуы және белгілі бір мағынаға ие болуы шарт. Мағына мен дыбысталудың бірлігі сөздің өмір сүруінің және қызмет етуінің қажетті шарты болып саналады. Мұнымен бірге, сөз грамматикалық формаға да ие болады. Демек, сөзде тілдің лексикалық (мағыналық), фонетикалық (дыбыстық) және грамматикалық жақтары ұштасып келеді.

Тілдегі грамматикалық құбылыстар фонетикалық құбылыстармен байланыста болады. Мысалы, фонетикалық құбылыс ретінде қаралатын буын мен морфологиялық элемент — морфеманың арақатысы, олардың белгілі дәрежеде бір-бірімен өз ара байланысы әрбір тілге де тән. Басқа бір мысал келтірейік: екпін, әдетте, фонетикалық құбылыс деп саналады. Екпіні жылжымалы тілдерде екпін сөздің морфологиялық жігін (формаларын) ажырататын грамматикалық тәсіл ретінде қызмет атқарады (бұл мәселе жайында 13-параграфты (VI тарау) қараңыз). Сондай-ақ, кейде дыбыстардың алмасуы да (чередование) кейбір тілдерде грамматикалық тәсіл ретінде қолданылады.

Септік категориясы, негізінен алғанда, морфологиялық категория деп саналады. Дегенмен, оның синтаксистік жағын мойындамау дұрыс болмаған болар еді. Септіктер сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөз тіркестерінің белгілі бір түрлерін жасауда айрықша қызмет атқарады. «Септік барлығынан да гөрі сөз тіркемесімен тығыз байланысты және көптеген грамматистердің оны өзінің мазмұны жағынан синтаксистік категория деп анықтауы жайдан жай емес. Алайда, септік өзінің құрылымдық белгілерінің генетикалық негізінің қандай болуына қарамастан, сөздің формасы болумен байланысты морфологияға жатады. Осыдан тілдің грамматикалық құрылысының морфологиялық және синтаксистік жақтарының тығыз байланысы көрінеді»[1].

Жүйесіз нәрсені жадыңда сақтау қиын. Егер тілде жүйе болмаса, егер ол бір-бірімен байланыссыз, ретке (тәртіпке) келтірілмеген, ұйымдаспаған, бөлшектері бүтінге бірікпеген, бытыраңқы элементтер күйінде болса, онда тіл адамның жадында да (санасында) сақталмаған болар еді, қатынас құралы, пікір алысудың құралы болып қызмет етуге де жарамас еді. Тілде жүйелік қасиет бар. Сондықтан да оның жүйесі сол тілде сөйлейтін адамның жадында (санасында) жатталып, сақталып қалады. Тілдің жүйелік қасиеті оны (тілді) меңгере білуге және қатынас құралы, пікір алысудың құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Тілде жүйелік қасиет болғандықтан да, біз басқа бір шет тілді оқып үйрене аламыз. Шет тілді оқып үйрену және оны меңгеру, сайып келгенде, оның фонетикалық жүйесі мен лексикалық жүйесін және грамматикалық жүйесін оқып үйрену және меңгеру болып шығады.

В. Н. Ярцева. Диахроническое изучение системы языка. —Сб. «О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков», М., 1960, стр. 45.

Тіл білімінде тілді жүйелік қасиеті бар құбылыс, барлық элементтері бір-бірімен байланысты, өз ара бағынышты (тәуелді) бір тұтас (бір бүтін) құбылыс деп қарау тілдің табиғатын, бүтін мен оны құрастырушы бөлшектердің арақатысын, атап айтқанда, бүтіннің оны құрастырушы бөлшектерге (тілдік элементтерге) тәуелділігін, керісінше, бөлшектердің бүтінге (тілдің бүтіндей жүйесіне) тәуелділігін айқындауға мүмкіндік береді. Тілдің жүйесін тілдік жеке құбылыстардың (тілдік элементтердің, единицалардың) өз ара байланысы тұрғысынан, бүтіннің өз ішіндегі жеке құбылыстарды бағындыруы, билеуі тұрғысынан зерттеу айрықша мәнге ие болады.

Сонымен, тілдің өзіне тән құрылымы бар жүйелі құбылыс екендігі туралы қағида тіл білімінде орныққан және басты қағидалардың бірі болып саналады[1].

§5. СИНХРОНИЯ МЕН ДИАХРОНИЯ

Тіл білімінде тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпы да (синхрония), тарих (уақыт) бойында өзгеруі мен дамуы да (диахрония) зерттеледі. Тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын, құрылымын, жүйесін зерттеу мен оның (тілдің) тарих бойында өзгеруі мен дамуын зерттеу, әрине, бір емес.

[1] Тілдің құрылымдық және жүйелік қасиеттері туралы әдебиеттер: *Н. Д. Арутюнова.* Стратификационная модель языка — «Филологические науки», 1968 № 1; *Р. А. Будагов.* Система языка в связи с разграничением его истории и современного состояния. — «Вопросы языкознания», 1958, № 4, *Т. В. Булыгина.* Грамматические оппозиции (к постановке вопроса). — Сб. «Исследования по общей теории грамматики», М., 1968. *К. Бюлер.* Структурная модель языка.—Кн. *«В. А. Звегинцев.* История языкознания XIX—XX веков в очерках и извлечениях», ч. II. М., 1960; *В. А. Виноградов.* Всегда ли система системна?— Сб. Система и уровни языка», М., 1969; *К. Гаузенблас, Ф. Данеш.* Проблема уровней с точки зрения структуры высказывания и системы языковых средств. — «Единицы разных уровней грамматического строя языка и их взаимодействие». М., 1969; *С. Д. Кацнельсон.* С теории лингвистических уровней. —Сб. «Вопросы общего языкознания». М., 1964; *Г. В. Колшанский.* Проблема стратификации структуры языка. —Сб. «Уровни языка и их взаимодействие», М., 1967; *Н. Н. Коротков.* Норма, система и структура как этапы анализа и описания языкового строя, —Сб. «Спорные вопросы грамматики китайского языка», М., 1963; *Э. А. Макаев.* Понятие давления системы и иерархия языковых единиц. —«Вопросы языкознания», 1962, № 5; *Э. А. Макаев.* Понятие системы языка. — «Ученые записки I МГПИИЯ», т. XI, М., 1957; *А. С. Мельничук.* Понятия системы и структуры языка в свете диалектического материализма. — «Вопросы языкознания», 1970, № 1; *Н. М. Минина.* Система и структура в языке. — «Лингвистика и методика в высшей школе», вып. 4, М., 1967; Проблемы исследования систем и структур, М., 1965; *С. К. Шаумян.* О понятиях лингвистической системы и лингвистического знака. —«Краткие сообщения Института славяноведения АН СССР», 1961, № 30; *В. Н. Ярцева.* Взаимоотношение грамматики и лексики в системе языка. —Сб. «Исследования по общей теории грамматики» М., 1968; *Е. А. Земская.* О принципах выделения языковных уровней. —Сб. «Единицы разных уровней грамматического строя языка и их взаимодействие». М., 1969; *Ю. С. Маслов.* Об основных и промежуточных ярусах в структуре языка. —«Вопросы языкознания», 1968, № 4; *Б. С. Хаймович.* Уровни языка и разделы лингвистики. — «Уровни языка и их взаимодействие» (Тезисы научной конференции). М., 1967.

XIX ғасырда тіл білімінде тілді тарих бойында өзгеретін, дамитын құбылыс деп қарайтын көзқарас пайда болды. Тілдік құбылыстардың өзгеруі және дамуы туралы ғылыми қағидалар мен топшылаулар жасалды және олар (ғылыми қағидалар мен топшылаулар) тілдік деректермен дәлелденді. Тіл білімінде тілдегі құбылыстарды шығуы, өзгеруі және дамуы тұрғысынан қарайтын принцип — историзм принципі пайда болып, қалыптаса бастады. Мұның өзі тіл біліміндегі бет бұрыс еді. Алайда, мұны жеке дара күйінде қарауға болмайды. Бұл дәуірде қоғам туралы және қоғамдық құбылыстар туралы барлық ғылымдарда бір жағынан, жалаң статикалық сипаттау, абстракті схематизм ығыстырыла бастаса[1], екінші жағынан, құбылыстардың өзгеруі және тарихи дамуы тұрғысынан қарастыру қалыптаса бастады.

Тіл білімінің тілдерді шығу тегі, тарихи дамуы және оларды салыстыру тұрғысынан зерттеудің нәтижесінде ғылым ретінде туып қалыптасқаны мәлім. Мұнымен бірге, нақтылы тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпын зерттеп, оның өмір сүріп тұрған кезіндегі қалпына сипаттама беру қажеттілігі туды. XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы көрнекті ғалым-лингвистер — И. А. Бодуэн де Куртенэ, Ф. Ф. Фортунатов, Ф. де Соссюр және басқалар тілдің белгілі бір дәуіріндегі қалпына сипаттама берудің теориялық алғашқы негізін жасап, сипаттама грамматиканың принциптерін белгіледі.

Сонымен, тілді шығу және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тарихи тіл білімі мен тілді оның белгілі бір дәуіріндегі қалпына сипаттама беру тұрғысынан қарастыратын сипаттама (описательное) немесе статикалық (И. А. Бодуэн де Куртенэнің терминологиясы бойынша) тіл білімі пайда болды. Осыдан тіл білімін синхрониялық лингвистика және диахрониялық лингвистика деп іштей бөлу идеясы келіп туды.

Синхрония тілдегі құбылыстарды белгілі бір дәуірдегі қалпы, яғни Ф. де Соссюрдің терминологиясы бойынша, «бір мезгілдің білігіне» («ось одновременности») қатысы тұрғысынан қарастыру дегенді білдірсе, **диахрония** әр түрлі дәуірде бірінен кейін бірі келетін бір ізділік, яғни тілдегі құбылыстарды әр түрлі кездегі «бір ізділіктің білігі» («ось последовательности») ретінде қарастыру дегенді білдіреді. Синхрония бойынша бір мезгілде қатар өмір сүруші құбылыстардың арасындағы қатынастар қарастырылады да, диахрония бойынша уақыт бойындағы өзгерістер қарастырылады.

Ф. де Соссюрдің пікірінше, синхрония — тілдің белгілі бір

[1] *Б. В. Горнунг.* Единство синхронии и диахронии как следствие специфики языковой структуры. —Сб. «О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков», М., 1960, стр. 5.

дәуіріндегі бір-бірімен өз ара байланысты, бір-біріне шарттас элементтерінің, атап айтқанда, лексикалық, грамматикалық және фонетикалық элементтерінің жүйесі. Оның байымдауынша, бұл элементтердің бағалылығы (ценность), мәнділігі (значимость) болады және оның өзі бір-бірімен шығу тегі жағынан емес, бір бүтін жүйенің ішіндегі элементтердің арақатынасының нәтижесінен келіп туады. Ф. де Соссюр синхронияны жүйемен байланыстырады да, диахронияны тілдің әрбір элементін ажыратып бөлек қарайтын және тарих бойына өзгеріп отыратын жол деп түсініп, оны жүйеден тыс қарастырады. Демек, Ф. де Соссюрдің пікірі бойынша, синхрониялық лингвистика тілді жүйелі құбылыс ретінде зерттейді, ал диахрониялық лингвистиканың объектісі жүйені құрай алмайды. Екінші сөзбен айтқанда, «...диахрония жеке-дара құбылыстардың саласы ретінде қарастырылады, тіл жүйе ретінде синхронияның аясында ғана зерттеледі. Басқаша айтқанда, тілдің дамуы жүйенің өзгерісі ретінде емес, әр түрлі дара элементтердің ғана өзгерісі ретінде бейнеленеді, ал жүйе оның белгілі бір кездегі тап сол қалпы күйінде қарастырылады»[1].

Ф. де Соссюрдің байымдауынша, синхрониялық лингвистика тілді зерттейді, ал диахрониялық лингвистикаға келетін болсақ, оның өзі сөйлеуді (речь) қарастырумен байланысты[2]. Бұл жайында ол былай деп жазды: «Тілдегі күллі диахрониялық құбылыс сөйлеу (речь) арқылы тап осындай құбылыс бола алды, барлық өзгерістердің қайнар көзі сөйлеуде; оның әрқайсысы ең алғашында, жалпылама қолданылуға енгенге дейін, жеке адамдардың кейбір тобында қолданыла бастады». Енді немісше *ich war, wir waren* («мен болдым, біз болдық») деп сөйлейді, ал XVI ғасырға дейін ежелгі неміс тілінде *ich was, wir waren* (ағылшынша қазірге дейін *was we were* деп айтады) түрінде жіктелетін. Бұл өзгеріс: *was* дегеннің орнына *war* қандай жолмен болды? Жеке адамдар *waren*-нің әсерімен аналогия бойынша *war* дегенді жасады; мұның өзі сөйлеудің фактісі болған еді; жиі қайталанатын мұндай форманы коллектив қабылдады да, ол тілдің фактісіне айналды»[3].

Тілді зерттегенде, ондағы құбылыстарды диахрониялық тұрғыдан да, синхрониялық тұрғыдан да қарастыру дұрыс және ол өте-мөте қажет. Ф. де Соссюрдің бұл мәселе жайындағы қатесі мынада: ол диахрониялық лингвистиканың мәнін ескермеді, әсіресе тарихи грамматиканың маңызын төмендетуге дейін барды. Ф. де Соссюр «диахрониялық аспектіден синхрониялық аспект маңыздырақ»[4] деп жазды. Ол статикалық анализ бен сипаттама грамматиканы ғана айрықша маңызды деп есептеді. Ф. де Соссюрдің сипаттама грамматиканы қолдауы тарихи грамматиканы жоққа шығаруға дейін әкелді[1]. Ол былай деп жазды: «...грамматика тілді айтып беру тәсілдерінің жүйесі ретінде зерттейді; грамматика ұғымы синхрония ұғымымен өтеледі..., ал бірден бірнеше дәуірді қамтитын жүйенің болуы мүмкін емес, сондықтан бір «тарихи грамматиканың» болуын жоққа шығарамыз; бұл атпен не аталса, шындығында диахрониялық лингвистикадан басқа еш нәрсе де емес»[2].

Марксизм әрбір құбылысты шығуы мен дамуы және басқа құбылыстармен байланысында зерттегенде ғана, оның табиғатын жете түсінуге болады деп үйретеді. Диахрония мен синхронияны бір-біріне қарама-қарсы қою бұл қағидамен сәйкеспейді. Ф. де Соссюрдің пікірі бойынша, синхрония тілдегі құбылыстарды бір-бірімен байланысында, бірақ дамудан тыс қарастырады да, диахрония тілдегі құбылыстарды даму тұрғысынан, бірақ өз ара байланыстан тыс қарастырады. Синхрония мен диахронияны бұлайша бір-біріне қарама-қарсы қою дұрыс жолға да, дұрыс қорытындыға да әкеле алмайды.

Проф. А. И. Смирницкий бұл мәселе жайында мынадай дұрыс пікір айтты:

«1) Әрбір единицаның өзгеруі оңашаланып аулақтанған единицаның өзгерісі, бөлініп жекеленген фактінің өзгерісі түрінде емес, жүйенің бөлшектері түрінде болады. Демек, синхрония жолы, яғни бір мезетте өмір сүруші жүйенің (система) жолы, тілдің өзгерістерін зерттеуде, яғни диахрониялық зерттеуде еске алынбауы мүмкін емес.

2) Белгілі бір дәуірдің тілі — уақыт бойында өмір сүруші, яғни диахрония кезін қамтитын тіл, өйткені уақыт факторы өзінің табиғаты бойынша тілге енеді. Сонымен, тілдің синхрониялық жүйесі сөзсіз уақыт бойында қаралуға тиісті»[3].

Тілдің белгілі бір дәуірдегі қалпына талдау жасап, оның жүйесіне сипаттама беретін нормативті грамматикада да кейде тарихи анықтамалар беру қажет болады. Историзм болмаған жерде тіл туралы толық мағынасында ғылым да болуы мүмкін емес. «Тіл білімі — тіл туралы ғылым, ал ғылыми тұрғыдан танып білу үшін тарихи тұрғыдан қарау жай ғана мүмкін бола беретін нәрсе емес, қажет нәрсе болып саналады. Сондықтан да тіл білімі тарихи тұрғыдан қараусыз өмір сүре алмайды және тарихи зерттеудің мәнін түгелдей жоққа шығаратын немесе төмендететін (екінші кезектегі деп санайтын) теорияны қабылдауға ешбір болмайды»[4]. Историзм принципінің сипаттама

---

[1] *А. И. Смирницкий.* По поводу конверсии в английском языке. — «Иностранные языки в школе», 1954, № 3, стр. 15.

[2] *А. С. Чикобава.* Проблема языка как предмета языкознания, М., 1959, стр. 106—107.

[3] Ф де Соссюр. Курс общей лингвистики, стр. 102.

[4] Бұл да сонда, 95-бет.

[1] *А. С. Чикобава.* Проблема языка как предмета языкознания, с. 123.

[2] Ф де Соссюрдің аталған кітабының 129-беті.

[3] *А. И. Смирницкий.* По поводу конверсии в английском языке. —«Иностранные языки в школе», 1954, № 3, стр. 16.

[4] Сб. «О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков», М., стр. 81.

грамматика үшін де үлкен мәні бар. Сипаттама грамматикада тілдік бірсыпыра құбылыстардың қыр-сыры тарихи тұрғыдан қарастырылу арқылы айқындалады. Мысалы, қазақ тіліндегі *сарғай* деген етістіктің құрамына талдау жасап, оның құрамындағы негізгі морфема (түбір) мен көмекші морфеманы (аффиксті) ажыратып айқындау қажет болды (мұндай талдау сипаттама грамматикада, әдетте, бола береді) делік. Аталған сөздің құрамын талдау үшін мәселеге тарихи тұрғыдан қарау өте-мөте қажет. Бұл сөздің құрамындағы түбірді: — *сары*, жұрнақты — *-ғай* деуге болмайды. Тарихи тұрғыдан алғанда, аталған сөздің түбірі — сарғ<сарығ<сарық. Қазіргі тілімізде *сары, торы* деген сын есімдер көне түркі жазба нұсқаларында *сарығ, торығ* түрінде дыбысталатын болған. Аталған сөздің құрамындағы жұрнақ *-ғай* емес, *көп, аз, мол* және т. б. саздерден етістік тудыратын (мысалы: *көбей, азай, молай*) *-ай (-ей)* аффиксі.

Сипаттама грамматикаларда талданатын белгілі бір тілдік құбылыстарға байланысты нелікten? неге? деген сұрақтар, әдетте, жиі қойылады. Ондай сұрақтарға, мәселеге тарихи тұрғыдан қарағанда ғана, дұрыс жауап беруге болады. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде *«демді ішке тартып, қайта шығарып тұратын мүше де, реніш, наз»* деген ұғым да біркелкі (өкпе) аталады. Неліктен осылай болған? Әр басқа осы екі ұғым о бастан біркелкі дыбыстық комплекспен (сөзбен) аталған ба? Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін тарихи фонетикаға үңілу қажет. «Демді ішке тартып, қайтадан кері шығаратын мүше» алғашында *өпке* деп аталған да, тілдің даму барысында п дыбысы мен к дыбысының орнының ауысуының нәтижесінде «реніш» мағынасын білдіретін *өкпе* сөзімен дыбысталуы жағынан бірдей келген. Бұлар тәріздес құбылыстар тіл-тілдің бәрінде де кездесе береді. Ал олардың табиғаты мен ерекшеліктері, шығу тегі, өзгерілуі тарихи даму тұрғысынан қарастырылғанда ғана, жете айқындалады.

Бұл ретте Н. Г. Чернышевскийдің мына бір ойларын еске алған мақұл: «Грамматикасыз ешкім де ешқайда аттай алмайды. Сөз таптарын, септіктерді, шақтарды, бастауыш пен баяндауышты, толықтауыш және анықтауыш сөздерді ажырату үшін грамматиканы біліп алу қиын ба? Егер мәселе осында ғана болса, онда зейінсіз емес балаға грамматиканы екі жұмада үйретуге болар еді.

— Ал мәселе неде? Тағы да нені білу керек?

— Не дегені қалай? Орыс септіктерінің формалары тарихи грамматика арқылы түсінікті болатынын, сөйлемнің құрамы, септіктердің мән-мағынасы, етістіктердің формалары, сөз таптары философиялық грамматика арқылы ғана түсіндірілетінін сіздер ұмытқансыздар ма? Демек, оларды білу керек.

...Түбегейлі білім керек. Ол философиялық грамматиканың көмегімен салыстырмалы-тарихи филология арқылы беріледі.

Филологиялық білім алуға бағытталған адам алдын ала мыналармен танысуға тиісті: 1) славян тілдері, атап айтқанда: ежелгі славян, серб, хортуан, чех, лужиц, поляк тілдері; 2) неміс (ежелгі формасы гот деп аталатын), латын, грек тілдері.

Мұнан аз білуге болмайды; ал дұрысын айтқанда, тағы да басқа бірнеше тілдер мен наречияларды білуге тиісті.

Мұнан басқа ол славяндарды айтпағанда, неміс, кельт, рим, гректің байырғысын егжей-тегжейлі оқып білуге тиісті.

Алгебраны білмейінше дифференциалды есептеуді білу мүмкін болмайтыны сияқты, жоғарыдағыдай алдын ала даярлаушы білімсіз филологиялық білімнің де болуы мүмкін емес»[1].

А. С. Чикобава «тілдің тарихы мен тілдің жүйесінің, сипаттама тіл білімі мен тарихи тіл білімінің бір-бірімен қатынасы қандай болады?» — деген сұрақ қояды да, оған төмендегі түрде жауап қайтарады. «Тілдің жүйесі әрқашан да тарихтың жетегінде болады. Тілдің жүйесі тілдің тарихына бағынышты. Екінші жағынан, тілдің жүйелілігі тілдің тарихында өзіндік ерекшелігімен көрінеді...»[2]. «Историзмнің тілдің жүйесін түсіну үшін маңыздылығы даусыз. Бірақ тіл тарихында тілдің жүйелілігін жоққа шығаруға болмайды: тілдің жүйелілік фактісінің тілдің тарихи даму процесі үшін маңыздылығы аз емес»[3].

Тілді жүйелі құбылыс дедік. Оның жүйесі барлық жағынан да өзінің тарихи даму процесінде қарастырылып зерттелуі қажет. «Тілдің жүйелі сипаты тілдегі морфологиялық және синтаксистік модельдердің саны өздігінен көп бола тұрса да, қалай да белгілі бір шеңбермен шектеледі дейтін қағидаға негізделеді. Егер тіл бірін-бірі жоққа шығаратын жеке фактілердің жиынтығы болған болса, онда олардың әрқайсысының тарихын басқалармен байланыссыз зерттеу дұрыс деп саналған болар еді. Диахрониялық заң Соссюрдің формулировкасында шын мәнінде осылайша түсінуге әкеліп соғады. Алайда, тілдің қандай бір фактісін алып қарамайық, — мейлі тіл дыбысы, мейлі грамматикалық форманың ерекшелігі болсын, — ол әрқашан тілдің бір тектес құбылыстарының бәрін біріктіріп бір жерге жинайтын белгілі бір қатарға енеді. Мұндай типтердің санының шағын болуы тілдік жүйенің бір ізділігін жасайды, өйткені олардың бәрі де бір-біріне өз ара шарттас болады.

Тілдік әрбір құбылыста өзгеру тенденциясы бар, бірақ бұл өзгеріс тілдік сол құбылыстың өзі еніп отырған типін өзгертуге әрқашан әкеле бермейді. Мысалы, есімшенің сапаға айналуы (көптеген тілдерде бар құбылыс) сын есім болып кеткен кейбір есімшелердің, етістіктердің қатарынан (яғни етістік формала-

[1] *Н. Г. Чернышевский.* Сочинения, том II, стр. 682—685.

[2] *А. С. Чикобаваның* «О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков» атты жинаққа енген сөзінен (дискуссияның материалдары). Жинақтың 97-беті.

[3] Бұл да сонда, 98-бет.

рының қатарынан) шығып қалуына әкеледі, бірақ мұның өзі тілдегі белгілі бір түр ретіндегі есімше категориясының өзінің жойылып кетуіне әкелмейді»[1]. Бұл қағиданы түрлі тілдердің, соның ішінде қазақ тілінің, фактісі де растайды. Мысалы, қазақ тіліндегі *көреген, қашаған, тебеген* деген сын есімдер шығу тегі жағынан есімшеге барып тіреледі. Атап айтқанда, бұлар етістіктің есімше түрінің тілдің тарихи даму барысында етістіктің қатарынан шығып, сын есімге айналуынан жасалған. Алайда, есімшенің бірен-сарандары ғана сын есімге айналып, олардың басым көпшілігі етістіктің түрі (есімше) ретінде сақталып қалды. «Бұлай болатындығы тілдің құрылу моделі жасалудың тұрақты және өнімді түрі ретінде осы модель бойынша жасалатын кейбір жеке формаларға қарағанда, әлдеқайда көп уақыт бойында сақталады». «Тілдің даму диалектикасы мынадан көрінеді: тіл өзінің үздіксіз өзгеруімен бірге тұрақтылығын да сақтап қалуға тиісті. Өйткені осындай жағдайда ғана тілдің коммуникативті қызметі жүзеге аса алады»[2].

Тілдегі фактілердің жүйелі сипаты қоғамдық құбылыс ретіндегі тілдің өзінің табиғатынан келіп туады. Ал мұның өзі тілдің айрықша белгісі болып саналады. Сондықтан да тілдегі болып жататын өзгерістер оның (тілдің) бүтіндей жүйесінің жойылып кетуіне әкелмейді, тек тіл жүйесіндегі қатынастардың түрін ғана өзгертуі мүмкін.

Тілдің бір-бірінен айырмашылықтары бар әр түрлі жақтарының болуы лексикалық, грамматикалық және фонетикалық құбылыстарға талдау жасауда тілдің осы аталған әр түрлі жақтарының сипаты түрліше болатындығын ескеруді талап етеді. Мұнымен бірге, тілдің әр түрлі жақтарының өз ара байланысы және олардың күллісіне тән ортақ белгілердің болатындығын да, әрине, жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, дыбыстардың тіркесімен айтылатын, белгілі бір мағынасы бар сөздің грамматикалық формадан тыс болуы мүмкін емес. Мұнымен бірге, әрбір сөздің жеке-жеке тілдік единица ретінде өзіне тән мағынасы және материалдық дыбыстық жамылғышы болады да, осылар арқылы бір-бірінен ажыратылады. Сөз жеке-дара күйінде өмір сүрмейді. Әрбір сөз қатынастардың әр түрлі қатарына енеді. Мысалы, белгілі бір сөздің дыбыстық құрылысы көптеген басқа да сөздерге тән болады. Сөздің фонетикалық құрылысының заңдары шексіз емес, оның да белгілі бір шеңбері болады. Дыбыстардың бір-бірімен алмасуы, сөздің белгілі дыбыстардың тіркесінен басталмауы немесе аяқталмауы, ашық буынның немесе тұйық буынның басым болуы және сөздің фонетикалық құрылымының т. б. белгілері белгілі бір тілдің өзіндік ерек-

[1] *В. Н. Ярцева.* Диахроническое изучение системы языка.— Сб. «О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков», М., 1960, стр. 40.

[2] *В. Н. Ярцеваның* жоғарыда аталған мақаласынан, 40-бет.

шеліктерімен шектеледі. Тілдің морфологиялық және синтаксистік белгілері жайында да осыны айту керек. Олар да нақтылы бір тілдің өзіне тән ерекшеліктерімен шектеліп отырады. Тілдің әр түрлі жақтарының өз алдына бөлініп алуына, соған сай әр түрлі саланың зерттеу объектісі болуына мүмкіндігі бар. Осыған орай, тарихи фонетика, тарихи грамматика және тарихи лексикологияның өмір сүруі және олардың әрқайсысының тілдің әр түрлі жақтарын қарастыратындығы[1] әбден заңды екені күмән тудырмайды.

«Тарихи морфологияның өзінің зерттейтін пәнінің сипатына сай екі түрлі мақсаты бар: негіз тудырушы типтер мен форма тудырушы типтің өзгерілуін айқындау. Құбылыстардың осы екі қатары тіл тарихы бойында бір-бірімен өз ара тығыз байланыста болады. ...Тілдің тарихи даму процесінде бір сөздің кейбір формалары парадигмнен жекеленіп, бөліне алды және әр түрлі сөз тудырып, тілдің сөздік құрамын толықтырды. Соның нәтижесінде форма тудырушы элементтер негіз тудырушы элементтерге айналды. Мысалы, зат есімдердің жанама септіктерінің флективті формалары ежелгі ағылшын тілінде есімнің септелуінің тірі жүйесіне енетін еді. Септіктердің (ілік, барыс, табыс) жеке формалары пысықтауыш қызметінде қолданыла келіп, лексикализациялану тенденциясын көрсетті де, үстеулерге айналып кетті. Содан келіп, бұрын форма тудырушы болған морфемалар (яғни флексиялар) сөз табы ретіндегі үстеудің құрылымына тән болып, негіз тудырушы морфемалардың қызметіне ие болды»[2]. Мұндай жағдай қазақ тілінде бар. Мысалы, *етпетінен, шалқасынан, кенеттен, тосыннан, төтесінен*; *жоққа, текке, босқа, кешке, күніге*; *кейде, әлгіде, баяғыда, қапылыста* және т. б. сөздердің құрамындағы морфемалар шығу тегі жағынан форма тудырушы морфемалар (аффикстер) бола тұрып, тілдің даму барысында негіз тудырушы (основообразующие) морфемаларға (аффикстерге) айналып кеткен де, соның нәтижесінде жоғарыда аталған үстеулер жасалған.

Сонымен, тілді құрастырушы элементтер және тілдің бүтіндей құрылымы уақыт озған сайын дамып, жетіліп отырады. Тілдің құрылымына оның қазіргі қалпы тұрғысынан, статикалық тұрғыдан ғана қарау жеткіліксіз. Бұған қоса оған шығу тегі, дамуы тұрғысынан да қарау қажет. Құрылым атаулыны осылайша қарастыру жайында көрнекті философ Б. М. Кедров былай дейді: «Әдетте, құрылым туралы мәселе, оған формальды тұрғыдан келгенде, 1) сол құрылымның табиғатын айқындау және 2) белгілі бір құрылымның жасалуымен бірге осы элементтердің бірігуінің немесе байланысуының сипатын айқындау тұрғысынан баяндалады. Бұлайша формальды тұрғыдан келу

[1] *В. Н. Ярцеваның* жоғарыда аталған жинаққа енген мақаласының 43-бет.

[2] Бұл да сонда, 43-бет.

бір жақты, біздің ойлауымызша, жеткіліксіз болады, өйткені ол құрылым туралы таза статикалық түсінікпен ғана шектеледі»[1].

Құрылымды зерттеліп отырған кезге дейінгі дамудың жемісі ретінде динамикалық тұрғыдан қарау қажет. Құрылымға талдау жасауда историзм принципін де қолдану пайдалы болмақ. Демек, құрылымды, біріншіден, оның құрастыратын элементтердің байланысы тұрғысынан, екіншіден, олардың шығуы, тарихи дамуы тұрғысынан қарауға тиіспіз.

«Сондықтан да бұл мәселені бір жақты немесе абстракті, таза құрылымды және формальды тұрғыдан қарастыратын тәсілге біз нақтылы, мазмұнды тәсілді, мәселенің бір жағы — предметтің құрылымын ғана емес, сонымен бірге басқа жағы — бүкіл предметтің генезисін, демек, сол генезистің де құрылымын ескеретін тәсілді қарсы қоямыз. Екі жақ және соған орай екі тәсіл — құрылымды және генетикалық тәсіл өздерінің ішкі байланысында, өз ара шарттастығында, өз ара әрекеттестігінде алынады. Жалпы жайда тарих дегеніміз қазіргі заманды түсініп білудің кілті екендігі сияқты, осы нақты жағдайда генетикалық тәсіл дегеніміз — құрылымды тәсіл не берсе, соны түсіндірудің кілті»[2].

Қорыта айтқанда, тілдің әр түрлі жақтарындағы өзгеріс оның жүйесінің бүлінуіне де, жойылып кетуіне де соқтырмайды. Тілдің тарихи даму барысында оның құрылымы жетіліп отырады. Тілдегі құбылыстардың шығу тегін, өзгеруі мен тарихи дамуын білу оның қазіргі қалпын, қыр-сырын жете танып білуге көмектеседі. Демек, тілді синхрониялық тұрғыдан қарастыру қаншалықты қажетті және маңызды болса, оны диахрониялық тұрғыдан қарастырып зерттеу де соншалықты қажетті және маңызды[3].

[1] *Б. М. Кедров.* История познания как процесс и его диалектика. — Сб, «Проблемы научного метода». Издательство «Наука», М., 1964, стр. 29

[2] *Б. М. Кедровтың* аталған еңбегінің 29-беті.

[3] Синхрония мен диахрония жайында әдебиеттер: *В, М. Жирмунский.* О синхронии и диахронии в языкознании. — «Вопросы языкознания». 1958. №5. *М. М. Гухман.* Понятие системы в синхронии и диахронии. — «Вопросы языкознания» 1962, № 4, *Г. А. Климов.* Синхрония — диахрония и статика-динамика. —Қн. «Проблемы языкознания». М., 1967. *Э. Косерну.* Синхрония, диахрония и история. Проблема языкового изменения. —Сб. «Новое в лингвистике», вып. 3. М., 1963; *Е. С. Кубрякова.* О понятиях синхрония и диахрония.— «Вопросы языкознания», 1968. № 3; *Э. А. Макаев.* Синхрония и диахрония и вопросы реконструкции. — Сб. «О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков». М., 1960; *И. А. Мельчук.* О соотношении синхронического и диахронического описании.—Сб. «Материалы Всесоюзной конференции по общему языкознанию «Основные проблемы эволюции языка», ч I Самарканд, 1966; *Б. В. Горнунг.* Единство синхронии и диахронии как следствие специфики языковой структуры.—Сб. «О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков». М., 1960; *Р. А. Будагов.* Система языка в связи с разграничением его истории и современного состояния. — «Вопросы языкознания». 1958, № 4; *В. Н. Ярцева.* Диахронические изучения системы языка. —Сб. «О соотношении синхронного анализа и исторического изучения языков». М., 1960.

III тарау

ЛЕКСИКОЛОГИЯ

§1. ЛЕКСИКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН САЛАЛАРЫ

Лексикология[1] сөзді және сөздердің жиынтығы — тілдің сөздік құрамын (лексикасын) зерттейді. Сөз лексикологияда лексикалық единица ретінде қарастырылады. Лексикалық единицалардың (сөздердің) жиынтығынан тілдің сөздік құрамы (лексикасы) құралады. Әрбір тілдің сөздік құрамындағы сөздер қаншама көп және алуан түрлі болғанмен, олар бір-бірімен байланысты, өз ара шарттас элементтердің жүйесі ретінде өмір сүреді және дамиды. Осыған орай, лексикологияда тілдің сөздік құрамы лексикалық жүйе ретінде құралады да, сөз тілдің лексикалық жүйесінің элементі ретінде қаралады.

Қатынас құралы ретіндегі тілдің сөздік құрамына және лексикалық единица ретіндегі сөздің табиғатына қатысты жалпы лингвистикалық проблемалар бар. Олардың қатарына тілдің лексика-семантикалық жүйесі туралы мәселе, тілдік единицалардың ішінде сөздің алатын орны, сөзге тән басты белгілер, сөз бен ұғымның ара қатысы, сөздің лексикалық мағыналарының түрлері, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарының ара қатысы мен байланысы және т. б. мәселелер енеді. Бұлар лексикология теориясының жалпы проблемалары ретінде жалпы лексикологияда (общая лексикология) қарастырылады. Ал нақты бір тілдің лексикасы және оның ерекшеліктері жеке лексикологияда (частная лексикология) қарастырылады. Жалпы лексикология мен жалқы (жеке) лексикология бір-бірімен байланыста болады. Бұлай болатындығы мынадан: қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтар жеке, нақтылы тілге де тән болады. Мысалы, қоғам дамуының барысында жаңа сөздердің жасалып, тілдің сөздік құрамының толығуы, дамуы, кейбір ескірген сөздердің одан шығып қалуы немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналуы — тіл атаулыға тән жалпы заңдылық. Сондай-ақ, тілдің даму барысында сөз мағынасының өзгеруі, көп мағыналы

[1] *Лексикология* — грек тілінің lexis «сөз» және logos «ілім» деген сөздерінен жасалған термин.

сөздердің жасалуы және синонимдік қатарлардың пайда болуы — осылардың бәрі тілдердің барлығында да бар. Қатынас құралы, қоғамдық құбылыс ретіндегі тіл атаулыға тән жалпы құбылыстар мен заңдылықтар дүние жүзіндегі тілдердің әрқайсысында (нақты, жеке тілдерде) түрліше (өзіндік ерекшелігімен) көрінуі мүмкін. Мысалы, дүние жүзіндегі тілдердің бәрінде де туынды сөздер сөз тудырудың белгілі бір тәсілдері бойынша жасалады. Сөз тудырудың бір тәсілі — сөздерді біріктіру тәсілі. Сөз тудырудың біріктіру тәсілі әр түрлі тілдерде түрліше дәрежеде көрінуі және әрекет етуі мүмкін. Бұл тәсіл, мысалы, басқа тілдерге қарағанда, көбінесе неміс тіліне тән және неміс тілі үшін ең өнімді тәсіл болып саналады. Осыған орай, неміс тілінде біріккен сөздер өте жиі ұшырасады. Сөздердің қосарлану тәсілі түрлі тілдерде бар, әсіресе ол түркі тілдеріне өте-мөте тән. Осыған орай, басқа тілдерге қарағанда, қос сөздер түркі тілдерінің лексикасында анағұрлым мол. Омонимдер және олардың фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде, түбірге омонимдес аффикстердің жалғануы немесе сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде жасалуы түрлі тілдерде кездесе береді. Аталған тәсілдердің ішінде аффикстердің жалғануы арқылы туынды омонимдердің жасалуы әсіресе орыс тіліне өте-мөте тән болып саналады. Орыс тілінде, осыған орай, түбір омонимдерге қарағанда, туынды омонимдер анағұрлым жиі ұшырасады. Бұл айтылғандар тілдің лексикасын сипаттайтын құбылыстар мен жалпы заңдылықтар түрлі тілдерге тән екендігін және ол құбылыстар мен заңдылықтар нақтылы, жеке тілдерде олардың (тілдердің) өзіндік ерекшеліктеріне орайласып, түрліше көрініс табатындығын аңғартады.

Жалпы қатынас құралы ретіндегі тіл атаулының лексикалық жағына тән құбылыстар мен жалпылама заңдылықтар мен ұғымдар жалпы лексикологияда қарастырылса, лексикалық құбылыстар мен жалпы заңдылықтардың жеке, нақтылы тілдердің лексикасына икемделіп көрініс табуы және әрбір тілдің сөздік құрамы мен оның дамуы, өзіндік ерекшеліктері жалқы лексикологияда (жеке, нақтылы тілдің лексикологиясында) қарастырылады. Әрбір тілдің лексикологиясы (жеке лексикология) жалпы лексикологияның жалпы теориялық қағидаларына негізделеді де, нақты бір тілдің лексикасын зерттейді.

Жеке лексикология белгілі бір тілдің сөздік құрамын шығуы мен тарих бойында дамуы тұрғысынан немесе тілдің сөздік құрамын сол тілдің белгілі бір дәуірдегі, мысалы, қазіргі дәуірдегі қалпы тұрғысынан карауы мүмкін. Осыған орай, лексикология тарихи (диахрониялық) лексикология және сипаттама (синхрониялық) лексикология болып бөлінеді. Тарихи лексикологияда тілдің сөздік құрамы шығуы, замандар бойында қалыптасуы және дамуы, лексиканы құрастырушы арналар және олардың тарихы тұрғысынан зерттелінеді. Ал сипаттама немесе синхрониялық лексикологияда, мысалы «Қазіргі орыс тілі»,

«Қазіргі ағылшын тілі», «Қазіргі қазақ тілі» атты пәндердің лексикология бөлімдерінде, аталған тілдердің (орыс, ағылшын, қазақ тілдерінің) лексикасының осы заманғы қалпы, сөздің мағыналық құрылымы, лексиканы құрастырушы арналар мен қат-қабаттар, сөздердің активті және пассивті топтары, сөздік құрамның даму жолдары, лексиканың стилистикалық жақтан дифференциалануы, сөздердің қолданылу аясы, мағыналардың қарым қатынасына қарай сөздердің топтасуы (синонимдер, омонимдер, антонимдер) және т. б. мәселелер қарастырылады. Қазіргі тілдің сөздік құрамы бір-бірімен байланысты өз ара шарттас элементтердің жүйесі ретінде өмір сүреді және уақыт бойында толығу, даму күйінде болады. Демек, синхрониялық лексикологияда тілдің сөздік құрамы өз ара байланысты элементтердің лексикалық жүйесі тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге дамуы тұрғысынан да қаралуы керек. Осыған орай, сипаттама (синхрониялық) лексикологияда, қажет болған жағдайда, тарихи мәліметтер мен түсініктер де беріледі. Мұндай тарихи мәліметтер мен түсініктер қазіргі тілдегі лексикалық құбылыстардың табиғатын жете түсінуге көмектеседі. Историзм принципі диахрониялық лингвистика үшін ғана емес (бұл өзінен-өзі түсінікті аксиома), синхрониялық лингвистика және оның барлық салалары, соның ішінде сипаттама (синхрониялық) лексикология үшін де өте-мөте қажет. Сипаттама лексикология тарихи лексикологияны, әрине, ауыстыра алмайды және бұлай болуға тиісті де емес. Бұл жерде әңгіме сипаттама лексикологияда тілдің сөздік құрамының қазіргі қалпын және даму сипатын ғылыми тұрғыдан ашып айқындауда қажетінше тарихи деректерге сүйенудің маңызы жайында болып отыр.

Тарихи лексикологияның бір саласы — этимология. Этимология сөздердің шығу тегін зерттеп, олардың ең алғашқы мағынасының қандай болғандығын айқындайды. Этимологиялық зерттеулердің жеке сөздердің шығу төркінін ғана емес, сонымен бірге жалпы тілдің тарихын танып білуде маңызы өте-мөте күшті.

Тілдің тарихы мен ондағы сөздердің тарихы халықтың тарихымен тығыз байланысты болады. Осыған орай, сөздердің шығу төркіні жайындағы этимологиялық зерттеулер тарихи және этногенетикалық мәселелерді карастырып шешуде де айрықша маңызға ие болады. Сөздер бір тілден басқа бір тілге ауысып енуге икем келеді. Этимологиялық зерттеулер белгілі бір тілдің лексикасына ерте замандарда енген кірме сөздердің ену тарихы мен оның жолдарын да қарастырады. Көне замандарда бір тілден екінші тілге еніп, әбден қалыптасып кеткен кірме сөздер

---

[1] *Этимология* — грек тілінің etymologia<etymon — «шындық», «сөздің негізгі мағынасы» және logos — «сөз», «ілім» деген сөздерінен жасалған термин.

ды. Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар жеке сөздермен ғана емес, тұрақты сөз тіркестерімен де аталады. Тіл-тілдің лексикасында жеке сөздердің айрықша синонимі ретінде қолданылатын тұрақты сөз тіркестері жиі ұшырасады. Олар сөздердің тіркесі болғанмен, мағынасы жағынан жеке сөздермен барабар келіп, бір бүтін лексикалық единица (сөз) тәрізді қызмет атқарады. Осымен байланысты лексикологияда мағынасы жағынан дара сөздермен сәйкес келетін фразеологиялық сөз тіркестері де қарастырлады, Мысалы, *жүрегі тас төбесіне шығу* (қорқу), *қас пен көздің арасында, қас қақканша, ауызды ашып жұмғанша* (лезде), *қаны қайнау* (ашулану), *мойны жар бермеу* (еріну), *тайға таңба басқандай* (ашық-айқын), *он саусағынан өнері тамған* немесе *ағаштан түйін түйген* (өте шебер), *ит арқасы қиянда* (алыста), *үріп ауызға салғандай* (сүйкімді), *қой аузынан шөп алмас* (момын), *сақалын сипап қалу* немесе *санын соғып қалу* (өкіну), *жүрегі жарылу, төбесі көкке жету (қуану)* деген фразеологиялық сөз тіркестері әбден лексикаланған[1] да (лексикализованные), мағынасы жағынан бір сөз тәрізді болып кеткен. Осылар тәріздес сан алуан фразеологиялық сөз тіркестерін зерттейтін лексикологияның арнаулы бір саласы фразеология[2] деп аталады. Фразеология тұрақты сөз тіркестерінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын және жасалу жолдарын қарастырады.

Тілдің әр түрлі жақтары (фонетикалық, лексикалық және грамматикалық) бір-бірімен өз ара қарым-қатынаста, байланыста болатыны сияқты, оларды зерттейтін тіл білімінің де әр түрлі салалары бір-бірімен өз ара әрдайым байланыста болады. Мысалы, лексикологияның тіл білімінің арнаулы бір саласы ретінде фонетика және грамматикамен мынадай байланысы бар: тілдегі әрбір сөз дыбыстардың белгілі бір тіркесімен айтылады (жалғыз дыбыспен айтылатын сөз, әдетте, тіл-тілде сирек ұшырайды). Дыбыс тіркестері сөздің сыртқы жамылғышы да, сөздің мағынасы оның мазмұны болып саналады. Қандай бір сөз болсын, дыбыс тіркестерімен айтылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Сөздің дыбыстық жағын зерттейтін фонетиканың лексикологиямен байланысы да осыдан келіп туады. Тіл-тілде сөздің дыбыстық құрамының өзгеруі немесе екпінінің ауысып түсуі сөз мағынасына әсер етіп, оны өзгертеді. Туыстас тілдердің лексикасын өз ара салыстыра зерттеу немесе белгілі бір тілдің лексикасын тарихи тұрғыдан зерттеу, сондай-ақ этимологиялық зерттеулер салыстырмалы-тарихи фонетиканың деректеріне негізделеді. Әрбір тілдегі сөздердің өзінің фонетикалық ерекшеліктері болады. Сөздің басы немесе аяғы фонетикалық белгілермен, мысалы, дыбыстардың кейбіреулерінің жиі немесе сирек қолданылу немесе мүлдем қолданылмау ерекшеліктермен сипатталады. Мысалы, қазақ тілінің төл сөздері ғ дыбысынан басталмайды және бұл дыбыска ешбір сөз аяқталмайды. Сондай-ақ, қазақ тілінде **г, б, д** дыбыстарына бітетін төл сөздер кездеспейді. Төл сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар не бірыңғай жуан дауыстылар, не бірыңғай жіңішке дауыстылар болып келеді. Қазіргі қазақ тілі лексикасында құрамындағы дауыстылар жуан да, жіңішке де болып келетін сөздер кездесе береді, бірақ олардың басым көпшілігі — шет тілдік сөздер. Лексикологиялық зерттеулерде сөздің осындай фонетикалық ерекшеліктері еске алынады.

Лексикология тіл білімінің әсіресе грамматика саласымен тығыз байланысты. Тілдегі сөздер номинативті (атау) қызметпен бірге грамматикалық қызмет те атқарады. Сөздер жекедара күйінде емес, өз ара байланысында қолданылады. Сөздің белгілі бір грамматикалық қызметі оның мағынасына да әсер етеді. Сөздің грамматикалық қызметіне байланысты туған қосымша мағынасы грамматикалық байланысты мағына (грамматический свазанное значение)[1] немесе синтаксистік шартты мағына[2] деп аталады.

Тарихи дамудың, өзгерудің барысында дербес (атауыш) сөздердің (знаменательные слова) көмекші сөздерге айналу құбылысы, соның нәтижесінде олардың грамматикалық қызметінің күшеюі тіл-тілдің бәрінде де кездеседі. Сондай-ақ, көмекшілік қызмет атқаратын сөздердің көмекші морфемаларға (аффикстерге) айналуы да — тілдердің тарихи даму барысында кездесе беретін құбылыс. Тілдің даму тарихында, бір жағынан, лексикалық единицалардың (сөздердің) грамматикалану (грамматикализация) процесі жүріп жатса, екінші жағынан, сөздердің тіркестерінің бір бүтін лексикалық единицаға (сөзге) айналып, лексикалану (лексикализация) процесі жүріп жатады да, лексикалық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстар астарласып, өз ара қарым-қатынаста болып отырады. Мұндай екі жақты байланысты қарастырудың лексикологияға да, грамматикаға да бірдей қатысы бар.

Лексикологияның грамматикамен байланысы әсіресе сөз тудыру (словообразования) тәсілдерінен айқын көрінеді. Сөздің құрамының өзгеріп даму процесі тілдің грамматикалық құрылысының ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі де, сөз тудырудың грамматикада орнығып қалыптасқан тәсілдері арқылы іске асады. Анығырақ айтқанда, сөздердің грамматикалық фор-

---

[1] *Лексикалану* — орыс тіліндегі лексиколизовать, лексикологизация деген терминнің аудармасы. Бұл термин неміс тілінің lexikolisieren — «бір сөзге айналу» деген сөзінен алынған.

[2] *Фразеология* — грек тілінің phrasis — «сөйлемше, қалыптасқан сөз» және logos — «ұғым, ілім» деген сөздерден құралған термин.

[1] *И. В. Арнольд.* Лексикология современного английского языка. Издательство литературы на иностранных языках, М., 1959, стр. 16.

[2] Синтаксистік шартты мағына жайында «Полисемия және сөздің лексикалық мағыналарының типтері» атты параграфты қараңыз.

маларын тудыру үшін қандай тәсілдер қолданылса, туынды жаңа сөздердің жасалуында да сондай тәсілдер қолданылады. Мысалы, сөздердің бірігуі, қосарлануы, аффикстердің жалғануы форма тудыратын грамматикалық тәсілдер ретінде де, туынды жаңа сөз жасайтын тәсілдер ретінде де қызмет атқарады[1].

Грамматикалық құбылыстардың лексикалық құбылыстарға ауысып, олармен қабаттасып жатуы мынадай жайлардан да көрінеді: алғашында грамматикалық мағынаны білдіру үшін қолданылған форма бара-бара бұл қызметінен ажырайды да, сөздің бойында жаңа лексикалық мағынаның тууына, осының нәтижесінде жаңа лексикалық единицаның (сөздің) жасалуына себепші болады. Мысалы, ағылшын тілінде төмендегі есімдер көптік форманың негізінде жаңа лексикалық мағынаға ие болып, туынды сезге айналған: *arm* — «қол», *arms*[2] — «қару» (оружие); *authority* — «бедел» авторитет), *authoriies* — «өкімет, әкімшілік» (власти); *board* — «тақта» (доска), *boards* — «төсеніш тақта (подмостки), сахна»; *boot* — «етік», *boots* — «коридоршы»; *class* — «класс», *clases* — «сабақтар» (занятие); *look* — «көзқарас», *looks* — «сырткы бейне» (внешность); *manner* — «тәсіл әдіс», *manners* — «тәртіп, мінез, әдет-ғұрып»; *picture* — «картина», *pictures* — «кино»; *mork* — «жұмыс», *works* — «завод»[3].

Қазіргі қазақ тіліндегі кейбір үстеулердің құрамындағы аффикстер шығу тегі жағынан алғанда, алғашында жалғаулар болғанымен, қазірде олар сөздің түбінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жеткен де, түбірге сіңісіп кеткен; осы құбылыстың нәтижесінде туынды үстеулер жасалған. Мысалы, *зорға, босқа, текке, бекерге, жатқа, бірге, кешке* деген үстеулер барыс септік жалғауының көнеленіп лексикалануынан жасалса, *кейде, жаңада, әлгіде, күнде, аңдаусызда, қапыда, қапелімде, лезде* деген үстеулер жатыс септік жалғауының көнеленіп лексикалануынан жасалған. Шығыс септік жалғауы мен көмектес септік жалғауының грамматикалық қызметтерінен айрылып, олардың лексикалануынан мынадай үстеу сөздер пайда болған: 1) *жүресінен, етпетінен, шалқасынан, төтеден, кеңінен, қырынан, келтесінен, ежелден, әуелден, кенеттен, тосыннан*; 2) *шынымен, жайымен, ретімен* т. б.

Сонымен, тілдің даму барысында лексикалық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстар өз ара қарым-қатынаста болып, бір-біріне әсерін тигізеді, бірі екіншісіне іліктесіп, өз ара

---

[1] Граматикалық форма тудыратын тәсілдер жайында «Грамматикалық тәсілдер» атты бөлімді қараңыз.

[2] Ағылшын тілінде s—көптік жалғауы.

[3] Бұл мысалдар *И. В. Арнольдтың* жоғарыда аталған кітабының 19-бетінен келтірілді.

астарласып жатады. Осыған сай, тіл білімінің лексикология мен грамматика салалары да өз ара байланыста болады.

Алайда, тіл білімінің әр түрлі салаларының өз ара байланыста, қарым-қатынаста болуы ол салалардың дербестігін жоққа шығармайды. Тіл білімінің әр түрлі салалары бір-бірімен байланыста бола отырып, өздерінің дербестігін, даралық қасиетін сақтайды. Олардың әрқайсысының өзінің зерттеу объектісі бар. Лексикологияның ең басты зерттеу объектісі — сөз дедік. Сөз грамматикада да қарастырылып зерттеледі. Бірақ лексикология мен грамматиканың әрқайсысы сөзді әр басқа тұрғыдан алып қарастырады, түрліше талдау жасайды. Мысалы, *көр, әлеумет* деген сөздердің грамматика үшін басты жақтары мыналар: *көр* сөзі — етістік, оның ішінде сабақты етістік, бұйрық райда; кейде көмекші етістік қызметінде де жұмсалады (айтып көр, жазып көр); *әлеумет* — зат есім, жалпы есім, атау тұлғада, зат есімінің жекеше түрі, көптік жалғаусыз да көптік ұғымды білдіре алады. Ал лексикология бұл сөздерді тіптен басқаша жақтан қарастырады. Лексикология үшін аталған сөздердің басты жақтары мыналар: *көр* сөзі белгілі дәрежеде *қара, байқа* сөздерімен синонимдес болады да, зат есім мағынасындағы *көр* сөзімен омонимдес болады. Бұл сөз (етістік мағынасындағы көр) — шығу тегі жағынан қазақ тілінің төл сөзі. *Әлеумет* сөзі *қалайық, жұртшылық, көпшілік, халық, ел* деген сөздермен синонимдес болады. Қолданылу жағынан алғанда, көтеріңкі поэтикалық стильге тән сөз болып табылады.

Қорыта айтқанда, тіл білімінің лексикология саласы сөзді, біріншіден — мағынасы жағынан, екіншіден — шығу тегі жағынан, үшіншіден — қарым-қатынас жасауда қолданылу аясы мен шеңбері жағынан, төртіншіден — эксперссивті-стильдік сипаты мен қызметі жағынан қарастырып зерттейді. Демек, лексикология сөзді тілдің лексикалық единицасы ретінде қарастыра отырып, оны жан-жақты қамтиды. Сонымен, лексикология тілдегі сөздер және барлық сөздердің жиынтығы — сөздік құрам туралы, оның жасалып қалыптасуы және дамуы туралы ғылым болып саналады.

§2. СӨЗ ЖӘНЕ ОҒАН ТӘН БЕЛГІЛЕР

Сөз — өте-мөте күрделі тілдік единица. Оның күрделі табиғатын ашып айқындау үшін, ең алдымен, сөздің дыбыстық жағы мен мағыналық жағының ара қатысын және сөздің мағынасы мен ол арқылы білдірілетін ұғымның ара қатысын айқындап алу қажет. Сөздің екі жағы бар: оның бірі — сөздің дыбысталу жағы, екіншісі — сөздің мағыналық жағы. Дыбысталу (тіл дыбыстарының тіркесі) сөздің материалдық жағын құрастырса, мағына (мазмұн) сөздің идеалдық жағын құрайды. Екі жақ — дыбысталу мен мағына сөздің бір-бірінен бөлінбейтін

бөлшектері. Осы екі жақтың бірлігі — сөздің өмір сүруінің және қызмет етуінің шарты. Демек сөз — дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын тілдік дербес единица.

Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар адам санасына, оның ойлауына сәулесін түсіріп, бейнеленеді. Олар туралы ұғым пайда болады. Ұғым — заттың немесе құбылыстың жай ғана бейнесі емес, олардың басты белгілерінің ойда қорытылып, топшыланған (жалпыланған) бейнесі. Ұғым тілде сөз арқылы айтылады, сөз мағынасында тіркеледі, бекітіледі. Осы мағынада сөз шындық болмысты (действительность) бейнелейді. Белгілі бір ұғымдарды білдіретін және ол ұғымдарды өзінің мағыналарында бейнелейтін (сәулелендіретін) сөздер өздері белгілейтін ұғымдар арқылы шындық болмыстың белгілі бір жақтарын, ондағы құбылыстар мен заттарды топшылап бейнелейді.

Сөздің табиғатын түсіну үшін, оның (сөздің) жалпылаушы қызметіне назар аудару қажет. Сөз жеке затты немесе құбылысты ғана емес, сонымен бірге бір тектес заттардың тобын да атайды. Мысалы, *тау, орындық, үй* деген сөздер белгілі бір жеке заттарды атауы да мүмкін және осы категорияларға енетін заттардың күллісін бірдей атауы да мүмкін. *Тау* деген сөз, мысалы, біз басына шыққан *белгі бір тауды да, жалпы тау атаулыны* да білдіреді. Бұл ретте, *тау биік пе,* аласа ма, орманды да, ормансыз ба, қарлы ма, қарсыз ба — ол жағы тәптіштелмей, *жалпы тау* атаулы жалпылама аталады. *Орындық, үй* деген сөздер белгілі бір орындықты, белгілі бір үйді ғана атап қоймайды, сонымен бірге жалпы орындық, жалпы үй атаулының бәрінің бірдей атауы ретінде де қызмет атқарады.

Сөз затты немесе құбылысты атайды, ұғымды білдіреді, онда белгілі бір мағына (немесе мағыналар) болады. Сөздің бірдемені белгілеуі (атауы) үшін оның дыбыстардың тіркесімен берілуі, яғни материалдық жағының болуы шарт. Сөз өзінің мағынасы арқылы ұғыммен тығыз байланысты болады. Сөздің мағынасы мен білдіретін ұғымы, әрине, тепе-тең емес. «Мағына ұғыммен бірігіп кетпейді, оның болуын аңғартады»[1]. Сөздің табиғатын жете түсіну үшін, онымен аталатын зат пен оның білдіретін ұғымының (немесе мағынасының) және оның дыбыстық жағының бір-бірімен ара қатысын айқындап алу қажет. Бұлардың ара қатысын былайша көрсетуге болады: зат (нәрсе) — ой (мысль) немесе мән-мағына (смысл) — дыбыс (немесе дыбыстардың тіркесі).

Ой немесе мән-мағына (смысл) ойлаушының бар екендігін аңғартады. Ойлаушы болмаған жерде, ойдың (ұғымның, мән-мағынаның) болуы, әрине, мүмкін емес. Ал дыбыс (немесе дыбыстардың тіркесі) затты белгілеуші ретінде жұмсалады. Дыбыстардың тіркесінің затты белгілеуі өзінен-өзі бола салмайды, ойлаушы (адамдардың коллективі) арқылы іске асады. Заттар мен құбылыстар адам санасына (ойлауына) әсер етіп, сәулесін түсіреді де, олардың басты белгілерінің онда қорытылып, топшыланған бейнесі — ұғым пайда болады. Ұғым адамдардың қоғамдық практикасы арқылы сөзге мағына түрінде бекітіледі.

Әрбір сөзде белгілі бір мағына болады дедік. Заттар мен құбылыстар сөз арқылы белгіленеді де, сөздердің білдіретін ұғымы мен мағынасы арқылы белгілі болады. Зат пен құбылыс болмаған жерде немесе олардың ұғымы болмаған жерде, сөз де болмайды. Заттар мен құбылыстар тілдегі сөздерден тыс және оларға тәуелсіз өмір сүреді, бірақ олар сөздер арқылы аталады, сөздердің білдіретін ұғымдары мен мағыналары арқылы аңғарылады. Бізді қоршаған дүниедегі заттармен, құбылыстармен және олардың алуан түрлі белгілерімен адам баласы өзінің қоғамдық өмірі мен тәжірибесінде, еңбек процесінде танысады, оларды ұғынып білуге мүмкіндік алады. Сол заттар мен құбылыстардың және олардың белгілерінің өмірде қолданылуы мен түсінілуіндегі ең басты қасиеті мен ролі сөз мағыналарында қоғамдық ұғыныс (общественное понимание) ретінде бейнеленеді. Осылай болғандықтан, сөз мағынасын белгілі бір тілде сөйлеуші коллектив мүшелерінің әр қайсысы әр басқа түрде емес, біркелкі түсінеді. Әрбір тілдегі сөздер сол тілді жасаушы, сол тілді қолданушы коллективтің (халықтың немесе ұлттың) барлық мүшелеріне бірдей ортақ, бірдей түсінікті бола алады. Егер тілдегі сөздердің мағыналарын әркім әр басқа түсінетін болса, онда ол тілде сөйлесу, қатынас жасау, өз ара ұғынысу мүмкін болмаған болар еді.

Сонымен, сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз дыбыстық комплекстің, ақиқат өмірдегі құбылыстардың бірімен белгілі бір тілде сөйлеуші коллектив арқылы белгіленген байланысы болып саналады[1]. Дыбыстардың тіркесі (сөз) белгілі бір затқа немесе құбылысқа атау ретінде бекітіледі. Бірақ дыбыс тіркесі (сөз) өзі белгілеген заттың немесе құбылыстың қасиеті мен сапаларын көрсетпейді. Басқаша айтқанда, дыбысталудың табиғаты (природа звучания) мен белгіленетін заттың табиғатының арасында тікелей етене байланыс болмайды. Сондықтан да К. Маркс заттың атының оның (заттың) табиғатымен ешқандай ұқсастығы, байланысы болмайды дейді[2]. Дыбыс тіркесі (сөз) мен заттың арасында ешқандай табиғи байланыс болмағандықтан, дүние жүзіндегі әр алуан тілдерде белгілі бір зат немесе құбылыс әр басқа сөзбен аталады. Мысалы, суда өмір сүретін жәндіктің бір түрі қазақ тілінде «балық» деп аталса,

---

А. А. Абрамян. Значение как категория семиотики. — «Вопросы философии», 1965, № 1, стр. 82.

[1] *Е. М. Галкина-Федорук.* Современный русский язык (лексика). Издательство МГУ, 1954, стр. 47.

[2] *К. Маркс.* Капитал, т I, Госполитиздат, 1955, стр. 107.

орыс тілінде —«рыба», неміс тілінде —«Fisch», француз тілінде «poisson» делініп, бір ғана жәндік әр түрлі тілдерде әр басқа лексикалық единицалармен (сөздермен) белгіленген. Егер дыбыс тіркесі өзі белгілейтін заттың немесе құбылыстың табиғатын бейнелеп, онымен етене байланыста болса, онда белгілі бір зат немесе құбылыс дүние жүзіндегі тілдерде бір ғана сөзбен аталған болар еді де, олардың (тілдердің) лексикалық айырмашылығы болмаған болар еді. Егер әрбір сөз өзінің дыбыстық құрамымен заттың табиғи қасиетін бейнелесе, онда сөз мағынасының ауысуы, келтірінді мағынада қолданылуы тіптен мүмкін болмас еді; онда бір ғана затты не құбылысты әр жақтан атайтын мәндес сөздер — синонимдер де (қазақ тілінде: *көмек — жәрдем*; орыс тілінде *тощий — худой*), басқа-басқа мағыналы, бірақ біркелкі дыбысталатын сөздер — омонимдер де (қазақ тілінде: *тамақ I* —«ас, тағам», *тамақ II*— «иектің астыңғы жағы, ас өтетін қуыс»; орыс тілінде *ключ I*—«бұлақ, қайнар көз», *ключ II*—«кілт») болмаған болар еді.

Сонымен сөздің дыбысталу табиғаты және онымен белгіленіп отырған заттың арасында тапжылмастай тікелей байланыс болмайды. Рас, белгілі бір сөздің белгілі бір мағынамен байланысы болады. Ол байланысты сөздің мағыналық жағы мен дыбыстық жағының арасындағы қалыптасқан қатынас, тарихи байланыс деп түсіну дұрыс болмақ.

Зат немесе құбылыс дыбыс тіркесімен (сөзбен) белгіленгенде, атауға сол заттың я құбылыстың белгілі бір белгісі негіз болады. Әрбір тілде атауға (наименование) белгіленетін заттың немесе құбылыстың, әдетте, әр түрлі белгісі негіз болады да, осыған орай бір зат әр түрлі тілдерде әр басқа сөздермен аталады. Мысалы, орыс тілінде *стол* деген сөз «төсеу, жаю» деген мағынадағы *стлать* деген етістікпен байланысты болса, ағылшын тіліндегі *table* латынның «тақта» («доска») деген мағынадағы сөзімен байланысты; грекше *trapeza* («стол») «төрт бұрышты» дегенді аңғартады. Алғашқы қар жауып, суық түскен кезде солтүстіктен ауып келетін суық торғайды орыстар *снегирь* деп атайды да, сербтер *зимовка* деп атайды. Бұл құсты атау үшін орыстар *қар* («снег») деген белгіні негіз етіп алса, сербтер жалпы *қыс* («зима») деген белгіні негізге алған. Неміс тілінде бұл құс *Ecinpel* деп аталады. Бұл өз этимологиялық жақтан «секіру» деген мағынадағы *gumpen* етістікпен байланысады[1].

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды мынау: зат немесе құбылыс тілде сөзбен аталғанда, өз бойында бар я өзіне қатысты айрықша бір белгісі бойынша аталады. В. И. Ленин Л. Фейербахтың кітабынан мына бір жолдарды жазып алып, оның тұсына «жақсы айтылған» деп белгі қояды: «Сезім арқылы қабылдау *затты* береді, ал ақыл-ой оған *ат* береді. Сезімдік

[1] *Л. А. Булаховский.* Введение в языкознание, М., 1953, стр. 10

арқылы қабылдауда жоқ нәрсе ақыл-ойда да жоқ, бірақ сезімдік қабылдауда шын бар нәрсе ақыл-ойда номиналдық түрде, аты жағынан ғана болады. Ақыл-ой жоғары тұрған нәрсе, әлемнің әміршісі; бірақ шындық жағынан емес, аты жағынан ғана. Ал аты дегеніміз не? Ерекше белгі, көзге түсетін бір белгі, заттың өзімнің жан-жақты білуім үшін затты сипаттайтын бұл белгіні мен заттың өкілі етемін»[1].

Заттың аталуына негіз болған оның о бастағы белгісі уақыт озған сайын күңгірт тартып, ұмытыла бастайды. Осыдан келіп түбір сөздің этимологиясы[2] күңгірттенеді де, оның шығу тегі арнай зерттеудің нәтижесінде ғана айқындалады. Ал кептеген туынды сөздерге негіз болған белгі ашық-айқын аңғарылып тұрады. Мысалы, қазақ тілінде *орындық* деген зат атауы *орын* дегенмен байланыстырылса, орыс тілінде белгілі бір мамандықтың атаулы *столяр* деген сөз *стол* сөзімен байланыстырылады.

Сөз ұғымды білдіреді дедік. Сөз бен оның білдіретін ұғымның арасында белгілі бір қарым-қатынас болады, бірақ бұл екеуі бір емес. Мұны жете аңғару үшін ұғымнан сөзді (және оның мағынасын) ажырататын ерекшеліктер мен белгілерді айқындап алу қажет.

Ұғым сөздің негізінде туып өмір сүреді. Қандай бір сөзде болсын белгілі бір мағына болады, бірақ сөздердің барлығы бірдей ұғымды білдіре бермейді. Мысалы, одағай сөздерде белгілі бір мағына болғанымен, ұғымды білдіре алмайды. Кейбір шылау сөздердің де ұғымға қатысы болмайды. Мысалы, *Мына аттың желісі желіс-ақ екен!* деген сөйлемдегі *ақ* деген шылау сөзде күшейту мағынасы бар да, *Сәлемімді айттың ба?* деген *сөйлемдегі ба* деген шылау сөзде сұраулық мағына бар, бірақ бұлардың ешқайсысы да ұғымды білдірмейді.

Ойлау категориясы ретінде қаралатын ұғымда эмоциялық бояу болмайды. Ал сөз объективті шындықты ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге оған адамның алуан түрлі қатынасын, мысалы, сый-құрметін, сүйінішін, қуануын немесе, керісінше, ренішін, комсынуын, жек көруін және т. б. білдіре алады. Осыған орай, сөздің мағынасы алуан түрлі эмоциялық реңге ие болады. Мысалы, *әнсымақ, өлеңсымақ, білгішсіну* деген сөздерде менсінбеу, комсыну, жақтырмау тәрізді эмоциялық рең болса, *сәулетай, қалқатай* деген сөздерде тәуір көру, еркелетумен байланысты эмоциялық рең бар.

Ойлау категориясы ретінде қаралатын ұғым әр түрлі халықтардың, ұлттардың барлығына бірдей жалпылама ортақ болады. Ал сөз мағынасынан, керісінше, ұлттық сипат, ұлттық ерекшелік көрініп отырады. Әр басқа тілдегі бір тектес сөздер мағыналық мазмұны жағынан бір-біріне сәйкес келмеуі

[1] *В. И. Ленин.* Философиялық дәптерлер. Шығармалар, 38-том, 405-бет.
[2] Сөздің этимологиясы жайында 9-параграфты қараңыз.

мүмкін. Осыған орай, белгілі бір тілдегі бір сөзге басқа бір тілде екі немесе бірнеше сөздің сай келу құбылысы ұшыраса береді. Мысалы, орыс тілінің *ручка* деген бір сөзіне қазақ тілінің *тұтқа* және *қалам* деген екі сөзі сай келсе, керісінше, қазақ тілінің *қалың* деген бір сөзіне орыс тілінің *толстый* (мысалы: *қалың кітап — толстая книга), густой* (мысалы: *қалың шөп — густая трава)* деген екі-екі сөзі сай келеді. Алайда, мұның өзі орыс үшін *тұтқа* мен *қаламның* бір ұғым екенін немесе қазақ үшін *толстый* мен *густой* дегендердің бір ұғым екенін көрсетпейді. Мұнымен бірге, тілдегі осы тәріздес деректерге қарап, аталған ұғымдар орыста бір түрлі, қазақта екінші түрлі болады екен деп түсіну де қате болар еді. Мұның шынайы сыры мынада: әр басқа тілдерде сөздердің мағыналарында ұғымдардың ұштасып келуі түрліше болады. Белгілі бір тілдегі әрбір сөздің мағынасы сол тілдің семантикалық бүтін жүйесінің бөлшегі болып саналады. Сөз мағыналары тілдің лексика-семантикалық ерекшелігімен айқындалады. Белгілі бір сөздің мағынасына онымен мәндес басқа сөздер және сөздің грамматикалық табиғаты мен контексте қолданылу ерекшеліктері әсер етеді. Осы тұрғыдан қарастырғанда ғана, әрбір тілдегі сөздердің мағыналарындағы ерекшеліктерді дұрыс түсініп айқындауға болады.

Түрлі тілдердің лексикасында сөз бірнеше ұғымды білдіретін атау ретінде қолданылады. Керісінше, бірнеше сөз бір ұғымның атаулары ретінде жұмсалуы мүмкін. Мысалы, *байсалды, салмақты, сабырлы, байыпты* деген өз ара синонимдес сөздер — әр басқа ұғымды емес, бір ғана ұғымды білдіретін атаулар.

Ұғымның дара сөзбен ғана емес, сонымен бірге бірнеше сөз тіркесімен (тұрақты сез тіркесімен) белгіленуі мүмкін (мысалы, *қас пен көздің арасында* немесе *көзді ашып жұмғанша* деген тұрақты сөз тіркестері «лезде» деген ұғымды білдіреді).

Сөздің мағынасына оның белгілі бір лексика-грамматикалық топқа (сөз табына) телінуі де әсер етуі мүмкін. Сөздің лексикалық мағынасы сол сөздің грамматикалық мағыналарымен байланыста өмір сүреді. Сөз қай сөз табына қатысты болса, сол сөз табына тән грамматикалық мағыналар оның (сөздің) лексикалық мағынасына әсер етеді. Әрбір сөз табының өзіне тән семантикалық ерекшелігі болады және ол ерекшелік белгілі бір сөз табына қатысты жеке сөздердің лексика-грамматикалық мағынасынан нақтылы түрде көрінеді.

Ұғымнан сөзді және оның мағынасын ажырататын басты ерекшеліктер — міне, осылар. Бұл ерекшеліктердің бәрін де сөздің лингвистикалық табиғатынан келіп туған ерекшеліктер деп түсінген мақұл.

Сөздің тілдік табиғатын түсіну үшін, оған тән және оны тілдегі басқа единицалардан ажырататын белгілерді білу қажет. Ол белгілер мыналар:

1. Сөз белгілі бір дыбыстық құрылымның бірлігінен тұрады. Сөздің дыбыстық құрылымының бірлігі тілдің фонетикалық заңдарына орайласып жасалады. Қазақ тілінің фонетикалық заңы бойынша сөз басында екі дауыссыз дыбыс тіркесіп келмейді. Осыған орай, қазақ тілінде, мысалы, *нмол, тбол* деген дыбыс тіркестері лексикалық единицалар (сөздер) ретінде де таныла алмайды. Сөздің фонетикалық белгісіне екпін ұғымы да енеді. Атауыш сөздер (немесе толық мағыналы, дербес сөздер), әдетте, екпінге ие болады. Сөздердің ішінде дербес екпінге ие бола алмайтындар — көмекші сөздер. Егер күрделі сөз екі екпінге ие болса, онда оның бірі негізгі, екіншісі көмекші екпін болады. Сөз өзінің фонетикалық тұлғалануы мен құрылымы жағынан фонемадан ажыратылса, бір негізгі екпінге ие болуы жағынан (атауыш сөз) сөз тіркесінен ажыратылады.

2. Сөздің дыбысталудан басқа жағы да бар: ол — мағына. Сөз дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұрады. Қандай бір сөз болсын, ол белгілі бір мағынаны білдіреді. Мағынаны білдіру жағынан сөз фонемадан ажыратылады. Фонема мағынаны білдіре алмайды. Ол сөз құрамында мағына ажыратушылық қызмет атқарады.

3. Белгілі бір тілдегі сөз сол тілдің грамматикалық заңдары бойынша тұлғаланады да, өзіне тән формаларының бірінде көріне алады.. Сөз — грамматикалық жағынан бір тұтас тұлғаланған единица. Сөз бір тұтас тұлғалану қасиеті жағынан еркін сөз тіркесінен де, тұрақты сөз тіркесінен де ажыратылады.

4. Сөз құрылымдық тұйықтылығымен, яғни өзінің құрамына басқа бір сөзді ендірмеу қасиетімен сипатталады. Бір тұтас сөздің ішіне, оның мағыналық бөлшектерінің (морфемалардың) аралығына, әдетте, басқа бір сөз ене алмайды. Ал сөз тіркесінің сыңарларының аралығына басқа бір сөздің енуі әбден ықтимал. Мына мысалдарды салыстырыңыз: *ауыл — ауылға бару, ауылға дейін бару; мектеп — мектептің оқушысы, мектептің барлық оқушысы* және т. б.

5. Сөздің морфема мен еркін сөз тіркесінен және сөйлемнен тағы бір айырмашылығы мынада: сөз қалай да болсын, белгілі бір сөз табына қатысты болады, соған телінеді. Мысалы: *адам, адамгершілік, құс, боз торғай, тасбақа* — зат есімдер; *ақ, қара, қызыл, батыл, білгір, сезгіш, қарлы, сұлы, жаңбырлы* — сын есімдер; *бір, он, еду, жүз, елу мың бес жүз* — сан есімдер; *мен, сен, ол, кейбіреу, бірнешеу, әрқашан, өзі* — есімдіктер; *жүр, оқы, тыңда, көр, сөйле, тақтайла, шегеле* — етістіктер; *зорға, жатқа, текке, кешке, кейде, лезде, шалқасынан, келтесінен* — үстеулер; *дейін, қарай, таман, кейін, соң* — септеуліктер және т. б. Сонымен, сөздің белгілі бір лексика-грамматикалық топқа (сөз табына) телінуі оның басты белгілерінің бірі болып саналады.

6. Сөз сөйлеу кезінде жасалмайды, даяр тұрған тұтас единица ретінде жұмсалады. Ол даяр күйінде сөз тіркесінің немесе

сөйлемнің құрамында қолданылады. Еркін сөз тіркесі мен сөйлем сөйлеу кезінде құрастырылса, сөз өзінен күрделі единицалар — сөз тіркесі мен сөйлемнің құрамына бұрыннан бар даяр қалпында енеді. Сөз сөйлеу кезінде құрастырылмай, даяр күйінде жұмсалу қасиеті жағынан фразеологиялық оралымдармен ұқсас болып келеді. Бірақ, фразеологиялық оралымдар — сөзден басқаша өзіндік ерекшеліктері бар құбылыс (фразеологиялық оралымдар жайында осы тараудың соңында айтылады).

Сонымен, сөзге тән белгілер жоғарыда аталған белгілердің жиынтығынан құралады. Сөз тілдегі басқа единицалардан осы белгілері бойынша ажыратылады[1].

§3. СӨЗДЕРДІҢ ТИПТЕРІ МЕН ВАРИАНТТАРЫ

Сөз, жоғарыда атап өткеніміздей, өте күрделі құбылыс. Тілде олардың топтары мен түрлері (типтері) көп. Сөздердің типтерін ажыратып айқындау лексикологияның көбіне-көп қарастыратыны қандай сөздер екенін білу үшін қажет. Тілдегі сөздерді білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі және ұғымды белгілеуі жағынан алып қарастырғанда, оларды әр түрлі топтарға (немесе типтерге) бөліп топтастыруға болады. Тілдегі сөздердің басым көпшілігі өмірдегі сан алуан құбылыстарды (зат, сапа, белгі, іс-әрекет) белгілейді, солардың атаулары ретінде қызмет атқарады. Әдетте, ондай сөздер *дербес сөздер* немесе *толық мағыналы сөздер* деп аталады. Сөздердің лексика-грамматикалық мұндай топтары тіл білімінде кейде *атауыш сөздер* (знаменательные слова) деп те аталады. Атауыш сөздер әр алуан заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттің, сапа мен белгінің аттары болып саналады. Сөздердің бұл тобына енетіндер: зат есім мен сын есім, етістік пен үстеу сөздер. Атауыш сөздердің әрқайсысында толық лексикалық мағына және логикалық ұғым бар. Демек, сөздердің бұл тобы дербестігін мейлінше сақтаған сөздер ретінде танылады.

Атауыш (немесе дербес) сөздерге қарама-қарсы сөздер тобы — *көмекші сөздер*. Көмекші сөздер тобына әр түрлі тілдердегі жалғаулықтар (союзы), демеуліктер (частицы), септеулік шылаулар (послелоги), көмекші етістіктер, предлогтар және артикльдер енеді. Көмекші сөздерде мағыналық жақтан лексикалық дербестілік жетіспейді, бірақ олардың алуан түрлі грамматикалық мағыналары болады. Көмекші сөздердің кейбіреулері сөз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстырса, қайсыбіреулері тіркескен сөзіне әр түрлі грамматикалық мағына үстейді. Демек, олардың лексикалық (атаулық қызметі) жағынан гөрі грамматикалық жағы басымырақ болады. Осы ерекшелігі ескеріліп, көмекші сөздер тіл білімінің көбінесе грамматика саласында қарастырылады. Олардың бірсыпырасы логикалық ұғымды білдіре алмайды.

[1] Сөз және оған тән белгілер жайында әдебиеттер: *А. И. Смирницкий.* К вопросу о слове (проблема «отдельности слова») —Сб. «Вопросы истории и теории языка...» М., 1952; *А. И. Смирницкий.* К вопросу о слове (проблема торжества слова). —«Труды института языкознания АН СССР», т. 4, 1954; *О. С. Ахманова.* Еще к вопросу о слове как основной единице языка. —«Вестник МГУ». 1955, № 1; *М. В. Панов.* О слове как единице языка. «Ученые записки МГПИ им. Потемкина», т. 51, 1956; *В. М. Жирмунский.* О границах слова. —«Вопросы языкознания», 1961, № 3; *К. А. Левковская.* Теория слова. Изд. «Высшая школа», М., 1961; *П. С. Попов.* Значение слова и понятие. —«Вопросы языкознания», 1955, № 6; *С. Д. Кацнельсон.* Содержание слова, значение обозначение. Л., 1965; *Г. В. Колшанский.* Семантика слова в логическом аспекте. Сб. «Язык и мышление». М., 1967.

Сөздердің осы екі түрінің аралығынан орын алатын сөздер тобы мыналар: есімдік, сан есім және одағай сөздер. Сөздердің бұл тобында оларды атауыш сөздерге де, көмекші сөздерге де жақындататын белгілер бар. Есімдік, сан есім, одағай сөздердің көмекші сөздерге қарағанда, дербестігі әлдеқайда басым. Бұл белгісі жағынан олар атауыш сөздермен жақындасады. Ал бұлардың (есімдік, сан есім, одағай) көмекші сөздерге жақын белгісі сол: олар дербес сөздер болғанмен, өздері қатысты атауыш сөздердің көлеңкесін сағалайды, солардың шылауында көрінеді (мысалы: *ол, яғни инженер,* немесе *агроном*; *он, яғни он қалам* немесе *саусақ)*; мұның үстіне олардың тағы мынадай ерекшелігі бар: есімдіктер заттың немесе құбылыстың тікелей атауы емес, атаулардың орынбасары; есім сөздердің (зат есім мен сын есімнің және сан есімнің) орнына жүретін сөздер. Есімдіктердің мағынасы контексте, сөйлемде ғана анықталады. Мысалы: *Шалқармен әңгімелестім, ол көп кітап оқыпты.* Осы мысалдағы *ол* деген есімдіктің нақтылы мағынасы *(адам, Шалқар)* сөйлемде оның алдыңғы сыңары арқылы ғана айқындалып тұр. Демек, есімдіктің номинативті (атау) қызметі зат немесе құбылыстың аты — зат есімдерден, сын мен сапаның аты — сын есімдерден, іс-әрекеттің аты — етістіктерден тіптен басқаша. Есімдіктер тура атаулардың өздері емес, олар аталып қойғандарды меңзеу арқылы білдіреді, олардың орнын басатын атаулар ретінде қызмет атқарады.

Есімдіктердің білдіретін ұғымдары тым жалпы. Олардың ұғымы мен мағынасы алдыңғы сөйлемдегі сөз арқылы немесе бүтіндей алдыңғы сөйлем арқылы белгілі бола алады. Сондайақ, сан туралы ұғымның өзі де, оларды белгілейтін сан есімдер де тіл-тілде өте абстракті. Мысалы, *бір, он, жиырма, елу, жүз, он мың* деген сан есімдер басқа сөздермен тіркеспей тұрғанда, сан туралы тек жалпы ұғымды ғана білдіре алады. Олардың сандық белгісінің мазмұны заттық мағынадағы сөздермен тіркескенде ғана, нақтыланып дәлденеді. Мысалы: *Венера Күнді 225 күнде айналып шығады. Москва 1147 жылы салынды.*

Ал одағай сөздер болса, олар зат пен сынды да, сан мен қимылды да білдіре алмайды. Одағайлар — қуану мен шаттану, ренжу мен өкіну, шошыну мен күрсіну, ұнату мен таңырқау тәрізді көңіл күйін, әр түрлі эмоцияны білдіреді. Бірақ одағайлар

бұлардың ешқайсысының да аты (атауы) емес. Одағайлар ешбір ұғымды да білдірмейді олардың номинативті (атау болу) қызметі де жоқ. Одағайлар адамның түрлі сезімін, сан алуан көңіл күйін білдірумен байланысты айрықша интонациямен айтылып, эмоциональды-экспрессивті қызмет атқарады. Осы қызметіне орай, оларды (одағайларды) стилистикалық тұрғыдан белгілі дәрежеде лексикология да қарастырады. Бірақ олар лексикология үшін негізгі, басты мәселе болып саналмайды. Сондай-ақ тілдегі артикльдер мен предлогтар, септеуліктер мен жалғаулықтар, демеуліктер мен көмекші етістіктер тіл білімінің лексикология саласы үшін ең басты мәселе бола алмайды. Рас, көмекші сөздердің аталған топтары да сөз атаулының қатарына енеді. Демек, бұлардың әрқайсысы да лексикалық единица ретінде танылады. Осылай болғандықтан, көмекші сөздер де белгілі дәрежеде лексикологияда қарастырылуға тиіс. Бірақ, сөздердің аталған топтарының, жоғарыда көрсетілгеніндей, лексикалық жағынан гөрі грамматикалық қасиеті мен қызметі басымырақ. Олар тілде көмекші морфемалар тәрізді қызмет атқарады. Көмекші сөздердің осы ерекшелігі ескеріліп, олар тіл білімінің көбінесе грамматика саласында қарастырылады.

Тіл білімінің лексикология саласының сөздердің ішінде көбіне-көп қарастыратыны — заттар мен құбылыстардың және олардың алуан түрлі белгілерінің атаулары болып саналатын атауыш (немесе дербес) сөздер (зат есімдер мен сын есімдер, етістіктер мен үстеулер). Атауыш сөздер, қай тілдің болсын, сөздік құрамының негізгі тірегі, ұйытқысы. Олар туынды сөздердің жасалуында да негізгі ұйытқы ретінде қызмет атқарады. Қай тілдің сөздігін алып қарасақ та, солардың ішінде ең көбі— осы атауыш сөздер. Олар әрбір тілдің лексикасын құрастырушы негізгі топ, басты ұйытқы.

Әрбір тілдегі полисемия мен омонимдер, синонимдер мен антонимдер, терминдер мен фразеологиялық оралымдар (тұрақты сөз тіркестері) көбінесе атауыш сөздер тобына негізделеді. Осыған орай, аталған лексикологиялық ұғымдар атауыш сөздер тобымен байланысты және солардың негізінде қарастырылады.

Сөздердің жоғарыда аталған типтерімен бірге фонетикалық варианттары және морфологиялық варианттары бар.

1. **Сөздің фонетикалық варианттары**. Бір сөздің түрліше дыбысталуы оның фонетикалық варианттары болып саналады. Қазақ тілінде, мысалы, сөздің мынадай фонетикалық варианттары бар: *дейін — шейін, мұны — бұны, мұнан — бұдан, оқиға — уақиға, кәзір — қазір, әжім — ажым, әлдеқашан — алдақашан, әрдайым — әрдәйім, бәйшешек — байшешек, бәйге — бәйгі, былғары — бұлғары, бірдеңе — бірдеме, ділмар — тілмар, едәуір — недәуір — едәуір, есі-дерті, есіл-дерті, ештеме — ештеңе, жүзім — үзім, зәбір — жәбір, келемеж — келемеш, кәрия — қария, киіз-кигіз, қамзол — кемзал, қартаң — кәртең, қате — қата, пейіл — бейіл, риза — ырза — разы, рұқсат — лұқсат, суару — сугару, сүйінші — шүйінші* т. б. Орыс тіліндегі сөздердің варианттары: *галоши — калоши, внутреннее — внутренно, ноль — нуль, искренне — искренно, матрас — матрац, тожество — тождество, туризм — трюизм, цыганы — цыгане, шкаф — шкап, этак — эдак, линовать — линевать, холостецкий — холостяцкий, бутсы — буцы.*

Бір сөздің әр түрлі фонетикалық варианттары кейде өз алдына дербес лексикалық единицаларға (сөздерге) айналуы да мүмкін. Қазақ тілінде алғашында бір сөздің фонетикалық варианттары ретінде қолданылып жүрген түрлері, мысалы, *өкімет* (власть), *үкімет* (правительство); *қазір* (сейчас), *әзір* (пока); *ғылым* (наука), *ілім* (учение) дегендердің әрқайсысы қазірде өз алдына мағынасы бар, бөлек-бөлек лексикалық единицалар (өз алдына жеке сөздер) ретінде ұғынылады.

2. **Сөздің морфологиялық варианттары.** Бір сөздің морфологиялық құрылысы (морфологические строения) әр түрлі болғанымен, іштей, яғни семантикалық жақтан, айырмашылығы болмайтын түрлері оның (сөздің) морфологиялық варианттары болып саналады. Мысалы, орыс тілінде сөздің мынадай морфологиялық варианттары бар: *зал — зала, рельс-рельса, перифраз — перифраза, санаторий — санатория, спазм — спазма, стернь — стерня, редис — редиска, анекдотический — анекдотичный, архаический — архаичный, дипломатический — дипломатичный, крошечный — крохотный, невозвратимый — невозвратный*[1].

Сөз әр түрлі фонетикалық және морфологиялық варианта жұмсалғанымен, ол варианттар әр басқа сөздер ретінде емес, әдетте, бір сөз ретінде танылады. Сөздің фонетикалық және морфологиялық варианттары болуымен бірге, оның мағыналарының түрлері де бар. Енді сөз мағыналарының түрлері туралы мәселеге келейік.

§4. ПОЛИСЕМИЯ ЖӘНЕ СӨЗДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ (ТИПТЕРІ)

Тіл-тілдің сөздік құрамында бір емес, бірнеше лексикалық мағыналары бар сөздері жиі ұшырасады, Сөздің лексикалық мағыналарының әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болады. Түсінікті болу үшін, мына бір мысалдарға назар аударалық: 1. *Ананың сүті* — бал, *баланың тілі* — бал (мақал); 2. *Сүйемін туған тілді — анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім* (Сұлтанмахмұт). Бірінші мысалда *ана* деген сөз «шеше» деген мағынаны білдірсе, екінші мысалда басқа бір мағына —«туған» дегенді білдіреді. Қазақ тіліндегі *ана тілі* деген сөз тіркесінің мағынасы орыс тіліндегі *родной язык* деген сөз тіркесінің мағы-

[1] *О. С. Ахманова.* О фонетических и морфологических вариантах слова.— Сб. «Академику В. В. Виноградову», М., 1956, стр. 51—56.

насына сәйкес келеді. *Ана* деген сездің әр түрлі мағыналары бір-бірінен семантикалық әр тектестік жағынан ғана емес, қолданылуы, басқа сөздермен тіркесіп жұмсалуы жағынан да ажыратылады. Бұл сөз «шеше» деген мағынасында алуан түрлі сөздермен тіркесіп жұмсала берсе (мысалы: *ананың пейілі, ананың арманы, ананың бақыты, ананың қуанышы, ардагер ана, сүйікті ана, қымбатты ана* және т. б.), «туған» («родной») деген мағынасында *тіл* деген сөзбен ғана (мысалы: *ана тілі*) тіркесіп жұмсалады. *Ана* деген сөздің «туған» деген мағынасының мынадай ерекшелігіне назар аудару қажет: бұл сөз «туған» деген мағынаға *тіл* деген сөзден басқа сөздермен тіркескенде емес, тек осы сөзбен (тіл) тіркескенде ғана, ие бола алады. Демек, сөздің негізгі мағынасының үстіне қосымша мағынаның үстелуі оның (сөздің) кейбір сөздермен тіркесіп жұмсалуынан келіп туады. Сөздің белгілі бір сөздермен тіркесуінен туған қосымша мағынасы оның негізгі мағынасынан басқаша сипатқа ие болады. Сөз бұдан басқа да себептер мен тәсілдер бойынша қосымша мағынаға ие болуы мүмкін (сөз мағынасының өзгеруінің себептері мен тәсілдері жайында келесі параграфты қараңыз).

Сонымен, сөз негізгі мағынасынан басқа туынды мағыналарға ие болып, әр түрлі мағыналарда қолданылуға икем келеді. Әр түрлі мағынасы бар сөз полисемантизмді (көп мағыналы) сөз деп аталады. Ал жалпы көп мағыналық құбылысы полисемия[1] құбылысы деп аталады. Полисемия күллі тілдердің бәрінде де бар. Дүние жүзіндегі әр түрлі тілдердің сөздіктерін алып қарасаңыз, солардың әр қайсысынан да полисемантизмді сөздерді жиі кездестіресіз. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен «Орыс тілінің түсіндірме сөздігіндегі» мына бір сөздердің мағыналарына және олардың талданып түсіндірілуіне назар аударалық:

«Бас зат. 1. Адам мен айуан дүниесінің көз, мұрын, ауыз, құлақ, ми орналасқан мүшесі. *Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде* (мақал). *Басы-көзі қан боп, Арқа-басы шаң боп, Және тұрды жалпылдап* (Абай). 2. Шөптің, ағаштың түрлі өсімдіктердің ең жоғары жағы, төбесі, ұшы. *Сыбдырлады көк жапырақ, Ағашына берген сән.* Дәл басында құстай ұшып *Мәз болады, шырқайды ән* (Саин). 3. Таудың, қырдың, мұнараның т. б. нәрселердің төбесі, биік жері, ең үсті. *Шырқайын деп шығып ем Майтөбенің басына. Жаңғырықсын дауысым Алатаудың тасына* (Жамбыл), *Тұрды солдат бір жап-жас Қыр басында ойқастап* (Саин), 4. Өзеннің, бұлақтың басталған жері, жоғарғы жағы. *Шу өзенінің басы Алатаудан басталады* (СССР геогр.). 5. Таяқтың т. б. сондай нәрселердің жуандау, жұмырлау жағы, *Шал таяғының басымен жыланды бір салып өлтірді.* 6. Балтаның, пышақтың, шоттың т. б. саймандардың жүзі бар жағы. *Ұзын сапты айбалтаның басы асыл құрыштан істелінті* (Мұқанов). 7. Бір нәрсенің айналасы, қасы. *Жалқауға от басы айшылық жер* (мақал). *Еңбек оты ток басында жайнады, Шырқап әнге ел бұлбұлы сайрады* (Саин). 8. Кісінің жеке дара өзі, адам. *Басы аманның малы түгел* (мақал).

[1] *Полисемия* — грек тілінің poly — «көп» және sema «белгі» деген сөздерінен жасалған термин; көп мағыналық дегенді білдіреді.

9. Сан мөлшерімен есептегендегі дана. *Сиырдың саны 1,5 миллион бас.* 10. Атқаратын қызметі жағынан жоғары, басқару ісін жүргізуші. *Қайсар үй салатын бас инженер боп бекітілген жоғарыдан жолдама алып* (Жароков). 11. Негізгі, ең үлкен. *Азаттық қозғалыстың бас жауы — буржуазияның өзі басқаша болып, мықтап өзгерді* (БК) б (П тар). 12. Бір нәрсенің бастамасы, алғашқы кезі. *Істің басы байлы болса, аяғы сайлы болар* (мақал). *Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай, Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай* (Абай).

Редакциясын проф. Д. Н. Ушаков басқарған «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінен» осы тәріздес мысал келтірейік:

«Голова, ы, вин. голову, мн. головы, голов, головам, ж. 1. Верхняя часть тела человека или животного, состоящая из черепной коробки и лица. *Повернуть голову. Г. у Ивана Ивановича похожа на редьку хвостом вниз; г. Ивана Никифоровича на редьку хвостом вверх.* Ггль. Черепная коробка. *Бить по голове. Лысая г.* Черепная коробка, как вместилище мозга с нервами и сосудами. *Боль в голове. Г. болит. На свежую голову заняться чем-н. Встал со свежей головой.* 2. Эта часть тела, как единица счета (скота). *Сто голов рогатого скота.* 3. перен. Умственные способности, ум разум; сознание. *Г. у него работает хорошо. У меня этого даже и в голове не было. Мне пришли в голову мысль. Работать головой. Он — малый с головой.* Грбдв. Человек, как носитель каких — н. качеств. способностей (разг). *Тупая г. Светлая г. Смелая г. Горячих дюжина голов.* Грбдв. *Гуляй, казацкая с.!* Ггль. Человек умный, с большим умом (разг). *Г. какой в России нету.* Грбдв. 4, перен в некрых разг. и ритор. выражениях употр. как символ жизни, существования, здоровья. *Ему не сносить головы* (см, сносить). *Поплатиться головой. Ручаться за что — н. За коммуну не желеют головы* .Д. Бднй. *Сложить голову* (см. сложить). 5. м., перен. Руководитель, хозяйн (разг). *Сам себе г. Всему делу г.* 6. м (вин также и голову). Выборный руководитель начальник самоуправления (дореволюц). *Городской г.* 7. Передняя часть, передовой отряд чего— н. (спец.). *Г. Пехотный колонны.* 8. чего. Известное количество какого — н. вещества (съедобного) в форме шара или конуса, имеющее нек-рое сходство по виду с человеческой головой. *Г. сахара. Г. сыра».*

Осылар тәріздес көп мағыналы сөздер басқа да тілдердің сөздіктерінде кездесе береді. Әрбір тілде мұндай көп мағыналы сөздердің жиі ұшырауы неліктен, олар қалай пайда болған деген сұрақ туады.

Адам баласы қоғамының даму барысында тіл де дамиды, оның лексикасы да дамиды. Өзгеру мен даму тілдің лексикасындағы сөздердің мағыналық жағына да қатысты болады. Адамдар өзін қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды, олардың алуан түрлі сырлары мен белгілерін, әрине, бірден танып білген емес. Заттар мен құбылыстар және олардың бір-біріне қатысы мен байланысы, әр түрлі белгілері мен сыр-сипаты адам баласы қоғамының даму барысында біртіндеп танылып отырады. Жаңадан танылған заттар мен құбылыстардың тілде сөзбен аталу қажеттілігі әр уақытта жаңа сөздерді тудыра бермейді. Олар көбінесе тілдің негізгі сөздік қорында бұрыннан бір сөздермен аталады да, ол сөздердің бұрынғы қалыптасқан негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі. Мынадай бір мысал келтірейік: орыс тіліндегі *спутник* деген сөз дағдылы мағынасында «жолға бірге шыққан адам» дегенді білдіреді. Бұл — оның бұрыннан бар, әбден қалыптасқан негізгі мағынасы. *Спут-*

ник деген сөздің басқа туынды, келтірінді мағыналарын былай қойғанның өзінде, бұл сөзге кейінгі кезде жаңа бір мағына үстелді. Ол мағына ғылым мен техниканың орасан зор жетістігі, үлкен табысымен байланысты. Мысалы: «Советский Спутник», «Искусственный спутник земли».

Сөздің мағыналық жақтан дамуы, мағыналық «жүк» жинауы бүтіндей тілдің дамуы сияқты, жаңа сапа элементтерінің біртіндеп қор жинау жолымен іске асады. Сөздің түрлі-түрлі мағынада қолданылуға икемділігі оның жалпылаушы (обобщающий) қасиетімен тығыз байланысты. Сөздің жалпылаушы қасиеті оның (сөздің) бұрынғы негізгі мағынасының үстіне туынды жаңа мағыналардың қосылуына мүмкіндік береді. Мұнан әр түрлі мағынада қолданылуға икемділік сөздің өз табиғатында бар қасиет екені аңғарылады.

Марксистік диалектикалық метод шындық өмірдегі алуан түрлі заттар мен құбылыстар өз ара шарттас, бір-бірімен байланыста болады деп үйретеді. Ал, заттар мен құбылыстар сөзбен аталғанда, өздерінде бар белгілері бойынша аталады. Бір заттың немесе құбылыстың бойындағы белгілердің бірі немесе бірнешеуі басқа бір заттың не құбылыстың бойындағы белгілердің бірі немесе бірнешеуімен ұқсас келуі мүмкін. Осыған орай, екінші заттың да (не құбылыстың) бірінші заттың атауымен (сөзбен) аталуы — заңды құбылыс. Сонымен, сөз белгілі бір заттың не құбылыстың арнаулы атауы бола отырып, ұқсас белгілері бар басқа да затқа (не құбылысқа) атау болады да, осыдан келіп сөздің негізгі мағынасының үстіне туынды мағыналар қосылады.

Сөздің бойындағы әр түрлі мағыналардың табиғаты бірдей емес. Тіл білімінде сөздің мағыналарын әр тұрғыдан қарастыру және, осыған сәйкес, сөз мағыналарын түрліше топтастырып саралау дағдысы бар. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, сөз мағыналары негізгі мағына (основное значение) және туынды мағына (производное значение) деп аталатын екі түрге бөлінеді. Мысалы, *ер* деген сөздің 1. «еркек» деген мағынасы — бастапқы, негізгі мағына да, 2. «күйеу, бай», 3. «батыл, батыр» деген мағыналары — сөздің семантикалық жақтан дамуы барысында кейіннен пайда болған туынды мағыналар.

Тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алып қарастырғанда, сөз мағыналарын екі түрге бөліп топтастыруға болады: оның бірі — тура мағына (прямое значение), екіншісі — келтірінді (немесе ауыспалы) мағына (переносное значение). Мысалы, *қараңғы* деген сөздің «жарықсыз, ешнәрсені көруге болмайтын» деген мағынасы (мысалы: *Қараңғы түнді қақ жарып, батысқа қарай жұлдызша ағып барады. Вагон іші де қараңғы тартқан.* Ғ. Мұстафин) — тура мағына да, «оқымаған, сауатсыз» деген мағынасы (мысалы: *Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам, Қараңғылықтың көгіне Күн болмағанда, кім болам.* С. Торайғыров,) — келтірінді (ауыспалы) мағына. Сөз-

дің келтірінді мағынасы бір емес, бірнешеу болуы мүмкін. Келтірінді мағыналар өз ішінде метафоралық мағына және метонимиялық мағына болып сараланады (бұлар жайында келесі параграфты қараңыз).

Сөз мағынасы стилистикалық жақтан да ажыратылады. Стилистикалық тұрғыдан алып қарастырғанда, сөз мағыналары битарап мағына (нейтральное значение) және стилистикалық бояма мағына (стилистически окрашенное значение) деп аталатын мағыналарға саралап топтастыруға болады. Стилистикалық мағына өз ішінде терминологиялық мағына, поэтикалық мағына және т. б. мағыналар болып бөлінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі *жұрнақ* деген сөздің «қалдық» деген мағынасы, стилистикалық тұрғыдан алып қарастырғанда да,— битарап мағына да, ал бұл сөздің «түбірге жалғанып жаңа мағыналы сөз тудыратын қосымша (немесе «көмекші морфема») деген мағынасы — терминологиялық мағына.

Совет тіл білімінде академик В. В. Виноградовтың сөздік лексикалық мағыналарына жасаған классификация кең түрде қолданылып жүр. В. В. Виноградов сөздің лексикалық мағыналарының негізгі үш түрлі типін көрсетеді: оның бірі — тура немесе номинативті мағына (прямое или номинативное значение), екіншісі — фразеологиялық байлаулы мағына (фразеологически связанное значение), үшіншісі — синтаксистік шартты мағына (синтаксически обусловленное значение)[1]. Сөздің лексикалық мағыналарының осы аталған түрлерін бір-бірінен ажырата білудің сөздерге мағыналық жақтан талдау жасау жұмысында, әсіресе лексикографиялық жұмыста, маңызы айрықша зор.

Енді сөздің лексикалық мағыналарының жоғарыда аталған түрлерінің әрқайсысына арнай тоқталайық.

1. Сөздің тура немесе номинативті мағынасы. Тілдегі көптеген сөздер заттар мен құбылыстардың және олардың әр түрлі белгілерінің бейнесімен тікелей байланысты болады. Сөздің заттар мен құбылыстардың және олардың белгілерінің бейнесімен тікелей байланысты лексикалық мағынасы *тура мағына* немесе *номинативті мағына* деп аталады. Сөздер өзінің номинативті (тура) мағынасында аталатын заттар мен құбылыстарға жанама түрде емес, тікелей бағытталады. Тура немесе номинативті мағынада қолданылған сөздердің басқа сөздермен байланыстары мен қатынастары сол сөздер арқылы белгіленетін шындық болмыстағы құбылыстардың арасындағы байланыстар мен қатынастарға сәйкес келеді. Номинативті мағынасы бар сөздердің басқа сөздермен байланысы мен қатына-

---

[1] *В. В. Виноградов.* Основные типы лексических значений слова. —«Вопросы языкознания», 1953, № 5; Н. М. Шанский. Очерки по русскому словообразованию и лексикологии, М., 1959, № 5, стр. 154—157.

сы заттық-логикалық (предметно-логический) тұрғыдан айқындалып белгіленеді. Сондықтан да сөздердің тура немесе номинативті мағынасында басқа сөздермен байланысы бірен-саран сөздермен ғана шектеліп қоймайды. Сөз номинативті мағынасында алуан түрлі сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, олармен емін-еркін тіркесе алады. Сөйтіп, оның (номинативті мағынадағы сөздің) басқа сөздермен тіркесіп жұмсалу мүмкіндігі мол болады. Мысалы, *оқу* деген етістік *кітап* деген сөзбен де (*кітап оқу*), *газет* деген сөзбен де (*газет оқу*), *хат* деген сөзбен де (*хат оқу*), *жақсы* деген сөзбен де (*жақсы оқу*) және т. б. сөздермен тіркесіп қолданыла береді. Сөздің тура немесе номинативті мағынасында көптеген сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, олармен емін-еркін тіркесе алу қабілеті ескеріліп, номинативті мағына кейде еркін мағына (свободное значение) деп те аталады. Еркін мағына сөздің лексикалық мағыналарының бір түрі — фразеологиялық байлаулы мағына дегенге қарсы қойылады және одан ажырату үшін қолданылады.

Сөз тура немесе номинативті мағынасында заттар мен құбылыстарға тікелей бағытталады дедік. Мысалы, *үй*, *биік*, *бару* деген сөздердің әрқайсысының белгілі-белгілі номинативті мағынасы бар. Бұлардың бірі, мысалы, *үй* белгілі бір затты (бас пананы) тікелей атаса, екіншісі (*биік*) — сапаны, үшіншісі (*бару*) қимылды атайды. Бұл сөздердің осы номинативті мағыналарында басқа сөздермен тіркесіп қолданылу өрісі мен шеңбері олардың заттық-логикалық қатынасымен, яғни сол сөздермен белгіленетін шындық болмыстағы құбылыстардың өз ара қатынасымен белгіленеді, Мысалы, *үйдің* биік немесе аласа, кең немесе тар болуы, жылы немесе салқын болуы, ағаштан немесе кірпіштен салынуы мүмкін. Осыған орай, *үй* сөзі *биік*, *аласа*, *кең*, *тар*, *ағаш*, *кірпіш*, *жылы*, *салқын* деген сөздердің әрқайсысымен тіркесіп, *биік үй*, *аласа үй*, *кең үй*, *тар үй*, *ағаш үй*, *кірпіш үй*, *жылы үй*, *салқын үй* түрінде жұмсала береді. Сондай-ақ, *биік*, *бару* деген сөздер туралы да осыны айтуға болады. Бұл сөздердің номинативті мағынасында басқа сөздермен байланысы заттық-логикалық жағынан байланыса алатын құбылыс немесе зат атауларымен тіркесіп жұмсала береді. Мысалы, *биік* деген сын-сапа көптеген заттармен құбылыстарға тән болғандықтан, бұл сөз де (*биік*) олардың (заттар мен құбылыстардың) атаулары — көптеген сөздермен тіркесе алады (мысалы: *биік тау*, *биік қарағай*, *биік терек*, *биік үй*, *биік өкше* және т. б.)

Бір сөзде бірнеше номинативті мағына болуы мүмкін. Алайда соның ішінде біреуі негізгі болады да, қалғандары туынды болады. Акад. В. В. Виноградов мұндай мағыналарды номинативті туынды мағыналар (номинативно-производные значения) деп атайды[1]. Мысалы, қазақ тілінде *аяқ*

[1] *В. В. Виноградов.* Основные типы лексических значений слова. — «Вопросы языкознания», 1953, № 5, стр. 12.

деген сөз негізгі номинативті мағынасында дене мүшесін (*Бұрақ бел, бойы сұлу, кішкене аяқ.* Абай) білдіреді. Ал *жұмыстың аяғы*, *жиналыстың аяғы* т. б. осы тәріздес тіркестерде «соң» деген мағынаны білдіреді. Бұл соңғы мағына — *аяқ* деген сөздің номинативті туынды мағынасы. *Күту* деген сөздің негізгі номинативті мағынасы —«тосу, аялдау»; сонымен бірге, бұл сөздің «сыйлау, құрметтеу» деген номинативті туынды мағынасы да бар. Мысалы: *Итбайдың жақсы күтуіне Асқар қайран қалды.* (С. Мұқанов). *Қыңыратқымай, оң шырайымен күтсін* (М. Әуезов). Сөздің туынды мағынасы оның негізгі номинативті мағынасы арқылы, соның негізінде ұғынылады. Негізгі номинативті мағына әр түрлі туынды, келтірінді мағыналардың тірегі, ең негізгі арқауы болып саналады.

Ал *ну орман, қас батыр, тас төбе, су жаңа, мидай дала, асқар тау, шырт ұйқы, тал түсте, қыпша бел, оймақ ауыз* деген сөз тіркестерінің құрамындағы *ну, қас, тас, су, мидай, асқар, шырт, тал, қыпша, оймақ* деген сөздердің осы тіркестердегі мағыналары мен қолданылу өрісіне назар аударсақ, бұлардың жоғарыда аталған номинативті мағынасы бар сөздерден мүлдем басқаша екенін көреміз. *Ну орман* деген сөз тіркесіндегі *ну* сөзі «қалың», «ит тұмсығы өтпейтін» деген мағынаны білдірсе, *қас батыр* деген сөз тіркесінің құрамындағы *қас* сөзі «нағыз» деген мағынаны білдіреді. Мұнымен бірге, бұл сөздер бірді-екілі сөздермен ғана тіркеседі. Жоғарыда аталған *тас төбе, су жаңа, мидай дала, тал түсте, асқар тау, шырт ұйқы, қыпша бел, оймақ ауыз* деген сөз тіркестерінің құрамындағы бірінші сыңарлардың (сөздердің) осы тіркестердегі мағынасында қолданылу өрісі өте-мөте тар, басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, олармен тіркесіп жұмсалуға икемсіз. Бұл сөздердің аталған сөз тіркестеріндегі мағынасында басқа сөздермен тіркесіп жұмсалуға икемсіз болуының себебі неде? Мұның себебі: олардың мағынасы номинативті (еркін) мағына емес, фразеологиялық байлаулы мағына. Енді, сөздің лексикалық мағынасының осы түріне тоқталайық.

2. Фразеологиялық байлаулы мағына. Сөздің тұрақты сөз тіркестерінде[1] (тұрақты сөз тіркестері жайында фразеологиялық оралымдар туралы параграфтарды қараңыз) көрінетін (жүзеге асатын) лексикалық мағынасы *фразеологиялық байлаулы мағына* деп аталады. Фразеологиялық байлаулы мағынаның табиғаты сөздің тура немесе номинативті мағынасынан басқаша болады. Сөз өзінің номинативті мағынасында заттар мен құбылыстарға тікелей бағытталып, көптеген сөздермен тіркесіп жұмсалуға икем болса, фразеологиялық байлаулы мағынасында тек белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп, санаулы ғана тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылады. Мысалы, *су*

[1] Фразеологиялық сөз тіркестері жайында осы кітаптың «Фразеология» атты параграфын қараңыз.

деген сөздің *су құю, су тасу, сумен жуу, су төгу* деген сөз тіркестеріндегі мағынасы — номинативті (еркін) мағына. *Су* деген сөз номинативті мағынасында басқа да сөздермен емін-еркін тіркесе береді. Ал *су жаңа* немесе *судай жаңа* деген тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы *су, судай* деген сөздердің «өте, тіпті» деген мағынасы — фразеологиялық байлаулы мағына. Бұлай дейтініміз мынадан: біріншіден,— су, судай деген сөздер «өте, тіпті» деген мағынасында басқа сөздермен емес, тек *жаңа* сөзімен *(су жаңа, судай жаңа)* немесе *қараңғы* сөзімен ғана *(су қараңғы)* тіркеседі; екіншіден бұл сөздер *(су, судай)* «өте, тіпті» деген мағынаға басқа сөздермен тіркескенде емес, *жаңа* және *қараңғы* деген сөздермен тіркескенде ғана ие болады. Сонымен, сөздің лексикалық мағыналарының айрықша бір түрі — фразеологиялық байлаулы мағына белгілі бір тұрақты сөз тіркестеріне телініп, соған маталып байланады. Лексикалық мағынаның мұндай түрі тұрқты сөз тіркестерінде ғана көрініп, белгілі бола алады. Сондықтан да ол байлаулы (связанное) деп аталады. Бұлай деп атауда оны еркін (номинативті) мағынадан ажыратудың қажеттілігі де ескеріледі. Лексикалық мағынаның бұл түрінің фразеологиялық «байлаулы мағына» деген терминмен аталуында тағы да мынадай мән бар: бұл мағына сөздердің еркін тіркесінде емес, фразеологиялық оралым деп аталатын тұрақты тіркестерде ғана көріне алады. Аталған терминнің бірінші сыңарының мәні осы ерекшелікпен байланысты.

Сөздің лексикалық мағыналарының бұл түрінің тұрақты сөз тіркестеріне телініп маталуын және оның сол тіркестерде ғана көрініп белгілі болуын басқа мысалдардан да көруге болады. Қазақ тіліндегі *мидай* деген сөздің «жазық» деген фразеологиялық байлаулы мағынасы айқындалады. Осы аталған мағынасында *мидай* деген сөз басқа ешбір сөзбен жанаспай, тек *дала* деген сөзбен ғана тіркеседі.

Фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөзді онымен мәндес келетін басқа бір сөзбен ауыстыруға болады. Мысалы, *тас қараңғы* немесе *тастай қараңғы* деген тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы *тас* немесе *тастай* деген сөздердің фразеологиялық байлаулы мағынасына *өте, тіпті* деген сөздердің бірі мәндес келіп, оны мағыналық жақтан алмастыра алады. Сондай-ақ, *ата мекен,* немесе *ата жау, мидай дала* деген сөз тіркестерінің құрамындағы *ата* деген сөздің орнына *ежелгі* деген сөзді, *мидай* дегеннің орнына *жазық* деген сөзді қойып, *ежелгі мекен* немесе *ежелгі жау, жазық дала* деген түрде айтуға болады. Бірақ бұлай еткенде, ежелгі мекен, ежелгі жау, жазық дала дегендер тұрақты тіркес болудан қалады және бейнелілігін жояды. Бұл — бір.

Екіншіден, фразеологиялық байлаулы мағынасы онымен мағынасы жағынан мәндес келетін сөзбен алмастырып айтуға мүмкіндік болғанымен, ол мағына (фразеологиялық байлаулы мағына) синонимдік қатарлардың жасалуына негіз бола алмайды[1]. Фразеологиялық байлаулы мағынасы бар сөзді басқа сөзбен алмастырып айту ол мағынаның қандай мағына екенін айқындау үшін ғана қажет.

Сонымен, сөз фразеологиялық байлаулы мағынасында бірен-саран сөздермен ғана тіркесіп қолданылады да, оның мағынасы тұрақты сөз тіркестерінің құрамында айқындалады. Мысалы, жоғарыда аталған *ата мекен, ата жау* деген сөз тіркестерінің құрамындағы *ата* деген сөздің «ежелгі, ертеден бері келе жатқан» деген фразеологиялық байлаулы мағынасы осы тіркестердің құрамында ғана айқындалып, белгілі бола алады. Ал *ата* деген сөздің «арғы әке» деген мағынасы — номинативті мағына. Бұл мағынасында *ата* деген сөз көптеген сөздермен тіркесіп жұмсала береді. *Аталы* деген сөздің «жүйелі, мәнді, орынды» деген фразеологиялық байлаулы мағынасы *аталы сөз* деген тұрақты сөз тіркесінде ғана аңғарылады.

Фразеологиялық байлаулы мағына сөздің лексикалық мағыналарының бір түрі ретінде әр түрлі тілдердің лексикасындағы сөздердің мағыналық мазмұнына еніп қалыптасқан. Мысалы, орыс тілінде *отвратить* деген етістік «бірдемеден алдын ала сақтандыру», «бірдеменің іске асуына жол бермеу, тойтарыс беру» деген фразеологиялық байлаулы мағынасында *опасность, беда, несчастье, угроза* тәрізді бірен-саран сөздермен ғана тіркессе, *безвыходный* деген сөз *тоска, скорбь, печаль, грусть, отчаяние, положение* деген сөздермен ғана тіркеседі. Орыс тіліндегі *чревато* деген сөз *последствии* деген сөзден ажырамайды және осы сөзбен ғана тіркесіп жұмсалады (мысалы, *события, чреватые последствиями* —«соңы кеселге ұшыратын, насырға шабатын уақиғалар» дегенді білдіреді).

Сөздіктерді сөздің негізгі номинативті мағынасы мен туынды номинативті мағынасы және фразеологиялық байлаулы мағыналары лексикалық мағыналардың әр басқа түрлері ретінде қарастырылып, бір-бірінен ажыратылып беріледі.

3, С и н т а к с и с т і к ш а р т т ы м а ғ ы н а. Сөз жеке дара күйінде емес, әдетте, сөйлемде қолданылады. Сөз сөйлемде қолданылу ыңғайына қарай дағдылы (негізгі немесе туынды номинативті) мағынасынан өзгеше, басқа бір мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде *ворона* деген сөздің екі түрлі лексикалық мағынасы бар: оның бірі —«қарға» деген мағына да, екіншісі «ашық ауыз, аңқау» деген мағына (мысалы: *Эх ты, ворона, не заметил).* Бұл сөздің бірінші мағынасы — номинативті мағына да, екінші мағынасы — қаратпа сөз қызметінде жұмсалуына байланысты туған синтаксистік шартты мағына.

Сонымен, сөздің сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруына байланысты туған лексикалық мағынасы с и н т а к с и с т і к ш а р т т ы м а ғ ы н а деп аталады. Мысалы, қазақ

[1] *В. В. Виноградов.* Основные типы лексических значений слова. — «Вопросы языкознания», 1953, № 5, стр. 15.

тілінде *түлкі* деген сөз негізгі номинативті мағынасынан («аңның бір түрі») басқа мағына —«қу, ала аяқ» деген мағынаны (мысалы: *Ол бір түлкі)* білдірсе, орыс тілінде *голова* деген сөз «бас» деген негізгі номинативті мағынасымен бірге «өте ақылды адам» деген мағынаны да білдіреді. Қазақ тіліндегі *түлкі,* орыс тіліндегі *голова* деген сөздердің соңғы мағыналары («ала аяқ, қу», «өте ақылды адам») — синтаксистік шартты мағыналар. Бұл мағыналар («ала аяқ, қу», «өте ақылды адам») аталған сөздердің белгілі бір синтаксистік қызметте, атап айтқанда, баяндауыштық қызметте, жұмсалуына байланысты туған үстеме мағыналар болып саналады.

Синтаксистік шартты мағынаға орыс тіліндегі *шляпа* деген сөздің «ынжық, бос бөлбеу» деген мағынасы (мысалы: *«Шляпа! Такой мяч пропустить!»*) мен *медведь* деген сөздің «қолапайсыз, епсіз» деген мағынасын, қазақ тіліндегі *жылан* деген сөздің «жауыз» деген мағынасын (мысалы: *Хан емессің, ылаңсың, қара шұбар жылансың. Махамбет.)* жатқызуға болады.

Сөздің синтаксистік шартты мағынасы көбінесе белгілі бір эмоцияны білдіреді. Ондай эмоция не жағымды, не жағымсыз болуы мүмкін. Мысалы *есек* деген сөздің қолданылысынан туатын синтаксистік шартты мағынаның («топтас») экспрессивті-эмоциональды сипаттамасы жағымсыз болса, *сұңқар* деген сөздің қолданылысынан туатын синтаксистік шартты мағынаның («таңдаулы ұшқыш») экспрессивті-эмоциональды сипаттамасы жағымды.

Фразеологиялық байлаулы мағынада немесе синтаксистік шартты мағынада қолданылатын сөздердің де басым көпшілігінің номинативті (тура) мағынасы болады. Мысалы, жоғарыда келтірілген сөздердің әрқайсысының фразеологиялық байлаулы мағынасынан немесе синтаксистік шартты мағынасынан басқа тура мағынасы да бар. *Түлкі* деген сөз синтаксистік шартты мағынасында «қу», «ала аяқ» дегенді білдірсе, тура немесе номинативті мағынасында «аңның бір түрін» білдіреді. *Ана* деген сөз *ана тілі* деген тұрақты тіркесте «туған, өз» деген мағынаны (мысалы: *Сүйемін туған тілді, анам тілін, Бесікте жатқанымдаақ берген білім.* Сұлтанмахмұт.) білдіреді. Бұл мағына оның фразеологиялық байлаулы мағынасы болса, «шеш» деген мағынасы — негізгі тура мағынасы. Бұл айтылғандардан бір сөздің мағыналық мазмұнына әр түрлі лексикалық мағыналардың (тура немесе номинативті мағына мен фразеологиялық байлаулы мағына және синтаксистік шартты мағына) сыйысып кететіндігін көреміз. Кейбір сөздерде тек қана фразеологиялық байлаулы мағына болады. Мысалы, *қыпша бел* дегендегі *қыпша, шалқар көл* дегендегі *шалқар, ну орман* дегендегі *ну* деген сөздердің мағынасы — тек фразеологиялық байлаулы мағына *(қыпша* дегеннің фразеологиялық байлаулы мағынасы —«жіңішке», *шалқар* дегеннің фразеологиялық байлаулы мағынасы —«кең», *ну* дегеннің мағынасы —«қалың, ит тұмсығы батпайтын»).

Сонымен, мағыналық жақтан құбылып, әр түрлі мағынада жұмсалу тілдегі әр алуан сөздерге тән құбылыс болып саналады. Белгілі бір сөздің негізгі (тура) мағынасы мен туынды (келтірінді немесе ауыспалы) мағыналары сол сөздің мағыналық мазмұнын құрастырады.

Сөз мағыналарын қарастырғанда, мағына мен қолданылысты бір-бірінен ажырата білу қажет. Сөздің қолданылу ерекшеліктерінен туатын түр-өзгерістердің бәрі бірдей дербес мағына ретінде танылa бермеуі мүмкін. Мұның мәнісі мынадай: сөз, әдетте, жеке күйінде жұмсалынбай, сөйлем ішінде басқа сөздермен тіркесе қолданылады. Сөйлемде (немесе контексте) сөз дағдыдан тыс, басқаша мағыналық реңк алуы мүмкін. Сөздің жалпы халықтық тілдегі үйреншікті мағынасынан басқаша реңк алуы көбінесе көркем шығармалардың тілінде жиі ұшырасады. Ақын не жазушы белгілі бір құбылысты суреттеп, оны бейнелі түрде айтып жеткізу үшін, кейде сөздерді тыңнан тіркестіреді, соны сөз өрнегін жасайды. Жазушы қаламынан туған образды, соны тіркестерде сөз де тіптен тың, мағыналық жаңа реңкке ие болуы мүмкін. Бірақ мұндай мағыналық реңкті сөздің тұрақты, үйреншікті мағыналарының бірі деп санауға да, олардың қатарына жатқызуға да болмайды. Мысалы, *Татулықты, тыныштықты, Қоңыр көрер, кем көрер (Абайдан)* деген сөйлемдегі *қоңыр* деген сөз *көрер* деген сөзбен тіркесіп, Абайдың сөз қолданысында «теріс (көрер), жек (көрер), ұнатпас, жақтырмас» дегенді білдірсе, *Жүректің сөзін сөйле, тіл, жалғаны жоқ, бояма* (бұл да Абайдан) деген сөйлемдегі *жүрек* сөзі «шындық, адалдық» деген мағынаны білдіреді. Алайда, мұндай «мағыналар» *қоңыр* мен *жүрек* деген сөздерге тән емес және олардың қалыптасқан, тұрақты мағыналары болып саналмайды. Бұлар аталған сөздердің қолданылу ерекшелігінен туған мағыналық реңк түрінде ғана танылады да, өз алдына дербес мағына емес, қолданылыс (употребление) ретінде қаралады. Жеке ақын, жазушының сөздерді тыңнан тіркестіруіне орай туған мұндай ерекшеліктер, жалпы халықтық сипат алмайынша, тілдің сөздіктерінде қарастырылатын сөздердің мағыналық мазмұнына енбейді. «Мағына мен қолданылысты бір-бірінен ажырата білу керек» дегенде, мәселенің осы жағының жоғарыда баяндалған сыр-сипатына назар аударудың қажеттілігі ескеріледі.

Полисемия құбылысын және сөздің лексикалық мағыналарының жоғарыда аталған түрлерін жете білудің сөз мағыналарының типтерін ажырата білуде, әсіресе әр түрлі сөздіктерді жасауда үлкен мәні бар.

Полисемия құбылысының лингвистикалық табиғатын дұрыс түсіне білу қажет. Тіл білімінің тарихында бұл құбылысты теріс түсінушілер, қате пікірді уағыздаушылар болды. Мысалы, Н. Я. Марр мен оны жақтаушылар және кейбір шетел ғалымдары (мысалы, француз ғалымы Леви-Брюль) полисемия құбылысын тілдің көне дәуірінің қалдығы деп есептеді. Шындығына

келгенде, сөздің әр түрлі туынды мағыналарға ие болуы, мағыналық қор жиналуы және осының нәтижесінде көп мағыналы сөзге айналуы тілдің даму барысында іске асады. Тілдің даму процесінде тыңнан жаңа сөздер жасалып қоймайды, сонымен бірге сөздің мағыналық аясы кеңіп отырады. Тіл-тілдің сөздік құрамындағы көп мағыналы сөздер тілдердің кедейлігін емес, байлығын, мағыналық мүмкіндігінің молдығын және икемділігін көрсетеді. Асылында, тілдің лексикалық байлығы ондағы сөздердің санының молдығымен ғана өлшенбейді (бұл да, әрине, маңызды), сонымен бірге ондағы сөздердің мағыналық аясының кеңдігі, әр түрлі ауыспалы, бейнелі мағыналарда қолданылу мүмкіндігінің молдығымен де өлшенеді. Түрлі тілдердегі полисемантизмді сөздер осындай қасиеттерге ие сөздер ретінде қаралады[1].

§5. СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУ СЕБЕПТЕРІ МЕН АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАДА ҚОЛДАНЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Жоғарыда тіл-тілде әр түрлі мағынада қолданылатын сөздер жиі кездеседі дедік. Сөздің әр түрлі мағынаға ие болуы сөз мағынасының өзгеруі, ауыспалы мағынада қолданылуы нәтижесінде іске асады. Енді, сөз мағынасының өзгеруінің себептері мен мағынаның ауысу тәсілдері туралы мәселелерге тоқталайық.

Сөз мағынасының өзгеруінің, оның жаңа мағынаға ие болуының екі түрлі себебі бар: 1. сөз мағынасының өзгеруінің тілден тыс (внеязыковые) немесе сыртқы себептері; 2. тілдік (языковые) немесе лингвистикалық себептер. Бұл себептердің біріншісі екіншісіне қарағанда көбірек зерттелген.

Сөз ұғымды білдірудің материалдық формасы бола отырып, сананың дамуымен байланысты болатын ұғымның өрісі де (движение) бейнелейді. Ойлаудың дамуына тән ауысу процестері, мысалы, нақтылықтан абстрактылыққа, жалқылықтан жалпылыққа ауысу және ұғымның дәлденіп жіктелуі (дифференциялануы) сөз мағынасының дамуына әсер етпей қала алмайды.

[1] Полисемия құбылысы мен сөздің лексикалық мағыналарының түрлері жайында әдебиеттер: *В. В. Виноградов.* Основные типы лексических значений слова. — «Вопросы языкознания», 1953. № 5; *Н, Н. Амосова.* К вопросу о лексическом значении слова.—«Вестник ЛГУ», 1957, № 2; *А. И. Смирницкий.* Значение слова. — «Вопросы языкознания», 1955, № 3; *Е. М. Галкина-Федорук.* Слова и понятие. Учпедгиз, М., 1956; *В. А. Звегинцев.* Экспрессивно-эмоциональные элементы и значение слова. — «Вестник МГУ», 1955, № 5; *С. К. Кенесбаев.* О смысловой характеристике слов. —«Вопросы казахского языкознания (труды института языка и литературы АН КазССР), том I, 1959; *Р. А. Будагов.* Многозначность слова. —«Научные доклады высшей школы, филологические науки». М., 1958 №, 1; *А. Ф. Ефремов,* Многозначность слова. — «Русской язык в школе», 1957, № 3; *Т. А. Бертагаев.* — К вопросу о законах развития полисемии. — «Известия Академии наук СССР», отделение литературы и языка, 1951, вып. VI: *Т. Қордабаев.* Сөз және оның мағыналары, «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958, № 1.

Мысалы, *жол* деген сөз өзінің нақты (конкретті) мағынасымен бірге, 1) «идея, бағыт», 2. «тәсіл» (мысалы: туынды сөздердің жасалу жолдары) тәрізді абстракты, қосымша (туынды) мағыналарға ие болған.

Сөздің қолданылу аясының өзгеруі, мысалы, бір саладан басқа бір салаға ауысуы оның мағынасының өзгеруіне әсер етеді. Егер сөз кең саладан тар немесе арнаулы бір салаға, мысалы, жалпы халықтық лексикадан арнаулы лексикаға ауысса, оның мағынасы нақтылана түседі де, белгілі бір ұғымды білдіретін терминдік мағынаға ие болады. Мысалы, *түбір* деген сөз жалпы халықтық лексикада «күллі өсімдік атаулының жерде қалған тамыры мен түбі» деген жалпылама мағынаны білдірсе, арнаулы бір сала, лингвистикалық терминологияға ауысқанда, «түбірлес сөздердің ары қарай бөлшектеуге келмейтін, мағыналы түп бөлшегі, морфема» деген арнаулы терминдік мағынаны білдіреді. Орыс тіліндегі корень деген сөздің мағыналары жайында да осыны айтуға болады.

Сөз мағынасы қоғамның дамуы, қоғамдық қатынас пен өндіріс тәсілінің дамуымен байланысты өзгеріп түрленуі де мүмкін. Мысалы, ежелгі ағылшын тіліндегі feon деген сөз алғашында «мал» деген мағынаны, оны кейін «қозғалатын зат атаулыны», ақырында келіп «ақша» деген мағынаны білдірген[1]. Белгілі бір тарихи дәуірде байлық атаулы малмен өлшеніп, құны (бағасы) сонымен айқындалатын болған.

Сөз мағынасы функциональды семантика заңы бойынша да өзгеруі мүмкін. Функциональды семантика заңы заттардың (құралдардың) қызмет бірлігіне негізделеді. Бір зат немесе құрал басқа бір зат немесе құралмен ығыстырылып алмасады да, соңғысы қызмет бірлігіне қарай, алғашқы заттың немесе құралдың атауымен аталады. Мысалы, ағылшын тілінде қазірде «руль» деген мағынаны білдіретін rudder деген сөз алғашында «ескек» («весло») деген мағынаны білдірген[2]. Ескектің атауы кейініректе қызмет ұқсастығына қарай арнаулы механизмге ауысқан (қызмет бірлігіне қарай атаудың ауысуы жайында төменіректе айтылады).

Қоғамның даму барысында жаңадан танылған заттар мен құбылыстарды тілде сөзбен атау әр түрлі тәсілдер, соның ішінде сөз мағынасының өзгеруі, жаңа мағынаға ие болуы арқылы да іске асады. Сөз мағынасының өзгеруіне, оның жаңа, қосымша мағынаға ие болуына әсер ететін сыртқы себептер, негізінен алғанда,— міне, осылар.

Сөз мағынасының өзгеруінің сыртқы себептеріне қарағанда, ішкі, яғни лингвистикалық (тілдік) себептері тіл білімінде аз зерттелген. Сөз мағынасының өзгеруінің лингвистикалық себеп-

[1] *И. В. Арнольд.* Лексикология современного английского языка. М., 1959, стр. 68.

[2] Бұл да сонда, 69-бет.

тері алуан түрлі болуы мүмкін, бірақ оның бәрі ақыр аяғында мынаған келіп тіреледі: сөз жеке-дара күйінде емес, әдетте, басқа сөздермен әрқашан белгілі бір байланыста, қарым-қатынаста, өмір сүреді. Тілдің сөздігі бытыраңқы сөздердің ретсіз жиынтығы емес, сөздердің барлығы жиналып келіп және өз ара қарым-қатынаста бола отырып, оның (тілдің) лексика-семантикалық жүйесін құрайды. Жаңа сөз немесе жаңа мағына тілдің лексика-семантикалық жүйесіне келіп қосылғанда, ол (жаңа сөз немесе жаңа мағына) тілдің лексикасында бұрыннан бар сөздердің мағыналарымен, әсіресе өзімен синонимдес келетін сөздермен, қарым-қатынасқа түседі. Мұндай қарым-қатынастың өзі екі жақты болуы мүмкін: тілдің лексика-семантикалық жүйесіне келіп қосылған жаңа сөз немесе жаңа мағынаға сөздік құрамда бұрыннан бар сөздердің әсер ететіні сияқты, сөздік құрамда бұрыннан бар сөздерге жаңа сөз немесе жаңа мағына да әсер ете алады,

Сөз мағынасының өзгеріп, қосымша мағынаға ие болуына оның (сөздің) тұрақты сөз тіркестерінде немесе сөйлемде қолданылуы әсер етуі мүмкін. Сөз тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылу ыңғайына қарай, жоғарыда (алдыңғы параграфта) атап өткеніміздей, фразеологиялық байлаулы мағынаға ие болса, сөйлемде қолданылу ыңғайына қарай кейде грамматикалық байлаулы мағынаға немесе синтаксистік шартты мағынаға ие бола алады. Мысалы, жел деген сөздің «ауаның ағымы» деген мағынасы — бастапқы, негізгі мағына да, «бос» деген мағынасы — туынды, фразеологиялық мағына. Бұл соңғы мағына оның *жел сөз* деген тұрақты тіркесте қолданылу ыңғайына қарай пайда болған қосалқы мағынасы болып саналады. Мұнымен бірге, сөз сөйлемде белгілі бір қызмет атқаруына, қолданылу ерекшелігіне байланысты үстеме мағынаға ие болуы мүмкін. Сөз мағынасының өзгеруінің ішкі (лингвистикалық) себептері, негізінен алғанда,— міне, осылар.

Сөз мағыналарының ауысуы, келтірінді мағынада жұмсалуы әр түрлі тәсілдер арқылы іске асады. Сөздің ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылуы бірде метафора мен метонимия тәсілі арқылы болса, бірде қызмет бірлігі мен синекдоха тәсілдері арқылы болады. Енді осы тәсілдердің әрқайсысына тоқталайық.

1. Метафора[1] тәсілі арқылы атаудың (нейменование) ауысуы белгіленетін заттардың тұлға, түс, қимыл ерекшелігінің ұқсастығына негізделеді.

Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың басқа бір заттың не құбылыстың атауы мен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады. Мысалы, *Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі* (Абай) деген сөйлемдегі *кілт* сөзі «ашатын құрал» дегенді емес (бұл — оның негізгі мағынасы), «шешуші» деген мағынаны білдіреді. Бұл мағына — *кілт* өзінің номинативті мағынасы («ашатын құрал») негізінде жасалған туынды мағына. *Мәселенің кілті* деген сөз тіркесіндегі *кілт* сөзінің мағынасы да осы аталған мағынамен барабар («шешуші» дегенді білдіреді).

[1] *Метафора* — грек тілінің metaphora «ауысу» деген сөзі бойынша жасалған термин.

Метафора — әр түрлі тілдердің бәрінде де бар құбылыс. Чех тілінде *Koryto «корыто»* дегенді ғана емес, «арна» дегенді де (мысалы, *koryto řeku* сөзбе-сөз аударғанда —«корыто реки»— «өзеннің шылапшыны», мағыналық жақтан —«өзеннің арнасы») білдіреді. Француз тілінде *punaise* —«қандала» деген мағынада ғана емес, «кеңсе кнопкасы» («канцелярская кнопка») деген мағынада да жұмсалады. Болгар тілінде *мях* деген сөздің «торсық» деген негізгі номинативті мағынасымен бірге «қарын» деген туынды мағынасы да бар.

Қырғыз тілі мен қазақ тілінде *бел* анатомиялық атау ғана емес, сонымен бірге «асу» (арқа, жон), «таяныш, сүйеніш» деген мағыналарда да қолданылады, *Бел* — таудың кез келген тұсы емес, оның арғы бетіне асып түсуге, өтуге қолайлы, анатомиялық белге ұқсас тұсы (асу, жоны). Бұл сөздің «таяныш, сүйеніш» деген мағынасы «адам денесінің жоғарғы бөлегі тірелетін таяныш» мағынасындағы анатомиялық «белмен» ассоциация жасаудан туған.

Түрік тілінде *ачар* сөзі —1) «кілт» және 2) «аппетит ашатын дәрі»; *қарынжа* сөзі —1) «құмырсқа» және 2) «темірдегі тоттың ізі»; *қалп* сөзі —1) «жүрек», 2) «орта, орталық» (центр) деген мағыналарды білдіреді. Тува тілінде *демдек* сөзі — 1) «белгі, таңба», 2) «баға» (балл), 3) «значок», 4) «эмблема, символ»— деген мағыналарда қолданылады. Аталған сөздердің ауыспалы мағыналары метафора тәсілінің негізінде пайда болған.

Тіл-тілде сөз мағыналарының ауысу тәсілдерінің ішінде өте жиі кездесетіні және ең бастысы — метафора тәсілі. Метафора құбылысының сөздің мағынасынан орын тепкені және әбден үйреншікті болып кеткені соншалық, метафораның негізінде туған қосымша мағынаның көп жағдайда туынды, келтірінді мағына екені бірден аңғарыла бермейді. Метафораның негізінде туған келтірінді мағына, әдетте, сөздің туынды мағынасы ретінде қалыптасып орнығып кетеді. Мұндайда метафораның негізінде туған мағына сөздің сөздіктегі мағыналық мазмұнына еніп, оның туынды мағыналарының бірі ретінде қаралады. Мысалы, *істің төркіні, мәселенің төркіні, сөздің төркіні* дегендердегі *төркін* мен *қыздың төркіні* дегендегі *төркін* сөзін салыстырсақ, соңғы мысалда бұл сөз «қыздың ата-анасы, туған-туыстары» дегенді білдіреді де, алдыңғы мысалдарда «түп негізі, тегі, сыры, мәнісі» дегенді білдіреді. Сонда, бұл мағына («түп негізі, тегі») *төркін* сөзінің негізгі мағынасымен іштей байланысты туған қосымша туынды мағына болып саналады да, осы сөздің қалыптасқан,

орнықты лексикалық мағыналарының бірі ретінде ұғынылады, Осы туынды мағынасында оны бүкіл халық қолданады. Сондықтан бұл туынды мағына *төркін* сөзінің негізгі мағынасымен қатар сөздікте көрсетіледі.

Метафора көркем сөз стилінде бейнелеуші, мәнерлеуші тәсіл ретінде айрықша қызмет атқарады. Бірақ жеке ақын-жазушылардың тіліндегі метафоралардың барлығы бірдей жалпы халықтық сипатқа ие бола бермейді. Жазушылар кейде сөздерді айрықша мәнерлеп, көркемдеп айту мақсатымен дағдылы қалпынан басқаша етіп тіркестіреді де, соның нәтижесінде сөз әр түрлі реңке (оттенок) ие болады. Ондай реңк жалпы халықтық сипатқа ие болғанда ғана, мағына ретінде ұғынылады; сөздің сөздіктегі мағыналық мазмұнына енеді. Ал, егер ол жалпы халықтық сипат ала алмаса, онда жазушының сөз қолданылу ерекшелігінің бірі ретінде ғана ұғынылады. Ондай реңкті дербес мағына деп есептеуге де болмайды, оны, жоғарыда атап өткеніміздей, тек қолданылыс (употребление) деп түсіну қажет.

2. Метонимия. Бір заттың немесе құбылыстың атауының екінші затқа не құбылысқа олардың (заттардың не құбылыстардың) өз ара іргелестігі, шектестігі негізінде атау болып ауысуы және, осыған орай, сөздің ауыспалы мағынада жұмсалуы *метонимия*[1] деп аталады. Мысалы, *Үйі мәз боп, қой сойды, сүйіншіге шапқанға* (Абайдан) деген сөйлемдегі үйі деген сөз өзінің негізгі мағынасы —«баспана» дегенді емес, «бір үйдің адамдары, үй іші, семья дегенді білдірсе, *Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң, Әзім барып жығылды шалқасынан* (бұл да Абайдан) деген сөйлемде аяқ сөзі «ыдыс» дегенді емес, «сусын, сұйық» деген мағынаны білдіреді.

Егер *таза класс* деген мен *тәртіпті класс* деген сөз тіркестерін бір-бірімен салыстырсақ, соңғы сөз тіркесіндегі *класс* сөзінің «бір класта оқитын оқушылар» дегенді білдіретіні бірден аңғарылады. Сондай-ақ, орыс тіліндегі *светлая аудитория — способная аудитория* деген сөз тіркестерін салыстыру арқылы соңғы тіркестегі *аудитория* сөзінің «бір аудиторияда отырған адамдар» дегенді аңғартатынын байқаймыз. Орыс тіліндегі *бумага,* қазақ тіліндегі *қағаз* сөздері «жазу жазылатын материал» дегенмен бірге «документ» дегенді де білдіреді. Ал *дастарқанды мақтан ету* (Абай шығармаларынан және ауыз екі тілден) дегендегі *дастарқан* сөзінің беретін мағынасы —«столға жабылған шүберек» емес, оның үстіндегі «тағам», «тамағының молдығы». Осы тәріздес, орыс тілінде *стол* сөзі «мебель» дегенді ғана емес, «тамақ» (мысалы: «богатый стол», «диэтический стол») дегенді де білдіреді.

Кейбір ғалымдар орыс тіліндегі *прием, выбор, перевод, набор* тәрізді зат есімдерді (етістіктен жасалған) іс процесі мен

[1] *Метонимия* — грек тілінің metanymia («переименование») —«атын өзгерту, қайта ат қою» деген сөзі бойынша жасалған термин.

қорытындының іргелестігі, шектестігінің негізінде пайда болған деп, бұларды да метонимияның бір түріне жатқызады[1]. Мұндай мысалдарды қазақ тілінен де кездестіруге болады. Мысалы, 1. *Көрмегенге көсеу таң* (мақал); 2. *Бел шойырылып, бүйірге шаншу тиіп, ұйықтатты ма аяғым, жатқанымда* (Сұлтанмахмұт) деген сөйлемдердегі *көсеу, шаншу* деген сөздер — іс-әрекеттің, қимылдың атаулары емес, заттардың атаулары. Бұлар іс-әрекет, қимыл атауларынан (етістіктен) зат атаулары (зат есімдер) болып қалыптасқан. Сондай-ақ, *жамау, шашу, қашау, бөгеу, ою, қыстау, жабу, бояу* деген сөздер де әрі қимыл, іс-әрекеттің атаулары (етістіктер), әрі іс-әрекеттің нәтижесі — зат атаулары (зат есімдер) болып саналады.

Кейбір заттар мен бұйымдар алғаш рет қай жерде өндірілсе сол жердің атымен аталған. Бұл ретте кейбір маталардың аттарын мысалға келтіруге болады. *Кашемир* Индиядағы қаланың атына байланысты аталса, *тюль* Орталық Франциядағы Туль *(Tulle)* деген қаланың атынан, *каленкор* Индиядағы Калькутта деген қаланың атынан алынған. *Қаракуль* деген елтірі Бұхарадағы Қаракуль деп аталатын алқаптың атымен аталған. Француз тіліндегі бұл елтірінің аты — *astracan* (немесе *astrakan*)— Астрахань қаласының атауынан пайда болған. Бастон деген матаның аты Америкадағы қаланың атымен, *щевиот* — Шотландиядағы қаланың атымен аталған. Виноның кейбір түрлерінің аттары да метонимия тәсілімен байланысты. Мысалы, виноның *мадера* деп аталатын түрі өзі алғаш рет өндірілген жер — Атлант мұхитындағы Мадера аралының атына байланысты аталған. Шампан деген атау Париж қаласының оңтүстігіндегі Шампань аталған провинциясының ескіше атауынан пайда болған.

Бірсыпыра заттардың кісі аттарымен байланысты аталу құбылысы кездеседі. Мысалы, киімнің *макинтош* деген аты да киімнің осы түрін шығарған кісінің атынан алынған. Әскери киімнің аты — *френч* осы әскери форманы енгізген Форенч деген генералдың атымен аталған.

3. Синекдоха[2]. Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны (дараны), үлкеннің орнына кішіні қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуы *синекдоха* деп аталады.

Егер бүтіннің орнына бөлшек, жалпының орнына жалқы қолданылатын болса, онда сөз мағынасы кеңиді. Мысалы, кейде, *Семьяңда неше адам бар?* — деудің орнына *басың нешеу?* дейміз. Бұл арада *бас* сөзі бөлшек ретінде (адамның дене мүшесі) бүтіннің орнына (адам) қолданылып тұр. Кейде *мал* дегеннің орнына *тұяқ* (бөлшек ретінде) сөзі қолданылады. Мысалы, *төрт-бес тұяғымыз бар* дегендегі тұяқ сөзі *малдың тұяғы*

[1] *А. А. Реформатский.* Введение в языковедение. М., 1967, стр. 81—82.

[2] *Синекдоха* — грек тілінің synekdoche «бірге жобалап түсіну» деген сөзінен жасалған термин.

деген тіркестегі өзінің негізгі мағынасынан алшақтап, басқа бір мағынаны —«мал» дегенді білдіреді.

Квас деген сөз алғашында жалпы «ашытылған азық-түлік» дегенді білдіріп, кең мағынада қолданылса, қазірде синекдоха тәсілі бойынша мағынасы тарылып, «сусынның арнаулы бір түрін» ғана білдіреді. Орыс тіліндегі «борода»—«сақал» дегенді ғана білдірмейді, сонымен бірге кейде «сақалды адам» деген мағынада да қолданылады. Мысалы:— *Эй, борода! а как проехать отсюда к Плюшкину.* (Н. В. Гоголь, «Мертвые души»).

Мына бір сөйлемдегі *қол, үкі деген* сөздердің мағыналары синекдохаға мысал бола алады: *Артымыздан келіп қол жетті, Аз жетпеді, мол жетті* (Махамбет) деген сөйлемдегі *қол* сөзі «әскер» деген мағынаны білдірсе (мұнда бүтіннің орнына бөлшек қолданылған). *Бұлаңдап үкі тағынып, бұралып ән шырқап жүр* (М. Ә.) деген сөйлемдегі *үкі* сөзі «қауырсын, қанат») дегенді білдіреді (мұнда, бүтін бөлшектің орнына қолданылған).

4. Қызмет бірлігі бойынша аталу. Метафора құбылысында заттардың тұлға (форма), түр-түс ұқсастығы негізге алынса, функциональды ауысуда (функциональный перенос) заттар мен құбылыстардың атқаратын қызметінің бірлігі немесе ұқсастығы негізге алынады. Бұл ретте аталатын заттар тұлға, түр-түс т. б. жағынан мүлдем басқа-басқа болуы мүмкін; ең бастысы — олардың қызметінде бірлік немесе ұқсастық болса болғаны. Мысалы, осы күнгі қаламның қызметін алғашқыда құстың қауырсыны атқарған. Орыс тіліндегі перо —«қауырсын» бұл күнде «темір қаламұштың» аты болып ауысты. Қазір «темір қаламұштың» орыс тілінде перо («қауырсын») деген сөзбен аталуы бұл екеуінің «қаламұш» пен «қауырсынның») атқаратын қызметінің бірлігінен. Екеуі де жазу құралы.

Латын тілінде *pecus* (—«мал») сөзінен *pecunia* («ақша») деген сөз жасалады. Мал өсіруші римляндар алғашында түскен пайданы, кірісті малмен есептейтін болған да, ал ақша ұғымы пайда болған кезде қызметінің ұқсастығына қарай оны да сол сөзбен *(pecunia)* атаған. Сондай-ақ, *мал* деген сөз бірсыпыра түркі тілдерінде жылқы мен сиыр, қой мен ешкі, түйе туралы жинақты ұғымның жалпы атауы ғана емес, сонымен бірге «мүлік», «байлық», «товар», «пұл» деген мағыналарда да қолданылған. Сауда-кіріс малмен есептелген. Орыс тілінде *дворник* — «қораны, ауланы тазалаушы» дегенді де, «машинаның алдындағы әйнегін (шынысын) тазалайтын құрал» дегенді де білдіреді.

Сөз ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылу арқылы мағыналық жақтан түрленіп, өзгеріп отырады. Ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылған сөздерде астарлы бейне, тартымды образ жатады. Сөздерді келтірінді мағынада, бейнелі түрде қолдана білудің көркем шығарма тілінде өте-мөте маңызы зор. Сөздің ауыспалы мағынада қолданылуға икемділігі оның мәнерлеуші, бейнелеуші қасиетін көрсететін белгі болып саналады.

Егер сөздер келтірінді мағынада, бейнелі түрде қолданылуға икемсіз болса, олардың мәнерлеуші, бейнелеуші қасиеті болмаса, онда көркем туындылар жасауға мүмкіндік болмаған болар еді, демек, көркем сөз стилі туралы сөз де болмаған болар еді. Көркем әдебиет, соған сай көркем сөз стилі образға, бейнелеп айтуға негізделеді. Көркем туындыларда тілдің лексикасындағы көптеген сөздердің келтірінді, образды мағыналары суреттеудің ең ұтымды құралы ретінде пайдаланылады.

§6. ОМОНИМДЕР

Тіл-тілдің лексикасында дыбысталу бірдей де, мағынасы әр басқа сөздер бар. Мысалы: *біз.* 1. Мен деген жіктеу есімдігінің көпше түрі (Мысалы: *Той тойласақ, біз тойлайық аясында алтын таңның);* *біз* II. Бір нәрсені тесіп, жіпті немесе тарамысты өткізу үшін жасалған ұшкір құрал (мысалы: *өткірдің жүзі, Кестенің бізі, Өрнегін сендей сала алмас.* (Абай).

Дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер омонимдер[1] деп аталады.

Омонимдер әр түрлі тілдерде бар. Мысалы, түрікмен тілінде: *бағ I*—«бақ, бау — бақша», *бағ II*— «бірдеменің бауы»; *йүз I*—«сан, мыңның оннан бірі бөлегі», *йүз II*—«әлпет, өң, бір жүз», *йүз III*—«суда малты, жүз». Орыс тілінде мынадай омонимдер бар: *лук I*—«пияз», *лук II*—«садақ, жақ»; *град I* (город деген сөздің варианты)—«қала», «*град II*—«бұршақ»; *брак I*— «неке», *брак II*—«ақау, жарамсыз, бүлінген»; *ударник I*—«мылтықтың шаппасының ұшы», *ударник II*—«екпінді»; *коса I*—«бұрым», *коса II*—«шалғы орақ», *коса III*—«шығанақ, енсіз жарты арал»; *кулак I*—«жұдырық», *кулак II*—«ұсақ буржуазияның өкілі», «құлақ» т. б.

Полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырата білу қажет. Бұларды бір-бірінен ажырату проблемасы тіл білімінде өте-мөте күрделі мәселе болып саналады[2]. Сөздіктерді жасауда бірде-бір лексикограф (сөздік жасаудың маманы) полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырату проблемасына соқпай өте алмайды. Алайда, полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырату проблемасы барлық омонимдердің күллісіне бірдей қатысты емес. Мысалы, «ауаны ішке тартып, сыртқа шығарып тұратын дене мүшесі» деген мағынадағы *өкпе* сөзі мен «наз, реніш» деген мағынадағы *өкпе* сөзінің омонимдес екендігі ешбір күман тудырмайды. Басы ашық-айқын омонимдес сөздер болғандықтан, бұлар полисемиялы сөздерден оңай ажыратылады. Поли-

[1] *Омоним* — грек тілінің «бірдей, біркелкі» деген мағынадағы homos деген сөзі мен «ат, аталу» деген мағынаны білдіретін опута деген сөздерінен жасалған термин.

[2] Омонимия мен полисемияны бір-бірінен ажырату жайындағы дискуссияның материалдарын (Лексикографический сборник, М., 1960, вып. 4.) қараңыз.

семия мен омонимияны ажырату проблемасының қиындығы полисемантизмді сөздермен ұштасып, жапсарласып жатқан омонимдерге қатысты, Мысалы, «планетаның бір түрі» дегенді білдіретін *ай* сөзі мен «отыз тәулік уақыт» немесе «жылдың он екі бөлшегінің бірі» дегенді білдіретін *ай* сөзін полисемантизмді сөз дейміз бе, омонимдес сөздер дейміз бе? Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, «мағыналардың арасында байланыс бар ма, жоқ па?» дегенді айқындаудың қажеттілігі айтылып жүр. Егер мағыналардың арасында байланыс сақталып, аңғарылып тұрса, онда ол мағыналар бір ғана полисемантизмді сөздің әр түрлі мағыналары ретінде танылады да, мағыналардың арасында семантикалық байланыс үзілсе, бұл күнде ондай байланыс аңғарылмаса, онда ол мағыналар бір сөздің емес, әр басқа сөздердің, яғни омонимдес сөздердің мағыналары ретінде танылады. Мұндай сөздер сөздіктерде омонимдес сөздер ретінде қаралады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жоғарыда талданған «айлар» омонимдес сөздер ретінде танылып, төмендегі түрде түсіндірілген:

Ай I зат. Жерді, күнді айналатын, түнде жерге жарық сәуле беретін аспандағы планета. *Желсіз түнде жарық Ай, Сәулесі суда бірілдеп* (Абай). *Қараңғы түн мүлгіген, Қайда кеткен жарық Ай. Қиын қыстау кезеңде, Көрінуші ең жарымдай (Лекерев).*

Ай II зат. Жылдың он екіден бір бөлшегін көрсететін мезгіл (30 күн). *Туған ай тураған етпен бірдей* (мақал). *Арада өткен айлар саны бұл күнде есеп емес. Әлі де болса бірер айға асықпаса да болар еді* (Әуезов). («Сөздіктің» I томының 17-бетінен).

«Мағыналардың арасында семантикалық байланыс бар ма, жоқ па?» деген сұраққа жауап беру әрқашан оңай бола бермейді. Мұндайда сөздердің (түбірлердің) сөз тудыруға ұйытқы болу мүмкіндігі мен ерекшеліктері ескерілуі қажет. Мысалы, «Жерді, Күнді айналатын, түнде жерге жарық сәуле беретін аспандағы планета» деген мағынадағы *ай* сөзінен айшық («өрнек, әшекей» деген мағынада), *айдай (айдай жарық, айдай анық)*, *айлы (айлы түн)* деген сөздер жасалса, «жылдың он екіден бір бөлшегін көрсететін мезгіл (30 тәулік)» деген мағынаны білдіретін *ай* сөзінен *айлық (бір айлық жол), айлап (айлап жол жүру)* деген сөздер жасалып, сөз тудыруда бұл түбір омонимдер (*ай* I және *ай* II) бір-бірімен жақындаспай, арқайсысы әр бағытта өзінше қызмет етеді. Демек, полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажырату үшін, сөздің әр мағынасында туынды сөздердің жасалуына ұйытқы болу ерекшеліктері ескерілуі қажет.

Полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажыратуда мағыналардың арасында семантикалық байланыстың жойылуы немесе жоқтығы кейде негізгі критерий бола алмай қалуы мүмкін. Мысалы, түркі тілдерінде *той* I (зат есім) — *той* II (етістік); *тоң* I (зат есім) — *тоң* II (етістік); *көш* I (зат есім) — *көш* II (етістік) және т. б. осылар тәріздес омонимдер бар. Бұл омонимдік қатарлардың әрқайсысының құрамындағы есім сыңар мен

етістік сыңар лексикалық мағыналары жағынан бір-бірінен алшақтап кетпейді, бұларда семантикалық бірлік, біртекстілік бар. Бұларды омонимдер деп есептеуде негізгі таяныш — омонимдік қатарға енетін сөздердің әр басқа сөз табына (бірінің есімге, екіншісінің етістікке) қатысты болуы. Сөзде лексикалық мағына мен грамматикалық мағына түйісіп бас қосады. Сөз өзінің нақты лексикалық мағынасынан басқа белгілі бір сөз табының мағынасы — категориялды мағынаға ие болады, өзі қатысты сөз табына тән формалармен түрленеді. Осыған сәйкес, жоғарыда аталған *көш* I (зат есім) — *көш* II (етістік) типтес омонимдер жайында мынаны айтуға болады: бұлардың лексикалық айырмашылығынан гөрі грамматикалық айырмашылығы басым, бірі зат есімнің категориялды мағынасы — заттық мағынаға ие болады, зат есімге тән грамматикалық категориялармен, формалармен сипатталады, екіншісі етістіктің категориялды мағынасы процессуалдық мағынаға ие болады, етістікке тән грамматикалық категориялар және формалармен сипатталып, бір-біріне грамматикалық қасиеттері мен белгілері жағынан қарама-қарсы қойылады. Осылай болғандықтан, бұлар әр басқа сөздер — омонимдер ретінде танылады.

Омонимдер қалай пайда болған деген сұрақ туады. Олардың пайда болуының бірнеше жолы бар.

1) Кейбір омонимдер сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі арқылы пайда болған. Тілдің даму барысында көп мағыналы сөздің мағыналарының арасындағы семантикалық байланыс үзіліп, осының нәтижесінде әр басқа екі сөз — омонимдес сөздер жасалуы мүмкін. Көп мағыналы сөздердің мағыналарының арасындағы семантикалық байланыстың жойылуы нәтижесінде әр басқа сөздердің (омонимдес сөздердің) жасалу тәсілі сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі деп аталады. Мысалы: *жабағы I.* Алты айдан асып, бір жылға толмаған құлын (Мысалы: *Мынау бір көп сауылған биенің жабағысы еді.* Ғ. Мүсірепов); *жабағы II.* Қыстан қалған ескі жүн (Мысалы: *Жабағыға тырнағы шықпастай болып ілінді.* Абай). Осы мысалдардағы *жабағы* деген екі сөздің шығу тегі бір. Екеуі де бір сөздің мағыналық жақтан дамып, ол мағыналардың бір-бірінен алшақтауы нәтижесінде жасалған.

«Буылған жүк» мағынасындағы *тең* (Мысалы: *Іші толған — буылған жүк, буулы тең мен сандықтар.* М. Әуезов) деген сөз бен «бірдей» деген мағынаны білдіретін *тең* (Мысалы: *Жер жүзінде ең биік, Жоқ өзіңе тең биік.* С. Мұқанов) деген сөздер омонимдес сөздер болып саналады. Бұлар да шығу тегі жағынан бір сөздің лексика-семантикалық дамуы нәтижесінде жасалған омонимдердің қатарына енеді. Орыс тіліндегі «дүние жүзі» деген мағынаны білдіретін *мир* деген сөз бен «бейбітшілік» мағынасындағы *мир* деген сөз де сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған омонимдердің қатарына жатқызылып жүр.

2) Тіл-тілдегі бірсыпыра омонимдер сөздердің әр түрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбысталуы жағынан сәйкес келуі нәтижесінде пайда болған.

Фонетикалық өзгерістің нәтижесінде пайда болған омонимдерді айқындау үшін, сол омонимдік қатардың құрамындағы жеке сыңарлардың (сөздердің) ертерек кездегі дыбысталу түрі қандай болғанын, тілдің даму барысында оның дыбысталу жағынан қалай өзгергендігін, өзгеріске түсуге қандай заңдылықтар себеп болғанын ашып айқындау қажет.

Сөздердің фонетикалық өзгеріске ұшырап, дыбысталуы жағынан сәйкес келуі нәтижесінде жасалған омонимдік қатардың құрамындағы сыңарлардың (сөздердің) көне түрі ерте дәуірлердегі жазба нұсқаларда және туыстас тілдердің кейбіреулерінде сақталған. Демек омонимдердің пайда болу жолын айқындауда ерте замандағы жазба нұсқалар мен туыстас тілдердегі көне формалар бағалы материалдар бере алады. Мысалы, *ер* деген сөздің (атқа салатын «ер» мағынасында) ертерек кездегі дыбысталуы, көне түрі *егер* екендігін байқауға болады. В. В. Радлов *ер* деген сөздің шағатай тіліндегі түбір қалпы — *егер,* туынды түрі — *егерле* (қазақша *ертте* дегенмен бірдей) екенін көрсетеді[1]. Бұл сөз ұйғыр тілінде де *егер* түрінде айтылады. *Ер* сөзінің көне формасы қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде сақталған: оңтүстіктің кейбір аудандарында бұл сөз *егер* түрінде айтылады.

Бұл деректер қазіргі қазақ тіліндегі *ер* сөзінің ертерек кездегі дыбысталу түрі *егер* болғандығын, тілдің тарихи даму барысында сөз ортасындағы *г* дыбысының түсіп, оның (егер сөзінің) ер болып өзгергендігін көрсетеді. Фонетикалық осы өзгерістің нәтижесінде о баста *егер* түрінде айтылған *ер* сөзі өзімен мағыналық жақтан ешқандай байланысы жоқ, *«еркек», «батыр», «күйеу»* деген мағыналарды білдіретін *ер* сөзімен дыбысталуы жағынан бірдей келіп, омоним жасалған.

Мен деген жіктеу есімдігінің көпше түрі — *біз* деген сөз бен құралдың атауы — *біз* деген зат есімнен құралған омоним де фонетикалық өзгерістің негізінде пайда болған. Бұл омонимдік қатардың құрамындағы фонетикалық өзгеріске түскен сөз — құралдың атауы — *біз*. Мұның ертеректегі дыбысталу түрі *бігіз* болған. *Біз* сөзінің бұлайша дыбысталу түрі өзбек, ұйғыр тілдерінде және қазақ тілінің оңтүстік диалектесінде сақталған. О баста *бігіз* түрінде дыбысталған сөздің ортасындағы *г* дыбысы түскен де, жіктеу есімдігі *біз* деген сөзбен дыбысталуы жағынан бірдей келген.

Қазақ тіліндегі кейбір омонимдердің сөз соңындағы *ш* дыбысының *с* дыбысына ауысуының нәтижесінде пайда болғандығы байқалады. Көрнекті лингвист В. А. Богородицкий *ш* дыбысының өзгеріп, *с* дыбысына айналуын, соның нәтижесінде о бастағы *ш* мен *с* дыбыстарының ұштасып, бірдейлесіп кетуін қазақ тіліне өте-мөте тән белгілердің бірі деп есептейді[1]. В. А. Богородицкийдің бұл пікірінен қазақ тіліндегі кейбір омонимдердің сөз соңындағы *ш* дыбысының *с* дыбысына алмасуының нәтижесінде пайда болғандығы аңғарылады. Қазақ тіліндегі зат есім *құс* (мысалы: *Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады.* Мақал) деген мен етістік *құс* (мысалы: *Алтын ана жек көрер шамасы жоқ, Былғанам ба, мейлі құсамын ба?* Сұлтанмахмұт) дегендер өз ара омонимдес сөздер ретінде қаралады. Бұл омонимдік қатардың құрамындағы зат есім *құс* дегеннің дыбысталу түрі түркі тілдерінің бір қатарында, мысалы, тува, ұйғыр, қырғыз, өзбек тілдерінде — *құш.* Ал етістік *құс* сөзінің ол тілдердегі дыбысталу түрі қазақ тіліндегі дыбысталуымен бірдей. Сөйтіп қазақ тілінде омоним ретінде қаралатын *құс* сөзі тува, ұйғыр, қырғыз, өзбек тілдерінде омоним емес, әр түрлі дыбысталатын әр басқа сөздер ретінде қаралады.

Қазіргі қазақ тіліндегі зат есім *бас* деген мен етістік *бас* дегендер — бір-бірімен омонимдес сөздер. Ежелгі түркі жазуы ескерткішінің тілінде зат есім мағынасындағы *бас* дегеннің дыбысталу түрі — *баш,* ал етістіктің дыбысталу түрі — *бас*[2]. Қазіргі өзбек тілінде бұл екі сөз бір-бірінен сөз соңында бірінде *ш* дыбысы, екіншісінде *с* дыбысы келуі арқылы ажыратылады. Өзбек тілінде зат есім *бас* сөзі *бош* түрінде, ал етістік бас сөзі *бос* (тұйық рай түрі — *босмоқ*) түрінде айтылады. Түрікмен, азербайжан, қырғыз, ұйғыр, ойрат тілдерінде де бұл екі сөз бірбірінен бірінде *ш* дыбысы, екіншісінде *с* дыбысы келуі арқылы ажыратылады, Аталған тілдерде *бас* сөзі зат есім болғанда баш, *ал* етістік болғанда, *бас* түрінде қолданылады. Демек түрікмен, әзірбайжан, қырғыз, ұйғыр, ойрат тілдерінде бұл екі сөздің ерте кездегі дыбысталу түрі сақталынған да (осы аталған тілдердің материалын жоғарыда келтірілген ежелгі түркі жазуының материалымен салыстырыңыз), ал қазақ тілінде бұл екі сөзді ажырататын ерте кездегі дыбыстық айырмашылық сақталынбай, соның нәтижесінде омоним жасалған. Анығырақ айтқанда, зат есім *баш* дегеннің соңындағы *ш* дыбысының *с* дыбысымен алмасуының нәтижесінде бұл сөз *бас* болып айтылып, ертеден *бас* түрінде қолданылып келген етістікпен омонимдік қатарға енген.

Мысалға келтірілген омонимдердің бәрі де конвергенция процесінің (әр түрлі екі дыбыстың бір дыбыстың бойына сіңісіп бірдейлесуі) нәтижесінде жасалған деуге болады. Қазақ тіліндегі конвергенция құбылысына алғаш рет назар аударған лингвист В. А. Богородицкий бастапқыда дыбыстық құрамы әр түрлі сөздердің, мысалы, *ш* және *с* дыбысы арқылы ажыратыла-

[1] *В. В. Радлов.* Опыт словаря тюркских наречий, том I, СПб, 1892, стр. 696.

[1] Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Издание 2-ое, Казань, 1953 г., стр. 15.

[2] *С. Е. Малов.* Памятники древнетюркской письменности, стр. 30—31.

тын сөздердің, дыбысталуы жағынан бірдей келуі осы конвергенция құбылысының нәтижесі деп есептейді. Оның пікірінше «тамақ» деген мағынаны білдіретін қазақ тіліндегі *ас* сөзінің құрамындағы с дыбысы бастапқыда *аш* түрінде дыбысталған сөздің аяғындағы *ш* дыбысының өзгеруінен пайда болған да, бұл сөз етістік мағынасындағы *ас* сөзімен дыбысталуы жағынан бірдей келген. В. А. Богородицкийдің бұл пікірінің дұрыстығын бірсыпыра түркі тілдерінің материалдары дәлелдейді. Солардың ішінде қырғыз, ұйғыр, ойрат тілдерінің деректері мынадай жағдайды көрсетеді: қазақ тілінде «тамақ» деген мағынаны білдіретін *ас* сөзі қырғыз, ұйғыр, ойрат тілдерінде — *аш*, ал «іліп, артып қою» мағынасындағы *ас* (етістік) сөзінің дыбысталуы қазақ тіліндегі дыбысталуымен бірдей. Демек, мұнан қазақ тілінде *ас* деген омонимдік қатардың құрамына енетін сөздердің (есім мен етістік) қырғыз, ұйғыр, ойрат тілдерінде омонимдік қатар құрамай, әр түрлі дыбысталу қалпын сақтап қалғанын көреміз. Ал қазақ тілінде, керісінше, аш сөзі *ш* дыбысының *с* дыбысына ауысуынан *ас* (синонимі —«тамақ») болып өзгеріп, «іліп, артып қою» деген мағынадағы *ас* етістігімен омонимдес келген.

3) Омонимдер сөздердің түбіріне (немесе негізіне) омонимдес аффикстердің жалғануы арқылы жасалады. Түбір сөздерден жасалған омонимдер түбір омонимдер деп аталса, түбірге (немесе негізге) омонимдес аффикстердің жалғануынан жасалған омонимдер туынды омонимдер деп аталады. Қазақ тілінде омонимдер тудыратын аффикстер мыналар:

а) есімдердің *-с (-ыс, -іс)* аффиксі мен етістіктердің (ортақ етістің) *-с (-ыс, -іс)* аффиксі. Бұл омонимдес аффикстердің бір ғана түбір сөзге жалғануынан омонимдес, туынды екі сөз — зат есім мен етістік (ортақ етіс) жасалады. Мысалы: *айт-ыс* I (зат есім). *«Садақ бен баланың айтысы» дейтін — арқаға мәлім айтыс* (М. Әуезов); *айт-ыс* II (етістік). *Біздің Садекеңмен айтысар шамамыз қайсы. Әншейін бір жалғыз ауыз сөздің тұсында болымсыз тоскауыл айтқаным ғой. Айтысты, жеңді дейтін сөз емес* (М. Әуезов).

Аталған омонимдес аффикстердің жалғануынан жасалған туынды омонимдер әр басқа сөз табына (есім мен етістікке) қатысты болып, сөздіктерде олар басқа да омонимдес сөздер тәрізді, әр басқа лексикалық единицалар (сөздер) ретінде талданады. Ортақ етістің жұрнағының *(-с, -ыс, -іс)* жалғануынан жасалған етістікте ортақ етіс мағынасының болуы әрқашан шарт емес. Мысалы, *-іс* жұрнағының *кір* деген түбір етістікке жалғануынан жасалған *кіріс (жұмысқа кіріс)* деген туынды етістік ортақ етіс мағынасын білдірмей-ақ, аталған түбір етістікке *(кір)* зат есімнің *-іс* жұрнағының жалғануынан жасалған *кіріс* деген туынды зат есіммен *(Биыл колхозға кіріс мол кірді)* омонимдес бола алады.

Омонимдес аффикстер жоғарыдағыдай бір түбірден ғана

емес, әр басқа түбірлерден де туынды омонимдер жасауы мүмкін. Мысалы, *сөгіс* I (зат есім) «кінәле» деген мағынадағы *сөк* етістігінен жасалса, *сөгіс* II (ортақ етіс) «тігісті ыдырату» деген мағынадағы *сөк* етістігінен жасалған. Бұлардың *(сөгіс* I және *сөгіс* II) омонимдестігі сөздердің құрамындағы аффикстердің омонимдес болуына ғана емес, сонымен бірге аталған туынды сөздердің түбірлерінің омонимдес болуы негізделген.

Құрамындағы түбір морфема мен аффикстік морфеманың (морфемалар жайында «Грамматика» тарауын §4 қараңыз) бір-біріне сіңісіп кетуінен жасалған және осының нәтижесінде тілдің қазіргі тұрғысынан морфемаларға бөлшектенбейтін омонимдес сөздер бар. Мұндай омонимдік қатарлардың бір сыңары есім, екінші сыңары етістік ретінде жұмсалады. Мысалы: *айқас* I (зат есім). *Биыл жаз бойы бір дұрыс айқас көрмеген Сармантай жағы осы арадан-ақ лап берді* (Ғ. Мүсірепов); *айқас* II (етістік). *Енді екі балуан айқасып өскен шор ағаштай болып*, бірін-бірі ала алмай, бірінен-бірі айрыла да алмай, қайнасып *қалған шойындай болып сіресіп қалған...* (Ғ. Мүсірепов).

Аталған омонимдес аффикстер басқа да түркі тілдерінде туынды омонимдер жасауға қатысады. Қазақ тіліндегі *-с* аффиксі қырғыз, алтай тілдерінде *-ш* жұрнағына сәйкес келеді. Бұл жұрнақ *(-ш* және оның фонетикалық варианттары) аталған тілдерде туынды омонимдер жасайды. Мысалы: *уруш* I (зат есім)— «ұрыс», *уруш* II (етістік)— «ұрыс»; *келиш* I (зат есім)—«келіс», *келиш* II (етістік)—«келіс»[1].

ә) есімдердің *-қ (-к, -ық, -ік)* аффиксі мен етістіктердің *-қ (-к, -ық, -ік)* аффиксі. Бұл омонимдес аффикстердің бір ғана түбірге жалғануынан әр басқа екі сөз (есім және етістік), яғни туынды омонимдер жасалады. Мысалы, *қыз* деген түбір етістікке аталған омонимдес аффикстердің жалғануынан әрі сын есім сөз (мыс., *Адам пішіні бұған бір тамаша, өзгеше, қызық сурет тәрізденетін.* М. Әуезов), әрі етістік сөз (мыс., *Осы жайында өзі таңырқай түсіп, қызығып та қарайды.* М. Әуезов) жасалған. Бір ғана *жап* деген түбір етістік омонимдес аффикстер жалғану арқылы бір-бірімен омонимдес үш сөздің жасалуына ұйытқы болған: *жабық* I (зат есім. *Киіз үйдің жабығы, жабықтан қарау*), *жабық* II (сын есім. *Жабық шахтаға кетіп бара жатқан орыс жұмыскерлері де сол жаққа қарап, бөгеліп тұр.* Ғ. Мүсірепов), Жадық III Етістік. *Кішкентай қыз жабығу, қамығу яки жатырқау, тосырқау дегендерді білмейді.* М. Иманжанов).

Туынды омонимдер аталған аффикстер арқылы бір ғана түбірден емес, әр басқа түбірлерден де жасалуы мүмкін. Мысалы, «кінә» деген мағынадағы *жазық* сөзі (зат есім) «айыпты, кінәлі бол(у)» деген мағынадағы *жаз* етістігінен (мысалы: *Мен саған не жаздым?)* жасалса, «тегіс» деген мағынадағы

[1] *Б. М. Юнусалиев.* Киргизская лексикология. Фрунзе, 1959, стр. 77—78.

жазық (мысалы: жазық дала) сөзі (сын есім) «жай, төсе, тарат» деген мағынадағы *жаз* етістігінен жасалып, бір-бірімен омонимдік қатар құрайды. Бұған қосымша мына бір омонимдес сөздердің жасалуына назар аударалық: сын есім мағынасындағы *ашық* сөзі (мысалы: *Көзін сәулеге үйреткен Асқар терезеден қараса, аспан айдай ашық екен.* С. Мұқанов) *аш* деген етістіктен (қарсы мағынасы —«жап») жасалса, етістік мағынасындағы *ашық* сөзі (мысалы: *Ашығам дейсің ғой. Ашықпай отырсың ба? Жатақ орнымды алып қояр деп қорқасың-ау. Есіңде болсын, сенде жатақ орын-жоқ.* С. Ерубаев.), керісінше, *аш* деген сын есімнен (қарсы мағынасы «тоқ») жасалған. Бұл туынды омонимдер құрамындағы түбірлердің де омонимдес, аффикстердің де омонимдес болуы нәтижесінде жасалған.

Есімдердің *-қ (-к, -ық, -ік)* аффиксі мен етістіктердің *-қ (-к, -ық, -ік)* аффиксінің жалғануы нәтижесінде жасалған омонимдес сөздердің ішінде тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан морфемаларға бөлшектенуге келмейтіндері де бар. Мына омонимдес сөздерді салыстырыңыздар: *қырсық* I (зат есім) — *қырсық* II (етістік); *ентік* I (зат есім) — *ентік* II (етістік); *былық* I (есім) — *былық* II (етістік) және т. б.

Туынды омонимдер жасайтын басқа да аффикстер бар. Мысалы, есімдердің *-н (-ын, -ін)* жұрнағы мен етістіктің (өздік етістің) *-н (-ын, -ін)* жұрнағы туынды омонимдер жасайды. Бұл ретте аталған омонимдес жұрнақтар арқылы *теп* деген етістіктен жасалған зат есім мағынасындағы *тебін* деген сөз *(мал тебінде жайылып жүр.)* бен етістік (өздік етіс) мағынасындағы *тебін* сөзін *(атын тебіну)* мысалға келтіруге болады. Сондай-ақ, *үйір* түрінде дыбысталатын үш сөздің (*үйір* I (зат есім). *Үйіріне қосу*; *үйір* II (сын есім). *Жақсыға үйір*; *үйір* III (етістік). *Жылқыны үйір* үшеуі де түбір мен омонимдес аффикстердің қосындысынан жасалған.

4) Кейбір омонимдер кірме сөздер мен төл сөздердің дыбысталуы жағынан сәйкес келуі нәтижесінде жасалады. Мұндайда, әдетте, кірме сөз дыбыстық өзгерістерге ұшырап, қабылдаушы тілдегі төл сөзбен дыбысталуы жағынан бірдей келеді. Мысалы, орыс тілінен енген *гиря* деген сөз қазақша айтылуында *кір* болып өзгеріп, «лас» деген мағнаны білдіретін *кір* деген төл сөзбен бір омонимдік қатар құрайды. Орыс тілінің *волость* деген сөзі қазақша *болыс* болып өзгеріп, «көмектес» деген мағынадағы *болыс* деген сөзбен дыбысталуы жағынан сәйкес келсе, «ат айдаушы» деген мағынадағы *кучер* деген сөзі *көшір* түрінде айтылып, «1. бір жерден екінші жерге ауыстыру», «2. Жазылғанды қайталап жазу» деген мағынадағы *көшір* деген төл сөзбен дыбысталу жағынан сәйкес келіп, омонимдер жасалған.

«Бояу» деген мағынаны білдіретін *сыр сөзі* (мысалы: *Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді)* араб тілінен (араб тілінде айтылуы *сир)* еніп, «әркімнің өзіне мәлім, басқаға белгісіз, құпия ой» деген мағынадағы сыр сөзімен (мысалы: *Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.* Мақал) дыбысталу жағынан сәйкес келуі нәтижесінде омонимдер жасалған. «Кездеме» мағынасында қолданылатын *мата* I сөзі мен «байла» деген мағынадағы *мата* II сөзі де — өз ара омонимдес сөздер. Түркі тілдеріне «кездеме» мағынасын білдіретін *мата* сөзі араб тілінен (арабша — *матәғ)* енген. Араб тілінен еніп, «қатар» деген мағынаны білдіретін *сап* сөзі *(сапқа тұру)* «құралдың ұстайтын жағы» деген мағынаны білдіретін сап сөзімен (*пышақтың сабы, балтаның сабы)* бір омонимдік қатар құрайды. «Мата тоқуға қажетті ақ ұлпы» деген мағынаны білдіретін *мақта* түрік тілдеріне иран тілдерінен енген. Бұл сөздің иран тілдерінің бірі — тәжік тілінде дыбысталуы — *пақта.* Бірсыпыра түркі тілдерінде бұл сөз осы аталған түрінде дыбысталады. Қазақ тілінде бұл сөздің басқы *п* дыбысы *м* дыбысымен алмасып «мадақта» деген мағынадағы *мақта* (етістік) сөзімен дыбысталуы жағынан сәйкес келіп, омоним сөздер жасалған. «Ағаш кесетін құрал» мағынасындағы *ара* — шығу төркіні жағынан иран тілдерінің сөзі. Тәжік тілінде бұл сөз *арра* түрінде дыбысталады. Аталған сөз қазақ тілінде «бал салатын жәндік» деген мағынадағы *ара* сөзімен бір омонимдік қатар құрайды.

Омонимдік қатарға енетін сөздердің өзгеру, түрлену жүйелерінің бір-біріне қаншалықты дәрежеде сәйкес келуіне қарай омонимдер лексикалық (немесе толық) *омонимдер,* лексика-грамматикалық (немесе жартылай) омонимдер және *аралас омонимдер* болып топтастырылады. Енді осылардың әрқайсысына тоқталайық.

1. *Лексикалық (немесе толық) омонимдер.* Омонимдердің бұл түрінде омонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар (сөздер) бір ғана сөз табына қатысты болады да, қалай түрленсе де, ол сыңарлар барлық формаларында бір-бірімен сәйкес келеді. Мысалы, ауаны ішке тартып, сыртқа шығарып тұратын «мүше» деген мағынадағы *өкпе* сөзі мен «реніш, наз» деген мағындағы *өкпе* сөзінің екеуі де бір сөз табына (зат есімге) қатысты болып, көптелсе де, тәуелденсе де, септелсе де,— барлық формаларында бір-бірімен сәйкес келеді. Лексикалық омонимдердің, қалай түрленсе де, барлық формаларында бір-біріне сәйкес келуі ескеріліп, кейде олар *толық омонимдер* деп аталады. Лексикалық омонимді құрастырушы сөздер барлық формаларында лексикалық мағыналары жағынан ажыратылады да, грамматикалық мағыналары жағынан ажыратылмайды. Сонымен, бір сөз табына қатысты болып, қалай түрленсе де, барлық формаларында бір-біріне сәйкес келетін сөздерден жасалған омонимдер лексикалық немесе толық омонимдер деп аталады. Лексикалық немесе толық омонимдерге мынадай омонимдер мысал бола алады:

Дәрі I. Ауруды емдеу үшін қолданылатын зат. *Ол қылған дәрім ғашығымның жанына* (Абай).

Дәрі II. Оқтың ішіндегі тұтандырғыш зат. *Құр дәрімен атқанға өлмейді екен* (Абай).

Сыр I. Бояу. *Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді* (мақал).

Сыр II. Әркімнің өзіне мәлім, басқаға белгісіз, құпия ой. *Баласы үлкен кісідей, сыр сұрап отыр.*

Сүз I. Мүйізде. *Әрбірі сүзді, қуды қасқырларды* (Сұлтанмахмұт).

Сүз II. Сүзгіштен өткіз. *Сүтті шелекке сүзіп құйды.*

Бұл омонимдік қатарлардың алдыңғылары (*дәрі* I және *дәрі* II; *сыр* I және *сыр* II) бірыңғай зат есім сөздерден жасалса, соңғысы (*сүз* I және *сүз* II) бірыңғай етістік сөздерден жасалған. Алдыңғы омонимдік қатарлардың сыңарлары көптелсе де, септелсе де, тәуелденсе де, бір-бірімен барлық формаларында сәйкес келеді де, соңғы омонимдік қатардың сыңарлары көсемше түрінде де, есімше түрінде де, етіс түрлерінде де барлық формаларында бір-біріне сәйкес келеді.

2. *Лексика-грамматикалық (немесе жартылай) омонимдер.* Омонимдердің бұл түрінде омонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар (сөздер) әр басқа сөз табына қатысты болады, осыған орай, олар бір формасында (негізгі формасында) бір-бірімен сәйкес келіп, басқа формаларында ажырасып кетеді. Мысалы, «Темірді іске жарататын шебер» деген мағынадағы *ұста* I сөзі мен «бірдемені тұт, жіберме» деген мағынадағы *ұста* II сөзі осы қалпы-түбір тұлғаларында ғана бір-біріне сәйкес келіп, басқа формаларында әр басқа сөз таптарына қатысты (алдыңғысы зат есімге, соңғысы етістікке қатысты) сөздер ретінде бір-бірінен ажырасып кетеді де, омоним бола алмайды. Зат есім мағынасындағы *ұста* сөзі көптеледі, тәуелденеді, септеледі, ал етістік мағынасындағы *ұста* сөзі көсемше немесе есімше түрінде қолданылады. Сөйтіп, бұлар өздерінің негізгі формасында (зат есім атау септік формасында, етістік екінші жақ бұйрық рай формасында) омонимдес болып, әрқайсысы өзіне тән формалармен түрленген қалпында омонимдес бола алмайды. Лексика-грамматикалық омонимдердің барлық формаларында емес, бір ғана формасында бір-бірімен сәйкес келуі ескеріліп, кейде олар *жартылай омонимдер* деп те аталады. Лексика-грамматикалық омонимдерге мынадай омонимдер мысал бола алады:

Жала I (зат есім). *Жала, көмір сияқты, күйдірмесе де күйелейді* (мақал).

Жала II (етістік). *Қуанысып жас балалар маңайда, қызық көріп сүт көбігін жалайды* (С. Мұқанов).

Жирен I (сын есім). *Жирен мұртты; алаша ақ сары жігіт басын көтерді* (Ғ. Мүсірепов).

Жирен II (етістік). *Өзі көрген байлардың мінезінен жиренді* (Абай).

3. *Аралас омонимдер.* Бірнеше омонимдес сөздер бір ғана

омонимдік қатарға енуі мүмкін. Мұндай көп компонентті омонимдік қатар лексикалық омонимдерді де, лексика-грамматикалық омонимдерді де қамтиды. Мысалы:

Ат I (зат есім). Жылқының көлік ретінде пайдаланылатын түрі.

Ат, айғырлар, биелер Бүйірі шығып ыңылдап (Абай).

Ат II (зат есім). Кісінің есімі. *Қызының аты Меңсұлу екен* (С. Мұқанов).

Ат III етістік). Оқ жұмса, оқ шығар. *Қараңғыдан шыға келген адам мылтығын атып жіберді* (С. Ерубаев).

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» (I том, 1959) алынған бұл үш сөздің алдыңғы екеуі зат есімдерден болған лексикалық омонимдер болып саналады. Бұл екеуі үшінші сөзбен (етістікпен) лексика-грамматикалық омонимдер ретінде қатынасқа түседі. Бұлар тәрізді көп компонентті омонимдер түркі тілдерінде кездесе береді. Оларды, жоғарыдағыдай, аралас омонимдер немесе аралас омонимдік қатарлар деп атауға болады.

Омонимия құбылысын кең мағынада қарастырғанда, оның айрықша түрлері ретінде *омофондар*[1] *мен омографтарды*[2] атауға болады. Омофондар мен омографтар омонимия құбылысының қатарында қарастырылғанда, сөздердің, сондай-ақ кейбір сөз тіркестерінің орфографиялық (жазылу) жағымен орфоэпиялық (айтылу) жағының ара қатысы ескеріледі.

а) Біркелкі айтылып, бірақ түрліше жазылатын сөздер *омофондар* деп аталады. Мысалы:

Асшы. Ас даярлайтын адам.

Ащы. Қарсы мағынасы — *тұщы.* Екеуінің де айтылуы — *ашшы.*

Қарала. Қарсы мағынасы — *ақта.*

Қара ала. Қара түс пен ақ түстің араласып келген түрі; айтылуы — *қарала.* Орыс тілінде жазылуы әр түрлі болғанмен, айтылуы бірдей мынадай сөздер (омофондар) бар: *пруд* («бөгеу, тоған») *прут* («шыбық»); *плод* («ұрық», «жемісі») — *плот* («сал — байланыстырылып суға ағызылатын ағаштар»); *гриб* («саңырауқұлақ») — *грипп* (аурудың бір түрі —«тұмау»).

ә) Біркелкі жазылып, екпіннің алмасып түсуіне байланысты түрліше айтылатын сөздер омографтар деп аталады. Мысалы: *бөлме* (үйдің бөлегі»— *бөлме* «бөл» деген етістіктің болымсыз түрі); *тартпа* («столдың қағаз салатын жәшігі») — тартпа («тарт» деген етістіктің болымсыз түрі). Жұп-жұбымен келген осы тәріздес омографтардың сыңарлары айтылуда екпін арқылы ажыратылады. Екпін бұлардың зат есім сыңарларының соңғы буынына түседі де, етістік сыңарларының бас буынына түседі.

---

[1] *Омофон* — грек тілінің homos («біркелкі, бірдей» деген мағынада) және phone («дыбыс» деген мағынада) деген сөзінен жасалған термин.

[2] *Омограф* — грек тілінің homos және garpho («жазу») деген сөздерінен жасалған термин.

Омофондар да, омографтар да таза омонимдер емес, өйткені олардың біреуі (омографтар) айтылуда бір-бірінен ажыратылып шектелсе, екіншісі (омофондар) жазылу жағынан бір-бірінен сараланып шектеледі. Таза омонимдердің қатарына айтылу жағынан да, жазылу жағынан да біркелкі болып, мағынасы жағынан ажыратылатын сөздер енеді.

Омонимдер және олардың түрлерінен (омоформалар, омофондар, омографтар) каламбур[1] жасалады. Олар көркем әдебиетте, көбінесе поэзияда, қолданылады. Мысалы:

1. Тағыдай таудан су ішкен,
   Тарпаңдай, тізесін бүгіп от жеген,
   Тағы сынды жан едік,
   Тағы келдік тар жерге,
   Таңдансаң *тағы* болар ма (Махамбет.)
2. Елсіз дала бейне үйдің *нақ қасы,*
   Биледі олар қырау шалып ақ қасы (Х. Ерғалиев).
3. Дәмді аспен қарным тойса деген *арман*
   Мұршам жоқ ой ойлауға онан *арман.*
4. Қалқам, жаным, *қарағым,*
   Бетіңе келмес *қарағым* (Сұлтанмахмұт)

Омонимдер ойдың түсінікті болуына кедергі жасамай ма деген сұрақ туады. Тілдегі басқа да сөздер сияқты омонимдер, әдетте, сөйлем ішінде, белгілі бір контексте қолданылады. Омонимдік сөздердің қай сөз екендігі қандай мағынаны білдіретіндігі сөйлемде айқындалады. Егер сөйлем грамматикалық жағынан да, стилистикалық жағынан да дұрыс құрастырылса, ол сөйлемде қолданылған омонимдер ойдың түсінікті болуына кедергі жасамайды[2].

---

[1] *Каламбур* — француздың *calembour* («дыбысталуы бірдей, мағынасы әр басқа сөздерге негізделген сөз әзілі» дегенді білдіреді) сөзінен жасалған термин.

[2] Омонимдер туралы әдебиеттер: *В, И. Абаев.* О подаче омонимов в словаре. — «Вопросы языкознания», 1957, № 3; Омонимия мен полисемияны бір-бірінен ажырату жайында дискуссияның материалдары. «Лексикографический сборник», М., 1960, вып 4; *В. В. Виноградов.* Об омонимии и смежных явлениях. — «Вопросы языкознания», 1960, № 5; *Е. М. Галкина-Федорук.* К вопросу об омонимах в русском языке. —«Русский язык в школе», 1945, №3; *А. С. Смирницкий,* Лексикология английского языка. М., 1956, стр. 159—172; *В, М. Юнусалиев.* Киргизская лексикология (развитие корневых слов). Фрунзе, 1959, глава вторая, стр. 63—85; *Н. Ю. Шведова.* Изучение омонимов.— «Доклады и сообщения филологического факультета МГУ», вып., 6, 1948; *Н. Ф. Шумилов.* К вопросу о разграничении полисемии и омонимии. —«Русский язык в школе», 1956; № 3; *О. С. Ахманова.* Очерки по общей и русской лексикологии. М., 1957, стр. 104—105; *Л. А. Новиков.* О лексикосемантическом способе словообразования в современном русском языке. —«Вестник МГУ», серия филологии и журналистики, 1960, № 3; *И, С. Тышлер.* К вопросу судьбе омонимов. — «Вопросы языкознания» 1960, № 5; *К. Аханов,* Қазақ тіліндегі омонимдер. Алматы, 1958; *А. А. Юлдашев.* Принципы составления тюркско-русских словарей. М,, 1972; стр. 227—335.

§7. СИНОНИМДЕР

Мағыналары бір-біріне жақын, өз ара мәндес сөздер с и н о н и м д е р[1] деп аталады. Өз ара мәндес сөздерден: с и н о н и м д і к қ а т а р құралады. Синонимдік қатардың құрамына екі, кейде одан да көп сөздер енеді. Мысалы: 1. *адам — кісі;* 2. *күш — қуат — әл — дәрмен;* 3. *қадірлі — құрметті — ардақты — аяулы — қымбатты;* 4. *болдыру — шаршау — титықтау — тұралау; құрғау — кебу — дегду — тобарсу;* 5. *тез — жылдам — шапшаң — лезде — сәтте* және т. б.

Синонимдер — омонимдерге қарама-қарсы құбылыс. Омонимдер мағыналары әр басқа, дыбысталуы бірдей сөздер болса, синонимдер мағыналары бір-біріне жуық (өз ара мәндес), дыбысталуы әр түрлі сөздер. Омонимдер де, синонимдер де басқа сөздерден құралады. Дыбысталуы бірдей болғанымен, омонимдер де әр басқа сөздер ретінде танылады. Омонимдердің ішінде, жоғарыда атап өткеніміздей, бір сөздің (полисемантизмді сөздің) мағыналық жақтан дамуы, мағыналардың бір-бірінен ажырасып кетуі нәтижесінде жасалғандары да бар. Омонимдердің мұндай түрін құрастырушы сыңарлар да (сөздер) тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан әр басқа сөздер ретінде танылады. Ал әр басқа сөздердің синонимдер ретінде танылуы үшін, олардың мағыналық жақтан бір-біріне жуық, өз ара мәндес болуы шарт.

Синонимдік қатарды құрастырушы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өз ара мәндес болуымен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт. Әр түрлі сөз табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін, оның құрамына енетін сөздердің барлығы да не бірөңкей зат есім сөздерден, не бірөңкей сын есім сөздерден немесе бірөңкей етістік сөздерден болуы керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар. Мысалы:

Зат есімдерден болған синонимдер: *өң — түр — түс — келбет — пішін — ажар — мүсін — көрік — бітпет — кескін — рең — дидар — шырай; уақыт — мезгіл; мерзім — кез; сабыр — төзім — шыдам* және т. б.

Сын есімдерден болған синонимдер: *салмақты — сабырлы — байыпты — байсалды — ұстамды; сұлу — әдемі — көркем — көрікті — ажарлы — кескінді — келбетті; күшті — мықты — әлді — қарулы — қайратты — қажырлы* және т. б.

Етістіктерден болған синонимдер: *сауығу — жазылу — айығу; жолығу — кездесу — ұшырасу; жорамалдау — долбарлау — тұспалдау — болжау — межелеу; амандасу — сәлемдесу; әзілдесу — қалжыңдасу* және т. б.

---

[1] *Синоним* — грек тілінің *synonimon* (мағынасы — «қатар атау») деген сөзі бойынша жасалған термин.

Үстеулерден болған синонимдер: *таяуда — жуырда — жақында — жуықта; әрең — әзер — зорға; тез — жылдам — шапшаң — лезде — сәтте* және т. б.

Тіл-тілде әсіресе зат есімдер мен сын есімдерден және етістік сөздерден болған синонимдер жиі кездеседі. Бұлай болатындығы әрбір тілдің лексикасындағы сөздердің басым көпшілігі зат есімдер мен сын есімдер және етістік сөздер.

Тіл-тілде мағыналары жағынан бір-біріне тепе-тең синонимдер, әдетте, кездеспейді, ал егер кездесе қалса, өте сирек ұшырайды. Синонимдес сөздер өз ара мәндес сөздер болғанымен, олардың мағыналық жақтан қалай да бір айырмашылығы болады. Синонимдес сөздердің өз ара мағыналық жақындығын (ұқсастығын) айқындаудан гөрі олардың бір-бірінен мағыналық айырмашылығын айқындау әлдеқайда күрделі. Бұлай болатындығы мынадан: синонимдес сөздердің бір-бірінен мағыналық жақтан айырмашылығы көбінесе сәл ғана нәзік айырмашылық түрінде болады да, мұның өзі бірден ашық-айқын аңғарыла бермейді. Бұл — бір. Екіншіден, синонимдес сөздердің бір-бірінен өз ара айырмашылығы қолданылу ыңғайына қатысты стильдік айырмашылық түрінде ғана болуы мүмкін. Синонимдес сөздердің мұндай жақтары стильде түрлендіре ажыратылып айқындалады.

Синонимдер өз ара мәндес сөздер болғандықтан, кейде бірін-бірі ауыстыра алады. Мысалы, *байыпты* адамды *салмақты* деп *те, сабырлы* деп те, *байсалды* деп те айтуға болады. Сол сияқты *жақында* деудің орнына ыңғайына қарай *жуықта, жуырда* немесе *таяуда* деген сөздердің бірі қолданыла алады. Бірақ синоним сөздер әр уақытта бірінің орнына бірі жұмсала бермейді, Синонимдік қатардың құрамындағы кейбір сөздер тек белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп айтылады. Мысалы, *ат, есім* деген синоним сөздердің *есім* дегені тек адамға байланысты айтылады. Ал мекеме, қала, өзен, тау т. б. атауларға байланысты *ат* сөзі айтылады да (*мыс: өзеннің аты, көлдің аты; Бұл ағаштың аты — ақ қайың*), *есім* сөзі олармен тіркеспейді. Сондай-ақ, *көрікті, келбетті, ажарлы, өңді, көркем, әдемі, сұлу* деген сөздер өз ара синонимдес сөздер болғанмен, қолданылуға келгенде, бірінің орнына бірі жүре бермейді, олар сөздерге «таңдап» барып тіркеседі. Мысалы, *көрікті адам, келбетті адам, ажарлы кісі, өңді кісі, сұлу қыз* деп айта береміз; ал бұл синонимдердің әрқайсысын *қала, үй, ат* деген сөздермен тіркестіріп айтуға, мысалы, *«келбетті қала, ажарлы қала, өңді үй, келбетті үй* немесе *өңді ат»* деуге болмайды, өйткені осы сөздердің бұлай тіркесуі дағдыдан, тәжірибеден тыс және жат болып танылады. Әдетте, бұл синонимдердің ішінен *көркем, әдемі, сұлу* деген сыңарлар ғана *қала, үй, ат* деген сөздермен тіркесіп, *көркем қала, сұлу қала, әдемі үй, сұлу ат* түрінде айтылады.

Синонимдер тікелей стильмен байланысты болып келеді. Тіл-тілде сараланған, қалыптасып орныққан бірнеше стильдік

тармақ болады. Тілдің даму барысында оның лексикасындағы көптеген сөз сараланып, белгілі бір стильге телініп, әр топқа бөліне бастайды. Мұны белгілі бір синонимдік қатардың ішіндегі сөздердің қолданылуынан да аңғаруға болады. Мысалы, *көк, аспан* деген синонимдік қатардың құрамындағы *аспан* сөзі, *жер шары, жер жүзі* деген синонимдік қатардағы *жер шары* тіркесі көбінесе ғылыми стильде (астрономияда) қолданылады. Ал 1) *теңіз, дария;* 2) *халық, жұрт, әлеумет, халайық* деген синонимдік қатарлардың құрамындағы сөздерді қолданылу жағынан салыстырып қарағанда, бірінші синонимдік қатардағы *теңіз,* екінші синонимдік қатардағы *халық, жұрт* дегендердің жалпылама қолданыла беретіні байқалады. Осы синонимдік қатарлардағы *дария, әлеумет, халайық,* деген сөздер көбінесе поэтикалық тілде қолданылады да, көтеріңкі стильмен байланысты болып келеді. Тілдегі барлық синоним болмаса да, көптеген синонимдік қатардың құрамындағы мәндес сөздердің әр қайсысы белгілі бір жанрда, стильде қолданылуға икемделеді.

Синонимдік қатардың құрамындағы сөздердің белгілі бір жанрға, стильге икемделіп телінуі және, осыған орай, сол жанрда немесе стильде қалыптасып орнығу құбылысы сөздік құрамы стилистикалық жақтан дифференцияланған тілдерде, мысалы, орыс тілінде, айқынырақ аңғарылады М.ысалы, орыс тіліндегі *внезапно — неожиданно, стремительный — быстрый, исполнить — сделать, порицать — упрекать, взыскательность — требовательность, чрезмерно — слишком, обоюдный — взаимный* деген синонимдік топтардың әрқайсысының алдыңғы сыңары кітап тіліне (книжная речь) тән болса, *врасплох — неожиданно, вволю — вдоволь, начистоту — откровенно, малость — немного, смыслить — понимать, напасти — неприятности* деген тәрізді синонимдік топтардың алдыңғы сыңарлары ауыз екі сөйлеу тіліне тән[1].

Кейбір синонимдік қатарға енетін сөздердің сапа мен белгіні білдіру дәрежесінде бір-бірінен айырмашылықтары болады. Мысалы, *әуес* дегеннен гөрі *құмар, құмар дегеннен* гөрі *құштар* дегеннің сындық, сапалық дәрежесі күштірек. Ал *құштар* дегеннен гөрі *іңкәр, іңкәр* дегеннен гөрі *ынтық, ынтызар* дегендердің сындық, сапалық дәрежесі әлдеқайда күшті. Аталған синонимдес сөздердің сапа мен белгіні білдіру дәрежесі бірінен-біріне үдеп, бірінен-бірі асып түсіп отырады. Бұл тәрізді синонимдік қатарлардың құрамындағы эмоциональды бояуы қалың, экспрессивті қызметі күшті сыңарлар (сөздер) көбінесе көтеріңкі поэтикалық стильде қолданылады.

Кейбір синонимдік қатарларды құрастырушы сыңарлар (сөздер) бір-бірінен қолданылу шеңбері, сөздермен тіркесу қабілеті жағынан ажыратылады. Белгілі бір синонимдік қатарды

---

[1] *А. Н. Гвоздев.* Очерки по стилистике русского языка. М., 1955, стр. 60—66.

құрастырушы сыңарлардың кейбіреулері көптеген сөздермен тіркесе береді де, қолданылу шеңбері кең болады; керісінше, қайсыбіреулерінің сөздермен тіркесу қабілеті кем болады, тек белгілі бір сөздермен ғана тіркеседі. Мысалы, *қарт* деген сөз бен *кәрі* деген сөз өз ара мәндес, синонимдес сөздер болғанмен, екеуінің қолданылу шеңбері, жұмсалу өрісі бірдей емес. *Қарт* деген *адам* немесе *кісі* деген сөздермен тіркеседі де, басқа сөздермен мүлдем тіркеспейді. Керісінше, *кәрі* деген сөз көптеген сөздермен тіркесіп жұмсала беріледі. Мысалы, кәрі деген сөзді жоғарыда аталған *адам, кісі* деген сөздермен де тіркестіріп *(кәрі адам, кәрі кісі)* айтуға, сондай-ақ *жылқы, қой* деген сөздермен де тіркестіріп *(кәрі жылқы, кәрі қой)* айта беруге болады. Бірақ *қарт* деген сөзді *кәрі* деген сөзбен синоним бола тұрса да, *жылқы, қой* деген сөздермен тіркестіріп айтуға болмайды.

Орыс тілінде де *пожилой, старый* деген сөздер өз ара синонимдес сөздер болғанымен, басқа сөздермен тіркесу, қолданылу жағынан бір-бірінен ажыратылып шектеледі. Бұл синонимдік қатардың бірінші сыңарының *(пожилой)* қолданылу өрісі екіншісінің *(старый)* қолданылу өрісінен анағұрлым тар. Ол адамға байланысты бірен-саран сөздермен ғана тіркесе алса, *старый* деген сөз жанды, жансыз зат атауларының көптеген түрлерімен тіркесіп жұмсала береді (мысалы: *старая лошадь, старый дуб, старый дом)*. Келтірілген бұл мысалдар синонимдік қатардың құрамындағы әр түрлі сыңарлардың басқа сөздермен тіркесіп жұмсалу қабілеті мен қолданылу шеңберінің біркелкі болмайтындығын көрсетеді.

Сонымен, кейбір синонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар (сөздер) бір-бірінен белгілі бір стильге икемделіп теліну жағынан ажыратылып шектелсе, қайсыбір синонимдік қатардың құрамындағы сыңарлар бір-бірінен басқа сөздермен тіркесу қабілеті жағынан ажыратылып шектеледі. Енді бір синонимдік қатардың құрамындағы мәндес сөздер бір-бірінен сапа мен-белгіні білдіру дәрежесі жағынан ажыратылады.

Кейде өз ара мәндес сөздер (синонимдер) бір-бірімен тіркесіп немесе бірігіп қолданылады. Мәндес сөздердің бұлай қабаттасып, өз ара тіркесіп айтылуынан жасалған сөз тізбегі *плеоназм* немесе *плеонастикалық сөз тізбегі* деп аталады. Мысалы, *көне* сөзі мен *тоз* сөзі қосылып, *көнетоз* түрінде, *ежелгі* мен *ескі* қабаттасып, *ежелгі ескі* досы түрінде айтылады. *Ақыр аяғына* (дейін), *жеке дара* дегендер де плеоназм жолымен жасалынған. Өз ара мәндес сөздер тізбегінің құрамындағы алдыңғы сыңар соңғысын айқындап дәлдей түседі де, бүтіндей сөз тізбегі көбінесе күшейтіп айту қызметін атқарады. Мысалы:

1) Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан — сауық ойда жоқ *әуел баста-ақ* (Абай).

2) Қасиетті болмайды ондай жігіт
Әншейін құр бекерге жыртақтаған (Абай).
3) — Кінәны елге барған соң, *кең байтақта* айтысармыз, қайтесің — деп бір тоқтады (М. Әуезов).
4) Осында отырған қырық үйлі жоқ-жігітекті сұрасаң, менің *тең тұсым* екен (М. Әуезов).
5) Терезе ашық, таудан *самал жел* соғып тұр (С. Ерубаев).
6) Түсімде *сәске түс* екен-ау деймін (С. Ерубаев).

Осы мысалдардағы *әуел баста, құр бекерге, кең байтақ, тең тұс, самал жел, сәске түс* дегендердің әрқайсысы — өз ара мәндес сөздердің (синонимдердің) тіркесуінен жасалған сөз тізбектері. Сондай-ақ, Оғаш *шет жағасын* аңғартып едім; Бұл істің *орасан зор* маңызы бар; *Ғашық жарын* сағынып дегендердегі *шет жаға, орасан зор, ғашық жар* дегендер де плеоназмдердің қатарына жатады. Бұлардың ішінде кейбіреулері жеке сөздерге де синоним болып келеді. Мысалы, кейде *тең тұсым* деген ыңғайына қарай *құрдас, замандас, құрбы* деген сөздерге синоним бола алады. Сондай-ақ, *құр бекерге* деген плеоназм *бостан-босқа, аққұла* дегенге синонимдес болып келеді. Өз ара синонимдес сөздерден жасалған сөз тізбектері басқа бір сөз тізбектеріне де синоним бола алады. Мысалы, *кең байтақ* дегеннің синонимі — *ұлан байтақ*.

Жалпы синонимдес болып келетіндер жеке сөздер ғана емес, сонымен бірге тұрақты сөз тіркестері де өз ара бір-бірімен синонимдес болып келе береді. Мысалы, *сағы сыну, тауы шағылу, қанаты қайырылу* деген тұрақты сөз тіркестері мағыналары жағынан бір-біріне жуық, өз ара синонимдес сөз тіркестері болып саналады. Сондай-ақ, *тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай* дегендер «ашық, айқын» деген мағынада бір-бірімен синоним болса, *көзді ашып жұмғанша, қас пен көздің арасында, қас қақҚанша* деген сөз тіркестері «лезде, өте жылдам» деген мағынада бір-бірімен синоним бола алады.

Тіл-тілдің лексикасында қолданылуына байланыссыз, жеке тұрып та лексикалық единица ретінде бір-бірімен синоним болып келетін тұрақты синоним сөздер бар да, тек қолданылуына қарай бір-бірімен мәндес болып келетін сөздер де бар. Мысалы, *үлкен, зор* деген тұрақты синоним сөздердің орнына кейде *алпамсадай, еңгезердей, соқталдай, абажадай, соқтауылдай, добалдай* деген сөздер қолданылып айтылады. Бірақ, солай бола тұрса да, бұл сөздер *үлкен* немесе *зор* деген сөздерге тұрақты синоним бола алмайды. Бұлар аталған сөздермен тек қолданылу ыңғайына қарай мәндес болып келеді.

Синонимдер әр түрлі жолдармен пайда болған. Олардың бастылары мыналар:

1. Сөздің мағыналық жақтан дамуы, қосымша жаңа мағыналарға ие болуы синонимдік қатарлардың жасалуына әсер етеді. Осыдан көп мағыналы сөздер мен синонимдердің қарым-қатынасы, өз ара байланысы келіп туады. Көп мағыналы сөз

әр мағынасында әр түрлі синонимдік қатарға еніп, синоним сөздердің шеңберін кеңейтіп отырады. Мысалы, әр мағынада жұмсалатын *бет* деген сөз бір мағынасында *жүз, дидар* деген сөздермен синонимдес болса, екінші бір мағынасында *беткей, төскей* дегендермен синонимдес болады (мысалы: *Мал сонау бетте жайылып жүр, мал сонау беткейде, төскейде жайылып жүр*); енді бір мағынасында *бағыт, бет алыс* дегендермен синонимдес болып келеді (мысалы: *осы бетің дұрыс* — осы бағытың дұрыс). Сондай-ақ, тура деген көп мағыналы сөз бір мағынасында *дұрыс, жөн, түзу* деген сөздермен синоним болса, екінші мағынасында *тік* сөзімен, үшінші мағынасында *шақ, дәл* сөздерімен синоним бола алады.

2. Заттар мен құбылыстардың бірден көзге түсіп байқала қоймайтын айрықша белгілері мен қасиеттерін бірте-бірте ашып, оларды атау үшін және мағыналардың нәзік реңкін ажыратып айту үшін, тілде жаңа сөздер жасалып отырады да, тілдің бүтіндей сөздік құрамы даму, баю күйінде болады. Ал туынды жаңа сөздер сөз тудырудың әр түрлі тәсілдері арқылы пайда болып отырады. Сөз тудырудың түрлі-түрлі тәсілдері арқылы сөздік құрамның даму барысында синонимдер де жасалады.

Мысалы, *жаз* бен *көк* деген сөздер түбір қалпында бір-бірімен синонимдес бола алмайды; ал осы сөздердің сөз тудыру тәсілі арқылы пайда болған *жазғытұрым, көктем* тәрізді туынды түрлері өз ара мәндес, синонимдес сөздер болып саналады. Туынды жаңа сөздердің жасалу барысында пайда болған синонимдерге мынандай сөздерді жатқызуға болады: *жайылым, өріс; олқылық, кемшілік; тірек, таяныш, сүйеніш; кездесу жолығу, ұшырасу; сабырлы, салмақты; бостандық, азаттық, еркіндік* және т. б.

3. Әдеби тіл лексикасының диалект сөздердің есесінен толығуы нәтижесінде де синонимдер жасалады. Мысалы: *леген, шылапшын; тақия, кепеш; сіреңке, шырпы, оттық* және т. б.

4. Тілде белгілі бір стилистикалық қызметте жұмсалатын эвфемизмдер басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерімен мәндес келіп, синонимдер жасалады. Мысалы, *өтірік айту* дегеннің орнына кейде жұмсартып, *қосып айту* дейміз. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін де эвфемизмдердің қатысымен жасалған синонимдердің қатарына жатқызуға болады: *мастық, қызулық; ұрлық-қарлық жасамау, ала жібін аттамау; өлді, қайтыс болды, дүниеден өтті, дүние салды* т. б. Осы синонимдік қатарлардың әрқайсысының соңғы сыңарлары — эвфемизмдер.

5. Белгілі бір тілдің лексикасы басқа тілдерден енген сөздермен де толығып, байып отырады. Кейде басқа тілдерден енген сөздер сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, соның нәтижесінде синонимдер жасалады. Мысалы, қазақ тіліндегі *шекер — қант; одеколон — иіс су; тұрба — мұржа; доктор — дәрігер, күршек — ілгек; мөшек — қап, қапшық; сіреңке — шырпы* деген синонимдердің әрқайсысының алдыңғы сыңарлары — орыс тілінен енген сөздер. Ал *дидар — бет, жүз; табиғат — жаратылыс; құрмет — сый; тағам — ас; есім — ат; мұғалім — оқытушы; дәреже — атақ; рақмет — алғыс; мейман — қонақ; қараз — әтеш* деген синонимдік қатарлардың алдыңғы сыңарлары араб және иран тілдерінен енген.

Синонимдердің сәл ғана мағыналық нәзік айырмашылықтарды қамтып, оралымды түрде жеткізе білуде мәні айрықша. Мұнымен бірге, синонимдердің стильдік мәні де күшті. Сөйлемде я жазуда бір сөзді қайта-қайта қайталай беру, мысалы, алдыңғы сөйлемде қолданылған сөзді, соған байланысты екінші сөйлемде қайталап қолдану кейде стильдік жағынан кемшілік тудырады, қолайсыз, ретсіз болып көрінеді. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану орынды, келісімді болады. Мысалы, жазушы М. Әуезовтың «Абай» романынан алынған мына сөйлемдегі сөздерге назар аударып көрейік:

— *Қазіргі Тоғжан* **жүзінде** *Абайдың қиялынан бір шақ кетпейтін, үлбіреп, толқып,* **лезде** *келіп,* **сәтте** *қайтып тұратын қызыл арай* **реңі** *жоқ.*

Осы сөйлемдегі *жүз* деген мен *рең* деген бір-біріне синоним де, *лезде* деген мен *сәтте* деген сөздер — бір-біріне синоним. Жазушы бір сөйлемде бір сөзді қайта-қайта қайталамай, оның синонимдерін тауып қолданған. Осының нәтижесінде сөйлем де көркем құралған.

Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Сөздік құрам неғұрлым бай, әр тарапты болса, тіл де соғұрлым бай, орамды болады, Сөйтіп, синонимдердің молдығы — тілдің байлығын, дамыған тіл екендігін аңғартатын көрсеткіштің бірі.

Синоним сөздерді жете білудің үлкен мәні бар. Лексиконы синонимдерге бай адам сөз мағыналарының арасындағы нәзік айырмашылықтарды дөп басып айтуға шебер келеді. Өз ара мәндес сөздердің мағыналық нәзік айырмашылықтарын жете білген адам синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға дәлме-дәл келетінін тауып қолданады да, оның жазғаны немесе сөйлеген сөзі нысанаға дәл тиіп жатады, әрі келісті, әрі мәнерлі болып шығады[1].

---

[1] Синонимдер жайында әдебиеттер: *Ю. Д. Апресян.* Проблема синонима. — «Вопросы языкознания», 1957, № 6; *А. Д. Григорьева.* Заметки о лексической синонимии. — Сб. «Вопросы культуры речи», вып. 2, 1959; *А. Б. Шапиро.* Некоторые вопросы теории синонимов. — «Доклады и сообщения института языкознания», т. VIII, 1955; *В. К. Фаворин.* Синонимы в русском языке. М., 1964; *В. И. Кодухов.* Рассказы о синонимах. Л., 1971; *Ә. Болғанбаев.* Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы, 1970; *М. Д. Кузнец.* Стилистические функции синонимов. — «Ученые записки I Ленинградского гос. пед. института иностранных языков», т. I, 1940; *В. Н. Клюева.* Синонимы в русском языке,— «Русский язык в школе», 1954, № 3; *Ә. Болғанбаев.* Синонимдер және олардың жасалу жолдары. — «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958, № 8.

§8. АНТОНИМДЕР

Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер антонимдер деп аталады. Мысалы: *ескі — жаңа, ауыр — жеңіл, алыс — жақын, ақ — қара, ащы — тұщы, бар — жоқ, арзан — қымбат, ашық — жабық, ыстық — суық, өмір — өлім, алғыс — қарғыс, жастық — кәрілік* т. б.

Сөздердің бәрі бірдей өз ара синонимдес бола бермейтіні тәрізді кез келген сөз өз ара антонимдес бола бермейді. Мысалы, *киім, дәптер, қарлығаш* деген сөздерге қарсы мәндес сөздердің (антонимдердің) табылуы мүмкін емес. Тіл-тілде көбінесе сапалық ұғымды білдіретін сөздер немесе сапалық белгі бар сөздер өз ара бір-бірімен антонимдес болып келеді. Мысалы, әдетте, *ащы* деген сапалық белгіге *тұщы* деген сапалық белгі қарсы қойылып айтылады.

Антонимия құбылысы көбінесе сапалық ұғымдармен шектелгендіктен, оның тіл-тілде синонимия, полисемия құбылысына қарағанда, өрісі тар болады. Анығырақ айтқанда, синонимдес сөздер мен полисемантизмді сөздер сөздердің көптеген тобына тән құбылыс болуына байланысты, тіл-тілде жиі ұшырасатын болса, антонимдер көбінесе сөздердің белгілі бір тобына тән құбылыс болуына байланысты, синонимдер мен полисемантизмді сөздерге қарағанда, әлдеқайда сирек ұшырасады.

Антонимдес болатын сөздердің басым көпшілігі сын есімдер. Мысалы: *кәрі — жас, дұрыс — бұрыс, түзу — қисық, терең — саяз, адал — арам, оң — теріс, үлкен — кіші, ірі — уақ, арық — семіз, жуан — жіңішке, ыстық — суық, қалың — жұқа, жақсы — жаман, кең — тар, аш — тоқ, оңай — қиын, араз — тату* т. б.

Зат есімдерден антоним болатындар бірен-саран ғана. Сонының өзінде олардың мағынасынан сапалық белгінің нышаны аңғарылады. Мысалы: *өтірік — шын, пайда — зиян, бақ — сор, бай — кедей.*

Туынды зат есімдерден жасалған антонимдердің де, туынды етістіктерде жасалған антонимдердің де негізгі түбірі сапалық ұғымды білдіретін сөздер екені байқалады. Мысалы: 1) *тарлық — кеңдік, аштық — тоқтық; жақсылық — жамандық, жастық — кәрілік* т. б.

2) *ақтау — қаралау, алыстау — жақындау, арзандау — қымбаттау, жаңару — ескіру; қартаю — жасару* т. б.

Үстеу сөздерден жасалған санаулы ғана антонимдер бар. Мысалы: *бері — әрі, ілгері — кейін, жоғары — төмен, ерте — кеш.*

Сонымен, сын есімдерден басқа сөз таптарынан жасалған антонимдер тілде сирек ұшырасады.

---

[1] Антоним — грек тілінің *anti* —«қарсы» және *onyma* —«ат, атау» деген сөздерінен жасалған термин.

Бір тілде антонимдес болған бір тектес ұғымды білдіретін сөздер екінші тілде антонимдес болмауы мүмкін. Мұндай құбылысты туыстас тілдердің өзінен де байқауға болады. Мысалы: түрікмен тілінде *ұлы — кичи (ұлы — кіші)* деген сөздер бір-бірімен антонимдес сөздер[1]. Ал қазақ тілінде *кіші* деген сөз *ұлы* деген сөзге антонимдес бола алмайды, оның *(кіші)* антонимі — *үлкен.* Сондай-ақ, түрікмен тілінде *бейик (биік)* деген сөздің антонимі *пес*[2] *(пәс)*, қазақ тілінде бұл сөздің *(биік)* антонимі — *аласа.* Бұның себебі бір ұғымды білдіретін сөздің мағынасы әрбір тілде, тіпті туыстас тілдердің өзінде, бір-біріне көп жағдайда тепе-тең бола бермейтіндігінен.

Бір сөз әр мағынасында әр түрлі сөздермен антонимдес болуы мүмкін. Мысалы, *ашық* деген сөз бір мағынасында *жасырын (жасырын жұмыс, іс)* деген сөзбен антонимдес те, ал екінші бір мағынасында *жабық (есік жабық)* деген сөзбен антонимдес. *Оң* деген сөз бағытты білдіру мағынасында *сол* деген сөзбен антонимдес *(оң — сол)* болса, «дұрыс» деген мағынасында *теріс* деген сөзбен антонимдес *(оң — теріс). Қалың* деген сөз ыңғайына қарай *жұқа* деген сөзбен де *(қалың қар — жұқа қар), сирек* деген сөзбен де *(қалың шаш — сирек шаш)* антонимдес болады.

Мұнан полисемия құбылысының синонимия құбылысымен ғана емес, сонымен бірге антонимия құбылысымен де ұштасып жататындығын көруге болады.

Түсіндірме сөздіктерде сөздің әр түрлі мағыналарын айқындап, оларға анықтама беруде синонимдер мен антонимдер айрықша қызмет атқарады. Мысалы, түсіндірме сөздіктерде *маңай* деген сөздің мағынасы оның синонимі *тұс, төңірек, айнала* деген сөздер арқылы айқындалса, *ақ* деген сөздің түсті білдіретін мағынасы басқа бір заттың түсімен салыстыру арқылы немесе оның антонимі *қара* деген сөзді қарсы қойып салыстыру арқылы айқындалады.

Сонымен, сөздің мағынасын басқа тәсілдермен бірге оның синонимдес не антонимдес сөздерін қатар қойып салыстыру тәсілі арқылы да айқындауға болады.

Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады.

Осы бір қасиетіне байланысты болса керек, антонимдер әсіресе мақал-мәтелдерде жиі қолданылады. Мысалы:

1. Көз — *қорқақ*, қол — *батыр*.
2. *Өтірік* — қаңбақ, *шын* — салмақ.

---

[1] Проф. *П. Азымов.* Хәзирки заман түркмен дили. Ашгабат, 1959, 51-бет.
[2] Бұл да сонда, 51-бет.

3. Қорлық *өмірден* ерлік *өлім* артық.
4. Көп *ақымақтың* ағасы болғанша,
   Бір *ақылдының* інісі бол.
5. *Ащы* менен *тұщыны* татқан білер,
   Алыс пенен *жақынды* жорткан білер.
6. *Алармаңа* алтау *аз, берерменге* бесеу *көп.*
7. Есектің еті *арам,* күші *адал.*
8. *Ерте* шықсаң, алдыңнан *күн* шығады;
   Кеш шықсаң, алдыңнан *түн* шығады.

Поэзияда антонимдер шендестірудің (антитеза) бір тәсілі ретінде қолданылады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық-айқын, мейлінше мәнерлі болып бейнеленеді. Бұл ретте Абай өлеңдерінен мына бір шумақтарды мысалға келтіруге болады:

1. Жігіттер, ойын *арзан,* күлкі *қымбат,*
   Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
2. Мұны тапсам ойланып, ақын деңіз,
   Таба алмасам, ақылды болар неміз.
   Қыс пенен *жаз, күн* менен *түн, тақ* пенен *жұп,*
   Жақсылық пен *жамандық* болды сегіз.
3. Қар *аппақ,* бүркіт *қара,* түлкі *қызыл*
   Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
4. Қайғың — *қыс,* жүзің — *жаз,*
   Боламын көрсем мәз.
5. Бір *суып,* бір *ысып,*
   Барады іш пысып.

Тұрақты лексикалық антоним емес, өз ара мәндес сөздердің өзі де көркем шығармаларда бір-біріне қарама-қарсы қойылып айтыла беруі мүмкін. Мысалы, А. Фадеевтің «Жас гвардия» романынан алынған «...у Ули глаза были большие, темнокарие — *не глаза, а очи*»— деген сөйлемдегі *глаза* және *очи* деген сөздер келтірілген сөйлемде бір-біріне қарсы қойылып айтылған. Солай бола тұрса да бұлар тұрақты лексикалық антонимдер емес. Сондай-ақ, «Жігіттер, *ойын* арзан, *күлкі* қымбат, Екі түрлі нәрсе ғой *сыр* мен *сымбат*» (Абай) деген өлең шумағындағы өз ара мәндес *ойын* мен *күлкі* деген сөздер бір-біріне қайшы қойылып айтылған; осы шумақта *сыр* мен *сымбат* деген сөздер де қарсы мәнге ие болып тұр. Бұл сөздердің мағыналары — антонимдес мағыналар емес; бұлар тек антонимді қолданылыс қана (антонимичное употребление)[1].

[1] Антонимдер жайында әдебиеттер: *В. Н. Комиссаров.* Проблема определения антонима. —«Вопросы языкознания», 1957, № 2; *А. А. Киреев.* Об антонимах,—«Русский язык в школе», 1954, № 3; *Ә. Болғанбаев.* Қазақ тіліндегі антонимдер. —«Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 10.

§9. ТАБУ ЖӘНЕ ЭВФЕМИЗМДЕР

Табу, негізінен алғанда, этнографиялық ұғыммен байланысты. Мұнымен бірге оның тілге, тілдің тарихына да қатысы бар.

Ерте замандарда адамдар әр түрлі қате түсінік, теріс ұғымның дінге сенушіліктің салдарынан кейбір заттардың аттарын тікелей атауға тыйым салып, оларды басқаша атайтын болған. Бұл құбылыс әдетте т а б у[1] деп аталады. Кейбір заттарды өз атымен атамау (табу) теріс ұғым, қате түсініктен, «ерекше күшке» сеніп, сана-сезімнің дінге шырмалуынан туған. Мысалы, қазақта осы жайды аңғартатын және оны бір жағынан, сықақ, келеке етіп баяндайтын мынадай бір аңыз бар: «Ауылдағы шалдар мен қайын ағаларының атын (ал олардың аттары: Қамысбай, Өзенбай, Қойшыбай, Қасқырбай (немесе Бөрібай), Бәкібай, Қайрақбай болса керек) атамайтын келін бір күні қамыстың арғы шетіндегі өзенге суға барса, бір қойды қасқыр жеп жатыпты-мыс. Келіншек қойды қасқырдан құтқарып алып, бауыздайды да, ауылға келіп қайын енесіне: «Сылдырманың ар жағында, сарқыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп жіберіп, бауыздап келдім,— депті-міс». Бұл мысалдағы *сылдырама* — қамыс, *сарқырама* — өзен, *маңырама* — қой, *ұлыма* — қасқыр, *жаныма* — бәкі (пышақ, *білеме* — қайрақ.

Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» романынан ауылдың ескі әдет-ғұрпын көрсететін мынандай бір мысалды кездестіреміз: «Манадан ешкімді кездестіре алмай тұрған әйел, асығыс болса да, аз кідіріп қарап қалған Байшегірге алыстан айғайлап:

— Үлкен кісі, жүзден жиырмасы кем аулының жігіттері қайда жатады екен? Білсеңіз, жөн сілтеп жіберіңізші?— деді.

Әйелдің сұрап тұрғаны Сексен аулының жігіттері екенін аңғармай қалған Байшегір:

— Шырағым, ондай оспағына шорқақ едім... Пайғамбардың аулы болса да атын аташы!— деді.

Әйел біреу естіп қалмас па екен дегендей, айнала бір қараның алды да:

— Тәңірі деген, жүзге жиырмасы жетпесе, сексен болмайтын ба еді!.. Сексен аулының жігіттерін сұраймын,— деді енді, турасынан тартып» («Оянған өлке», 296-бет).

Бұл келтірілген мысалдар ертеректе қазақтың ғұрпында кісі аттарын тікелей атауға тыйым салу әдетінің болғандығын көрсетеді.

Сондай-ақ, ерте кезде аңшыларда «аң адам тілін ұғынады, өздерінің аттарын естісе, қашып кетеді» деген түсінік болған да, олар аңдарды тікелей өз аттарымен атамай, басқаша сөз-

[1] *Табу* — полинезей тілінің *та* —«белгілеу» және *ри* —«күллі, түгелімен» деген сөздерінен жасалған термин,

бен атайтын болған. Мысалы, алтайлық аңшылар анда жүргенде тиінді *шарбақ*, *чирбақ* (саусақ), *абаш құртұ* (ағаш құрты) немесе *абаш шишқанақ* (ағаш тышқаны) деп, хақастар *сөк пас* (сүйек бас) деп атайтын болған.

Алтайлық аңшылар бұғыны *таш тұяқты* (тас тұяқты) деп, бұланды (лось) *ұзын азақ, ақ тізек* (ұзын аяқ, ақ тізе (лі) деп атайды. Якут аңшылар бұланды *ұлу қыл* (үлкен ан) деп атайды[1].

Орыс тіліндегі *медведь* (аю) деген сөз медоед —«балды жеуші» деген сөзден шыққан. Бірсыпыра халықтар мен тайпалар ерте кезде «аю — күллі аңның қожасы; атын атаса, оның келіп қалуы мүмкін» деп түсінген. Ертеректе астраханьдық орыстар «теңізде *медведь* (аю) деген сөзді ауызға алуға болмайды; оны тікелей атаса, дауыл тұруы мүмкін» деп түсінген де, ол сөздің орнына *раминский* деген сөзді немесе қазақ тілінің *аю* деген сөзін қолданған. Д. К. Зеленин *раминский* «лесной» деген мағынаны білдіреді, *раменье — «қалың ағаш»* (густой лес) деген сөзден жасалған деп түсіндіреді. Якуттар *аюды эсе* (сөзбе-сөз аударғанда —«туған ата»), шорлар мен алтайлықтар *абай* («арғы әке», «ата») деп атайтын болған[2]. Неміс тілінің *Bär* (аю) деген сөздің этимологиясы «қоңыр» деген мағынамен ұштасады.

Ертерек кезде ескі ауылда «найзағайды тікелей өз атымен атаса, оның адамға түсуі мүмкін» деген қате түсініктің салдарынан оны «жасыл» деп те атайтын болған. Табу өзін туғызған қараңғылық, дінге сенушілік, ескішілікпен бірге іріп-шіріп, ұмытылып та кетті. Қазіргі жастарымыз бұларды білмейді де, ал егер ести қалса, бір жағынан, надандықтан жиіркеніп, екінші жағынан, оны ажуа, келеке етіп, таңдана қарайды.

Бір затты немесе құбылысты тікелей өз атымен емес, басқа бір сөзбен атаудың себебі мүлдем басқаша болуы мүмкін. Кейбір нәрсенің не құбылыстың атын тікелей айту дөрекілеу, қолайсыздау болып көрінгенде, олар басқа сыпайы, майда сөздермен ауыстырылып айтылады. Бұл құбылыс эвфемизм[3] деп аталады. Бірақ эвфемизмдер, табу сияқты, қате түсінік, діни ұғымның негізінде емес, айтуға дөрекі, қолайсыз сөзді, сыпайы сөзбен ауыстырып айтудың негізінде шыққан. Мысалы, *өтірік айту* дегеннің орнына *қосып айту, ұрланыпты* деудің орнына *қолды болыпты, ұрлық-қарлық жасамау* деудің орнына *ала жібін аттамау деген сөз тіркестері* қолданылады. *Мылжың* деудің орнына *сөзуарлау* деу де сыпайылап айтудың бір түрі.

[1] *Д. К. Зеленин.* Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии, часть I. Запрет на охоте и иных промыслах, Издательство АН СССР, Л., 1929, стр. 91—92.

[2] Бұл да сонда, 101—108-беттер.

[3] Эвфемизм — грек тілінің *euphemeo* —«сыпайы сөйлеймін» деген сөзінен жасалған термин.

Көз алдында отырған науқас адам қайтыс болғанда, *өлді* деген ауыр сөздің орнына *жан тәсілім қылды, жүріп кетті* деген сөз тіркестері қолданылады. Сондай-ақ, қазақ тілінде *өлді* деген сөздің орнына *қайтыс болды, дүние салды* деген сияқты сөз тіркестері, орыс тілінде *умер* дегеннің орнына *скончался* деген сөз қолданылады.

Дәрігерлер бірсыпыра жағдайда аурудың орысша атының орнына латынша атын немесе айрықша медициналық терминдерді, мысалы, *рак* (қылтамақ) деудің орнына *cancer* (бұл да «рак»), *чахотка* деудің орнына *tbc* (мұның мағынасы «туберкулез», «чахотка»), *операция* деудің орнына *хирургическое вмешательство* деген сияқты сөздер мен сөз тіркестерін қолданады.

Әр түрлі эвфемизмдер синонимдік қатарларды құрастырушы сыңарлар болып қалыптасады.

§10. ЭТИМОЛОГИЯ ЖӘНЕ «ХАЛЫҚ» ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Этимология тілдегі сөздердің шығу тегін зерттейді. Бұл термин тіл білімінде екі түрлі мағынада қолданылады: этимология, біріншіден, тарихи лексикологияның, сөздердің шығу тегін зерттейтін саласы дегенді білдірсе, екіншіден, сөздің шығу тегі, төркіні дегенді білдіреді. Соңғы мағынасында ол, мысалы, «сексен сөзінің этимологиясы», «ошақ сөзінің этимологиясы» түрінде жұмсалады.

Сөз этимологиясын айқындау өте күрделі және қиын мәселе болып саналады. Дегенмен, сөздердің этимологиясын айқындаудың қиындығы барлық сөздерге бірдей қатысты емес. Тілтілдің сөздік құрамында шығу тегі (этимологиясы), жасалуы айқын аңғарылып тұратын сөздер де, шығу тегі өте күңгірт, осыған орай, арнаулы этимологиялық зерттеуді керек ететін сөздер де кездеседі. Мысалы, *басқыш, сүзгіш, қолтық* деген туынды сөздердің *бас, сүз, қол* деген түбір сөдерден сөз тудырушы аффикстердің *(-қыш, -гіш, -тық)* жалғануы арқылы жасалынғандығы (пайда болғандығы) бірден аңғарылады. Ал осы туынды сөздердің жасалуына негіз болған *бас, сүз, қол* деген түбір сөздердің шығу тегін айқындау үшін, арнаулы этимологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Демек, туынды сөздердің этимологиясын айқындаудан гөрі түбір сөздердің этимологиясын айқындау әлде қайда күрделі болмақ. Алайда, туынды сөздердің, мысалы, олардың бір түрі — күрделі сөздердің ішінде де этимологиясы ашық-айқын аңғарылып тұратын сөздер де, әр түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшыраудың нәтижесінде этимологиясы күңгірт тартқан сөздер де кездеседі. Мысалы, *қолқап* деген сөздің *қол* және *қап* деген сөздердің бірігуінен жасалынғаны қаншалықты ашық-айқын аңғарылса, *ашудас* дегеннің *ашу* және *тас* деген сөздерден жасалғаны соншалықты айқын аңғарылады. *Ал қарақат, тоқсан, сексен* (бұлардың әрқайсысы екі түбірдің бірігуінен жасалған) деген сөздердің

этимологиясын айқындау жоғарыда аталған сөздердің этимологиясын айқындаудан әлдеқайда күрделі. Қарақат деген сөздің қат деген сыңары ойрат, тува тілдерінде және хақас тілінің диалектісінде «жеміс» деген мағынаны білдіреді. Демек, *қарақат қара* деген сөз бен *жеміс* деген мағынаны білдіретін қат сөзінен жасалған. Қазақтар қарақатты «қара жеміс» деген мағынада емес, жемістің бір түрі, соған қойылған ат ретінде түсінеді.

Қазақ тіліндегі *сексен, тоқсан* деген сан есімдер қырғызша *сексен, тоқсан,* ұйғырша *сәксән, тоқсон,* өзбекше *саксон, тұқсан* түрінде, ал хақас тілінде *сигізон, тоғызон* түрінде айтылады. Бұл салыстырудан қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек тілдеріндегі аталған сан есімдердің *сегіз* және *он, тоғыз* және *он* деген сөздердің кірігіп кетуінен жасалғандығы аңғарылады. *Сексен* деген сөздің құрамындағы *он* деген сөздің *ен* болып өзгеруі алдыңғы сөздің құрамындағы дауысты дыбыстың әсерінен, атап айтқанда, оның жіңішке дауысты болып, өзінен кейінгі дауысты дыбысты икемдеп бағындыруынан. Қазақша *сегіз* деген сөздің тува тілінде дыбысталуы — *сес*; қазақша — *он сегіз,* тувaша — *он сес*. Сегіз (<сегіс) сөзі тува тілінде сөз ортасындағы дауыссыз дыбыстың түсіп қалуынан *сес* болып өзгерген. Ал қазақша *сексен* деген сөз тува тілінде *сезен* түрінде дыбысталады. Бұнда екі дыбыстың аралығындағы қатаң дыбыс *(с)* ұяңдап, *з* дыбысына айналған. *Сегіз* және *он* деген сөздердің тува тілінде *сезен,* қазақ тілінде *сексен* болып өзгере кірігуі сөздің тілдің тарихи даму барысында фонетикалық өзгерістерге ұшырап, бастапқы тұлғасынан мүлдем басқаша болып кететіндігін аңғартады.

Орыс тілінде де күрделі сан есімдер осы тәріздес үлгімен, атап айтқанда, дара сан есімдердің бірігуінен жасалған. Мысалы, түркі тілдерінде *сексен* деген сан есім *сегіз+он* дегеннен жасалса, орыс тілінде *восемьдесят* деген сан есім *восемь* және *десять* деген дара сан есімдердің бірігуінен жасалған. Орыс тіліндегі *пятьдесят, шестьдесят* деген сан есімдер де осы аталған үлгі бойынша құрастырылған. Қазақ тіліндегі *алпыс* деген сөздің бірінші буынындағы «ал» *алты* деген сөзбен төркіндес те, жетпіс деген сөздің құрамындағы *«жет» жеті* деген сөзбен төркіндес екендігі аңғарылады. Бұл сан есімдердің құрамындағы *«пыс» «піс»,* деген бөлшектің этимологиясын әлі де зерттеп айқындай түсу қажет.

Этимология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тілдің тарихын, оның тарихи фонетикасы мен тарихи грамматикасының заңдарын, зерттелетін тілдің басқа туыстас тілдермен ара қатысын, семасиология мәселелерін жақсы білуді, салыстырмалы-тарихи методты жете меңгеруді талап етеді. Сөздердің шығу тегін айқындау үшін, ғылыми этимологияда генеологиялық, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық, этимологиялық деп аталатын принциптер қолданылады. Енді осы принциптердің әрқайсысына арнайы тоқталайық.

1. Генеологиялық принцип. Бұл принцип сөздің шығу тегін айқындауда тілдердің генеологиялық классификациясына, яғни тілдердің шығу тегінің бірлігіне қарай топтастырылуына, негізделуді талап етеді. Белгілі бір тілдегі төл сөздердің этимологиялық байланысын айқындау үшін, оларды сол тілмен туыстас, бір негіз тілден тараған тілдердегі сөздермен салыстыру қажет. Мысалы, қазақ тіліндегі төл сөздерді шығу тегі басқа тілдердегі, мысалы, герман тілдері мен роман тілдеріндегі сөздермен емес, оларды түркі тілдеріндегі (мысалы, қырғыз, қарақалпақ, әзірбайжан, башқұрт, татар, өзбек, түрікмен, хақас, шор, якут және т. б. түркі тілдері) өзімен түбірлес, төркіндес сөздермен салыстыру қажет.

2. Фонетикалық принцип. Бұл принцип сөздердің шығу тегін айқындауда фонетикалық заңдарға сүйенуді, туыстас тілдердегі дыбыстардың өз ара сәйкестілік заңдылығын (закономерность звуковых соответствий) арқау етуді талап етеді. Мысалы, ұйғыр, тува, әзірбайжан т. б. түркі тілдердегі сөз аяғындағы *ғ* дыбысына қазақ тілінде *у* дыбысы сәйкес келеді: ұйғырша — *тағ,* туваша, әзірбайжанша — *дағ,* қазақша — *тау.* Қырғыз, ойрот, әзірбайжан, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде *ш* дыбысына аяқталған есім сөздер қазақ тілінде *с* дыбысына аяқталады. Мысалы, қазақ тіліндегі *бас, құс* деген зат есімдер қырғыз, ойрат, әзірбайжан, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде — *баш, құш.* Славян тілдерін де, түркі тілдерін де зерттеуші көрнекті ғалым В. А. Богородицкий *ш* дыбысының *с* дыбысына айналуын қазақ тіліне өте-мөте тән белгілердің бірі деп есептейді[1]. Қазақ тіліндегі сөз басындағы *ж* дыбысына кейбір түркі тілдерінде й дыбысы сәйкес келеді. Қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр т. б. түркі тілдерінде сөз басында келетін ежелгі түркілік (древнетюркское) *с* дыбысына башқұрт тілінде *һ* дыбысы сәйкес келеді. Мысалы: қазақша, қарақалпақша — сау (етістік), өзбекше, түрікменше — сағ, башқұртша — һау; қазақ тілінде *сары, соқыр, сақал, сиыр* түрінде дыбысталатын сөздер башқұрт тілінде *һары, һуқыр, һақал, һыйыр* түрінде айтылады.

Дыбыс сәйкестілігі жайында В. И. Абаев былай деп жазды: «Біз орысша брат және латынша *frater* — этимологиялық жағынан туыстас сөздер деп тұжырымдағанда, мағыналарының бірдейлігі мен дыбысталу ұқсастықтары туралы жалпы пікірге ғана сүйеніп қоймаймыз, сонымен бірге орыс және латын тілдерінің тарихи фонетикасының белгілі бір заңдарынан хабардар болуға негізделеміз, «...брат деген сөздің басындағы б латынның bh дыбысына барып тіреледі (салыстырыңыз: кө-

[1] *В. А. Богородицкий.* Введение в татарское в связи с другими тюркими языками, издание 2-ое, Қазань, 1953, стр. 15.

не индиялық bhrater «брат»), ал bh латын тілінде заңды түрде f дыбысына айналады. Демек, орысша *в* мен латынша f дыбыстарының сәйкестілігі кездейсоқ емес, заңды. Мұның өзі басқа да бірнеше сәйкестілікпен дәлелденеді: орысша беру — латынша *fero,* орысша *баять,* басня — латынша *fari, fabula* және басқалар»[1].

Дыбыстардың алмасу заңдылығы, дыбыстардың сәйкестілігі бірен-саран сөздерді емес, сөздердің белгілі тобын түгелдей дерлік қамтуы шарт. Сонда ғана дыбыстардың сәйкестілігі фонетикалық заңдылық ретінде негізге алынады.

Сонымен, фонетикалық заңдарды, туыстас тілдердегі дыбыстардың өз ара сәйкестілігін есепке алу этимологиялық зерттеулердің басты принциптерінің бірі болып саналады.

3. Морфологиялық принцип. Тілдің тарихи даму барысында сөздің морфологиялық құрылымы, оның (сөздің) құрамындағы морфемалардың бастапқы ара қатысы, жігі өзгеруі мүмкін. Морфологиялық принцип сөздің этимологиясын айқындауда оның құрамындағы мұндай морфологиялық өзгерісті есепке алуды талап етеді. Мысалы, туынды сөздердің құрамындағы морфемалардың ара жігінің өзгеруі, әсіресе дыбысталу жағынан көбірек өзгеріске ұшырауы бұл күнде олардың құрамын ажыратуды, тарихи тұрғыдан қайсысы бастапқы түбір, қайсысы аффикс екенін айқындауды қиындатып, соған орай, олардың этимологиясын да күңгірттендіре түседі. Мысалы, тілдің қазіргі қалпының тұрғысынан алғанда, мына сөздердің құрамы түбірге және қосымшаға ажыратылмай, бір бүтін түбір ретінде қаралады: 1) *жалқы, жалғыз, жалаң;* 2) *қайт, қайыр;* 3) *өксі, өкір;* 4) *оят, оян, ояу;* 5) *жоқ, жой;* 6) *тоқ, той, тоӆ;* 7) *тімтін, тіміскі (ле), тінт;* 8) *шұнақ, шұнти, шұнтаң (да);* 9) *қисық, қисай, қисаң (басу), қиқай, қиғаш, қыңыр* т. б. Мысалға келтірілген сөз топтарының әрқайсысының өзіне тән ортақ түбірі бар екені даусыз. Мысалы, *жалқы, жалғыз, жалаң* деген үш сөздің барлығына бірдей ортақ, ең алғашқы түбір — *жал,* ал *-қы, -ғыз, -аң* дейтін морфемалар — әр түрлі аффикстер. *Қайт, қайыр* деген сөздердің о бастағы түбірі — *қай,* оған жалғанғандар — түрлі-түрлі қосымшалар. Сондай-ақ, *қисық, қисай, қисаң, қиқай, қиғаш, қыңыр* деген әр түрлі сөздердің мағыналары жағынан да, дыбысталуы жағынан да өз ара ұқсас болуы тегін емес, бұлардың бәрі де шығу тегі жағынан бір ортақ түбірден (*қы* немесе *қи*) тараған. Бірақ бұл ортақ түбірдің ол бастағы мағынасы бұл күнде күңгірттеніп кеткен және ол дербес қолданылмай, аталған сөздердің құрамында ғана ұшырасады. Күңгірттеніп, көнеленіп кеткен мұндай түбірлердің сыр-сипаты этимологиялық зерттеулердің барысында айқындалады. Бірер мы-

[1] *В. И. Абаев.* О принципах этимологического исследования. «Вопросы методики сравнительно-исторического изучения индоевропейских языков». М., 1956, стр. 295.

сал келтірелік. Түркі тілдерінің барлығында да *ошақ* дейтін сөз бар. Бұл сөздің қазақ тіліндегі мағынасы — «үстіне ыдыс қойып тамақ пісіру үшін арналған үш аяқты дөңгелек қоршау темір». Түркі тілінде бұл сөз осы аталған мағынасымен бірге «камин» («тік мұржалы, алды ашық пеш») деген мағынада және «көрік» деген мағынада да (мұндай мағына татар тілінің *учак* деген сөзінде де бар) қолданылады. Бұл сөздің тува тілі мен татар тілінде «костер» деген мағынасы да бар. Тува тілінде *ошақ* сөзі *одаг* түрінде дыбысталады. Э. В. Севортян тува тіліндегі *одаг* деген сөз *от* деген сөзден жасалған деп қарайды. Оның пікірінше, тува тілінде *одаг* деген сөздің түбірі — от; *т* дыбысы ұяңдап, *д* дыбысына айналған, ал *-аг* — кішірейткіш мағынасы бар, сөз тудырушы аффикс. Тува тіліндегі аталған сөздің морфемалық құрамын айқындау мынандай жағдайды аңғартады: түркі тілдеріндегі *очақ — ошақ — үнчақ — усақ — вучах* деген сөз екі түрлі элементтен (морфемадан) құралған; біріншісі — *о,* екіншісі *-шақ (-чақ). О* морфемасы (негізгі түбір) — *от* деген түбір сөздің редукцияланған түрі де, *-шақ* — кішірейткіш мағына үстейтін сөз тудырушы аффикс. Демек, бұл сөздің өзгеру бағыты мынандай болған: *отчақ>оччақ>очақ>ошақ*[1].

Қазақ тіліндегі *жорт (у), жорық, жорға,* қырғыз тіліндегі *жорық* («жүріс, аяқ алыс» («походка»), «жүріс — тұрыс» деген мағынада) дегендердің бәрінің түбірі бір. Бұл туынды сөздердің барлығы да *жор(йор)* деген көне түбірден жасалған. Бұл түбір дербес қолданылатын сөз ретінде әзірбайжан тілінде сақталған. Мысалы, әзірбайжан тілінде *йор* —«шаршату» деген мағынаны білдіреді, бұл түбір ежелгі ұйғыр тілінде — «жүру, саяхат жасау» деген мағынада[2] қолданылған. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, ұйғыр тілдеріндегі *қайна* деген етістікті чуваш тіліндегі *қай* («ері, деген мағынада), бурят-монғол тіліндегі *хайла* («ері, балқы» деген мағынада) деген сөздермен салыстыру бұл сөздің бастапқы түбірі — *қай* екенін, оған жалғанған — *на* морфемасының *ау+на* деген сөздің құрамындағы тәрізді аффикс екенін көрсетеді. Қазақ, қырғыз және т. б. түркі тілдерінде «қорған» деген мағынаны білдіретін қамал сөзі қама деген етістіктен жасалған. Бірақ осы қама дегеннің өзі де бастапқы түбір емес, ол қап деген сөзге *а* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған[3]. Бұл ретте, қазақ, қырғыз тілдеріндегі қама деген етістікті түрікмен тіліндегі өзімен мағыналас *қаба,* әзірбайжан тіліндегі *ғапа* деген сөздермен салыстыруға болады. Ал сөз ортасында *м* дыбысының пайда болуы мынандай ерекшелік-

[1] *Э. В. Севортян.* О тюркских элементах в «Русском этимологическом словаре М. Фасмера» — «Лексикографический сборник», вып. V, М., 1962, стр. 18—19.

[2] *Махмут Қашқари.* Диван лұғат ат түрік, I-том, 456-бет.

[3] *Б. М. Юнусалиев.* Киргизская лексикология. Киргизское государственное учебно-педагогическое издательство. Фрунзе, 1959, стр. 127.

пен байланысты: қазақ, қырғыз т. б. түркі тілдерінде *п, б* дыбыстары *н* немесе *л* дыбыстарының алдында *м* дыбысына айналуы — заңды құбылыс. Мысалы, алтай тілінде *малта* («балта»), түрікмен тілінде *палта* түрінде дыбысталатын сөз қазақ, қырғыз тілдерінде *балта* болып айтылады.

Тілдің тарихи даму барысында сөздердің морфемалық құрамының көп өзгеріске ұшырап, соның нәтижесінде сөздің өзінің де тұлға-тұрпатының мүлдем басқаша болып кететінін мына мысалдардан да көруге болады: қазірде *өйткені, әйтпесе* деген сөздер құрамы ажыратылмайтын, түрлі морфемаларға бөлінбейтін, бір бүтін сөздер ретінде ұғынылады. Ал тарихи тұрғыдан алғанда, бұл сөздердің әрқайсысы да екі сөзден жасалған; *өйткені* дейтін сөз *олай еткені* деген екі сөздің бірігіп, өзгеріске ұшырауынан пайда болса, *әйтпесе* деген сөз *олай етпесе* деген екі сөздің бірігуінен және елеулі өзгеріске түсуінен пайда болған. Сондай-ақ *сүйт* деген сөз де осы үлгі бойынша *солай+ет* деген сөздердің бірігуінен, *бүйіт (ін)* деген сөз *бұлай (былай)+ +ет* деген сөздердің бірігуінен жасалған.

4. Семантикалық принцип. Бұл принцип этимологиялық зерттеулерде сөз мағыналарын, сөздің семантикалық жақтан өзгеруін, даму жолдарын есепке алуды талап етеді. Этимологиялық зерттеулерде сөз мағынасына, оның семантикалық жақтан өзгеруі мен дамуына әрі тарихи тұрғыдан, әрі туыстас тілдердегі сөздердің мағыналарымен салыстыру тұрғысынан қарау басты шарттардың бірі болып саналады. Мысалы, *сағы сыну, кежегесі кейін тарту* деген тұрақты сөз тіркестеріндегі *сақ, кежеге* деген сөздер осы аталған тіркестердің құрамында ғана қолданылады. Қазақ тілінде олардың мағынасы бұл күнде күңгірттеніп, көнерген, түсініксіз сөздерге *(сағы, кежегесі)* айналған. Бұл сөздердің мағынасы мен этимологиясын туыстас басқа тілдердің материалдарымен салыстыру арқылы ғана айқындауға болады. Мысалы, *сағы сыну* деген сөз тіркесіндегі *сақ* хакас *тілінде (сағ) күш* дегенді білдіреді. Хакас тілінде *саам сыхты* деген сөз тіркесі —«әлім бітті», *сағ чох* — «күш жоқ» деген мағынада да жұмсалады. Қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде «тәуірлену, сауығу» деген мағынада жұмсалатын *сақаю* сөзі осы *сақ* сөзінен жасалған. *Сақай, сақаю* формасы ұйғыр *(сақаймақ)*, әзірбайжан *(сағалмағ)*, өзбек *(соғаймақ)* тілдерінде сақталған. *Сақай* деген етістіктің құрамындағы — *ай* есім сөздерден етістік тудыратын (мысалы, *аз+ай—азай, мол+ай—молай* сияқты) жұрнақ. *Сақ* сөзі бұрын есім мағынаны білдірген, түсінікті сөз болуы мүмкін. Ал *кежегесі кейін тарту* деген тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы *кежеге* хақас, алтай тілдерінде «желке» деген мағынаны білдіреді.

В. И. Абаев *қала* деген сөздің этимологиясы көптеген тілдерде бекініс, қамал деген ұғымдармен байланысты болғандығын айтады. Оның пікірінше, орыс тіліндегі *город* деген сөз *городить, огораживать* дегендермен байланысты; ағылшынша *town* немістің

Zaun (қаша — забор) деген сөзімен бірдей; иранша *Kanta* (қала) деген сөз — *Кап* (қазу, қоршау) деген түбірден жасалған туынды сөз. «Қорған», «бекініс» деген бастапқы мағына неміс тілінің *burg* деген сөзінде де болған[1].

Сөздердің этимологиясын айқындауда ерте дәуірлердегі жазба нұсқалардағы деректер мен ондағы сөздердің мағыналарын есепке алу көп көмегін тигізеді. Түркі тілдерінің барлығына бірдей ортақ және ең құнды жазба ескерткіштердің бірі — Махмуд Қашқаридің «Диван луғат ат түрік» «(Түркі тілдерінің сөздігі») деген сөздігі. Бұл сөздік үш томнан құралады, XI ғасырда жазылған. Сөздік араб шрифтісімен жазылып, көне түркі тіліндегі көптеген сөздер мен сөз тіркестерін және алуан түрлі мақалмәтелдерді қамтыған; олардың бәрі араб тіліне аударылып, арабша түсінік беріліп, талдау жасалынған. Махмут Қашқаридің сөздігіндегі тарихи деректерді пайдалана отырып, қазіргі түркі тілдеріндегі көптеген сөздерге этимологиялық талдау жасауға болады. Мысалы, сөздікте *сайрам сув* деген сөз тіркесі бар; оның мағынасы былай түсіндіріледі: «Сайрам сув — қызыл асықтан аспайтын су, таяз су» (III том, 176-бет). *Сув сайрамланды* деген тіркес «су азайды, арнасынан төмендеді, кешіп өтетіндей болды» дегенді білдіреді. (III том, 205-бет). Сөздіктегі «сайрам сув» («таяз су» деген мағынада), «сув сайрамланды» («су азайды, төмендеді» деген мағынада) деген сөз тіркестерінің мағынасына қарағанда, Шымкенттің маңайындағы Сайрам және Синьцзяндағы Сайрам, Сайрамнур деген топонимикалық атаулар алғашқы мағынасы мен шығу төркіні жағынан — «таяз өзен» дегенге барып тірелетінін көреміз[2].

5. Этимологиялық[3] принцип. Бұл принцип белгілі бір сөздердің тууына себепші болған тарихи жағдайларды жете білуді талап етеді. Этимологиялық зерттеулердің тек тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге тарих пен фольклордың, археология мен этнографияның және т. б. ғылымдардың деректеріне сүйенуі өте-мөте қажет. Мысалы, құрал атауы — *біз* деген сөз ертеректе *бігіз* түрінде дыбысталған. Бұл көне форма өзбек, ұйғыр тілдерінде сақталған. Қырғыз, қарақалпақ т. б. түркі тілдерінде сөз ортасындағы *г* дыбысының редукцияланып түсіп қалуы нәтижесінде бұл сөз *біз* түрінде дыбысталған. *Бігіз* сөзі шығу төркіні және мағынасы жағынан *мүйіз* сөзімен байланыстырылады[4]. Біздің алғашында мүйізден жасалуы ықтимал десек, *біз*< <*бігіз* сөзінің шығу төркінін *мігіз>мүгіз>мүйіз* сөзімен байла-

---

[1] *В. И. Абаевтың* жоғарыда аталған еңбегінен, кітаптың 297-беті.

[2] *Х. Х. Хасенов.* Ценный источник по топонимике Средней и Центральной Азии. — Сб. «Топонимика Востока». Издательство Восточной литературы, М., 1962, стр. 36.

[3] Этимология — грек тілінің *aitia* («себеп») және *logos* («ілім») деген сөздерінен жасалған термин; себептілік туралы ілім дегенді білдіреді.

[4] *С. Аманжолов.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 152—153.

ныстыруға болады. *Мүйіз* сөзінің көне формасы — *мүңүз* үйғыр тілінде сақталған. Түркі тілдерінің тарихында *м* дыбысы мен *б* дыбысының, *ү* дыбысы мен *l* дыбысының өз ара алмасуы және кейде *қ, к, ғ, г* дыбыстарының өзгеріп басқа дыбыстармен алмасуы не түсіп қалуы жиі ұшырасады.

Сонымен, жоғарыда аталған принциптерді этимологиялық зерттеулерде қолдана білу сөздердің шығу тегін дұрыс бағытта айқындауға көмектеседі.

Этимологиялық зерттеулерде басқа тілдерден енген кірме сөздер мен топонимикалық атаулар да айрықша орын алады. Ұзақ замандар бойында өмір сүріп келе жатқан топонимикалық атаулардың этимологиясын айқындаудың тіл тарихы мен халықтың тарихын танып білуде үлкен мәні бар. Белгілі бір аймақтағы топонимикалық атаулар сол аймақты мекендеген халықтардың тарихынан, әр түрлі тарихи уақиғалардан мәлімет пен мағлұмат бере алады. Этимология зерттеліп отырған тілге онымен сол дәуірде қарым-қатынаста болған халықтардың тілдерінен енген сөздерді, олардың қалдырған ізін есепке алады. Мысалы, *Ташкент, Шымкент, Жаркент* деген қала аттарының құрамындағы *кент* — шығу төркіні жағынан иран тілдерінің сөзі, «қала» деген мағынаны білдіреді. Бұл — кірме сөз *(кент)* әзірбайжан тілінде «ауыл» деген мағынада да қолданылады. *Ташкент, Самарқанд* деген атаулардың құрамындағы — *-кент, -қанд* деген сыңарларды орыс тіліндегі *-град (Ленинград, Волгоград),* неміс тіліндегі *-бург (Петербург, Гамбург)* дегендермен бір қатарға қойып қарауға болады. Өзен аты — *Сырдария* деген сөз де шығу төркіні жағынан араб, иран тілдерінің сөзі. Араб тілінде сыр — «бояу» дегенді білдірсе, фарсы тілінде *дария* — «өзен» деген мағынаны білдіреді.

Топонимикалық бұл атаулар араб, иран елдерімен ерте заманда болған қарым-қатынас пен тарихи уақиғалардың қалдырған ізін аңғартады.

Семей деген қала аты орыстың *семь* және *палата* деген (Семипалатинск) сөздерінің бірігуінен жасалған. Қазақтар оны дыбысталу жағынан өзгертіп *Семей* деп атап кеткен. Немесе *Өскемен* деген қала орысша *усть, камень* және *гора* деген сөздердің бірігуінен (Устькаменогорск) жасалған, оны да қазақтар «Өскемен» деп өзгертіп атайды.

Грек тіліндегі сөздердің этимологиясы жайында арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалым А. А. Белецкий түркі тілдеріндегі *қалам* сөзі — шығу тегі жағынан — грек тілінің сөзі деп есептейді[1]. Оның пікірінше, *қалам* сөзі: 1. «Қамыс, қамыстың сабағы», >2. «Жазу құралы» деген мағыналарда қолданылған. Құстың қанатынан жасалған қалам (гусиное перо) қамыстан жасалған қаламнан кейін қолданылған да, Батыста

[1] *А. А. Белецкий.* Принципы этимологических исследований (на материалах греческого языка). Киев, 1950, стр. 42.

перо деген сөз *қалам* (қамыс қалам) деген сөзді тілден көне дәуірдің (античная эпоха) аяғында ығыстырып шығарған дейді[1].

Жазу құралының орысша аты — *қарандаш,* қазақша аты — *қарындаш* түркі тілдеріндегі *қара* (қарсы мағынасы —«ақ») және *даш*>таш («тас») деген екі сөздің бірігуінен жасалған. Д. Н. Ушаковтың редакциясымен шыққан орыс тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөздің шығу төркіні жайында мынандай түсінік берілген: *«Карандаш,* от. тюрк. *kara* — черный и *tas* или *das* — камень[2]».

Түркі тілдеріндегі *қожа* деген сөз шығу төркіні жағынан фарсы тілінің *ходжа* деген сөзіне барып тіреледі. Орыс тіліндегі хозяин деген сөз де осы сөзден жасалған.

Орыс тіліне *борсук* (қазақша борсық) сөзі түркі тілдерінен енген. Бұл сөздің түркі тілдеріндегі этимологиясы күңгірт және ол жайында әр түрлі пікір бар. М. Фасмер этимологиялық сөздігінде В. Бангтың пікіріне сүйене отырып, бұл сөздің ең алғашқы түбірі — *бор,* қазіргі түркі тілдерінде — боз дегенді айтады. Г. Рамстедт *борсық* сөзін «семіз», «тойған» деген мағынадағы бор сөзімен байланыстырады[3]. С. С. Цельникер бұл сөз «исі шығу», «сасу» деген мағынадағы *бор* сөзінен шыққан дейді[4]. *Борсық* деген сөздің *бор* деген көне түбірі қазірде өз алдына бөлек қолданылмайды да, *борсы* деген сөздің құрамында ғана ұшырайды. Мысалы, қазақ тілінде — *борсы* («сасы, иістен» деген мағынада), қырғыз тілінде — *борсұ,* татар тілінде — *бурсы,* башқұрт тілінде — *бурһы,* өзбек тілінде — *бұрси,* әзірбайжан тілінде — *порсу,* түрікмен тілінде — *порса.* Түркі тілдерінде *борсық сөзі борсы* деген етістікке *-қ* жұрнағы жалғану арқылы жасалған.

Халық арасында жер-су аттарының т. б. атаулардың қайдан шыққанын, неліктен болғанын жорамалдау, олардың шығу төркінін шешіп беруге әуестенушілік көп болады. Кейде шет тілдік түсініксіз сөзді өз ана тіліндегі сөздерге ұқсатып, соның негізінде түсіну жағдайы да кездеседі. Мұндай құбылыс «халық» этимологиясы деп аталады. Мысалы, *Құй тыңда, құй тыңдама, оны өзің білесің* деген сөйлемдегі *құй* сөзі — орыстың *хоть* деген сөзінің қазақ сөзінің ыңғайына көшіп, әуелі *хойт,* одан *куйт,* одан ықшамдалып *құй* болып, барлық дыбысы бірдей өзгеруінің нәтижесінде пайда болған сөз... Қазақ тілінде бұрын х фонемасының (дыбысының) болмағанын, орыстың жіңішке айтылатын әрбір дауыссыз дыбысы орысша білмейтін қазақдың айтуында мүлдем өзгеріп кететінін (дәл осы арада жіңіш-

[1] Бұл да сонда, 43-бет.

[2] Толковый словарь русского языка. М., 1934. том I, стр. 1317.

[3] G. I. Ramstedt, Kalmückhen, Wörterduch, Helsinki, 1935, стр. 52a.

[4] *С. С. Цельникер.* Некоторые дополнения к этимологии русск. барсук.— Сб. «Этимология». М., 1953, стр. 120.

ке «ть» дыбысын өзінше жіңішкерткенде, «ит» болып шыққанын), шылау сөз болғандықтан, өзінің дербес екпінінен айрылып, ашық дауысты *о* дыбысы *ұ* дыбысына айналғанын, ...бұл сөздің... *құй* деген байырғы қазақ сөзімен ұқсастырылып, біртебірте соған үндесіп те, үйлесіп те кеткенін аңғаруға[1] болады.

Халық арасында сөздердің шығу тегін төркіндету (этимологазировать) дағдысына М. Әуезовтың «Абай» романынан мына бір үзіндіні мысалға келтіруге болады:

«Абай Сүйіндіктен де қысылған жоқ. Бала емес, ысылған, ашық үлкендерше сөйледі.

Тоғжан кеп отырғаннан кейін Сүйіндікке қарап:

— Сүйіндік аға, осы мына сіздің жердің алдындағы Қарауыл дейтін жалғыз биік не себепті Қарауыл атанды екен?— деді.

Сүйіндік:

— Кім білсін, шырағым!— дей түсіп, аз отырып:— Е, Тобықты мен Матайдың шабуылы, жаулығы қалған ба? Сондағы қуғыншы мен жортуылшының бірі қойған аты-дағы. Өзі өзге таудан бөлініп, ай далаға оқшау барып тұр ғой. Содан қарауылдамай, қайдан қарауылдасын!— деді.

— Сөйтіп, бұл атты Тобықты қойған дейсіз бе? Тобықты келмес бұрын, сондай ат жоқ па екен?

— Қайдан болсын? Бұл өңірдегі барлық атты Тобықтының өзі қойған.

— Әй, білмеймін-ау! Бар атты өзі қойса. Шыңғыс дегені несі екен? Шыңғыс деген Тобықты бар ма?

— А, жоқ! Мынауың жаны бар сөз. Бәсе, бұ Шыңғыс деген — осы үлкен алып таудың аты, неге Шыңғыс атанды екен бұл?— деп, Сүйіндік өзі де ойланып қалды.

Әділбек әкесінің мүдіргенін намыс көріп:

— Шыңғыс деген сөз «шын қыс» дегеннен, қысының қаттылығынан болыпты-мыс деседі ғой!— деп еді.

Абай бұған күлді де:

— Олай болмас. Шыңғыс деген белгілі хан аты ғой,— деді.

— Бәсе, осы сөз менің де құлағыма бір тиген еді. Жадымда қалмапты. Қәне, білсең, өзің айтшы, шырағым,— деп Сүйіндік Абайды тыңдағысы келді.

Жас қонақ Шыңғыс хан жайында өзі білген, есіткен әңгімелерін айтып кеп, ақырында, өз көңіліндегі біраз долбарды қосып:

— Тауының «Шыңғыс», биігінің «хан» аталғаны содан. Және сонау бір бөлек тауы «Орда» аталғаны да сол Шыңғыс ханның мекен еткен қонысы екенін паш етеді. «Қарауыл» деген де, сол кезден қалған ат емес пе екен?— деп тоқтады. («Абай» романы, 1 кітап, 152—153-беттер).

---

[1] *А. Ысқақов.* Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасау мәселелері.— «Қазақ тілі мен әдебиеті» 1959, № 5, 89—90-бет.

«Халық» этимологиясы сөздің бастапқы төркінін ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіретін тәсіл емес, ол тек таныс емес сөздердің шығу тегін, төркінін өздеріне белгілі, таныс сөздермен салыстыру, солар арқылы өзінше долбарлап жобалау болып саналады[1].

ТІЛДІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ

§11. СӨЗДІК ҚҰРАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫ

Белгілі бір тілдегі сөздердің барлық жиынтығы сол тілдің сөздік құрамын немесе лексикасын құрайды. Сөздік құрамға тілдің күллі сөз байлығы енеді. Тілдің сөздік құрамы немесе лексикасы төл сөздер мен басқа тілдерден енген (кірме) сөздерді де, ғылыми-техникалық терминдер мен дара сөздің эквиваленті ретінде жұмсалатын фразеологизмдерді де қамтиды.

Сөздік құрамның ең басты және тұрақты бөлшегі — негізгі сөздік қор. Сөздік құраммен салыстырғанда, негізгі сөздік қордың көлемі (аумағы) шағын болады, бірақ ол тілдегі түбірлік сөздердің бәрін қамтиды, туынды сөздердің жасалуына ұйытқы ретінде қызмет атқарады. Негізгі сөздік қор — бүкіл лексикалық байлықтың басты тұлғасы, негізгі ұйытқысы. Қазақ тілінің негізгі сөздік қорына, мысалы, мынадай сөздер енеді: 1. табиғат құбылыстарының атаулары: *жер, су өзен, көл, тас, жел, ай, күн* және т. б. 2. еңбек процесіне байланысты сөздер: *ісу, ору, жырту, кесу, пісіру, жағу* және т. б.; 3. еңбек құралдарының аттары:

---

[1] Этимология туралы әдебиеттер: *А. А. Белецкий.* Принципы этимологических исследований (на материале греческого языка). Киев 1950; *В. И. Абаев.* Принципы этимологического исследования.— Сб. «Вопросы методики сравнительно-исторического изучения индоевропейских языков». М., 1956; *В. Пизани.* Этимология (история — проблемы — метод). Орысша аудармасы, М., 1956; *Л. А. Булаховский.* Дэтимологизации в русском языке.— «Труды Института русского языка», I, 1949; *В. А. Гордлевский.* Числительное 50 в турецком языке. — «Известия АН СССР, Отделение литературы и языка»ь т. IV, вып. 3—4, 1945; *Э. В. Севортян* О тюркских элементах в Русском этимологическом словаре». *М. Фасмера.* — «Лексикографический сборник», вып. V, М., 1962; *А. А. Семенов.* К вопросу о золотоордынском термине баскак, бұл да аталған «Известияда», т. VI, вып. 2, 1947; *А. Асмангулян* О типах этимологических связей между родственными языками.—«Доклады и сообщения Института языкознания АН СССР. «вып. X, 1956, стр. 29—44; *В. Н. Топоров.* О некоторых теоретических основаниях этимологического анализа.— «Вопросы языкознания», №3, 1960; *О. Н. Трубачев.* Об этимологическом словаре русского языка. — «Вопросы языкознания», № 3, 1960; Сб. «Этимология». Издательство АН СССР. М., 1963; Сб, «Топонимика Востока». Издательство Восточной литературы. М., 1962; *Г. А. Меновщиков.* Из истории образования числительных. — «Вопросы языкознания», 1954, № 4; *А. Ысқақов.* Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасау мәселелері. — «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, № 5; *Ш. Ш. Сарыбаев.* Кейбір сөздердің этимологиясы. — «Қазақ тілі мен әдебиеті», № 6, 1959; *Г. Жәркешова.* Кейбір сөздердің этимологиясы жайында. — «Қазақ тілі мен әдебиеті», № 4, 1959; *Ә. Хайдаров.* Кейбір сөздердің этимологиясы. — «Қазақ тілі мен әдебиеті», № 10, 1959.

орақ, күрек, айыр, біз, пышақ және т. б.; 4. мал атаулары: *жылқы, ат, байтал, құлын, өгіз, түйе, бота, қой, ешкі, қозы* және т. б. 5. аң-құс атаулары: *түлкі, қоян, қасқыр, аю, қарға, бүркіт, тоты, үйрек, тауық* және т. б.; 6. анатомиялық атаулар: *бас, қол, аяқ, көз, мұрын, ауыз, тіс, жақ, ерін, арқа, бел* және т. б. 7. семьядағы адамдарға, туыстық, қатынасқа байланысты атаулар: *әке, ата, шеше, ана, ұл, қыз келін, аға, құда* және т. б.; 8. тамаққа байланысты атаулар: *ет, сүт, май, айран, кеспе* және т. б.; 9. тұрғын үй және тұрмыс қажетіне байланысты атаулар: *үй, есік, терезе, еден, киіз, босаға, уық, шаңырақ, қақпа, қақпақ, қазан, төсек, жастық, көрпе* және т. б.; 10. Заттардың сапасын, сынын, белгісін білдіретін сөздер: *ақ, қызыл, қара, сары, көк, ыстық, суық, жылы, ащы, тұщы, ауыр, жеңіл* және т. б.; 11. қимыл, іс-әрекеттің сындық белгісін, мезгілін білдіретін сөздер: *жылдам, ақырын, ерте, кеш, бұрын, қазір, күндіз* және т.б.; 12. Сан атаулары: *бір, екі, үш, төрт, он, жиырма, елу, жүз* және т. б.; 13. Есімдіктер: *мен, сен, ол, біз, сол, сонау, өз, кім? не?* және т. б. Негізгі сөздік қордың аумағы, әрине, осы сөздермен ғана шектелмейді, оның құрамына осыларға ұқсас басқа да көптеген сөздер енеді.

Негізгі сөздік қор талай замандар бойында өмір сүреді де, тұрақтылық қасиетімен сипатталады. Негізгі сөздік қор уақыт өткен сайын, әрине, өзгереді, бірақ оның өзгеруі, тілдің сөздік құрамына қарағанда, баяу болады. Ол замандар бойында ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады да, осының нәтижесінде негізгі сөздік қорды әр ұрпақтың өкілдерінің пайдалана отырып, қатынас жасауына мүмкіндік туады.

Негізгі сөздік қорды белгілі бір тілде сөйлеуші адамдардың барлығы бірдей қолданады. Негізгі сөздік қордағы сөздер адамдардың кәсібі мен мамандығына және білім дәрежесіне байланысты болмай, олардың барлығына қарым-қатынас жасауда, пікір алысуда бірдей қажетті сөздер болып саналады. Ал ғылым мен техниканың әр саласына қатысты терминдерді (бұлар тілдің сөздік құрамына енеді) адамдардың барлығы бірдей емес, әдетте, сол саланың мамандары қолданады. Негізгі сөздік қордағы сөздерді жалпы ұлттық әдеби тілде сөйлеушілер ғана емес, сонымен бірге белгілі бір диалектіде сөйлеушілер де қолданады. Олар (негізгі сөздік қордағы сөздер) тілдің барлық стильдік тармақтарында, әдебиеттің бар жанрында жаппай жұмсалады. Сонымен, негізгі сөздік қордағы сөздер жаппай және жиі қолданылушылық қасиетімен сипатталады.

Тіл өзінің сөздік құрамы арқылы адамның өндірістік іс-әрекетімен және оның (адамның) барлық жұмыс саласындағы басқа да іс-әрекеттерімен тікелей байланысты. Қоғамдық өндірістің, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы мен материалдық және рухани мәдениеттің барлық салаларының дамуына байланысты туған жаңа заттар мен құбылыстарды және олардың ұғымдарын тілде сөзбен атаудың қажеттілігінен туынды жаңа сөздер жасалады немесе олар тілде бұрыннан бар сөздермен аталып, ол сөздердің мағыналарына туынды мағыналар қосылады. Осыдан тілдің сөздік құрамы үздіксіз дерлік толығу, даму күйінде болады.

Дамудың барысында тілдің сөздік құрамынан кейбір ескірген (көнерген) сөздердің шығып қалуы немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналуы мүмкін. Мұның есесіне сөздік құрамға уақыт озған сайын туынды (жаңа) сөздер қосылып отырады және ондағы сөздер мағыналық жақтан да дамиды. Сөздердің көнеру, қолданылудан шығып қалу процесінен гөрі туынды сөздердің жасалып, сөздік құрамға қосылып отыру процесі тілдің лексикасына өте-мөте тән процесс болып саналады. Енді, тілдің лексикасындағы кейбір сөздердің көнеруі және тың сөздердің жасалуы туралы мәселеге тоқталайық.

1. Көнерген сөздер. Тіл-тілде көнерген сөздердің историзмдер және архаизмдер деп аталатын екі түрі бар. Өздері белгілеген заттар мен құбылыстар өмірде қолданылудан қалады да, осының нәтижесінде олардың атаулары — сөздер де көнеріп, активті сөздіктен шығып қалады. Мұндай сөздер историзмдер деп аталады. Мысалы: *сәукеле, қорамсақ, болыс, атқамінер, ояз, жарапазан, киіт кию, сауын айту* және т. б.

Қазірде басқаша аталатын заттар мен құбылыстардың бұрынғы көнерген атаулары архаизмдер деп аталады. Мысалы, *Қараша жел тоқсан мен сол бір-екі ай, Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай* (Абайдан) деген сөйлемдегі *қараша* — қазірде октябрь деп аталатын айдың бұрынғы, ескіше аты да, *желтоқсан* — ноябрь айының ескіше аты (архаизм). Демек, әрбір архаизмнің қазіргі тілде синонимі болады. Бірақ мұндай синонимдердің архаизм сыңары, жоғарыда аталғанындай, активті *сөздіктен шығып қалады.*

Көнерген сөздер көркем шығармада қолданылғанда, өткен өмір шындығын реалистік тұрғыдан суреттеу және одан белгілі бір мағлұмат беру мақсатында қолданылады. Көнерген сөздер әсіресе жастар үшін түсініксіз, мағынасы күңгірт болады. Жазушылар көнерген сөздердің осы жағын ескеріп, кейде оларға сөз арасында түсінік те (комментарий) беріп отырады. Бұлретте М. Әуезовтың «Абай» романынан мына бір үзіндіні мысалға келтіруге болады:

«Екі-үш күннен бері бұл өңірде күн бұлыңғыр болған. Қыстың соңғы салқын тынысы сияқтанып, бір суық жел білінуші еді.

— Е, **сәуір** жаңа туды ғой. **Сәуірдің** басы осылай бұлтты, суық болатын әдеті ғой!— деп, Қарабас қыстыгүні қар болатынын айтқандай, мерзім айтты.

— Неге Сәуір — қыстың айы емес! Жаздың айы емес пе? Жылда бүйтеді деймісің?

— Жылда сүйтеді. Сәуірді, осы *жұлдызша* не дейді?

— Апрель дейді.

— Ендеше, сол апрелің — осы. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деп бұрынғылар текке айтпаған. Сәуірдің басындағы суық бітпей, жаз шықпайды дегені,— деп Қарабас Абайға айдың мәнін айта бастады.

Бұл жөнінде Қарабас атшабарда Абай сезбей жүрген көп білім бар екен.

Сәуір — бұл айдың арабша аты. Қазақша — *мамыр*. Одан соң *маусым*... Абай қазақша ай атының бәрін сұрап, қайта-қайта қайырып жаттап алды» («Абай» романы, I кітап, 146-бет).

Жазушы *өкіл күйеу* деген көнерген атауды қолдана отырып, оған мынадай түсінік береді:

«Сенің әкең Мамай ішінде Жамантаймен көңілдес болып жүріп, *өкіл күйеу* болғанда, екі жүз қой киіт киген.

— Өкіл күйеуі қалай?

— Өкіл күйеуі шын күйеу емес, тамыр есепті.

— Онда «тамыр» деп неге аталмайды?

— Тамырлық құрбылас кісінің арасында болады. Ал жасы үлкен кісі мен жасы кіші кісі тамырласам десе, кейде осылайша *өкіл күйеу* боп аталады («Абай» романы, I кітап, 155-бет).

Шығармада қолданылған архаизмдер мен историзмдерге жазушы жоғарыдағыдай түсінік беруде көнерген сөздердің ұмытылып кеткен сөздер екенін және олардың бүгінгі жастарға түсініксіз екендігін ескеріп, ол сөздің мағынасын, нені білдіретінін аңғартуды көздеген.

Сонымен, архаизмдер мен историзмдер сөздіктің активті тобынан шығып қалған, күнделікті қарым-қатынас жасауда қолданылмайтын сөздер болып табылады. Олар қолданыла қалған күнде, өткен дәуірдегі құбылыстардан хабар, мағлұмат беру мақсатында немесе белгілі бір стильдік мақсатта көркем шығармаларда ғана қолданылады.

2. Неологизмдер. Тілде жаңа ұғымдарды білдіретін сөздер неологизмдер деп аталады. Мысалы: *космонавт*, жердің жасанды *спутнигі, космодром, планета аралық корабль* және т. б. Неологизмдер — тың сөздер ретінде қаралады да, көнерген сөздерге (историзмдер мен архаизмдерге) қарама-қарсы құбылыс болып саналады.

Жаңадан жасалған сөздер тың екендігі аңғарылып тұрған кезінде ғана неологизмдер ретінде танылады. Уақыт озған сайын олар да әбден сіңісіп кетеді, бұрыннан бар сөздер сияқты жиі қолданылады, үйреншікті сөздерге айналады да, неологизм болудан қалады. Демек, неологизмдер тілдегі өткінші құбылыс болып саналады.

Тілдің сөздік құрамына тән қасиет туынды жаңа сөздермен толығып, үнемі даму күйінде болуы дедік. Әрбір тілдің сөздік құрамының дамуына ең алдымен сол тілдің негізгі сөздік қоры ұйытқы болады. Сөз тудырудың әр түрлі тәсілдері арқылы негізгі сөздік қордағы түбір сөздерден туынды сөздер жасалып, тілдің бүтіндей лексикасы толығып, дамып отырады. Сөз тудыру тәсілдерінің бастылары мыналар.

1. Сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі. Сөздің мағыналық жақтан даму барысында көп мағыналары бір-бірінен алшақтап, бара-бара олардың арасындағы семантикалық байланыс үзіледі де, мағыналары басқа-басқа сөздер (омонимдер) жасалады. Сөз тудырудың бұл тәсілі лексика-семантикалық тәсіл деп аталады. Сөз тудырудың лексика-семантикалық тәсілі тіл-тілдің бәрінде де кездеседі. Орыс тіліндегі «дүние жүзі», «әлем» деген мағынадағы *мир* сөзі мен «бейбітшілік» деген мағынадағы *мир* деген екі сөз (омонимдер) бір ғана сөздің *(мир)* семантикалық жақтан дамуы нәтижесінде жасалған. Қазақ тілінде «өсімдіктің тамыры» деген мағынаны білдіретін *тамыр* деген сөз бен «өте жақын дос» деген мағынаны білдіретін *тамыр* сөзі де бір сөздің әр түрлі мағыналарынан алшақтап, ақырында, әр басқа ұғымдардың атауы болуының нәтижесінде жасалған. Түркі тілдерінің бәрінде дерлік *көк* сөзі «аспан» дегенді және белгілі бір түсті *(синий)* білдіреді. Бұл екеуінің де шығу тегі бір болғанмен, қазір де екі басқа мағынасы бар әр түрлі сөздер ретінде ұғынылады. Семантикалық тәсіл арқылы туынды жаңа сөздердің жасалуына көп уақыт керек, бұл — өте баяу болатын құбылыс.

2. Сөз тудырудың морфологиялық тәсілі. Туынды сөздер түбір морфемаға (немесе негізге) аффикстік морфемалардың жалғануы арқылы жасалады да, сөз тудырудың бұл тәсілі морфологиялық тәсіл деп аталады. Морфологиялық тәсіл өз ішінде бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, морфологиялық тәсілдің түркі тілдерінде аффикстік деп аталатын түрі сөз тудыруда өнімді тәсіл болып саналады. Бұл тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерге қазақ тіліндегі *әнші, етікші, таулы, қарлы, достық, белдік, білім, өнім, шегеле, тақтайла, өндір, өндіріс, өндірістік, бастық, басқару, басқарма, басшы, басшылық, бастау, бастама* және т. б. сөздер енеді. Орыс тілінде морфологиялық тәсілдің аффикстік түрінен (орысша суффиксиальный тип) басқа префикстік деп аталатын түрі де сөз тудырады (мысалы, орысша: *выбросить, высказать, расчвалить*). Сөз тудырудың морфологиялық (оның ішінде аффикстік) тәсілі тіл-тілде ең өнімді тәсіл болып саналады.

3. *Сөз тудырудың синтаксистік тәсілі* арқылы күрделі-бірікken сөздер (мысалы: *басқұр, отағасы, шекара, көлбақа, тасбақа, әркім* және т. б.), күрделі-құрама сөздер (мысалы; *асық жілік, тоқпан жілік, кәрі жілік, боз қырау, боз торғай, қара торғай* және т. б.), күрделі-қос сөздер (мысалы: *әке-шеше, ауыл-аймақ, қас-қабақ, алыс-жақын, ұзынды-қысқалы, үлгі-өнеге, сауық-сайран, алыс-беріс, ащы-тұщы* және т. б.) жасалады.

Сонымен, тілдің лексикасы сөз тудырудың әр түрлі тәсіл-

дері арқылы туынды сөздермен толығып, үздіксіз дамиды, арнасы кеңейіп байиды[1].

Тілдің сөздік құрамы басқа тілдерден енген кірме сөздермен де толығып, байып отырады. Енді, осы мәселеге тоқталайық.

§22. КІРМЕ СӨЗДЕР

Кірме сөздер, яғни шығу төркіні жағынан басқа тілдік сөздер, әрбір тілдің лексикасында да бар. Сөздік құрамына басқа тілден сөз енбеген тіл жоқ деуге болады. Дүние жүзіндегі түрлі-түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар өз ара бір-бірімен қарым-қатынаста болады да, бір-біріне сөз ауысады. Әрбір тілдегі басқа тілдік сөздер санының аз я көптігі тарихи жағдайлармен байланысты. Фарсы тілінің лексикасында араб тілінен енген көптеген сөздер бар. Ал ағылшын тілінің лексикасынан роман[2] тілдерінен енген сөздерді өте жиі кездестіруге болады. Ағылшын тілі лексикасында ағылшындық төл сөздер 30% шамасында ғана, ал өзгелері басқа тілдерден енген[3]. Болгар тілінде түрік тілінен енген сөздердің саны өте көп. Мәселенің осы жағын ескерте келіп, көрнекті тюрколог Н. К. Дмитриев: «Болгар сөздігі мен тілінің қалыптасып жасалуында түрік тілінің атқарған қызметі роман тілдері элементтерінің ағылшын тілінің жасалуында атқарған қызметінен кем емес»,— деп жазды[4]. Мұнымен бірге, Н. К. Дмитриев шығысты зерттеуші батыс Европа ғалымдарының болгар тіліндегі тюркизмдерді тек осман түріктерінің тіліне телып қоюы мүлдем қате, олардың ішінде басқа да түркі тілдерінің, мысалы, қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің сөздері бар деп, әбден дұрыс көрсетті[5].

Түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың (әзірбайжан, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, татар, тува, түрікмен, өзбек, ұйғыр, хақас, якут т. б.) тілдерінде орыс тілінен енген көптеген сөз бар. Ол сөздердің ішінде Қазан революциясынан бұрын енгендері де, кейін енгендері де жиі кездеседі. Түркі тілдеріне сөздердің ұлы орыс халқының тілінен көптеп енуі, әсіресе Кеңес дәуірінде болды. Кеңес дәуірінде енген сөздердің басым көпшілігі ғылым мен техниканың, мәдениет пен әдебиеттің сан алуан салаларына байланысты терминдер, кеңестік өмір шындығынан туған сөздер. Мысалы: *Совет, колхоз, совхоз, звено, ферма, самолёт, бригадир, агроном, инженер, комсомол, депутат, индустрия, автомат, кочегар, токарь, станок, бассейн, институт, роман, повесть, поэма, либретто, вольт, оптика, атом, гидромеханика.*

Орыс тілінен түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне, ертеректе еніп қалыптасқан сөздердің сіңісіп кеткені соншалық, олардың басқа тілдік сөздер екені бірден аңғарылмайды да. Мысалы: *доға, қамыт, бишік, жәшік, самауыр, бәтеңке, әшекей, бөтелке, бөкебай, жәрмеңке, кір, сот, түрме, сәтен, барқыт.*

Осы сияқты түркі тілдерінен де орыс тіліне бірсыпыра сөздер ауысқан. Зерттеушілер орыс тілі лексикасындағы мына сөздерді шығу төркіні жағынан түркі тілдерінің сөздері деп есептейді: *арба, арбуз, аргамак, арык, алтын, аршин, бай, баклажан, балык, барыш, башмак, беркут, буран, барсук, басмаш, вьюк, деньги, изюм, ишак, кабан, каракуль, кинжал, кишлак, кумыс, камыш, каторга, капкан, кендирь, кочевать, курган, курдюк, лошадь, отара, сабан, сазан, саксаул, саман, тесьма, тулуп, туман, табун, тау-сагыз, урюк, утюг, чабан, чекмень, шаровары, янычары*[1].

Түркі тілдері мен орыс тілінің бір-бірімен жоғарыдағыдай сөз алысуы бұл тілдерде сөйлейтін халықтардың жүздеген жылдар бойына қоныстас, көршілес елдер болып, экономика мен мәдениет саласында қарым-қатынас жасап келуінің нәтижесінде болды.

Шет тілдерден сөздердің ену сипаты түрліше болады.

Бір тілден екінші тілге сөздердің ауысуы белгілепетін заттар мен ұғымдардың ауысып келуімен байланысты. Мысалы, орыс тілінен түркі тілдеріне енген *Совет, совхоз, колхоз, комсомол, звено, бригада* тәрізді сөздерді осы сөздер арқылы белгіленген жаңа ұғымдардан бөліп қарауға болмайды. Бұл жаңа сөздердің жаңа ұғымдармен бірге енгені әркімге аян.

Сөздердің жаңа заттар немесе жаңа ұғымдармен бірге ену құбылысы тіл-тілде сөз алмасудағы басты және дағдылы құбылыс болып саналады.

Алайда сөздердің ену жайы әрқашан осылай бола бермейді. Кірме сөздердің (заимствованные слова) өзімен бірге жаңа ұғымдарды ала келуі әр уақытта шарт емес; кейде олар қабылдаушы тілде бір тектес ұғымды білдіретін сөздермен бірге өмір сүреді. Мұндай жағдайда кірме сөз бен төл сөз өз ара синоним-

---

[1] Тақырыпқа қатысты әдебиеттер.: *И. С. Ожегов.* К вопросу об изменениях словарного состава русского языка в советскую эпоху. — «Вопросы языкознания», 1953, №2; *Н. М. Шанский.* Устаревшие слова в русском языке. — «Русский язык в школе», 1954. №3; *К. А. Левковская.* Словообразование. Изд. МГУ, 1954; *Е. И. Убрятова.* Парные слова в Якутском языке. — «Сб. «Язык и мышление», т. XI, 1949, стр. 297—328; *Б. М. Юнусалиев.* Синтаксический способ образования корневых слов. — «Труды Инст. языка литер. и Инст. истории АН Кирг. ССР», вып. V, Фрунзе, 1956, стр. 95—105.

[2] Роман тілдері (романские языки) дегендегі «роман» деген атау латынның *Rota* сөзінен жасалған. Латындар Рим және римляндықтарды (қазіргі итальяндар) Rota деп атаған. Тілдердің роман тобына: француз, итальян, португаль, румын, латын (өлі тіл) т. б. тілдері жатады.

[3] *И. В. Арнольд.* Лексикология современного английского языка, Москва, 1959, стр. 207—208.

[4] *Н. К. Дмитриев.* О тюркских элементах русского словаря. «Лексикографический сборник», вып. III, Изд. иностранных и национальных словарей, Москва. 1958, стр. 4.

[5] *Н. К. Дмитриевтің* жоғарыда аталған мақаласынан, 13—14-беті.

[1] *Н. К. Дмитриевтің* жоғарыда айтылған мақаласынан және Д. Н. Ушаковтың редакциясымен шыққан «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінен.»

дік қатынасқа түседі. Мысалы, орыс тіліндегі *аргумент — доказательство, довод*; *мораль — нравственность*; *компромисс — соглашение*; *натуральный — естественный, позитивный — положительный* деген синонимдік қатарлардың әрқайсысының алдыңғы сыңарлары — шет тілдік сөздер.

Қазақ тіліне орыс тілінен енген *одеколон,* араб тілінен енген *табиғат* деген сөздердің білдіретін ұғымы қазақтың *иіссу, жаратылыс* деген төл сөздерінің ұғымынан басқаша емес. *Километр — шақырым, доктор — дәрігер, шекер — қант, тұрба — мұржа, құрмет — сый, дидар — бет, қайрат — күш* тәрізді синонимдік қатарлар жайында да осыны айту қажет, Бұл синонимдік қатарлардың да алдыңғы сыңарлары — басқа тілдік сөздер.

Шығу төркіні жағынан алып қарағанда, сөздердің тілден тілге ауысуының *тікелей ауысу* және *жанама түрде ауысу* деп аталатын екі түрі болады. Бірінші тәсіл бойынша белгілі бір сөздер бір тілден екінші тілге тікелей енеді де, екінші тәсіл бойынша кейбір сөздер бір тілден екінші тілге тікелей емес, басқа бір тіл арқылы енеді. Мысалы, қазақ тіліне *көшір, түрме* деген сөздер орыс тілінен енген. Ал бұларды шығу тегі жағынан алып қарасақ, олар неміс тілінің сөздері болып табылады. Біріншісі неміс тілінде — *Kutsher,* екіншісі — *Turm* (орысша «башня» деген мағынада) түрінде дыбысталады. Бұл сөздер қазақ тіліне тікелей неміс тілінен енбеген. Олар неміс тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне енген. Орыс тіліндегі «аскер» (қазақша —«әскер») — шығу төркіні жағынан араб тілінің сөзі. Зерттеушілер бұл сөз орыс тіліне тікелей араб тілінен емес, түрік тілі арқылы енді деп есептейді[1]. Орыс тіліндегі *казна, кейф, султан, сундук* деген сөздер шығу тегі жағынан араб тілінің сөздері болса, *люлька, майдан, чабан, чердак, шатер* — иран тілдерінің сөздері. Бірақ, бұл сөздер орыс тіліне араб тілі немесе иран тілдерінен тікелей емес, алдымен түркі тілдеріне, одан келіп үшінші тіл — орыс тіліне енген[2]. Болгар тіліндегі *сабур* (сабыр), *кайрет* (қайрат), *адет* (әдет) деген сөздер — шығу тегі жағынан араб тілінің сөздері. Бұл сөздер болгар тіліне түркі тілдері арқылы енген.

Бір тілден екінші тілге сөздердің ену процесінде к е р і е н у (возвратное заимствование) құбылысы да болады. Мысалы, поляк тіліндегі *buda* («будка», «шалаш» деген мағынада), чех тіліндегі *bouda, budka* — шығу тегі жағынан неміс тілінің *Bude* (лавка) деген сөзі. Бұл сөз кейіннен поляк тілінен *Baude* түрінде («тауға салынған жұпыны үй» деген мағынада) неміс тіліне қайта енген[3].

[1] *Н. К. Дмитриев.* О тюркских элементах русского словаря.—«Лексикографический сборник», вып. III, М., 1958, стр. 17.
[2] Бұл да сонда, 25—36-беттер.
[3] *Л. А. Булаховский.* Введение в языкознание. М., 1953, стр. 17.

Татар, қырғыз, қазақ, әзірбайжан тіліндегі *атаман* деген сөз орыс тілінен енген. Бірақ бұл сөз — шығу төркіні жағынан түркі тілдерінің сөзі. Н. К. Дмитриевтің пікірінше *атаман* сөзі **ата** деген түбір сөз бен *ман* деген аффикстің қосындысынан жасалған; Қырым маңында тұратын халықтардың тілінде *атаман* сөзі «бақташының үлкені» («старший пастух», украинша «батька» дегенмен мәндес) дегенді білдірген[1]. Кейіннен «атаман» сөзі орыс тілінен «бұрынғы кезде селода я казак орыс әскерінде сайланған, я сайлаусыз тағайындалған бастық» деген мағынада түркі тілдеріне қайта енген. Бұл сөз орыс және қазақ тілдерінде «бұзақылар шайқасының бастығы» деген мағынада да қолданылады.

Орыс тіліндегі *товар, артель* деген сөздер де шығу тегі жағынан түркі тілдерінің сөздері деп танылып жүр. Бұл сөздер қазіргі мағынасында орыс тілінен түркі тілдеріне кері қайтып енген. *Чердак* сөзі шығу, төркіні жағынан түркі тілдерінің сөзі болғанымен, татар, башқұрт тілдеріне орыс тілінен енген. *Ямщик* сөзі монғол тілінің *ям* («почта станциясы» дегенді білдіреді) және орыс тіліндегі *-щик* суффиксінің қосындысынан жасалған. Бұл сөзді жасалу тұрғысынан алғанда, орыс тіліндегі *зеленщик, каменщик* сөздерімен бір қатарға қоюға және олардың арасында белгілі бір ұқсастық бар деп тануға әбден болады[2]. *Ям* сөзі монғол тілінен орыс тіліне татар тілі арқылы енген де, оның туынды түрі *ямщик* орыс тілінен түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне, *жәмшік* түрінде енген. Орыс тіліндегі *стакан* сөзінің этимологиясы түркі тілдерінің *достақан< тостақан* сөзімен байланыстырылады. *Стакан* сөзі «шыныдан жасалған ыдыс» мағынасында орыс тілінен түркі тілдеріне қайта келіп енді. Қазірде қазақ тіліндегі *тостақан* мен *стақан* екі басқа сөз ретінде ұғынылады.

Тілдің — тілдің лексикасында ауызша енген кірме сөздер де (устные заимствования), жазбаша енген кірме сөздер де (письменные или книжные заимствования) бар.

Ауызша түрде енген сөздердің көпшілігі тұрмыс қажетіне байланысты зат атаулары болып келеді. Мұнымен бірге олардың ішінде мәдениетке байланысты ұғымдардың да атаулары болады. Ауызша енген кірме сөздерге өте-мөте тән ерекшелік сол — олар қабылдаушы тілдің дыбыстық (фонетикалық) заңдарына, орфоэпиялық ерекшеліктеріне бағынып, соған сәйкестендіріледі. Мысалы, орыс тіліндегі *волость* деген сөздің қазақ тіліне енгенде, *болыс* болып өзгерілуі қазақ тілінің ол сөзді өзіне тән дыбыстық ерекшеліктеріне икемдеп игеруінен. Жекелеп, талдап айтқанда, қазақ тілінің төл сөздерінде **в** дыбысының болмауынан, ол **б** дыбысына (еркін дыбысы) айналған да, екінші буында еріндік **о** дыбысының қолданылмау заңдылығы-

[1] *Н. К. Дмитриевтің* жоғарыда аталған мақаласынан, 17-бет.
[2] *Н. К. Дмитриевтің* жоғарыда аталған мақаласының 37-беті.

нан ол дыбыс езулік *ы* дыбысына айналған; сөз соңындағы жіңішке *ъ* дыбысының түсіп қалуы сөз соңында екі қатаң дыбыстың тіркесіп келмеу заңдылығынан болған. Араб тіліндегі *ғайд* деген сөздің қазақша *айт* (діни ұғымға байланысты, бұл күнде көнерген) болып өзгеруі де қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне байланысты. Әдетте, қазақ тілінде сөз басында *ғ* дыбысы қолданылмайды. Осы заңдылыққа сай, бұл сөздің арабша айтылуындағы сөз басындағы *ғ* дыбысы түсірілген. Рас, қазақ тілінде *ғасыр, ғалым, ғылым тәрізді ғ* дыбысынан басталатын бірен-саран сөздері. Бұл сөздердің басында *ғ* дыбысының сақталып қолданылуы олардың ауызша емес, жазбаша түрде енуінен, кітаби кірме сөздер (книжные заимствования) болуынан және көбінесе жазба әдебиетте қолданылып қалыптасуынан болса керек. Ал ұяң *д* дыбысының қатаң *т* дыбысына айналуы қазақтың байырғы сөздерінің соңында ұяң *д, б, г, ғ, в* дыбыстарының қолданылмау заңдылығымен байланысты.

Жазбаша немесе кітаби кірме сөздер (письменные или книжные заимствования) көбінесе ғылыми-техникалық әдебиет пен өнер т. б. арқылы енген және солардың белгілі бір саласына бейімделіп қолданылатын сөздер болып табылады. Бұлар цивилизация ұғымдарына телінген сөздер болу қасиетімен сипатталады. Сөздердің бұл тобы білдіретін ұғымы мен мәніне байланысты интернационалдық сөздер болуға икемделеді де, олардың тілден тілге ауысу, кең түрде таралу қасиеті басым болады. Ондай сөздердің кейбіреулері өзінің білдіретін ұғымы мен мазмұнының айрықша маңызды болуына байланысты дүние жүзіне, күллі халықтардың тіліне ауызша түрде де, жазбаша түрде де еніп, жаппай және жиі қолданылатын сөздерге айналады. Мысалы, орыс тіліндегі *Совет, спутник* деген сөздер бүкіл әлемге таралып, әр түрлі тілдерде сөйлейтін халықтардың баршасына бірдей таныс сөздерге айналып отыр.

Сөздердің интернационалдық тобының ішінде әсіресе грек, латын тілдерінің элементтері, кейде осы екеуінің қосындысынан жасалған сөздер жиі ұшырасады. Ғылыми-техникалық терминдерді жасауда, белгілснетін кейбір ұғымдардың ертедегі грек пен латында болмағандығына қарамастан, сол тілдердің сөздері пайдаланылып келді. Мысалы, дүние жүзіндегі көптеген тілдерге енген *телефон* (грек тілінің *tele* —«алыс» және *phone* —«дыбыс» деген сөздерінен жасалған, «алысқа естілетін дыбыс» деген мағынада), *телеграф* (гректің *tele* —«алыс» және *grapho* —«жазу» деген сөздерінен жасалған), *автомобиль* (гректің *autos* —«өзі» және латынның *mobilis* — «қозғалушы, жүруші» деген сөздерінен жасалған) деген сөздер ежелгі грек, латын тілдерінің сөздері болып табылады. Бірақ бұлардың білдіретін ұғымдары сол сөздердің өздеріндей ежелгі емес; ежелгі Греция мен ежелгі Римде телефон да, телеграф та, автомобиль де болған емес. Демек, ерте дәуірде оларда аталған ғылыми-техникалық ұғымдар да болған емес. Ғылым мен техниканың XIV ғасырдың аяқ шеніндегі үлкен жаңалықтары — *телефон, телеграф, автомобиль* т. б. жасалғанда, оларды атау үшін, сол кездегі дәстүр бойынша, ежелгі классикалық тілдердің сөздері халықаралық ғылыми терминдердің жасалып келген негізі ретінде (источник) пайдаланылған[1].

Жазбаша түрде енген сөздерге тән қасиеттің бірі сол — олардың басым көпшілігі өзінің дыбысталу түрін сақтайды. Кеңес дәуірінде біздің еліміздегі түркі тілдеріне орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздер орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылса, түкі тілдерінде де солай айтылып, солай жазылып жүр. Кеңес Одағындағы түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар орыс тілінен енген термин сөздердің орысша дыбысталуын сақтап айтуды көздейді. Түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті қабылдауының нәтижесінде кеңес дәуірінде орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздердің, интернационалдық терминдердің орысша айтылуы мен жазылуын сақтауға толық мүмкіндік туды. Орыс графикасына негізделген жаңа алфавит түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың жазу мәдениетін жетілдіріп жоғары сатыға көтеруде, ұлт аралық тіл болып табылатын ұлы орыс халқының тілін үйренуде айрықша үлкен қызмет атқарады.

Басқа тілдерден енген сөздер уақыт озған сайын әбден кірігіп, фонетикалық, грамматикалық және семантикалық жақтан игеріліп, сіңісіп кетеді. Жоғарыда, ауызша түрде енген сөздердің ерекшеліктеріне тоқталғанда, олардың қабылдаушы тілдің фонетикалық заңдылықтарына бағынып, икемделетінін айттық. Басқа тілден енген сөздердің фонетикалық жақтан игерілуі деп олардың қабылдаушы тілдің дыбыс (фонетикалық) заңдарына сәйкестендіріліп икемделуін айтамыз. Басқа тілдік сөздердің қабылдаушы тілдің фонетикалық ерекшеліктеріне икемделіп игерілу құбылысын шет тілдік бір сөздің әрбір тілдің дыбыс заңдарына сәйкес әр түрлі болып өзгеруінен айқын аңғаруға болады. Орыс тілінің *дуга, сумма* деген сөздері қазақ тілінде *доға, сома* болып өзгерілсе, қырғыз тілінде *дого, сомо* болып өзгерген. Аталған сөздердің құрамындағы *у* дыбысының *о* дыбысына айналуы қазақ, қырғыз тілдерінде ешбір қосымшасыз түбір сөзде екі дауыссыздың аралығында *у* дыбысының қолданылмауынан болса *г* дыбысының *ғ* дыбысына айналуы жуан дауыстылардың *г* дыбысымен емес, әрқашан *ғ* дыбысымен тіркеу заңдылығынан. Ал қырғыз тілінде аталған сөздердің соңындағы *а* дыбысының *о* дыбысына айналуы бұл тілде ерін үндестігінің күшті болуына байланысты.

Басқа тілдік сөздер қабылдаушы тілде грамматикалық жақтан да игеріліп, қалыптасып кетеді. Олар төл сөздердей тұлғаланып, қабылдаушы тілдің грамматикалық заңдары бо-

[1] *Р. А. Будагов.* Введение в науку о языке, М., 1958, стр. 109.

йынша басқа сөздермен тіркесіп қолданылады. Басқа тілдік сөздердің грамматикалық жақтан игерілуі деп, ол сөздерге қабылдаушы тілдің қосымшалары жалғанып, олардың төл сөздермен емін-еркін тіркесіп жұмсалу қабілетін айтамыз.

Басқа тілдік сөздердің қабылдаушы тілдің грамматикалық заңдарына бағынып игерілуі қабылдаушы тілде олардың грамматикалық формасының мағынасы сақталынбауынан айқын көрінеді. Мысалы, ағылшын тілінің *рельс* деген сөзі ағылшынша көптік жалғаулы сөз болғанмен (ағылшын тілінде жекеше түрі — rail, көпше түрі — rails), орыс тілі мен қазақ тілінде жекеше түрінде ұғынылып, көпше түрде қолдану қажет болғанда, оған көптік жалғауы жалғанады (орысша — *рельсы*, қазақша — *рельстер*). Неміс тілінен енген *клапан* деген сөз де осы тәріздес. Немісше Klappen деген сөз — көптік жалғаулы сөз (клапаны — клапандар); жекеше түрі — die Klappe. Ал орыс тілі мен қазақ тілінде бұл сөз (клапан) көпше түрінде емес, жекеше түрінде ұғынылады да, қажет болғанда, оған көптік жалғауы жалғана береді.

Басқа тілдік сөздер қабылдаушы тілдің қосымшалары жалғанып, төл сөздермен емін-еркін тіркесіп қолданылуға мүмкіндік алудың нәтижесінде, бір сөз табынан екінші сөз табына ауысып, грамматикалық жақтан да түрленіп отырады. Мысалы, иран тілдерінен енген *баға, жан, гүл, зор, зиян, арзан, майда, көне* деген есім сөздерден қазақ тілінің аффикстері жалғану арқылы *бағалау, жандану, гүлдену, зорлау, зияндану, арзандау, майдалау (майдалану), көнелеу* тәрізді етістіктер жасалып, бұлар төл сөздерден болған етістіктер қалай түрленсе, солай түрлене алады. Қазақ тіліндегі *айыптау, дәлелдеу, пайдалану, құрметтеу, хабарлау, есептеу* тәрізді етістіктер, *құрметті, хабарсыз, есепсіз* тәрізді сын есімдер, араб тілінен енген *айып, дәлел, пайда, құрмет, хабар, есеп* деген зат есім сөздерге тиісті аффикстер жалғану арқылы жасалған.

Қамыттау, реттеу, соттау, нөмірлеу, электрлендіру, редакциялау, наградтау, радиоландыру деген етістік сөздердің тіліміздегі төл етістіктердей түрленіп қолданылуы орыс тілінен енген *қамыт* (хомут), *рет* (ряд), *сот* (суд), *нөмір* (номер), *электр, редакция, награда, радио* деген зат есім сөздерге қазақ тілі аффикстері қосылып, олардың грамматикалық тұрғыдан түрленуінің, сөйтіп, қазақ тілінің өз төл сөздеріндей болып кетуінің нәтижесінде болып отыр.

Шет тілден енген сөздердің басым көпшілігі өздерінің мағынасын сақтап, семантикалық жақтан өзгеріске көп ұшырамайды. Мұнымен бірге, басқа тілдік сөздердің кейбіреулерінің құбылып, мағынасын өзгертетіндері де болады. Мысалы, орыс тіліне француз тілінен енген *parole* (пароль) деген сөз француз тілінде «сөз» деген мағынаны білдірсе, орыс тілінде басқаша

мағына —«пропуск» ретінде қолданылатын «жасырын шартты белгі», «шартты сөз» деген мағынаны білдіреді.

Басқа тілдік кейбір сөздердің қабылдаушы тілде кейде мағынасының тартылатыны да болады. Мысалы, түркі тілдерінен орыс тіліне енген *балық* (орысша *балык*) деген сөз түркі тілдерінде «жалпы балық атаулыны» білдіріп, кең мағынада қолданылса, орыс тілінде «балықтың консервіге түскен арқасы» дегенді білдіріп, тар мағынада қолданылады. Түркі тілдерінен орыс тіліне енген *жүзім* (орысша — изюм) деген сөздің мағынасында да осындай өзгеріс болған. Бұл сөз түркі тілдерінде «жалпы жүзім атаулыны» білдірсе, орыс тілінде тек «кептірілген жүзім» (сушенный виноград) дегенді білдіреді.

Шет тілден сөз қабылдағанда, оның (сөздің) ішкі формасы (внутренняя форма слова), дәлелдемесі (мотивировка) ұмыталады. Мысалы, қазақша *самауыр,* немісше *Somowar* деген сөздер қазақ тілі мен неміс тілінде оның орысша прототипі тәрізді құрастырушы бөлшектерге *(сам-о-вар)* бөлінбейді. Қабылдаушы тілде бұл тәрізді сөздердің қандай морфемалардан құралғаны, қалай пайда болғаны, әдетте, еске алынбайды. «Бидің бір түрін» білдіретін *фокстрот* шығу тегі жағынан ағылшынның — *foxtrot,* сөзбе-сөз аударғанда, «түлкінің аттамы» (лисий шаг) деген сөз. Орыс тілі мен қазақ тілінде, сондай-ақ басқа тілдерде де бұл сөздің арғы төркіні, шығу тегі мүлдем ескерілмейді, ол жағы бізге тіптен белгісіз. Бұл сөз тек бидің бір түрінің атауы ретінде ғана ұғынылады. *Курорт, кимоно* (япондықтардың шапан тәрізді көйлегі), *гастроль* деген сөздер де осылар тәріздес. *Курорт* сөзі немістің *Kur, kurieren* («емдеу») және *Ort* («орын») деген сөздерінен, ал *кимоно* япон тілінің *кі* («кию») және *моно* («зат», «нәрсе») деген сөздерінен жасалған; *гастроль* сөзі немістің *Gast* («қонақ»—«гость») және *rolle* (роль) сөздерінен жасалған. Бірақ қабылдаушы тілдерде бұл сөздердің де шығу тегі, оны құрастырушы морфемалар, олардың белгілі бір құбылыспен байланыстылығы, әдетте мүлдем аңғарылмайды. Зерттеушілер орыс тіліндегі *лошадь* сөзі түркі тілдерінің, соның ішінде татар тілінің, «*алаша ат*» (аласа ат) деген сөзінен алынған деп тұжырымдайды. Солай бола тұрса да, орыстар бұл сөзді «аласа ат» деген мағынада түсінбейді.

Кейбір көп мағыналы сөздер басқа бір тілге ауысқанда, әр түрлі мағынасында емес, белгілі бір мағынасында ғана ауысуы мүмкін. Мысалы, араб тілінде 1. «дүние жүзі, жер шары», 2. «халық, жұрт» деген мағыналарда қолданылатын «*әлем*» сөзі қазақ тіліне дара мағынасында («дүние жүзі» деген мағынада ғана) енген. Кейде керісінше жағдай болады. Басқа тілден енген бір сөздің әр түрлі дыбысталуы әр басқа сөзге айналып кетуі мүмкін. Мысалы, арабтың *саьат* деген сөзі араб тілінің өзінде және қазақ тілінде «сағат» деген мағынаны білдіреді.

Бұл сөздің қазақша *сәт* түрінде дыбысталуы «кез, уақыт» деген мағынада (мысалы: бір сәт; сол сәтте) қолданылады. Парсы тілінің «бос сөз» мағынасындағы *гәп* сөзі өзбек тілінде «сөз, әңгіме, шаруа» мағынасында жұмсалады да, қазақ тілінде «мән, сыр» деген мағынада (мысалы: Мұнда бір гәп бар.) қолданылады. Араб тілінде *һал* түрінде айтылып, «жағдай» деген мағынаны білдіретін сөз қазақ тілінде екі түрлі айтылады. Бұл сөздің (һал) *хал* түрінде айтылуы «жағдай» деген мағананы білдірсе, *әл* түрінде айтылуы «күш, шама, қуат» деген мағынаны білдіреді[1].

Сонымен, басқа тілдік сөздердің тілден тілге ену жолдары мен олардың бірсыпырасының әр түрлі өзгерістерге түсіп, қабылдаушы тілдің құрылысына сай икемделіп игерілу жолдары алуан түрлі болады.

* * *

Кейде шет тілдік сөздер мен сөз тіркестері тілден тілге аударылғанда, олардың құрылысы сақталып аударылады да, солардың үлгісі бойынша сөздер мен сөз тіркестері жасалады. Шет тілдік сөздер мен сөз тіркестерінің үлгісі бойынша жасалған, олардың құрылысының көшірмесі болып табылатын сөздер мен сөз тіркестері *кальки* деп аталады. Мысалы, қазақ тіліндегі *үшқыш* деген сөз орыс тілінің *летчик* деген сөзінің үлгісі бойынша жасалған. Бұл екі сөздің құрылысы да, жасалу үлгісі де бірдей. Орыс тіліндегі *лет* деген түбір қазақша ***ұш*** деген түбір сөзбен, ***-чик*** деген аффикс ***-қыш*** деген аффикспен аударылған. Орыс тіліндегі *пятилетний план, семилетка, самокритика* деген сөздер мен сөз тіркестері көптеген тілдерге кальки жолымен аударылып жүр.

Кейбір тұрақты сөз тіркестері де, баламасы болмаған жағдайда, кальки жолымен аударылады. Мысалы, орыс тіліндегі *беречь, как зеницу ока* деген тұрақты сөз тіркесі қазақ тіліне *көздің қарашығындай сақтау,* қырғыз тіліне *көздүн карегиндей сақтоо,* тува тіліне *қарақ оғу дег қамғалаар,* ұйғыр тіліне *көзниң қарчуғидәк сақлимақ,* өзбек тіліне *көз қарашиғидай эхтиет қилмоқ* түрінде орысша құрылысы сақталып аударылып жүр.

Тіл-тілдегі терминдердің кейбіреулері кальки арқылы жасалған. Орыс тіліндегі *языковедение* немесе *языкознание* деген термин неміс тіліндегі *Sprachwissenschaft* деген терминнің үлгісі бойынша жасалса, қазақ тіліндегі *тіл білімі* деген термин орысша терминнің үлгісі бойынша жасалған. Бұл ретте орыс-шадан қазақшаға кальки жолымен, аударылған мына сөздер мен терминдерді де мысалға келтіруге болады: *естествознание — жаратылыс білімі, предисловие — алғы сөз, рукопись — қолжазба, прибавочная стоимость — қосымша құн, производительные силы — өндіргіш күштер, сказуемое — баяндауыш* т. б.

[1] *Л. З. Рүстемов.* Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері. Алматы, 1962, 7—8-беттері.

Аударманың бәрі бірдей кальки құбылысына жата бермейді. Мысалы, *подлежащее* деген терминнің қазақша баламасы — *бастауыш.* Бірақ бастауыш деген термин кальки емес, өйткені бұл сөздің құрамынан орысша терминнің құрамына сай келетін еш нәрсені таба алмаймыз. Ал *баяндауыш* деген терминге келетін болсақ, ол орысша *сказуемое* дегенді калький жолымен аударудың нәтижесінде жасалған. *Басмақала* (передовица) — кальки емес, *қолжазба* — кальки. *Қолжазба* деген сөз — орыс тілінің *рук* және *пис* деген түбірлерінің бірігуінің үлгісі бойынша жасалған, соның көшірмесі.

Басқа тілдік сөздердің енуі, сондай-ақ кейде оларды кальки жолымен аударып алу қабылдаушы тілдің сөздік құрамын толықтырып байытады. Кеңес дәуірінде түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің, лексикасы орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздермен толығып, оның аумағы кеңіді. Белгілі бір тілдің сөздік құрамы, ең алдымен, сөз тудырудың сан алуан тәсілдері арқылы сол тілдің ішкі мүмкіндіктерінің есесінен, бұрыннан бар сөздерден туынды сөздер жасаудың есесінен дамып байыса, сонымен қатар басқа тілдерден жаңа сөздердің енуі арқылы да толығып отырады. Міне, бұл тәсілдер тілдің лексикасының баю жолдарының ең басты тәсілдері болып табылады[1].

§ 13. ТЕРМИНДЕР МЕН ТЕРМИНОЛОГИЯ

Тіл-тілдің лексикасында ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздер бар. Олар терминдер деп аталады. Басқа сөздермен салыстырғанда терминдерге тән басты қасиет неде? Күнделікті өмірде барлық салада жалпылама қолданыла берілетін сөздер ыңғайына қарай түрлі-түрлі мағынада жұмсалып, көп мағыналы болып келсе, терминдердің басым көпшілігі дара мағынасында жұмсалады. Демек, дара мағыналы болу — терминдерге тән, басты қасиет.

[1] Басқа тілдік сөздердің енуі жайында сілтемеде көрсетілгеннен басқа, мына әдебиеттерді қараңыздар: *Л. П. Якубинский,* — Несколько замечаний о словарном заимствовании, «Язык и литература», т. I, вып. 1—2, Л., 1922; *В. И. Новгородский.* Китайские элементы в уйгурском языке М., 1951; *А. В. Миртов.* К вопросу грамматическом усвоении русским языком заимствованных слов. — «Ученые записки Горьковского государственного университета», вып, XXVI, серия историко-филологическая, Горький, 1954; *Н. К. Дмитриев.* Арабские элементы в башкирском языке. — «Зап. Коллегии Востоковедов», V, Л., 1930 стр. 119—135; *Б. М. Юнусалиев.* Киргизская лексикология. Фрунзе, 1959, (глава «Пополнение корневых слов путем заимствования»); *С. К. Кеңесбаев.* К вопросу о влиянии русского языка на казахский язык, — «Вестник АН КазССР», 1953, № 6.

Мысалы, *аффрикат, аффикс, артикль, артикуляция, агглютинация* деген терминдер қандай бір контексте қолданылсын, олардың әрқайсысы әрдайым өзіне тән негізгі бір ғана мағынасында қолданылады және сол бір ғана мағынасында ұғынылады. Терминдерде эмоциональды бояу, экспрессивті қызмет дегендер де болмайды.

Бірақ бұл айтылғаннан қандай да болсын терминдердің бәрі де тек дара мағынада қолданылады, көп мағына білдіретін термин жоқ деп тұжырым жасауға болмайды. Кейбір терминдер көп мағыналы болып келеді; ол — терминдердің кемшілігі. Егер белгілі бір термин көп мағыналы болса, онан кейде қате түсінік тууы да мүмкін. Екі ұштылық тудырмау үшін әр уақытта терминдердің дара мағыналы болуы көзделеді.

Терминдер мен термин емес сөздердің арасында өз ара алмасу, бірінен-біріне ауысу процесі болып отырады. Мысалы, бір жағынан, жалпылама лексикадағы кейбір сөздер өзінің дағдылы мағынасын сақтай отырып, терминге айналып жатса (мысалы: *үстеу* 1. «қосу», 2. терминдік мағынасында «сөз табының бірі», *журнақ*. 1. «қалдық», 2. терминдік мағынасында «сөзге жалғанып туынды сөз немесе туынды форма тудыратын аффикс» және т. б.), екінші жағынан, кейбір терминдер жалпылама лексикаға ауысып жатады (мысалы: орыс тіліндегі *следить*, қазақ тіліндегі *ізге түсу* дегендер аңшылар терминологиясынан ауысқан. Сондай-ақ орыс тіліндегі *приземлиться* деген сөз авиация терминологиясынан ауысқан).

Өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің, саясат пен дипломатияның және тағы басқалардың әр саласына тән терминдердің жиынтығы терминология деп аталады. Әрбір тілде шаруашылық пен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің алуан түрлі салаларының терминологиясын жасау — әрі ғылыми, әрі қоғамдық үлкен мәні бар, аса қажетті жұмыс.

Ғылым мен техникада терминдердің мәні күшті. Ғылым мен техниканың белгілі бір саласын меңгеру үшін сол салаға тән терминдердің мағынасын, ғылыми мәні мен білдіретін ұғымын жете түсіну қажет. Белгілі бір ғылым саласына тән терминологияны білмей тұрып, ол ғылымды меңгеру де мүмкін емес.

Терминдердің ішінде тек бір саладағы терминологияға қатысты терминдер де, әр басқа терминологияға бірдей қатысты терминдер де кездеседі. Мысалы, *метатеза, флекция, аффикс, префикс, идиома* деген терминдер тек лингвистикада ғана қолданылады. Ал *морфология, операция, ассимиляция* деген терминдер әр түрлі саладағы терминологияда жұмсала береді.

Терминдер әр түрлі жолдармен жасалады.

1) Әдеби тілде бұрыннан бар кейбір төл сөздер терминдік мағына алып, белгілі бір саланың терминологиясына телінеді де, сонда әбден орнығып қалыптасады. Мысалы, қазақ тіліндегі *айналым* (оборот), *қосымша құн* (прибавочная стоимость), *жаратылыс тану* (естествознание), *өндіргіш күштер* (производительные силы), *нұсқау* (инструкция), *үстеу* (наречие), *екпін* (ударение), *тырнақша* (кавычка), *бастауыш* (подлежащее) т. б. сөздер білімнің әр саласында қолданылатын термин сөздерге айналып, қалыптасып кетті.

Әрбір ұлт тілінің терминологиясы белгілі бір ғылыми негізге, принципке сүйеніп жасалынады. Мысалы, қазақ тіліне орыс тілінен енетін терминдер, егер қазақ тілінде сол алынғалы отырған сөздің мағынасын бере алатын баламасы болса, олар аударылып алынады. Жоғарыда аталған терминдердің кейбіреулері осы принцип бойынша жасалып қалыптасқан.

2) Ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларына қатысты терминдердің ішінде дүние жүзіндегі тілдердің бәріне бірдей ортақ көптеген терминдер бар. Барлық тілдерге ортақ көптеген терминдер сөздердің халықаралық қоры (международный фонд слов) болып саналады да, интернационалдық терминдер деп аталады. Мысалы: *Совет, коммунизм, пионер, демократия, революция, конституция, алгебра, изотерма, циклон, меридиан, синтаксис, фонема, синоним, архаизм, дифтонг, роман, поэма, филармония, дирижер, архитектор т. б.*

Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда қазақ тілінде толық баламасы жоқ шетел және орыс тілдерінен кірген интернационалдық терминдер аударылмай қабылдансын деген принцип басшылыққа алынды. Бұл принцип бірден-бір дұрыс ғылыми принцип болды. Орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген интернационалдық терминдердің орыс тіліндегі қалпы сақталынып алынды. Ұлы орыс халқының тілінің игілікті әсерінің нәтижесінде қазақ тілі лексикасы ғылыми-техникалық терминдермен толығып байи түсті. Бұл салада орыс тілінің Кеңес Одағында тұратын басқа да халықтардың тіліне біршама әсері тиді. Олар өздерінің әдеби тілдерінің ғылыми терминологиясын жасауда интернационалдық терминдерді орыс тіліндегі қалпында қабылдай отырып, орыс әдеби тілі терминологиясының бай тәжірибесін молынан пайдаланды.

Жоғарыда кейбір терминдердің бірнеше мағынасы болады дедік. Ондай терминдердің қазақ тілінде баламасы бар мағынасы аударылып, баламасы жоғы орысша қалпы сақталып қабылданып жүр. Мысалы, *блок* деген термин қоғамдық пәндердің термині болғанда, *одақ* деген сөзбен аударылып қолданылады да, физика пәніне қатысты термин болғанда, аударылмай, сол қалпында (блок) қолданылады. Сондай-ақ, *фаза* деген термин физика ғылымында қолданылатын мағынасында аударылмай, сол қалпында қабылданса, қоғамдық ғылымда қолданылатын мағынасында *кезең* түрінде қабылданған.

Терминдердің туынды түрлерін қабылдау қажет болғанда, олардың түбір тұлғасы аударылмай, сол қалпында қабылданады да, ал кейбіреулерінің орыс тіліндегі қосымшаларының

орнына қазақ тілінде сайма-сай келетін қосымшалар жалғанады. Мысалы: *механизация — механикаландыру, коллективизация — коллективтендіру, электрификация — электрлендіру, демократизация — демократияландыру, аграрный — аграрлық, кооперативный — кооперативтік, революционный — революциялық, экономический — экономикалық, колхозник — колхозшы, пулеметчик — пулеметші, футболист — футболшы, редактировать — редакциялау, наградить — наградтау* т. б.

Тіл қоғам мүшелерінің барлығында бірдей ортақ, жалпы халықтық қатынас құралы болғанмен, қоғамдағы адамдар мен жеке таптар кейде тілді өздерінің мүдделері үшін пайдаланады.

Марксизмнің жаулары қоғамдық ғылымдарға қатысты терминдердің ғылыми дұрыс мазмұнын өзгертіп, оларды бұрмалап қолдануға барынша тырысып бақты. Олар мұндай әрекетті марксизмді бұрмалаудың, өздерінің зиянды пікірлерін іске асырудың құралы ретінде пайдаланды. Марксизм ғылымына тән терминдерді бүркеншік етіп, ол терминдерді өздерінің зиянды әрекеттерін жүргізу мақсатында қолданған марксизм жауларына В. И. Ленин дер кезінде қатты соққы беріп, әшкерелеп отырды. В. И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде былай деп жазды: «Богданов тіпті де марксистік зерттеумен шұғылданып отырған жоқ, осы зерттеу арқылы мұнан бұрын табылған нәтижелерге биологиялық және энергетикалық терминологияның шапанын кигізумен шұғылданып отыр»[1]. «Богдановта «жоғарыда» тарихи материализм, шынында, тұрпайы және идеализм арқылы қатты бүлінген тарихи материализм бар, «төменде»— марксистік терминдерді жамылған, марксистік сияқтанған сөздерге боямалаған идеализм бар. «Әлеуметтік-ұйымдастырылған тәжірибе», коллективтік еңбек процесі», мұның бәрі — марксистік сөздер, бірақ мұның бәрі *тек сөздер ғана,* заттарды —«элементтердің»-түйсіктердің комплекстері деп, сыртқы дүниені адамзаттың «тәжірибесі» немесе «эмпириосимволы» деп, физикалық табиғатты —«психикалықтан» «туатын туынды» т. т. және т. с. деп жариялайтын идеалистік философияны бүркейтін сөздер ғана.

Марксизмнің бірден-бірге жіңішкелеп өңін айналдыру, антиматериалистік ілімдерді бірден-бірге жіңішкелеп марксизм түсіне бояу — саяси экономияда да, тактика мәселелерінде де, гносеология мен социология жөніндегі жалпы философия мен социология жөніндегі жалпы философия да — қазіргі ревизионизмнің сипаты, міне, осындай болып отыр»[2].

Қазір де капитализмнің насихатшылары халықтың қалың бұқарасына жек көрініштi болып табылатын «капитализм» деген сөзді басқа сөзбен ауыстыру үшін, оның мағынасын басқаша етіп түсіндіру үшін әрекет жасап жүр. Олар «капитализм» дегенді «еркін кәсіпшілік системасы», «жаңа капитализм», «демократияшыл капитализм», «экономикалық демократия», «өнеркәсіптік демократия» деп жүз құбылтып жүр. Алайда, олардың бұл әрекеттерінен еш нәрсе шықпайтыны өзінен өзі белгілі. Алтыннан айдар тақса да, оның аты — капитализм.

Сонымен, таптық қоғамда үстем тап тілді, әсіресе ондағы әлеуметтік мәні бар терминдерді, өздерінің мүддесі үшін пайдалануға, тілге өздерінің ерекше сөздері мен терминдерін таңуға тырысады. Бірақ мұнан тіл жалпы халықтық қасиетін жоймайды. Ол әрқашан қоғам мүшелерінің бәріне ортақ жалпы халықтық тіл ретінде өмір сүреді.

Сонымен, терминдер — белгілі бір салада қолданылатын, айрықша қызметі бар сөздер. Оларға тән басты қасиет — дара мағыналылық[1].

ФРАЗЕОЛОГИЯ

§14. ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМ ЖӘНЕ ОҒАН ТӘН БЕЛГІЛЕР

Тіл арқылы қатынас жасау процесінде сөздер, әдетте, жеке дара күйінде емес, бір-бірімен тіркесіп қолданылады. Сөздердің тілдің грамматикалық заңдарына орайласып, емін-еркін тіркесуінен синтаксистік единицалар — еркін (ерікті)[2] сөз тіркесі мен сөйлемдер жасалады. Сөздердің жалпы тіркесі және синтаксистік (еркін) сөз тіркесі сөздердің бір-бірімен емін-еркін тіркеуінен жасалады. Бірақ сөздер бір-бірімен жапа тармағай тіркесе бермейді, мағыналарының үйлесімділігі болғанда ғана, тіркесіп жұмсалады. Мағыналық үйлесімділік сөздердің бір-бірімен семантикалық жақтан үйлесуге бейімділігі дегенді білдіреді. Еркін сөз тіркесінде оны құрастырушы сыңарлар (сөздер) мағыналық үйлесімділік шеңберінде басқа сыңарлармен (сөздермен) ауыса алады. Мысалы: *оқушымен сөйлесу — мұғаліммен сөйле-*

---

[1] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 14-том, 360-бет.
[2] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 14-том, 362-бет,

[1] Терминдер мен терминология жайында әдебиеттер: *Д. С. Лотте.* Изменение значений слов, как средство образования научно-технических терминов. — «Известия Академии наук СССР», отделение технических наук, 1941, № 6; *А. М. Терпигорев.* Об упорядочении технической терминологии, — «Вопросы языкознания», 1953, № 1; *А. М. Деборин.* Заметки о происхождении и эволюции научных понятий и терминов. — «Вопросы языкознания» 1957, №4; *С. Байшев.* Тіліміздің терминология мәселелері. — «Әдебиет және искусство», 1954, № 1.

[2] Еркін (немесе ерікті) сөз тіркесі (свободное словосочетание) деген мен «сөздердің еркін тіркесі» (свободное сочетание слов) деген бір емес. Еркін сөз тіркесі кемінде екі дербес сөздің бағыныңқы-басыңқы қатынас бойынша тіркесуінен жасалған синтаксистік единица дегенді білдірсе, сөздердің тіркесі немесе сөздердің еркін тіркесі қандай сөздер және синтаксистік байланыстың қай түрі екеніне қарамастан, жалпы сөз атаулының емін еркін тіркесе жұмсалуы дегенді білдіреді.

су — қойшымен сөйлесу; оқушымен әңгімелесу — мұғаліммен әңгімелесу — қойшымен әңгімелесу; оқушымен кездесу — мұғаліммен кездесу және т. б. Осылар тәріздес еркін сөз тіркестерін және олардың түрлерін грамматиканың синтаксис саласы зерттейді (еркін сөз тіркестері жайында «Грамматика» тарауын (§ 23) қараңыз).

Сөздердің еркін тіркесіне сырттай ұқсас, бірақ іштей, яғни тілдік табиғаты жағынан, оған қарама-қарсы қойылатын *оймақ ауыз, жүрек жұтқан, жүрегі тас төбесіне шығу, ат-тонын ала қашу, ер қашты болу* тәрізді тіркестер бар. Бұлар құрамы жағынан тұрақты болып келеді де, бүтіндей оралым бұрынан тіркескен, дағдылы қалпын сақтайды, сыңарлары «ешкімнің еркіне көнбей», «өзінен-өзі тіркесіп қойған» тәрізді болып ұғынылады. Мұндай тіркестер сөздердің еркін (ерікті) тіркесіне (свободное сочетание слов) қарсы қойылып, *сөздердің еріксіз тіркесі* (несвободное сочетание слов) немесе *фразеологиялық оралым* (фразеологический оборот) деп аталады[1]. Фразеологиялық оралымдарды фразеология[2] зерттейді.

Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы бір тұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица, әдетте, фразеологиялық оралым деп аталады. Олардың қатарына, мысалы, орыс тілінде *глубокая осень, глубокая печаль, волчий аппетит, перемывать косточки, сдержать слово, медвежья услуга* тәрізді тұрақты сөз тіркестері, қазақ тілінде *қас қаққанша, көзді ашып жұмғанша, қас пен көздің арасында, ит арқасы қияңда, ит өлген жерде, тайға таңба басқандай, үріп ауызға салғандай, ат үсті қарау, мидай дала, ата мекен, ата жау, су ми, су жүрек* тәрізді тұрақты сөз тіркестері енеді. Бұл фразеологиялық оралымдардың әрқайсысы сөздердің бір-бірімен тіркесе жұмсалуынан жасалғанмен, мағынасы жағынан бір тұтас, құрамы мен құрылымы жағынан тұрақты единица ретінде ұғынылады.

Фразеологиялық оралым тілде басқа единицалармен, атап айтқанда, бір жағынан, сөзбен, екінші жағынан, еркін сөз тіркесімен шектесіп жатады. Фразеологиялық оралымды сөзден де, еркін сөз тіркесінен де ажырату үшін, оған (фразеологиялық оралымға) тән басты белгілер мен қасиеттерді айқындап алу қажет. Бұл арада фразеологиялық оралымға тән белгілерге қатысты алдын ала ескертетін бір жай бар; фразеологиялық оралым өзінің табиғаты жағынан — екі жақты құбылыс. Фразеологиялық оралымның екі жақтылығы, жоғарыда аталып өткеніндей, бір жағынан, оның дара сөзге ұқсас, екінші жағынан, еркін сөз тіркесіне ұқсас болып келуінен көрінеді. Осыған орай, фразеологиялық оралымның белгілері де екі бағытта қызмет атқарады. Анығырақ айтқанда, фразеологиялық оралымды сөзбен жақындастыратын белгі оны (фразеологиялық сөз тіркесін) еркін сөз тіркесінен ажырататын белгі ретінде, ал фразеологиялық оралымды сөзден ажырататын белгі оны еркін сөз тіркесімен жақындастыратын белгі ретінде қызмет ете алады. Енді, фразеологиялық оралымға тән белгілерге және ол белгілердің екі бағытта қызмет етуіне тоқталайық.

Фразеологиялық оралымға өте-мөте тән, басты белгі — оның даяр қалпында жұмсалу белгісі (признак воспроизводимости)[1]. Фразеологиялық оралымдар қарым-қатынас процесінде, сөйлеу кезінде жасалынбайды, даяр қалпында бір тұтас (бүтін) единица ретінде жұмсалады. Фразеологиялық оралымның бұл қасиеті оны еркін сөз тіркесіне салыстырғанда, ашық-айқын көрінеді. Мысалы, *суды қайнату, түймені қадау, қолды жуу, қысқа жіп, қойдың аузы* және т. б. осылар тәріздес еркін сөз тіркестері қатынас жасау процесінде, сөйлесу кезінде жеке сөздердің бір-бірімен емін-еркін тіркесіп айтылуынан жасалса, қаны *қайнау* (ызалану), *соры қайнау* (сорлау), *түймедейді түйедей ету* (асыра айту, үлкейту), *қол қусырып* (бостан-бос, әрекетсіз), *қысқа жібі күрмеуге келмеу* (жетімсіздік, жоқшылық), *қой аузынан шөп алмас* (момын, жуас) және т. б. осылар тәріздес фразеологиялық оралымдар тіркескен күйінде, бүтін қалпында жадымызда сақталады да, сөйлеу кезінде олардың сыңарлары (сөздер) сөйлеушінің қалауы бойынша тіркеспейді, бүтіннің бөлшектері бұрыннан өзінше тіркесіп қойған қалпында бір тұтас даяр күйінде қолданылады. Сөйлеу кезінде фразеологиялық оралымды қолданушы адам оның құрамына енетін сөздерді өзінше (өз қалауынша) тіркестірмейді, тұтасқан күйін бұзбай, қаз қалпында (даяр күйінде) қайталай қолданады. Мұндай қасиет фразеологиялық оралымға ғана емес, сонымен бірге лексикалық единица — сөзге де тән. Мысалы, *әдемі (сүйкімді), дәулетті, ұялмау (шіміркенбеу), лезде (жылдам), үндемеу, қысылу (сасқалақтау), ашулану (ызалану), қыру (жою), қараңғы* деген сөздер де және бұларға белгілі дәрежеде синонимдес болып келетін *үріп ауызға салғандай, мұртын балта шаппайды, аузы-мұрны қисаймастан, көзді ашып-жұмғанша, қас пен көздің арасында, қас қаққанша, аузына құм құйылу, жұмған аузын ашпау, жаны мұрнының ұшында, жанын қоярға жер таппау, ер тоқымын бауырына алу, тамырына балта шабу, көзге түртсе көргісіз тәрізді*

---

[1] Тіл білімінде *фразеологиялық оралым* деген терминмен қатар *фразеологиялық единица, тұрақты сөз тіркесі* (устойчивое словосочетание), *еріксіз тіркес* (несвободное сочетание), *фразеологизм* деген терминдер де қолданылады. Лингвистикалық әдебиеттерді оқығанда, бұлардың синонимдес терминдер екендігін есте ұстау қажет.

[2] Фразеология грек тілінің *phrasic* («сөйлемше» және *logos* («ұғым», «ілім») деген сөздері бойынша жасалған. Фразеология деген термин тіл білімінде екі түрлі мағынада — біріншіден, фразеологиялық сөз тіркестері туралы ілім деген мағынада, екіншіден, белгілі бір тілдегі фразеологиялық сөз тіркестерінің жиынтығы деген мағынада қолданылады.

[1] *Н. М. Шанский.* Фразеология современного русского языка. Издательство «Высшая школа», М., 1969, стр. 27

фразеологиялық оралымдар да даяр қалпында жұмсалу қасиетімен сипатталады. Бұлар (сөз бен фразеологиялық оралым) сөйлеу кезінде конструкцияланбайды, даяр тұрған құрылыс материалы сияқты қызмет етеді, тұтас қалпында не еркін сөз тіркесінің, не сөйлемнің құрамына енеді.

Сонымен, фразеологиялық оралымның даяр қалпын сақтай отыра қолданылу белгісі оны сөзбен жақындастырады да, еркін сөз тіркестерінен ажыратады. Фразеологиялық оралымға тән белгілер бірден екі бағытта қызмет етеді деуіміз де осыдан. Фразеологиялық оралым — сөйлеу кезінде конструкцияланбайтын, өзінің даяр тұрған қалпын сақтай отыра жұмсалатын, бір тұтас (бүтін) единица (фразеологиялық единица), ал еркін сөз тіркесі — сөйлеу кезінде белгілі бір үлгілер бойынша конструкцияланатын (құрастырылатын), осыған орай, сөйлеушінің тілдің белгілі бір заңдарына сәйкестендіріп, өзінше құрастыруына көнетін единица (синтаксистік единица).

Даяр қалпы қайталану белгісі сөз бен фразеологиялық оралымға бірдей қатысты барлық басқа белгілерді, атап айтқанда, фразеологиялық оралымның (сондай-ақ, сөздің) құрамы мен құрылымының тұрақтылық белгісі мен мағыналық тұтастық белгісін ашып айқындайды.

Фразеологиялық оралым мағына тұтастығымен сипатталады. Оның өзіне ғана тән, меншікті мағынасы бар және ол мағына фразеологиялық оралымды құрастырушы сыңарлардың мағыналарына тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Фразеологиялық оралымның мағыналық тұтастығы, оның семантикасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарының жиынтығына сәйкес келгенде де сақталынады. Басқаша айтқанда, мағыналық жақтан фразеологиялық оралым бір бүтін, бір тұтас единица ретінде көрінеді де оның, семантикасында құрастырушы сыңарлардың мағыналары ашық, айқын бейнелегенде де, мағыналық бүтіндігі, тұтастығы бұзылмайды[1]. Мысалы, *тайға таңба басқандай* немесе *соқырға таяқ ұстатқандай* (ашық-айқын), *қаны қайнау* (ызалану, ашулану), *көзді ашып жұмғанша* немесе *қас қаққанша* (лезде, өте жылдам), *су жүрек* (қорқақ), *ер жүрек* (батыл), *түймедейді түйедей ету* (асыра үлкейту), *тамырына балта шабу* (құрту, жою), *қуанышқа бөлену* (қуану), *шаттыққа бөлену* (шаттану) деген фразеологиялық оралымдар бүтіндей фразеологизмнің семантикасы мен оны құрастырушы сыңарлардың ара қатысы жағынан әр түрлі (әр типтес) болғанымен, мысалға келтірілген фразеологиялық оралымдардың әр қайсысы да мағына тұтастығымен (бүтінділігімен) сипатталады.

Фразеологиялық оралым тұрақты қасиетімен сипатталады. Оның тұрақтылық қасиеті мынадан көрінеді: фразеологиялық

[1] *Н. М. Шанский.* Фразеология современного русского языка. Издательство «Высшая школа», М.,, 1969, стр. 29.

оралым бүтіннің бөлшектері ретінде ұғынылатын, өз ара тығыз байланысты сыңарлардан (сөздерден) құралады да, ол сыңарлар бірінен кейін бірі әбден қалыптасқан тәртіппен орналасады, басқа сөздерден ауыстырылмайды, қалыптасқан орын тәртібі өзгермейді. Мысалы, *сақалын сипап қалу* деген тұрақты тіркестің құрамындағы сөздердің орнын ауыстырып айтуға немесе оның ішіндегі бір сөздің орнына басқа бір сөзді қолданып, мысалы, *мұртын сипап қалу* деп айтуға болмайды.

Сондай-ақ, *мұртын балта шаппайды* деген тұрақты тіркестің құрамындағы *мұрт* деген сөздің орнына *сақал* немесе *балта* дегеннің орнына *пышақ, шаппайды* дегеннің орнына *кеспейді* деген сөздер қолданылмайды. Егер бұлай етіп өзгертсек, олар тұрақты тіркес болудан қалады немесе тіптен мағынасыз, түсініксіз болып шығады. Құрамы мен сыңарларының орын тәртібінің тұрақтылығы жағынан фразеологиялық оралымдар жеке сөздердің құрамындағы морфемалардың орын тәртібін еске түсіреді. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н. М. Шанский сөздің морфемалық құрамының тұрақтылық сипаты қандай болса, фразеологизмнің құрамының және сыңарларының (компоненттерінің) орын тәртібінің тұрақтылық сипаты да сондай деп есептейді[1].

Ал сөздердің еркін тіркесіне фразеологиялық оралымдардың құрамының тұрақтылық қасиеті тән емес. Фразеологиялық оралымның құрамының тұрақтылығы (постоянство состава) дегенде, әдетте, оның құрамына үнемі (әрдайым) белгілі бір сөздердің ғана енуі және олардың басқа сөздермен алмастырылмауы ескеріледі. Ал еркін сөз тіркесінің құрамында мұндай тұрақтылық болмайды, оның құрамында үнемі тұрақталған белгілі бір сөздер емес, әр түрлі сөздер тіркесіп келе береді. Мысалы, *дәмді ас* деген еркін тіркестің құрамындағы соңғы сыңарды *(ас) тамақ* деген сөзбен ауыстырып, *дәмді тамақ* деп өзгертуге немесе осы еркін тіркестің құрамындағы дәмді дегеннің орнына *ыстық тамақ* деп өзгертуге болады. Мұнан аталған еркін сөз тіркестерінің атрибутивті сөз тіркестері ретіндегі грамматикалық табиғаты өзгермейді. Ал *ас иесімен тәтті* немесе *ас — адамның арқауы* тәрізді фразеологиялық оралымдардың құрамындағы *ас* деген сөздің орнына *тамақ* деген сөзді қолданып, мысалы, *тамақ иесімен тәтті* немесе *тамақ — адамның арқауы* деп өзгерту белгілі бір қалыптасқан норманы бұзғандық болар еді және бұлай етудің салдарынан аталған тіркестер фразеологиялық оралым болудан қалар еді.

Фразеологиялық оралымдардың басым көпшілігінің құрылымдық тұтастығының бекемдігі соншалық, оның ішіне (сыңарларының аралығына), әдетте, басқа бір сөз енбейді. Кейде бір-

[1] *Н. М. Шанский.* Фразеология современного русского языка. Издательство «Высшая школа», М., 1969, стр. 29.

ді-екілі фразеологиялық оралымның сыңарларының аралығына басқа бір сөздің енуі мүмкін (мысалы: *таяқ жеу — таяқты мықтап жеу, жаны ашу — жаны қатты ашу),* бірақ мұның өзі фразеологиялық оралымдарға жалпы тән құбылыс емес.

Аталған қасиеттер белгілі дәрежеде сөзге де тән. Алайда, сөз бен фразеологиялық оралым бір-бірімен тепе-тең емес, бұлардың арасында түбірлі айырмашылықтар бар. Ол айырмашылықтар қайсылар?

Айырмашылық, ең алдымен, сөздің құрылымы мен фразеологиялық оралымның құрылымына қатысты. Құрылымы жағынан сөз бен фразеологиялық оралым — әр басқа құбылыстар (единицалар). Сөздер, әдетте, әр түрлі бөлшектерден құралады да, ол бөлшектер сөзден тыс, өздігінен қолданыла алмайды. Сөздер (түбір сөздерден басқалар) морфемаларға бөлшектенеді де, ол морфемалар сөз ішінде ғана өмір сүреді. Мысалы: *жол-сыз, жол-ық-тыр-у, жол-ы* (морфемалар және сөздің морфемалық құрамы жайында «Грамматика» тарауының 2-параграфын қараңыз). Ал фразеологиялық оралымдар морфемалардан емес, өзіне тән формалары бар сөздерден, олардың тіркесінен жасалады. Мысалы: *сақалын сипап қалу, тонның ішкі бауындай, жер-жебіріне жету, көз шырымын алу, ай десе аузы, күн десе көзі, көз ұшында, көз көрген, көз таныс және* т. б.

Сөз бен фразеологиялық оралымның грамматикалық тұлғалану жағынан да бір-бірінен айырмашылығы бар. Морфемалардан құралған сөздер тұтас тұлғаланған единица ретінде қызмет етсе, фразеологиялық оралымдар сөздердің тіркесе жұмылуынан құралып, ажыратыла тұлғаланған единица ретінде қызмет етеді[1]. Мысалы, *жолаушы, жолсыз, жолбарыс, қолғап, шекара* және т. б. осылар тәріздес сөздер тұтас тұлғалану қасиетімен сипатталса, *ит өлген жерде, оқ бойы жерде, жермен жексен ету, жер жебіріне жету, әліпті таяқ деп білмеу, таяқ жеу, қам жеу, сойылын соғу* және т. б. осылар тәріздес фразеологиялық оралымдар ажыратыла тұлғалану қасиетімен сипатталады.

Сонымен, жоғарыда аталған белгілердің бірі — фразеологиялық оралымды сөзден ажыратса, екіншілері оны сөздердің еркін тіркесінен ажыратады.

§15. ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Фразеологиялық оралымдардың түрлері бір-бірінен әрқашан ашық айқын ажыратыла бермейді, осыған орай, оларды классификациялау (түр-түрге бөлу, топтастыру) тіл білімінде

[1] «Тұтас тұлғалану» және «ажыратыла тұлғалану» деген терминдер *А. И. Смирницкий* қолданған «цельнооформленность», «раздельно оформленность» деген терминдердің аудармасы ретінде қолданылып отыр. Қараңыз: *А. И. Смирницкий.* К вопросу о слове (проблема «отдельности слова»), —Сб. «Вопросы теории и истории языка». Издательство АН СССР, М., 1952.

өте-мөте күрделі мәселе болып саналады. Тіл білімінде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жағынан қарастырылып, осыған сәйкес, олар түрліше топтастырылып жүр. Фразеологиялық оралымдар лингвистикалық әдебиеттердің бірінде бүтіндей тұрақты тіркестің тұтас мағынасы мен оның (тіркестің) сыңарларының мағыналарының ара қатысы жағынан топтастырылса, екіншілерінде құрылымы жағынан үшіншілерінде қызметі (функция) немесе эмоциональды-экспрессивті қасиеті жағынан топтастырылады.

Академик В. В. Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің бір тұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлардың мағыналарының ара қатысы тұрғысынан *фразеологиялық тұтастық* (фразеологическое сращение), *фразеологиялық бірлік* (фразеологическое единство) және *фразеологиялық тізбек (фразеологическое сочетание)* деп үш түрге бөледі[1]. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н. М. Шанский аталған классификацияны қолдай келіп, фразеологиялық оралымдардың төртінші түрі *фразеологиялық сөйлемше* (фразеологическое выражение) деп есептейді[2]. Енді фразеологиялық оралымдардың аталған түрлерінің әрқайсысына тоқталайық.

1. Фразеологиялық тұтастық. Семантикалық жақтан бөлініп ажыратылмайтын, бір тұтас мағынасы сыңарларының мағынасымен жуыспайтын (байланыспайтын) фразеологиялық оралым фразеологиялық тұтастық деп аталады. Фразеологиялық тұтастықтың құрамындағы сыңарлар (сөздер) бір-бірімен біте қайнасып, өз ара тұтасып, бітісіп кетеді де, бүтіндей тіркес семантикалық жақтан бөлінбейтін, бір тұтас единица ретінде ұғынылады. Мысалы, орыс тілінде *во всю ивановскую* (бар дауысымен, өте қатты), *собаку съел* (бірдеме жайында үлкен тәжірибе алған, өте шебер болып алған), *очертя голову* (ойланбастан, қалай болса солай), *бить баклуши* (бостан-бос сенделу), қазақ тілінде *жүрек жалғау* (аздап тамақтану), *жүрек жұтқан* немесе *жүрегінің түгі бар* (өте батыл, ештеменден қорықпайтын), *ит өлген жерде* (өте алыста, шалғайда), *қол қусырып* (бостан-босқа), *аузы-мұрны қисаймастан* (ұялмастан, шіміркенбестен) деген фразеологиялық тұтастықтардың білдіретін мағыналары осы тіркестерді құрастырушы сыңарлардың (сөздердің) мағыналарынан келіп тумайды, олармен (сыңарларының мағыналарымен) мүлдем жанаспайды, байланыспайды. Мысалы, *аузы-мұрны қисаймастан* деген фразеологиялық тұтастықтың білдіретін

[1] *В. В. Виноградовтың* мына еңбектерін қараңыз: 1) Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины. —Сб. «Труды юбилейной научной сессии ЛГУ», Л., 1946; 2) Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. —Сб. «Академик *А. А. Шахматов*», Издательство АН СССР, М., 1947; 3) Русский язык (грамматическое учение о слове), издание второе, Издательство «Высшая школа», М., 1972, §4.

[2] *Н. М. Шанский.* Фразеология современного русского языка, Издательство «Высшая школа», М., 1969, стр. 76—88.

бір бүтін мағынасы (ұялмастан, шіміркенбестен) осы тіркестің құрамындағы *аузы-мұрны* және *қисаймастан* деген сөздердің білдіретін мағыналарына мүлдем сәйкеспейді. Орыс тіліндегі *собаку съел* деген фразеологиялық тұтастықтың мағынасы өзін құрастырушы сыңарлардың (*собаку* деген сөз бен *съел* деген сөздің) мағыналарымен мүлдем жанаспай, бүтіндей тіркес басқа бір мағына — «бірдеме жайында мол тәжірибе алған, өте шебер болып алған» деген мағынаны білдіреді. Мағынасы жағынан алғанда, *ит өлген жерде* деген фразеологиялық тұтастық өзін құрастырушы үш сөздің (*ит, өлген* және *жерде*) бірде-біреуінің мағынасымен байланыспайды, әңгіме ит туралы да, оның өлгендігі немесе өлген жері туралы емес. Бұл фразеологиялық тұтастық бүтін қалпында «өте алыс, тым шалғай» деген мағынада жұмсалады.

Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тіркесінен жасалғанмен, құрамы бөлшектерге ажыратылмай, зат пен құбылыстың, сапа мен белгінің немесе іс-әрекеттің бір бүтін атауы ретінде жұмсалады. Сыңарларының бір-бірімен біте қайнасып кетуі және, осыған орай, мағыналық жақтан дербес бөлшектерге ажыратылмауы жағынан фразеологиялық оралымдар негізгі сіңіскен негіз болып саналатын сөздерді (слова с опрощенной основой) еске түсіреді. Сіңісу процесінің нәтижесінде сөздің бастапқы мағыналық бөлшектері бір-біріне сіңісіп кетеді де, сіңісу процесіне ұшыраған сөз тілдің қазіргі тұрғысынан алғанда, мағыналық бөлшектерге (морфемаларға) ажыратылмайтын, бір бүтін (бір тұтас) сөз (немесе негіз) ретінде ұғынылады. Мысалы, *бүлік, бүлін, бүлдір* деген сөздер, тарихи (этимологиялық) тұрғыдан алғанда, мағыналық бөлшектерден *бүл-ік, бүл-ін, бүлдір)* құралғанмен, бұл күнде морфемаларға, яғни мағыналық бөлшектерге ажыратылмайтын сөздер (бір бүтін лексикалық единицалар) ретінде танылады (сіңісу құбылысы жайында «Грамматика» (§ 6) тарауын қараңыз). Фразеологиялық тұтастықтар да осылар сияқты. Сөздердің (ал сөздер табиғатында мән-мағынасы бар единицалар болып саналады) тіркесінен құралғанмен, фразеологиялық тұтастықтар тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан дербес мағыналық бөлшектерге ажыратуға келмейтін, бір бүтін (бір тұтас) единица ретінде қызмет атқарады. Сіңісу процесі нәтижесінде сөздердің мағыналық бөлшектері (морфемалары) бір-бірімен біте қайнасып, бір-біріне сіңісіп кететіні сияқты, фразеологиялық тұтастықтардың да бөлшектері (сөз сыңарлары) мағыналық жақтан бір-біріне сіңісіп кетеді. Мағыналық бөлшектері (морфемалары) бір-бірімен жымдаса сіңіскен сөздердің қазірде морфемаларға ажыратылмай, бір бүтін түбір сөз (немесе туынды емес негіз) ретінде ұғынылатыны сияқты, фразеологиялық тұтастықтар да қазірде мағыналық бөлшектерге ажыратылмайтын, семантикалық бір бүтін единица ретінде ұғынылады. Фразеологиялық тұтастықтың осы қасиетін

ескере келіп, В. В. Виноградов оны (фразеологиялық тұтастықты) «ерітіндіге айналған лексикалық бөлшектердің химиялық қосындысы» тәрізді деп есептейді[1].

Белгілі бір фразеологиялық тұтастықтың құрамы басқаша емес, неге осылай, яғни неге басқаша сыңарлардың емес, құрамында бар сыңарлардың (сөздердің) тіркесуінен жасалған деген сұраққа тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан жауап беру қиын. Атауға алғашында негіз болған белгі уақыт озған сайын күңгірт тартып, ұмыт болады. Мұның туынды емес сөзге де, фразеологиялық тұтастыққа да қатысы бар. Белгілі бір фразеологиялық тұтастықтың құрамы басқаша емес, неге осылай деген сұраққа тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан жауап беру қиын деуіміздің де себебі осыдан. Бұл сұраққа жауап беру үшін этимологиялық анализ керек (бұл мәселе жайында төменде, «Фразеологиялық оралымдардың шығу негіздері» атты параграфта, сөз болады).

Кейбір фразеологиялық тұтастықтардың еркін сөз тіркестерімен омонимдес болып келуі мүмкін. Мысалы, *Жұмысқа ат үсті қарауға болмайды* дегендегі *ат үсті* деген тіркес «жеңіл-желпі» деген мағынада фразеологиялық тұтастық болып саналады. Бұл тіркес ыңғайына қарай, еркін сөз тіркесі ретінде де қолданылады. Мысалы: *«Дәл бүгінгі жүрістері ерекше бір айта қалғандай жүріс болды. Бұлардың өздері ғана емес, тіпті ат үсті суыт жүріске өмір бойғы кәсіп арқылы біржола пісіп қатып кеткен Қарабас, Жұмағұлдай атшабарлар да, Елеусіз, Бесбайлардай Олжай ішінің барымташы, жортуылшылары да некен-саяқ жүретін жол еді»* (М. Әуезов. «Абай» романы). Осы мысалдағы *ат үсті* деген тіркестен туатын мағына оның сыңарларының лексикалық мағыналарымен байланысып тұр. Демек, бұл тіркес фразеологиялық тұтастық емес, еркін сөз тіркесі ретінде танылады.

Фразеологиялық тұтастықтар мүлдем ажыратылмайтын мағыналық бірлікте болады да, осыған орай, жеке сөздердің эквиваленті ретінде қызмет атқарады. Мысалы: *қол қусырып — бостан-бос*; *мойны жар бермеу* немесе *кежегесі кейін тарту* — ерінү, жалқаулану; *қас қаққанша* немесе *қас пен көздің арасында* — лезде, жылдам және т. б.

2. Ф р а з е о л о г и я л ы қ б і р л і к. Фразеологиялық оралымдардың бұл түрі де — фразеологиялық тұтастық сияқты, семантикалық жақтан бөлінбейтін, бір тұтас (бүтін) единица. Фразеологиялық бірліктің фразеологиялық тұтастықтан айырмасы мынада: фразеологиялық тұтастықтың бір бүтін мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарымен мүлдем жанаспайтын болса, фразеологиялық бірліктің бөлінбейтін

[1] *В. В. Виноградов.* Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. —Сб. «Академик *А. А. Шахматов*», Издательство АН СССР, 1947, стр. 350.

мағынасы құрастырушы сыңарлардың мағыналарының бүтіннің бір тұтас келтірінді мағынасына ұласуы нәтижесінде пайда болады. Фразеологиялық бірліктің мағынасы — бір тұтас образды мағына, бірақ туынды мағына. Фразеологиялық бірліктің бір тұтас туынды мағынасына оны құрастырушы сыңарлардың бәрінің де, әрине, қатысы бар, бірақ бұл қатыстылық тікелей емес, жанама түрде болады. Фразеологиялық бірлік фразеологиялық тұтастықпен семантикалық бөлшектенбеуі (мүшеленбеуі) жағынан жақындаса, одан (фразеологиялық тұтастықтан) семантикалық туындылығы, бір бүтін мағынаның құрастырушысы сыңарлардың мағыналарымен байланыстылығы жағынан ажыратылады. Бүтіннің мағынасы тұрақты тіркестің ішкі образды өзегін ұғынумен, фразеологиялық бірлікті құрастырушы сөздердің потенциальды мән-мәнісін түсінумен байланысты болады[1]. Фразеологиялық бірліктің бір бүтін мағынасы сыңарлардың лексикалық мағыналарына таралып бөлшектенбей, тұтас күйінде ұғынылады, образды туынды мағына ретінде танылады. Мысалы: *ауырдың үсті, жеңілдің астымен, ауыз жаласу, тілі қышу, түймедейді түйедей ету, тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай, екі езуі екі құлағына жету, мақтамен бауыздау, тамырына балта шабу* және т. б. Орыс тілінде мынадай фразеологиялық оралымдар фразеологиялық бірлік делініп саналады: *выносить сор из избы* (жақын адамдардың немесе шағын топтың өз арасындағы керісті, таласты жария ету), *стреляный воробей («қу мүйіз, тіс қаққан, ала аяқ»), семь пятниц на неделе («өз шешімін, көңіл күйін өзгерте беру, құбыла беру»), кровь с молоком* (ден саулығы мықты адам туралы, жүзі жайнаған, нарттай қызыл, ағы ақ, қызылы қызыл), *плясать под чужую дудку* (біреудің айтқанына көніп, айдағанына жүру)[2].

Туынды сөздің бір тұтас мағынасы өзін құрастырушы бөлшектердің (морфемалардың) мағыналарының қосындысынан пайда болатыны сияқты, фразеологиялық бірліктің де бір тұтас мағынасы өзін құрастырушы сыңарлардың мағыналарының бірлігінен пайда болады. Бірақ фразеологиялық бірліктің табиғатын, оның бір тұтас мағынасының туынды екендігін түсіну үшін, оны жалпы туынды сөздің емес, образды қасиеті бар туынды сөздің мағынасымен салыстыру дұрыс болмақ. Мысалы, *тілі қышу, мақтамен бауыздау, түймедейді түйедей ету* тәрізді фразеологиялық бірліктердің табиғатын түсіну үшін оларды *сулы, сусыз, ақылды, ақылсыз, ақылсыздық* деген туынды сөздермен салыстырмай, *жүректі, жүрексіз, жүрексіздік, жолсыздық* тәрізді туынды сөздермен, яғни образды (астарлы) мағынасы бар туынды сөздермен салыстыру анағұрлым тиімді. *Сулы, сусыз, ақылды, ақылсыз, ақылсыздық* деген туынды сөздердің мағыналары құрастырушы мағыналық бөлшектердің (*су-лы, сусыз, ақыл-ды, ақыл-сыз, ақыл-сыз-дық*) қосындысы ретінде ұғынылады, бірақ бұлар (туынды сөздер) осы қалпында (жеке-дара күйінде) образды мағынаға ие бола алмайды. Ал *жүрек, жол* деген сөздерден жасалған *жүректі* (батыл), *жүрексіз* (қорқақ), *жүрексіздік* (қорқақтық), *жолсыздық* (ешбір ретке келмеушілік, жөнсіздік, ретсіздік) деген туынды сөздердің әрқайсысының мағынасы — құрастырушы бөлшектердің қосындысынан пайда болған жай ғана туынды мағына емес, образды туынды мағына. Фразеологиялық бірліктердің де мағынасы осы сияқты. Олардың бір тұтасы мағынасы — құрастырушы сыңарлардың мағыналарының қосындысынан пайда болатын жай ғана туынды мағына емес, образды туынды мағына, астары бар мағына.

Фразеологиялық бірлік мағына бірлігіне негізделеді. «Мұндай фразеологиялық бірлікте сөздер жалпы образдың бірлігіне, нақты мағынаның бірлігіне бағынады»[1]. Фразеологиялық бірлікті құрастырушы сыңарлар, мысалы, *мақтамен бауыздау* деген тұрақты сөз тіркесінің *мақтамен* деген сыңары да, *бауыздау* деген сыңары да өздігінен образды мағынаға ие бола алмайды да, мұндай мағынаға бұл сөздер тіркескен күйінде, яғни бір бүтін тұрақты сөз тіркесі күйінде ғана ие болады. Бүтіндей тіркес астарлы мағынаға ие болып, оның сыңарлары (сөздер) бір тұтас образды мағынаның бірлігіне бағынады.

Сыңарлардың жиналып келіп, бір бүтін образды мағына ретінде көрінуі фразеологиялық бірліктің негізгі қасиеті болып саналады. Фразеологиялық бірлік өзімен омонимдес еркін сөз тіркесінен бір бүтін образды мағынаны білдіру қасиеті жағынан ажыратылады. Мысалы, *тілі қышу, қолға алу, бел буу* тәрізді сөз тіркестері образды мағынасында (*тілі қышу* —«бірдеме деуге ынтығу, асығу, құмарту», *қолға алу* —«кірісу, тікелей шұғылдану», *бел буу* —«шешімге келу») фразеологиялық бірлік ретінде ұғынылса, тура мағынасында еркін сөз тіркесі ретінде ұғынылады.

3. Фразеологиялық тізбек. Фразеологиялық оралымның бұл түрі ерікті мағынасындағы (свободное значение) сөз бен фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің тіркесінен жасалып, өзінің даяр қалпында, тіркескен күйінде жұмсалады. Фразеологиялық тізбектің қатарына орыс тіліндегі *щекотливый вопрос, шекотливое положение, закадычный друг, трескучий мороз, расквасить нос* тәрізді тұрақты сөз тіркестері мен қазақ тіліндегі *мидай дала, асқар тау, шалқар көл, тас қараңғы* (немесе *тастай қараңғы*), *ата мекен, ата жау, аталы сөз, бел сала, су жаңа (судай жаңа), қыпша бел* тәрізді тұрақты сөз

[1] *В. В. Виноградов.* Русский язык (грамматическое учение о слове), издание второе, Издательство «Высшая школа», М., 1972, стр. 26.
[2] *В. В. Виноградовтың* жоғарыда аталған еңбегінен.

[1] *В. В. Виноградов.* Русский язык (грамматическое учение о слове), издание второе, стр. 26.

тіркестері енеді. Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті мағынасындағы сөз алуан түрлі сөздермен тіркесіп жұмсалуға икемді болса, фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөз бір не бірен-саран сөзбен ғана тіркеседі. Мысалы, *мидай дала, шалқар көл* деген фразеологиялық тізбектердің құрамындағы *дала* және *көл* деген сөздер әр түрлі сөздермен тіркесіп жұмсала берсе (мысалы: *жазық дала, кең дала, үлкен дала, терең көл, үлкен көл, кішкене көл* және т. б.), фразеологиялық байлау мағынасындағы *мидай* сөзі *дала* сөзімен, *шалқар* сөзі *көл* немесе *шабыт (шалқар шабыт)* сөзімен ғана тіркеседі.

Фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің басқа сөздермен тіркесіп жұмсалу мүмкіндігі шектеулі (шағын, аз). Мұндай мағынадағы (фразеологиялық байлаулы мағынадағы) сөз фразеологиялық тізбектің бір сыңары, тұрақты сыңары, ретінде жұмсалады. Мысалы, *ата* сөзі «ежелгі, ескі» деген фразеологиялық байлаулы мағынасында тек *мекен, жау* деген сөздермен ғана тіркесіп, аталған мағынасында *ата мекен, ата жау* деген фразеологиялық тізбектердің құрамында ғана қолданылады және олардың тұрақты сыңары ретінде жұмсалады.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөз өзімен синонимдес сөзбен ауыстырылуы мүмкін. Мысалы, *асқар тау — биік тау, қыпша бел — жіңішке бел, ата мекен — ежелгі мекен, тас қараңғы — өте қараңғы, мидай дала — жазық дала* және т. б. Фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөз өзімен мәндес (синонимдес) сөзбен ауыстырылғанда, еркін сөз тіркесі жасалады да, ондай тіркес фразеологиялық тізбекпен бір синонимдік қатарға енеді.

4. Фразеологиялық сөйлемше. Фразеологиялық оралымның бұл түрі мағынасы ерікті сөздердің тіркесінен құралады, бірақ құрамы мен қолданылуы тұрақты болып келеді. Мысалы: *Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады; Шегірткеден қорыққан егін екпес; Көрпеңе қарап көсіл; Бас білген өгізге өк деген — өлім; соғыс өртін тұтандырушылар; жоғары оқу орны; социалистік жарыс* және т. б.

Құрастырушы сөздердің байланысының сипаты жағынан және білдіретін жалпы мағынасы жағынан фразеологиялық сөйлемшелердің кәдімгі еркін сөз тіркестерінен немесе сөздердің жалпы еркін тіркесуінен ешбір айырмашылығы жоқ десе болады. Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы басқа жағында. Еркін сөз тіркестері мен сөйлемдер сөйлеу кезінде жасалса, фразеологиялық сөйлемшелер, жалпы фразеологиялық оралымдардың басқа түрлері сияқты, өзінің тұрақты құрамы мен мағынасы бар даяр единица ретінде сол қалпында жұмсалады. Мысалы, *Оқытқаның — бала, оқығаның — кітап* деген сөйлемді сөйлеуші адам жеке сөздерді тілдің грамматикалық заңдары бойынша бір-бірімен тіркестіру арқылы сөйлеу кезінде құрастырса, *Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады* деген фразеологиялық сөйлемшені жадында сақталған қалпында, шып-шырғасын бұзбай, даяр күйінде қайталайды. Сондай-ақ, *Аузы күйген үріп ішер; Құрғақ қасық ауыз жыртар; Темірді қызған кезде соқ; Сорлыға сойылдың жуан басы тиер; Тауықтың түсіне тары кірер* тәрізді фразеологиялық сөйлемшелер де құрылым жағынан сөйлемдер сияқты болғанымен, сөйлеу кезінде конструкцияланбай, қалыптасқан, орныққан күйінде, даяр қалпында жұмсалу қасиеті жағынан сөйлемдерден ажыратылып, фразеологиялық оралымдардың айрықша бір түрі ретінде танылады.

Фразеологиялық сөйлемше фразеологиялық тізбектен құрамында байлаулы мағыналы сөздің болмауы жағынан «ажыратылады.

Фразеологиялық оралымдардың ішінде құрылымы жағынан да, мазмұны жағынан да тілдің коммуникативті единицасы — сөйлемге сәйкес келетіндері бар. Бұлар — мақалдар мен мәтелдер, қанатты сөздер. Мақалдар мен мәтелдер және қанатты сөздер фразеологизмдердің қатарына жатқызылғанда, олардың сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында жұмсалынатыны; құрамының тұрақтылығы ескеріледі.

Мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында шарт немесе жалпы байымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтылады. Мысалы. *Кең болсаң, кем болмайсың. Әзіл айтсаң да әділ айт. Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз. Бидайдың кеудесін көтергені — дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені — ақылы жоқтығы. Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді* және т. б.

Мәтелдерде ой-пікір, топшылау мақалдардағыдай, тікелей кесіп айтылмайды да, образды түрде жанамалай айтылған ишара болады. Мысалы: *Айдағаның екі-ақ ешкі, ысқырығың жер жарады. Қызым саған айтам, келінім сен тыңда, Үй менікі демеңіз, үй артында кісі бар. Ағама жеңгем сай. Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма. Лақ та өлерде тұяқ серпеді. Суға кеткен тал қармайды. Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді. Байтал түгіл бас қайғы. Батырға да жан керек. Баяғы жартас бір жартас. Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шығып* және т. б.

Мақал-мәтелдер де әбден қалыптасқан, орныққан; оның құрамындағы компоненттердің де орны бекем. Мақал-мәтелдер — құрылысы жағынан әрі ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі.

Мақал-мәтелдерден халықтың сергек ақыл-ойы, тапқырлығы көрінеді. Халықтың мақал-мәтелдері қоғамдық өмірдегі түрлі уақиғаларды, табиғат құбылыстарын, адам баласының тұрмыс жайы, шаруашылық кәсібі, үміт-тілегі, халықтың өмірі мен іс-әрекеті сияқты жайларды, адамгершілік, мінез-құлық, тәлім-тәрбие сияқты алуан түрлі мәселелерді түгел қамтиды; осылар жайында жасалған даналық қорытындылар болып табылады.

Мақал — келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі, халық тапқырлығымен айтқанда, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні».

Кейбір мақал-мәтелдер тура мағынасында ұғынылса, кейбір мақал-мәтелдер астарлы келтірінді мағынада ұғынылады. «Оңақтан салақ жаман», «ердің атын еңбек шығарар», «жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме» деген мақал-мәтелдер тікелей тура мағынасында ұғынылады. Ал «болат пышақ қын түбінде жатпайды», «қалауын тапса, қар жанар» дегендер көбінесе келтірінді мағынасында ұғынылады. Мұның алдыңғысы «асыл нәрсе қашан да жарық көреді, ол үнемі жасырын күйінде қалмайды, қалай да бір жарқ етіп шығады», соңғысы «ретін тапса, қолдан келмейтін іс болмайды» дегенді білдіреді. Көпшілік мақал-мәтелдер образды түрде келіп, ауыспалы, келтірінді мағынада ұғынылады Мысалы: «темірді қызған кезде соқ», «керек

тастың ауырлығы жоқ», «қолы қимылдағанның аузы қимылдар», «мұржасы қисық болғанмен, түтіні түзу», «сырын білмес аттың сыртынан жүрме», «май бұзылса, тұз себер, тұз бұзылса не себер», «шабан үйрек бұрын ұшар», «аузы күйген үріп ішер», «ажалды қарға бүркітпен ойнайды», «көрпеңе қарап көсіл» т. б.

Мақал-мәтелдер — талай замандар бойында жасалып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген халықтық тарихи мұра.

Мұнымен бірге, жаңа заманға, жаңа өмірге сай жаңа мақал-мәтелдер де жасалып отырады. Мысалы, «колхоз аулы қауымды келеді, еңбек екпіні дауылды келеді», «сын түзелмей, мін түзелмес», «екпіндінің өзі де екпінді, сөзі де екпінді», «жалқаудан жаман жоқ, оқымаса маман жоқ», «еңбек сүйгенді ел сүйеді», «егін ексең тыңға, шықтым дей бер шыңға» — дегендердің кеңес дәуірінде жаңа заман тілегіне сай, соған үндес, үйлесімді келіп, тыңнан жасалған мақалдар екені айқын аңғарылады.

Қоғам қайраткерлерінің ақын-жазушылардың мақал-мәтелдерге үндес жасалған әрі көркем, әрі терең мағыналы сөз өрнегі нақыл сөздерге айналып, халық арасында кең тарап кетеді. Олардың нақыл сөздерге айналуы үшін терең мағыналы болумен бірге, мақал-мәтелдер сияқты құрылысы жағынан ықшам, әрі көркем, айтуға жеңіл болуы шарт. Ақын-жазушылардың шығармаларынан осы талапқа сай жасалған терең мағыналы, нысанаға дәл тиерліктей әрі өткір, әрі көркем нақыл сөздердің сан алуан түрлерін кездестіруге болады.

Орыс халқының ақын-жазушылары жасаған талай-талай нақыл сөздер халық арасына кең тарап, жалпы халықтық қазынаға айналды. И, А. Крылов, А. С. Пушкин, А, С. Грибоедов, Н. В. Гоголь, М. Е. Салтыков-Шедрин, А. Н, Островский, А. П. Чехов, М. Горький т. б. ақын-жазушылардың қаламынан туған терең мағыналы көркем сөз өрнектері қалың көпшілікке аян, қанатты сөздерге айналды. И. А. Крыловтың мысалдары нысанаға дәл тиетін өткір де образды нақыл сөздерге толы. А. С. Пушкин А. С. Грибоедовтың «Ақылдан қайғы» комедиясы орыс тіліне түгелімен мақал мен мәтел түрінде енеді деп жазды.

Кейбір мысалдар: Крыловтан. «Мысықтан мықты аң жоқ» (Сильнее кошки зверя нет); «Көкек әтешті өзін мақтағаны үшін мақтайды» (Кукушка хвалит петуха за то, что хвалит он кукушку).

Пушкиннен «Барасың қайда, қайда болмай маған, жас өмір алтын-күміс жарқылдаған» (Абай аудармасы. Түпнұсқада: «Куда, куда вы удалились, весны моей златые дни»); «Келер күн келеді екен не дайындап» (бұл да Абай аудармасы. Түпнұсқада: «что день грядущий мне готовит).

Горькийден: «Адам деген — ардақты ат» (Человек — это звучит гордо); «Егер жау берілмесе, оны құртар болар» («Если враг не сдается, его уничтожают) т. б.

Көркем сөздің шебері Абай жасаған мынадай нақыл сөздер бар:

1) Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

2) Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.

3) Әкесінің баласы — адамның дұшпаны,
Адамның баласы — бауырың.

4) Биік мансап — биік жартас,
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады.

5) Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Қазақ ақын-жазушыларының қаламынан туған, мақал-мәтелдерге ұқсас әрі нәрлі, әрі көркем, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерліктей» мынандай сөз түйдектерін кездестіреміз: «Шыр айналар шіркін тауық, жемің болса қолыңда» (С. Сейфуллин). Бәрін айт та бірін айт, коллективтің жырын айт» (Б. Майлин). «Мыңына ұрық шашпаған жақсылық жапанда жалғыз өскен бәйтерекше тұл болады да қалады». «Ар жазасы — бар жазадан ауыр жаза». «Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет», «Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді» (М. Әуезов), «Адамның ішкі сезімінің айнасы — көз. Сөздің жасырған сырын көз айтып бере алады» (С. Мұқанов). «Жақсы ойдың туы қандай қиын болса, өлуі де оңай емес. Қинай туған ой ғана ұзақ жасай алады», «Сабаумен тулақты ұрып қалған дыбысқа сабау да ортақ, тулақ та ортақ». «Қиынды ұғындыра алмайтын адам оңайды қайталағыш та, тәптештегіш те келеді». «Әр еңбектің еріксіз сүйреп, қамшысыз айдап кететін өз күші бар. Ол — еңбектің өнімділігінде» (Ғ. Мүсірепов). «Бабын таппаған еңбек, құмға құйған су сияқты. Бабын тапсаң, ана сияқты, ие береді, не береді». «Көз сәулесінен көңіл сәулесі күштірек», «Мінін көріп безгенше, мінін алып түзе». «Қатты қайың қызғанда, шыпшып-шыпшып май шығады. Қатал дене қысылса, шыпшып-шыпшып тер шығады» (Ғ. Мұстафин) т. б.

* * *

Тіл-тілдегі сан алуан фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады да, олардың мәнерлеп бейнелеуші қызметі өте күшті болады. Олардың көпшілігінің эмоциялық бояуы басым болып, айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады.

«Ашық, айқын» дегенді күшейтіп айту үшін, *соқырға таяқ ұстатқандай, тайға таңба басқандай* деген сөз тіркестері қолданылады. Сонда бұл тіркестер «ашықтың ашығы, айқынның айқыны» деген мағынаны білдіріп, әрі күшейтіп, әрі бейнелеп айтудың тәсілі ретінде жұмсалады. Халық тіліндегі *ит өлген жерде, ит арқасы қиянда* деген бейнелеуші сөз тіркестері — жай ғана «алыс» дегенді емес, «алыстың алысы» дегенді күшейтіп, айрықша мәнерлеп айтудың тәсілі.

Фразеологизмдерде дәлме-дәлдік пен өткірлік, мысқыл мен сықақ араласа жүреді. «Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады» дегендегі жарып өтер өткірлік, ащы мысқыл мен ажуа қаншалықты десеңізші!

Халықтың сарандықты бір-ақ ауыз сөзбен түйреп өтуін еске алсаңыз, оның ғажап тапқырлығына таң қаласыз! Халық әрі дүниекөр, әрі «қадалған жерінен қан алатын» қан сүлік сарандықты *қу бастан қуырдақ ет алған деп*, өткір тіл, ащы мысқылмен түйреп өтеді. Өзі «қу бас» болса, одан «қуырдақ» ет алса, мұнан өткен сарандық, мұнан асқан дүниекөрлік бола ма? Қан сүлік сарандықты мұнан арттырып суреттеп беру де, жеріне жеткізе әшкерелеу де қиын. Халықтың осы бір тамаша тапқырлығын сарандықты бейнелеудің биік шыңы деуге болады. Хакас халқы да қараулықты бір-ақ ауыз сөзбен жеріне жеткізе ажуа, сықақ еткен. Оларда «Харам кізідегі алымны харағай пүрі түссе, аларсың» (Сараңнан қарызыңды қарағай бүрі түскенде аларсың) деген мақал бар.

Келелі ой мен кең мазмұн, даналық қорытынды мен ақыл-өсиет, ащы мысқыл мен жарасымды әзіл — осының бәрін өз бойына жинаған және оларды әрі ықшам, әрі көркем түрде шебер түйіндеген сан алуан мақал-мәтелдерді орынды жерінде пайдалана білудің орасан зор маңызы бар,

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болған осы бір мақал-мәтелдер — «аз сөзде көп мағына» болсын деген талапқа сай жасалған, айрықша мәнерлі сөз өрнегі. Халықтың мақал-мәтелдерді жасау-өнері мен шеберлігін «ағаштан түйін түйген» шеберлікпен барабар десе болады. Олардың құрылысынан поэзияға тән ұйқас та, ырғақ та, үндестік те табылады. Орны табылып қолданылған әрбір мақал мен мәтел айтылатын ойды мазмұн жағынан логикаландыра, түр жағынан көріктендіре, ажарландыра түседі. Сондықтан да халық: «Сөздің көркі — мақал, жүздің көркі—сақал», «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді» дейді,

В. И. Ленин халық тіліндегі мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді өте жоғары бағалады және оларды шығармаларында молынан пайдаланды. В. И. Ленин орыс тіліндегі алуан түрлі мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді көптеген мақалаларының аты етіп қолданды. Мұндайда Владимир Ильич мақалалардың қалың көпшілікке түсінікті болуын, ал оның аты ретінде қолданылған афоризмдердің мақаланың мазмұнын бірден ашып аңғартатынын ескерді. В. И. Ленин «Имение жағынан көршілер» атты мақаласында нақыл сөздер жайында: «Мейлінше қиын құбылыстардың мәнін ғажап түрде дәл білдіретін бейнелі сөздер болады»[1] — деп жазды. Халық тіліндегі «ештен де кеш жақсы», «Ағаштың тасасынан орманды көрмейді», «Көкек қоразды мақтайды» , «Жеті рет өлшеп, бір-ақ кес», «Қойға шапқан батырың, батырды көрсе қой болар», «Аз болса да жақсы болсын» т. б. көптеген афоризмдерді В. И. Ленин шығармаларынан жиі кездестіруге болады.

Владимир Ильич американдардың мына бір мақалын мысалға келтіріп отыруды ұнатады екен, ол мақал былай дейді, «Егер сіз бір тілім нан ұрласаңыз, сізді түрмеге отырғызады, ал егер сіз темір жолды ұрласаңыз, сізді сенатор етіп тағайындайды». Осы бір мақал американ, ағылшын буржуазиясының саясатына бұрын қаншалықты тән болса, қазірде, де соншалықты тән болып отырғанын айтуға тура келеді.

В. И. Ленин сөйлеген сөздерінде, жазған шығармаларында Крылов пен Грибоедов, Гоголь мен Салтыков-Щедрин жасаған әдебиет типтерін қанаушы тап уәкілдері мен марксизм жауларын әшкерелеудің, оларды өткір тілмен сынаудың құралы етіп пайдаланды.

Владимир Ильич орыстың ұлы сатирик жазушысы Салтыков-Щедрин шығармаларынан мысалдарды өте жиі келтіретін болған. «Правда» газетінің редакциясына жолдаған хаттарының бірінде ол былай деп жазды: «Тегінде, «Правдада» Щедринді және «ескі» халықшылдық демократияның басқа да жазушыларын ауық-ауық еске түсіру, цитатаға алу, ұғындыру жақсы болар еді»[2].

Ұлы жазушы Максим Горький: «Мен мақалдардан көп өнеге алдым, басқаша айтқанда нақыл сөздермен ой толғап үйрендім»[3]— дейді.

А. Н. Островскийдің комедияларының көпшілігінің аты орыс тіліндегі мақал-мәтелдер болып келді: «Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес» («Бедность — не порок»), «Мысыққа күнде той бола бермес», («Не все коту масляница») т. б.

Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің шығарма тіліне қаншалықты ажар беріп, көріктендіретінін Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романынан алынған мына бір үзіндіден де айқын аңғаруға болады:

«Ескі ауылда «ер жігіт», «еті тірі жігіт» дегендер болады.

Еті тірі жігіт те өзін ер жігітпін деп түсінеді. Бірақ оның «қысқа жібі күрмеуге келмейді», «жоқшылық жомарт ердің қолын байлайды», «бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтар» деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, басын тауға да, тасқа да ұрып, ер жігіттік дәрежеге жеткісі келеді. Ондайларға қуған үміт қашқан түлкідей сылаңдап, өмір адырларынан андасанда бір көрініп қап, кейде шалдырады, кейде шалдырмайды.

Біздің Бүркітбай — осы екеуінің соңғысы».

Фразеологиялық оралымдар бүтіндей тұрақты тіркестің бір тұтас мағынасы мен құрастырушы сыңарлардың мағыналарының арақатысы тұрғысынан ғана емес, құрылымы тұрғысынан да топтастырылады. Фразеологиялық оралымдар құрылымы тұрғысынан екі үлкен топқа бөлінеді:

[1] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 20-том. 287-бет.
[2] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 35-том. 34-бет.
[3] М. Горький. Әдебиет туралы, Алматы, 1954, қазақша басылуы, 140-бет.

1) құрылуы жағынан сөйлемге тең фразеологиялық оралымдар. Мысалы: *Төбе шашы тік тұрды; Жүрегі тас төбесіне шықты; Екі езуі екі құлағына жетті; Мұртын балта шаппайды; Жылтыраған бәрі алтын емес; Шегірткеден қорыққан егін екпес; Сырдың суы тобығынан келмейді;*

2) құрылуы жағынан сөздердің белгілі бір тіркесі болып саналатын фразеологиялық оралымдар. Мысалы: *ер жүрек, су жүрек, тас қараңғы, қас пен көздің арасында, қол қусырып, қой аузынан шөп алмас, тонның ішкі бауындай, ауырдың үсті, жеңілдің асты, жүрек жалғау, ер қашты болу, көз шырымын алу, көзсіз көбелек* және т. б.

Құрылуы жағынан сөйлемге тең фразеологиялық оралымдар мағынасы тұрғысынан өз ішінде коммуникативті фразеологизмдер және номинативті фразеологизмдер болып екі топқа бөлінеді. Коммуникативті фразеологизмдер құрылуы жағынан да мазмұны жағынан да сөйлеммен бірдей келіп, хабарды білдіреді. Мысалы: *Әсіре қызыл тез оңар. Шегірткеден қорыққан егін екпес. Ас шесімен тәтті.* Мақал мен мәтелдер фразеологиялық оралымдардың қатарына жатқызылғанда, олардың сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қолданылуы, құрамының тұрақтылығы ескеріледі[1].

Ал құрылуы жағынан сөйлемге тең фразеологиялық оралымдардың номинативті фразеологизмдер деп аталатын түрі құрылысы тұрғысынан сөйлеммен тек формальды түрде сәйкес келгенімен, мағынасы жағынан онымен мүлдем сәйкеспейді. Құрылуы жағынан, тек формальды түрде сөйлем тәрізді болып келетін номинативті фразеологизмдер мағынасы жағынан жеке сөздермен сәйкес келеді, солардың эквиваленті, синонимі ретінде ұғынылады, сөйлемде оның бір ғана мүшесі ретінде қызмет атқарады. Мысалы, орыс тіліндегі *куры не клюют* («көп» деген мағынада), *кто в лес, кто по дрова* («ретсіз», тымтырақай», «бас-басына» деген мағынада), қазақ тіліндегі *жүрегі тас төбесіне шықты* («шошыды», «қатты қорықты» деген мағынада), *мұртын балта шаппайды* («мықты», «мығым», «дәулетті» деген мағынада) деген фразеологиялық оралымдар құрылысы жағынан сөйлем тәрізді болғанымен, мағынасы жағынан коммуникативті единица (сөйлем) ретінде емес, жеке сөздердің эквиваленті — номинативті единица ретінде ұғынылады және қызмет атқарады.

Құрылуы жағынан сөздердің белгілі бір тіркесі болып саналатын фразеологизмдердің ішінде бірнеше түрі бар. Олардың ішінде бірөңкей зат есімдердің тіркесінен құралған, бірақ бүтін

[1] Мақал мен мәтелдердің, қанатты сөздер мен тілдік штампылардың фразеологиялық оралымдардың қатарына енетіні жайында мына әдебиеттерді қараңыз: «Общее языкознание (внутренняя структура языка), Издательство «Наука», М., 1972, стр. 460; *М. Н. Шанский.* Лексикология современного русского языка, М., 1972, стр. 216.

қалпында сын есім мағынасында жұмсалатын фразеологиялық оралымдар да *(су жүрек, тоң мойын, сыр мінез, тас бауыр* және т. б.), сын есім мен зат есімнің тіркесінен құралған фразеологиялық оралымдар да *(көк айыл, ақ көңіл, ақ ниет, кең пейіл, сары жұрт, қызыл тіл, көзсіз көбелек* және т. б.), зат есім мен етістіктің тіркесуінен құралған фразеологиялық оралымдар да *(бас қосу, мұрын көтеру, жүрек жалғау, айылын жимау)* және т. б. сөз таптарына қатысты сөздердің тіркесінен жасалған фразеологиялық оралымдар кездесе береді.

§16. ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ, ШЫҒУ НЕГІЗДЕРІ

Тіл-тілде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жолдармен жасалған. Олардың жасалуына алуан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер негіз болған.

1) Фразеологиялық оралымдарға әр түрлі құбылыстардың адам ойында қорытылған образды бейнесі негіз болуы мүмкін. Мысалы, *ер қашты болу* (мағынасы —«әбден жалығу, мезі болу») деген фразеологиялық оралымның негізінде көп міністі көрген арық аттың ер саларда одан қашып мезі болуы, бойын аулақ салуының бейнесі жатыр. Әдетте, *ер қашты болу* деген тұрақты сөз тіркесін қолданғанда, жоғарыдағы құбылыстың негіз болғаны біздің ойымызға келмейді. Сондықтан да бұл тіркес адам ісіне байланысты қолданыла беріледі.

Шалқасынан түсу (мағынасы —«кенет келіспей қалу, көнбеу») деген фразеологиялық оралымның негізінде байқаусызда шалқасынан құлап түсудің бейнесі, оның астарлы, келтірінді мағынасы жатыр. *Сақалын сипап қалу, төбе шашы тік тұру, екі аяғын бір етікке тығу, сабасына түсу, аузынан суы құру, аузымен орақ ору, иттен де бір сүйек қарыздар, қу бастан қуырдақ ет алған, сүйекке таңба болу* деген фразеологиялық оралымдардың жасалуы жайында да осыны айту керек. Бұларға да әр түрлі құбылыстардың образды бейнесін елестету негіз болған. Дөрекі, сөлекет қимыл жасауды, икемсіздікті халық түйенің үстінде тұрып сирақ үйтумен салыстырып, епсіздікті мысқылдап, *түйе үстінен сирақ үйту* десе, дөрекі сөйлеген адамның сөзін *сөзі түйеден түскендей* дейді. Бірдемеге «әттеген-ай»— деп өкінген адамдардың санын соғып қалатыны бар; осы жайдың бейнесі *санын соғып қалу* деген тұрақты тіркестің (мағынасы —«өкіну») жасалуына негіз болған.

2) Кейбір тұрақты тіркестердің жасалуына түрлі аңыздар, әр түрлі ұғымдар мен түсініктер негіз болғандығы аңғарылады. Мысалы, халықтың түсінігінде (ескіше) жақсы ит аулаққа барып өледі. Осындай түсінік «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген мақалдың жасалуына негіз болған. Осыдан келіп, халық алыс жерді *ит өлген жерде немесе ит арқасы қиянда* дейді.

Фразеологиялық оралымдардың кейбіреулерінің діни ұғым, ескі әдет-ғұрыпқа байланысты жасалғандығы байқалады. Мысалы, орыс тіліндегі *вавилонское столповторение* («асты-үстіне шығып былығу, астан-кестен болу» деген мағынада) деген тұрақты сөз тіркесіне «Вавилон тұрғындары құмбезді аспанға жеткізіп салмақшы болғаны үшін жазаланып, тілдері араласып, бытысып кетіпті-міс дейтін библия аңызы негіз болса, *ждать как манны небесной* («шыдамы таусылып, асыға күту» деген мағынада) деген тұрақты сөз тіркесінің пайда болуына «шөл далаға қуылғандар үшін ұнтақ жарма (крупа) аспаннан түсіпті-мыс» дейтін библия аңызы негіз болған[1].

Қазақ тіліндегі кейбір фразеологиялық оралымдар бұрынғы кездегі ескі әдет-ғұрып, салт-санамен байланысты пайда болған. Бұған біреуді сүйеу, қоштау мағынасында айтылатын *шашбауын көтеру, жыртысын жырту, сойылын соғу* тәрізді тұрақты сөз тіркестерін жатқызуға болады. Бұлардың арғы төркіні ескі әдет-ғұрыппен байланысты болғанымен, қазіргі қолданысында олардың мағынасы шығу төркінімен ешбір байланыстырылмайды, ол жағы тіптен ұмыт болған.

Орыс тіліндегі *гадать на кофейной гуще* (мағынасы —«бал ашу, ешбір негізсіз, долбарлап, болжап айту») деген фразеологизм былайша пайда болған: ертеде бал ашушылар сауатсыз, неге болса да сенгіш адамдарды алдау мақсатымен карта ашатын, құмалақ ашатын болған. Олар бал ашу үшін кофенің қоюын тарелкаға не басқа бір ыдысқа құйып, соның тұнбасының ізі бойынша келешекте не болатынын «болжап айтқан», соған адамдарды сендірген. Осыдан орыс тіліндегі жоғарыда аталған фразеологиялық оралым пайда болған[2].

3) Фразеологиялық оралымдар тарихта болған кейбір жайлардың, дағдылардың негізінде пайда болуы мүмкін. Мысалы, орыс тіліндегі *во всю ивановскую* (мағынасы —«өте қатты, бар даусымен») деген фразеологиялық оралымның шығу тегі былайша түсіндіріледі: ертеде Кремльдегі Ивановск алаңына адамдар көп жиналып, онда указдар, бұйрықтар жиналғандардың бәріне естілетіндей қатты дауыспен оқылатын болған. Указдар мен бұйрықтардың бар дауыспен жарияланауы, қоңыраудың үні бүкіл алаңды (Ивановск алаңын) жаңғыртқан. Осыдан орыс тілінде «бар даусымен айғайлау» деген мағына кричать *во всю ивановскую* деген тіркеспен берілсе, «қатты қорылдау» деген мағына *храпеть во всю ивановскую* деген тіркеспен беріледі.

4) Уақыт өлшемі —«сағат», «минут», «секунд» деген ұғымдар және олардың атаулары бірден пайда болмаған. Бұл ұғым-

[1] *А. М. Земский, С. Е. Крючков, М. В. Светлаев.* Русский язык, часть I, учебник для педучилищ, М., 1954, стр. 61.

[2] *М. А. Булатов.* Крылатые слова. Государственное издательство детской литературы, М., 1958, стр. 32.

дар мен олардың атаулары жоқ кезінде белгілі бір іс-әрекеттің белгілі мерзім ішінде өтуі немесе белгілі бір мезгілде басталуы уақыт өлшемі ретінде пайдаланылған. Осыдан қазақ тілінде мезгілдік мағыналарды білдіретін *бие сауым* (уақыт), *шай қайнатым* (уақыт), *ет асым* (уақыт), *күн арқан бойы көтерілгенде, көз байланғанда, ел орынға отырарда, боз торғай шырылдағанда, екінді мен ақшамның арасында* тәрізді сөз тіркестері пайда болған. Бұлар қазірде фразеологиялық оралымдар ретінде танылады. Сондай-ақ, кеңістік өлшемдері —«километр», «метр», «сантиметр» «миллиметр» деген ұғымдар және олардың атаулары да бірден пайда болмаған. Бұл ұғымдар мен олардың атаулары жоқ кезде әр түрлі құбылыстардың кеңістікте өту мөлшері кеңістік өлшемдері ретінде қызмет еткен. Кеңістік өлшемдеріне тілде кез келген заттар мен құбылыстардың атаулары емес, сол тілді қолданушы халықтың шаруашылығына, күн көрісіне, тұрмысына, негізгі кәсібіне тікелей қатысты заттар мен құбылыстардың атаулары негізге алынған. Мысалы, қазақ тілінде халықтың ертеректегі негізгі шаруашылығы — мал шаруашылығына тікелей қатысты ұғымдар мен атаулар кеңістік өлшемдеріне негіз етіп алынып, *ат шаптырым жер, тай шаптырым жер, қозы көш жер, түйенің қолтығы терлемейтін жер, таяқ бойы қар жауса* тәрізді тұрақты сөз тіркестері пайда болып, бұлар кеңістік өлшемдері ретінде танылған. Мұндай фразеологиялық оралымдардың шығу тегін, жасалу жолдарын зерттеудің халықтың этнографиясын білуде де маңызы зор.

5) Фразеологиялық оралымдардың кейбіреулері профессиональды лексикадан ауысқан. Мысалы, орыс тіліндегі *дело — табак* («жағдай өте жаман» деген мағынада) деген фразеологизм бурлактардың тілінен алынған. Мұның шығу төркіні мынадай жағдаймен байланыстырылады: бурлактар бұл сөзді өзенді кешіп өту кезінде темекі байланған қылқа мойынға судың жеткенін ескерту үшін айтатын болған. Фразеологиялық оралымдардың бұл тобына музыканттардың тілінен алынған *играть первую скрипку* («бір істе басшы, жетекші болу» деген мағынаны білдіреді), *попасть в тон* («біреуге немесе бірдемеге жағымды, тиімді іс істеу немесе сөз айту» деген мағынаны білдіреді) деген тіркестер де жатқызылып жүр. Орыс тіліндегі *канитель тянуть* немесе *тянуть канитель* («бір нәрсені өте шабан істеу», «созбұйдаға салу», «ұзын арқан, кең тұсауға салу» деген мағынада) деген фразеологиялық оралым да шығу төркіні жағынан кәсіпке байланысты. Бұл фразеологизмнің пайда болуы былайша түсіндіріледі: ертеде алтынды, күмісті немесе жезді созып, олардан ұзын жіп жасайтын болған. Мұндай жіп барқыттың сыртын өрнектеу, офицерлердің погондарын әшекейлеу үшін жұмсалған. Жіптің бұл түрі орыс тілінде *канитель* деп аталып, осы сөздің *тянуть* деген сөзбен тіркесуінен жоғарыдағы фразеологизм жасалған. Орыс тіліндегі *ставить в тупик, зеленая улица* деген фразеологиялық оралымдар темір жолшылардың лексиконынан алынған.

Фразеологизмдерден әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі көбірек аңғарылады. Түрлі тілдерде бір-бірімен мәндес (мағыналас) келетін фразеологиялық оралымдар бар. Ондай фразеологиялық оралымдардың жасалуына әрбір тілде әр басқа белгілер, түрліше салыстырулар негіз болған. Мысалы, орысша *из мухи делать слона* деген фразеологиялық оралымның қазақша баламасы — *түймедейді түйедей ету.* Кішкентай нәрсені үлкейтіп, шамадан тыс асырып, өсіріп көрсетуді образды түрде аңғарту үшін орыс тілінде *шыбын* мен *пілді* салыстыру негізге алынса, қазақ тілінде *түйме* мен *түйені* салыстыру негізге алынған. Орыс тіліндегі *не до жиру, быть бы живу* деген фразеологиялық оралымның қазақ тіліндегі баламасы — *байтал түгіл бас қайғы болса, море по колено* деген фразеологиялық оралымның баламасы — *сырдың суы сирағынан келмеу.* Орыс тілі мен қазақ тілінде бұл фразеологизмдер өз ара мәндес болғанымен, олардың жасалуына әр басқа белгілер мен салыстырулар негіз болған.

Әр басқа тілдердегі, мысалы, орыс тілі мен қазақ тіліндегі өз ара мәндес, бірақ әр басқа белгілер мен салыстырулардың негізінде жасалған фразеологиялық оралымдардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: *ни с того, ни с чего — ақай жоқ, тоқай жоқ; как из рога изобилия — ит басына іркіт төгілген; посадить в колошу — қара жерге отырғызып кету; откладывать в долгий ящик,— ұзын арқау, кең тұсауға салу; тянуть канитель — созбұйдаға салу; язык без костей — тілде тиек жоқ, ауызда жиек жоқ; своя рука владыка — қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса; волков бояться в лес не ходить — шегірткеден қорыққан егін екпес; у страха глаза велики — қорыққанға қос көрінер.*

Кейде түрлі тілдердегі мәндес фразеологизмдерге біркелкі немесе ұқсас белгілер мен бір тектес салыстырулар негіз болуы мүмкін. Бұған орыс тілі мен қазақ тіліндегі өз ара мәндес мынадай фразеологиялық оралымдар мысал бола алады: *кусать себе палец — бармағын тістеп қалу; сложа руки — қол қусырып; сухая ложка рот дерет — құрғақ қасық ауыз жыртар; что посеешь, то и пожнешь — не ексең соны орарсың; даренному коню в зубы не смотрят — жақсының жасын сұрама, жақсы аттың тісін ашпа (дос бергеннің түсіне қарама* деген де осы мағынада ұғынылады); *не все то золото, что блестит — жылтырағанның бәрі алтын емес.*

Белгілі бір тілдің фразеологиялық құрамы аударма арқылы жасалған фразеологиялық оралымдармен де толығып отырады. Мысалы, қазақ тіліндегі мына бір фразеологиялық оралымдар орыс тілінен аудару арқылы жасалған; тасбақа аяң —(«черепаший шаг»); *көз бояу* (втирать очки); *көз бояушылық* (очковтирательство); *Балықшы балықшыны алыстан көреді.* (Рыбак ры-

бака видет из далека); *Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады* (Не за то волка бьют, что он сер, а за то, что овцу съел); *Ештен де кеш жақсы* (Лучше поздно, чем никогда); *Шындық жақсы, ал бақыт одан да артық* (Правда — хорошо, а счастье лучше); *Көк тиын да жоқ еді, кенеттен алтын пайда болды* (Не было ни гроша, да вдруг алтын); *Әр шегіртке әліңді біл, қонар жеріңді біл* (Всяк сверчок, знай свой шесток); *Өмірге налыспаймыз, байдан қалыспаймыз, олар — аңда, біз — қырманда, бай тыным табады, кедей кетпен шабады, байбатша ішеді, кедей су кешеді* (Живем не тужим, бай не хуже, они — на охоту, мы — на работу, они спять, а мы — опять, они выспятся да — за чай, а мы цепами качай); *Жала — көмір сияқты, күйдірмесе де күйелейді* (Клевета что уголь, не зажгет, а замарает); *Мысық үйден кетсе, тышқанға кеңістік туады* (Кошка из дома, мышам раздолье); *Қойға шапқан батырың батыр көрсе, қой болар* (Молодец против овец, а против молодца — сам овца) және т. б.

Сонымен, фразеологиялық оралымдар әр түрлі жолдармен жасалған, олардың жасалуына сан алуан құбылыстар негіз болған. Фразеологизмдердің жасалуы, пайда болуы жоғарыда аталған жолдармен, келтірілген деректермен ғана шектеліп қоймайды. Олардың шығу тегі этимологиялық зерттеулер арқылы айқындалады[1].

---

[1] Фразеология туралы әдебиеттер: *В. В. Виноградовтың* жоғарыда аталған мақалалары және төмендегі әдебиеттер: *Н. Н. Амосова.* Основы английской фразеологии. Изд. Ленинградского университета 1963; *Н. М. Шанский.* Фразеологии современного русского языка. Изд. «Высшая школа», М., 1969; *А. В. Кунин.* Английская фразеология. Изд. «Высшая школа», М., 1970; *Б. А. Ларин.* Очерки по фразеологии. —Сб. «Очерки по лексикологии, фразеологии и стилистике», «Ученая записка Ленинградского университета», серия филологических наук, вып. 24, 1956; *С. И. Ожегов.* О структуре фразеологии (в связи с проектом) филологического словаря русского языка). — «Лексикографический сборник», 1957 г., вып. II, стр. 31—53; *О. С. Ахманова.* К вопросу об отличии сложных слов от фразеологических единиц. —«Труды Института языкознания АН СССР», т, IV, М., 1954; *А. И. Рожанский* Идиомы и их перевод — журн. «Иностранный язык в школе», 1948, № 3; *С. К. Кенесбаев.* О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке,— «Известия АН Казахской ССР», серия филологии и искусствоведения, вып. 1—2; 1945; *Р. Р. Юсипова.* Лексико-семантические особенности устойчивых глагольных сочетаний в турецком языке. —Сб. «Тюрко-монгольское языкознание и фольклористика», Издательство восточной литературы, М., 1960 г., стр. 112—133; *А. А. Рожанский.* Фразеологические словосочетания с глагольным стержнем в современном турецком языке (бұл да аталған жинақта, 133—159-беттер); *В. Л. Архангельский* Устойчивые фразы в современном русском языке. Основы теории устойчивых фраз и проблемы общей фразеологии. М., —Л., 1964; Вопросы фразеологии, «Труды Самаркандского государственного университета», Новая серия, вып. 106, 1961; Вопросы фразеологии. Ташкент. 1965; *И. А. Мельчук.* О терминах «устойчивость» и «идиоматичность»,— «Вопросы языкознания», 1960, № 4; Проблемы фразеологии. Исследования и материалы. М., —Л., —1964.

IV тарау

ЛЕКСИКОГРАФИЯ

§1. ЛЕКСИКОГРАФИЯ ЖӘНЕ СӨЗДІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Лексикография[1] сөздіктерді құрастырудың ғылыми методикасы дегенді білдіреді. Сөздіктерді жасау үшін, тілдегі сөздер мен фразеологиялық оралымдарды жинау және оларды жүйеге келтіру жұмыстары жүргізіледі. Сөздік жасау жұмысы лексикографиялық жұмыс деп аталады. Лексикографиялық жұмыстарды жүргізіп, әр түрлі сөздіктерді жасау лексикологияны және лексикографияның теориясы мен практикасын жете білуді қажет етеді.

Лексикография теориясы әр түрлі сөздіктерді жасау жұмыстарының тәжірибелерін ғылыми тұрғыдан қорытындылаудың негізінде және лексикологиялық зерттеулер мен олардың жетістіктерін таяныш етудің негізінде жасалады. Сөздіктерді жасау жұмысында, олардың сапасын арттыруда лексикография теориясының маңызы айрықша. Сөздіктің сапасы лексикография теориясының дәрежесі неғұрлым жоғары болса, сөздіктер де соғұрлым мазмұнды, соғұрлым сапалы болмақ. Сөздіктердің сапасын арттыру сөздік жасау жұмысына қатысты көптеген теориялық және практикалық мәселелер жайында зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Олардың ішінде айрықша назар аударатын мәселелер мыналар: сөздің лексикалық мағыналарының типтері, мағына мен қолданылыс, сөз мағыналарының сөздікте берілу тәртібі, полисемия құбылысы мен омонимия құбылысының айырмашылығы, фразеологиялық сөз тіркестерінің сөздікте берілу принциптері, сөздікке кіретін туынды сөздердің түрлері және олардың аумағы мен шегі сөздерге берілетін анықтама (түсіндірме) мен стилистикалық мінездеме және т. б.

Сөздіктерде сөздерге әр түрлі жақтан сипаттама (мінездеме) беріледі. Осыған орай, лексикографиялық жұмысқа тіл білімінің әр түрлі салаларының, мысалы, лексикологияның (оның ішінде семасиология мен фразеологияның), грамматиканың және стилистиканың сөздерге мінездеме беру тұрғысынан қатысы

---

[1] *Лексикография* — грек тілінің *lexis* («сөз») және *grapho* («жазамын») деген сөздерінен жасалған термин.

келіп туады. Мысалы, сөздің мағыналық жағы түсіндірме сөздікте де, аударма сөздікте де маңызды мәселе болып саналады. Оларда сөз, ең алдымен, мағыналық жақтан талданып, анықталады. Осыдан сөздің мағынасын, мағыналық түрлерін қарастыратын семасиологияның лексикографиямен тікелей байланысы келіп туады. Сөздікті құрастыруда сөздерге грамматикалық мінездеме беру де қажет болады. Сөздердің грамматикалық тұрғыдан қандай лексика-грамматикалық топқа (сөз табына) қатыстығы сөздікте тиісті белгілер арқылы көрсетіледі. Сөздік құрамның ішінде белгілі бір стильге тән, соған телінген сөздер де болады. Осыдан сөздіктерде ондай сөздердің қай стильге тән екенін аңғартатындай белгілерді берудің қажеттілігі келіп туады. Мұның өзі тілдің лексикасының стилистикалық жақтан дифференциалануын зерттеп, лексикадағы стильдік топтар мен тармақтарды айқындаудың нәтижесінде ғана іске асады. Осы мағынада стилистика да лексикографиялық жұмыста көмекші қызмет атқарады.

Сөздіктердің тіл-тілде бірнеше түрі бар. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәдени қажеттілікті өтеу үшін жасалады. Лингвистикалық сөздіктер жасалу мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

1) Сөздіктердің ішінде тілдің лексикасының шығуын, дамуын және оның бірнеше дәуірін қамтып сипаттайтын түрі бар. Мұндай сөздіктер тарихи сөздіктер деп аталады. Керісінше, сөздіктердің кейбір түрі қазіргі тілде жаппай және жиі қолданылатын сөздерді қамтып, оларға талдау жасап, сипаттама беруді мақсат етеді. Мұндай сөздіктер қазіргі тілдің сөздіктері (современные словари) деп аталады.

2) Сөздіктердің белгілі бір түрі тілдегі күллі сөдерді түгел қамтып сипаттауды мақсат етеді. Мұндай сөздік *толық сөздік* (полный словарь) деп аталады. Сөздіктердің енді бір түрі тілдің сөздік құрамындағы барлық сөздерді емес, оның белгілі бір дәуіріндегі сөздерді немесе лексиканың белгілі бір саласын қамтитын сөздік түрінде жасалады. Мұндай сөздік *кіші сөздік* немесе *толық емес сөздік* (неполный словарь) деп аталады. Сөздіктердің бұл түріне арнаулы сөздіктерді де (мысалы, терминологиялық сөздік, синонимдер сөздігі, фразеологиялық сөздік және т. б.) жатқызуға болады.

3) Сөздердің сөздікте ана тілінде түсіндірілуі немесе басқа тілге аударылып түсіндірілуіне қарай сөздіктер екі түрге бөлінеді: олардың алғашқысы — бір тілдік түсіндірме сөздіктер, екіншісі — екі тілдік немесе көп тілдік аударма сөздіктер.

4) Сөздіктер оларда берілген сөздердің алфавит тәртібімен көрсетілуіне немесе сөздермен белгіленетін ұғымдардың топтарының рет-ретімен көрсетілуіне қарай екі түрге бөлінеді: 1. дыбыстық немесе алфавиттік сөздіктер; 2. идеологиялық сөздіктер

(идеологические словари) немесе ұғымдар сөздігі (понятийный словарь).

Сонымен, сөздіктерді төрт түрлі топқа бөліп қарауға болады.

1. Сөздердің шығу тегі мен олардың семантикасының дамуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер. Бұларға жататындар: 1. Этимологиялық сөздік. 2. Тарихи сөздік.

II. Қазіргі тілдердегі сөздердің мағыналарын түсіндіріп, олардың қолданылуы жайлы мағлұмат беретін сөздіктер. Бұлардың қатарына енетіндер: 1. Түсіндірме сөздік. 2. Аударма сөздік. 3. Терминологиялық сөздік. 4. Диалектологиялық сөздік. 5. Фразеологиялық сөздік. 6. Синонимдер сөздігі.

III. Сөздердің дыбыстық құрылысы мен олардың жазылуы туралы мағлұмат беретін сөздіктер. Бұлардың қатарына енетіндер: 1. Фонетикалық сөздік. 2. Орфографиялық сөздік.

IV. Заттар мен құбылыстардың ұғымдарын айқындап түсіндіретін сөздіктер. Бұлардың қатарына енетіндер: 1. Энциклопедиялық сөздік. 2. Иллюстративті сөздік.

Енді лингвистикалық сөздіктердің әрқайсысына арнайы тоқталайық.

§2. ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТЕР

Түсіндірме сөздік әдеби тілдегі жалпылама және жиі қолданылатын сөздерді қамтып, олардың мағыналарын талдап түсіндіруді, әдеби тілдің лексикалық, семантикалық нормаларын көрсетуді мақсат етеді.

Орыс тілінде түсіндірме сөздік жасаудың мол тәжірибесі бар. «Словарь Академии Российской» деп аталатын сөздік алғаш рет 1783—1794 жылдары жасалды. Бұл сөздіктің алфавит тәртібіне келтіріліп жасалған түрінің бірінші бөлімі 1806 жылы (Петербургта), ал алтыншы бөлімі 1822 жылы жарыққа шықты. Аталған сөздіктің алғашқы тәжірибе ретінде үлкен мәні болды. Мұнан кейін де бірнеше сөздік жасалды. Осы сөздіктердің ішінен В. И. Даль құрастырған «Толковый словарь живого великорусского языка» деген сөздік айрықша орын алады. Бұл сөздік нормативті сөздік емес, онда халықтың ауызекі тілінің ерекшеліктері молынан қамтылған. Сөздікте этнографиялық материалдар (халықтың тұрмыс салты, әдет-ғұрпы, өндіріс құралдары және т. б. жайында мағлұматтар), 30 000 шамасында мақал мен мәтелдер және т. б. фразеологизмдер берілген.

Кеңес өкіметінің алғашқы он жылының өзінде жаңа социалистік мәдениеттің жасалып дамуына жағдайлар жасалды. Миллиондаған қарапайым адамдар мектептерге барып, сауатын аша бастады. Олар мектептерге өздерінің жергілікті тіл ерекшеліктерін, жергілікті сөздерін ілестіре келді. Міне, осы кезде орыстың әдеби тілінің жаңа нормаларын белгілеп, нормативті сөздігін жасау өте-мөте қажет болды. Осы қажеттілікті ескере келіп, В. И. Ленин 1920 жылдың 18 январында А. В. Луначар-

скийге жолдаған хатында орыс тілінің сөздігін жасау жайында былай деп жазды: «Жуырда менің ...Дальдің атақты сөздігімен танысуыма тура келді.

Тамаша нәрсе, бірақ бұл *облыстық* сөздік қой және ескірген ғой. *Нағыз* орыс тілінің, айталық *қазірде* қолданылып жүрген және Пушкиннен Горькийге дейін *классиктер* қолданған сөздердің сөздігін жасайтын мезгіл жетті емес пе»[1].

В. И. Ленинің идеясымен орыс тілінің кеңес дәуіріндегі түсіндірме сөздігі жасалып, бірнеше жылдан кейін проф. Д. Н. Ушаковтың редакциясымен басылып шықты («Толковый словарь русского языка» в четырех томах, 1935—1940 г. г.). Бұл еңбек орыс әдеби тілінің нормативті түсіндірме сөздігі ретінде жасалды.

Д. Н. Ушаковтың редакциясымен шыққан түсіндірме сөздіктен кейінгі уақыт ішінде орыс әдеби тілінде қалыптасып айқындалған лексика-грамматикалық және стилистикалық нормаларды, лексика мен фразеологиядағы өзгеріс, жаңалықтарды қамтитын сөздік жасау қажет болды да, орыс тілінің жаңадан 4 томдық сөздігі жасалды. Орыс тіліндегі түсіндірме сөздіктің шағын түрі — С. И. Ожегов құрастырған «Словарь русского языка» деп аталатын сөздік (бірінші басылуы —1949 ж., екінші басылуы —1952 ж., үшінші басылуы —1953 ж.). Орыс тілінің 17 томдық академиялық түсіндірме сөздігі жасалып, 1950—1956 жылдарда жарық көрді. Бұл сөздік әрі нормативті, әрі түсіндірме-тарихи сөздік болып саналады.

Түркі тілдерінің әрқайсысының түсіндірме сөздігін құрастыру жұмысы қолға алынып, олардың алғашқылары кейінгі жылдары жарық көре бастады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» I томы 1959 жылы, ал II томы 1961 жылы жарыққа шықты. Бұл «Сөздік»— қазақ тілінде түсіндірме сөздік жасаудың ең алғашқы тәжірибесі.

Түсіндірме сөздікте сөздер семантикалық, грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан түсіндіріледі. Мұнымен бірге, онда әдеби тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы мен айтылуы да көрсетіледі.

Сөздікке енгізіліп, мағынасы түсіндірілетін сөз реестр сөз деп аталады. Әрбір реестр сөзден кейін ол сөздің қай сөз табына қатысты екенін көрсететін белгілер қойылған. Мысалы: *зат.* (зат есім), *сын.* (сын есім), *ес* (есімдік), *ус.* (үстеу) т. б. Архаизмдер мен историзмдерден кейін осы сөздердің бірінші буынынан құралған белгілер *(арх., ист.)* қойылған.

Егер сөз белгілі бір стильге тән болса, оған стилистикалық мінездеме беріліп, тиісті белгі қойылады. Мысалы, проф. Д. Н. Ушаковтың редакциясымен шыққан «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» (4 томдық) көптеген сөздердің тұсына олардың қай стильге тән сөздер екендігі, егер шет тілдерден енген

[1] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 35-том, қазақша басылуы, 412-бет.

сөз болса, қай тілден енгендігі туралы белгілер (пометы) қойылған. «Сөздіктегі» *простореч.* (просторечие), *разг.* (разговорное слово), *фам.* (фамильярное), *вульг.* (вульгарное), *научн.* (научное), *тех.* (техническое), *спец.* (специальное), *поэт.* (поэтическое), *ритор.* (риторическое), *воен.* (военное), *апт.* (аптекарское), *газет.* (газетное), *ирон.* (ироническое), *книж.* (книжное), *канц.* (канцелярское), *офиц.* (официальное)» тәрізді белгілер сөздердің қолданылуы мен стильдік мінездемесін аңғартатын белгілер болса, *«англ.* (английское), *араб.* (арабское), *гол.* (голландское), *греч.* (греческое), *казах.* (казахское), *латин.* (латинское), *нем.* (немецкое), *перс.* (персидское), *тат.* (татарское), *тюркс.* (тюркское), *фр.* (французское)» тәрізді белгілер басқа тілдерден енген сөздердің қай тілдік сөздер екенін көрсететін этимологиялық белгілер болып табылады.

Сөздікке енген әрбір сөздің лексикалық мағынасы (немесе мағыналары) түсіндіріліп, оған анықтама беріледі. Сөзге берілген анықтаманың түсінікті және тұжырымды болуы көзделеді. Кейде сөзге анықтама оның синонимі арқылы беріледі. Мысалы, *алыс* деген сөз оның синонимдері *қашық, шалғай* деген сөздермен түсіндірілсе, *ажарлы* деген сөз *көркем, әдемі, сұлу* деген сөздер арқылы түсіндіріледі. Сөздің синонимі болмаған жағдайда оның мағынасы түсіндірме сөздердің тізбегі арқылы анықталады. Мысалы, *етікші* деген сөзге *аяқ киім тігетін адам* деген түрде түсіндірме анықтама беріледі.

Сөздің анықтамасынан кейін әдебиеттен мысалдар, цитаталар беріледі. Мысалдар берілгенде, олардың сөздің белгілі бір мағынасын ашып айқындайтын болу жағы көзделеді.

Сөздікте көп мағыналы сөздің ең алдымен негізгі номинативті мағынасы, онан кейін туынды номинативті мағыналары және келтірінді мағыналары беріледі. Көп мағыналы сөздің әрбір мағынасы араб цифрымен көрсетіледі. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (I том, 1959) көп мағыналы *басу* деген сөз бен *айнала* деген сөздердің мағыналары төмендегі түрде талданылып түсіндірілген.

Басу *ет.* 1. Қозғалып жүру, адымдау. *Жиһат жай басып, колхоз кешін байыпты көзінен өткізіп келеді* (Мұстафин). 2. Бір нәрсенің үстіне күш түсіру, аяқ астында қалдыру. *Біздің елдің туы көкте жайнайды. Басып өтті фашизмнің белінен* (Саин). 3. Газет, журнал, кітаптарды баспадан шығару. *Аз уақыттың ішінде «Күрес одағы» жұмысшыларға арнап ондаған үндеулер басып шығарды (БК(б)П тарихы) Ел тілегі жол тапты, Тұншықпады тұманда. Ертеңіне сол хатты Басып жатты «Правда»* (Мәуленов). 4. Көңілін аулау, жұбату, ақыл айту. *Ері ашу айтса, әйелі басу айтып, Отырса бұрынғыдай жау бола ма* (Абай). *Ажуаға қорлауға тілі орамды. Не түрлі тұзақ құрып көңілін басқан* (Абай), 5. Жер әлемді алып қаптау, бір нәрсенің бетіне жайылу. *Жер — дүниені шаң, тұман басып, Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді* (Абай). *Түнеріп тұрды қара түн Көк жиегін бұлт басып* (Саин). 6. Бір нәрсенің жер бетін қаулап қоршауы. *Алдымда ашылады әсем аспан, Тұлайды асау толқын алып қашқан, Жер жәннат жасыл шөбі толықсиды, Кеудесін көк алады орман басқан* (Шипин). Түн көрпесін жамылған кең жазық даланың бәрін де сәуле басқан (Иманбаева). 7. Дақ түспеу, кір шалмау. *Сем-*

серін Аманкелді тот баспасын! Ел қорға, ұлы күннің туса шағы (Жамбыл), 8. Ашуды тарқату, жадырату. *Екеуің де бүгін ашулы екенсің, ашуларыңды бас, — деп күлімсіреді* (Мұстафин). 9. Күшпен тоқтату, тойтару. *Бұл ереуіл қарулы күшпен басылып тасталды. (БК(б)П тарихы).* 10. Ілгері өрлеу, алға басу — қарқындау, екпіндеу. *Зырылдап станоктар заводтарда, Заманның қарқынымен басады алға (Шипин).* 11. Әнге салу марш, күй ойнау, *Ей, алдағы жас командир, Бас маршқа, жарқылда!* (Саин), 12. Қағаз немесе басқа бір нәрсенің бетінде із қалдыру. *Хат білмесең, бармағыңды бас, — деді Медведев Мықтыбайға* (Ақынжанов).

Айнала зат. 1. Маңай, төңірек, жан-жақ, қоғамдық орта. *Күн қызылшұнақ аяз. Айнала көз жеткісіз кең жазық* (Мұстафин). *Жеті жасар баланың ойының тұрақты болуы оны қоршаған табиғи ортасына, айналасына байланысты* (Көбеев). 2. Барлығы, бас-аяғы. *Айналасы жиырма күн ішінде барлық егіс даласы жыртылып бітті.* 3. Жиек, ернеу, кенере, шет. *Екі суреттің айналасын қайшымен қиып, осы рамаға Оксана Артемьевнаның өзі салған* (Омаров). *Қар жауса да тоңбайды бай баласы, Үй жылы киіз тұтқан айналасы* (Абай).

Сөздікте омонимдес сөздердің әрқайсысы рим цифрымен беріліп, жеке-жеке реестр сөздер ретінде қаралады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» омонимдес сөздер былайша түсінділген:

Жас I зат, Жылағанда көзден шығатын мөлдір су. *Көзге жас іркілді* (Көбеев).

Жас II зат. Адамның өмір мезгілін белгілейтін уақыт, жыл саны, өмір. *Елу жастан асқанда, Правомды теңгерді* (Әзірбаев).

Жас II сын. Жаңа өсіп келе жатқан, кәрі емес. *Анау шетте жас солдат, Қасетіне үңілді* (Саин).

Жастық I зат. Бас астына салынатын бұйым, көпшік. *Төр алды сірескен көрпе, жастық* (Сыланов).

Жастық II зат. Жас кез, жас шақ. *Жастық шағы есіне түскендей Дәмелі ойлы пішінмен Күнтуар сөзін қайта жалғады* (Омаров).

Түсіндірме сөздікте жеке сөздер ғана емес, сонымен бірге фразеологиялық оралымдар да беріліп, олардың мағыналары талданады. Фразеологиялық оралымдар реестр сөздің негізгі және туынды мағыналары түсіндіріліп болғаннан кейін ромбикпен (◇) беріледі. Фразеологиялық сөз тіркесі өзіне негізгі ұйтқы болған сөздің сөздік мақаласында беріледі. Мысалы, *басына көтеру, бас бұзар, бас ұру, бас сауғалау, бас қосу, басын айналдыру* тәрізді тұрақты сөз тіркестері бас деген сөздің сөздік мақаласында берілсе, *ат төбеліндей, ат ойнату, ат салысу, ат үсті, аттың жалы, түйенің қомында, ат құйрығын кесісу, аттың жалын тартып мінгелі* деген тұрақты сөз тіркестері ат деген сөздің сөздік мақаласында беріледі. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» асқа деген сөздің әр түрлі мағыналары түсіндіріліп, соңынан осы сөздің негізінде жасалған төмендегі тұрақты сөз тіркестері берілген:

◇ Арқа сүйеді — біреуді сүйеніш етеді, соған сенеді, соны тірек етеді. ◇ Арқа тұтты — арқа сүйеді, арқаланды. ◇ Арқасы босады — азаптан құтылды, қолы босады. ◇ Арқаға қақты — көшеметтеді, мықтап ырза болды. ◇ Арқа еті арша, борбай еті борша болды — азып-тозды, өте жүдеді, азды, ◇ Арқа тұтты — арқа сүйеді, арқаланды. ◇ Арқасы босады — азаптан құтылды, біреудің, бір заттың жағдайдың тағы басқалардың жәрдемімен, көмегімен, соның шылауымен. *Күріш арқасында, күрмек су ішеді* (мақал) ◇ Арқасы алынып қалды — арқасы қажалып, қан шыққанша сылынып қалды, жауыр болды. ◇ Арқасына аяздай батады — жаны ашиды, жанына тиеді. *Оның қазіргі халі арқамызға аяздай батады* (Иманжанов).

Реестр сөздің анықтамасы, оған берілген түрлі грамматикалық, стилистикалық т. б. мінездемелер, келтірілген мысалдар сөздік мақала (словарная статья) деп аталады. Түсіндірме сөздіктерді жасауда сөздік мақаланың әрі түсінікті, әрі жинақты болу жағына айрықша назар аударылады.

Сөздік мақалаларда сөздерге олардың шығу төркіні (қай тілдік сөз екені) мен қай стильдік тармаққа жататындығы жағынан сипаттама (мінездеме) беру сол тілдің лексикасының зерттелу дәрежесімен байланысты. Екінші сөзбен айтқанда, белгілі бір тілдегі сөздердің лексикологиялық және стилистикалық тұрғыдан зерттелу дәрежесі неғұрлым жоғары болса, сол тілдің түсіндірме сөздігіндегі сөздерге берілген лингвистикалық сипаттама соғұрлым жан-жақты болады.

§3. ДИАЛЕКТОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Диалектологиялық сөздіктер және оларды құрастыру белгілі бір ғылыми мақсатты көздейді. Диалектологиялық сөздік әдеби тілдің лексикасынан тыс жатқан, бірақ ұлттық тілдің жергілікті тармақтары болып табылатын диалектілер немесе говорларға тән сөздер мен сөз тіркестерін қамтиды. Белгілі бір диалектілерге тән сөздерді жинап, олардың сөздігін құрастырудың және оларды жете білудің тілдің тарихи даму жолдарын, оған тән заңдылықтарды айқындауда үлкен мәні бар. Ұлт тілінің ішіндегі жергілікті диалектілерге тән әр түрлі ерекшеліктерді салыстыру тілдің тарихи дамуын танып білуге көмектеседі.

Орыс тілінде бірнеше диалектологиялық сөздік жарыққа шықты. Қазақ тілінде «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (лексика)» деген атпен 1965 жылы жергілікті диалект сөздердің жинағы шықты[1].

Диалектологиялық сөздікте жергілікті диалектілерге тән сөздер (диалектизмдер) беріледі де, оның мағынасы әбден тілдегі сөздермен (синонимімен) түсіндіріледі. Диалект сөздің мағынасын түсіндіретін, оның әдеби тілдегі баламасынан кейін құрамында диалект сөзі бар мысал (сөйлем) келтіріледі. Мұнан кейін белгілі бір диалектизмнің қай диалект немесе говорға тән екені көрсетіледі. Ж. Досқараевтың диалектологиялық сөздік түрінде жазылған жоғарыда аталған еңбегінен бірнеше мысал:

«Азар 1. Реніш, тынышсыз; *сен оған азар берме — сен оған реніш берме, ренжітпеу* (Маң. ГОМ). *Балам, азар болма* (ба-

[1] *Ж. Досқараев.* Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (лексика), Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1955.

лам, тынышсыз болма). 2. Қорлық деген мағынада: *сенің былтырғы істеген азарыңды ұмытпаймын* (Тар. ШОМ). Қазіргі қазақ тілінде *азарда-безер* деген қос сөздің бір компоненті ретінде ғана қолданылады. Сондай-ақ *ағайынның азары болса да, безері болмайды* деген мақал да кездеседі. Мұндағы азар — реніш, өкпе мағынасында. *Ол ешкімге азар бермейді* (Қамбар батыр). Татар тілінде *азар* — азғын, азушаң, аза тұрған деген мағыналарда қолданылады (Диалектологик сузлек, 1953, 27). Сондықтан бұл сөз көнеленіп бара жатқан сөздің қатарына жатады. Академик В. Радлов бұл сөздің түрік, әзірбайжан тілдерінде бар екенін айтады (В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий, 1893, т. I, 510). Осы сөзді Н. А. Баскаков фарсы тілінің элементі дейді (Каракалпакский язык, 1951, т I)».

«***Далан.*** Сенек, ауыз үй, кіре берістегі бөлме: *балалар далан-да отыр (балалар сенекте отыр). Далан кішкене болғандықтан кейбір нәрсе үйде тұрады* (Қег. АЛОМ). *Далан* сөзі кейбір түркі тілдерінде де бар: қырғызша *далан* — ауыз үй, алдыңғы бөлме (Киргизско-русский словарь, 1940); ұйғырша далан — алдыңғы бөлме, өтетін жер (Уйгурско-русский словарь, 1939); түрікменше далан — үй алды (веранда, баллон) (Туркменско-русский словарь, 1940); әзірбайжанша *далан — дәллиз*, фарсыша *далан — сенек, коридор* (Кр. персидско-русско-азербайджанский словарь, 1945)».

«***Мият.*** Болысу, біреудің сөзін сөйлеу, жақтау; *сен оған мият болма; миятшылық істеме. «Мият, мияттың түбі ұят»* (Шу ШҚОМ). *Мият* сөзі қырғыз тілінде де көрсетілген мағынада қолданылады (Киргизско-русский словарь, 1940); *бұрын бір-бірімен жанжалдасқанда кісілер жақындарын миятқа шақыратын* (Қег. Жам. АЛОМ). Бұл сөз (мият) оңтүстіктегі халықтың сөйлеу тілінде бірнеше сөз тіркесінде қолданылады: *мият болу, мият болып бірігу, миятқа шақыру* т. б.»

«***Об*** 1. Егін басатын көлік, қырмандағы бидайды бастыратын бір топ көлік; *об қосу, об қостық (көлік жектік). Айдап жүрмін обымды, айналдырып кидім тонымды* (халық мақалы). 2. Басатын егін; *об айдап жатыр (егін бастырып жатыр). Об айда, сабаны сағаң пайда, дәні маған пайда* (Тұл. Тал. Шәу. ОңОМ). *Кеше кешке шейін об айдадық* (Аман. Тор. ҚОСОМ). Торғай ауданындағы халықтың тілінде оп (оба) қырманға орнатқан діңгек, ағаш мағынасында қолданылады. Егін бастыру үшін орнатылған діңгек ағашқа бір топ көлікті байлап қояды. Оған қарағанда сөздің төркіні оның негізгі мағынасы *оп — оба* сөзімен байланысты екенін аңғартады. Тіліміздегі *оп, оба, ом-ақа* дегендегі *оп, об, ом* сөздерінің семантикалық, формалық жағынан негізі бар. Өйткені ол сөздер бір-біріне жақын, ұқсас ұғымдарды аңғартады. Қырманға орнатылған діңгекпен *оп — (оба), ом-ақа* деген сөздердің белдіретін мағыналарында алшақтық жоқ. Ал ол сөздердің фонетикалық вариантына келсек, Каспий маңындағы қазақтардың тілінде еріндік дыбыстар (б, м) алмаса береді, мысалы, *оба* деген сөз *ома* деу тәрізді т. б.» (Бұл мысалдар аталған кітаптың 8, 39, 81, 87-беттерінен алынды).

Сөздіктегі шартты түрде қысқартылып алынған сөздерге түсінік: Маң. **ГОМ** — Маңғыстау. Гурьев отрядінің материалы.

Тар. **ШОМ.**— Тарбағатай, Шығыс Қазақстан отрядінің материалы.

Қег. **АЛОМ.**— Қеген, Алматы отрядінің материалы.

Шу. **ШҚОМ.**— Шу, Шу-Қаратал отрядінің материалы.

Тұл. Тал. Шәу. Оң ОМ.— Тұлкібас, Талас, Шәуілдір, Оңтүстік Қазақстан отрядінің материалы.

§4. САЛЫСТЫРМАЛЫ СӨЗДІКТЕР

Салыстырмалы сөздік те ғылыми мақсатты көздейді. Онда туыстас тілдердегі ортақ түбірлес сөздер беріледі; ондай сөздердің әр түрлі туыстас тілдердегі ұқсас жақтары да, айырым жақтары да көрсетіледі. Туыстас тілдерді салыстырмалы-тарихи метод бойынша зерттеп, олардың даму заңдылықтарын айқындауда салыстырмалы сөздіктер құнды-құнды материалдар бере алады. Осындай сөздіктің қатарына Л. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (СПб, 1869) деп аталатын сөздігін жатқызуға болады. «Сөздікте» белгілі бір сөздің түркі тілдерінің әрқайсысында дыбысталу түрі көрсетіліп, мағынасы орыс тіліне аударылып берілген. Мысалы:

дж. тат. ***ат****, ад. тур.* ***ад*** 1) имя, *мет.* слава. **Атақ:** а) слава, известность; ә) *кир.* хвастливый, хвастун; б) дурная слова, клевета: ***атаққа душарландүрмек:*** подвергнуть *дурной славе, оклеветать; атақ қоймақ ославит.* ***каз.*** *атлық, атақлы;* **кир. атақты** *тур. адлу с именем, именитый; знаменитый, славный; дж. атағлиғ, атақлиқ и әтәклү* а) названный, наименованный, знаменитый, ***кир.*** *атақлүқ* хвастовство, чванство; ә) и ***ад.*** *адақлу* нареченный, -ая, жених, невеста. ***атсыз*** безимянный, ***атсыз бармақ*** безимянный палец; ***яхши ат*** хорошая слава. **Производные глаголы:** *ат қоймақ атамақ,* ***ад.*** *адаламақ* а) дать имя, назвать, назначать; *атаб* именно, нарочно; ***кир.*** *атамақ* поминать, *атау* поминки; ә) дж. *атамақ* выдать замуж или женить *қызин анка атады* он выдал за него дочь свою (Аб. Г.) дж. *аталмақ,* ад. *адланмақ* называться, назначену, определену; приобресть имя, прославиться, дж. *атанмақ* называться; величаться *атанчи* ад. *тур. аданчи* по имени его, по названию, дж. *атқамақ;* а) назваться; прославиться; ә) к. сл. *атқамақ* тоб. *атақдүрмақ* возносить добрую молитву, прославлять, благославлять; *атақы тамақ* пон. заставить благославлять; *аттиғиб назвавшись атағил* дай имя, назови; *аташ,* ад. *тур, адаш* теска, одноименный; *друг; аташмақ кир. адасмақ* заблудиться, сбиться с пути, *ғақылыңы дан адаштың* ты сума сошел; *адашлы,* дш. *аташқан* заблудив-

ший; *адашб йурмек* плутать; *адашдурмақ* пон. привести в заблуждение, завести в неизвестное место; кир. *атастрмақ* взаимно сосватать; ад. *ады келмек* приведение имени кого, упоминание о ком: *оның ады келгенде қорқұсұндан қанат салур* при упоминании его имени, птицы опускают крылья от страха. тат. *атның ким, атның не, ад. тур. атың не дур* как тебя зовут»[1].

Акад. В. В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» деп аталатын 4 томдық сөздігінде де салыстырмалы мол материал берілген. В. В. Радловтың бұл сөздігінде бір сөздің түрлі формалары түркі тілдерінің қай-қайсысында кездесетіні көрсетілген де, олардан кейін мысалдар берілген. Сөздікте берілген сөздер мен оларға берілген мысалдар (иллюстративті материалдар) орыс тіліне және неміс тіліне аударылған. Мысалы:

«***Қол*** 1) рука человека, передняя нога животных, кисть руки; оң қол, сағ кол (Osm.) правая рука; сол колда по левой руке; орта кол (Schor.) средний палец; кол арткыш (Tel.), кол артыш (Қumd.), кол чоіғуш (Schor.) полотенце; кол қärä (Tel.), кол ара (Қir) ручная пила; кол оіну (Osm. R.) род пляски; кол тарткы (Tel.) маленький струг; кол орак (Osm.) серп; кол ішї (Osm.) ручная работа; кол дамірі (Osm.) большая задвижка у дверей; кол бағы (Osm.) браслет; кол қаlамі (Osm.) передняя часть руки; алып оң қолына оғын алды, сол қолына чазын алды (Saq.) герой взял в правую руку стрелу, в левую руку лук; кол алыштылар (Tel.), кол тутушту (Қir.) они подали друг другу руки; кол бурмак (Osm.) держать в руках, править, победить, кол канат кырылмак (Osm.) иметь разбитые руки и крылья, не иметь возможности действовать; кол салды, коіды, басты (Қir.) он подписал; бу катта онуң колу бар (Қir.) на этой бумаге его подпись; колымда полды (Tel.) он в моих руках; колымдан чыкты (Tel.) он больше не в моих руках; колуна тусту (Қir.) он попал ему в руки; кол кола чатмак (Osm. Қrm.) взять под руку; кол устунда тутмак (Osm.) на руках носить; колу узун (Osm.) могучий, тиран.

2) разветвление; ағач колу (Osm.) ветвь дерева, часть территории.

3) армия, войско, отряд; Ормӧн-Бäттің аттанған он сан Ноғаі — біраунуң акылы он сан колдаі (Қir.) десять полков Ногайцев Эрмэн-Бета сели на лошадей, но ум его одного был равен по силе армии из десяти полков; кол атмак (Osm. R.) выслать отряд; кол тартты (Қir.) он выступил со своим войском; аскар колы (Osm.) крыло армии; сағ (сол) кол (Osm.) правый (левый) фланг войска; орта кол (Osm.) центр армии; гарі кол (Osm.) арьергард; кол ағасы (Osm.) начальник патруля.

[1] *Л. З. Будагов.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, том, I, СПб, 1869, стр. 7—8.

4) кусок материи; еккі кол пос два куска бумажной материи»[1].

Сөздіктерден алынған үзінділердегі қысқартылған белгілерге түсінік:

1) Л. Будаговтың сөздігі бойынша:

«дж.— джагатайское наречие; *тат.*— татарское наречие; *ад.*— азербайджанское наречие; *тур.*— турецкое наречие; *кир.*— киргизское наречие; *каз.*— казанское наречие; *к. сл.*— калькутский словарь *джагат.* Наречия с персидским переводом, изд. в Калькутте, 1820 г.; *тоб.*— тобольское наречие; *пон.*— понудительный вид» («Сөздіктің» IX беті).

2) В. В. Радловтың сөздігі бойынша:

«Osm.— османское наречие; *Schor.*— шорское наречие; *Tel.*— телеутское наречие; *Kumd.*— наречие Кумандинцев: *Kir.*— киргизское наречие; *Sad.*—сагайское наречие; *Krm.*— крымское наречие («Сөздіктің» XVI—XVIII беттерінен).

§5. ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Этимологиялық сөздік белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін (этимологиясын), олардың бастапқы мағыналары мен дыбысталу түрін айқындап көрсетуді мақсат етеді. Этимологиялық сөздік тілдің даму барысында ондағы сөздердің семантикалық жақтан қандай өзгеріске түскендігін айқындайды. Сөздің шығу тегі, оның алғашқы мағынасы және сөз мағынасының өзгеріп дамуы туыстас тілдердегі түбірлес сөздермен салыстыру арқылы айқындалады.

Этимологиялық сөздік жасау — өте-мөте күрделі және қиын жұмыс. Оны жасау туыстас тілдердің лексикасына тарихи тұрғыдан келіп терең бойлауды және салыстыра зерттеуді қажет етеді. Мұнымен бірге, этимологиялық сөздікте берілетін қыруар сөздердің шығу тегін айқындау тарихи фонетика мен тарихи грамматиканың мәселелерін жете білуді қажет етеді.

Тілдің лексикасының тарихы сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен, ол халықтың кәсібі, күн көрісі, шаруашылығымен тығыз байланыста болады. Мұның өзі этимологиялық сөздікті жасаушылардан халықтардың ежелгі тарихын, олардың күллі материалдық-рухани мәдениетінің тарихын жете білуді талап етеді. Демек, этимологиялық сөздік жасау жұмысы — білім салаларының өз ара ұштасуын қажет ететін өте күрделі жұмыс.

Орыс тілінде А. Г. Преображенский құрастырған «Орыс тілінің этимологиялық сөздігі» бар.

Аталған этимологиялық сөздікте орыс тіліндегі сөздердің шығу тегі, алғашқы мағынасы түсіндірілген. Шығу тегі шет тідік сөздердің қай тілдерден енгендігі көрсетілген. Орыс тілін-

[1] *В. В. Радлов.* Опыт словаря тюркских наречий, том II, часть I, стр. 578—582.

дегі сөздердің шығу тегін айқындау үшін орыс тілімен туыстас басқа тілдерден көптеген деректер мен салыстырмалы материалдар берілген.

Этимологиялық сөздікте реестр сөзден кейін онымен түбірлес сөздердің қатары беріледі. Егер белгілі бір сөздің этимологиясы жайында жазылған ғылыми әдебиет болса, онда оның мазмұны жайында қысқаша түсінік беріледі.

Сөз этимологиясының сөздікте талдану жайын А. Г. Преображенский құрастырған «Орыс тілінің этимологиялық сөздігінен» алынған мына бір мысалдардан аңғаруға болады:

«Стрекоза, Р. стрекозы, МнИ. стрекозы, насекомое libellula, коромысло.

— По всей вероятности, къ стрекать, въ значеніі *быстро отпрыгивать*. Образованіе не совсѣмъ ясно. Контаминація съ коза? м.-б., потому, что коза служитъ символомъ проворства, быстроты и легкости движеній (?) (Ср. MEW. 325 подь strek 2)»[1].

«***Стакань***, *Р.* стакана, МнИ стаканы (иногда въ Москве слышимъ простонар, стаканья); діал. севрн. стоканъ *сосудъ для питья* (чаю, квасу, и проч.) *безъ ручки* (въ отличіе отъ чашки и кружки); стаканчикъ; стаканный; подстаканникъ *родъ металлической кружки, куда вставляется стеклянный стаканъ*.

др. достакань (Засвид. въ духовный вел. кн. Ив. Ивановича. См. Соболевскій, Л. 112).

— По объясненію Соболевского (I. с.), изъ* дьстькань; ср. у Державина; «и въ досканцахъ червонцы шлеть». Слъд., къ д о с к а, д ъ с к а, вѣроятно, потому, что первоначально с т а к а н ъ *деревянный сосудъ*. Такъ же Гротъ (ФР. 1, 436), при чемъ примеры: «достоканнымъ деломъ»; «достаканы» взязы изь Ист. Соловьева. Горяевь (342) приводить тат.-каз. тустаган, а у Даля (Сл. 4[3], 500) тостакан *чашка*. Это изь рус.; формы интересны вь томь отношеніи, что, вероятно, подтверждають старое рус. достаканъ (Ср. Коришъ, Известія, 7, 1, 44 и сл.). См. ч а н ъ»[2].

Біздің елімізде этимологиялық сөздіктерді жасаудың бірсыпыра тәжірибесі бар. Н. М. Шанский В. В. Иванова және Т. В. Шанскаяның авторлығымен 1961 жылы орыс тілінің этимологиялық сөздігі («Краткий этимологический словарь русского языка») жарық көрді. Мұнымен бірге армян, осетин тілдерінің этимологиялық сөздіктері бар (Р. Ачарян, Корневой словарь армянского языка 7 томов, Ереван, 1926—1935; В. Абаев, Историко-этимологический словарь осетинского языка, Москва — Ленинград, 1958).

Түркі тілдерінде көптеген әр түрлі сөздіктердің бар екені

[1] *А. Г. Преображенский.* Этимологический словарь русского языка, том второй, стр. 395.

[2] Бұл да сонда, 371-бет.

белгілі. Ал этимологиялық сөздіктер жасау — түркі тілдері лексикографиясының кенже қалған саласы. Неміс тюркологы Х. Вамберидің құрастырған түркі тілдерінің шағын этимологиялық сөздігі («Etymologisches Wörterbuch der Turko-tatarischen Sprachen», Leipzig, 1928) бар. Бұл сөздіктің жетіспейтін бірсыпыра жақтары бар. Сөздер дара күйінде алынып, олардың семантикалық, фонетикалық, морфологиялық өзгерістері көрсетілмеген.

Соңғы жылдарда ҚСРО Ғылым академиясы Тіл білімі институтының түркі тілдері секторы этимологиялық сөздік (түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі) жасау жұмысына кірісіп, оны таяу жылдарда құрастырып шығаруды жоспарлап отыр. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасау үшін материалдар жинастырылуда.

§6. СИНОНИМДЕР СӨЗДІГІ

Синонимдер сөздігінде синонимдік қатарлар беріліп, әрбір синонимдік қатардың құрамындағы мәндес сөздердің мағыналық ерекшеліктері мен қолданылу ерекшеліктері түсіндіріледі. Синонимдік қатардың құрамындағы сөздердің сөздікте орналасу тәртібі, мысалы, қай сөздің бұрын, қай сөздің кейін орналасуы, белгілі бір қағидаға негізделеді. Сөздікте синонимдік қатардың ішінен сол қатардағы сөздердің жалпы мағынасын басқаларынан гөрі ашық-айқын білдіретін сөз таңдалынып алынады да, синонимдік қатардың ең басына қойылады, басқалары онан кейін орналасады. Синонимдес сөздер тобының ішінен мағынасы жағынан сол топтағы сөздердің барлығына бірдей тән, күллісіне бірдей ортақ жалпы мағынаны білдіретін сөз *доминант сөз* деп аталады. Доминант сөз синонимдік қатардағы өзімен мәндес басқа сөздерге қарағанда, стилистикалық жағынан бейтарапты (нейтральное) болу қасиетімен сипатталады да, әр түрлі стильде қолданыла алады. Синонимдік қатардың ішіндегі доминант сөз өзімен синонимдес сөздердің барлығының басын құрап, солардың күллісіне бірдей ортақ ұйытқы, тірелер таяныш ретінде жетекші қызмет атқарады. Мысалы, *халық, ел, жұрт қалайық, әлеумет* деген синонимдік қатардың құрамындағы доминант сөз — *халық*. Бұл сөздің доминант сөз болатындығы мынадан: *халық* сөзі өзімен мәндес басқа сөздерге қарағанда, стилистикалық жағынан бейтарапты; барлық стильде де қолданыла береді және осы синонимдік қатардың ішінде сөздердің барлығына бірдей ортақ, жалпылама мағынаны білдіреді. Бұл синонимдік қатардың ішіндегі басқаларының доминант сөз бола алмайтыны мынадан: *ел* сөзі осы синонимдік қатардағы мағынасымен бірге «мемлекет, туған ел (страна)» деген мағынаны білдірсе, *жұрт* сөзі «ел, көпшілік» деген мағынасынан басқа мағына —«көшіп кеткен елдің орны» деген

мағынаны да білдіреді. Ал *халайық, әлеумет* деген синонимдер белгілі бір стильге (көтеріңкі поэтикалық стильге) телінің икемделген де, қолданылу өрісі шектелген. Орыс тілінің синонимдер сөздігінде *одежда, костюм, наряд, платье, туалет* деген синоним сөздердің ішінен одежда деген сөз доминант сөз ретінде қаралған. Бұл сөз, сөздікті құрастырушының пікірінше, басқаларына қарағанда, стилистикалық жағынан бейтарапты да, қолданылу жағынан өрісі кең сөз болып саналады[1].

Синонимдер көп мағыналы сөздермен де ұштасып жатады. Көп мағыналы сөз әр мағынасында әр түрлі синонимдік қатарға енуі мүмкін. Осыған орай, синонимдер сөздігінде көп мағыналы сөз бірнеше рет қайталанып, әр басқа синонимдік қатарлардың құрамында беріледі. Мысалы, орыс тілінің синонимдер сөздігінде *большой* деген сөз «үлкен» деген мағынасында *громадный, огромный, гигантский, исполинский, колоссальный* деген сөздердің синонимдік қатарында берілсе, «ересек» деген мағынасында *взрослый, совершеннолетний, зрелый, великовозрастный* деген сөздердің синонимдік қатарында берілген. *Слабый* деген сөз әр мағынасында әр түрлі синонимдік қатардың құрамында, мысалы, *беспомощный, беззащитный, бессильный, слабосильный* деген сөздердің синонимдік қатарында да, *тихий, безмолвный, беззвучный, бесшумный* деген сөздердің синонимдік қатарында да көрсетілген. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде *байқау* деген сөз *сынау, тексеру* деген сөздердің синонимдік қатарымен бірге *абайлау, байыптау, аңдау, аңғару* деген сөздердің синонимдік тобында берілген.

Сөздікте синонимдік қатардың құрамындағы өз ара мәндес сөздердің әрқайсысының мағынасы талданылып, қолданылу аясы мен стильдік қызметі түсіндіріледі. Осындай талдау мен түсініктен кейін синонимдік қатардың құрамына енген әрбір сөздің мағынасын ашып айқындау үшін, әдебиеттен мысалдар беріледі.

Мысалы, «Словарь синонимов русского языка» (бас редакторы — А. П. Евгеньева, Л., 1970—1971) атты сөздікте ***азбука, алфавит*** деген синонимдік қатарға арналған сөздік мақала былайша құрастырылған:

Азбука, алфавит.

Совокупность букв какой-либо письменности, расположенных в установленном порядке. В современном языке в литературной речи чаще употребляется слово алфавит, в разговорной речи — азбука, но когда перечень букв употребляется в качестве организующего момента, употребляется **алфавит** *(записать фамилии учеников по алфавиту).*

Преимущество русской азбуки состоит в том, что всякий звук в ней произносится — и произносится, как он есть. Л. Толстой. О методах обучения грамоте. Нет таких слов, которыми можно было бы передать все, — и слов нет, и даже букв в алфавите недостает. Мамин-Сибиряк, Без особенных прав, *VII.*

— Азбучный, алфавитный.

— См. Букварь, Начала.

[1] *В. Н. Клюева.* Краткий словарь синонимов русского языка. М., 1965, стр. 9.

В. Н. Клюева құрастырған. «Краткий словарь синонимов русского языка» (бірінші басылуы — 1956 ж., екінші басылуы — 1961 ж.) атты сөздіктен мына бір сөздік мақаланы синонимдер сөздігінің жасалу үлгісі ретінде мысалға келтіруге болады:

Загореться

зажечься	заняться
запылать	засветиться
вспыхнуть	воспламениться

Эти слова объединяются значением — дать свет, огонь. Слова загореться, зажечься, вспыхнуть употребляются и по отношению к свету от огня, от электричества, и по отношению к свету вообще. Остальные слова этого ряда в применении к электричеству не употребляются. Вспыхнуть по сравнению с загорется указывает на внезапность действия. Запылать — очень сильно загореться. Заняться — то же что загореться, но это слово поэтического стиля. Книжное слово воспламениться говорит о сильном действии и о способности предмета загореться. Засветиться слабее, чем загореться.

Примеры.

„тотчас же загорелась вся крыша ярким пламенем, и послышался треск огня. (Ч).

На том месте, с которого слышались крики, зажегся и потух один огонек, потом другой (Л. Т.).

После многих дней жестокой засухи, в селе над Волгой вспыхнул пожар (М. Г.).

После Иванова занялся Гаврилин двор... (Л. Т.).

В окнах домов и щелях ставень землянок засветились огни (Л. Т.).

Легко воспламеняются нефть и бензин — в вагоне с собой никогда не вози (Маяк).

Синонимдердің сөздігінде әрбір синонимдік топтың құрамындағы мәндес сөздердің әрқайсысының мағынасына жоғарыдағыдай талдау жасай отырып, олардың шығу төркінін, стильдік қызметін және біріне-бірінің мағыналық жақтан да, қолданылу жағынан да айырмашылықтары мен алуан түрлі ерекшеліктерін көрсету сөздіктің жалпы білімдік маңызын арттыра түседі. Сөздікте синонимдер неғұрлым жан-жақты талданса, олардың әрқайсысының қолданылу аясы мен қызметі неғұрлым кеңінен баяндалса, сөздікті пайдаланушылардың айтылатын ойға, сөйленетін не жазылатын сөздің стиліне синонимдік қатардың құрамындағы сыңарлардың (сөздердің) қайсысы колайлы және дөп келетінін таңдап алуы үшін тигізер жәрдемі де соғұрлым мол болмақ.

Қазақ тіліндегі синонимдердің сөздігі жасалып, 1962 жылы жарық көрді[1]. Сөздікке 1400-ден астам синонимдік қатар енген. «Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігінде» синонимдік қатарлардың құрамындағы мәндес сөздердің мағынасы, қолда-

[1] *Ә. Болғанбаев.* Қазақ тіліндегі синонимдер сөздігі. Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы. Алматы, 1962.

нылу аясы, стильдік қызметі орыс тілінің синонимдер сөздігіндей талданбай, жай тізбектелген де, олардан кейін әдебиеттен мысалдар төмендегі түрде берілген:

Жуас, момын, момақан, бұйығы, жасық.

Торы ала аяқ негізінде жуас ат болатын, әйтсе де ері бауырына түсе бергенде, қарғи жөнелді (Сыланов). Асқар Мадиярға атқамінерлердің *момын* шаруаларға істейтін зорлық-зомбылығынан көп дәлелдер айтты (Мұқанов). Фаруза былайша *момақан,* аңқаулау болса да, ойға алғанын жүзеге асыруға келгенде жігерлі жас еді (Иманжанов). Қоңыр кескінді, кішірек денелі, сүйкімді жүзді Хабиба Римадан гөрі *бұйығылау* екен (Мұқанов).— Сен *жасық* па едің,— деді Қарақатқа досы Зоя,— мен олай ойлаған жоқ едім («Қаз. әд.»).

Қазақ тілінің синонимдер сөздігіндегі синонимдік қатардың құрамындағы сөздердің бір-бірінен мағыналық айырмашылықтары мен қолданылу ерекшеліктерінің көрсетілмеуі қазақ тілі лексикасының стильдік жақтан сарапануы жайында және синонимдік қатардың ішіндегі сөздердің қайсының қай стильге қатысты екендігі, олардың мағыналық және жұмсалу ерекшеліктері жайында зерттеулердің аздығымен түсіндіріледі.

Синонимдер сөздігі — өз ара мәндес сөздердің бір-бірінен мағыналық нәзік айырмашылықтарын ажырата білуге көп жәрдемін тигізетін құрал.

§7. ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Фразеологиялық сөздік белгілі бір тілдегі әр түрлі фразеологиялық оралымдарды қамтиды, олардың мағыналарын түсіндіреді.

«Орыс тілінің фразеологиялық сөздігі» (редакциясын басқарған А. И. Молотков) 1967 ж. жарық көрді. Бұл сөздікте орыс тіліндегі төрт мыңнан астам фразеологиялық оралымдар қамтылып, олардың мағыналары талданған. Бұл сөздікте фразеологиялық оралымдар оларды құрастырушы сыңарлардың алфавит тәртібі бойынша тізіліп, белгілі бір фразеологиялық оралым қанша сыңары болса, сонша рет қайталанып берілген. Сөздікте фразеологиялық оралымның мағынасы түсіндіріледі де, ол мағынаны ашып айқындайтындай әдебиеттен мысал беріледі. Сөздікте фразеологиялық оралымды түсіндіруге арналған сөздік мақала былайша құрастырылған:

Воспрянуть (восстать) ото сна. Выйти из состояния апатии, подавленности, застоя, оживиться, пробудиться. *Товарищ, верь: взайдет она, Звезда пленительного счастья; Россия вспрянет ото сна, И на обломках самовластья Напишут наши имена.* Пушкин, К. Чаадаеву.

Фразеологиялық сөздік бір тілдік түсіндірме сөздік түрінде де, екі тілдік аударма сөздік түрінде де жасалады. Аударма фразеологиялық сөздіктер мыналар: «Немецко-русский фразеологический словарь» (12 000 фразеологических единиц, составил Л. Э. Бинович. М., 1956); А. В. Кунин, «Англо-русский фразеологический словарь» (М., 1955).

Фразеологиялық сөз тіркестері белгілі дәрежеде түсіндірме сөздіктерде де қамтылады. Фразеологиялық сөз тіркестерін, мақал мен мәтелдерді өте-мөте мол қамтыған сөздік — В. И. Даль құрастырған орыс тілінің түсіндірме сөздігі («Толковый словарь живого великорусского языка»). Түркі тілдеріндегі әр түрлі фразеологизмдер В. В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (в четырех томах, СПб, 1888—1917) атты сөздігінде берілген.

Фразеологиялық оралымдардың сөздікте талдану тәртібі мен тәсілін түсіндірме сөздіктердегі сөздік мақалалардан аңғаруға болады. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (I том, 1959) *ат* сөзінің мағыналары талданғаннан кейін, осы сөздің ұйытқы болуынан жасалған мынандай фразеологиялық оралымдар берілген:

◇ Ат ұстар — жаңа туған ұл бала. *Ат құйрығын кесті — бір жола безді, кол үзді. ◇ Ат шаптырым жер — бәйге атының шауып келетін жерінің қашықтық мөлшері. ◇ Ат қойды — лап беріп шаба жөнелді. ◇ Ат төбеліндей — азғантай, аумақсыз, саны аз.

Ат салысты — жәрдемдесті, көмектесті. ◇ Ат үсті — бір іске қалай болса солай, немқұрайды қарау, селқос қарау. ◇ Ат сабылтты — атты шаршатты, болдыртты. Адам жоғалған малды да ат сабылтып іздемеуші ме еді (Әбішев). ◇ Ат-тонын ала қашты — бойын аулаққа салды, бір нәрсеге жуығысы келмейді, безек қақты. ◇ Ат шалдырды — жолаушының орта жолда атын тыныктыруы, тамақтандыруы.

Ат шабыс — жиын тойда бәйгеге ат қосу.

Орыс тілінде М. Михельсон құрастырған фразеологиялық сөздік бар (Русская мысль и речь. Свое и чужое. Опыт русской фразеологии. Сборник слов и иносказаний, т. I—II, 1903—1904). М. Михельсонның сөздігі үлкен кемшіліктері бола тұрса да, белгілі дәрежеде ғылыми маңызы бар сөздік болып саналады. Бұл сөздікте фразеологиялық бай материал беріліп, көркем әдебиеттен алынған мысалдармен түсіндірілген. Сөздікте шет тілдерден енген фразеологизмдер де беріліп, олардың шығу тегі (қай тілден енгендігі) көрсетілген.

Орыс тілі мен қазақ тілінде және т. б. тілдерде қанатты сөздердің жинақтары бар (Н. С. Ашукин, М. Г. Ашукина. Крылатые слова. 1955; М. А. Булатов. Крылатые слова. 1958; Н. Төрекұлов. Қазақтың қанатты сөздері. 1960). «Қазақтың қанатты сөздері» атты жинақта (авторы — Н. Төрекұлов) фразеологиялық оралымдардың бір түрі — қанатты сөздерге талдау жасалып, төмендегі түрде түсіндіріледі:

«Шықбермес Шығайбай.

Қазақ ертерек, аңыздарында Шықбермес Шығайбай аты аталады. Бұл— өз құлқынынан басқаны ойламайтын, ешкімге еш нәрсесін бермейтін, ауысып-түйіспейтін нағыз барып тұрған сараңдардың бейнесін көрсететін жинақты ат.

Ел арасында кездесетін осы сияқты сараңдарды қазақ «нағыз Шықбермес екен» деп Шығайбай атына байланыстыра айтады.

«Шырқ айналар шіркін тауық,
Жемің болса қолыңда».

Сәкен 1926 жылғы жазған «Сыр сандық» деген өлеңін:

«Шырқ айналар шіркін тауық,
Жемің болса қолыңда.
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолыңда...,» —

(179-бет) деп бастайды.

Бұл сөзбен халық біреудің басына бақыт қонып, қолында билік тұрғанда, онымен дос бола қалатын, ертеңгі күні жемі таусылғанда, айнып, жалт беретіндерді астарлай сынайды.

«Баяғы жартас — бір жартас».

Абайдың «Сегіз аяқ» атты әнінің бір қайырмасы:

«Баяғы жартас — бір жартас,

Қаңқ етер, түкті байқамас», —

75-бет) деп келеді.

Осы сөзді жұрт кейде, бастапқы қалпынан өзгермеген нәрселерді көргенде айтады».

М. А. Булатов құрастырған «Крылатые слова» атты жинақта фразеологизмдер мына түрде түсіндіріледі:

«Как бы чего не вышло».

Выражение употребляется иронически, насмешливо, по адресу людей, которые отличаются трусливой осторожностью, боятся предпринимать что-либо из опасения, что это может окончиться для них неприятностями.

Выражение заимствовано из рассказа А П. Чехова «Человек в футляре» (1898). Герой этого рассказа, учитель Беликов, говорит: «Оно, конечно, так-то так, все это прекрасно, да как бы чего не вышло».

«Проходить красной нитью».

Иносказательно — основная мысль, отличительная черта, отчетливо выделяющаяся в художественном произведении, речи оратора, в поведении какого-либо человека.

Выражение перешло в нашу речь из романа немецкого писателя В. Гете «Сродство душ» (1810). Во второй главе второй части романа Гете так объясняется выражение «проходить красной нитью».

«Нам довелось слышать, что в английском морском ведомстве существует такое правило: все снасти королевского флота, от самого толстого каната до тончайшей веревки, сучатся так, чтобы через них, во всю длину, проходила красная нить, которую нельзя выдернуть, что она принадлежит английской короне (то есть государю).

Точно так же и через весь дневник Оттилии тянется красная нить симпатии и привязанности, все сочетающая воедино и знаменательная для целого».

В романе Гете выражение «проходить красной нитью» впервые было употреблено в переносном смысле».

Сонымен, әр түрлі фразеологиялық сөздіктер мен жинақтарда фразеологиялық оралымдар мен олардың түрлері талданып түсіндіріледі.

§8. АУДАРМА СӨЗДІКТЕР

Аударма сөздіктердің екі түрі бар: оның бірінде белгілі бір шет тілдегі сөздер мен фразеологизмдер ана тіліне аударылып беріледі де, екіншісінде, керісінше, ана тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер шет тілге аударылады.

Әр түрлі тілдерде жасалған сөздіктердің ішінде ең көп кездесетіні — екі тілді аударма сөздіктер. Аударма сөздіктер шет тілді оқып үйренуде, ол тілдің лексикасын меңгеруде, басқа тілде жазылған әдебиеттерді аударуда айрықша қызмет атқарады.

Түрлі тілдердің лексикасының ішінде мағыналық жағынан бір-біріне ұқсас немесе мағыналары тепе-тең сөздер де, мағыналық мазмұны бір-бірімен сәйкеспейтін, өзіндік ерекшеліктері бар сөздер де кездесе береді. Әр түрлі тілдердің лексикасындағы мағыналық жақтан бірдей немесе ұқсас сөздерді сөздіктерде аударып беру қиындыққа соқтырмайды. Мысалы, орысша *дом, дверь* деген сөздерді қазақ тіліне *үй, есік* деп аударудың, керісінше, қазақша *ағаш, су* деген сөздерді орыс тілінде *дерево, вода* деп аудара салудың ешбір қиындығы жоқ. Бірақ сөздердің барлығының бірдей аударылуы мұндай жеңіл бола бермейді. Олардың ішінде аударуда қиындық тудыратындары бар. Әсіресе мағыналық мазмұны екі тілде бір-біріне сай келмейтін сөздерді аударып беру өте-мөте күрделі. Көптеген сөздердің негізгі, тура мағыналарынан басқа, сан алуан ауыспалы, келтірінді мағыналары, әр түрлі мағыналық реңкі (оттенок) болады. Басқа тілдегі сөздердің келтірінді, образды мағыналарын ана тілінен балама боларлық сөз тауып аудару — өте күрделі жұмыс. Мысалы, орыс тіліндегі *глухой* деген сөз негізгі мағынасында қазақша *саңырау, керең* (глухой старик — саңырау немесе керең шал) деген сөзбен аударылса, екінші мағынасында (терминдік мағынасында) *қатаң (глухой звук — қатаң дыбыс)* деген сөзбен, үшінші мағынасында *қалың, ну (глухой лес — қалың орман, ну тоғай)* деген сөздермен, төртінші мағынасында *шалғай (глухой уголок — шалғай жер)* деген сөзбен, бесінші мағынасында *саңылаусыз (глухая стена — бітеу қабырға)* деген сөзбен аударылады.

Тілдерде заттар мен құбылыстарды, сапа мен белгіні білдіретін сөздердің саны әрқашан бірдей бола бермейді. Бұл айырмашылық аударма сөздіктерді жасауда едәуір қиындық келтіреді. Мысалы, орыс тіліндегі *синий, голубой* деген екі сөз қазақ тілінде бір ғана көк деген сөзбен аударылады. Сондай-ақ «пісіп жетпеген, шикі, балғын» деген мағынасында *зелёный* деген сөз де *көк* болып *(зелёные яблоки — көк алма)* аударылады.

Зелёный чай деген сөз тіркесі — *көк шай* түрінде аударылып жүр. Орыс тіліндегі *синий, голубой* деген сөздерге француз тілінде де балама болатын — бір ғана *bleu* деген сөз; орысша *голубоглазый* және *синеглазый* деген сөздер неміс тілінде бір ғана *blauäugig* деген сөзбен аударылады[1].

Белгілі бір тілдің лексикасы сол тілді жасаушы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен, күн көрісі, шаруашылық, кәсібімен тығыз байланысты болады. Мысалы, қазақ халқының кәсібі талай замандар бойына мал шаруашылығымен байланысты болып келді. Осыған сай оның тілінде төрт түлік малға байланысты атаулар (сөздер) өте көп. Малдың жас ерекшелігіне байланысты қазақ тіліндегі *жабағы, дөнен, дөнежін, тайлақ* деген атаулардың (сөздердің) орыс тілінде тікелей балама болларлық атаулары жоқ. Сондықтан бұл сөздердің «Қазақша-орысша сөздікте» (Алматы, 1954) жалпы мағынасы түсіндіріліп, сөз тіркестерімен аударылған: *жабағы — жеребенок более 6 месяцев и менее года;* дөнен — *самец-трехлетка; дөнежін — самка-трехлетка* (о скоте); *тайлақ — годовалый верблюженок* т. б.

Киіз үй орыс халқының тұрмысында болмаған, сондықтан да оның тілінде киіз үйге байланысты атаулар да жоқ. Киіз үйге байланысты қазақша атаулар орыс тіліне аударылғанда, олардың жалпы мағынасы түсіндіріліп, баяндау (описательно) түрінде аударылады. Бұл ретте, «Қазақша-орысша сөздіктен» мынандай мысалдар келтіруге болады: *«туырлық — кошма, охватывающая остов юрты* (150-бет); *кереге — решетка юрты; бақан — шест, которым поднимают кошмы и верхнюю часть остова юрты* (80-бет); *басқұр — ручным способом сотканная шерстяная полоска, которой прикрепляет остов* (кереге) *кибитки* (76-бет).

Өте бейнелі түрде келіп, мәнерлеуші қызмет атқаратын әр түрлі тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерін сөздікте аударып беру мәселесі де өте күрделі мәселенің бірі. Екі тілді сөздіктерде бұларды аударып беруде екі түрлі тәсіл қолданылып жүр.

1. Аударма сөздіктерде бір тілдегі тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерін екінші тілден балама боларлық тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерін тауып аудару тәсілі қолданылады. Мысалы:

а) «Орысша-қазақша сөздіктен[2]: *броситься в глаза — көзге түсу; влезть в долги — борышқа бату; их водой не разольешь — арасынан қыл өтпейді; он воды не замутит — қой аузынан шөп алмас; быть тише воды, ниже травы — бетегеден биік, жусаннан аласа болу; лить воду на чью-либо мельницу — біреудің отына май құю, сойылын соғу; волков бояться — в лес не ходить — шегірткеден қорыққан егін екпес; у семи нянек дитя без глазу — қойшы көп болса, қой арам өлер; ломать голову — бас қатыру; как снег на голову — төбеден жай түскендей; средь бела дня — тал түсте; между жизнью и смертью — бір аяғы жерде, бір аяғы көрде; сравнять с землей — жермен-жексен ету; конца краю нет — ұшы-қиыры жоқ; на краю света — ит арқасы қиянда* т. б.

ә) «Қазақша- орысша сөздіктен»[1]: *ауызба-ауыз — с глазу на глаз; бес аспап — мастер на все руки; жер-жебіріне жету — разругать (кого-н) на чём свет стоит; салған жерден — ни с того, ни с сего; аузыңа ие бол — держи язык за зубами; көзді ашып жұмғанша — в мгновение ока; көзге түртсе көргісіз немесе тастай қараңғы — темно — хоть глаз выколи; көзге шыққан сүйелдей — как бельмо в глазу; не ексең, соны орарсың — что посеешь, то и пожнешь; тілде тиек, ауызда жиек жоқ — язык без костей.*

2. Белгілі бір тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінің екінші тілден балама боларлықтай тұрақты сөз тіркесі табылмаған жағдайда оларды аударма сөздіктерде жеке сөздермен немесе еркін сөз тіркесімен аудару тәсілі қолданылады.

а) «Орысша-қазақша сөздіктен» мысалдар: *отправиться на боковую — ұйықтауға жату, ұйқыға кету; с бору да с сосенки — қалай болса солай, талғамай алу; конец — делу венец — қай істің болсын аяқталуы жақсы; держать нос по ветру — ыңғайға бейімделе кету; вилами на воде писано — әлі белгісіз; с больной головы на здоровую — өз кінәсын біреуге арту; ждать у моря погоды — бірдемені күтіп қол қусырып қарап отыру; играть первую скрипку — бір істе жетекшілік роль атқару* т. б.

ә) «Қазақша-орысша сөздіктен» мысалдар: *ат үсті қарау — поверхностно; әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас — обычно поет без умолку, а на пиру ни слова не вымолвит; қолы ашық — щедрый; алтын ерің атқа батса, талқан қыл да отқа жақ — если твое седло* (даже золотое) *натирает спину коня, разбей его вдрезбезги и сожги; бел буу* (немесе *бел байлау*) *— твердо решиться на что-н; бетімен кету — самовольничать; беттен алу — перечить, грубить; жыртық үйді жел табар, өтірік сөзді шын табар — правда неминуемо побеждает ложь; көрмес түйені де көрмес — кто не хочет видеть, тот и верблюда не заметит.*

Кеңес дәуірінде Орта Азия республикалары мен Қазақстанда лексикографиялық жұмыс өрістеп, көптеген сөздік жарыққа шықты. Ол сөздіктердің басым көпшілігі — аударма сөздіктер. Материалы мол, сапасы жақсы екі тілді аударма сөздіктердің

---

[1] *Л. А. Булаховский.* Введение в языкознание, часть II, М., 1953, стр. 138.

[2] Русско-казахский словарь, под общей редакцией проф. Н. Т. Сауранбаева. М., 1954.

[1] *Х. Махмудов.* Г. Мусабаев. Қазахско-русский словарь. Алма-Ата, 1954.

қатарына проф. К. К. Юдахин құрастырған «Қырғызша —орысша сөздікті»[1] жатқызуға болады. Бұл сөздікте қырғыз тіліндегі 40 000 шамасындағы сөз қамтылып, орысшаға аударылып берілген. Онда тарихи-этнографиялық терминдер мен өте бай фольклорлық материал бар.

§9. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

Терминологиялық сөздіктер ғылым мен техниканың т. б. сан алуан салаларына қатысты терминдерді қамтып, олардың білдіретін ұғымдарын түсіндіріп беруді мақсат етеді.

Кеңес дәуірінде түркі тілдерінің барлығында да ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларынан көптеген терминологиялық сөздіктер жасалды. Мұның өзі түркі тілдерінде сөйлейтін кеңес халықтарының тілдерінің дамып, мәдениетінің көркеюінің тағы бір айғағы болып саналады.

Қазақ тілінде қоғамдық ғылымдардың, физика, математика, биология, медицина, география, геология және ауыл шаруашылығы ғылымдарының әрқайсысының терминдерін қамтыған өз алдына бөлек-бөлек бірнеше терминологиялық сөздіктер жасалды[2].

Терминологиялық сөздіктер бір тілдік түсіндірме сөздік түрінде де, екі тілдік аударма сөздік түрінде де жасалады. Бір тілде жасалған терминологиялық сөздіктерде терминнің білдіретін ұғымына талдау жасалып, түсінік беріледі. Осындай сөздіктің бірі — О. С. Ахмановаың «Лингвистикалық терминдер сөздігі» (М., 1966) деп аталатын еңбегі. Сөздікте лингвистикалық терминдердің білдіретін ғылыми ұғымы түсіндірілген. Сөздіктен бірнеше мысал:

Синонимы (равнозначащие слова, равнозначные слова) англ. synonyms фр. synonymes нем. synonyme исп, sinonimos. Те члены тематической группы (во 2 знач.), которые а) принадлежат к одной и той же части речи и б) настолько близки по значению что их правильное употребление в речи требует точного знания различающих их семантических оттенков и стилистических свойств. Русск. храбрый, смелый, мужественный, стойкий; недурной, неплохой, удовлетворительный; карп, сазан, ива, ветла; англ. broad, wiqe, large, extensive. Синонимы абсолютные (синонимы безотносительные, синонимы полные) англ. absolute synonyms. Слова, полностью совпадающие по значению и употреблению.

Русск. языкознание — языковедение. Синонимы грамматические англ. grammatical synonyms. Слова с синонимичными грамматическими показателями; равнозначные грамматические конструкции, Русск. книга отца — отца-

[1] Киргизско-русский словарь. Составил проф. К. Юдахин. М., 1965.

[2] Терминология сөздігі. I кітап, Алматы, 1948; II кітап, 1950; *С. Арзымбетов.* Орысша-қазақша ауыл шаруашылық сөздігі. Алматы 1955; *І. Мұсақұлов.* Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1960; Орысша-қазақша терминология сөздігі. 1, 2, 3, 4-кітап, Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1956—60; Орысша-латынша-қазақша терминология сөздігі, 5-кітап (медицина), Алматы, 1960.

ва книга, Синонимы идеографические (синонимы разнопредметные) англ. ideographic synonyms. Синонимы, различающиеся оттенками значения; ср стилистические синонимы. Русск. есть — закусывать, мыться — купаться. Синонимы относительные англ. relative synonyms. Синонимы, сематическое подобие которых не распространяется на все их значения. Русск. живописец— художник. Синонимы синтаксические (эквиваленты синтаксические) англ. syntatis synonyms. Синтаксические конструкции, соотносимые по построению и совпадающие по значению. Русск. Я увидел собаку, бегущую к дому — Я увидел собаку, которая бежала к дому. Когда он обедал, он читал — Обедая, он читал. Синонимы стилистические англ. Stylistic synonyms. Синонимы, различающиеся только стилистически; ср. идеографические синонимы. Русск. конь — лошадь, пес — собака, Синонимы функционально-речевые, англ. synonyms by function speech. Слова или словосочетания, совпадающие по значению с другими словами или словосочетаниями только в данном речевом контексте. Русск. гардероб, вешалка, раздевалка взаимозаменяемы в пределах словосочетания, оставить пальто в гардеробе (на вешалке, в раздевалке), но нельзя считать их синонимами в словосочетании обновить гардероб (вешалку, раздевалку).

Морфология англ. morphology, фр. morphologie, исп. morfologia. 1. Раздел языкознания, изучающий разнообразные аспекты строения слова с точки зрения зависимости его значения от составляющих его морфем, Основным предметом морфологии является исследование системы морфологических противопоставлений, свойственных данному языку, т. е. системы его грамматических категорий и способов их выражения, включая учение о формообразовании (нем. Formenlehre, фр. morphologia flexinnelle). Морфология сравнительная. Морфология сравнительно-историческая.

2. Совокупность морфологических противопоставлений, свойственный данному языку, его грамматических категорий и способов их выражения. Морфология агглютинативнац, англ. agglutinative morphology. Выражение грамматических категории посредством соположения морфем, не претерпевающих при этом морфологических изменений. Морфология аналитическая, англ. analytical morphology. 1) Система сочетаний вспомогательных слов с полнозначными, регулярно функционирующих параллельно с синтетическими формами слов (т. е. формами в собственном смысле) и, следовательно, входящих вместе с ними в систему их форм. 2. Выражение грамматических категорий посредством аналитических форм слова. Морфология флективная англ. inflexional morphology. Выражение грамматических отношений посредством флексий, характеризующиеся тем, что морфемы на месте стыка подвергаются определенным морфологическим изменениям. Русск. рука — руке.

Морфология словоизменения, англ. inflexional morphology. Раздел морфологи изучающих образование грамматических форм слов с особым вниманием к грамматическим средствам, реализованным в соответствующих единицах языка; ср. морфология словообразований. Морфология словосочетания. Раздел языкознания, изучающих морфологическую сторону словосочетания, т. е, морфологические признаки составляющих его элементов (словоформ).

Осы тәріздес сөздіктердің қатарына француз лингвисі Ж. Марузоның «Лингвистикалық» терминдерінің сөздігі»[1] деп аталатын еңбегін жатқызуға болады. Бұл сөздік орыс тіліне аударылып, 1960 жылы жарыққа шықты. Мұнда да лингвистикалық терминдер талданып түсіндіріледі.

Лингвистикалық терминдердің терминологиялық сөздіктері орыс тілі мен украин тілінде жасалды[2]. Өзбек тілі мен қазақ

[1] *Ж. Марузо.* Словарь лингвистических терминов. Перевод с французского Н. Д. Андреева. Изд. Иностранной литературы. М., 1960,

[2] *Н. Н. Дурнова.* Грамматический словарь, М., 1924, Е. В. Кротевич, Н. С. Родзевич. Словник лінгвістичних термінів, Киев, 1957 (украин тілінде)

тілінде де лингвистикалық терминдердің терминологиялық аударма сөздіктері жарыққа шықты[1]. Өзбек тілінде шыққан терминологиялық аударма сөздікте түсіндірме сөздіктің де элементі бар. Онда бірсыпыра терминдер талданып, оларға өзбек тілінде түсінік берілген.

Түркі тілдеріндегі терминологиялық сөздіктердің көпшілігі екі тілді аударма терминологиялық сөздік түрінде жасалып жүр. Оларда орыс тілінде қолданылып жүрген терминдердің аударылып отырған тілде баламасы барлары аударылып берілген де, баламасы жоқтары және интернационалдық терминдер орыс тіліндегі қалпына аударылмай берілген. Мысалы, («Биология ғылымдарының орысша-қазақша сөздігінде») (1960 ж.) төмендегі терминдер аударылып берілген: *авраамово дерево*— жембіл ағаш, *барабанная трубка* — дабыл түтігі, *толстоголовка* — бұзаубас, *белая опухоль* — сары буын, *тонкая кишка* (морф. жив.) — ащы шек. Ал *гематология, гелиотроп, азатобактер, ароморфоз, алхимия* т. б. терминдер аударылмай, орыс тіліндегі қалпында берілген.

§10. ШЕТ ТІЛДЕР СӨЗДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ

Шет тілдер сөздерінің сөздігі (Словарь иностранных слов) шығу төркіні басқа тілдік сөздер мен терминдерге қысқаша түсінік беруді мақсат етеді. Шет тілдер сөздерінің сөздігі шығу төркіні басқа тілдік сөздердің бәрін бірдей емес, қоғамдық ғылымдар мен көпшілікке арналған ғылыми-техникалық әдебиетте, көркем әдебиет пен газет-журналдарда қолданылатын шет тілдік сөздер мен терминдерді қамтиды.

Шет тілдер сөздерінің сөздіктерінің ішінде кең тарап және жаппай қолданылып жүрген сөздік — редакциясын И. В. Лехин мен Ф. Н. Петров басқарған «Шет тілдер сөздерінің сөздігі». Бұл «Сөздік» 1955 жылы бесінші рет басылып шықты. «Сөздікте» ғылыми әдебиет пен публицистикалық әдебиет және көркем әдебиетте кеңінен қолданылып жүрген шет тілдік 20 000 сөз берілген.

Шет тілдер сөздерінің сөздігінде, біріншіден, шет тілдік сөздердің мағынасы түсіндіріледі, екіншіден, ол сөздердің шығу тегі, қай тілдік сөз екені көрсетіледі.

Аталған «Сөздікте» түбірлес бірнеше сөздің біреуінің ғана шығу төркіні, қай тілдік сөз екені көрсетілген. Мысалы, *азот, азотизация, азотистый* деген түбірлес бірнеше сөздің біреуі — *азот* деген сөзден кейін ғана оның этимологиясы жайында түсінік берілген. Мысалы:

[1] *В. В. Решетов.* Краткий справочник по лингвистической терминологии. Ташкент, 1951; С. Көңесбаев, Т. Жанұзақов. Лингвистикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздігі, Алматы, 1956.

«Азот [гр. α (частица отрицания) + *zóos* (живой)]».

Шет тілдік сөздің бастапқы мағынасынан қазіргі мағынасының айырмашылығы болса немесе оны талдап түсіндіру ол сөздің мағынасын айқындай түсетін болса, онда ол сөздің жазылуы немесе транскрипциясы ғана емес, сонымен бірге оның аудармасы да беріледі. Мысалы: «Демократия (гр. *qemokra-tia*< *demos* (народ) + *kratos* (власть)».

Реестр сөз бен оның жақша ішіндегі берілген шет тілдік вариантының (этимон) арасында мағыналық айырмашылық болмаса, онда жақша ішіндегі сөз аударылмай беріледі. Мысалы: «ателье (фр. *atelie)*».

Жиі қолданылатын приставкалар немесе біріккен сөздердің бірінші сыңарларының мағынасы бір рет түсіндіріледі, олар басқа сөздердің құрамында қайталап қолданылғанда, оларға түсінік берілмейді. Мысалы: 1) *Аэро.* ...[∠гр. *aer* воздух]; *Анти...* [∠гр. *anti...* против]; 2) *Аэродром* [аэро...+гр. *dromos* место для бега, бег]; *Антибиотики* [анти...+гр. *bios* жизнь].

«Шет тілдер сөздігін» құрастырушылар «Сөздік» терминологиялық түсіндірме сөздік болып табылады, сондықтан ол саяси сөздік пен энциклопедиялық сөздіктің міндетін атқара алмайды деп көрсетеді[1].

«Сөздікте» сөздердің мағынасы мына түрде түсіндіріледі:

Дивергенция [∠лат. *divergere* обнаружив расхождение]— 1) *биол.* в учении Дарвина — представление о видообразовании, согласно которому виды образуются на основе постепенного расхождения признаков и свойств у растений и животных, чем особи с промежуточным проявлением признака якобы в результате внутривидовой конкуренции выпадают; 2) *мат.* величина, характеризующая расхождения *векторов* т. е. изменение потока в каждой точке векторного поля; 3) *лингв.* отклонение в произношении звуки речи в ходе ее развития в зависимости от положения в слове (см. *дивергенты)* (Сөздіктің 226-бетінен).

Аглютинация [∠лат. *agglutinure* приклеивать]— *лингв. способ образования производных слов и грамматических форм путем присоединения к корню аффиксов, имеющих определенное значение, напр. в казахском: ат — лошадь, аттар — лошади, атта — на лошади, аттарда — на лошадях* («Сөздіктің» 21-бетінен).

Графика [∠гр. *graphike* живопись] — 1) искусство рисования, письма и черчения, в котором преобладает линейная передача формы, в противоположность живописи, с ее более объемной трактовкой изображаемого предмета; 2) *лингв.* часть учения о письме, исследующая соотношения между буквами и звуками (Сөздіктің 193-бетінен).

[1] Словарь иностранных слов. Под редакцией, И. В. Лехина и проф. Ф. Н. Петрова, изд. 4-ое, Москва, 1954, стр. 3.

* * *

Бұлардан басқа, «Орфографиялық сөздік», «Тарихи сөздік» деп аталатын сөздіктер де болады. «Орфографиялық сөздікте» сөздердің қалай жазылатындығы көрсетіледі, бұл сөздік дұрыс жазудың анықтағышы (справочник) ретінде қолданылады.

«Тарихи сөздікте» тілдің ескі жазба нұсқаларында қолданылған сөздер хронологиялық тәртіппен беріледі де, олардың мағыналары қазіргі тілдегі сөздермен аударылады; ертеде қолданылған сөздерге тарихи тұрғыдан түсінік беріледі. Мұндай сөздік ерте уақытта жазылған ескерткіштерді, қолжазбаларды оқу үшін өте қажет.

Лексикографиялық жұмыстар жүргізу үшін лексикографияның теориясы мен практикасын жете білу қажет. Мұнымен бірге, лексикографиялық жұмыс лексикографтардан (сөздік жасаушылардан) лексикологияны, оның семасиология, фразеология, этимология атты салаларын жете білуді қажет етеді. Лексикографиялық жұмыс жүргізу үшін стилистика мен грамматика мәселелерін де жете меңгере білу қажет[1].

---

[1] Лексикографияның теориясы мен практикасы жайында әдебиеттер: *Л. В. Щерба.* Опыт общей теории лексикографии. — «Известия Академии наук СССР», отделение литературы и языка, 1940, №3; *В. В. Виноградов.* О некоторых вопросах теории русской лексикографии. — «Вопросы языкознания», 1956, № 5; Инструкция для составления «Словаря современного русского литературного языка» (в трех томах), 1953; *С. И. Ожегов.* О трех типах толковых словарей современного русского языка. — «Вопросы языкознания», 1952, № 2; *Х. Касерес.* Введение в современную лексикографию, перевод с испанского Н. Д. Арутюновой. Изд. иностранной литературы, М., 1958; *Б. Казанский.* Словарь иностранных слов (рецензия). — «Вопросы языкознания», 1956, №4, *Э. В. Севортян.* О некоторых вопросах тюркской лексикографии. — «Лексикографический сборник», вып. М., 1958; *Р. С. Газизов.* Некоторые вопросы лексикографической работы в тюркоязычных республиках — «Лексикографический сборник», вып. III, 1958; *А. К. Боровков.* Из опыта составления русско-национальных словарей.—«Лексикографический сборник», вып. I, М., 1957; *Н. Карашева.* Опыт зарубежной лингвистики в создании этимологических словарей. —Сб. «Вопросы истории и диалектологии казахского языка». вып. 4. Алма-Ата, 1962; *К. Аханов.* Қазақ тілінің тұңғыш түсіндірме сөздігі. — «Қазақстан коммунисі» журналы, 1962, № 12; *А. А. Юлдашев.* Принципы составления тюркско-русских словарей. Изд. «Наука», М., 1972.

V тарау

ФОНЕТИКА

§1. ФОНЕТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ

Адам баласының тілі — дыбыстық тіл. Тіл дыбыстары — әрбір тілдің өмір сүруінің тәсілі. Егер сөздер дыбыстардың өз ара тіркесі түрінде айтылмаса, тіл қатынас құралы да, пікір алысу құралы да бола алмас еді. Тілдің дыбыстық жағы оның (тілдің) замандар бойында өмір сүруіне, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруына мүмкіндік жасайды.

Тілдің дыбыстық жағы — сөздер мен грамматикалық тәсілдердің өмір сүруінің формасы болып танылады. «Сөздік пен грамматикалық құрылыс тілдің мазмұнын құрайды да, дыбыстық жағы оның материалдық жамылғышын, оның физикалық формасын құрайды деп белгілі дәрежеде айтуға болады»[1].

Тіл дыбыстары, әдетте, сөз ішінде айтылады. Бірақ белгілі бір дыбыс арнаулы бір сөздің құрамында қолданылумен шектеліп қоймай, көптеген сөздердің құрамында қолданыла береді. Тілдің лексикасын құрастыратын сан мыңдаған сөздер дыбыстық жағынан алғанда, ондаған ғана дыбыстардың әр түрлі комбинацияларынан құралған. Осы тұрғыдан алғанда, дыбыс белгілі бір сөзге байланып қоймай, одан белгілі дәрежеде оңашаланып, нақтылы сөздерден абстракцияланады. Бұған тілдегі дыбыстық заңдылықтардың барлық сөздерге бірдей қатысты болып келуі дәлел бола алады. Мысал ретінде түркі тілдерінде сөздердің алғашқы буынындағы ерін дауыстының әуеніне қарай, екінші буынды да ерін дауыстысының айтылу заңдылығын немесе орыс тілінде барлық сөздерде дауысты дыбыстың ашық буында созылыңқы айтылу заңдылығын және т. б. дыбыстық заңдылықтарды атауға болады.

Тілдегі лексикалық және грамматикалық құбылыстар тіл дыбыстарымен, тілдің дыбыстық жүйесіндегі фонетикалық құбылыстармен әрдайым байланыста, қарым-қатынаста болады. Лексикалық элементтер болсын, грамматикалық элементтер болсын, белгілі бір дыбыспен немесе дыбыстардың тіркесімен айтылады, сол арқылы өмір сүреді. Мұнымен бірге тілдің ды-

---

[1] *Л. Р. Зиндер.* Общая фонетики. Изд. ЛГУ, Л., 1960, стр. 8.

быстық жағының өзіне тән қасиеттері мен ерекшеліктері және әр түрлі заңдары болады, сондықтан тіл дыбыстары, дыбыс заңдары тіл білімінің арнаулы бір саласы — фонетиканың зерттеу объектісі болып саналады.

Фонетика тіл дыбыстары және дыбыс заңдарымен ғана шектеліп қоймайды. Тіл дыбыстары, олардың құрамы, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтары туралы мәселелер фонетикада, әрине, маңызды орынға ие болады. Алайда, тіл дыбыстары туралы мәселенің фонетикада басты орынға ие болуы фонетиканың басқа да маңызды объектілерінің болуын жоққа шығармайды. Дыбыстарды зерттеу мен дыбыстық тілдің басқа да мәселелерін, мысалы, буын, екпін және интонация мәселелерін қарастыру өз ара тығыз байланысты болады. Оның үстіне, тіл дыбыстары мен буын, екпін туралы ілімнің тілдің жазба түріне тікелей қатысы бар. Жазудың теориясы сөйлеудің (речь) деректеріне, тіл дыбыстарының фактілеріне негізделеді.

Сонымен, фонетиканың зерттейтіндері — тілдің барлық жағдайларында және қызметінде көрінетін дыбыстық құрамдары мен тәсілдері және тілдің дыбысталу түрі мен жазба түрінің арасындағы байланыстар.

Фонетика лингвистика ғылымының арнаулы бір саласы бола отырып, тілдің лексикасымен де, грамматикасымен де астарласып, байланысып жатады. Бұлай болатындығы фонетикалық құбылыстар мен процестер тілдегі сөздерден тыс емес, қайта әрдайым сөздердің ішінде болады, ал сөздер грамматикамен тығыз байланыста, әрқашан қарым-қатынаста болады. Омонимдерді қоспағанда, тілдегі сөздер бір-бірінен дыбыстық айырмашылықтары арқылы ажыратылады. Әр түрлі тілдердегі сөздердің дыбыстық жағының ұқсас жақтары болуымен бірге, айырым жақтары мен өзіне ғана тән ерекшеліктері де болады. Мысалы, түркі тілдері мен финно-угор тілдерінде сөздердің басында дауыссыз дыбыстардың тіркесіп келмеу ерекшелігіне сай, бұл тілдерде екі немесе үш дауыссыздың тіркесінен басталатын төл сөздер кездеспейді.

Фонетика грамматиканың морфология саласымен де, синтаксис саласымен де байланысты. Морфология сөздердің өзгеру, түрлену ережелерін белгілей отырып, фонетиканың қағидаларынан аулақ кете алмайды. Дыбыстардың алмасуы морфологиялық қызмет атқаруы да мүмкін. Дыбыстардың алмасу құбылысы (чередование звуков) грамматикалық тәсіл ретінде морфологиялық қызмет атқарған жағдайда ішкі флексия[1] деп аталады. Бірсыпыра тілдерде дыбыстардың алмасу құбылысы түгелімен грамматикаға жатқызылуы жайдан-жай емес.

Фонетиканың синтаксиспен байланысы мынадай жайлардан көрінеді: сөйлемдердің әрбір түрі (типі) өзіне тән интонация-

[1] Бұл мәселе жайында «Грамматика» тарауын қараңыз.

мен айтылады. Сөйлем пауза, фразалық екпін және мелодика арқылы мүшеленеді.

Фонетиканың тарихи фонетика деп аталатын саласының тілдердің тарихи даму жолдарын танып білуде, этимология мен тарихи грамматикаға қатысты мәселелерді зерттеп шешуде, тілдердің туыстастығын және олардың ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын айқындауда тигізер көмегі де, атқаратын қызметі де айрықша.

Тіл дыбыстарын және оларға тән заңдылықтарды зерттеудің теориялық мәні, атап айтқанда, мынада: дыбыстық өзгерістерді, олардың заңдылықтарын есепке алмай тұрып, лексикалық құбылыстардың да, грамматикалық құбылыстардың да шығу төркінін, өзгеріп дамуын ашып айқындау, соған орай, лексиканың да, грамматиканың да, ғылыми тарихын жасау мүмкін болмаған болар еді. Демек, тілдің замандар бойындағы тарихи даму барысының түрлі дәуірлеріндегі дыбыстық өзгерістерді, оның заңдылықтарын зерттеу мәселесі тіл білімінде өте-мөте маңызды мәселе болып саналады.

«Тарихи фонетикасыз тарихи-салыстырмалы грамматика, тарихи тіл білімі болмаған болар еді. Фонетиканың арқасында ғана тіл білімі өте-мөте дәлме-дәл қоғамдық ғылымдардың бірі бола алды десек, асыра айтқандық болмайды»[1].

Фонетиканың практикалық жақтан да үлкен мәні бар. Фонетиканың практикалық мәні әр саладан да көрінеді. Мектептерде дұрыс оқытудың да, дұрыс жаздырудың да методикасының көптеген мәселелері фонетикаға негізделеді. Сауаттылыққа үйрету тілдің жазба түрі мен ауызша түрінің арасындағы айырмашылықтар мен күрделі байланысты бірдей ескерген жағдайда ғана нәтижелі болмақ. Тілдің орфографиясы мен орфоэпиясына қатысты алуан түрлі мәселелерді оқып меңгеру — ең алдымен, тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғаты мен фонетикалық заңдарды жете білуді қажет етеді.

Бұрын жазуы болмаған халықтардың алфавиті мен графикасын жасау, сондай-ақ бұрыннан жазуы бар халықтардың тілдерінің орфографиясын өңдеп жетілдіре түсу тәрізді практикалық мәселелер фонетикаға арқа сүйеудің негізінде шешіледі. Радиохабарлары мен көпшілікке арналған лекцияларды оқу тілдің орфоэпиялық нормаларын жете білуді талап етеді. Ал әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын айқындап белгілеу фонетиканың практикалық басты мәселелерінің бірі болып саналады.

Шет тілді оқып үйрену де, ең алдымен, сол тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғатын танып білуден

[1] Проф. *А. С. Чикобава.* Введение в языкознание. 2-ое издание. М., 1953, стр. 143.

басталады. Шет тілді оқытып үйретуде ондағы дыбыстық ерекшеліктер оқушының ана тіліндегі дыбыстармен салыстыру арқылы түсіндіріледі. Шет тілді оқытуда фонетикалық метод деп аталатын тәсіл қолданылады. Фонетикалық метод оқушыларға шет тілдегі дыбыстар мен сөздердің және сөз тіркестерінің айтылуын үйретіп, саналы түрде меңгерту үшін, шет тіл мен ана тілінің артикуляциясын бір-бірімен салыстыра отыруды басшылыққа алады.

Фонетиканың техникалық мәселелерді қарастырып шешуге де қатысы бар. Телефон мен радиотехниканың кейбір мәселелері, мысалы, байланыс жолдары арқылы берілетін сөздің айқындылығы мен түсініктілігін айқындау мәселелері фонетикалық деректерді есепке алуды талап етеді. Соңғы жылдарда әр түрлі техникалық проблемалардың тууымен байланысты фонетикаға жаңа міндеттер жүктелді. Ол міндеттер, атап айтқанда, сөз (речь) арқылы меңгерілетін механизмдерді жасау, ауызша сұрақтарға жауап беретін информациялық машиналар мен ауызша аударма жасайтын машиналарды конструкциялаумен байланысты. Бұл мәселелерді шешуге фонетистердің де тікелей қатысы бар.

Фонетика ғылым ретінде жалпы фонетика және жеке фонетика (нақтылы тілдің фонетикасы) болып бөлінеді.

Жалпы фонетика жалпы тіл білімінің бір саласы ретінде адамның сөйлеу аппаратының дыбыстық мүмкіндігін айқындайды, тіл дыбыстары классификациясының принциптерін белгілейді. «Жалпы фонетика тіл дыбыстарының тіл жүйесінде өмір сүру жағдайларын зерттеуден басқа, оларды сөйлеудің түйдегінде зерттейді, басқаша айтқанда, ол бірінші жағынан, фонетикалық құбылыстардың бір-бірімен байланыстарын және екінші жағынан, фонетикалық құбылыстар мен фонетикадан тыс құбылыстардың себепті байланыстарын қарастыра отырып, тіл дыбыстарының динамикасын зерттейді»[1]. Жалпы фонетика ғылымының басқа салаларымен, мысалы, акустика, физиология және психологиямен тығыз байланысты болады. Кейбір ғалымдар жалпы фонетиканы сөйлеудің физиологиясымен теңестіріп қарайды. Алайда, акад. Л. В. Щербаның айтқанындай, «жалпы фонетиканы акустикадан да, физиологиядан да басқаша, лингвистикалық айрықша пән ретінде бөліп қарау және оны тіл дыбыстарының адамдардың тілдік қатынас жасау процесінде атқаратын қызметіне орай әлеуметтік ғылымдардың қатарында қарау керек»[2].

Жеке фонетика белгілі бір тілдің дыбыстық құрамын, ондағы дыбыс заңдарын зерттейді. Ол зерттеудің мақсатына қарай сипаттама (синхрониялық, статикалық) фонетика және тарихи (диахрониялық) фонетика болып бөлінеді.

[1] *М. И. Матусевич.* Введение в общую фонетику. Издание 3-е, М., 1959, стр. 8.

[2] *Л. В. Щерба.* Избранные работы по языкознанию и фонетике. Изд. ЛГУ, 1958, стр. 162—163.

Сипаттама фонетика тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі дыбыстық құрамын қарастырады да, ондағы фонемалар жүйесін және фонемалардың ішкі өз ара байланыстарын белгілеп айқындайды. Фонемалардың құрамын белгілеп айқындау олардың (фонемалардың) пайда болып қалыптасуы немесе шығып қалуы туралы мәселемен тығыз байланысты. Осылай болғандықтан, сипаттама фонетикада фонемалардың тарихы да еске алынады. Алайда, сипаттама фонетика тарихи фонетиканы ауыстыра алмайды. Сипаттама фонетикада дыбыстардың тарихын зерттеудің арнайы мақсаты түрінде емес, қазіргі тілдің фонетикалық жүйесін және оның ары қарай даму мүмкіндіктерін айқындаудың құралы ретінде ғана қаралып, есепке алынады. Фонетиканың бұл түріне қатысты фонология деген термин де қолданылады.

Тарихи фонетика белгілі бір тілдің даму тарихының әр түрлі дәуірлерінде оның дыбыстық құрамының өзгеруін және өзгерудің себептерін зерттеп айқындауды мақсат етеді.

§2. ДЫБЫСТАРДЫҢ АКУСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН МІНЕЗДЕМЕСІ

Дыбыстың жалпы теориясын физиканың акустика[1] деп аталатын саласы қарастырады. Акустикалық тұрғыдан алғанда, дыбыс қандай да болсын бір дененің белгілі бір ортада теңселіп қозғалуының нәтижесінде пайда болады да, құлаққа естіледі. Дыбыс өтетін орта — ауа кеңістігі. Ауа кеңістігінсіз ешбір дыбыстың жасалып пайда болуы мүмкін емес. Акустика дыбыстардағы төмендегідей белгілерді ажыратады: *дыбыс ырғағы, дыбыс күші, дыбыс әуені, дыбыстың созылыңқылығы.*

1. **Дыбыс ырғағы** (высота звука). Дыбыс ырғағы уақыт мөлшерінің (уақыт мөлшеріне, әдетте, секунд өлшем ретінде алынады) ішіндегі дірілдің санына (количество колебаний) байланысты болады. Дірілдің саны неғұрлым көбейе берсе, дыбыстың ырғағы соғұрлым өсіп күшейе береді, керісінше, дірілдің саны азайған сайын дыбыстың ырғағы солғындап әлсірей береді. Адамның құлағы бір секунд ішіндегі 16-дан 20 000-ға дейінгі дірілдің нәтижесінде пайда болған дыбысты қабылдап ести алады.

Сөйлеу тілінде айтылатын дыбыстардың ырғағы фразалардың түрлеріне және олардың эмоциялық бояуы мен экспрессивті қызметіне қарай өзгеріп отырады. Интонация немесе мелодика деп аталатын құбылыс ырғаққа, атап айтқанда, сөйлеу

[1] *Акустика* — грек тілінің *akustikos* —«естілу» деген сөзінен жасалған термин.

процесінде ырғақтың өзгеруіне байланысты. Дыбыс ырғағының өзгеруі екпінге қатысты құбылыстарда, әсіресе, музыкальды екпінге ие тілдерде, мысалы, швед тілінде айрықша маңызды қызмет атқарады[1].

2. **Дыбыс күші** (сила звука). Дыбыс күші дірілдің қарқынына байланысты болады. Егер дірілдің амплитудасы[2], яғни қарқыны, неғұрлым көбейе түссе, дыбыс күші де соғұрлым ұлғайып, күшейе береді. Мұны шекті аспаптардан да айқын аңғаруға болады.

Сөйлеуде дыбыс күші екпінмен, қарым-қатынасқа түседі. Дыбыс күшінің тіл-тілдің ішінде динамикалық екпінге ие тілдерге қатысы, атқаратын қызметі басым болады.

3. **Дыбыстың созылыңқылығы** (длительность или долгота звука). Дыбыстың созылыңқылығы дірілдің санымен қоса дыбыстың созылу уақытына (ұзақ не қысқа болуына) байланысты. Орыс тілінде екпінсіз буындағы дауысты дыбысқа қарағанда, екпін түскен буындағы дауысты дыбыс созылыңқы, ашығырақ айтылады. Көптеген тілдерде, мысалы, қырғыз, ойрот, түрікмен, хақас, тува, неміс, ағылшын, француз тілдерінде екпін созылыңқы дауыстыға да, қысқа айтылатын дауыстыға да түсе береді.

4. **Дыбыс әуені** (тембр звука). Дыбыс әуені туралы мәселе дыбыс дірілінің түрлерімен (типтері) байланысты. Дыбыс толқынын тудыратын дірілдің қозғалысы (колебательное движение) күрделі болады. Ол негізгі тон мен бірнеше көмекші тонның қосындысынан жасалады. Көмекші тон парциалды тон немесе обертон[3] деп аталады. Дыбыстың әуені осы аталған обертондардың санына және олардың дыбыс ырғағы, дыбыс күші жағынан негізгі тонмен арақатысына байланысты болады.

Дірілдің өзі түрліше болады дедік. Дірілдің ритмикалы және ритмикалы емес деп аталатын түрлері бар. Егер дірілдің саны уақыт единицасының бойында (әдетте, бір секундтың ішінде) өзгермей, тұрақты болып қалса, ондай діріл *ритмикалы діріл* (немесе біркелкі діріл) деп аталады. Ал, егер уақыт единицасының бойында дірілдің саны өзгеретін болса, ондай діріл *ритмикалық емес діріл* (немесе біркелкі емес діріл) деп аталады. Ритмикалық дірілдің нәтижесінде тон жасалып пайда болады. Бұған сөйлеу кезінде ауыз қуысы мен мұрын қуысын толтырып тұратын дауыс шымылдығы мен ауаның дірілі жатады. Ритмикалы емес дірілдің нәтижесінде салдыр пайда болады. Бұған еріннің, тілдің, кішкене тілдің дірілі және сөйлеу мүшелерінің біріне-бірінің жуықтасып немесе түйісіп тұруынан жасалған дыбыстар жатады. Егер діріл ритмикалы болса, ондай дыбыстық толқын музыкалы тонның пайда болуына әкеледі де, ритмикалы болмай, үзілмелі болса, салдырдың пайда болуына әкеледі.

[1] *М. И. Матусевич.* Введение в общую фонетику, издание 3-е, М., 1959, стр. 19.

[2] *Амплитуда* — латын тілінің *amplitude* «кендік», «көлемділік» деген мағынадағы сөзінен алынған.

[3] *Обертон* — неміс тілінің *Oberton* —«жоғары тон» деген сөзінен жасалған термин.

Сөйлеу тілінде әуен (тембр) туралы ұғым, ең алдымен, дауысты дыбыстар туралы мәселемен байланысты. Есту мүшесі дауысты дыбыстарды бір-бірінен әуені (тембрі) жағынан ажыратады. Дауысты дыбыстарға тон тән болады да, дауыссыздарға, негізінен алғанда, салдыр тән болады.

Дыбыстардың жасалуы үшін р е з о н а н с[1] айрықша қызмет атқарады. Резонанс жан-жағы тұйықталып бітелген ауа бар жерде (үрлеп ойнау аспаптарындағы қуыс, шекті аспаптардың декасы, ауыз қуысы, мұрын қуысы) пайда болады. Ауыз қуысында әр түрлі тәсілдер арқылы дауыстылардың әуені жасалады. Жұтқыншақ қуысы да белгілі дәрежеде резонаторлық қызмет атқарады, ауыз қуысымен бірге дауыстылардың әуенін (тембр) жасауға қатысады. Мұнымен бірге, мұрын қуысының да резонаторлық қызметі бар.

Сонымен, қорыта келгенде, сөйлеу дыбыстарына қатысты мына жайларды ескеру қажет:

а) Сөйлеу дыбыстарының күші өкпеден шыққан ауа күшінің дауыс шымылдығына түсетін қысымымен айқындалады.

ә) Сөйлеу дыбыстарының ырғағы дауыс шымылдығының ұзындығы және оның қысылу қалпына қарай айқындалады. Мысалы, балалар мен әйелдерде дауыс шымылдығы қысқа және оның қысылуы күштірек болады; осыған сай дыбыс ырғағы да көбейіп күшейе түседі.

б) Дауыстылардың созылу қалпы дауыссыздардан басымырақ болады.

в) Дыбыс әуені сөйлеу кезіндегі ауыз қуысы мен мұрын қуысының көлемі және қалпына қарай айқындалады.

Тіл дыбыстарының акустикалық әр түрлі жағдайлары дыбыстау мүшелерінің қызметімен байланысты болады. Енді осы мәселеге тоқталайық.

§3. ДЫБЫСТАУ МҮШЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Тіл дыбыстарын және олардың артикуляциялық жақтарын түсіну үшін, дыбыстау мүшелері мен олардың әрқайсысының қызметін жете білу қажет. Дыбыстау мүшелері мыналар: өкпе, тамақ, көмей, дауыс шымылдығы, тамақ қуысы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, тіл, кішкене тіл, таңдай, тіс, ерін т. б. Дыбыстау мүшелерінің жиынтығы с ө й л е у а п п а р а т ы (речевой аппарат) деп аталады.

[1] *Резонанс* — француз тілінің *resonance* —«жаңғырық» деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин.

Тіл дыбыстары өкпедегі ауаның сыртқа шығуынан жасалады. Бірақ олар өкпедегі ауаның жай ғана шыға салуынан жасалмайды, ол үшін сөйлеу аппаратының қатысуы шарт. Анығырақ айтқанда, тіл дыбыстары өкпедегі ауаның сөйлеу аппаратының қатысуы арқылы сыртқа шығуынан жасалады. Дыбыстау мүшелері ауа жүретін каналдың (дыхательный канал) бойына орналасқан. Өкпеден шыққан ауа тыныс алатын кеңірдектің өкпеге қосылатын тарамдарынан (бронхи) тамаққа, одан көмейге, көмейден жұтқыншақ қуысына келеді, одан әрі ауа не мұрын қуысы, не ауыз қуысы арқылы өтеді.

Дыбыстарды айтуда, әсіресе, дауыс шымылдығы мен тіл айрықша қызмет атқарады. Дауыс шымылдығы көмейде болады. Дауыс шымылдығының керіліп тұруынан діріл пайда болады да, үн шығады. Ал, егер дауыс шымылдығы жиырылып тұрса, онда діріл пайда болмайды, сондықтан да үн де шыға алмайды. Дауысты дыбыстар осы аталған дауыс шымылдығының дірілінен пайда болады.

Көмейдің үстіңгі жағында жұтқыншақ қуысы болады. Ол ауыз қуысы және мұрын қуысымен жалғасып жатады. Дыбыстардың айтылуында ауыз қуысы мен мұрын қуысы резонаторлық қызмет атқарады. Кейбір үнді дауыссыздар ***(м, н, ң)*** мұрын қуысы арқылы жасалады. Дыбыстардың басым көпшілігінің жасалуында, әсіресе, ауыз қуысы айрықша қызмет атқарады.

Ауыз қуысындағы мүшелердің ішінде ең басты қызмет атқаратын мүше — тіл. Тілдің бірде ілгері, бірде кейін жылжуынан, бірде жоғары көтеріліп, бірде төмен түсуінен, сондай-ақ оның артқы шені мен орта шенінің немесе ұшының қимылынан әр түрлі дыбыстар жасалады. Мысалы, тілдің ұшы жоғарғы тіске тиюінен тіс (немесе денталь) дыбыстары ***(т, д...)***, ал тілдің артқы шенінің артқы таңдайға тиюінен немесе жуықтауынан тіл арты дыбыстары ***(қ, ғ, к, г)*** жасалады.

Тіл дыбыстарының артикуляциясына айрықша қатысы бар дыбыстау мүшелерінің бірі — ерін. Еріннің дауысты дыбыстардың ***(о, ө, у, ұ...)*** жасалуына да, дауыссыз дыбыстардың ***(м, п, б...)*** жасалуына да қатысы бар. Еріннің сүйірленіп дөңгеленуінен еріндік дауыстылар ***(о, у, ө...)*** жасалса, екі еріннің өз ара жымдасуынан ерін дауыссыздары немесе билабиаль дыбыстар ***(м, б, п...)*** жасалады. Астыңғы еріннің үстіңгі тіске тиюінен немесе оған жуықтауынан лабиаль-денталь дыбыстар ***(ф, в)*** жасалады.

Сонымен, тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбыстау мүшелерінің әрқайсысының белгілі бір қызметі болады. Бірақ олардың әрқайсысының қызметі өз алдына жеке-дара болмай, бірінің қызметі екіншісіне бағынышты және өз ара тығыз байланысты болады.

§4. ТІЛ ДЫБЫСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ (ДАУЫССЫЗДАР МЕН ДАУЫСТЫЛАР)

Тілдердің барлығында да дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп екі топқа бөлу — ертеден келе жатқан дағды. Дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастырудың тіл білімінде ұзақ тарихы болғанымен, бұлайша топтастыруға негіз болатын басты белгілер әлі де болса жете айқындалмай келеді. Бұл мәселе жайында жалпыға бірдей ортақ көзқарастың жоқтығы[1] да осыдан болып отыр.

Әр түрлі тілдердегі дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастыруға негіз болатын жалпылама ортақ белгі ретінде, әдетте, олардың буын құрау қызметі аталады. Буын құрау (слогообразование) тұрғысынан алғанда, дауыстылар буын жасай алатын негізгі ұйтқы, басты тұлға ретінде, ал дауыссыздар өздігінен буын жасай алмайтын, дауыстылардың жетегіндегі көмекші элементтер ретінде ғана қаралады. Кейбір тілдерде, мысалы, готтентот тілінде және неміс тілінің кейбір диалектілерінде, дауысты дыбыстан соң келген сонор дыбыс өз алдына дербес буын құрай алады. Алайда, дауыссыздың дауысты дыбыспен тіркесінде, дауыссыздың буынға ұйтқы боларлықтай жағдайы бірде-бір тілде кездеспейді. Дауысты дыбыспен барабар сонор дыбыстары буын құрай алатын тілдердің өзінде де (мысалы, чех тілінде) сонор дыбыс дауысты дыбыспен тіркескенде дифтонг жасай алмайды да, дауыссыз дыбыс қызметінде қалады.

Дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастырғанда, олардың акустикалық жақтары мен физиологиялық жақтары да еске алынады.

Акустикалық тұрғыдан қарағанда, дауыстылар мен дауыссыздарды бір-бірінен ажырату музыкальды үн (тон) мен салдырға негізделеді. Дауыстыларда үн басым да, дауыссыздарда салдыр басым. Бұл ретте мына жағдайды да ескеру қажет: салдырдың элементтері дауыстыларда мүлдем жоқ деуге болмайды; ал кейбір дауыссыздарда, атап айтқанда, ұяңдарда музыкальды үн (тон) бар. Сонор дыбыстарды дауыстылардың немесе дауыссыздардың қатарына тікелей теліп қою да қиын мәселе болып саналады. Акустикалық тұрғыдан алып қарағанда, сонор дыбыстарды, әсіресе ***л, р*** дыбыстарын, дауыстылардың қатарына емес, дауыссыздардың қатарына жатқызуға жеткілікті негіз жоқ екені айтылып жүр[2]. Бұлай болатындығы: сонор дыбыстарда салдырға қарағанда үн (тон) басым. Ал сонор дыбыстар оқулықтар мен жеке еңбектерде дауыстылардың

---

[1] *Л. Р. Зиндер.* Общая фонетика. Издательство Ленинградского университета, 1960, стр. 106.

[2] Бұл да сонда, 108-бетінен қараңыз.

емес, дауыссыздардың қатарында қаралғанда, тілдердің басым көпшілігінде олардың буын құрай алмайтындығы ескеріледі.

Физологиялық (артикуляциялық[1]) тұрғыдан алып қарағанда, дауыстыларды айту үстінде фонациялық ауа (сөйлеп тұрғанда шыққан ауа): 1) кедергіге ұшырамай, тоскауылсыз еркін шығады; 2) дыбыстау мүшелеріне күш түспей, оның қалпы жайдары болады; 3) фонациялық ауа баяу (лепсіз) шығады. Ал дауыссыздардың артикуляциясы мұнан басқаша болады. Дауыссыздарды айтқанда, фонациялық ауа: 1) кедергіге ұшырап, тоскауылмен айтылады; 2) тоскауылдан өту кезінде дыбыстау мүшелеріне күш түседі; 3) фонациялық ауаның шығу қарқыны күштірек болады.

Дауыстылар мен дауыссыздарды артикуляциялық жақтарынан алып ажыратудың жалпылама ортақ белгісін Бодуэн де Куртенэ айқындаған болатын. Ол белгі мынадай: дауыссыз дыбыстың жасалу кезінде қысым (напряжение) дыбыстау аппаратының бір ғана мүшесіне түседі. Ал дауысты дыбыстың жасалу кезінде қысым бір мүшеге емес, бүкіл дыбыстау аппаратына жайылып, жалпылама болады. Сөйтіп, дауыссыздар локальды немесе бір мүшелі артикуляциямен сипатталса, дауыстылар локальды емес артикуляциямен сипатталады.

Дауыстылар мен дауыссыздарды бір-бірінен ажыратуда негізге алынатын басты белгілер — міне, осылар.

§5. ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Қандай бір тілде болсын, дауысты дыбыстарға қарағанда, дауыссыз дыбыстар көп. Дауыстылармен салыстырғанда, дауыссыздардың классификациясы әлдеқайда күрделі. Сондықтан дауыссыздарды сипаттап мінездеме беру және оларды топтастырып классификация жасау акустикалық жақтан да, артикуляциялық жақтан да көптеген жайларды есепке алуды қажет етеді.

Дауыссыздардың кейбіреулері дауыстың (үннің) қатысуымен жасалса, қайсыбіреулері дауыстың қатысуынсыз жасалады. Осыған орай, дауыссыздар екі топқа бөлінеді: оның бірі — *қатаң дауыссыздар,* екіншісі — *ұяң дауыссыздар.* Қатаң дауыссыздар деп дауыстың қатысынсыз жасалған дауыссыздарды айтамыз да, ұяң дауыссыздар деп дауыстың қатысуымен жасалған дауыссыздарды айтамыз.

Егер дауыссыздарды айтқанда, дауыс шымылдығы (голосовая связка) жиырылып қысылмаса және дауыстың (үннің) қатысы болмаса, онда қатаң дыбыстар жасалады. Мысалы: ***қ, к, т, п, с*** және т. б. Егер дауыссыздарды айтқанда, дауыс шымылдығы үн шығарарлық қалыпта болса, онда ұяң дыбыстар жасалады. Мысалы: ***ғ, г, д, б, з*** және т. б.

Қатаң дауыссыздар мен ұяң дауыссыздар түрлі тілдерде дауыстың (үннің) қатысу немесе қатыспауы жағынан ажыратылады да, өз ара жұп-жұбымен айтылады. Тіл-тілде қатаң дауыссыздардың ұяң сыңарлары, керісінше, ұяң дауыссыздардың қатаң сыңарлары бар. Мысалы: ***к—г, п—б, т—д, с—з, ф—в*** және т. б.

Қатаң дауыссыздар мен ұяң дауыссыздар бір-бірінен үннің бірінде болуы, екіншісінде болмауы жағынан ғана емес, сонымен бірге салдырдың қатысы жағынан да ажыратылады. Атап айтқанда, қатаң дауыссыздарда салдар басым болады. Осыған орай, ұяңдарға қарағанда, қатаң дауыссыздарда ауаның қарқыны басым болады. Сондықтан да, қатаң дауыссыздар, кейде, *қарқынды* немесе *күшті* (сильные) *дауыссыздар* деп те аталады. Ал ұяң дауыссыздарды айтқанда, ауаның қарқыны, қатаң дауыссыздарға қарағанда, баяу болады. Осымен байланысты, ұяңдар *әлсіз дауыссыздар* деп аталады. Алайда бұл екі құбылыс тіл-тілдің бәрінде қабысқан күйінде ұшырай бермейді. Кейбір тілдерде құлаққа қатаң дыбыс түрінде де, ұяң дыбыс түрінде де естілетін дауыссыз дыбыстардың айрықша бір түрі кездеседі. Бұлай болатындығы олар дауыстың қатысу белгісі жағынан қатаң дауыссыздардың қатарына енеді де, ауа қарқынының дәрежесі жағынан ұяңдардың қатарына енеді. Дауыссыздардың бұл айрықша түрі фин тілдерінде және неміс тілінің кейбір диалектілерінде кездеседі[1].

Дауыссыздар жұмсақ таңдайдың қалпына қарай **ауыз жолды** және **мұрын жолды дауыссыздар** болып екі топқа бөлінеді. Егер жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, жұтқыншақтан мұрын қуысына баратын кіре беріс жолды жауып тұрса, онда ауа ауыз қуысымен өтеді де, осының нәтижесінде ауыз жолды деп аталатын дауыссыздар (мысалы: ***б, д*** және т. б.) жасалады. Егер жұмсақ таңдай төмен түсіп, жұтқыншақтан мұрын қуысына баратын кіре беріс ашық болса, онда ауа мұрын қуысынан өтеді де, осының нәтижесінде мұрын жолды деп аталатын дауыссыздар жасалады (мысалы: ***м, н...***).

Артикуляциялық жолына қарай салдыр дауыссыздар (қатаңдар мен ұяңдар) *шұғыл дауыссыздар* (взрывные) және *ызың дауыссыздар* (щелинные) болып екі топқа бөлінеді.

Шұғыл дауыссыздарды айтқанда, дыбыстау мүшелері бірібіріне жабысады да, бірден кілт ажырасып кетеді, осының нәтижесінде ауа үзіліп, шұғыл шығады. Шұғыл дауыссыздардың осы қасиеті ескеріліп, олар *эксплозив*[2] дауыссыздар деп те ата-

---

[1] *Артикуляция* — латын тілінің *articulare* —«ажыратып айтып беру» деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин.

[1] *М. И. Матусевичтің* жоғарыда аталған еңбегінің 38-бетін қараңыз.

[2] *Эксплозив* — француз тілінің *explosif* — «жарылушы» деген сөзінен жасалған термин.

лады. Шұғыл (эксплозив) дауыссыздар мыналар: ***п, б, т, д, к, г, қ.***

Шұғыл дауыссыздардың айтылу ерекшелігін ***т*** дыбысының артикуляциялық жолын сипаттаудан да аңғаруға болады. Бұл дыбысты айтқанда, тілдің ұшы күрек тіспен жымдасып, бірден кілт ажырап кетеді де, ауа шұғыл шығады.

Ызың дауыссыздар дыбыстау мүшелерінің жымдасуынан емес, тек өз ара жуысуынан, соның нәтижесінде, ауаның сүзіліп шығуынан жасалады. Ызың дауыссыздар кейде **фрикатив**[1] дауыссыздар деп те аталады. Олар мыналар: ***в. ф, ғ, с, ш, х, з, ж, һ.***

Ызың дауыссыздардың айтылу ерекшелігін ***х*** дыбысының артикуляциялық жолын сипаттаудан да аңғаруға болады. Бұл дыбысты айтқанда, тіл мен таңдай нық жабыспай, тек бір-бірін жуысады да, ауа сүзіліп ызыңмен шығады.

Тіл-тілде ызың дауыссыздар мен шұғыл дауыссыздардың ерекшеліктерін бірдей қамтыған дауыссыз дыбыстар да кездеседі. Мұндай дауыссыздар *аффрикат* дыбыстар деп аталады. Аффрикаттар ***(ц, ч...)*** шұғыл дауыссыз дыбыстың элементінен басталып, ызың дауыссыз дыбыстың элементімен аяқталады. «Элементтері» деп отырғанымыз мынадан: ***ц*** аффрикаты — толық ***т*** мен ***с*** дыбыстарының механикалық қосындысы емес; бұл — аффрикат аталған дыбыстардың элементтерінің бір-бірімен жымдасып бір бүтін дыбыс болып кетуінен жасалған. ***ч*** аффрикаты да осы тәріздес. Бұл аффрикат та дербес ***т*** мен ***ш*** дыбыстарының толық қосындысы емес, аталған дыбыстар элементтерінің органикалық байланысуынан, жымдаса кірігуінен жасалған дыбыс.

Дауыссыздар артикуляциялық орнына қарай мынадай топтарға бөлінеді: 1) ерін немесе лабиаль[2] дауыссыздар. Ерін дауыссыздары астыңғы еріннің үстіңгі ерінге немесе үстіңгі тіске тиюінен жасалады. Лабиаль дауыссыздар өз ішінде екі топқа бөлінеді: а) астыңғы еріннің жоғарғы ерінмен жуысуынан ерін-еріндік (губно-губные) немесе билабиаль[3] дауыссыздар жасалады. Мысалы: ***б, п, м***; ә) астыңғы еріннің үстіңгі тіспен жуысуынан еріндік-тіс (губно-зубные) немесе лабиоденталь[4] дауыссыздар жасалады. Мысалы: ***ф, в.***

2) Тіл алды дауыссыздар. Тіл алды дауыссыздардың жасалуында тілдің алдыңғы бөлегі активті қызмет атқарады.

[1] *Фрикатив* — латын тілінің *fricatia* — «үйкелу» («трение») деген сөзінен жасалған термин.

[2] *Лабиаль* — латын тілінің *labia* —«ерін деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин.

[3] *Билабиаль* — латын тілінің *bi* — «екі және *labia* —«ерін» деген мағынадағы сөздердің бірігуінен жасалған термин.

[4] *Лабиоденталь* — латын тілінен *labia* —«ерін» және *dens (dentis)*—«тіс» деген мағынадағы сөздердің бірігуінен жасалған термин.

Ол өзінің өте-мөте жылжымалы болу қасиетіне қарай, әр түрлі қалыпта болып, дауыссыздардың түр-түрін жасауға қатысады. Тіл алды дауыссыздар өз ішінде екі топқа бөлінеді. а) тіс дауыссыздары немесе дениталь[1] дауыссыздар: ***т, д, с, з, н. л***; ә) тіл ұшын немесе альвеоляр[2] дауыссыздар: ***ч, ш, р, ж.***

Тіс дауыссыздары жасалуы жағынан бір-біріне ұқсас болғанмен, олардың бірінен-бірінің айырым жақтары жоқ емес. Мысалы ***т, д*** дауыссыздары тіл ұшының үстіңгі күрек тіске тиіп тұруынан жасалса, ***с, з*** дыбыстары тіл ұшының астыңғы тіске жууынан жасалады. Альвеоляр дауыссыздардың ішінде де осындай айырмашылықтар бар.

3) Тіл ортасы дауыссыздары. Тіл ортасы дауыссыздары тілдің орта шенінің үстіңгі жағының қатты таңдайға жуықтасуынан жасалады. Бұған орыс тілі мен қазақ тіліндегі ***й*** дыбысы және неміс тілінде графикалық жақтан ***ch*** әрпімен таңбаланатын дыбыс (мысалы, ***ich*** — «мен» деген мағынада қолданылатын сөздегі дыбыс) жатады.

4) Тіл арты дауыссыздары. Тіл арты дауыссыздары тілдің артқы шенінің жұмсақ таңдайға жуықтасуынан жасалады. Тіл арты дауыссыздарына орыс тіліндегі ***к, г, х*** дыбыстары, қазақ тіліндегі ***қ, ғ, ң,*** дыбыстары жатады. Қазақ тілінде ***к, г*** дыбыстары тіл ортасы дыбыстарының қатарында саналып жүр[3].

5) Көмей (фарингаль) дауыссызы. Дауыссыздың бұл түрі жұтқыншақ қуысында тілдің артқы шенінің кейін шегіну және жұтқыншақ қуысының тарылуынан жасалады. Көмей дауыссызына түркі тілдері мен неміс тіліндегі ***һ*** дыбысы (неміс тіліндегі *haqen* — «болу, бар», *Freiheit* — «бостандық» деген мағыналарда қолданылатын сөздердің құрамындағы дыбыс) жатады.

Дыбыстардың артикуляциялық ұқсастықтары неғұрлым мол болса, олар өз ара бірімен-бірі алмасуға соғұрлым икемдірек болады. Мысалы, ***п*** дыбысы ***д*** дыбысына қарағанда ***б*** дыбысымен алмасуға икем болса, ***ш*** дыбысы ***т*** дыбысына қарағанда ***с*** дыбысымен алмасуға әлдеқайда икем. Өйткені бұл дыбыстардың (***п*** мен ***б, ш*** мен ***с***) артикуляциялық жақтан өз ара ұқсастықтары мол.

Дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық жолы мен артикуляциялық орнына қарай жіктеліп, топ-топқа бөлінуін жете білу-

[1] *Денталь* — латын тілінің *(dentalis>dens)* «тіс» деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин.

[2] *Альвеоляр* — латын тілінің *alveolus* —«қуыс деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин.

[3] Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 135-бет.

дің дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өз ара үндесу заңдылығын түсіну үшін үлкен мәні бар[1].

Тіл білімінде дауыссыз дыбыстар жүйесі консонантизм[2] деп те аталады[3].

§6. ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

Дауыстыларға тән акустикалық ерекшелік — оларда музыкальды тонның болуы. Әрбір дауысты дыбыста ырғағы жағынан түрліше болып келетін тонның белгілі бір мөлшері (саны) болады. Бұлардың бәрінің жиынтығынан дауыстының әуені (тембр) немесе сапасы жасалады. Дауыстылардағы тон жұтқыншақ үстіндегі қуыстың тоны болып табылады да, ол етене тон (характерный тон) немесе дауыстының формантасы (форманта гласного) деп аталады.

Сөйлеу каналында екі резонатор пайда болады: оның біреуі ауыз қуысында, екіншісі жұтқыншақ қуысында болады. Бұлардың әрқайсысында өзіне тән тон бар және осылардың (тондардың) ұштасып келген тізбегі дауыстылардың әуенін (тембр) немесе сапасын белгілеп айқындайды да, құлаққа естілу жағынан дауыстыларды, мысалы ***а*** дыбысын ***о*** дыбысынан немесе басқа бір дыбыстан ажыратады.

Сонымен, өзінің акустикалық табиғаты жағынан дауыстылар музыкальды тонға ие дыбыстар болып саналады. Музыкальды тон шығу тегі жағынан көбінесе дауысқа негізделеді. Дыбыстардың бұл түріне қатысты дауыстылар деген терминнің алынуы да жайдан-жай емес. Көптеген тілдерде дыбыстардың бұл тобына қатысты терминдер дауыс деген сөзбен (мысалы, орыс тілінде голос деген сөзбен) байланыстырылады.

Дауыстылардың жасалуының анатомия-физиологиялық жалпы жағдайының ерекшелігі мынада: сөйлеу каналында салдыр тудырарлықтай елеулі кедергінің болмауы және ауа ағысының баяу өтуі. Ауа ағысының болуы дауыстылардың жасалуының қажетті және басты шарты болып саналады.

---

[1] Бұл мәселе жайында толығырақ мағлұматты 13-параграфтан қараңыз.

[2] Консонантизм — латын тілінің consonans, conconontis «дауыссыз дыбыс» деген мағынадағы сөзінен жасалған термин.

[3] Дауыссыз дыбыстар және олардың түрлері жайында әдебиеттер: *И. А. Батманов.* Современный киргизский язык, часть I, фонетика. Фрунзе, 1953, раздел «Согласные», стр. 78—106; *Н. А. Баскаков.* Каракалпакский язык, II, фонетика и морфология, часть I, М., 1952, «Классификация согласных», стр. 70—99; *Э. В. Севортян.* Фонетика турецкого литературного языка, М., 1955. «Классификация согласных», стр. 43—46: *П. П. Барашков.* Некоторые свойства якутских согласных. «Тюркологический сборник», I М. Л., 1951; *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка, М. —Л., 1960; Раздел «Согласные фонемы», стр. 23—35; І. *К. Кеңесбаев.* Қазіргі қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары. —«Халық мұғалімі», 1948, №11; *М. И. Матусевич.* Введение в общую фонетику. М., 1959, глава III.

Тіл-тілде дауысты дыбыстар саны жағынан да, сапасы жағынан да түрлі-түрлі болып келеді. Кейбір тілдерде дауыстылардың саны көп те, қайсыбіреулерінде аз. Мысалы, қазақ тілінде тоғыз жалаң дауысты дыбыс (монофтонг) болса (***а, е, ы, і, ә, о, ө, ұ, ү***), орыс тілінде алты дауысты дыбыс (***а, э, и, ы, о, у***) бар. Ағылшын тілінде дауыстылардың саны — жиырма бір (оның ішінде он екісі жалаң дауысты), қырғыз тілінде — он төрт (оның ішінде сегізі жалаң дауысты), ойрот тілінде — он алты (оның ішінде тең жартысы жалаң дауысты).

Кейбір тілдерде дауысты дыбыстардың жалаң немесе келте айтылатын дауыстылар (простые или краткие гласные) және созылыңқы дауыстылар (долгие гласные) деп аталатын екі түрі болады. Мысалы, қырғыз, ойрот, түрікмен, якут, хақас тілдерінде қысқа айтылатын жалаң дауыстылардан басқа созылыңқы дауыстылар да (мысалы: ***аа, оо, ұұ*** т. б.) бар.

Дауыстылардың классификациясының екі түрі (типі) бар: оның бірі физиологиялық (немесе генетикалық) классификация, екіншісі — акустикалық классификация.

Физиологиялық классификация кең тараған және практикалық жақтан қолайлы деп саналады. Физиологиялық классификация дауыстылардың артикуляциясы кезінде дыбыстау мүшелерінің қызметі мен қалпына негізделеді. Физиологиялық классификацияның кемшілігі де жоқ емес. Ол кемшілік мынада: оның схемасына орналасқан негізгі дауыстылардың тобы бір-бірінен ашық-айқын ажыратылады да, аралық дауыстыларға келгенде, физиологиялық классификация әлсіз болып қалады. Анығырақ айтқанда, физиологиялық классификация бойынша, аралық дауыстыларды дыбыстардың (дауыстылардың) белгілі бір тобына теліп қою қиын. Мысалы, жақтың ашылу қалпына қарай мейлінше ашық дауыстылар — ***ә*** мен ***а*** дыбыстары да, мейлінше қысаң дауыстылар — ***ы*** мен ***ұ*** және ***ү*** дыбыстары. Ал, ***е, і*** дауыстылардың қатарына жатқызу — мейлінше шартты нәрсе, өйткені бұлар аралық дауыстылар. Орыс тілінде ***е*** мен ***о*** дыбысы орташа көтеріңкі дауысты дыбыстың (гласные среднего подъема) қатарына жатқызылып жүр.

Сонымен, дауыстылардың ішінде ашық-айқын белгілі бір топқа күмәнсыз телінетін дыбыстар да, әр түрлі топтардың шекарасынан орын алатын аралық дыбыстар да болады. Физиологиялық тұрғыдан оларды белгілі бір топқа ғана теліп қою олардың табиғатын әрқашан дұрыс аңғарта бермейді.

Физиологиялық классификацияның осы аталған қиындығы дауыстыларды акустикалық тұрғыдан, яғни дауыстыларды олардың өте-мөте тән тонның ырғағы тұрғысынан, айқындап, классификация жасаудың қажеттілігін тудырды. Бірақ бұл бағытта әрекеттер жасалғанмен, олар қанағаттанарлық нәтиже бере алмады. Бұл — бір. Екіншіден, физиологиялық классификация

акустикалық классификацияға қарағанда әлдеқайда қолайлы және оның нәтижелері де ашық-айқын аңғарылып тұрады. Сондықтан да ол (физиологиялық классификация) фонетикада кең түрде қолданылады.

Дауыстылар сөйлеу мүшелерінің негізгі үш түрінің қатысы мен қалпына қарап, атап айтқанда, 1) тілдің қалпына, 2) ерінінің қатысына және 3) жақтың ашылу қалпына қарай топтастырылады.

1) Тілдің артқы таңдайға қарай жиырылып, бүктеліңкіреп айтылуынан жуан дауыстылар (***а, ы, о, ұ***) жасалса, оның (тілдің) таңдайдың алдыңғы жағына жуықтап айтылуынан жіңішке дауыстылар (***ә, е, і, ө, ү***) жасалады.

Дауысты дыбыстарды ж у а н д а у ы с т ы л а р (гуттураль) және ж і ң і ш к е д а у ы с т ы л а р (палаталь) деп екі топқа бөліп қараудың түркі тілдерінде сингармонизм заңдылығын (дауыстылардың үндесу заңдылығын) танып білуде үлкен мәні бар.

2) Ерін қатысына қарай дауыстылар е р і н д і к және е з у л і к болып екі топқа бөлінеді. Еріндік дауыстылар еріннің алға сүйірленуінен жасалса (***о, ө, ү, ұ...***), езулік дауыстылар еріннің кейін тартылып, езудің жиырылуынан жасалады (***ы, і, е...***).

Дауысты дыбыстарды еріндіктер және езуліктер деп екі топқа бөліп қараудың түркі тілдеріндегі (қырғыз, түрікмен, хақас, ойрот т. б. тілдердегі) ерін үндестігін (губная гармония) танып білуде үлкен мәні бар.

3) Жақтың ашылу қалпына қарай дауысты дыбыстар а ш ы қ д а у ы с т ы л а р және қ ы с а ң д а у ы с т ы л а р болып екі топқа бөлінеді. Ашық дауыстылар жақтың кең ашылып, иектің төмен түсуінен жасалса (***ә, а...***), қысаң дауыстылар жақтың болар-болмас ашылуынан жасалады (***ұ, ү, ы, і...***). Ашық дауыстылар мен қысаң дауыстылардың аралығындағы дауыстылар— ***о, ө, е,*** дыбыстары. Дауыстыларды ашық және қысаң деп бөлу— шартты нәрсе. Дауысты дыбыстардың көпшілігі ашық дауысты дыбыс (***а***) пен қысаң дауысты дыбыстың (***ұ***) аралығынан орын алады. Ондай аралық дыбыстар не ашық дауысты, не қысаң дауыстыға бейімделуіне қарай екі топтың біріне шартты түрде телінеді.

Тіл-тілде келте (краткий) дауыстылармен бірге созылыңқы дауыстылар да болады дедік. Дауысты дыбыстың созылыңқы немесе келте айтылуы әр түрлі фонетикалық жағдайларға байланысты болуы мүмкін.

Кейбір тілдерде дауыстының келте немесе созылыңқы айтылуы оның (дауыстының) сөз ішіндегі орнына байланысты болады. Мысалы, француз тілінде сөздің ең соңында тек қана қысқа (келте) дауыстылар айтылады.

Буынның түрі де дауыстының келте немесе созылыңқы айтылуына әсер етуі мүмкін. Мысалы, ашық буындағы (дауыстыға біткен буын) дауыстыға қарағанда, тұйық буындағы (дауыссызға біткен буын) дауысты, әдетте, келте айтылады.

Кейбір тілдерде дауыстының келте немесе созылыңқы айтылуы көршілес дыбыстарға байланысты болады. Мысалы, орыс тілі мен ағылшын тілінде қатаң дыбыстың алдында келген дауыстыға қарағанда, ұяң дыбыстың алдына келген дауысты созылыңқы айтылады. Сондай-ақ, аталған тілдерде шұғыл дауыссыздардың (смычные) алдына келген дауыстыға қарағанда, ызың дауыссыздардың (щелевые) алдында келген дауыстылар да созылыңқы айтылады.

Кейбір тілдерде, мысалы, орыс тілінде, дауыстының келте немесе созылыңқы айтылуы екпінге байланысты болады. Орыс тілінде екпін түспеген буындағы дауыстымен салыстырғанда, екпін түскен буындағы дауысты анағұрлым созылыңқы айтылады.

Жоғарыда аталған барлық жағдайларда созылыңқылық қандай да болсын белгілі бір дыбыстың табиғатымен байланысты емес. Атап айтқанда, аталған фонетикалық жағдайларда белгілі бір дауыстының келте не созылыңқы айтылуы сол дауыстыға тән де, тұрақты да қасиет емес. Дауыстының бұлайша келте немесе созылыңқы айтылуын белгілі бір фонетикалық жағдайларға ғана байланысты туған ерекшелік деп түсінген мақұл. Дауыстының фонетикалық жағдайларға ғана байланысты созылыңқы болып келу ерекшелігі ескеріліп, созылыңқылықтың мұндай түрі (типі) фонетикалық түр (тип) деп аталады.

Тіл-тілде созылыңқылықтың фонологиялық түрі де бар. Оның табиғаты мынадай: тілде бір-біріне қайшы қойылатын келте және созылыңқы дауысты фонемалар болады. Ондай фонемалардың келтелігі немесе созылыңқылығы фонетикалық жағдайларға тәуелді емес, сол фонемалардың өзінің табиғатына тән белгісі және тұрақты белгісі болып саналады. Мұндай жағдайда дауыстылардың келте немесе созылыңқы айтылуы сөз мағыналарын ажырата алатын қасиетке ие болады. Дауыстының созылыңқылығының фонемалық қасиетке ие болу жағы ескеріліп, созылыңқылықтың бұл түрі (типі) фонологиялық түр деп аталады.

Дауыстының созылыңқы түрінің сөз мағыналарын ажырату қызметі (фонемалық қызметі) бірсыпыра тілдерге тән. Мысалы, фин тілінде «қайраң» (мель) деген мағынадағы *kari* деген сөз бен «доға» мағынасындағы *kaari (ka:ri)* деген сөз бірінде келте ***а*** дыбысы, екіншісінде созылыңқы ***а*** дыбысы келуі арқылы бір-бірінен мағыналық жақтан ажыратылады. Сондай-ақ, фин тілінде *vara* деген сөз «шыбық» деген мағынаны білдірсе, құрамында созылыңқы ***а*** дыбысы келген *varaa* деген сөз «еркін» («свободный») деген мағынаны білдіреді.

Созылыңқы дауыстылар кейбір түркі тілдерінде де ұшырасады. Мысалы, қырғыз тілінде алты созылыңқы дауысты дыбыс (***аа, ээ, оо, өө, ұұ, үү***), ал ойрот, хақас тілдерінің әрқайсысында сегіз-сегізден созылыңқы дауысты дыбыс (***аа, ээ, (ее), ы, ии, оо, өө ұұ, үү***) бар.

Аталған тілдерде созылыңқы дауыстылардың сөз мағынасын өзгертуге әсері бар. Атап айтқанда, құрамында жалаң дауысты дыбыс қолданылған сөздің мағынасынан құрамында созылыңқы дауысты дыбыс қолданылған сөздің мағынасы басқаша болады.

Мысалы, қырғыз тілінде *мал* деген сөздің мағынасы қазақ тіліндегі мағынасымен бірдей; ал созылыңқы дауысты дыбыс келген *маал* деген сөз қырғыз тілінде «уақыт» деген мағынаны білдіреді.

Сондай-ақ мына мысалдардан да созылыңқы дауыстылардың сөз мағынасын ажырататындығын аңғаруға болады:

Қырғызша *эр* — қазақша «ер» («еркек, ер адам»).
Қырғызша *ээр* — қазақша «ер» («атқа салатын ер»).
Қырғызша *болуқ* — қазақша «толық».
Қырғызша *боолуқ* — қазақша «бау, баулық».
Түрікменше *бар* — қазақша «бар» (бұйрық райлы етістік).
Түрікменше *баар* — қазақша «бар» (қарсы мағынасы — «жоқ»).
Түрікменше *ат* — қазақша «ат» («жылқы»).
Түркіменше аат — қазақша «ат» («есім»).
Түрікменше *йаз,* якутша *сас,* қазақша «жаз» («бұйрық райлы етістік»).
Түрікменше *йааз,* якутша *саас,* қазақша жаз (жылдың төрт мезгілінің бірі) т. б.

Дауыстылардың созылыңқы түрінің мағына ажыратушылық қызметі түркі тілдерінің ішінде әсіресе хақас тілінде басым. Созылыңқы дауыстылардың фонемалық қызметін хақас тіліндегі төмендегі сөздерді салыстырудан көруге болады: созылыңқы ***аа*** дыбысы мен ***а*** дыбысы мынандай сөздердің мағыналарын бірбірінен ажыратады: *аал* — «қыстақ, ауыл», *ал* — «ал», қарсы мағынасы —«бер»; *аар* —«ара», *ар* —«ары, арықта» (етістік); *аас* —«ауыз», *ас* —«дән, астық»; *паар* —«бауыр», *пар* —«бар», қарсы мағынасы —«жоқ»; *паала* —«бағала», *пала* — «бала», *салаа* —«саусақ», *сала* —«сәл», *таан* —«ұзақ» (құс), *тан* — «жел» (самал), *хаас* —«қайыс» (белбеу), *хас* —«қаз» (құс), т. б. Созылыңқы айтылатын *ы* және *ии* дауыстылары мен қысқа айтылатын ***ы*** және ***и*** дауыстысы төмендегі сөздердің бір-бірінен мағыналарын ажыратуға көмектеседі: *сыыр* —«кіреді», *сыр* — «сыр» (бояу); *тыыт* —«күшейту», *тыт* —«бал қарағай», «сағыз қарағай»; *чыылығ* —«жиналыс», *чылығ* —«жылы»; *ыыр* —«жаулық»; *ыр* —«жыр» (өлең); *иир* —«кеш, кешке», *ир* —«ер» (еркек); *сиир* —«сіңір», сир —«жұтып қою», *киис* —«киіз», *кис*—

«кес» т. б. Сондай-ақ хақас тілінде төмендегі сөздер бір-бірінен созылыңқы айтылатын *оо; уу* дыбыстары мен қысқа айтылатын *о, у* дыбыстары арқылы ажыратылады: *оол* — «ұл», *ол* — «ол» (есімдік); *оос* —«жұмыртқаның сарысы» *ос* —«көктерек» («боз тал тұқымдас жапырақты терек); *оой* —«оңай», *ой* —«ой, ойпаң»; *оот* —«уақта, жар», *от* —«отын», *оорта* —«ұртта», *орта*— «тура» (тік); *поос* —«байлауыш» (аспа, байлам жіп), *пос* — «бос»; *соох* —«суық», *сох* —«сок, ұр»; *соор* —«шана», *сор* —«мағынасы қазақ тіліндегі *сор* деген етістікпен бірдей; *чоох* —«сөз, әңгіме» («разговор»), *чох* —«жоқ»; *чоон* —«жуан», *чон* —«халық», *хуур* —«өңі түсу, оңу», *хур* —«құр» (белбау), *суух* —«сұйық», *сух* —«сұқ», *суур* —«суыр» (етістік), *сур* —«моншақ» т. б.[1]

Тарихи тұрғыдан алғанда, кейбір түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстыларды о бастан бар еді деуге болмайды. Созылыңқы дауыстылар тілдің замандар бойындағы даму барысында әр түрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырауының нәтижесінде пайда болған. Мысалы, зерттеушілердің пікірінше, созылыңқы дауыстылар хақас тілінде екі дауысты дыбыстың аралығында келген дауыссыздардың, көбінесе ***ғ, г*** дауыссыздарының түсіп қалуы нәтижесінде пайда болған. Хақас тіліндегі фонетикалық бұл құбылыс ондағы сөздерді басқа түркі тілдеріндегі мәндес келетін сөздермен салыстырғанда, ашық-айқын аңғарылады. Тіл арты ***ғ, г*** дауыссыздары кейбір түркі тілдерінде ***й, в, у*** дыбыстарына айналған. Мысалдар: 1) *хақасша — оол,* түрікменше — *оғул,* енисей-орхон жазба ескерткішінде — *оғыл,* түрікше — *ogul,* өзбекше — *уғил,* алтайлықтарша — *уул,* қазақша, қара қалпақша — *ұл;* 2) хақасша — *аас,* әзірбайжанша — *ағыз,* татарша — *авыз,* түрікменше — *ағыз,* өзбекше — *оғиз,* қырғызша — *ооз,* алтайлықтарша — *оос,* қазақша — *ауыз;* 3) хақасша — *паар,* шорша — *пағыр,* әзірбайжанша — *бағыр,* татарша — *базыр,* түрікменше — *бағыр,* қырғызша — *боор,* қазақша — *бауыр* т. б.

Хақас тілінде созылыңқы дауыстылар мынадай жағдайларда жасалады:

1) Есім сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанғанда: *ізіг* — «ыстық», *ізиң* —«ыстығы, *тағ* —«тау», *таа* —«тауы»; *суғ* —«су», *суу* —«суы», *сууң* —«суың», *азах* —«аяқ», *азаа* —«аяғы», *азаң* —«аяғың» т. б.

2) Есім сөздерге барыс септік жалғауы жалғанғанда: *киме* —«қайық», *киемее* —«қайыққа»; *тура* —«үй», *тураа* —«үйге»; *кізі* —«кісі», *кізее* —«кісіге»; *хурчу* —«оймақ», *хурчаа* —«оймақа»; *улгу* —«ұлық, әкім», *улгее* —«ұлыққа, әкімге» т. б.

3) Етістіктің есімше түрлерінде: *ойнаан* —«ойнаған», *сөле-*

[1] Бұл мысалдар *Н. А. Баскаков* пен *А. И. Инкижекова — Грекулдің* «Фонетические особенности хакасского языка и его диалектов». деген мақаласынан алынды, Қараңыз: «Труды института языкознания», М., 1954, том IV, стр. 347—348.

ен —«сөйлеген», *тастаан* —«тастаған», *пастаан* —«бастаған», *килбеен* —«келмеген», *синмеен* —«сенбеген», *албаан* —«алмаған»; *саар* —«сауар», *чуур* —«жуар» т. б.

4) Етістіктің көсемше түрінде: *чуғ* —«жу», *чууп* —«жуып»; *сағ* —«сау», *саап* —«сауып», *чағ* —«жау» (жауын), *чаап* —«жауып»[1] және т. б.

Бұл мысалдардан аталған тілдерде созылыңқы дауыстылардың сөз мағынасын ажырата аларлық қасиеті, яғни фонемалық қасиеті бар екені аңғарылады (фонема жайында 8-параграфты қараңыз).

§7. ДИФТОНГТАР МЕН ДИФТОНГОИДТАР

Дифтонгтар[2] — дауыстылардың айрықша бір түрі. Дифтонг деген термин екі дауысты деген мағынаны білдіреді. Оның артикуляциясы да күрделі болады. Әрбір дифтонг дауысты дыбыстың элементінен басталып, дауыстының элементімен аяқталады да, екі дауыстының тіркесінен құралады.

Дифтонгтың табиғаты, әдетте, буынмен байланысты болады. Әрбір дауыстының буын құрайтыны — белгілі жай. Қатар келген дауысты дыбыстардың да әрқайсысы өз алдына дербес буын құрай алады (мысалы: *те-о-ре-ма, зо-о-ло-ги-я*) . Алайда, қатарынан келген екі дауыстының әрқайсысы барлық жағдайда өз алдына дербес буын құрай беруі шарт емес. Кейде қос дауысты дыбыстың бір ғана буын құрауы мүмкін. Екі дауыстыдан дифтонгтың жасалуы үшін олардың (қос дауыстының) бір буынның ішінде кірігуі шарт. Екі дауысты дыбыс бір буынның ішінде кіріккенде, біреуі дауысты дыбыс болу қалпын сақтайды да, екіншісі редукцияланып (әлсіреп), буын құрай алмайтын дыбысқа айналады.

Сөйлеу процесінде екі дауыстының түйіскен жерінде дифтонгты тіркес (дифтонгические сочетание) жасалады. Дифтонгтардың фонологиялығы (фонологичность дифтонгов) туралы мәселе күрделі мәселе болып табылады. Дауыстылардың тіркесі айрықша күрделі фонеманы жасай ма, жоқ, әлде олар қатар тұрған дауыстылардың жай ғана фонетикалық тіркесі ме — бұл мәселе әр түрлі тілдерде түрліше шешіледі. Мұның өзі тіл-тілде фонемалар жүйесінің түрліше болып келуімен байланысты. Егер баяу (жай) сөйлегенде, дауыстылардың тіркесі екі буынға ажыратылып, сөйлеушілер оның элементтерін өз алдына дербес екі фонема ретінде ұғынатын болса және ол фонемалар морфологиялық шегімен де ажыратылатын болса, онда олардың фонетикалық дифтонг болғаны (мысалы, орыс тіліндегі *май, сарай,*

[1] Бұл мысалдар *Н. А. Баскаков* пен *А. И. Инкижекова* — Грекулдің жоғарыда аталған мақаласынан алынды, 349—350-беттері.

[2] Дифтонг — грек тілінің *di(s)* —«екі», «қосарланған» және *phtonos* — «дауыс», «дыбыс» дегенді білдіретін сөздері бойынша жасалған термин.

қазақ тіліндегі *той, қой, молай* және т. б.). Егер баяу (жай) сөйлегенде, дифтонгтың элементтері екі буынға бөлініп кетпей, морфологиялық шекпен (морфологиялық граница) ажырай алмайтын болса және сөйлеушілер оны бір тұтас күрделі дауысты деп ұғынатын болса, онда олардың дифтонг фонема болғаны. Бұл ретте неміс тіліндегі *Bein* («аяқ»), *Eule* («үкі») деген сөздердің құрамындағы дифтонгтарды мысалға келтіруге болады[1]. Дифтонгтардың негізгі екі түрі бар: оның бірі — *шынайы дифтонгтар* (истинные дифтонги), екіншісі — *жалған дифтонгтар* (ложные дифтонги).

Шынайы дифтонгтың екі элементі де бірдей қуатты (напряженные) болады, буын құрау жағынан да тең түседі. Әр буынға ажыратылмағанмен, екі элементі де құлаққа бірдей айқын естіледі. Дифтонгтардың бұл түрі тіл-тілде сирек ұшырасады. Шынайы дифтонг латыш тілінде бар. Мысалы: *meita «meita»* («қыз»), *tauta «tauta»* («халық»)[2] және т. б. Дифтонгтың бұл түрі удэй (удэйский) тілінде де кездеседі. Мысалы: *«паи»* («батпақ»), *«ssuls»* («жібек»)[3].

Жалған дифтонгтың элементтерінің біреуі ғана негізгі элемент ретінде буын құрай алады да, екіншісі буын құрай алмайтын, көмекші элемент ретінде қызмет атқарады.

Жалған дифтонгтарды құрастырушы элементтердің орын тәртібі түрліше болып келуі мүмкін. Мысалы, кейбір дифтонгтардың құрамындағы буын құраушы негізгі элемент буын құрай алмайтын көмекші элементтен бұрын келсе, керісінше, кейбір дифтонгтардың буын құрайтын негізгі элементі буын құрай алмайтын көмекші элементінен соң келеді. Жалған дифтонгтарды *тұйық дифтонг* және *ашық дифтонг* деп екі түрге бөліп қарау олардың құрамындағы осы аталған элементтердің (негізгі және көмекші элементтің) орналасу тәртібімен байланысты.

Алғашқы сыңары буын жасай алатын элементтен, соңғы сыңары буын жасай алмайтын элементтен құралған дифтонг тұйық дифтонг деп аталады. Мысалы, неміс тіліндегі Haus «haos» («үй»), Eis «aes» («мұз») деген сөздердегі ao, ae, қазақ тіліндегі *суат,* «сұуат», *киім,* «кійім» дегендердегі ұу, ій дыбыстары — тұйық дифтонгтар.

«Кейбір индоевропа тілдерінде дифтонг фонемаларды ешбір бөлуге болмайды, оларда сөздің барлық позициясында дифтонг бір кесек буынның құрамында болуға тиісті болса, қазақ тілінде дифтонг қақ жарылып, бірі алғашқы буынға кетсе, екіншісі кейінгі буынға жылысып та кетеді. Түркі тілдерінің фонетикалық заңы бойынша *жу-ар, су-ат, ки-ер, ки-ім* сияқты сөздер

[1] *М. И. Матусевич.* Введение в общую фонетику. М., 1959, стр. 80.

[2] *М. И. Матусевичтің* аталған кітабының 80-беті.

[3] *Л. Р. Зиндер.* Общая фонетика, 1960, стр. 216.

жу-уар, сұ-уат, кі-йер, кі-йім түрінде ғана буынға бөліне алады. Бұл да болса, ***у, и*** арқылы айтылатын фонемалардың әрқайсысы екі элементті (қосарлы) фонема екендігін айқын байқатып отыр»[1].

Тюркологтар түркі тілдерінде өз алдына дербес фонема бола алардықтай дифтонгтар жоқ деп есептейді. Бір буынның көлемінде айтылатын дыбыстардың тіркесін жалған немесе комбинаторлы дифтонг деп таниды[2].

Түркі тілдеріндегі *тау, бау* деген сөздердегі ***а*** мен ***у*** дыбысының тіркесі, *бой, той* деген сөздердегі ***о*** мен ***й*** дыбысының тіркесі, *егеу* деген сөздегі *е* мен ***у*** дыбысының тіркесі жалған немесе комбинаторлы дифтонг деп есептелінеді.[3]. Түркі тілдерінде дифтонгтардың бұл түрі дыбыс тіркестерінің фонетикалық жақтан өзгеруінің (әсіресе ***қ, к, ғ, г*** дыбыстарының) нәтижесінде пайда болған[4].

Алғашқы сыңары буын жасай алмайтын элементтен, соңғы сыңары буын құрай алатын элементтен құралған дифтонг ашық дифтонг деп аталады. Мұндай дифтонгтар француз тілінде ұшырасады. Француз тілінде ***і, ш*** дыбыстарының келесі дауыстылармен тіркесі ашық дифтонгтарға мысал ретінде келтіріліп жүр (*pied* «ple» — аяқ, *moi* «mwa» —«мен» т. б.)[5]. Румын тілінде *ie* түрінде ұшырасатын (мысалы: *miere* — «бал») ашық дифтонг бар[6].

Кейбір дауыстылардың түгелдей болмаса да, белгілі дәрежеде дифтонгты сипаты болады. Ол сипат мынадан көрінеді: дауыстының алдында немесе соңында артикуляциясы жағынан өзіне ұқсас басқа бір дауыстының элементі болады. М. И. Матусевич орыс тіліндегі дифтонгоидтар жайында былай деп жазды: «Белгілі дәрежеде дифтонгты сипаты бар дыбыстар дауыстылардың айрықша категориясын жасайды. Олардың мәнісі мынада: дауысты өзінің алдында (немесе соңында) басқа дауыстының, артикуляциялық жағынан әдетте өзіне ұқсас дауыстының дыбысталуына әр текті сипат береді, бірақ ол әлі де болса дифтонгтық ұғым тудыра алмайды. Мысалы, орыс тілінде дауысты ***о,*** әдетте ***у*** дыбысының кішкене элементінен басталады да, онан соң ***о*** дыбысының қысаң варианты арқылы ашық ***о*** дауыстысына айналады, оны фонетикалық жақтан «$С_п$» түрінде таңбалауға болады»[7].

---

[1] *І. Қ. Кеңесбаев.* Фонетика, Қазіргі қазақ тілі атты кітаптың (Алматы, 1954) 111-бетінен.

[2] *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка. М. —Л., 1960, стр. 22.

[3] *А. Н. Кононовтың* аталған еңбегінің 22-беті; *Н. А. Баскаков.* Каракалпакский язык, II, Фонетика и морфология. М., 1952, стр. 51—54.

[4] *Н. А. Баскаковтың* аталған кітабының 51-беті.

[5] *М. И. Матусевичтің* жоғарыда аталған кітабының 81-беті.

[6] *Р. А. Будагов.* Введение в науку о языке. М., 1958, стр. 150

[7] *М. И. Матусевичтің* жоғарыда аталған кітабының 81—82-беттері.

Мұндай ерекшелік қазақ тілі дауыстыларында да бар. «Қазақ тілінде, басқа түркі тілдеріндегідей ***е, о, ө,*** фонемалары сөздің бас (анлаут) позициясында дифтонг түрде (дифтонгоид деу дұрысырақ болар — Қ. А.) айтылып отырады. Мысалы, *ер, ол, өр* деген сөздердегі *е* дауыстысы ***йэ*** түрінде, ***о*** дауыстысы ***ұо*** түрінде ***ө*** дауысты ***үө*** естіліп тұр: ***э*** фонемасының алдында әнтек ***й*** дыбысы, ***о*** фонемасының алдында әнтек ***ұ*** дыбысы, ***ө*** фонемасының алдында әнтек ***ү*** дыбысы айтылып тұр. Бір есептен бұларды *(иэ, ұо, үө)* тиісінше ***е, о, ө***-лердің фонетикалық варианттары деу жөн болар»[1].

Сонымен, дауыстылардың табиғаты түрліше болады. Тіл білімінде дауысты дыбыстар жүйесі вокализм[2] деген терминмен де аталады[3].

§8. ФОНЕМА

Тілдегі сөздер бір-бірінен мағыналары мен дыбысталуы жағынан ажыратылады. Мысалы, қазақ тіліндегі *тас* пен *тес, тоз* бен *тез* деген сөздердің әр басқа сөздер екендігін олардың мағынасы мен дыбысталуының әр басқа болуына қарап ажыратамыз. Мағына мен дыбысталудың әр басқа болуы сөздердің формаларын да, морфемаларды да ажыратады. Мысалы, біл деген сөздің *біле, біліп, білсе* және т. б. формаларының әр басқа формалар екендігі олардың мағыналары мен дыбысталуындағы айырмашылықтар арқылы белгілі бола алады. Бұл мысалдардан тіл дыбыстарының сөз құрамында келіп, бір-бірінен сөздерді ғана емес, сонымен бірге, сөздің формаларын және морфемаларды ажырататындығын көреміз.

Тіл білімінде дыбыстардың осы қызметіне орай фонема деген ұғым пайда болды. Фонема — сөздер мен олардың дыбыстық формаларын ажырататын, ары қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица.

---

[1] Қазіргі қазақ тілі. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1954, 112-бет.

[2] *Вокализм* — латын тілінің *vocdis* —«дауысты» деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин.

[3] Дауыстылар және олардың түрлері жайында әдебиеттер: *Ф. Г. Исхаков.* 1) Общая характеристика тюркского вокализма; 2) Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. —«Исследованию по сравнительной грамматике тюркских языков» I, фонетика, М., 1955, стр. 53—114; Бұған қоса осы аталған кітаптағы мынадай мақалаларды оқыңыздар; *Ф. Г. Исхаков.* Долгие гласные в тюркских (стр. 160—175); *А. А. Пальмбах.* Долгие и полудолгие гласные тувинского языка (стр. 175—182); *Н. К. Дмитриев.* 1) Долгие гласные в туркменском языке (стр. 182—192); 2) Вторичные долготы в тюркских языках (стр. 198—203); *И. А. Батманов.* Современный киргизский язык, часть I, Фонетика. Фрунзе, 1953, стр. 27—50; *Э. В. Севортян.* Фонетика турецкого литературного языка, М., 1955, стр. 31—42, *І. Кеңесбаев.* Осы күнгі қазақ тілінің дауысты дыбыстары, — «Халық мұғалімі», 1949, №5; *М. И. Матусевич.* Введение в общую фонетику. Глава IV, «Гласные».

Тіл білімінде фонема туралы ұғымның сыр-сипатын ашып айқындау фонетиканың тарихында жаңа үлкен белес болды және оның мазмұнына тіл дыбыстарын лингвистикалық аспектіде қарастыратын ілім — фонологияны енгізіп, фонетиканың шеңберін кеңейте түсті. Енді, сол фонемалардың табиғатын ашып айқындау мәселелеріне келейік.

Тіл-тілдің дыбыс жүйесі әр түрлі. Олардағы дыбыстардың сапасы да біркелкі емес. Кейбір дыбыстардың немесе олардың ерекшеліктерінің бір тіл үшін мәні айрықша болса, екінші бір тіл үшін оның айтарлықтай мәні болмайды немесе керісінше болады. Мысалы, ағылшын, неміс, француз, қырғыз, түрікмен, хақас, ойрот тілдерінде дауысты дыбыстардың қысқа не созылыңқы айтылуының сөз мағынасын ажыратуға әсері, яғни фонемалық қасиеті болса, орыс, қазақ, татар тілдерінде олардың қысқа не созылыңқы айтылуының мағынаға ешбір әсері болмайды (Мысалы, неміс тілінде Stat — «қала» дегенді білдірсе, Staat «мемлекет» дегенді білдіреді.)

Фонема дегеніміз де — тіл дыбыстары, бірақ ол тіл дыбысы болғанда, сөздердің жігін өзгертіп, морфемалардың жігін ажырататын дыбыс. Фонема тіл дыбыстарынан бөлек тұрмайды, қайта, олармен тығыз байланыста болады. Фонема да — тілдің материалдық единицасы. Фонемаларды зерттейтін фонология мен тіл дыбыстарын зерттейтін фонетика екеуі екі түрлі пән емес, тіл туралы ғылымның бір бүтін саласының екі түрлі жағы (аспектісі). Сонымен, фонема деген ұғым сөз мағынасын, сөздің жігін және морфемаларды ажырататын дыбыстар деген ұғыммен байланыстырылады.

Фонема дегеннің ұғымы мен тіл дыбыстары дегеннің ұғымы әр уақытта бір-бірімен сәйкес келе бермейді. Фонема бір дыбыстан ғана емес, сонымен бірге екі дыбыстан да (мысалы, жоғарыда аталған дифтонгта) құралуы мүмкін. Керісінше, кейде екі фонема бір дыбыс түрінде айтылады. Мысалы, орыс тіліндегі *детский* деген сөзде ***т*** мен ***с*** фонемасы бір ғана ***ц*** дыбысы түрінде айтылады.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, дауыссыздардың жуан немесе жіңішке болуы дауыстыларға байланысты. Басқаша айтқанда, сөз құрамындағы дауысты жуан болса, онымен тіркесе айтылған дауыссыз да жуан түрде айтылады, керісінше, дауысты жіңішке болса, оған тетелес дауыссыз да жіңішке айтылатыны белгілі. Мысалы, *сан* деген сөздегі ***с*** мен ***н*** жуан да, *сән* деген сөздегі ***с*** мен ***н*** жіңішке. Бірақ түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, дауыссыз дыбыстардың жуан немесе жіңішке түрде айтылуының (***х—к, ғ—г*** дыбыстарынан басқалардың) фонемалық қасиеті жоқ. Ал орыс тіліндегі дауыссыздардың қасиеті түркі тілдері дауыссыздарынан гөрі басқаша болып келеді. Орыс тілінде белгілі жағдайда дауыссыздардың жуан немесе жіңішке түрде айтылуының сөз мағынасын

ажырата алатын қасиеті бар. Мысалы, *конь* (ат) және *кон* (көн) сөздеріндегі жуан ***н*** мен жіңішке ***нь*** дыбыстарының әрқайсысы өз алдына бір-бір фонема болса, *уголь* (бұрыш) және *уголь* (көмір) сөздеріндегі жуан ***л*** мен жіңішке ***ль*** дыбыстарының әрқайсысы да өз алдына бір-бір фонема. Орыс тілінде дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке түрлерінің фонемалық қасиеті болғандықтан, олардың жуаны бір түрлі, жіңішкесі екінші түрлі мағына тудыруға әсер етіп, сөз мағыналарын ажырата алады.

Дауыссыз дыбыстардың фонемалық қасиеті, мағына ажыратушы қызметі (мысалы, орыс тілінде) тек жуан дауыссыздар мен жіңішке дауыссыздарға ғана байланысты емес, сонымен бірге дауыссыздардың қатаң, ұяң түрлеріне де байланысты. Мысалы, орыс тіліндегі *кость* (сүйек) — *гость* (қонақ), қазақ тіліндегі *күл — гүл, тән — дән, қас — қаз* деген сөздердің мағыналары бірінде қатаң, екіншісінде ұяң дауыссыздың келуі арқылы өз ара бір-бірінен ажыратылады.

Фонемалардың саралап ажыратушы қызметі тілдің өзінің табиғатынан, оның бүтіндей жүйесінен келіп туады. Тілдегі дыбыстардың бір-бірінен ажыратылуы қаншалықты қажет болса, морфемалардың да жігі ашылып ажыратылуы, сондай-ақ сөз тіркестерінің де шегі айқындалып өз ара ажыратылуы, — тілдің табиғатына тән және қажетті нәрсе. Фонемалардың саралап ажыратушы (фонологиялық) қызметі бүтіндей тілдің жүйесінен, оның атқаратын қызметінен келіп туады дейтініміз де осыдан.

Мағына ажыратушылық қызметіне қарап, фонемалардың өз ара ұқсастығы мен жақындығы жоқ екен деп түсінуге болмайды. Бір-біріне қарама-қарсы дыбыстардың топтарының өзі де, мысалы, ***п—б, т—д*** фонемалары, ажыратушылық (различительные) қызметімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге өз ара ұқсастық жақтарымен де сипатталады. Жұп-жұбымен қосарланып келген бұл фонемалардың алдыңғы сыңарлары қатаң дауыссыздар да, соңғы сыңарлары ұяң дауыссыздар. Бұл — олардың айырым жақтары. Жұбымен қосарланып келген ***п—б*** фонемаларының екеуі де ерін дыбыстары болса, ***т—д*** фонемаларының екеуі де тіс дауыссыздары, екеуі бірдей шұғыл дауыссыздар (эксплозив) тобына енді. Бұл — олардың ұқсас және жақын жақтары.

Қатаңдар мен ұяңдардың арасындағы айырмашылық фонетикалық айырмашылық болып табылады. Бұл айырмашылық *тән — дән, тас — таз, піл — біл* деген сөздерді қарсы қойып салыстырғанда, фонологиялық сипатқа ие болады. Бұл айтылғандардан тілдің фонетикалық жағы мен фонологиялық жақтарының іштей тығыз байланысты екендігін көреміз.

Бір фонеманың өзі әр түрлі фонетикалық жағдайда келуі оның артикуляциясына әсер етеді. Соның нәтижесінде белгілі бір фонеманың түрліше дыбысталуы мүмкін. Алайда, мұнан фо-

неманың табиғаты өзгеріп кетпейді. Сондықтан да Л. В. Щерба бұл тәрізді дыбыстық айырмашылықты *фонеманың реңктері* (оттенки фонемы) деп атайды. Реңктің *позициялы реңктер* (позиционные оттенки), *комбинаторлы реңктер* (комбинаторные оттенки) деп аталатын түрлері бар. Фонема екпін мен буынға, мелодикаға және т. б. байланысты белгілі бір реңкке ие болуы мүмкін. Мысалы, дауысты фонема екпінді немесе екпінсіз буында, ашық немесе тұйық буында келуіне қарай, әр түрлі реңкке ие болады. Екпінсіз буындағы дауыстыға қарағанда, екпін түскен буындағы дауысты фонема созылыңқы айтылады. Фонеманың мұндай реңкі позициялы реңк деп аталады.

Әдетте, фонемалар жеке-дара күйінде емес, сөз құрамында басқа фонемалармен тіркесіп қолданылады. Белгілі бір фонема басқа бір фонемалармен тіркесе айтылып, әр түрлі қарым-қатынасқа түседі де, бір-біріне әсер етеді. Осының нәтижесінде белгілі бір фонема әр түрлі реңкке ие болады. Фонеманың көршілес келген әр түрлі фонемалардың тигізген әсеріне пайда болған реңкі комбинаторлы реңк деп аталады. Дыбыстардың комбинаторлы өзгерісі ассимиляция, диссимиляция құбылыстарында болады (бұл туралы ассимиляция, диссимиляция параграфтарын қараңыз).

Фонеманың бойында бірнеше белгілері болады. Ол белгілер фонемадан тыс өмір сүрмейді, фонеманың бойында жинақталып топталады. Мысалы, ***ш*** фонемасының бойында мынандай белгілер бар: қатаңдық (қарсы белгі — ұяңдық; мысалы: *шақ — жақ*), тіл алды (қарсы белгі — тіл арты; мысалы: *шал — хал*) т. б.

Фонемалардың белгілерінің барлығының қызметі бірдей емес. Олардың кейбіреулері ажыратушы белгілер (дифференциальные признаки) ретінде қызмет атқарса, қайсыбіреулері ажырата алмаушы белгілер (недифференциальные признаки) ретінде қала береді. Ажыратушы белгінің бір фонеманы екінші фонемадан айырып ажырата алатын мәні болады да, ажырата алмаушы белгінің мұндай мәні болмайды. Мысалы орыс тілінде ***г*** фонемасының тіл арты болу белгісі мен ұяңдық белгісі ажыратушы немесе дифференциалды белгілер болып саналады, өйткені бұл белгілер қарама-қарсы белгілерге — тіл алды болу белгісі (мысалы, *д* фонемасына) мен қатаңдық белгіге (*к* фонемасына) қарсы қойылады. Ал бұл фонеманың (*г*) мұрын жолды болмау сипаты — ажырата алмаушы белгі болып саналады. Бұлай болуы орыс тілінде бұл фонемаға қарсы қоярлықтай тіл арты, мұрын жолды дауыссыз дыбыстың жоқтығынан.

Белгілі бір тілдің фонемалар жүйесі бір-бірімен әрдайым қарым-қатынаста, өз ара байланыста болатын фонемалардың жиынтығынан құралады. Фонемалардың, тілдің фонетикалық жүйесінен тыс өмір сүруі мүмкін емес. Фонемалар — белгілі бір тілге тән фонетикалық жүйенің мүшелері. Солай болғандықтан

әрбір фонеманың мазмұны оның фонетикалық жүйеде алатын орнымен айқындалады. Фонемалар құрамының жүйелі сипаты олардың (фонемалардың) бір-біріне қарама-қарсы топтарға жіктеліп топталуынан көрінеді. Мысалы, дауыссыздардың қатаң және ұяң дауыссыздар (***п—б, т—д, с—з, к—г...***), жуан және жіңішке дауыссыздар (орыс тіліндегі ***т—ть, л—ль*** және т. б. болып, ал дауыстылардың еріндік және езулік (***ұ—ы, ү—і...***), тіл арты және тіл алды (***ы—і, ұ—ү, о—ө...***) болып, рет-ретімен қарсы топтарға жік-жігі бойынша топтала бөлінуі тілде фонемалар жүйесінің бар екендігін аңғартады.

Тіл білімінде фонема туралы мәселенің өзіне тән тарихы бар. Фонема туралы ілім орыс лингвистикасында өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында пайда болды. Фонема теориясының алғаш рет негізін қалаған лингвист — орыс ғалымы Иван Александрович Бодуэн де Куртанэ (1845—1929). Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының әр дәуірінде фонема туралы түсінігінде кейбір өзгерістер болды. Мысалы, Бодуэн де Куртенэ алғашында фонеманы этимология-морфологиялық құбылыс деп қараса, кейінгі кездерде фонемаға психологиялық анықтама беру позициясына көшті. Ол фонеманы «тіл дыбыстарының психикалық эквиваленті» деп санады.

Бодуэн де Куртенэ фонеманы морфеманың құрамында қараудың қажеттілігін айтады. «Фонемалар... өздігінен ешқандай мағыналарға ие бола алмайды. Олар әр жақты... тілдік элементтердің (ал ондай элементтер — морфемалар) құрамына енгенде ғана, тілдік мәнге ие болып лингвистикалық тұрғыдан қаралып танылады»[1]. Ол фонеманың лингвистикалық мәнділігін морфеманың компоненті ретінде таниды.

Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ілімін ары қарай дамытқан оның шәкірті акад. Л. В. Щерба болды. Ол фонеманың реңктері (оттенки) туралы мәселеге тоқтала келіп, негізгі реңк туралы мәселеге айрықша назар аударады Л В. Щерба сөздер және формаларды ажырататын реңкті фонема деп атайды. Оның пікірінше, әрбір фонема оны сол тілдегі басқа, фонемалардан ажырататын белгілер арқылы анықталады. Белгілі бір тілдің күллі фонемалары қарама-қарсылықтың бір тұтас жүйесін құрайды. Л. В. Щерба «Француз тілінің фонетикасы» атты еңбегінде фонеманы психологиялық тұрғыдан ұғыну теріс деп, одан бас тартты да, фонеманы жалпының жалқы құбылыстардағы көрінісі дейтін тоқтамға келді.

Бодуэн де Куртенэ мен Л. В. Щербаның фонема туралы ілімі Н. С. Трубецкой басқарған прагалық лингвистикалық (фоно-

---

[1] *И. А. Бодуэн де Куртенэ.* Избранные труды по общему языкознанию, том II. Издательство Академии наук СССР, М., 1963, стр. 276.

логиялық) үйірмеге әсер етті. Н. С. Трубецкой фонологиялық ілімді жасауда Бодуэн де Куртенэ мен Л. В. Щербаның фонема туралы еңбектеріне сүйенеді[1].

§9. СӨЙЛЕУДІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖАҚТАН МҮШЕЛЕНУІ

Дыбысталу жағынан алып қарағанда, сөйлеу (речь) жік-жігімен айтылған дыбыс шумақтарының тізбегінен құралады. Дыбысталудың шумағы өз ішінде жігі ажырап, кіші топтарға (үзбелерге) бөлшектенеді. Олар (шумақтың үзбелері) сөйлеудің фонетикалық единицалары (фонетические единицы речи) ретінде қаралады. Олар мыналар: 1) фраза, 2) такт, 3) буын, 4) дыбыс.

1. **Фраза** — ең ірі фонетикалық единица. Бір фраза екінші фразадан пауза (кідіріс) арқылы ажыратылады. Сөйлеуші екінші фразаны айту үшін бірінші фразадан кейін пауза жасайды. Пауза жасалғанда, дем ішке тартылады да, екінші фразаны айтқанда, сыртқа шығады. Мысалы, *Қонағын сүймеген баласын ұрады* (мақал) деген сөйлемде екі фраза бар: оның бірі — *қонағын сүймеген,* екіншісі — *баласын ұрады.* Бұл фразалардың басын біріктірген нәрсе — интонация. Интонация — өте күрделі құбылыс. Оны құрайтындар мыналар:

1) **Мелодика**. Дауыс ырғағының көтеріліп барып бәсеңдеуі немесе бәсеңдеп барып қайта көтерілуі мелодика деп аталады. Әрбір тілдің өзіне тән мелодикалық кестесі (мелодическая рисунка) болады. Паузамен бірге мелодика да сөйлеуді мүшелеу тәсілі (құралы) ретінде қызмет атқарады. Сөйлемнің бөлшектері айтылуда дауыстың көтеріліп төмендеуі немесе төмендеп барып қайта көтерілуі арқылы ажыратылады. Хабарлы сөйлемде паузаның алдындағы сөз көтеріңкі дауыспен айтылады да, онан кейінгі бөлшектің (отрезок) құрамындағы сөздерде дауыс біртіндеп бәсеңдей береді. Мысалы, *Сіркіреп жауған жауын түні бойы басылмады* — деген сөйлемнің мелодикалық кестесі (дауыстың көтеріліп барып бәсеңдеуі) мынадай болады:

жауын ↓
↑ *түні бойы*
Сіркіреп жауған ↑
басылмады

2) **Сөйлеудің темпі.** Темп сөйлеудің шапшаң немесе баяу болуы дегенді білдіреді.

3) **Сөйлеудің үдемелілігі** (интенсивность речи). Сөйлеудің үдемелілігі айтылудың күштілігі немесе әлсіздігі (демнің қатты немесе әлсіз шығуы) дегенді білдіреді.

4) **Сөйлеудің әуені** (тембр речи, тембр высказывания). Сөйлеудің әуені айтылудың мақсатына қарай, «көңілді» немесе «ойнақы», «қапалы (қайғылы)» немесе «қорқынышты (үрке сөйлеу әуені)» болуы мүмкін. Сөйлеу әуені бар да, дауыс әуені (тембр голоса) деген бар. Дауыс әуені (мысалы, баритон, бас тенор, сопрано т. б.) мен дыбыс әуені (тембр звука) сөйлеу әуенінен басқаша болады. Бұларды бір-бірімен шатыстырмау керек.

II. **Такт.** Фраза тактыларға ажыратылып бөлшектенеді. Такт — фразаның бір екпінге бағынған бөлшегі. Тіл-тілдегі атауыш сөздердің әрқайсысы бір-бір екпінге ие болғандықтан, өз алдына бөлек такт болып бөліне алады. Ал көмекші сөздер бөлек екпінге ие бола алмайды. Сондықтан олар өз алдына бөлек такт құрай да алмайды. Көмекші сөздер атауыш сөздердің не алдында, не соңында келіп, олармен тіркескен қалпында бір такт жасай алады (бұл мәселе жайында «Екпін» атты параграфты қараңыз).

III. **Буын.** Такт буындарға жіктеліп бөлшектенеді. Буын бір дыбыстан немесе бірнеше дыбыстың тіркесінен жасалады. Кез келген дыбыс буын құрай бермейді. Көпшілік тілдерде буын жасайтын дыбыстар — әдетте дауыстылар. Дауыстылар жеке-дара күйінде де, дауыссыздармен тіркесіп келіп те буын құрай береді. Буын құрайтындар тек дауысты дыбыстар ғана емес, сонымен бірге кейбір тілдерде, мысалы, чех, серб тілдерінде дауыссыз дыбыстар да буын құрай алады. Мысалы, чех тіліндегі lkә (волк — «қасқыр»), серб тіліндегі *прст* (палец — «саусақ») деген сөздер бір өңкей дауыссыздардың тіркесінен жасалғанмен, әрқайсысы бір-бір буынды сөздер ретінде қаралады.

Сөздердің айтылудағы буын саны мен жазылудағы буын саны әрқашан бір-біріне сай келуі шарт емес. Кейбір сөздердің жазылудағы буын санынан айтылудағы буын саны көп болса (мысалы, *литр* сөзі айтылуда екі буынды сөз болып айтылады), керісінше, кейбір сөздердің айтылудағы буын санынан жазылудағы буын саны көп болады (Мысалы, *Сарыарқа* деген сөздің құрамындағы қатар келген дауыссыздың алдыңғысының түсірілуі нәтижесінде айтылуда бір буын кемиді).

---

[1] Бұл мәселе жайында дискуссия ұйымдастырғанда «Известия Академии наук СССР» (отделение литературы и языка) журналдың 1952—1954 жылдардағы сандарында жарияланған мақалаларды қараңыздар. Мұнан басқа әдебиеттер: *А. А. Реформатский.* Фонологические заметки. — «Вопросы языкознания», 1957, № 2; П. С. Кузнецов. О дифференциальных признаках фонем. — «Вопросы языкознания», 1958, № 1; *С. К. Шаумян.* Проблемы теоретической фонологии. М., 1965; *П. К. Ваарск.* Очерк развития теории фонем. Таллин, 1962; *М. И. Матусевич.* Введение в общую фонетику. М., 1959, стр. 10—17. *С. И. Бернштейн.* Основные понятия фонологии, «Вопросы языкознания», 1962, № 5; *Н. С. Трубецкой.* Основы фонологии. М., 1960; *Р. Якобсон. М .Халле.* Фонология и ее отношение к фонетике. Л., 1960; Вяч. Вс. Иванов. Теория фонологических различительных приказов.—Сб. «Новое в лингвистике», вып. II, М., 1962; *Г. А. Климов.* Фонема и морфема. М., 1967; *В. А. Виноградов.* Некоторые вопросы теории фонологических оппозиций. — «Проблемы лингвистического анализа», М., 1966.

Дыбыс құрылысы жағынан буын үш түрге бөлінеді: ашық буын, тұйық буын, бітеу буын.

1) **Ашық буын.** Бір ғана дауыстыдан болған немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға біткен буын ашық буын деп аталады. Мысалы: *а — ла, ә — ке, а — та, қа — ра, да — ла, і — ні, мә — се —ле* т. б.

2) **Тұйық буын.** Дауыстыдан басталып, дауыссызға біткен буын тұйық буын деп аталады. Мысалы: *оң, ол, оқ, ақ, ас, ұл, өрт, ұрт, ант.*

3) **Бітеу буын.** Ортасы дауысты болып, екі жағы да дауыссыз дыбыспен тұйықталған буын бітеу буын деп аталады. Мысалы: *құс, құм, күн, құр, қан, қас, қар, қап, қос, қол, түн, түр, төр, тон, төрт, бұлт, қант, тарт* т. б.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, үш дыбысты тұйық буын мен төрт дыбысты бітеу буынның соңындағы қатар келген екі дауыссыздың ең соңғы дыбысы қатаң, оның алдындағы дыбыс үнді болып келуі шарт. Мысалы: *ант, ұлт, өрт; бұлт, тарт, қант* т. б.

IV. **Дыбыс.** Буын дыбысқа бөлінеді. Дыбыс — ең кішкене фонетикалық единица.

§10. ЕКПІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сөз құрамындағы буындардың айтылуы біркелкі бола бермейді. Ол буындардың біреуі, басқаларына қарағанда, айқынырақ ажыратылып, көтеріңкі айтылады. Мұндай қасиетке, әдетте, екпін түскен буын ие болады. Осыған орай, екпін түскен буын екпінді буын деп аталады. Екпін түскен буын басқа буындардан негізгі үш түрлі тәсіл арқылы ажыратылады.

1) Буынның біреуі басқа буындардан айрықша күшті айтылуы арқылы ажыратылады. Екпіннің мұндай түрі лебізді екпін немесе динамикалық[1] екпін деп аталады.

Динамикалық екпін фонациялық ауаның қарқыны, буынның күшімен байланысты болады да, басқа буындардың ішінде бір буынның айрықша көтеріңкі айтылуына негізделеді. Динамикалық екпін көптеген тілдерге қараған. Екпіннің бұл түріне ие тілдер мыналар: славян тілдері (орыс, украин, белорус т. б.), түркі тілдері (әзірбайжан, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, түрікмен және т. б.), герман тілдері (ағылшын, неміс және т. б.). Тіл тарихында динамикалық екпіннің музыкальды екпінді ығыстырып шығаруы кездеседі. Мысалы, көне грек тілі музыкальды екпінге ие тіл болса, жаңа грек тілінің екпіні — динамикалық екпін.

[1] *Динамикалық* — грек тілінің *dynamikos* «лебізді» деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин.

2) Басқа буындардың ішінен бір буын айтылу тонының ырғағы (высота тона) арқылы ерекшеленіп, дауыс шымылдығының дірілінің жиілеуіне негізделеді. Екпіннің бұл түрі тоникалық немесе музыкальды екпін деп аталады. Екпіннің бұл түріне ие тілдер: қытай, корей, дүнген, япон, серб, литва және т. б. тілдер.

3) Басқа буындардың ішінен бір буын өзінің құрамындағы дауыстының созылыңқы айтылуы арқылы ажыратылады. Бұл квантативті[1] екпін деп аталады.

Тілде екпіннің түрлері араласып келеді де, оның бір түрі басым болады. Кейбір тілде динамикалық (лебізді) екпінге квантативті екпіннің қосылуы да мүмкін. Мұндай лебізді екпін негізгі болады да, квантативті екпін қосымша, көмекші қызмет атқарады. Мысалы, орыс тілі лебізді екпінге ие тілдердің тобына жатады. Солай бола тұрса да, оған квантативті екпіннің қатысы бар. Орыс тілінде сөз құрамындағы екпін түскен буын, біріншіден, жоғары қарқынмен, көтеріңкі айтылса, екіншіден, ондағы дауысты дыбыс басқа буындардағы (екпін түспеген буындардағы) дауыстыға қарағанда созылыңқы айтылады. Демек, орыс тіліндегі екпін түскен буын квантативті сипатта болады.

Неміс тілі де — лебізді екпінге ие тілдің бірі. Мұнымен бірге, неміс тіліндегі екпіннің музыкальды сипаты бар. Бұл тілде екпін түскен буын екпінсіз буыннан тонның өте-мөте жоғары көтерілу сипатымен ерекшеленіп ажыратылады. Ал екпіннің сандық жағының неміс тілінде пәлендей ролі болмайды, өйткені ондағы созылыңқы дауыстылар келте дауыстыларға қарсы қойылады да, фонетикалық қызмет атқарады.

Кейбір тілдерде, мысалы, орыс тілінде, екпін сөздердің әр буынына — алғашқы, ортадағы, соңғы буынына да — түсе береді. Екпін арнаулы бір буынға байланбай, ыңғайына қарай әр басқа буынға түсе беретін болса, ондай екпін *жылжымалы екпін* деп аталады. Мысалы, орыс тіліндегі екпін — жылжымалы екпін.

Кейбір тілдерде, мысалы, түркі тілдерінде, екпін көбінесе арнаулы бір буынға байланып, басқа буындарға жылжи бермейді. Екпін белгілі бір буынға телініп тұрақталса, ондай екпін *тұрақты екпін* деп аталады. Түркі тілдері тұрақты екпінге ие тілдердің тобына жатады. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, екпін көбінесе сөздің соңғы буынына түседі. Француз тілінде екпін, қазақ тіліндегідей, сөздің соңғы буынына түседі де, поляк тілінде соңғы буынның алдындағы буынға, чех тілінде бірінші буынға түседі.

[1] *Квантатив* — латын тілінің *quantitas* —«сан, мөлшер» деген мағынадағы сөзі бойынша жасалған термин.

Екпіні жылжымалы тілдерде екпіннің грамматикалық та, семантикалық та қызмет атқаруы мүмкін. Бірде екпін сөздің семантикалық жігін ажыратса, бірде грамматикалық жігін ажыратып тұрады. Мысалы, орыс тілінде *за́мок* (қорған) — *замо́к* (құлып), *му́ка* (азап) — *мука́* (ұн) деген сөздер мағыналары жағынан бір-бірінен екпіннің қай буынға түсуіне қарай ажыратылады. Ал *пища* (зат есім —«ас», «тамақ») — *пищá (пищать* — «шырылдау» — деген етістіктің көсемше түрі) деген сөздерде екпін сөздердің грамматикалық жігін (бірінің зат есім, екіншісінің етістіктің көсемше түрін) ажыратып тұр.

Түркі тілдері екпіні тұрақты тілдердің тобына енеді және оларда екпін көбінесе сөздің соңғы буынына түседі дедік. Зерттеушілердің байымдауынша, түркі тілдерінде де екпіннің кейде соңғы буынға түспей, алдыңғы буынға түсу құбылысы кездеседі. Бұл құбылыс (екпіннің бірінші буынға түсу құбылысы) сөздердің құрамы ажыратылмайтын түбір сөздердің де, қосымшалар жалғанған сөздердің де кейбіреулерінде ұшырасады.

Н. А. Баскаков пен А. Н. Кононовтың пікірінше, түркі тілдерінде (қарақалпақ, өзбек тілдерінде) түбір сөздердің мынандай түрлерінде екпін бірінші буынға түседі:

а) атап-атап санаумен байланысты айрықша интонациямен айтылған есептік сан есімдерде (*е́кі, а́лты, же́ті, се́гіз, о́тоз, а́лпыс, же́тпіс, то́қсан* т. б.), егер есептік сан есімдер атап-атап санаумен байланыспай, айрықша интонациясыз айтылса, жеке қолданылғанда да, басқа сөздермен тіркесіп айтылғанда да, әдеттегідей, екпін соңғы буынға түседі;

ә) логикалық жақтан айрықша интонациямен айтылатын сұрау есімдіктерінде (*қа́йсы?, қа́йдан?, қа́йда?, қа́нша?, қа́шан?* т. б.);

б) бұйыру интонациясымен айтылатын етістіктің II жақ түрінде (*о́тор, ты́ңда, о́йла, сөйле* т. б.);

в) айрықша интонациямен айтылатын қаратпа сөздердің кейбір түрлерінде (*жа́ным!, сәулем!* т. б.).

Түркі тілдерінде сөз тудырушы аффикстер (жұрнақтар) мен сөз түрлендіруші аффикстердің (жалғаулардың) басым көпшілігі екпінді өз бойына тартады. Ал екпінді өз бойына тартпайтын аффикстер санаулы ғана. Осы бір ерекшелікті ескере келіп, кейбір тюркологтар бірен-саран жағдайда түркі тілдеріндегі екпін де омонимдес формалардың жігін ажырататын морфологиялық тәсілге айналады деп есептейді[1]. Олардың пікірінше, мынандай омоформалар бір-бірінен екпіннің алмасып түсуіне қарай ажыратылады:

а) зат есім тудыратын ***-ма (-ме), -ба (-бе,) -па (-пе)*** жұрнағы екпінді өз бойына тартады да, онымен омоформалас (бір тұлғадағы) етістіктің болымсыз түрінің жұрнағы екпінді өз бойына тартпайды. Мысалы: *көрме́ — көрме, баспа́ — ба́спа, шығарма́ — шыға́рма, тартпа́ — та́ртпа* т. б.

ә) тәуелдік жалғауына екпін түседі де, жіктік жалғауына түспейді. Мысалы *оқушымыз* (біздің) — *оқушы́мыз* (біз), *басшымы́з* (біздің) — *басшы́мыз* (біз) т. б.

Түркі тілдерінде бұл аталған аффикстерден басқа жедел өткен шақтың жұрнағы мен қалау райдың жұрнағына, сын есімнің ***-дай (-дей)*** жұрнағына да екпін түспейді.

Алайда түркі тілдерінде екпіннің жоғарыдағыдай сөздің морфологиялық тұлғасы мен жігін ажырататын құрал ретінде жұмсалуы және екпіннің соңғы буынға емес, алғашқы буынға түсуі өте сирек кездесетін құбылыс. Түркі тілдерінде екпіннің бірен-саран жағдайда жылжымалы болуының сөз мағынасына тигізетін әсері дәл орыс тіліндегідей, сонымен барабар деп түсінбеу қажет. Түркі тілдерінде екпіннің кейде алмасып түсуінен сөз мағынасы дәл орыс тіліндегідей өзгере қоймайды. Түркі тілдеріндегі екпін, негізінен, тұрақты, байлаулы екпін.

Көп буынды сөздерде негізгі екпіннен басқа оған қосымша көмекші екпін де пайда болады. Көмекші екпін түскен буынға қарағанда, негізгі екпін түскен буын күштірек, қарқындырақ айтылады. Негізгі екпін мен көмекші екпін жайында тюркологияда әр түрлі көзқарастар бар. В. В. Радлов көп буынды сөздерде негізгі екпін соңғы буында, көмекші екпін әрдайым бас буында болады деп есептесе, Н. А. Баскаков, И. А. Батманов, А. Н. Кононов үш буынды сөзде негізгі екпін соңғы буынға, көмекші екпін алғашқы буынға түседі; ал төрт-бес буынды сөздерде көмекші екпін негізгі екпіннен араға бір буын салып қашық тұрады деп есептейді. Соңғылардың пікірінше, алты және одан да көп буынды сөздерде көмекші екпін негізгі екпіннен араға буын салып қашық тұрады.[1] Мысалы, *адамгершілік* деген сөзде негізгі екпін соңғы буында да ***(-лік),*** көмекші екпін үшінші ***(-гер)*** буында. Н. А. Баскаков, А. Н. Кононов т. б. пікірінше, төрт-бес буынды сөздерге екінші қатардағы көмекші екпіннен басқа үшінші қатардағы көмекші екпін пайда болады да, ол екпін бірінші буынға түседі. Қазақ тілін зерттеуші проф. І. К. Кеңесбаев көмекші екпін үш буынды сөзде емес, кемінде төрт буынды сөзде пайда болады деп есептейді. Түркі тілдерінде көп буынды сөздерде негізгі екпіннен басқа көмекші екпіннің пайда болатыны ақиқат. Бірақ оның орны жайындағы мәселені әлі де қарастырып, эксперименталдық жолмен зерттей түсу қажет.

Тіл-тілде сөз екпінінен басқа *фразалық екпін* де болады. Сөйлеу процесінде бір-бірімен тіркесіп айтылған сөздердің әр-

[1] *Н. А. Баскаковтың* жоғарыда аталған еңбегінің 111—113-беттері.

[1] *Н. А. Баскаков.* Каракалпакский язык, Фонетика, морфология, часть I, М., 1952, стр. 109; *И. А. Батманов.* Фонетическая система киргизского языка, 1946, стр. 63; *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка, М. -Л., 1960, стр. 52—53.

қайсысы әрқашан дербес екпінге ие болуы шарт емес. Кейбір сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің әрқайсысы өз алдына дербес екпінмен дараланбай, айтылу жағынан жігі жымдасып, бір ғана екпінге ие болады. Мұндай сөз тіркестеріндегі екпін *фразалық екпін* деп аталады. Фразалық екпіннің, әсіресе сөздер бір-бірімен қосымшалар арқылы емес, орын тәртібі және дауыс тоны арқылы байланысатын және солар арқылы бірінен бірінің жігі ажыратылатын түбір тілдерде (корневые языки), мысалы, қытай тілінде және аффикстер қолданылатын орында көбінесе жеке сөздер қолданылатын француз тілдерінде айрықша мәні бар.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, бір ғана екпінге (фразалық) бағынып айтылатын сөздердің тіркесі кездесе береді. Мысалы *ит-құс, ине-жіп, жол-жора* тәрізді қос сөздердің тіркесі, *сен ғана, он шақты, ай сайын* тәрізді негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі, *қой көз, бота көз, қыпша бел, ат үсті, ну орман* тәрізді тұрақты сөз тіркестері т. б. акцентуациялық жақтан ажырап бөлінбей, бір бүтін ритмикалық топ түрінде айтылады.

Сөйлеу процесінде тізбектеліп айтылған сөздің бірі өзінің екпінінен айрылып, не өзінің алдында тұрған сөздің, не өзінен кейін тұрған сөздің жетегіне еріп, екпін жағынан шегі ажырамай, сонымен қосылып айтылуы мүмкін. Акцентуациялық жақтан жігі ажырамай, бір ғана екпінмен айтылып, ритмикалық бір бүтін топ құраған сөз тіркесінің құрамындағы екпін түспеген сөз екпінді өз бойына тартқан сөздің алдында тұрса, *проклитика*[1] деп аталады да, соңында тұрса *энклитика*[2] деп аталады. *Жөн-жосық, кем-кетік, көл-көсір, мал-мүлік* тәрізді қос сөздер мен *ән салу, қол қою* тәрізді сөз тіркестерінің әрқайсысының алдыңғы сыңарлары дербес екпінге ие бола алмай, проклитикаға айналып тұр. Тіл-тілде энклитикаға айналатындар көбінесе көмекші сөздер. Мысалы, *сен ғана, үйге дейін, алыс па, жақын ба, айта ғой* тәрізді тіркестердің құрамындағы *ғана, дейін, па, ба, ғой* деген шылау сөздер өз алдына дербес екпінге ие бола алмай, энклитикаға айналған. Түркі тілдерінде күшейткіш үстеулер мен қос сөздердің құрамындағы күшейткіш буындар екпінді өз бойына тартып, өзінен кейінгі сөзді энклитикаға айналдырады. Мысалы, қазақ тілінде *өте жақсы, тым биік, аса зор* тәрізді сөздердің тіркестеріндегі *өте, тым, аса* деген күшейткіш үстеулер екпінді өз бойына тартып, өзінен кейінгі сөздерді энклитикаға айналдырып тұр. *Қап-қара, қып-қызыл* деген сөздерде екпін күшейткіш буындарға көшкендіктен, негізгі мағыналы сөздер энклитикаға айналған.

[1] *Проклитика* — гректің proclino — «алға иілу, еңкею» деген сөзі бойынша жасалған термин.

[2] *Энклитика да* — гректің egklino —«иілу, еңкею» деген мағынадағы сөзінен жасалған термин.

Сөздердің энклитикаға ұшырауы тіл тарихында кейбір өзгерістердің жасалуына әсер етуі мүмкін. Мысалы, түркі тілдерінде жіктеу есімдіктерінің жіктік жалғауына айналуы немесе *тұрған* деген сөздің *тұғын (баратұғын)* формасына айналуы бұл сөздердің өздерінің алдындағы сөзбен тіркесіп айтылу барысында өзінің дербес екпінінен айрылып, алдындағы сөзбен бірігіп, ұласып кетуінен болса керек. Сөздердің энклитикаға ұшырауының нәтижесінде олардың аффикстерге айналуы — әр түрлі тілдердің тарихында кездесетін құбылыс[1].

Логикалық екпін. Сөзде белгілі бір буынның екпін түсіп, ерекшеленіп айтылатыны сияқты, кейде сөйлемде бір сөзге айрықша назар аударылып айтылатыны бар. Сөйлемдегі айрықша назар аударылып айтылған сөзде ой екпіні болады да, ол сөз басқа сөздерге қарағанда, ерекше әуенмен айтылады. Мұндай екпін *логикалық екпін* деп аталады.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, логикалық екпін көбінесе баяндауыштың алдындағы сөзде болады. Мысалы, *Болат қаладан **кеше** келді деген сөйлемде логикалық екпін **кеше*** деген сөзде болса, *Болат кеше **қаладан** келді* (басқа жерден емес, *қаладан)* деген сөйлемде — *қаладан* деген сөзде. Ал *кеше қаладан **Болат** келді* деген сөйлемде логикалық екпін Болат деген сөзге түсіп тұр. Сөйтіп, қазақ тілінде (сондай-ақ басқа түркі тілдерінде де) логикалық екпін түскен сөз баяндауышқа жақындап, тікелей соның алдында тұруға ұмтылады.

Сөйлемнің айтылу сазына қарай, логикалық екпіннің орны да өзгеруі мүмкін. Мысалы, лепті сөйлемдерде баяндауыш сөйлемнің басында қолданылып, оған айрықша назар аударылады да, логикалық екпін сол баяндауыш болған сөзге түседі. Мысалы: ***Жасасын,** 1 Май мерекесі! **Бақытты болыңдар.** сүйікті достар!*

Жазба тілде логикалық екпіннің қай сөзге түсіп тұрғаны контекстен, оның мазмұнынан аңғарылады. Ауыз-екі сөйлеуде логикалық екпін сөйлеушінің қай сөзге айрықша назар аударуды қажет санап тұрғанын аңғарып ажыратуға мүмкіндік береді[2].

[1] Проф. *А. С. Чикобава.* Введение в языкознание, 2-е издание, М., 1953, стр. 164.

[2] Екпін және оның түрлері жайында әдебиеттер: *В. А. Богородицкий,* Движение тона в словах двухсложных в татарском языке:.. — «Вестник научного общества татароведения», № 4, 1962; *І. Кеңесбаев.* Қазақ тілінің екпін категориясы туралы. — «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары», лингвистика сериясы, вып. 5, № 77, 1948; *Ф. Г. Исхаков.* Законы словесного ударения в татарском языке. — «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков». І. Фонетика, М., 1955, стр. 329—333; *В. Н. Зиновьев.* О ритмико-мелодической структуре казахского языка, — «Известия Академии наук Казах-

§11. ДЫБЫСТАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ МЕН ҮНДЕСУІ

Тіл дыбыстары, әдетте жеке-дара күйінде айтылмай, сөз ішінде немесе сөздердің аралығында бір-бірімен тіркесіп, өз ара тізбектелген түрде қолданылады. Сөздердің құрамындағы немесе сөздердің аралығындағы дыбыстар біріне-бірі ықпал етіп, бірімен-бірі өз ара үндесіп айтылады. Сөз құрамында дауысты дыбыстардың бір-бірімен өз ара үндесіп айтылатыны сияқты, дауыссыз дыбыстар да бір-біріне әсер етіп өз ара үндесіп айтылады. Дыбыстардың өзгеріп үндесуі олардың айтылуда бір-біріне артикуляциялық жақтан әсер етуінің нәтижесінде іске асады.

Түркі тілдерінде дауыстылардың үндесуі сөз ішінде жуан дауысты дыбысы бар буыннан кейін, соған сәйкес жуан дауыстының келуі *(тау-лар, тоғай-лар)*, жіңішке дауысты дыбысы бар буыннан кейін соған орай жіңішке дауыстының келуі *(көл-дер, өзен-дер)* түрінде болады. Ал түбір сөздің соңындағы қатаң дауыссыздан кейін қосымшаның да қатаң дауыссыздан басталуы *(қонақ-қа, қонақ-тар)* немесе ұяң дауыссыздан кейін қосымшаның да ұяң дауыссыздан басталуы *(қаз-ға, қаз-дар)* дауыссыздардың бір-біріне ықпал етіп, өз ара үндесуі болып саналады.

Дауыстылардың бір-бірімен өз ара үндесуі сингармонизм[1] деп аталады да, дауыссыздардың бір-біріне ықпал етіп өз ара үндесуі ассимиляция[2] деп аталады. Лингвистикалық кейбір әдебиеттерде сингармонизм де ассимиляцияның бір түрі ретінде қарастырылады. Дауыстылардың бір-біріне әсер етіп, өз ара үндесіп айтылуы да олардың артикуляциясына байланысты екенін ескергенде, сингармонизмді ассимиляцияның бір түрі ретінде қараудың ешбір оғаштығы да жоқ екені рас. Бірақ басқа тілдердегідей емес, түркі тілдерінде сингармонизм құбылысы (дауыстылардың бір-бірімен өз ара үндесіп айтылу құбылысы) айрықша орын алады. Бұл құбылыс түркі тілдеріне өте-мөте кең тараған. Осымен байланысты, дыбыстардың өзгеруі, олардың бір-бірімен үндесу мәселелерін түркі тілдеріне қатысты сөз еткенде, сингармонизм құбылысына дауыссыздардың үндесу заңдылығымен (ассимиляциямен) барабар арнайы тоқталған мақұл.

ской ССР», серия лингвистическая, вып. 5, 1948. *Л. Старостов.* Об ударении в турецком языке. — «Труды Военного института иностранных языков». 2, М., 1953; *Г. Алекберли.* Природа ударения слова в азербайджанском и русском языках. — «Труды Азербайджанского государственного университета», Баку, 1949.

[1] *Сингармонизм* — грек тілінің syn —«бірге» және harmonia —«байланысу, үндесу» деген мағынаны білдіретін сөздері бойынша жасалған термин.

[2] *Ассимиляция* — латын тілінің assimilatio «ұқсасу, ұқсау» («уподобление») деген мағынаны білдіретін сөзі бойынша жасалған термин.

Тіл-тілде сингармонизм мен ассимиляциядан басқа диссимиляция[1] деп аталатын дыбыс өзгерістері бар. Енді осылардың әрқайсысына арнайы тоқталайық.

§12. СИНГАРМОНИЗМ

Дауыстылардың бір-бірімен үндесуі сингармонизм деп аталады дедік. Түркі тілдеріндегі байырғы сөздерде сингармонизм екі түрде ұшырасады: 1) дауысты дыбыстар тілдің қатысы жағынан және 2) еріннің қатысы жағынан бір-бірімен өз ара үндесіп айтылады.

1) Лингвальдық[2] сингармонизм. Тілдің қатысы жағынан сөз ішінде дауыстылар не бір өңкей жуан дауыстылар, не бір өңкей жіңішке дауыстылар болып үндеседі. Сөз құрамында соңғы буындардағы дауыстылар алдыңғы буындағы дауыстының әуеніне қарай ыңғайланып айтылады. Дауыстылардың бұлайша үндесуі лингвальдық сингармонизм деп аталады. Сингармонизм заңы бойынша түбір сөздегі дауыстылар қосымшалардағы дауыстыларды билеп, өзінің әуеніне қарай икемдеп бағындырады. Түбір сөздегі дауысты дыбыс жуан болса, қосымшалардағы дауыстылар соған бағынып, жуан түрде жалғанады *(ауыл-дар-дан)*. Түбір сөздегі дауысты жіңішке болса, қосымшалардағы дауыстылар түбірдегі дауыстыға икемделіп, жіңішке түрде жалғанады *(ел-дер-ден)*. Түбірдегі дауыстылармен үндесе алмайтын бірен-саран аффикстерді (қосымшаларды) еске алмағанда, түркі тілдерінде қосымшалардың түбір сөзге бағынып жалғануы — оларға тән және қалыптасқан заңдылық. Түркі тілдерінде қосымшасыз түбір сөздің құрамы (байырғы сөздерде) екі-үш буыннан құралғанда, ол буындардағы дауыстылар да не бір өңкей жуан *(тамыр, тоқсан)*, не бір өңкей жіңішке *(көңіл, көлеңке)* түрде келеді. Бұл айтылғандарды түркі тілдерінің байырғы лексикасына қатысты деп түсіну қажет. Анығырақ айтқанда, біркелкі жуан буындардан немесе біркелкі жіңішке буындардан құралған сөздер көбінесе байырғы сөздер болып табылады. Жуанды-жіңішкелі аралас буындардан құралған сөздер басқа тілдерден енген сөздердің тобына енеді. Аралас буынды сөздерге қосымшалар соңғы буынның ыңғайына икемделіп жалғанады *(кітапқа, мұғалім-ге, антоним-дер)*.

Лингвальдық сингармонизм өзбек тілінен басқа түркі тілдерінің бәрінде бар. Түркі тілдерінің бәрінде де аффикстердің

[1] *Диссимиляция* — латын тілінің *dissimilatio* —«ұқсамау» («расподобление») деген сөзі бойынша жасалған термин.

[2] *Лингвальдық* — латын тілінің *linguo* —«тіл» деген сөзі бойынша жасалған.

басым көпшілігі түбір сөздегі дауыстының ыңғайына (жуан немесе жіңішке болуына) қарай жалғанады да, бірен-саран аффикстер ғана үндесуден сырт қалып, бір вариантта ғана ұшырасады. Олар мыналар:

Қазақ тіліндегі ***нікі, (-дікі -тікі)*** аффиксі, *(баланікі, әкенікі, досымдікі, қарындастікі)*, ***-паз. -қор -кеш, -гөй, -хана*** аффикстері*(өнерпаз, білімпаз, дүниеқор, пәлеқор, ақылгөй, асхана, шеберхана)* және т. б.)

Чуваш тіліндегі көптіктің ***-сем*** жалғауы мен тәуелдіктің үшінші жағының ***-е*** жалғауы (мысалы: *ывалсем* — «ұлдар, балалар», *херсем* — «қыздар», *ывале* — «ұлы» (оның), *хере* — «қызы»).

Тува тілінде барыс септіктің ***-ге (-же)*** жалғауының жуан варианты жоқ (мысалы: *хоорайже* — «қалаға», *аъетге* — «атқа», *хөлге* — «көлге»).

Түркі тілдерінде аффикстердің бұл тәрізді тек бір ғана вариантта (жуан не жіңішке) болуы сирек ұшырасады. Аффикстер, негізінен алғанда, түбір сөздегі дауыстының әуеніне орайласып, әр түрлі вариантта жалғанады. Мұны мына мысалдардан көруге болады:

а) Жуан варианты.

Тілдер	Сөздің бастапқы формасы	3-жақ тәуелдік түрі	Көпше түрі	Көпше түрі және 3-жақ тәуелдік түрі
1	2	3	4	5
Әзірбайжан	мал	малы	маллар	маллары
Алтай	мал	малы	малдар	малдары
Башқұрт	мал	малы	малдар	малдары
Қазақ	мал	малы	малдар	малдары
Қарақалпақ	мал	малы	малдар	малдары
Қырғыз	мал	малы	малдар	малдары
Құмық	мал	малы	маллар	маллары
Ноғай	мал	малы	маллар	маллары
Татар	мал	малы	маллар	маллары
Тува	мал	малы	малдар	малдары
Түрік	mal	mali	mallar	mallari
Түрікмен	мал	малы	маллар	маллары
Өзбек	мол	моли	моллар	моллари
Ұйғыр	мал	мали	маллар	маллири
Хақас	мал	малы	маллар	маллары
Шор	мал	малы	маллар	малдары[1]

[1] Бұл мысалдар мына кітаптан алынды: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, часть первая, М., 1955, стр. 124.

ә) Жіңішке варианты

Тілдер	Сөздің бастапқы формасы	3-жақ тәуелдік түрі	Көпше түрі	Көпше түрі және 3-жақ тәуелдік түрі
Әзірбайжан	диш	диши	дишләр	дишләри
Алтай	тиш	тиши	тиштер	тиштери
Башқұрт	теш	теше	тештәр	тештәре
Қазақ	тіс	тісі	тістер	тістері
Қарақалпақ	тис	тси (тесе)	тислер	тислери
Қырғыз	тиш	тиши	тиштер	тиштери
Құмық	тиш	тиши	тишлер	тишлери
Ноғай	тис	тиси	тислер	тислери
Татар	теш	теше	тешләр	тешләре
Тува	диш	дижи	диштер	диштери
Түрік	dis	disi	disler	disleri
Түрікмен	диш	диши	дишлер	дишлери
Өзбек	тиш	тиши	тишлар	тишлари
Ұйғыр	тиш	тиши	тишләр	тишлири
Хақас	тіс	тізі	тістер	тістері
Шор	тиш	тижи	тиштер	тиштери
Якут	тиис	тиһэ	тиистер	тиистәрэ[1]

2) Ерін үндестігі немесе лабиальдық[2] сингармонизм. Бастапқы буындағы ерін дауыстының ыңғайына қарай, соңғы буындарда да ерін дауыстылардың келуі дауысты дыбыстардың ерін қатысы жағынан үндесуі нәтижесінде болады. Дауысты дыбыстардың үндесуінің бұл түрі *ерін үндестігі* немесе *лабиальдық сингармонизм* деп аталады.

Егер лингвальдық сингармонизм өзбек тілінен басқа түркі тілдерінің барлығына бірдей тән болатын болса, лабиальдық сингармонизм, біріншіден, түркі тілдерінің барлығына бірдей тән емес, екіншіден, оның түркі тілдерінің әрқайсысында көрінуі дәрежесінің өзі әр түрлі. Атап айтқанда, ерін үндестік заңы орын тепкен түркі тілдерінде алдыңғы буынның ерін дауыстысының соңғы буынның немесе буындардың дауыстысына еріндік болуы жағынан әсер етуі түрліше болады. Мысалы, түркі тілдерінің кейбіреулерінде еріндіктің өзінен кейінгі езулік дауыстыларға әсері тек ашық дауыстылардың тарапынан болса, қайсыбіреулерінде тек қысаң еріндік дауыстылардың тарапынан болады; сондай-ақ түркі тілдерінің кейбіреулерінде алдыңғы буындағы еріндік соңғы буындардағы дауыстылардың бәріне бірдей әсер етсе, енді біреулерінде тек ашық немесе тек қысаң езулікке әсер етеді. Еріндік дауыстының әсері буын санының

[1] Жоғарыда аталған кітаптың 127-бетінен келтірілді.

[2] *Лабиальдық* — латын тілінің *labialis* —«еріндік» деген сөзі бойынша жасалған.

мөлшеріне қарай да ажыратылады. Мысалы, түркі тілдерінің кейбіреулерінде еріндік дауыстының әсері барлық аффикстерді қамтып, сөздің өн бойына тарайтын болса, қайсыбіреулерінде сөздің негізін ғана қамтиды, енді біреулерінде аффикстердің біреуіндегі ғана дауыстыға әсер етіп, басқаларына әсер етпейді. Демек, лабиальды сингармонизмнің табиғаты, лингвальдық сингармонизмге қарағанда, өте-мөте күрделі және оның сөз құрамындағы келесі буындарға әсері түркі тілдерінің әрқайсысында түрлі-түрлі болады[1].

Ерін үндестігі түркі тілдерінің ішінде қырғыз тілінде өте-мөте күшті. Бұл тілде бас буында ерін дауыстысы келсе, соның ыңғайына қарай, соңғы буындарда да ерін дауыстылар келеді. Мысалы: *қолдор,* («қолдар»), *қолго* («қолға»), *қолдо* («қолда»), *қолдорго* («қолдарға»), *қолдордо* («қолдарда»), *қолду* («қолды»), *қолу* («қолы»), *қолуңгузду* («қолыңызды»); *көлгө* («көлге»), *көлдө* («көлде»), *көлдөр* («көлдер»), *көлдөргө* («көлдерге»), *көлдөрдө* («көлдерде»), *көлү* («көлі»), *көлдөрүңүз* («көлдеріңіз»), *көлдүрүңүздүң* («көлдеріңіздің»).

Бас буындағы ерін дауыстысының соңғы буындардағы дауыстыларға әсері якут тілінде де күшті. Мысалы: *оғо* («бала»), *оғото* («баласы»), *оғотұт* («балаңыз»), *оғолор* («балалар»), *оғолоро* («балалары»), *оғолорұң* («балаларың»); *көтөр* («құс»), *көтөрө* («құсы»), *көтөрүң* («құсың»), *көтөрүм* («құсым»), *көтердөр* («құстар»), *көтөрдөрө* («құстары»), *көтөрдөрүң* («құстарың»), *көтөрдөрүм* («құстарым»).

Кейбір тілдерде, мысалы, қырғыз тілінде, бір сөздің құрамында лингвальдық сингармонизм мен лабиальдық сингармонизмнің екеуі де бірдей ұшырайды. Мысалы, қырғыз тіліндегі *төолор* деген сөздің құрамындағы дауыстылар, біріншіден, әрі бір өңкей жуан дауыстылар болып үндескен де, екіншіден, әрі бір өңкей ерін дауыстылар болып өз ара үндескен. Сондай-ақ *түлкүлөр* деген сөздің құрамындағы дауыстылар тілдің қатысы жағынан біркелкі жіңішке дауыстылар болып үндессе, еріннің қатысы жағынан біркелкі ерін дауыстылары болып үндескен.

Түркі тілдерінің көпшілігінде аффикстердің дауысты дыбысқа қатысты жуанды және жіңішкелі варианттары ғана болса, қырғыз тілінде бұған қоса олардың еріндік және езулік варианттары бар. Мұнымен бірге қырғыз тіліне қатысты мына жайды да атап өту қажет: бұл тілде созылыңқы еріндік дауыстылармен айтылатын сөз тудырушы аффикстер бар. Олар, езулік варианттары болмағандықтан, түбірдің соңғы буынының ерін-

[1] Ерін үндестігінің келесі буындарға әсері түркі тілдерінде түрлі-түрлі болатындығы жайында толығырақ мағлұматты *Ф. Г. Исхаковтың* «Гармония гласных в тюркских языках» деген мақаласынан қараңыз. Ол мақала мына жинақта: «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков». Часть первая, М., 1955....

дік немесе езулік болуына қарамастан, түбірдің бәріне бірдей жалғана береді. Бұған қырғыз тіліндегі мына аффикстер жатады: ***лүү -(дүү, түү), -лүү (дүү, түү); -оо (-өө); -үү (-үү).*** салдар: *қойлүү* («қойлы»), *малдүү* («малды»), *аттүү* («атты»), *аталүү* («аталы»), *келиндүү* («келінді»), *сүроо* («сұрау»), *тирөө* («тіреу, тірек»), *қатүү* («қатты»), *тирүү* («тірі»)[1].

Тува тілінде сөздің бірінші буындағы еріндік дауыстының соңғы буындардағы қысаң дауыстыларға ғана әсері болады, ашық дауыстыларға әсері болмайды. Басқаша айтқанда, тува тілінде алдыңғы буындағы еріндіктің әсерімен соңғы буындардағы дауыстылардың еріндік болып айтылатындары ашық дауыстылар емес, тек қысаң дауыстылар ғана. Мысалы: *орүн* («орын», *орүннү* («орынды»), *орүннүң* («орынның»), *орүннар* («орындар»), *орүннарның* («орындардың»); *одаг* («костёр»), *одагны, одагның, одаглар* және т. б.

Қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде бірінші буындағы еріндік дауыстының екінші буындағы тек қысаң дауыстыға ғана әсері болады, соның өзінде де ол жазуда еленбейді. Еріндіктің әсері екінші буыннан асқан соң, мүлдем әлсіреп жойылады. Мысалы, қазақ тіліндегі *көлеңке* деген сөздің бірінші буынындағы еріндіктің үшінші буындағы дауыстыға әсері, екінші буынға қарағанда, әлдеқайда солғын, тіпті жоққа тән десе болады.

Сонымен, қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар тілдерінде ерін үндестігі, басқа түркі тілдерімен салыстырғанда, әлсіз түрде ұшырасады[2].

§13. АССИМИЛЯЦИЯ

Сөз құрамында немесе сөздердің аралығында көршілес келген дыбыстардың бірі екіншісіне ықпал етіп, өз ара үндесуі *ассимиляция* деп аталады.

Ассимиляцияның нәтижесінде бір дыбыс екінші дыбысты толық бағындыруы да, жартылай бағындыруы да мүмкін. Осыдан келіп, ассимиляция *толық ассимиляция* және *жартылай ассимиляция* деп аталатын екі түрге бөлінеді.

Егер тетелес келген екі дыбыстың бірі екіншісін дәл өзіндей етіп, толық бағындырса, ассимиляцияның мұндай түрі *толық ассимиляция* деп аталады. Мысалы, *сүзсе* деген сөз сөйлеу про-

[1] Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. часть I, стр. 145—146.

[2] Сингармонизм жайында әдебиеттер: *В. А. Богородицкий.* Законы сингармонизма в тюркских языках. — «Вестник научного общества татароведения», № 6, 1927; *Н. А. Баскаков.* Уйгурский вокализм. — «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков». I, фонетика, стр. 116—121; *Ф. Г. Исхаков.* Гармония гласных в тюркских языках. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», I, фонетика, стр. 122—160; *И. А. Батманов.* Современный киргизский язык, часть I, фонетика, явления сингармонизма, стр. 61—74.

цесінде *сүссе* түрінде, *басшы* деген сөз *башшы* түрінде айтылады. Бұл сөздердің құрамындағы көршілес дыбыстардың соңғысы *(с, ш)* өзінің алдындағы дыбысты *(з, с)* дәл өзіндей етіп, толық игеріп тұр. Толық ассимиляцияның нәтижесінде бір дыбыс екінші дыбысты барлық жағынан — артикуляциялық орны, артикуляциялық жолы, дауыс қатысы жағынан да — түгелдей икемдеп, онымен дәл өзіндей етіп үндеседі.

Егер тетелес келген екі дыбыстың бірі екіншісін дәл өзіндей етіп өзгертпей, бір жақты, жартылай ғана икемдесе, онда ассимиляцияның мұндай түрі *жартылай ассимиляция* деп аталады. Мысалы, *күз-дік, жас-тық* деген сөздердегі қосымшалардың бірінде ұяңнан, екіншісінде қатаңнан басталып жалғануы сол түбір сөздердің біреуінің соңғы дыбысы ұяң, екіншісінің соңғы дыбысы қатаң болуына қарай икемделіп үндесуінен. Бұл мысалдардағы көршілес келген дауыссыздардың бірі екіншісін өзіне бір жақты ғана — тек дауыс қатысы жағынан ғана — икемдеп тұр. Ассимиляцияның мұндай түрінің жартылай деп аталуы да осыдан.

Көрші дыбыстардың бірінің екіншісіне ықпал ету бағытына (не ілгері, не кейін) қарай, ассимиляция екі түрге бөлінеді: оның бірі — *прогрессивті ассимиляция,* екіншісі — *регрессивті ассимиляция.*

Алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа ықпал етіп, оны өзіне бағындыруы *прогрессивті ассимиляция* деп аталады. Мысалы, *күміс* деген сөзге қосымшалардың қатаңнан басталып жалғануы *(күміс-тен, күміс-ке)* түбір сөздің қатаңға бітіп, қосымшаның бастапқы дыбысын өзіне бағындыруынан. Алғашқы қатаңның ықпалымен кейінгі ұяңның өзгеріп, қатаңға айналуы *алып бер* деген сөз тіркесінің сөйлеу процесінде *алып пер* түрінде айтылуынан айқын аңғарылады. Ұяңдардан кейін соның ыңғайына қарай ұяң дыбыстардың келуі де, мысалы: өзбек тілінде *тоғ-дан* (таудан), *көз-да* (көзде) түрінде айтылуы да, прогрессивті ассимиляцияның нәтижесі.

Кейінгі дыбыстың алғашқы дыбысқа ықпал етіп, оны өзіне бағындыруы *регрессивті ассимиляция* деп аталады. Мысалы, ***н*** дыбысы ерін дыбыстарының ***(б, п)*** алдынан келсе (сөнбе, Жанпейіс), ол ***(н)*** айтылуда өзінен кейінгі ерін дыбыстарының ықпалымен ***м*** дыбысына (айтылуда *сөмбе, Жампейіс)* айналады. Орыс тілінде *сделать* деген сөздің сөйлеуде *зделать* болып айтылуы да осы аталған регрессивті ассимиляцияға мысал бола алады.

Кейбір тюркологтар прогрессивті ассимиляция мен регрессивті ассимиляцияны дауысты дыбыстарға да қатысты деп есептейді.[1] Олардың пікірінше, егер алдыңғы буындағы дауысты соңғы буындағы дауыстыны өзінің ыңғайына қарай, икемдеп бағындырса, онда оның прогрессивті ассимиляция болғаны. Мысалы, жуан буыннан кейін жуан буынның *(қала-лар),* жіңішке буыннан кейін жіңішке буынның *(ел-дер)* келуі немесе ерін дауыстыдан кейінгі буында ерін дауыстының келуі (қырғызша — *түлкүлөр)* прогрессивті ассимиляцияның нәтижесі.

Егер алдыңғы буындағы дауысты соңғы буындағы дауыстының әсерімен өзгерсе, дауысты дыбыстың өзгеруінің бұл құбылысы регрессивті ассимиляция деп аталады. Мысалы, *бұл күн* деген екі сөз бірігіп, қырғызша *бүгүн,* қазақша *бүгін* түрінде қолданылуы осы аталған регрессивті ассимиляция заңына мысал бола алады. Бірінші буындағы (сөздегі) жуан дауысты ***(ұ)*** соңғы буындағы (сөздегі) жіңішке дауыстының әсерінен жіңішке дыбысқа ***(ү)*** айалған. *Бұ(л) жыл* деген екі сөздің *биыл (быйыл)* болып өзгеріп айтылуынан да регрессивті ассимиляцияны аңғаруға болады. Бұл сөздің бірінші буынындағы ерін дауыстысы ***(ұ)*** соңғы буындағы (сөздегі) езулік дыбыстың ***(ы)*** әуеніне икемделіп, езулік дыбысқа айналған. Өзбек тілінде *оң* деген сөзден жасалған — *аңламоқ* (аңғару), *бор* (бар) сөзінен жасалған — *барча* (барша, барлық) деген туынды сөздердің бірінші буынындағы дауыстының ***(о)*** өзгеруі де (***а*** дыбысына айналуы) соңғы буындағы дауыстылардың әсерінен[1]. Дауыстылардың өз ара әсер етіп, бірін-бірі өзгерту процесінде прогрессивті ассимиляцияға қарағанда, регрессивті ассимиляция өте сирек ұшырайды. Кейбір тюркологтар дауысты дыбыстарға қатысты регрессивті ассимиляцияны түркі тілдеріндегі көне құбылыс деп есептейді[2].

§14. ДИССИМИЛЯЦИЯ

Диссимиляция бір тектес дыбыстардың арасында болады. Біркелкі дыбыстардың немесе өз ара ұқсас дыбыстардың әр басқа дыбыстар немесе сәл ғана ұқсас дыбыстар болып өзгеруі *диссимиляция* деп аталады.

Нәтижесіне қарағанда, диссимиляция — ассимиляцияға қарама-қарсы құбылыс. Ассимиляция құбылысы бойынша әр басқа дыбыстар біркелкі немесе өз ара ұқсас дыбыстар болып үндессе, диссимиляция құбылысы бойынша біркелкі немесе өз ара өте жақын, ұқсас дыбыстар әр басқа немесе өз ара ұқсастығы аз дыбыстар болып өзгереді. Мысалы, *февраръ* (латынша februarius) сөзінің *февраль* болып өзгеріп қалыптасуы — осы аталған диссимиляция құбылысының нәтижесі. Орыс тіліндегі *верблюд сөзі — велблюд* сөзінің өзгерген түрі.

---

[1] *И. А. Батманов.* Современный киргизский язык. Часть I, Фонетика. Фрунзе, 1953, стр. 65. *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка. М—Л., 1960, стр. 38—43.

[1] *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 43.

[2] *И. А. Батмановтың* жоғарыда аталған еңбегінің 66-бетін қараңыз.

Түркі тілдеріндегі диссимиляция құбылысын аффикстердегі ***л, н*** дыбыстарының өзгеруінен көруге болады[1]. Мысалы, қазақ, қырғыз тілдерінде ***л*** дыбысына аяқталған сөзге аффикстер де ***л*** дыбысынан басталып жалғануға тиісті болғанымен, ол өзгеріп, ***д*** дыбысына айналады. Мысалы: қазақша *ауыл-лар>>ауылдар,* қырғызша *айыллар>айылдар.* Қырғызша *айыл,* қазақша *ауыл* деген үнді дыбысқа аяқталған сөзге табыс септігі үнді ***н*** дыбысынан басталып жалғануға (-ны) тиісті бола тұрса да, ол өзгеріп, ұяң ***-д*** дыбысынан басталады: қырғызша *айыл-ны>айылды*; қазақша *ауыл-ны>ауылды.* Шығу төркінінде *молла* (араб сөзі) түрінде дыбысталатын сөз қырғыз, қазақ тілдерінде *молда* түрінде айтылады. Бұл сөздің құрамындағы үнді **л** дыбысының ұяң **д** дыбысына айналуы да ассимиляция құбылысының нәтижесі.

Түрік тілінде ***ж (дж), ч*** аффрикаттарының шұғыл (смычные) элементтерінің ***(д*** мен ***т)*** белгілі бір фонетикалық жағдайларда жойылып, соның нәтижесінде бұл аффрикаттардың шұғыл ызыңдардың тобынан тек ызың дыбыстарға ***(ж, ш)*** айналуы диссимиляция құбылысына жатқызылып жүр. Мысалы: 1) ***ч*** дыбысының диссимиляцияға ұшырауы: *gestek* (гешмек), *kacti* (қашты), *uçkun* (ұшқұн) және т. б.; 2) ***ж (дж)*** дыбысының ассимиляцияға ұшырауы: *eçdat* (эждат) «арғы тегі, ата тегі» («предки, прадеды»), *tecdit* тэждит), «жаңалау, жаңарту» (обновление»), *ecnas* (эжнас) «тұқым» («порода»), «сорт»[2] және т. б.

Түрік тілінде диссимиляция құбылысы *tepte>tekte* («теппе») деген сөзде және төмендегі кірме сөздерде бар: *attar>aktar* («ұсақ саудагер»), *musamma>musamba* («клеенка»), *tanur>tandir* («табадан»—«род жаровни»), *pürkar<pergel* («циркуль»)[3].

Қандай бір тілде болсын, диссимиляция құбылысы, ассимиляция құбылысына қарағанда, анағұрлым сирек ұшырасады[4].

---

[1] *И. А. Батмановтың* аталған кітабының 142-беті.

[2] *Э. В. Севортян.* Ассимиляция и диссмиляция согласных в южных тюркских языках. —Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», часть I, стр. 313

[3] Бұл да сонда, 313-бет.

[4] Ассимиляция мен диссимиляция жайында әдебиеттер: *Н. К. Дмитриев.* 1) Ассимиляция и диссимиляция согласных в кумыкском языке; 2) Ассимиляция и диссимиляция согласных в башкирском языке. —«Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков» I, фонетика, стр. 298—307: *Э. В. Севортян.* Ассимиляция и диссимиляция согласных в южных тюркских языках. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», I, фонетика, стр. 307—314; *И. А. Батманов,* Комбинаторные изменения согласных. — «Современный киргизский язык», часть I, фонетика, стр. 138—149.

§ 15. РЕДУКЦИЯ МЕН ЭЛИЗИЯ

Белгілі бір фонетикалық жағдайда дыбыстардың әлсіреп көмескіленуі, соның нәтижесінде олардың дыбысталуының өзгеруі *редукция* деп аталады.

Кейбір фонетикалық жағдайда дыбыстардың мүлдем түсіп қалуы *элизия* деп аталады. Элизия редукциямен тығыз байланысты. Элизияны редукцияның нәтижесі деп айтуға да болады. Екінші сөзбен айтқанда, дыбыстардың түсіп қалуы олардың әлсіреп көмескіленуінің нәтижесінде болады.

Дауыстылардың ішінде редукцияланатын дыбыстар көбінесе қысаң дауыстылар. Мысалы, өзбек тілінде екпінсіз буындағы қысаң дауысты, екпін түскен буындағы дауыстыға қарағанда, редукцияланып көмескі айтылады: **киши>киши (кісі), пишиқ>пишиқ (пысық), қизил>қизил (қызыл), хина<хина (қына), қилич>қилич (қылыш), биринчи>биринчи (бірінші)**[1] т. б.

Әдетте, редукцияға ұшырайтындар — екпін түспеген буындағы дауыстылар. Мынадай түбір сөздерге аффикстер жалғанғанда, түбірдің соңғы буынындағы қысаң дауысты екпіннің аффикске ауысып кетуінен редукцияланып, мүлдем түсіп қалады:

а) сонор дыбыстардың аралығындағы қысаң дауыстылар: **орын+ы>орны, ерін+і>ерні, мұрын+ы>мұрны, қарын+ы>>қарны, қойын+ы>қойны; мойын+ы>мойны, ауыл+ы>>аулы;**

ә) сонор дыбыс пен ұяң дыбыстың аралығындағы қысаң дауыстылар: өзбекше **ұғил+и<ұғли, бағир+и>бағри, ұлұғ++ай>ұлғай, сарық+ай<сарғай;** қазақша **ауыз+ы<аузы;**

б) сонор дыбыс пен қатаң дыбыстың аралығындағы қысаң дауыстылар: **көрік+і>көркі, бөрік+і>бөркі, қулық+ы>құлқы (мінез-құлқы), тұрық+ы>тұрқы, халық+ы>халқы, ерік++і>еркі.**

Дауыстылардың элизиясы (түсіп қалуы) сөздің тіркесінің құрамындағы сөздердің аралығында, сондай-ақ біріккен сөздердің құрамында да кездесуі мүмкін. Мысалы: *торы ат>*айтылуы — *торат, ала ат>*айтылуы — *алат, алты ай>*айтылуы — *алтай, айта алмады>*айтылуы — *айталмады, келе алмады>>*айтылуы *келалмады, қайын-аға>*айтылуы — *қайнаға т.* б.

Бұлардың құрамындағы алдыңғы сыңарлардың (сөздердің) соңғы буынындағы дауыстылардың элизияға ұшырауы сол буынның екпіннен айрылып қалуынан деп түсіну қажет. Бұл тіркестердің құрамындағы әрбір сөз жеке-жеке дербес екпінге ие болмай, бүтіндей тіркес ритмикалық бірлікте айтылып тұр.

---

[1] *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка, 1960, стр. 45.

Ұйғыр тілінде **а, ә, е** ашық дауыстылары сөз ортасындағы екпінсіз буында айтылғанда, редукцияға ұшырайды да, түбірдің ыңғайына қарай не қысаң езулік **и** дыбысына, не қысаң еріндік **ұ, ү** дыбыстарының біріне айналады. Мысалы: *кемә — кемилә(р)*—«кемелер», *ат — атлири*—«аттары», *һарва — һарвұла* (р)—«арбалар», *төгә — төгүлә* (р)—«түйелер»[1].

Татар тілінде дыбыстардың редукциялануы мынадай жағдайларға байланысты:

1. Татар тілінде де, қазақ тіліндегі тәрізді, алдыңғы буыны ашық, соңғы буыны тұйық буын болып келген екі буынды сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, соңғы буындағы қысаң дауысты, әдетте, түсіп қалады. Алайда қысаң дауыстылардың редукцияланған түрде сақталған формалары да қатар қолданыла береді. Мысалы: *күңел* (көңіл)— *күңле‖күңеле; килен* (келін)— *килне‖килене; муйын* (мойын)— *муйны‖муйыны; борын* (мұрын)— *борны‖борыны; бүрек* (бөрік)— *бүрке‖бүреге*; *тауыш* (дауыс)— *таушы‖тауышы*[2] және т. б.

2. Екі буынды етістіктерге аффикс дауыстыдан басталып жалғанғанда, соңғы буындағы қысаң дауысты түсіп қалады. Мұнымен бірге, қысаң дауыстыларды сақтаған формалардың қатарласып қолданылатындары да бар. Мысалы: *йөгер+ә= =йөгерә‖йөгрә; йөгәр+еп=йөгереп‖йөгреп*; *йөгер+у=йөгеру‖йөгру; йөгер+еш — йөгереш‖йөгреш; йөгер+ек=йөгерек‖ ‖йөгрек; күрен+ә=күренә‖күрнә (көріне); чәнеч+ә=чәнечә‖ ‖чәнчә (шәнше)*[3] және т. б.

3. Татар тіліндегі *сигез, тоғыз* деген есептік сан есімдерден реттік сан есімдер жасалғанда, соңғы буындағы қысаң дауыстылар түсіп қалады: *сигез+енче=сигезенче‖сигзенче, тоғыз+ +ынчы=тоғызынчы‖тоғызынчы.*

4. Татар тілінде алдыңғы ашық буын екпінсіз буын болып келсе, дауысты дыбыс әрқашан редукцияланған түрде айтылады. Мысалы, *белу* (білу) сөзі *блу* түрінде, *қызыл* сөзі *кзыл* түрінде айтылады.

Якут тілінде екі буынды есім сөздердің, әсіресе етістіктердің соңғы буынындағы қысаң дауыстылар аффикс дауыстыдан басталып жалғанғанда түсіп қалады. Мысалы: а) есім сөздер: *ахсыс* (ағыс+ыс)—«сегізінші», *тохсус* (<тоғус+ус)—«тоғызыншы», *санным* (<сарын+ым)—«иығым», *көхсүм* (<көгүс+үм)— арқам»[4] және т. б.

Редукция мен элизияға ұшырайтындар тек дауыстылар ғана емес, сонымен бірге дауыссыздар да түрлі фонетикалық жағдайларда әлсіреп көмескіленеді немесе мүлдем түсіп қалады. Мысалы, дауыссыз **в** дыбысы өзбек тілінде мынадай позицияларда редукцияланады:

а) еріндік дауысты **у** дыбысынан кейін: *сув (сүу)* «су»;

ә) **л, р** сонор дыбыстарының алдында: *авлие (ауылие) «әулие»;*

б) дауыстылардың арасында мүлдем түсіп қалуға дейін барады: *овул (оwул оул)* «ауыл».

Түркі тілдеріндегі сонор **р, л, н** дыбыстары тұрақсыз дауыссыздардың қатарына енеді. Түркі тілдерінің кейбіреулерінде және қайсыбір диалектілерде аффикстердің құрамындағы **р** дыбысы түсіп қалады. Мысалы түрікмен тілінің текин диалектісінде етістіктің шақ формасын тудыратын аффикстің құрамындағы **р** дауыссызы сақталмаған. Мысалы: боля (айтылуы: болья)<әдеби түрі: боляр («болар»); гезйе< әдеби түрі гезиер («кезер»)[1].

Құмық тілінде көптік жалғауының құрамындағы **р** дыбысы ілік, табыс, барыс септіктерінде түсіп қалады. Мысалы, *йоллар* («жолдар»); *тиллер* («тілдер») деген көптік жалғаулы сөздер мына түрде септеледі: *йол-ла-ны, тил-ле-ни, йол-ла-ға, ти-ле-ге.* Ал қарачай-балқар тілінде септіктің күллісінде көптік жалғауы (-лар, -лер) *-ла, -ле* формасымен ауыстырылып, **р** дыбысы барлық септіктерде түсіріліп айтылады[2].

Түрік тіліндегі монғол және венгер варианттарымен сәйкес келетін көне форма — *arslan* («арыстан») **г** дыбысының түсіп қалуы нәтижесінде қазір де *aslan* түрінде айтылады. Түрік тілінің қастамұн диалектісінде (қастамунийский диалект) етістіктің жедел өткен шақ түрі мынандай формада айтылады: *vedi<verdi* (берді), *vadi<vardi* (барды)[3].

Түркі тілдерінде **н** дыбысы да кейбір жағдайларда түсіп қалады. Мысалы, қарачай-балқар тілінде жіктік жалғауының соңғы **н** дыбысы түсіріліп айтылады: *чабакъцыма* (балықшымын), *чабакъцыса* (балықшысың)[4].

Түркі тілдерінің көпшілігінде тәуелдіктің 3-жағының *-ы‖-сы* формасының *-ы‖-сын* варианттары бар. Бұл аффикстің *(-ы‖-сы)* алғашқы варианттары *-ын‖-сын* болған да, оның соңындағы **н** түсіп қалып, ол дыбыс *(н)* тек сөз ортасында келесі аффикстің алдында сақталған деген көзқарас бар (мысалы: *ат-ы — аты-н-да, ата-сы — ата-сын-да)*[5].

[1] *Н. А. Баскаков.* Уйгурский вокализм.— Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», часть I, стр. 121.

[2] *Ф. Г. Исхаков, А. А. Пальмбах.* Беглые гласные в татарском и некоторых других тюркских языках. —Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», часть I, стр. 209—210.

[2] Бұл да сонда. 210-бет.

[3] *Л. Н. Харитонов.* Современный якутский язык. Якутск, 1947, стр. 68.

[1] *Н. К. Дмитриев.* Неустойчивое положение сонорных *Р. Л. Н* в тюркских языках.— Сб. Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков», часть I, стр. 279

[2] Бұл да сонда, 280-бет.

[3] *Н. К. Дмитриевтің* аталған мақаласы, «Жинақтың» 279-бетінен.

[4] *Н. К. Дмитриевтің* аталған мақаласы, 280-бет.

[5] Бұл да сонда, 280-бет.

§16. ФОНЕТИКАЛЫҚ БАСҚА ПРОЦЕСТЕР

Фонетикалық басқа процестердің бірсыпырасы ассимиляция немесе диссимиляцияға негізделеді.

1. Диэреза көп жағдайда ассимиляцияға негізделеді. Мысалы, орыс тіліндегі ***т, д*** шұғыл дауыссыздары екі созылыңқы дауыссыздың арасында ығыстырылады (мысалы: *честный* [чэснэй], *праздный* [празнэй] немесе *стк, здк* дыбыс тіркестерінің арасынан ығыстырылады (мысалы: (*повестка* [повэскә], *поездка* [паjэзка])[1].

Диэреза ассимиляцияның негізінде де болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде ***чт, чн*** дыбыс тіркестері сөйлеуде ***шт, шн*** түрде айтылады; *что* (што), *скучно* (скушно)[2]. Мұнда екі жабысыңқы (смычные) дыбыстың ***(ч*** және ***т)*** қатарласпауы үшін дыбысы фрикативті **ш** дыбысы болып айтылады.

Қосарлы ***сс, лл, тт, мм*** дауыссыздарына біткен сөздерге (*класс, прогресс, процесс, металл, кристалл, ватт, грамм*) қазақ тілінің аффикстері жалғанғанда, қос дауыссыздың соңғы сыңары ығыстырылып, түсіп қалады (мысалы: *кластан, прогреске, процестің, кристалды, металдан, ваты, ваттық, грамнан*).

2. Эпентеза. Екі дыбыстың аралығына қосалқы дыбыстың келіп кіруі *эпентеза* құбылысы деп аталады. Мысалы, *метр, литр* деген сөздер қазақша *метір, литір* түрінде айтылады. *Трактор, трамвай* деген сөздердің *тырактор* (тырактыр), *тырамвай* (тырамбай) деп айтылуы да осыған мысал бола алады. Орыс тіліндегі *кровать* деген сөздің өзбекше *(каравот)* және қазақша айтылуында *(керует)* дауыссыздардың тіркесінің *(кр)* арасына дауысты дыбыс қосылады.

3. Протеза. Бұл эпентезаның бір түрі болып саналады. Эпентеза бойынша дыбыс сөздің ортасына қосылатын болса, протеза бойынша дыбыс сөздің алдынан қосылады. Мысалы, орыс тіліндегі *шкаф, стакан, стол* деген сөздер қазақша дыбысталуында *ышқап, ыстақан, үстөл* түрінде айтылады.

Қазақ тілінде ***л, р*** әріптерінен басталып жазылатын сөздердің (*лай, лақ, лайық, лас, рай, рақмет, разы*) алдында сөйлеуде дауысты дыбыс қосылып айтылады (мысалы: *ылай, ылақ, ылайық, ылас, ырай, ырақмет, ыразы*).

4. Эпитеза. Протеза бойынша дыбыс сөздің алдынан қосылса, эпитеза бойынша дыбыс сөздің соңынан қосылады. Мысалы, өзбек тілінде орыс тілінен енген *киоск, танк, пропуск, диск* деген сөздер *киоска, танка, пропуска, диска* түрінде айтылады және жазылады[3]. Ал қазақ тілінде орыс тілінен енген бұл сөздердің жазылуы сақталғанмен, олар айтылуда көбінесе *киоскі, танкі, пропускі, дискі* түрінде айтылып, оларға қосымшалар дауыссыздан басталып жалғанады (Мысалы: *киоскіден, танкіге, пропускіні, дискінің*).

5. Апокопа. Тіл-тілде кейбір сөздердің соңындағы дыбыстардың түсіп қалу (қысқартылып ықшамдалу) құбылысы кездеседі. Бұл құбылыс апокопа деп аталады. Апокопа құбылысына ұшырайтындар көбінесе кірме сөздердің соңындағы элементтер. Мысалы, иран тілдерінен енген *тахт* деген сөздің соңғы дауыссыз дыбысы түсіп қалып, қазақ тілінде *тақ* (орысша «трон») түрінде айтылады. Араб тілінің *бахт* сөзі қазақ тілінде *бақыт* түрінде қолданылумен бірге, соңғы дыбысы түсіріліп, *бақ* түрінде айтылады (мысалы, Абайда: *Махаббат, қызық, мал мен бақ — көрінуші еді досқа ортақ*). Қазақ тілінде *дос, бәс* түрінде айтылатын сөздер иран тілдерінен енген. Бұлардың иран тілдеріндегі дыбысталуының соңындағы т дыбысы қазақ тілінде айтылмайды. Сонымен, апокопа сөз соңындағы дыбыстардың қысқартылып ықшамдалуы дегенді білдіреді.

6. Метатеза. Сөз құрамындағы дыбыстардың орны ауысуы метатеза деп аталады. Метатезаға түркі тілдерінен көптеген мысалдар келтіруге болады. Өзбекше *дераза*, татарша *тәрәзә*, қазақша *терезе* түрінде айтылатын сөз башқұрт тілінде *тәзрә* түрінде айтылады. *Өпкә* (анатомиялық атау) деген сөздің құрамындағы ***п*** мен ***к*** дыбысының орны көптеген түркі тілдерінде ауысып айтылады. Мысалы:

алтай тілінде ***өкпө*** — қырғыз тілінде ***өпкө***;
қазақ тілінде ***өкпе*** — құмық тілінде ***өпге***;
ноғай тілінде ***өкпе*** — өзбек тілінде ***үпке***;
тува тілінде ***өкпе*** — ұйғыр тілінде ***өпкә***;
хақас тілінде ***өкпе*** — татар тілінде ***үпкә***;

Басқа түркі тілдерінде *атланмақ* (қазақша *аттанбақ*) түрінде айтылатын сөз хақас тілінде *алтанарға* болып айтылады. *Тамға* (таңба) сөзі **м, ғ||ң** дыбыстарының орны ауысуының нәтижесінде көптеген түркі тілдерінде түрлі-түрлі болып айтылады:

әзірбайжанша ***дамға*** — түрікменше *тагма*,
татарша *тамға* — алтайша *таңма*,
қарақалпақша *тамға* — туваша *таңма*,
өзбекше *тамға* — хақасша *таңма*,
қырғызша *тамға* — қазақша *таңба*[1].

Зерттеушілер метатеза құбылысы түркі тілдерінің ішінде әсіресе тува тілінде жиі ұшырасады деп есептейді. Мысалы:

---

[1] *А. А. Реформатский.* Введение в языкознание. М., 1960, стр. 170.
[2] Бұл да сонда, 171-бет.
[3] *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка. М., —Л., 1960, стр. 48.

[1] *А. А. Пальмбах, Ф. Г. Исхаков.* Явление метатезы в тувинском и некоторых других тюркских языках. —Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», фонетика, стр. 293.

Тува тілінде	Басқа түркі тілдерінде
өдүрек	өрдек, үрдөк, өртөк, үйрек...
ышқаш	ұхшаш, охшаш, ұксас...
асқақ	ақсақ, ахсақ,.,
асқаақ	ақсамақ, ахсамақ, ақсау...
тески	тегиз, тигез, тегіс[1]

Түркі тілдеріндегі метатеза құбылысына көбірек көңіл бөліп, жете қарастырған ғалым академик В. В. Радлов дыбыс тіркестерінің орын алмастыруының мынандай түрлерін көрсетеді: 1) ***пк, бг*** дыбыстарының тіркесінің орнына ***кп, гб*** дыбыстарының тіркесі қолданылады. Мысалы, *өпке* дегеннің орнына *өкпе*, *әпкел* (<алып кел) дегеннің орнына *әкпел* қолданылады; 2) алтай, хақас, тува т. б. шығыс түркі тілдерінде ***мм*** дыбыстары тіркесінің орнына ***мг, ңм, ңб*** дыбыстарының тіркесі, мысалы, *йағмыр, жағбыр* дегеннің орнына *йамғыр, дьаңмыр, жаңбыр* түрі қолданылады; 3) ***лт*** дыбыстарының тіркесінің орнына ***тл*** дыбыстарының тіркесі, мысалы, *мылтық* деудің орнына *мылтық* сөзі қолданылады; 4) ***ғл*** дыбыстарының тіркесінің орнына ***лғ*** дыбыстарының тіркесі, мысалы, *оғлан* деудің орнына *олған* сөзі қолданылады. 5) ***рб (рп)*** дыбыстарының тіркесінің орнына ***бр*** дыбыстарының тіркесі, мысалы, *арба* деудің орнына *абра; тоброк, топырақ* деудің орнына *торбоқ, тұрпоқ* сөзі қолданылады т. б.[2].

Қазақ тілінде *қапқан* деудің орнына *қақпан* деп айту немесе *тепкі* деудің орнына *текпі, түпкір* деудің орнына *түкпір* деп айту да осы метатеза құбылысының нәтижесі.

Түркі тілдерінде әр түрлі дыбысталатын *жаңбыр* деген сөздің құрамында айтылуға тиісті ***ғм‖ғб‖ңм*** дыбыстарының тіркесінің орнына бірсыпыра түркі тілдерінде ***мғ*** дыбыстарының тіркесі айтылады. Мысалы:

түрікменше ***ягмыр*** *— башқұртша* ***ямғыр***;
шорша ***нагбур*** *— ұйғырша* ***ямғур***;
алтайша ***нанъмыр*** *— өзбекше* ***емғир***;
алтайша ***дьаңмыр*** *— қырғызша* ***жамғыр***.[2]

Өзбек тіліндегі *түлки*, қазақ тіліндегі *түлкі* («аңның бір түрі») деген сөздің этимологиясына назар аударсақ, оның о бастағы дыбысталуы *түклі>түкті* (өзбекше *түкли* орысша «пушистый» дегенмен бірдей)[1] болған. Бұл сөз ***к*** мен ***л > т*** дыбыстарының орын алмасуының (метатезаның) нәтижесінде қазіргі *түлкі* түрінде дыбысталады.

[1] Бұл да сонда, 294-бет.
[2] *W. Radloff.* Phonetik der nördichen Türksprachen, s 270—272.
[3] *А. А. Пальмбах пен Ф. Г. Исхаковтың* жоғарыда аталған мақаласынан, «Жинақтың» 294-беті.

§17. ФОНЕТИКАЛЫҚ (ДЫБЫСТЫҚ) ЗАҢДАР

Тілдегі фонетикалық құбылыстар және олардың өзгеруі мен дамуының белгілі бір заңдылықтары болады. Белгілі бір тілдің дамуының әр түрлі кезеңдерінде немесе туыс тілдердің арасында (мысалы, славян тілдерінің, роман тілдерінің, герман тілдерінің немесе түркі тілдерінің арасында) дыбыстардың тұрақты (жүйелі) сәйкестілігі фонетикалық заңдар деп аталады[2]. Фонетикалық заңдылықтардың тілдің немесе тілдердің тарихына ғана емес, сонымен бірге қазіргі кездегі қалпына да қатысы бар.

Түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке болып үндесуі — ертеден бері өмір сүріп келе жатқан және әбден қалыптасқан фонетикалық заң. Сондай-ақ, түркі тілдерінде қатар келген дауыссыздардың не бірыңғай қатаң, не бірыңғай ұяң болып үндесуі де қалыптасқан заңдылық болып саналады.

Фонетикалық заңдылықтардың ішінде кейбіреулері туыстас тілдердің барлығына бірдей қатысты, күллісіне бірдей тән болады да, қайсыбіреулері біреуіне немесе бір-біріне өте жақын бірнешеуіне ғана қатысты болады. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, дауыстылардың не бір өңкей жуан, не бір өңкей жіңішке болып үндесуі немесе қатар келген дауыссыздардың не біркелкі қатаң, не біркелкі ұяң болып үндесуі — түркі тілдерінің барлығына бірдей қатысты, күллісіне ортақ заңдылық. Ал есім сөздердің аяғындағы ***ш*** дыбысының ***с*** дыбысына айналуы — түркі тілдерінің барлығына бірдей емес, тек қазақ тілі мен қарақалпақ тіліне ғана тән құбылыс. Мысалы, жалпы түркілік (общетюркские) *баш, құш* деген сөздер қазақ тілінде ***ш*** дыбысының ***с*** дыбысына айналу заңдылығына сәйкес, *бас, құс* түрінде айтылып қалыптасқан. Ал басқа түркі тілдеріне, мысалы, қырғыз, ұйғыр, алтай, түрікмен, тува тілдеріне ***ш*** дыбысының ***с*** дыбысына ауысу заңдылығы тән болмағандықтан, бұл тілдерде аталған сөздердің соңындағы ***ш*** дыбысы өзгеріссіз сақталған.

Тілдің фонетикалық жүйесі үшін дыбыстық өзгерістердің ішінде фонемалардың санын өзгерте алатын өзгерістер өте-мөте мәнді болып табылады. Тілдің тарихи даму барысында бірінебірі қарама-қарсы екі түрлі дыбыстық өзгеріс болуы мүмкін.

[1] *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка. М., —Л., 1960, стр. 49.
[2] *Р. А. Будагов.* Введение в науку о языке. М., 1958 стр. 174.

Оның бірі — *конвергенция*[1] құбылысы, екіншісі — *дивергенция*[2] құбылысы.

Тілдің тарихи даму барысында әр түрлі екі фонеманың бір фонеманың бойына сіңісіп, ұласып кетуі конвергенция деп аталады. Мысалы, көне түркі тіліндегі зат есім *баш, құш* деген сөздердің құрамындағы **ш** дыбысының қазақ тілінде **с** дыбысына айналуы нәтижесінде, бұл сөздер етістік *бас, құс* деген сөздермен бірдей дыбысталатын болды. Көрнекті ғалым В. А. Богородицкий **ш** дыбысының өзгеріп **с** дыбысына айналуын, соның нәтижесінде о бастағы **ш** мен **с** дыбыстарының ұласып, бірдейлесіп кетуін қазақ тіліне өте-мөте тән құбылыстардың бірі деп есептейді[3]. В. А. Богородицкий **ш** және **с** дыбыстары арқылы ажыратылатын сөздердің (мысалы, *аш* —«тамақ», *ас* —«іліп, артып қою») дыбыс өзгерісінің нәтижесінде дыбысталуы жағынан бірдей келуі (мысалы, «тамақ» деген мағынадағы аш деген сөздің *ас* болып өзгеріп, етістік мағынасындағы ас сөзімен бірдей дыбысталуы) конвергенция құбылысының нәтижесі деп қарайды.

И. А. Батманов көне түркі тіліндегі (древнетюркски) **ч** дыбысы қазақ тілі мен қарақалпақ тілінде **ш** дыбысына ауысқан деп есептейді. Оның пікірінше, қазақ, қарақалпақ тілдерінде ертеректе **ч** мен **ш** дербес фонемалар ретінде өмір сүріп, конвергенция құбылысының нәтижесінде бұл екі фонема бір фонема болып ұласып кеткен де, **ш** дыбысы **с** дыбысына ауысқан[4]. Бұл ретте ол мынандай салыстыру жасайды:

«қырғызша ***чач*** — қазақша ***шаш*** — волосы,
қырғызша ***шаш*** — қазақша ***сас*** — торопись,
қырғызша ***бас*** — қазақша ***бас*** — тесни,
қырғызша ***баш*** — қазақша ***бас*** —голова»[5].

Фонетикалық заңдар туралы ұғым көбінесе белгілі бір тілдің немесе туыстас тілдердің дамуының әр түрлі кезеңдерінде дыбыстардың өзгеруінің бір ізділігін (жүйелі болуын) ашып айқындаумен байланыстырылады. Мұрын жолды ***о, е*** дауыстылар алғашқы жазба ескерткіштер пайда болғанға дейін, орыс тілінде ***у, а*** болып өзгерген. Мысалы: ескі славянша (старославянское) *мока* — орысша *мука,* ескі славянша *рока, локь* — орысша — *рука, лук.* Орыс тілінің тарихында мұрын жолды

[1] *Конвергенция* — латынның convergentio —«бірдейлесу» деген сөзі бойынша жасалған термин.

[2] *Дивергенция* — латынның divergere —«ажырасу» деген сөзі бойынша жасалған термин.

[3] *В. А. Богородицкий.* Введение в татарское языкознание в связи с другими языками, издание 2-ое, Казань, 1953, стр. 15.

[4] *И. А. Батманов.* Современный киргизский язык, часть I, фонетика, стр. 98.

[5] *И. А. Батмановтың* аталған еңбегінің 96-бетінен.

о, е дыбыстары мен ***у, а*** дыбыстарының арасындағы өз ара сәйкестіліктің жалпы заңдылығы осылайша айқындалады[1].

Тілдің тарихи дамуын зерттеп, оны танып білуде туыстас тілдердің арасындағы дыбыс сәйкестілігін (звуковые соответствия) есепке алудың үлкен мәні бар.

Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестілігін айқындауда й (j) дыбысынан басталатын сөздерді көптеген тірек-таяныштардың бірі ретінде негізге алудың қажеттілігі айтылып жүр. Бұл дыбыстан басталатын сөздердің сәйкестілігі түркі тілдерінде екі түрлі жолмен болады: 1) ***й***/ *ноль;* 2) ***й***//***ж***‖***ж***'‖***з***‖***д***'‖***ч***‖***с***‖***с***'. Сәйкестіліктің бірінші түрі әзірбайжан тілінде (оның әдеби түрі мен диалектілерінде), қарачай-балқар тілінде және «өлі» тілдердің ішінде куманда (*«Codex Cumanicos»* ескерткішінде) бар. Мысалдар: *йақшы* (жақсы) деудің орнына *ахшы* түрі қолданылады. Әзірбайжан тілінде қысаң дауыстылардың алдында **й** дыбысы сөз басында келмейді. Мысалы, *йыл* (жыл) деудің орнына *ил, йылқы* (жылқы) деудің орнына *илқы, йудмаг* (жұтпақ) деудің орнына *удмаг, йулдуз* деудің орнына *улдуз* түрі қолданылады. Әзірбайжан әдеби тілінде *йүк* (жүк), *юхары* (жоғары) түрінде қолданылатын сөздер оның диалектілерінде *үк, ухары* түрінде ұшырасады[2].

Н. К. Дмитриев әзірбайжан, башқұрт, гагауз, құмық, өзбек, түрік, түрікмен тілдеріндегі сөз басындағы **й** дыбысына басқа түркі тілдерінде мына дыбыстардың сәйкес келетіндігін көрсетеді:

1) қырғыз тіліндегі ***жң***: *жңол; жңер, жңоқ, жүк;*
2) қазақ тіліндегі ***ж*** : *жол, жер, жоқ, жүк;*
3) атар тілінің мишер диалектісіндегі ***з*** :*з'ул, з'ер, з'ук, зүк;*
4) алтай тіліндегі ***д'*** : *дьол, дьер, дьок, дьүк;*
5) хақас, тува тілдеріндегі ***ч***: *чир*‖*чер («жер»), чох*‖*чок («жоқ»), чук*‖*чүк (жүк»);*
6) якут тіліндегі ***с***: *суол* («жол»), *сир* («жер»), *суох («жоқ»);*
7) чуваш тіліндегі с: *сул* («жол»), *сер* («жер»), *сук* (жүк»)[3].

Сөз басында ***б*** — ***п*** дыбыстарының келуі тұрғысынан түркі тілдерінде мынандай ерекшелік бар: түркі тілдерінің ішінде ***б*** дыбысымен салыстырғанда сөздері ***п*** дыбысынан басталатын тілдердің саны анағұрлым аз (бұлардың қатарына хақас, шор, тува, чуваш тілдері жатады). Сөз басында ***п*** дыбысының орнына ***б*** дыбысының келуі әсіресе башқұрт тілінде өте-мөте басым. Бірсыпыра түркі тілдерінде ***б***‖***п*** дыбыстары мұрын жолды ***м*** ды-

[1] *Р. А. Будаговтың* аталған кітабының 175-беті.

[2] *Н. К. Дмитриев.* Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова. —Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», часть I., стр. 266—267.

[3] *Н. К. Дмитриевтің* жоғарыда аталған мақаласынан, «Жинақтың» 268-беті.

бысына айналып кеткен. Мұны төмендегі мысалдардан көруге болады: «түрікмен, өзбек, ноғай, қазақ, қырғыз және ежелгі түркілік пен<енисей-орхон ескерткішінде және түрікше бен, мин, мұң, «мын»<бин; мұнда<бұнда; мұрұн<бұрұн; моюн «мойын»<боюн; меңзе<беңзе және т. б.»[1]

Якут тілінде **с** дауыссызы екі дауыстының аралығында ***h*** дыбысына ауысады (Мысалы: *бас+ы=баһа «басы»*). Башқұрт тілінде **с** дыбысының ***h*** дыбысына ауысуы жиі ұшырасады.

Шартты райдың жұрнағының *(-са||-се)* құрамындағы **с** дыбысы батыс түркі тілдері мен Орта азиялық түркі тілдерінде ұяң дыбысқа айналмай, өз қалпын сақтайды (Мысалы: *ал-са, ойна-са*). Ал Сибирьдегі түркі тілдерінде, мысалы, хақас тілінде шартты райдың жұрнағы дауысты мен ұяң дауыссыздан кейін ***-зи|| -зе*** түрінде, қатаңдардан кейін ***-са||-се*** түрінде жалғанады.

Қырғыз, қазақ тілдеріндегі сөз басындағы қатаң ***т,к*** дыбыстарына (төрт, күн) түрікмен тілінде ***д,г*** дыбыстары *(дөрт, гүн)* сәйкес келеді.

Өзбек, ұйғыр тілдерінде сөз аяғындағы ашық дауысты мен **ғ** дыбысының тіркесіне *(тағ, бағ)* қырғыз тілінде созылыңқы ерін дауыстысы *(тоо, боо)*, қазақ тілінде ашық дауысты мен үнді **у** дыбысының тіркесі *(тау, бау)* сәйкес келеді.

Қазақ, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде сөз ортасындағы ***й*** дыбысына *(айақ — аяқ)*, якут тілінде ***т*** *(атақ)*, тува тілінде ***д*** *(адақ)*, хақас тілінде **з** дыбысы *(азақ)* сәйкес келеді.

Туыстас тілдердің арасындағы дыбыс сәйкестілігін есепке алу тіл тарихындағы өзгерістерді және оның даму жолдарын айқындап білу үшін қажет. С. Е. Малов түркі тілдерінің арасындағы дыбыс сәйкестілігін есепке ала отырып, түркі тілдерін көне түркі тілдері және жаңа түркі тілдері деп екі топқа бөліп классификация жасауға негіз етеді. Оның пікірінше, егер белгілі бір тілдердегі сөздердің соңында ***ғ, г*** дыбыстары өзгермей сақталса, немесе сөз ортасында ***й*** дыбысының орнына басқа бір дыбыстар ***(т, д, з)*** қолданылса, онда ондай тілдер көне түркі тілдері (древние тюркские языки) болып табылады. Ал егер белгілі бір тілдерде сөз аяғындағы ***ғ, г*** дыбыстарының орнына басқа бір дыбыстар қолданылса немесе олар мүлдем түсіп қалса, я болмаса сөз ортасында ***й*** дыбысы қолданылатын болса, онда мұндай тілдер жаңа түркі тілдері (новые тюркские языки) болып саналады[2].

Тілдің тарихын және оның өзгеруі мен дамуын жете түсіну үшін фонетикалық заңдарды білудің айрықша маңызы бар. Алайда тек мұнымен шектеліп қою жеткіліксіз болады. Тіл та-

[1] Бұл да сонда, 271-бет.

[2] *С. Е. Малов.* Древние и новые тюркские языки.—«Известия Академии наук СССР», отделение литературы и языка, 1962, том, XI, вып. 2, стр. 139—141.

рихын жете білу үшін фонетикалық сәйкестілікпен (фонетические соответствия) бірге сөздердің семантикалық жақтан өзгеру, даму заңдылықтарын да есепке алу қажет. Лингвистикалық зерттеулерде фонетикалық заңдар мен семантикалық заңдарды ұштастыра білу (— тіл тарихын, оның даму жолдарын танып білудің кілті[1].

§18. ОРФОЭПИЯ

Әрбір халықтың әдеби тілінде айтылудың жалпыға бірдей ортақ және қалыптасқан бірыңғай нормалары болады. Солар жайындағы ережелердің жиынтығы орфоэпия[2] деп аталады. Әрбір әдеби тілдің орфоэпиясы дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерін ғана емес, сонымен бірге сөздер мен фразалардың да дұрыс айтылу ережелерін қамтиды.

Сөз құрамындағы дыбыстар немесе сөздердің аралығындағы дыбыстар бір-бірімен өз ара үндесіп, үйлесе айтылады. Сөйлеуде олардың үндестігін сақтап, нақышына келтіре айту үшін тілдің дыбыстық жүйесінің табиғатын, дыбыстардың бір-біріне әсер ету заңдылықтарын жете білу қажет.

Сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы мен айтылуының бір-біріне әрқашан сайма-сай келе беруі шарт емес. Тіл-тілдің әрқайсысында жазылуы мен айтылуының арасында пәлендей айырмашылық болмайтын сөздердің де бар екені рас. Бірақ әрқашан бұлай бола бермейді. Мысалы, *қанқұрт, сөнбеді* деген сөздерді жазылуына қарап, дәл осылайша оқу (айту) орфоэпиялық жақтан дұрыс болмас еді. Бұларды айтқанда, ол сөздердің ішіндегі дыбыстардың бір-біріне әсер ету, соған орай, өз ара үндесу ерекшеліктерін сақтау қажет. Бұл сөздер жоғарыдағыдай жазылғанмен, *қаңғұрт, сөмбеді* түрінде айтылады. Бұлай болатындығы мынадан: *қанқұрт* деген біріккен сөздің бірінші сыңарының соңғы үнді (сонор) дыбысы (н) өзінен кейін келген қатаң дауыссызға әсер етеді де, ол дыбыс (қ) ұяң дауыссызға (ғ) айналады. Бұл бірікken сөздің екінші сыңарының басқа дыбысы жасалу орны жағынан тіл арты дауыссыз болуына қарай, өзінің алдыңдағы дауыссыздың да тіл арты болуын қалайды. Осыған орай, тіл алды ***н*** дыбысы айтылуда тіл арты ***ң*** дыбысы-

[1] Тақырыпқа қатысты әдебиеттер: *Л. Р. Зиндер.* О звуковых изменениях. —«Вопросы языкознания», 1957, № 1; *Г. Шухардт.* О фонетических законах. —«Избранные статьи по языкознанию», русский перевод, М., 1950, стр. 23—55; *Н. К. Дмитриев,* 1) Соответствие а//ш; 2) Соответствие ф//з 3) Соответствие р//д//т//з//и, — «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков» I, фонетика, стр. 320—329; *Е. Д. Поливанов,* Фонетические конвергенции. — «Вопросы языкознания», № 3, 1957; *Б. А. Серебренников,* О некоторых спорных вопросах сравнительно-исторической фонетики тюркских языков. — «Вопросы языкознания», № 4, 1960.

[2] *Орфоэпия* — грек тілінің orthos — «тура, дұрыс» және «сөйлеу» деген сөздері бойынша жасалған термин.

на айналады. Ал *сөнбеді* деген сөздің *сөмбеді* болып айтылуы дауыссыздардың бірыңғай еріндік болып үндесуіне байланысты. Атап айтқанда, қосымшаның басқы дыбысы жасалу орны жағынан ерін дауыссызы болғандықтан, өзінің алдында тұрған тіл алды ***н*** дыбысының өзі тәріздес ерін дауыссызы болуын қалайды; осыдан ол да (н) айтылуда ерін ***(м)*** дыбысына айналады.

Орыс тілінде қатаң дауыссыздарды белгілейтін әріптер ұяң дауыссыздардың алдында келгенде, айтылуда ұяң дауыссызға айналады. Мысалы: *сберкасса* (айтылуы: *зберкасса*), *сделать* (айтылуы: *зделать*), *сделка* (айтылуы: *зделка*), *экзамен* (айтылуы: *эгзамен*).

Дыбыстардың бір-бірімен үндесіп айтылуы сөз ішіндегі дыбыстарға ғана емес, сонымен бірге сөздердің аралығындағы дыбыстарға да қатысты. Мысалы, *сақ бол, әкеп бер, қара көз, бара қалып едім, ала кел, көк аспан, ақ ешкі, көз сала жүр, үлкен ғалым, он бес, жүз жол* деген сөздердің тізбегі сөйлеу процесінде *сақпол, әкеппер, қарагөз, барағалыб едім, алагел, көгаспан, ағешкі, көссала жүр, үлкеңғалым, омбес, жүжжол* түрінде айтылады.

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы бойынша сөздердің аралығында қатар келген екі дауысты дыбыстың алдыңғысы сөйлеуде түсіріліп айтылады. Мысалы, *торы ала ат, бара алмады, келе алмады, бала ісі, бері отыр* деген тізбектер *торалат, баралмады, келалмады, балісі, беротыр* түрінде айтылады.

Орфоэпия мәселелерінің ішіндегі негізгілерінің бірі — екпін туралы мәселе. Мұның әсіресе екпіні жылжымалы тілдерде атқаратын қызметі айрықша. Орыс тілінде сөз ішіндегі дауыстылардың түрліше айтылуы екпінге байланысты. Мысалы, орыс тілінде екпінсіз буындағы **о** дыбысы жуан дауыссыздардан (ызың (шипящие) дауыссыздардан басқа) кейін ***а*** болып айтылады. Мысалы. *вода́, нога́* сөздердің екпін түспеген бірінші буындағы **о** дыбысы **а** болып айтылса, осы сөздің *воду, ногу* деген табыс септік формасында екпіннің сөздің негізіне (бірінші буынға) ауысуына байланысты ондағы дауыстының (о) айтылуда өз қалпы сақталады.

Орыс тілінде біркелкі жазылатын сөздердің екпіні өзгеріп, екпін бір буыннан жылысып басқа буынға ауысса, сөздің айтылуы да өзгереді. Екпіннің әр басқа буынға түсуіне байланысты сөздің айтылуының өзгеруі мағынаға әсер етеді. Мысалы, екпін бірінші буынға түсіріліп, *хло́пок* түрінде айтылса, бұл сөз «мақта» деген мағынаны білдіреді де, екпін соңғы буынға түсіріліп айтылса *(хлопо́к)*, онда бұл сөз «алақанды шарт еткізіп соғу» дегенді білдіреді. Мына мысалдарда да екпіннің әр буынға түсуіне байланысты сөздердің түрліше айтылуы ол сөздердің әр басқа сөздер екенін көрсетеді. *а́тлас* («географиялық карталардың жиынтығы») — *атла́с* (матаның бір түрі), *бро́ня* (бірдемені

біреуге арнап бекітіп қою) — *броня́* (кемеге, танкіге т. б. қапталған болат), *сво́йство* (қасиет) — *свойство* (сүйек жақындық).

Екпіні тұрақты тілдерде екпіннің сөздердің айтылуына тигізетін әсері екпіні жылжымалы тілдердегідей емес. Алайда екпіні тұрақты тілдерде де екпін сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуына әсер етпей қала алмайды. Мысалы, *Сарыарқа* деген сөздің сөйлеуде *Сарарқа* болып айтылуы бұл сөздің бірінші сыңарының *(сары)* дербес екпіннен айрылып қалып, соңғы сыңармен *(арқа)* екпін жағынан бір топ құрап айтылуымен байланысты болса, *торы ала ат* деген сөз тіркесінің айтылуда *торалат* болып ықшамдалуы оның сыңарларының әрқайсысының дербес екпінге ие болу қасиетінен айрылып, бір екпінге бағынып айтылуымен байланысты.

Сонымен, орфоэпия туралы ұғымға айтылудың қағидаларымен бірге, сөйлеу тілінің (устная речь) басты элементтерінің бірі ретінде екпін де енеді[1].

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыруда мектеп, радио, телевидение, театр және кинонын атқаратын ролі айрықша күшті.

Әрбір сауатты адам үшін жазудың ережелерін меңгеріп, дұрыс жаза білу қаншалық қажетті және міндетті болып саналса, айтылудың ережелерін меңгере білу, сөйлеуде үндестілікті сақтап айту, жалпыға ортақ қалыптасқан қағидалардан ауытқымау да соншалық қажет және міндетті болып саналады.

---

[1] *Р. И. Аванесов.* Ударение в современном русском литературном языке. М., 1958, стр. 5.

VI тарау

ГРАММАТИКА

§1. ГРАММАТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ

Тілдің лексикасындағы сөздер заттар мен құбылыстардың, сапа мен белгінің және т. б. атаулары болып саналады. Сөз нені атаса да, оны жеке дара күйінде атайды. Мысалы, *түз, ас, дәм, кел, мақал, сөз, сән* деген сөздер — жеке дара атаулар ғана; бұлардың әрқайсысында лексикалық мағына бар және әрқайсысы белгілі бір ұғымды білдіреді. Бірақ бұл сөздер өз ара байланыспай, бір-бірімен тіркеспей, осы қалпында жеке-дара тұрғанда, ойды білдіруге қабілетсіз. Бұл сөздер бір-бірімен тіркесіп, «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді» (мақал) деген түрде айтылса, онда сөздердің бір-бірімен тіркесіп, өз ара байланыста айтылуынан жасалған бұл сөйлемдегі ой бірден түсінікті болады.

Демек, тілдің қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы үшін, оның лексикасындағы алуан түрлі сөздердің бір-бірімен тіркесіп, өз ара белгілі бір қарым-қатынаста, байланыста қолданылуы және олардың тіркесуінен сөйлемдердің құралуы шарт. Сөйлемдер, әдетте, сөздердің түрленіп тіркесуінен жасалады. Ал сөздердің түрленуі, өзгеруі, түрлі тәсілдер арқылы сөйлемде тіркесуі тілдің грамматикасы арқылы іске асады. Грамматика тілдегі сөздердің түрлену, өзгеру ережелері мен сөздерден сөйлемдердің құралу ережелерін белгілейді.

Грамматиканың табиғатын жете түсіну үшін, ең алдымен грамматикалық абстракция туралы мәселе мен грамматиканың арқасында ойдың материалдық-тілдік қабыққа енуі туралы мәселені біліп алу қажет. Лексикалық абстракция бар да, грамматикалық абстракция бар. Тілдегі әрбір сөз бір тектес заттардың жиынтық тобымен ұштасады, оның әрқашан жалпылама мәні болады. Мысалы, «жолдың» *тасты жол, асфальтты жол, ұзақ жол, қысқа жол, кең жол, тар жол* болуы мүмкін, бірақ бұған қарамастан, *жол* деген сөз осылардың бәріне бірдей атау ретінде қолданылады. Сондай-ақ, *кітап* деген сөз *жалпы кітап* атаулыны білдіреді. Сөздің жалпылаушы қасиеті бола тұрғанмен, ол әр уақытта нақтылықпен байланысты болады. Осы нақтылық сөздің лексикалық мағынасын, оның (сөздің) даралығын

айқындап белгілейді. Лексикалық тұрғыдан *тау, көл, жол, қол, бел* деген сөздер әр басқа мағынасы бар әр түрлі сөздер болып саналады. Грамматикалық тұрғыдан *тау, көл, жол, қол, бел* деген сөздердің айырмашылығы жоқ, өйткені грамматика үшін ең бастысы: бұлардың бәрі де атау тұлғада, жекеше түрдегі зат есімдер. Бұл сөздердің лексикалық мағыналарының бір-бірінен айырмашылығы грамматика үшін басты нәрсе емес, өйткені грамматика нақты сөздерді емес, нақтылығы жоқ сөздерді, жалпы сөз атаулыны ескереді. Бұл сөздер септелгенде, оларға әр септікте әр түрлі жалғаулар *(-дың, -дің, -ға, -ге, -ды, -ді, -дан, -ден, -мен)* жалғанады. Бұл жалғаулардың алдында *тау, көл, ауыл, қала, жол, қол, бел* және т. б. осылар тәріздес сөздердің қайсысы тұрмасын, оның грамматика үшін пәлендей мәні жоқ.

Сөйлемдер құру үшін де грамматика сөздердің нақтылы лексикалық мағыналарынан абстракцияланады. Осыдан келіп, белгілі бір сөйлемдегі бір сөзді, сөйлемнің құрылысын бұзбай-ақ, басқа бір сөзбен қалауымызша ауыстыра аламыз. Мысалы, *Біз тауға бара жатырмыз* деген сөйлемнің құрамындағы *тауға* деген сөздің орнына, ыңғайына қарай, *көлге, ауылға, қалаға* деген сөздердің, қайсысын болса да, біреуін қойып айта беруге болады.

Грамматика сөздердің бір-бірімен қатынасын білдіреді. Ол қатынас (отношение) — белгілі бір сөздердің нақтылы қатынасы емес, ешбір нақтылығы жоқ грамматикалық қатынас. Бірақ грамматика қатынасқа ғана сүйеніп қоймайды, сонымен бірге мағынаға да сүйенеді. Бұл арада лексика мен грамматиканың арасында мынадай айырмашылық бар: лексикада мағына категориясы (категория значения) ең басты орынға, қатынас категориясы (категория отношения) кейінгі орынға ие болса, грамматикада ең алдымен қатынас категориясы, содан кейін ғана барып мағына категориясы мәлім болады. Бұған қоса, лексикадағы мағына категориясы грамматикадағы мағына категориясымен сәйкеспейді. Грамматикалық мағынаның лексикалық мағынадан басты айырмашылығының бірі сол, грамматикалық мағына логикалық ұғыммен ұштасады да, шындық өмірдегі заттармен тікелей ұштаспайды. Ал лексикалық мағына логикалық ұғыммен де, шындық өмірдегі заттармен де ара қатыста болып, екеуімен де ұштасады. Грамматикалық жалпылау (обобщение) логикалық категориялармен өз ара қарым-қатынаста болатын белгілі бір грамматикалық категорияларға негізделеді. Ал грамматикалық категориялардың өзі де абстракцияның жемісі. Грамматика өзінің ережелерін жасағанда, сөздер мен сөйлемдердің мағыналық нақтылығынан дерексізденеді, сөздердің өзгеруі мен сөздердің тіркесуінің негізіндегі жалпылық нәрсені негізге алады. Грамматикалық абстракцияның ерекшелігі, міне, осындай.

Қатынас жасау, пікір алысу ой жұмысы нәтижелерінің сөйлемдердегі сөздер мен сөз тіркестеріне негізделіп, соларға ор-

ныпып тұрақталуы нәтижесінде ғана мүмкін болады. Грамматика ойды материалдық-тілдік қалыпқа енгізуге, өз ара пікір алысуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, ол (грамматика) тілде ұйымдастырушы қызмет атқарады.

Грамматика тілдің грамматикалық құрылысын зерттейді. Грамматикалық құрылыс — белгілі бір тілдегі грамматикалық қатынастардың жүйесі. Грамматика бір-бірімен байланысты екі сала — морфология мен синтаксистен құралады. Морфология — сөздердің морфологиялық құрылымы мен типтері, морфема мен оның түрлері, сөздердің түрленуі, олардың формалары және сөздердің лексика-грамматикалық топтары туралы ілім. Ал синтаксис — сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөздердің сөйлемде тіркесуі туралы ілім.

Тілдің грамматикалық құрылысын әр тұрғыдан — замандар бойында тарихи дамуы, қалыптасуы тұрғысынан немесе тілдің өмір сүріп тұрған кезіндегі қалпы тұрғысынан — қарастыруға болады. Мұнымен бірге, туыстас тілдердің грамматикалық құрылысы өз ара салыстыру тұрғысынан да қарастырылады. Осыған орай грамматиканың бірнеше түрі болады. Тілдің грамматикалық құрылысын, ондағы грамматикалық категориялар мен грамматикалық формалардың пайда болуы мен біртіндеп қалыптасып дамуын тарихи тұрғыдан қарастырып баяндайтын грамматика *тарихи грамматика* деп аталады. Тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі қалпын қарастырып баяндайтын грамматика *сипаттама грамматика* немесе *синхрониялық грамматика* деп аталады. Туыстас тілдердің грамматикалық құрылысын, ондағы грамматикалық категориялар мен грамматикалық формаларды және түрлі-түрлі грамматикалық амал-тәсілдерді өз ара салыстыру тұрғысынан қарастыратын грамматика *салыстырмалы грамматика* деп аталады.

Тіл білімінің әрбір саласының қарастыратын единицалары бар. Грамматика тілдегі грамматикалық единицаларды (морфема мен сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді) және ол единицалардың басын қосып ұйымдастыратын, қатынас жасауда іске жарататын, әрі олардың бір-бірінен жігін ажырататын тәсілдер мен құралдарды зерттейді. Грамматикалық единицалар мен грамматикалық категориялар және грамматикалық формалар мен тәсілдер осы тараудың тиісті бөлімдерінде қарастырылады.

Аталған единицалардың (морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) ішінде екі жақты құбылыс ретінде қаралатын единица — сөз. Сөз тілдің лексикалық жүйесінің единицасы ретінде лексикологияда қарастырылғанда, жоғарыда («Лексикология» тарауында) атап өткеніміздей, біріншіден, лексикалық мағынасы, мағыналық құрылымы (смысловая структура) жағынан, екіншіден, шығу тегі жағынан, үшіншіден, қолданылу аясы мен шеңбері жағынан, төртіншіден, экспрессивті-стильдік сипаты жағынан

қарастырылады. Ал сөз тілдің грамматикалық единицасы ретінде грамматикада қарастырылғанда, біріншіден, оның (сөздің) бойында лексикалық мағына мен бірнеше грамматикалық мағынаның ұштасып келуі жағынан, екіншіден, морфологиялық құрылымы мен құрылымдық элементтері жағынан, үшіншіден, формалары жағынан, төртіншіден, лексика-грамматикалық топтарға (сөз табына) қатысы жағынан, бесіншіден, сөз тіркесі мен сөйлемнің құралуына қатысы және олардағы қызметі жағынан қарастырылады.

Грамматикалық единица ретінде қаралатын сөздің басқа барлық единицалардың ішінде алатын орны да, атқаратын қызметі де айрықша. Сан алуан грамматикалық құбылыстар сөзден тарайды және сөзге келіп тірелмейтін, оның (сөздің) қатысы болмайтын бірде-бір грамматикалық единица жоқ десе де болады. Сөз, біріншіден, грамматикалық жүйенің ішінде морфемамен бірлікте болып, бұл единицалар (сөз бен морфема) бір-бірімен өз ара тығыз байланысқа, қарым-қатынасқа түскен күйінде грамматикалық құрылыстың морфологиялық саласын құраса, екіншіден, сөз тіркесі және сөйлеммен өз ара қарым-қатынасқа, тығыз байланысқа түсіп, олармен бірге грамматикалық құрылыстың синтаксистік саласын құрайды.

Сөз де, сөз тіркесі де сөйлем құрауға қажетті единицалар ретінде қызмет атқарады. Сөйлемнен тыс, тек соған керекті құрылыс материалы ретінде қаралатын сөз бен сөз тіркесі тілдің номинативті құралдарының қатарына енеді. Сөйлем ойды айтып жеткізудің негізгі құралы болып саналады да, коммуникативті қызмет атқарады. Мұнан, әрине, сөз бен сөз тіркесінің коммуникативті қызметке қатысы жоқ деген ұғым тумауға тиіс. Мұндай қызметті олар да атқара алады. Бірақ сөз бен сөз тіркесі коммуникативті қызметті өздігінен, жеке дара күйінде емес, сөйлем арқылы, сөйлем құрамында қолданылу арқылы атқара алады. Сөз де, сөз тіркесі де сөйлемнің құрамында қолданылғанда, оның құрылымдық элементтері ретінде қарастырылады.

Әрбір тілдің өзіне тән белгілі бір құрылымы болады. Құрылым тілді құрастырушы единицалар — сөзде де, сөз тіркесінде де, сөйлемде де бар. Тілдің құрылымына талдау жасау, сайып келгенде, оны құрастырушы тілдік единицалар — сөздің құрылымына талдау жасау болып шығады.

Грамматика сөздердің өзгеруін, түрленуін, олардың (сөздердің) сөйлемде тіркесу формалары мен заңдылықтарын зерттейді. Сөздер бір-бірімен грамматикалық қатынасқа түскенде ғана, олардан сөз тіркестері мен сөйлемдер жасалады. Грамматикалық қатынастар сөздердің аралығында ғана емес, сонымен бірге сөз тіркестерінің аралығында да, сөйлемдердің аралығында да болады. Осыған орай грамматика сөздердің аралығындағы, сөз тіркестерінің аралығындағы, сөйлемдердің аралығындағы грамматикалық қатынастарды зерттейді. Грамматика үшін тіл-

дік единицалардың арасындағы грамматикалық қатынастар ғана емес, сонымен бірге,. тілдік единицалардың (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) құрылымы да маңызды мәселе болып саналады. Мәселенің осы жағын аңғарта келіп, проф. Р. А. Будагов былай дейді: «...Грамматикада 1) сөздің құрылымы, 2) сөз тіркесінің құрылымы және 3) сөйлемнің құрылымы зерттеледі. Грамматика сөздердің аралығындағы қатынастармен ғана емес, сөздің ішіндегі қатынастармен де шұғылданады, ол сөз тіркестерінің аралығындағы қатынастармен ғана емес, сөз тіркестерінің ішіндегі қатынастармен де шұғылданады. Сөйлем туралы да осыны айту керек: грамматикада оның құрылымы ғана емес, сөйлемдердің әр түрлі типтерінің аралығындағы байланыстар да зерттелінеді»[1].

Грамматиканың морфология саласында қарастырылатын мәселелердің бірі — сөздің морфологиялық құрылымы туралы мәселе. Енді осыған тоқталайық.

СӨЗДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

§2. СӨЗДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ БӨЛШЕКТЕРІ (МОРФЕМАЛАР) ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Сөздің морфологиялық құрылымы туралы мәселе грамматиканың өте-мөте маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Әр түрлі тілдердегі сөздердің морфологиялық құрылымын, құрылымдық элементтердің (морфемалардың) табиғатын, қызметі мен өз ара байланысу және тіркесу сипатын зерттеп шешу тілдердің морфологиялық типтерін айқындау үшін және олардың грамматикаларын ғылыми дұрыс негізде жасау үшін де өте-мөте қажет.

Сөздің морфологиялық құрылымына дұрыс талдау жасау үшін, ең алдымен сөздің құрылымына тікелей қатысы бар негізгі морфологиялық ұғымдарды алдын ала айқындап алу өте-мөте қажет. Ондай негізгі морфологиялық ұғымдардың мазмұнына *морфема туралы* ұғым мен оның *түбір морфема* (немесе *негізгі морфема)* және *аффикстік морфема* (немесе *көмекші морфема)* деп аталатын түрлері жайындағы ұғымдар енеді.

Сөздер морфологиялық құрылымы, морфемалық құрамы жағынан алуан түрлі болады: олар бір морфемадан да *(бас, қол),* екі морфемадан да *(бас-та, қол-да),* бірнеше морфемадан да *(бас-та-у-шы, қол-да-н-ыс-ы)* құрала береді. Сөз құрамындағы морфемалардың әрқайсысының өзіне тән мағынасы болады. Мысалы, *көлшікке* деген сөздің құрамындағы үш морфеманың бі-

[1] *Р. А. Будагов.* Введение в науку о языке. Издание 2-ое. М., 1965, стр. 226—227.

ріншісі *(көл)* заттық мағынаны білдірсе, екіншісі *(-шік)* кішірейткіш мағынаны, соңғысы *(-ке)* бағыт мағынасын білдіреді. Мағыналық тұрғыдан қарағанда, морфема сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық бөлшегі болып саналады. Сөз де, морфема да дыбыстан немесе дыбыстардың тіркесінен құралады. Дыбыс — тілдің ең кіші единицасы, бірақ ол өздігінен мағынаны білдіре алмайды. Дыбыс — тілдің мағыналық единицасы емес, ең кіші фонетикалық единицасы. Егер жеке дыбыс мағынамен байланысса, яғни мағыналық единица ретінде қызмет атқара қалса, онда оның сөз немесе көмекші (аффикстік) морфема болғаны. Мысалы, орыс тіліндегі *в городе, о работе* дегендегі ***в, о*** — предлогтар да, қазақ тіліндегі ***о*** баста, ***о*** заманда дегендердегі ***о — ол*** деген есімдіктің ықшамдалған түрі, ал *іні-м, киім-і* дегендердегі ***-м, -і*** — көмекші морфемалар (тәуелдік жалғаулары). Келтірілген бұл мысалдар мағынаның дыбысқа емес, сөзге және сөздің мағыналық бөлшегі — морфемаға тән екендігін дәлелдей түседі.

Сонымен, морфема дегеніміз тілдің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық единицасы.

Морфемалар мағынасы мен қызметі жағынан әр түрлі. Морфемалардың ішінде негізгі лексикалық мағынаны білдіретіндері де, грамматикалық мағынаны білдіретіндері де бар. Мысалы, *көлшікке* деген сөздің құрамындағы *көл* морфемасы негізгі лексикалық мағынаны білдірсе, *-шік* және *-ке* морфемалары грамматикалық мағыналарды білдіреді. Жалпылама лексикалық мағынаны білдіретін морфема түбір морфема немесе негізгі морфема деп аталады да (аталған сөздің құрамындағы түбір немесе негізгі морфема — *көл),* грамматикалық мағыналарды білдіретін морфема аффикстік морфема немесе көмекші морфема деп аталады (аталған сөздің құрамындағы аффикстік немесе көмекші морфема — *-шік* және *-ке).*

Дүние жүзіндегі тілдер грамматикалық құрылысы жағынан алуан түрлі. Осыған орай, ол тілдердегі сөздердің морфологиялық құрылымы да, сөз құрылымындағы түбір морфема мен аффикстік морфемалардың табиғаты да түрлі-түрлі болып келеді. Негізгі (немесе түбір) морфеманың жалпылама лексикалық мағынасы (общее лексическое значение) заттық мағына (вещественное значение) деп аталады. Орыс тіліндегі *письмо, писать, письменный, писание* деген сөздердің құрамындағы түбір морфема *(пис-)* осындай заттық мағынаны білдіреді де, өздігінен дербес қолданыла алмай, сөз құрамында ғана қолданылады. Кейбір негізгі морфемалар (түбірлер) нақтылы лексикалық мағынаны да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда заттық мағынаны білдіретін негізгі морфема (түбір) нақтылы лексикалық мағынаны білдіретін сөз ретінде қолданылады да, заттық мағына (вещественное значение) мен нақтылы лексикалық мағына бірбірімен түйісіп өз ара сайма-сай келеді. Мысалы, орыс тіліндегі

бег, дар, дом, ум дегендер түбір морфемалар бола тұрып, лексикалық мағыналары бар дербес сөздер ретінде де ұғынылады. Демек, орыс тілінде түбір деген лингвистикалық ұғым бұл күнде өз алдына дербестігі жоқ *пис (пис-ать), веж* — (*веж-ливый*) тәрізді негізгі морфемаларды да, өз алдына дербестігін сақтаған *бег, дар, дом, ум* тәрізді туынды емес сөздерді де (непроизводные слова) қамтиды.

Түбір сөз бен түбірдің, негіз бен сөздің формасы жағынан бір-біріне сәйкес келуі, орыс тіліне қарағанда, ағылшын тілі мен түркі тілдерінде әлдеқайда жиі ұшырасады. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, сөздің негізгі ары қарай морфемаларға бөлшектеуге келмейтін бір ғана түбірдің өзінен (мысалы, *жас, қол*) құралған жалаң негіз (непроизводная основа) түрінде де, екі немесе одан да көп морфемадан *(жас-тық, қол-тық-та)* құралған туынды негіз (производная основа) түрінде де ұшыраса береді. Жалаң негізден, яғни тек жалаң түбірдің өзінен, құралған сөздер түбір сөздер (непроизводные слова) деп аталады, туынды негізден, яғни түбір мен жұрнақтың қосындысынан құралған сөздер туынды сөздер деп аталады.

Түркі тілдерінде сөздің түбірі немесе негізгі белгілі бір лексикалық және грамматикалық мағынасы бар дербес сөз ретінде қолданылады да, осының нәтижесінде түбір (немесе негіз) мен сөз мағынасы мен формасы жағынан бір-бірімен сәйкес келе береді. Мысалы, етістіктің бұйрық райының II жақ формасы етістіктің әрі негізі, әрі түбірі ретінде ұғынылады және дербес сөз ретінде қолданыла береді. Зат есімдердің атау септігінің ешбір көрсеткіші жоқ. Атау тұлғасындағы зат есімдер түбір ретінде де, негіз ретінде де ұғынылады және дербес сөз ретінде де қолданыла алады. Демек, дербес сөз ретінде қолданыла алу түркі тілдеріндегі түбірге (немесе негізге) өте-мөте тән қасиет. Орыс тілінде көптеген сөздердің құрамында ол сөздердің қай сөз табына тән екендігін анғартатындай грамматикалық көрсеткіштер болады және ондай грамматикалық көрсеткіштер (аффикстер) сөздердің негіздерінен ажыратылып алынғанда, ол негіздер (основы) өздігінен дербес қолданыла алмайды. Ал ағылшын тілі мен түркі тілдерінде сөздердің негізі немесе түбірі дербес сөздер ретінде қолданыла береді және олардың құрамында ол сөздердің қай сөз табына қатысты екендігін анғартатындай грамматикалық көрсеткіштердің болуы шарт емес. Мұны орыс тілі мен ағылшын тілі және қазақ тіліндегі төмендегі мысалдарды салыстырудан көруге болады:

книга-а — book кітап
счит-ать — connt оқы
больш-ой — big[1] үлкен

[1] Орыс тілі мен ағылшын тіліндегі мысалдар *И. В. Арнольдтің* «Лексикология английского языка» (М., 1959) деген кітабының 100-бетінен алынды.

Ағылшын тілі мен түркі тілдерінде түбір сөздердің жоғарыдағы тәрізді дара морфемадан құралуы, соның нәтижесінде олардың өздерінің түбірлерімен немесе негіздерімен сәйкес келуі жиі ұшырасады. Ағылшын тілі мен түркі тілдерінде бір морфемадан құралған түбір сөздердің көп болуын және осыған орай сөз таптарының морфологиялық құрылымы жағынан бір-бірінен ажыратылуының әрдайым шарт еместігін бұл тілдерге тән ерекшелік деп білу керек.

Енді көмекші немесе аффикстік морфемалар жайында. Лексикалық мағынаны білдіретін морфема негізгі морфема немесе түбір морфема деп аталса, грамматикалық мағынаны білдіретін морфема көмекші немесе аффикстік морфема деп аталады. Негізгі немесе түбір морфемаларда дербестік бар. Олар, мысалы, түркі тілдерінде дербес сөз ретінде қолданыла алады. Ал аффикстік морфемаларда мұндай дербестік болмайды. Сондықтан да олар көмекші морфемалар деп аталады. Аффикстік морфемалар әрқашан сөз құрамында қолданылады. Олар сөзден тыс, ешқандай мағынаны білдіре алмайды. Аффикстік морфемалар сөз құрамында қолданылғанда ғана, белгілі бір мағынаны білдіреді. Мысалы, *көлшікке* деген сөздің құрамындағы аффикстік морфемалар (*шік, -ке*) осы сөздің және т. б. осы сөз тәрізді басқа да сөздердің құрамында қолданылғанда ғана, белгілі бір мағыналарға ие бола алады. Сөз құрамында аталған аффикстік морфемалардың алдыңғысы *(шік)* түбір морфеманы *(көл)* нақтылай түсіп, кішірейткіш мағынаны білдірсе, соңғысы (*-ке*) бағыт мағынасын білдіреді.

Аффикстік морфемалар түбір морфемадан сөздердің үлгілерін (модельдерін) жасауға қатысы жағынан да ажыратылады. Аффикстік морфемалар сөздердің белгілі бір тобының құрамында ғана қолданылса, түбір морфемалар бір емес, әр басқа топқа қатысты сөздердің құрамында ұшыраса береді. Мысалы, *білімнен* деген сөздің құрамындағы *-ім* және *-нен* аффикстік морфемалары сөздердің зат есім деп аталатын тобында ғана ұшырасса, *біл* деген түбір морфема сөздердің зат есім (мысалы: *білім)* деп аталатын тобында ғана емес, әр түрлі топтарда, мысалы, етістіктер тобында да *(білдіру, біліну, білісу),* сын есімдер тобында да *(білгіш, білімді)* ұшыраса береді. Түбір морфемалар әр басқа формалармен түрленетін сөздердің құрамында қолданыла алса (мысалы, жоғарыдағы әр басқа сөз таптарының түрлену формаларын алыңыз), аффикстік морфемалар бірқелкі формаларда түрленетін сөздердің құрамында қолданылады. Мұнымен бірге мына бір ерекшелікті қоса ескеру қажет: аффикстік морфема сөздердің белгілі бір тобына телініп шектеле тұрса да, түбір морфемаға қарағанда, әлдеқайда жиі қолданылады. Белгілі бір аффикстік морфема біртектес түбір морфемалардың әлденешеуіне жалғана берсе, белгілі бір түбір морфема санаулы ғана аффикстік морфеманы қабылдай ала-

ды[1]. Мысалы, аффикстік морфеманың бірі — көптік жалғауы (*-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*) күллі зат есім атаулы сөздердің (немесе түбірлердің) барлығына бірдей жалғана берсе, *жер* деген түбір морфемаға аффикстік морфемалардың барлығы емес, бірнешеуі ғана жалғана алады.

Енді түбір морфема мен аффикстік морфемалардың әрқайсысына арнайы тоқталайық.

§3. ТҮБІР МОРФЕМА МЕН НЕГІЗ

Түбір (немесе негізгі) морфема мен сөздің негіздері жайында кейбір ойлар жоғарыда, сөздің морфемалық бөлшектері жайындағы баяндауларда, айтылды. Түбір морфема мен сөздің негізі және олардың табиғаты туралы қосымша ойлар мен деректер мыналар:

Түбір морфема сөздердің әр түрлі лексика-грамматикалық топтары үшін бірдей ортақ морфема ретінде қызмет ете алады. Мысалы, *бас* морфемасы *бастық, басшы, баспа, баспалдақ, басшылық* деген зат есімдердің де, *басты, бассыз* деген сын есімдердің де, *баста, бастат, басқар* деген етістіктердің де түбірі болып саналады.

Ал негіздің (основа) түбірден айырмашылығы сол, ол сөздердің әр түрлі (әр басқа) лексика-грамматикалық топтары үшін емес, олардың белгілі бір лексика-грамматикалық тобының формаларына ортақ болып келеді. Мысалы, *бас* морфемасы жоғарыда аталған зат есімдердің де, сын есімдердің де, етістіктердің де — бәріне бірдей ұйтқы, бірдей ортақ түбір болса, *бастықтар, бастыққа, бастықтан, бастығың, бастығы* деген зат есімдер тобына енетін сөздердің формаларына ортақ негіз — *бастық*, ал *бастап, бастағалы, бастаған, бастайтыны* деген етістіктердің формаларының бәріне бірдей ортақ негіз — *баста. Басқара, басқарып, басқарғалы, басқарған, басқарар, басқаратын* деген етістік формаларының негізі *басқар* болып саналады. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды мынау: түбір морфема — сөздердің қандай лексика-грамматикалық топқа (қай сөз тобына) жататындығына қарамастан, олардың бәріне бірдей тән, күллісіне бірдей ортақ, баршасына бірдей негізгі ұйтқы болатын элемент те, негіз — белгілі бір лексика-грамматикалық топқа (сөз табына) қатысты бір сөздің әр түрлі формаларының бәріне бірдей ортақ ұйтқы.

Түбір морфема сөздердің ары қарай бөлшектеуге келмейтін және негізгі лексикалық мағынаны білдіретін түп бөлшегі болса,

[1] *В. Н. Ярцева.* Сопоставительный анализ структуры слова в современных германских языках. —Сб. «Проблемы морфологического строя германских языков», М., 1963, стр. 7.

негіз, әдетте, түбір мен жұрнақтың қосындысынан жасалады. Мысалы: *күйші, малшы, достық, таулы, өрле, бағала* және т. б.

Негіз бір ғана морфологиялық элемент — таза түбірден де құралуы мүмкін. Мұндайда, жоғарыда аталып өткеніндей, түбір мен негіз, сөз бен түбір немесе негіз бен сөз тәрізді единицалар бір-бірімен сәйкес келеді. Мысалы: *от, өт, бел, без, жер, жел, тас, жаз, ай, күн* және т. б.

Тюркологиялық әдебиеттерде лексикалық мағыналары бар, өз алдына дербес қолданылатын және тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алғанда, ары қарай бөлшектенбейтін негізгі морфемалар ғана (мысалы: *ел, ор, от, ат, жол, қан, қон, тон, жұмыс, балта, бидай, қамыс, жүгір, жөткір, жалғыз* және т. б.) түбір деп саналып жүр. Ал *ентік, ентеле* немесе *жөтел, жөткір* тәрізді сөздердің құрамында ғана қолданылатын, қазірде өз алдына дербестігі жоқ *ент- жөт-* тәрізді морфемалар түбір ретінде танылмай, аталған сөздер (*ентік, ентеле, жөтел, жөткір*) тұтас қалпында түбір делініп жүр. Тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алғанда, өз алдына дербестігі жоқ, тек сөз құрамында қолданылатын жоғарыдағы тәрізді морфемалардың (*ент-жөт*) алғашында нақтылы лексикалық мағыналары бар дербес сөздер (немесе түбірлер) болғандығын ескерсек, оларды тарихи тұрғыдан алып қарағанда, түбір деп тануға болады. Мысалы, түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі, *көр* (көру) мен *көз, бүлік* пен *бүлін, семіз* бен *семір, жақ* (*от жақ*) пен *жан* (*от жанды*) тәрізді жұп-жұбымен келген сөздердің әрбір жұбының түбірі бір екендігі аңғарылып тұрады. *Көз* бен *көр* (көру) деген сөздердің, тарихи шығу тегі тұрғысынан алғанда, түбірі *көболса, бүлін* мен *бүлік* сөздерінің түбірі — *бүл-*. Қырғыз тіл білімі маманы Б. М. Юнусалиев «Қырғыз лексикологиясы» атты еңбегінде *жақ* және *жан* деген етістіктердің түбірі — ***жа-***, ал *жақ* етістігінің құрамындағы ***-қ*** — сабақты етістік тудыратын жұрнақ та, *жан* деген етістіктің құрамындағы ***-н*** салт етістік тудыратын жұрнақ деп қарайды[1]. Бұған қарағанда *жа-* морфемасының қазіргі тілде өз алдына дербестігі жоқ алғашқы (көне) түбір екендігі көрінеді. Қазіргі тілдің қалпы тұрғысынан алғанда, *жақ* пен *жан* деген етістіктер құрамы ажыратылмайтын, яғни ары қарай бөлшектенбейтін бір тұтас морфемалар (түбірлер) ретінде танылады. Ал бұлардың құрамындағы ***-қ*** және ***-н*** аффикстері алғашқы түбірге әбден сіңісіп кеткен де, бұл күнде олар (***-қ, -н***) аталған сөздердің құрамында аффикстер ретінде қаралмайды. Осылар тәріздес түбірлер мен аффикстердің бір-біріне кірігіп кетіп, бір тұтас морфемаға айналу құбылысын кезінде профессор В. А. Богородицкий *сіңісу* (опро-

[1] *Б. М. Юнусалиев.* Киргизская лексикология, часть I (Развитие корневых слов.) Фрунзе, 1959, стр. 120—121.

щение) құбылысы деп атаған болатын[1]. Жоғарыда аталған *бүлік, бүлін* сөздерінің бастапқы түбірі бүл-екеніне қарамастан, бұл сөздердің қазіргі тілде *бүл-ік, бүл-ін* болып мүшеленбеуін осы аталған сіңісу құбылысының нәтижесі деп қарауға болады. Аталған сөздердің (*бүлік* пен *бүлін*) құрамындағы аффикстік морфемалардың ***(-ік, -ін)*** қандай морфемалар екендігін салыстыру тәсілі арқылы айқындауға болады. Мысалы, *бүлік* деген сөздің құрамындағы *-ік* аффиксі (жұрнағы) *күй, жел, тіл, тын, тұн, қаз, тес, сұра, тіле, кеті, күре, шірі* және т. б. осылар тәріздес түбір етістіктерге жалғанып, олардан *күйік, желік, тілік, тынық, тұнық, қазық, тесік, сұрақ, тілек, кетік, күрек, шірік* тәрізді есім сөздер жасайтын ***-қ (-к), ық (-ік)*** жұрнағымен сәйкес келеді. Ал *бүлін* деген сөздің құрамындағы *-ін* аффиксі *күй, бу, жу, ки, сілкі, сұра, тіле, ора, қыр* деген түбір етістіктерге жалғанып, олардан *күйін, буын, жуын, киін, өтін, сілкін, сұран, тілен, оран, қырын* тәрізді туынды етістіктер жасайтын ***-н (-ын, -ні)*** жұрнағымен сәйкес келеді. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, *бүлік* және *бүлін* деген сөздердің ең бастапқы түбірі (*бүл-*) есім сөз емес, етістік болғаны аңғарылады. Бұған айғақ болатындар жоғарыда келтірілген мысалдар мен осы алғашқы түбірден (*бүл-*) жасалған *бүлдір* деген етістіктің морфологиялық құрамы деп білеміз. Егер *бүлдір* деген сөздің құрамына морфологиялық талдау жасап, оны *бүл-* деген түбір морфема мен *-дір* деген аффикстік морфемаға мүшелеп ажыратсақ және *жан+дыр, күй+дір, жаз+дыр, ен+дір* т. б. осылар тәріздес сөздердің морфемалық құрамымен салыстырсақ, *бүл-* деген түбірдің етістік екені ешбір күмән тудырмайды. Бұл сөздің (*бүлдір*) құрамындағы аффикстік морфема (*-дір*) алғашында жоғарыда келтірілген етістіктердің құрамындағы *-дір* (*-дыр*) аффикстік морфемасы тәрізді өзгелік етістік жұрнағы болған да, кейінде түбірге сіңісіп, өзгелік етіс жұрнағы болу қызметінен айрылған. Бұл айтылғандарды түйіндей келгенде, мынадай тұжырым жасауға болады: тілде құрамындағы түбір морфемалар мен аффикстік морфемалар бір-бірінен ажырап, шегі ашық айқын көрініп тұратын негіздер де (немесе сөздер), құрамындағы негізгі (түбір) морфема мен аффикстік морфемалар өз ара кірігіп, бір-біріне сіңісіп кеткен, тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан морфемаларға бөлшектеуге келмейтін түбірлер немесе негіздер де кездесе береді. А. А. Реформатский «Тіл біліміне кіріспе» атты оқулығында алғашқы көне түбір мен аффикстің бір-біріне кірігуінен жасалып, бұл күнде бөлшектеуге келмейтін бір тұтас морфеманы сіңіскен түбір (опрощенный корень) деп ата-

[1] *В. А. Богородский.* Общий курс русской грамматики. Издание 5-е, М.—Л., 1935, стр. 99—102. Оның және де мына еңбектері: Очерки по языковедению и русскому языку. М., 1939, стр. 193—197; Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Издание 2-е, Казань, 1953, стр. 133.

са[1], ағылшын тілін зерттеуші И. В. Арнольд оны сіңіскен негіз (опрощенная основа) деп атайды[2].

Тарихи тұрғыдан, яғни алғашқы жасалуы тұрғысынан, алғанда, *бүлік* пен *бүлін* сөздерінің құрамын морфемаларға ажыратып, олардың бастапқы түбірі — *бүл-*, аффикстері ***-ік, -н*** деп мүшелеуге, осыған орай *бүлік, бүлін* дегендерді негіз деп қарауға болады. Ал тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алғанда, *бүлік, бүлін* дегендердің іштей морфемаларға мүшеленбей, бір бүтін түбір морфемалар ретінде ұғынылатынын ескеріп, оларды сіңіскен түбірлер деуге болады. Қазіргі тілде *бүлікші, бүліншілік* деген сөздердің түбірлері *бүлік, бүлін*, ал аффикстері *-ші, -шілік* делініп қаралады.

Сонымен, морфологиялық сіңісу процесінің нәтижесінде алғашқы түбір морфема мен аффикстік морфеманың бір-бірімен ажырамастай болып кірігіп, бұл күнде морфемаларға мүшеленбей бір тұтас морфема ретінде ұғынылатын түбір морфемалар сіңіскен түбірлер деп аталады.

Сіңіскен түбірлерге төмендегі түбірлер мысал бола алады: *жарық, жалын, моншақ, қайт, қайыр, оят, оян, мөлдір, мөлтең, құтыл, құтқар, семір, семіз* және т. б. Бұлар қазіргі қазақ тілінде *жар+ық, жал+ын, мон+шақ, қай+т, қай+ыр, оя+т, оя+н, мөл+дір, мөл+тең, құт+ыл, құт+қар, сем+ір, сем+із* түрінде немесе басқа түрде мүшеленуге келмейді де, әрқайсысы бөлініп-жарылмайтын бір бүтін түбір морфемалар —с іңіскен түбірлер ретінде танылады. «Осындай түбірлерге ***жұал*** (*жалаң, жалғыз, жалқы*), ***жаң*** (*жаңсақ, жаңыл*), ***түт-*** (*түте, түтін, түтік*), ***ел*** (*елік, елір, елен*), ***шек-*** (*шеге, шегер*), ***шұп-*** (*шұба, шұбыр, шұбыра*), ***тім-*** (*тіміскілеу, тімтіну*), ***майым-*** (*майми, маймақ, майман*), ***ент-*** (*ентеле, ентік*), ***жіп*** (*жібіді, жіпсіді*), ***жөт*** (*жөтел, жөткір*), ***жіл*** (*жілік, жіліншік*), ***бұғақ*** (*бұғақ, бұғаз, бұғалық*), ***жал-*** (*жалын, жалбарын*), ***топ-*** (*топан, топырақ*), ***өз-*** (*өзен, өзек, өзгер*), ***ұз-*** (*ұзақ, ұзайт, ұзын, ұзат, ұзыншақ*), ***мөл-*** (*мөлдір, мөлтең, мөлиген, мөлтілдеген*), ***оя-*** (*ояу, оят, оян*), ***бүл-*** (*бүлік, бүлдір, бүліншілік*), ***бұл-*** (*бұлт, бұлыңғыр*), ***құт-*** (*құтыл, құтқар*), ***сұм-*** (*сүмек, сүмелек, сүмірейген, сүмеңдеген*), ***өк-*** (*өксі, өкін, өкір, өкте*), ***тыр-*** (*тырай, тырбық, тыраңдаған, тыраш*) сияқтылар жатады. Мұндай «өлі» түбірлердің саны «тірі» түбірлерге қарағанда, әрине, әлдеқайда аз. Бірақ қазақ тілінде олар («өлі» түбірлер) бірен-саран ғана емес, бір алуан сөздердің құрамдарында кездесіп отырады.

Көне (өлі) түбірлер ерте замандарда өздеріне тән мағыналары бар дербес сөздер (морфемалар) болған. Бірақ ол түбірлер

[1] *А. А. Реформатский.* Введение в языкознание. М., 1960, стр. 224.
[2] *И. В. Арнольд.* Лексикология современного английского языка. М., 1959, стр. 99—100.

тілдің жалпы даму барысында тек кейбір қосымшалармен қолданылғанда ғана, белгілі мағынаны білдіретіндей болып, оларсыз (ол қосымшаларсыз) жұмсалмайтын болып, өздерінің бастапқы жеке-дара қолданылу қабілеттерін жоғалтып, бірте-бірте бір бүтін түбірге айналып кеткен. Мысалы, жоғарыдағы түбірлермен қатар, *тырдай жалаңаш, жұрдай таза, нарттай қызыл, еңгезердей зор* дегендердегі *тыр, жұр, нарт* түбірлерін алсақ, олар да ***-дай*** қосымшасынсыз қолданылмайды. Бірақ бұлар о баста өзіне тән мағынасы бар дербес сөз болғаны даусыз. Солардың ішіндегі *нарт* деген сөз көне түркі тілінде, сондай-ақ, қазіргі кейбір түркі тілдерінде қызыл гүлдің бір түрінің аты болған. Сол сияқты, қазіргі *тұмсық* деген сөздің *тұмылдырық, тұмшалау* деген сөздермен түбірлес екендігі күмәнсыз. Оған осы ұшеуіндегі ортақ ***тұм-*** формасымен қатар якут тіліндегі *тұмус* (тұмсық) деген сөз де айғақ болады т. б.

Осындай айғақтармен байланысты, ескеретін бірер жағдай бар. Мысалы, сөздің түбірін я оның морфологиялық құрылымын айқындау үшін, анықталатын морфема тілдегі басқа сөздерде ұшырайтыны я ұшырамайтыны ескерілуі қажет; егер бір морфема (түбір ме, қосымша ма — бәрібір) талданатын сөзден басқа тағы, ең кем болғанда, бір я бірнеше сөздің құрамында сол мағынада, сол қызметте жұмсалатын болса, онда олардың төркіні бір болғаны. Мысалы, *үлкен* және *үлкейген, өксі* және *өкір, жой* және *жоқ, той* және *тоқ* сияқты сөздерді бір-бірімен салыстырыңыздар. Сонымен бірге, сөздің морфологиялық құрамы мен этимологиялық құрамы үнемі аумай, дәлме-дәл шыға бермейтіндігі де есте болуы керек. Өйткені морфемалардың аралығындағы мағыналық және грамматикалық қатынастар мен байланыстар біржолата жойылғандықтан, ол сөз өзінің бастапқы төркінінен ада-күде қол үзіп кетуі мүмкін (мысалы: *тын* және *тыныс, тыныш; түп* және *түбір; сөз* және *сөйле; ту* және *тула; құр* және *құрғады; жап* және *жабыс; бол* және *болыс; қат* және *қатыс* (қатынас) сөздерін салыстырып қараңыздар)[1].

«Қазіргі түбірлердің бәрі де — лексикалық, грамматикалық және дыбыстық жақтарынан тұрақты бір бүтін тұлғалар. Ол түбірлер практикалық тілде жеке-дара сөз ретінде де, жаңадан әр алуан сөздер тудыратын негіз ретінде де жұмсала береді. Мысалы: *ол, бұл, кел, кет, ас, ат, шаш, қас, бас, сөз, мен, біз, сіз, үміт, үйрет, ояу, жан, жақ, жалын, жалаң, жалқы, жалғыз, қайт, қайыр* сөздерінде осы қасиеттердің бәрі де бар. Бірақ тарихи тұрғыдан қарағанда, түбір бірте-бірте мағына жағынан да, дыбыстық фонетикалық және морфологиялық жағынан да дамып қалыптасады. Мысалы, қазіргі кез тұрғысынан алғанда, жоғарыдағы *жақ, жан, жалын, жалқы, жалғыз, қайт, қайыр* сөздері — түбір сөздер. Ал тарихи тұрғыдан алсақ, осылардың бәрі де — туынды сөздер; өйткені *жақ, жан, жалын* сөздері *-қ, -н, -л, -ын* қосымшалары арқылы бастапқы *жа-* деген түбірден, *жалаң, жалқы, жалғыз* сөздері *-аң, -қы, -ғыз* қосымшалары арқылы әуелгі *жал-* деген түбірден, *қайт, қайыр* сөздері — *-т, -ыр* жұрнақтары арқылы *қай-* деген түбірден туған. Демек, ерте заманда түбір есебінде қызмет еткен бұл морфемалар кейінгі заманда көнеріп, туынды сөздердің құрамына еніп, ол құрамнан бөлінбейтіндей күйге жеткен де, жаңадан сөз тудырарлықтай түбірге айналған»[1].

Сонымен, сіңісу процесінде сөздің түбірлес, төркіндес сөздерімен байланысы күңгірттеніп жойылады да, элементтері өз ара кірігіп (сіңісіп) кеткен сөздер өзімен төркіндес сөздерден оқшауланып алшақтайды. Мысалы, *жақ (жағу), жан (жану), жарық, жалын* деген сөздер этимологиялық тұрғыдан о баста бір ғана түбірден *(жа-)* тарағанмен, қазірде бұл сөздер түбірлес сөздер ретінде емес, іргесі бір-бірінен аулақ жатқан, жақындығы жоқ сөздер ретінде ұғынылады,

§4. АФФИКСТІК МОРФЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Өз алдына дербестігі жоқ, тек сөз құрамында түбір морфемаға жалғанып қолданылғанда ғана, белгілі бір мағынаға ие болатын көмекші морфемалар аффикстік морфемалар немесе аффикстер деп аталатындығы жоғарыда айтылды.

Аффикстер мағынасы мен қызметі жағынан түрлі-түрлі болып келеді. Олардың ішінде түбір морфемаға жалғанып, оның мағынасын нақтылай түсетін аффикстер бар. Мысалы, жоғарыда аталған *көлшік* деген сөздің құрамындағы ***-шік*** аффиксі жалпы ұғымды білдіретін *көл* деген түбірге жалғанып, оның мағынасын нақтылай түсіп тұр. Аффикстердің кейбіреулері дербестігі жоқ түбір морфемадан сөз тудырады немесе дербестігі бар түбір сөзден туынды сөз тудырады. Мысалы, орыс тілінде өз алдына дербес қолданыла алмайтын ***оч-*** деген түбір морфема ***-ник*** деген аффикстің жалгануы арқылы толық лексикалық мағынасы бар сөзге *(очник)* айналған. Мұнымен бірге, осы аффикстің ***(-ник)*** дербес сөз ретінде қолданыла алатын түбір морфемаға жалгануы арқылы туынды сөз жасалады (мысалы: *ударник*). Қазақ тілінде *бүлік* деген сөз бұл күнде өз алдына дербестігі жоқ *бүл-* деген түбірге (аталған түбір *бүлін, бүлдір* деген сөздердің де құрамында кездеседі) ***-ік*** деген аффикстің жалгануынан жасалса, осы аффикстің өз алдына дербес сөз ретінде қолданыла алатын *тіл* деген түбір морфемаға (түбір етістікке) жалгануынан *тілік* деген туынды сөз жасалған. Дербестігі

[1] *А. Ысқақов.* Қазақ тіліндегі түбір сөз бен туынды сөз. «Қазақ пен ұйғыр тіл білімі мәселелері» (жинақ). Алматы, 1963, 32-бет.

[1] *А. Ысқақовтың* жоғарыда аталған еңбегінен.

гі жоқ түбірден немесе дербестігін сақтаған түбір морфемадан сөз жасайтын мұндай аффикстерді сөз тудырушы аффикстер дейміз. Сөз тудырушы аффикстердің мағынасы деривациялық[1] мағына деп аталады.

Аффикстердің кейбіреулері сөз бен сөзді байланыстырып, олардың өз ара қарым-қатынасын білдіреді. Мысалы, *көлдің жағасы* дегендегі *-дің* және *-і* аффикстері сөз тудырып тұрған жоқ, *көл* мен *жаға* деген сөздерді байланыстырып, олардың бір-біріне қатысын білдіріп тұр.

Сөз бен сөзді байланыстырып, олардың бір-біріне қатынасын білдіретін аффикстер сөз түрлендіруші аффикстер, ал олардың (сөз түрлендіруші аффикстердің) грамматикалық мағыналары реляциялық[2] мағына деп аталады.

Көмекші морфемалар немесе аффикстер осылайша екі үлкен топқа бөлінеді де, әрбір жеке тілде олар сол тілдің грамматикалық құрылысының ерекшелігіне орай бірнеше түрге ажыратылуы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде көмекші морфемалар немесе аффикстердің префикс, суффикс, флексия (немесе окончание) деп аталатын түрлері бар. Орыс тіліндегі суффикс деп аталатын морфема түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, жұрнақ деп аталатын морфемаға сәйкес келеді де, түбірден соң жалғанады. Орыс тіліндегі суффикстермен барабар қызмет атқаратын көмекші морфема — префикс. Суффикстер түбірден соң жалғанса, префикстер түбірдің алдында тұрады. Түркі тілдерінде орыс тіліндегі тәрізді префикстер жоқ. Түркі тілдерінің бірі — қазақ тілінде *беймаза, беймезгіл, бейтаныс, бейтарап, бейуақ, бейхабар, бейшара* тәрізді сөздердің құрамында иран тілдерінен енген *бей-* префиксі ұшырасады, бірақ ол қазақ тілінде префикс ретінде қызмет атқара алмайды, аталған сөздердің құрамында ғана қолданылып, бұл сөздер бөлшектенбейтін бір тұтас сөздер ретінде ұғынылады.

Көмекші немесе аффикстік морфемалардың бірі — инфикс. Инфикс — сөз тудыруда немесе сөз түрлендіруде түбірдің ішіне қойылатын морфема. Инфикс латын тілінде, тагаль тілінде (индонезия тілдерінің тобына енетін тіл) ұшырасады.

Аффикстік морфемалардың ішінде ең жиі ұшырасатындары жұрнақтар мен жалғаулар.

Жұрнақтар өз ішінде екі топқа бөлінеді: оның бірі—сөз тудырушы жұрнақтар (словообразующие суффиксы), екіншісі — форма тудырушы жұрнақтар (формообразующие суффиксы). Сөз тудырушы жұрнақ жалғанған сөзіне жаңа мағына үстеп, туынды сөз жасайды. Сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған туынды сөздердің әрқайсысы дербес лексика-

[1] *Деривациялық* — латынның derivatio (меншіктеп бөлу) деген сөзінен жасалған термин.

[2] *Реляциялық* — латынның retatio (қарым-қатынас) деген сөзінен жасалған термин.

лық единицаға (сөзге) айналып, сөздіктерде өз алдына бөлек (дербес) реестр сөз ретінде қаралады. Мысалы, *ек, су, қол* деген түбірлерге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануынан жасалған мынандай туынды сөздер бар: 1) *егін, егінші, егіншілік, егінді, егіс, егістік, екпе; сулы, сулық, сула, суландыру, сусау, сусыз; қолдау, қолдаушы, қолдан, қолданыс, қолдас, қолтық, қолтықта* және т. б. Сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған осы туынды сөздердің әрқайсысы өзіне негіз болған түбірден мағынасы басқаша, өз алдына бөлек-бөлек лексикалық единицалар (сөздер) ретінде ұғынылады.

Форма тудырушы жұрнақтардың сөз тудырушы жұрнақтардан табиғаты басқаша болады. Сөз тудырушы жұрнақтар жалғанған сөзінің мағынасын өзгертіп, онан мүлдем жаңа мағыналы білдіретін басқа бір туынды сөз жасаса (мысалы: *қой* — «төрт түлік малдың бірі», *қойшы* — «қой бағатын адам, шопан»), форма тудырушы жұрнақ өзі жалғанған сөзіне сәл ғана қосымша мағына үстейді. Екінші сөзбен айтқанда, форма тудырушы жұрнақ жалғанған сөзінің мағынасын бұзбайды, өзгертпейді, түбірден лексикалық мағынасы басқа, жаңа лексикалық единица (жаңа сөз) тудыра алмайды. Мысалы, *кел* деген етістікке форма тудырушы әр түрлі жұрнақтардың жалғануынан оның (*кел* етістігінің) мынадай формалары жасалады: *келер, келмес, келген, келетін, келмек, келіп, келгелі, келсе, келгей* және т. б. Бұл етістіктердің құрамындағы жұрнақтар *кел* деген түбір етістіктің негізгі лексикалық мағынасын мүлдем өзгертіп тұрған жоқ. Етістіктің мысалға келтірілген туынды формаларының мағынасы *кел* деген түбір етістіктің негізгі лексика-семантикалық қазығынан да алшақтап кетпеген. *Келер, келмес, келген, келетін, келмек, келіп, келгелі, келсе, келгей* деген формалар *кел* деген етістіктің әр түрлі грамматикалық формалары, атап айтқанда, есімше, көсемше және рай формалары ретінде танылады. Бұлар түбірден немесе негізден басқаша немесе жаңа мағынасы бар бөлек-бөлек лексикалық единицалар — өз алдына дербес сөздер емес, сондықтан олар сөздіктерде өз алдына бөлек реестр сөздер ретінде қаралмай жүр. Форма тудырушы осылар тәріздес жұрнақтар сын есімдерде де бар. Мысалы, *көк, ақ* деген сөздерге форма тудырушы әр түрлі жұрнақтардың жалғануы арқылы осы сөздердің *көкшіл, көкшілдеу, көгілдір, көгірек, ақшыл, ақша (ақша бұлт), ақшылтым, ағырақ, ақтау* тәрізді формалары жасалған. Бұлар сын есімнің шырай формалары ретінде қаралады. Сонымен, жұрнақтардың ішінен сөз тудырушы жұрнақтар жалғанған сөзінен жаңа сөз тудырады да, ондай туынды сөздер дербес лексикалық единицалар (өз алдына бөлек сөздер) ретінде қаралады; форма тудырушы жұрнақтар жалғанған сөзінен өз алдына бөлек сөз ретінде қаралатындай туынды сөздер жасай алмайды, олар тек сол сөздің әр түрлі формаларын тудырады. Сөз тудырушы жұрнақтар мен фор-

ма тудырушы жұрнақтардың бір-бірінен осы айырмашылығы ескеріліп, сөз тудырушы жұрнақтар тіл білімінің лексикология саласында да (сөз тудырудың жолдарына қатысты тарауда), грамматика (морфология) саласында да қарастырылса, форма тудырушы жұрнақтар тек грамматика саласында қарастырылады.

Жұрнақ пен жалғаудың бір-бірінен айырмашылығына тоқталғанда, олардың мына бір ерекшеліктерін атап айту қажет.

1. Жұрнақтармен салыстырғанда, жалғаулардың қолданылу өрісі мен шеңбері анағұрлым кең. Жалғаулар белгілі бір сөз табына енетін сөздерді талғамай, олардың күллісіне бірдей жалғана береді. Мысалы, қазақ тілінде зат есімдер тобына енетін сөздердің бәріне бірдей септік жалғаулары да, көптік жалғаулары да, тәуелдік жалғаулары да жалғана береді. Етістіктердің тобына енетін сөздердің күллісі бірдей жіктеле алады. Жұрнақтар белгілі бір сөз табына енетін сөздердің күллісіне бірдей емін-еркін қосыла бермейді де, олардың ішінде арнаулы бір тобына ғана жалғанады. Мысалы, зат есімнің ***-м (-ым, ім)*** жұрнағы етістік атаулының бәріне жалғана бермейді. Аталған жұрнақ *жайыл, түс, өн* деген етістіктерге жалғанады да, олардан зат есімдер *(жайылым, түсім, өнім)* жасалады; бірақ бұл жұрнақ *қуан, сүйін, қызған* деген етістіктерге жалғана алмайды. Аталған етістіктерге басқа жұрнақ ***— -ш -ыш— -ш*** жұрнағы жалғанып, *қуаныш, сүйініш, қызғаныш* тәрізді туынды зат есімдер жасалады. Керісінше, ***(-ыш-ш, іш)*** жұрнағы жоғарыда келтірілген *жайыл, түс, өн* деген етістіктерге жалғана алмайды, ендеше олардан зат есімдерді де тудыра алмайды. Бұл мысалдар белгілі бір сөз табына тән жұрнақтардың сол сөз табына қатысты сөздердің бәріне бірдей жалғана бермейтіндігін, бір сөз табының ішіндегі топтардың әрқайсысының өзіне тән жұрнақтары болатындығын, ол жұрнақтардың «сөз таңдап» барып жалғанатындығын көрсетеді. Ал жалғауларға келетін болсақ, олардың сөздерге жалғану мүмкіндігі мен қолданылу өрісі әлдеқайда кең екендігін көреміз. Аталған зат есімдердің әр қайсысына көптік жалғауы да *(жайылымдар, өнімдер), тәуелдік жалғауы да (жайылымым, жайылымың, жайылымы; өнімім, өнімің, өнімі; қуаныштарымыз, қуаныштарыңыз, қуаныштары)* септік жалғаулары да *(жайылымның, жайылымға, жайылымнан, жайылымда; өнімнің, өнімге, өнімнен, өнімді және* т. б.) жалғана береді. Көптік, тәуелдік және септік жалғаулары, әдетте, зат есімдерге тән жалғаулар болып есептелінеді. Бұл жалғаулар жұрнақтар тәрізді емес, күллі зат есім атаулы сөздердің барлығына бірдей жалғана алады. Жалғаулар белгілі бір сөз табына қатысты сөздердің барлығына бірдей іркілмей жалғана берумен шектеліп қоймай, әр түрлі сөз табына қатысты сөздерге де жалғана беруі ықтимал. Мысалы, көптік, тәуелдік, септік жалғаулары зат есімдерге ғана емес, сонымен бірге субстантивтенген

басқа да сөз таптарына жалғана алады. Бұл жерде зат есімнен басқа сөз таптарының көптік жалғауын қабылдауы үшін олардың субстантивтенуі әрдайым шарт еместігін айта кету қажет. Зат есімнен басқа сөз таптарының ішінде субстантивтенбей-ақ көптік жалғауын қабылдайтын сөз таптары да бар. Мысалы, етістер жіктелгенде, олардың екінші жағынан кейін көптік жалғауы *(жазасыңдар, жазасыздар, жазасыңдар; келесіңдер, келесіздер* және т. б.) жалғана береді. Бұл мысалдар, жұрнақтарға қарағанда, жалғаулардың сөздерге жалғау мүмкіндігі мол, қолданылу өрісі мен шеңберінің әлдеқайда кең екендігін көрсетеді.

2. Жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған туынды сөз бір тұтас сөз, яғни бір бүтін лексикалық единица ретінде ұғынылады. Мұндай туынды сөздің құрамындағы негізгі морфема (түбір) мен көмекші морфема немесе аффикстік морфема (жұрнақ) бір-біріне қиюласа кірігіп кетеді де, жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған туынды сөз бір тұтастық, бүтіндік қасиетін жоймайды, бір тұтас лексикалық единица ретінде қолданылады. Мысалы, *жиын, жина, жиналыс; өндір, өндіріс, өнім, өнімді* деген сөздердің әрқайсысы негізгі (түбір) морфема мен көмекші (аффикстік) морфемалардың қосындысынан құралғанымен, тұтас лексикалық единица — бір бүтін сөздер ретінде ұғынылады және қолданылады. Бұлай болатындығы мынадан: сөз лексикалық единица ретінде өзінің тұтастылық қасиетін әр уақытта сақтайды. Тұтастылық қасиетін бір ғана негізгі морфемадан құралған түбір сөзге де, негізгі морфема мен көмекші морфеманың бір түрі — жұрнақтың қосындысынан жасалған туынды сөзге де тән. Қарым-қатынас жасау процесінде түбір сөздерді ғана емес, туынды сөздерді де бір тұтас, бір бүтін лексикалық единицалар ретінде қолданамыз және оларды бір тұтас сөздер түрінде ұғынып, қандай морфемалардан құралғанына назар аударып жатпаймыз.

Ал аффикстік морфемалардың екінші түрі — жалғаулар жалғанған сөздің құрамындағы негізгі морфема (түбір) мен көмекші морфеманың (жалғаудың) мағыналары бір-біріне жымдаса кірігіп кетпейді, аффикстік морфеманың (жалғаудың) сөзге жалғанып, соған ілесіп жүрген қосалқы элементі екені аңғарылып тұрады. Сөз құрамында түбір мен жұрнақтар бір-біріне әбден кірігіп, бір тұтас лексикалық единица ретінде ұғынылса, жалғаулар сөздердің түбіріне немесе негізіне сіңісіп кетпей, жай ғана селбесіп, қосақталған элемент ретінде ұғынылады. Жалғаулардың сөздің түбіріне мағыналық жақтан кірігуі және онымен байланысы, жұрнақтарға қарағанда, анағұрлым солғын, әлсіз.

Сонымен, көмекші немесе аффикстік морфемалар мағыналары мен атқаратын қызметі жағынан түрлі-түрлі болады. Олардың түрлері бір-бірінен жоғарыда аталған белгілері мен қасиеттері жағынан ажыратылады.

Тіл-тілде сөздер бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасқа түсуіне қарай омонимдес сөздер, синонимдес сөздер және антонимдес сөздер болып топталады. Әлденеше мағынада қолданылатын сөздер полисемантизмді немесе көп мағыналы сөздер деп аталады. Омонимия, полисемия, синонимия және антонимия құбылыстары тіл білімінде көбіне-көп лексикалық единица — сөздерге тән құбылыс ретінде саналып, осыған орай, олар әдетте лексикология саласында қаралып келді. Тіл деректері аталған құбылыстардың сөздерге ғана емес, сонымен бірге аффикстік морфемаларға да тән құбылыс екендігін көрсетеді. Енді осы мәселелерге келейік.

1. Омонимдес аффикстер. Бір түбірден кемінде екі сөз тудыратын, дыбысталуы бірдей, мағынасы мен қызметі басқа-басқа аффикстер (жұрнақтар) *омонимдес аффикстер* деп аталады. Омонимдес аффикстердің қатарына етістіктің *-т (-ыт, -іт)* жұрнағы мен зат есімнің *-т (-ыт, -іт)* жұрнағы енеді. Мысалы, *құмарт, сейілт, шырамыт, қарауыт, қырауыт, мұнарт, кеңіт* деген сөздердің құрамындағы *-т (-ыт, -іт)* аффиксі — етістіктің жұрнағы болса (бұл жұрнақ есімдерден етістіктер тудырып тұр), *бөгет, шабыт, іркіт, сырқат* тәрізді сөздердің құрамындағы *-т (-ыт, -іт)* аффиксі — зат есімдердің жұрнағы (бұл жұрнақ етістіктерден зат есімдер тудырып тұр). Бұл жұрнақтарға омонимдес болып келетін тағы бір жұрнақ бар, ол — өзгелік етістің *-т (-ыт, -іт)* жұрнағы. Мысалы: *бұра-т, құра-т, қуан-т, сұра-т, тарыл-т, жина-т, суал-т* және т. б.

Етістіктің *-н (ын-, -ін)* жұрнағы мен зат есімнің *-н (-ын, -ін)* жұрнағы да омонимдес аффикстер ретінде танылуға тиіс. Мысалы, *шегін, талпын* (талап сөзінен жасалған) деген сөздердің құрамындағы *-ін (-ын)* жұрнағы зат есімнен етістік тудыратын жұрнақ болса, *толқын, боран, саулын, жиын, шығын, түйін, егін, жұрын, тығын, жауын, ағын, тігін* деген сөздердің құрамындағы *-н (-ын, -ін)* жұрнағы — етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар. Аталған омонимдес аффикстердің жалгануынан әрі есім сөз, әрі етістік сөздер жасалады. Мысалы:

Мақтан I, Мансап іздер, мал қуар, Бәрі **мақтан** іздеген (Абай).

Мақтан II, Әринемен ел кетті. Қоқиланды, **мақтанды** *(Абай)*.

Қорған I. Сол әскер суды өрлеп талай жүрді. Судың басы бір құздар, шатқа кірді. Шаттың аузын бекіткен алтын **қорған.** Қақпасы бекітулі, көзі көрді (Абай).

Қорған II. Жау да **қорғана** бастады, Кемелерді алға өткізіп жіберіп, катерлер жағалауға таянып келіп, кіші калибрлі зеңбіректен бас көтергізбестей етіп оқ жаудырды (Ө. Қанахин).

Жасырын *I. Менен* **жасырын** *сыр біліп алмақ болады.* (М. Әуезов). *Бұлар кем болса, бес рет* **жасырын** *жиналыс өткізді* (Ғ. Мүсірепов).

Жасырын II. — Жаңа, — деді шал сасқалақтап, — *Итбайдың төре баласы Сарыбас... шешеңді атып өлтіріп кетті... Саған кетті... Жасырын!* (С. Мұқанов).

Бұл келтірілген омонимдес сөздер жоғарыда аталған омонимдес аффикстердің жалгануынан жасалған. Бұлардың бірінші сыңарлары — есім сөздер де, екінші сыңарлары — етістік сөздер. Аталған жұрнақтарға өздік етістің жұрнағы да *(-н, -ын, -ін)* омонимдес болып келеді. Мысалы, мына сөздердің құрамындағы жұрнақ: *тара-н, жұ-ын, ки-ін, бөл-ін, қара-н* және т. б.

Омонимдес аффикстердің қатарына етістіктен зат есім тудыратын *-қы (-кі), -ғы (-гі)* жұрнағы (мысалы: *суз-гі, шал-ғы; бұр-ғы, шаныш-қы, теп-кі, тамыз-ғы, күл-кі* және т. б.) мен етістіктен де, есімдерден де сын есім тудыратын *-қы (-кі), -ғы (-гі)* жұрнағы (мысалы: *бұрал-қы, күлдір-гі, түс-кі, қашан-ғы, таң-ғы* және т. б.) және түбір етістіктерден туынды етістіктер жасайтын *-қы (-кі) -ғы (-гі)* жұрнағы *(сыр-ға, ат-қы* және т. б.) жатады. Бұл омонимдес жұрнақтар шығу төркіні жағынан да, мағынасы мен қызметі жағынан да әр басқа жұрнақтар болып саналады. Бұларды сыртқы формасына немесе дыбысталуының бірлігіне қарап, бір аффикс деп санау қате болмақ.

Жалғанған сөзінен зат есім тудыратын *-ғыш (-гіш), -қыш (-кіш)* жұрнағы (мысалы: *сыпыр-ғыш, суз-гіш, тұт-қыш, кер-гіш, іл-гіш, қыр-ғыш, сор-ғыш, қыс-қыш, бас-қыш, тес-кіш*) мен сын есімнің *-ғыш (-гіш), -қыш (-кіш)* өзара омонимдес аффикстер болып саналады[1] (басқа омонимдес аффикстер жайында «Лексикология» тарауын (§6) қараңыз).

2. Аффикстер білдіретін мағыналары жағынан алғанда, дара мағыналы аффикс және көп мағыналы аффикс болып бөлінеді. Мысалы, *ауылға, қалаға* деген сөздердің құрамындағы *-ға* аффиксі (барыс септік жалғауы) бағыт мағынасын білдіріп, дара мағыналы аффикстердің қатарына жатады.

Тіл білімінде түркі тілдерінде аффикстер дара мағыналы болады және дара мағынаны білдіру түркі тілдеріндегі аффикстердің басты белгілерінің бірі болып саналады деген пікір — мейлінше кең тараған пікір. Түркі тілдерінде аффикстердің дара мағыналы болатыны рас. Дегенмен, бұл тілдерде де бірден бірнеше грамматикалық мағыналарды білдіретін көп мағыналы аффикстердің бар екенін мойындамасқа болмайды, Мысалы: *таныдық, білдік* деген етістіктердің құрамындағы *-қ (-к)* аффиксі әрі жақтық мағынаны (I жақтық мағына), әрі көптік мағынаны білдірсе, *досымыз, іниміз* деген зат есімдердің құрамындағы *-ымыз (-іміз)* аффиксі әрі тәуелділік мағынаны, әрі жақтық мағынаны білдіреді, Сондай-ақ, *доспыз, іниміз* деген сөздердегі *-пыз (-міз)* аффиксі әрі жақтық мағынаны, әрі көптік мағынаны білдіреді. Бұл мысалдар, басқа тілдердегі тәрізді, түркі тілдерінде де көп мағыналы аффикстердің бар екендігін көрсетеді. Көп мағыналылық аффикстердің ішінде әсіресе жалғауларға тән. Жоғарыда аталған көп мағыналы аффикстердің бәрі де, жалғаулар болып саналады,

Сонымен, сөз құрамында келіп, бірден бірнеше грамматикалық мағынаны білдіретін аффикс көп мағыналы аффикс деп аталады,

Көп мағыналы аффикстерді омонимдес аффикстерден ажырата білу қажет. Омонимдес аффикстер шығу тегі жағынан да, мағынасы мен қызметі жағынан да әр басқа аффикстер болып саналады. Бір ғана аффикстің омонимдес болуы мүмкін емес, омонимдес аффикстерді екі немесе одан да көп әр басқа аффикстің дыбысталу жағынан бірдей келуі деп түсіну дұрыс болмақ. Ал көп мағыналы аффикс болса, оны әр басқа аффикстер емес, бір ғана аффикстің екі немесе одан көп грамматикалық мағынаны білдіруі деп түсінеміз. Мысалы, *жолдасы* деген сөздің құрамындағы *-ы,* аффиксі әрі тәуелділік мағынаны, әрі жақтық мағынаны (III жақ) білдіретін көп мағыналы аффикс болып саналады; бірақ ол екі түрлі грамматикалық мағынаны білдіргенімен, екі аффикс емес, бір ғана аффикс (тәуелдік жалғауы) ретінде танылады.

3. Синонимдес аффикстер. Мағынасы мен қызметі бір-біріне ұқсас, өзара мәндес аффикстер (жұрнақтар)) *синонимдес аффикстер деп* аталады. Мысалы *-шақ, (-шек), -қақ (-ғақ, -кек, -гек), -қыш (-ғыш, -кіш, -гіш), -қыр (-ғыр, -кір, -гір)* жұрнақтарында қызметі жағынан ұқсастық, мағынасы жағынан өзара жақындық бар екенін көруге болады. Аталған жұрнақтардың жалгануынан жасалған *ұрыншақ, ұялшақ, сүріншек, жасқаншақ, мақтаншақ, еріншек, қызғаншақ* деген сөздер *ұрынғыш, ұялғыш, сүрінгіш, жасқанғыш, мақтанғыш, ерінгіш, қызғанғыш* сөздерімен синоним болса, *ұрысқақ* сөзі *ұрысқыш* сөзімен, *тырысқақ* сөзі *тырысқыш* сөзімен синоним болалады. «Сондай-ақ, *білгіш* пен *білгір, ұшқыш* пен *ұшқыр* мағына жағынан өзара жақын болса *сүзгіш* пен *сүзеген, тепкіш* пен *тебеген* сөздері де мағына жағынан бір-бірінен алыс емес»[2]. Синонимдес сөздер бірінің орнына бірі әрқашан жүре бермейтіні, яғни бірін-бірі әрдайым алмастыра алмайтыны сияқты, синонимдес жұрнақтардың мағыналары қаншалықты жақын болса да, олар тең болмайды және мағыналық та, стилистикалық та ерекшеліктері болады. Екіншіден, мағыналас жұрнақтардың жалғанатын сөздерінің арасында да өзара үлкен айырмашылық болады. Өйткені олар бір түбірге (я негізге) талғамай қосылғандарымен, көбінесе, бірі жалғанған түбірге (сөзге) екіншісі жалғанбайды. Мысалы: *еріншек* деп те, *еріншек* деп те айта аламыз.

---

[1] Омонимдес аффикстерге қатысты кейбір мысалдар (сөздер) А. Ы. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» (Алматы, 1964) атты кітабынан алынды.

[2] *А. Ысқақов.* Қазіргі қазақ тілі, морфология. «Мектеп» баспасы, Алматы, 1964, 43-бет.

бірақ күлгіш деуге болғанымен, күлшек деп айтуға болмайды. Сол сияқты, *сүріншек* дегенімізбен, *сүрінгек* демейміз. *Тырысқақ*, бірақ *тырысшақ* емес; *тепкіш, тебеген*, бірақ *тепкек* емес.

Осындай талғағыштық (талғампаздық) қасиет әсіресе сөз тудыратын қосымшаларда, оның ішінде жеке сөз таптарына тән жұрнақтарда күшті сияқты. Ал форма тудыратын жұрнақтар аса талғампаз емес, олар сөзге жалғану жағынан өрістірек те, өрелірек те.

Тоқтыша, күрекше, сарайша, төбеше, өзенше, көлше, сақалша, көрпеше дегендермен жарыса тілімізде *тоқтышақ, күркешік, сарайшық, төбешік, өзеншік, көлшік, сақалшық, көрпешік* сөздері де (әрине, формаларын айтамыз) қолданылады. Бұлардың мағыналары синонимдес, бірақ тең емес. Сол себептен осы екі форманың екеуі де жарыса өмір сүруде. Бұған *ақши, бақши, тікши, кекши* формалары мен *ақырай, қақырай,, тұқырай, шұқырай, шақырай, шықырай, бүкірей, шекірей, тікірей, кекірей* формаларын қоссақ, оның үстіне сол екі формада үштасқан (біріккен), *ақшырай, бақшырай, қақшырай, тікшірей, кекшірей* формаларын қоссақ, әрбір жұрнақтың өз формасы, өз мағынасы, өз қызметі барлығына және олар ешқашан да өзара тепе-тең болмайтындығына күмәнсыз сенуге болады. Сол сияқты *ақши* мен *ақси, кекши* мен *кеки, түкси* мен *түкши* тәрізді формалар да осы пікірді қуаттайды»[1].

Зат есімнің *-кер (-гер)*, *-кіш* жұрнақтары оның *-шы (-ші)* жұрнағымен синонимдес бола алады. Мысалы, *жұмыскер* мен *жұмысшы, қызметкер* мен *қызметші, суретшер* мен *суретші, себепкер* мен *себепші, арбакеш* пен *арбашы, түйекеш* (Мысалы: *«Түйекештер топтанып, қалдық кіріп колхозға»* 1. Жансүгіров) пен *түйеші, кірекеш* пен *кіреші* дегендерді салыстырыңыздар.

4. Антонимдес аффикстер. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы аффикстер (жұрнақтар) *антонимдес аффикстер* деп аталады. Антонимдес аффикстердің қатарына сын есімнің *-лы (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті)* жұрнағы мен *-сыз (-сіз)* жұрнағын жатқызуға болады. Бұл жұрнақтардың алдыңғысы *(-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті)* белгілі бір заттың немесе құбылыстың бар екендігін я молдығын білдірсе, соңғысы *(-сыз, -сіз)* оған керісінше, белгілі бір заттың немесе құбылыстың жоқтығын білдіріп, бір-біріне мүлдем қарама-қайшы мағынада жұмсалады. Мысалы: *таулы—таусыз, сулы—сусыз, қарлы—қарсыз, әдепті—әдепсіз, инабатты—инабатсыз, көрікті—көріксіз, тұзды—тұзсыз, көңілді—көңілсіз, ақылды—ақылсыз, ұқыпты—ұқыпсыз* және т. б.

Антонимдес *-лы (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті)* жұрнағы мен *-сыз (-сіз)* жұрнағы қарама-қарсы мағыналарды білдіреді.

Жоғарыдағы баяндауларды жинақтай келгенде, төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Сөздің морфологиялық құрылымына талдау жасап, оның мағыналық бөлшектерін айқындаудың барысында тіл білімінде морфема туралы ұғым пайда болды. Морфема тіл білімінде морфологиялық единица ретінде танылады. Морфологиялық единица ретінде танылған морфема сөздердің мағыналық бөлшектеріне дұрыс талдау жасауға мүмкіндік береді. Демек, морфема морфология үшін және сөздердің морфемалық-құрамына талдау жасау үшін өлшем ретінде қызмет ететін единица болып саналады. Морфема — сөз құрамындағы ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналық единица.

2. Сөз құрамында оны құрастырушы құрылымдық элементтер ретінде танылатын екі түрлі морфема бар. Оның бірі — түбір морфема да, екіншісі — аффикстік морфема.

[1] *А. Ысқақовтың* жоғарыда аталған кітабының 43—44-беттері.

3. Түбір морфема лексикалық немесе заттық мағынаға (вещественное значение) не морфема болып саналады. Ол (түбір морфема) сөздердің әр түрлі лексика-грамматикалық топтарына (сөз таптарына) бірдей тән, бірдей ортақ морфема ретінде жұмсала алады. Ал негіз сөздердің әр түрлі лексика-грамматикалық топтарына (әр түрлі сөз табына) емес, белгілі бір лексика-грамматикалық топқа (белгілі бір сөз табына) енетін сөздердің формаларына ортақ ұйтқы бола алады. Екінші сөзбен айтқанда, түбір әр басқа сөздерге ортақ ұйтқы болса, негіз әр басқа формаларға ортақ ұйтқы болады.

4. Түбір мен негіздің әр басқа тілдер үшін ортақ, ұқсас жақтары болуымен бірге, әрбір тілде (немесе тілдердің тобында) олардың (түбір мен негіздің) өзіне тән айырым жақтары мен ерекшеліктері де болады. Атап айтқанда, басқа тілдерге, мысалы, орыс тіліне қарағанда, түркі тілдер мен ағылшын тілінде түбір морфема мен сөздің немесе негіз бен сөздің бір-біріне құрылымы жағынан да, мағынасы жағынан да сәйкес келуі әлдеқайда жиі ұшырасады. Түркі тілдері мен ағылшын тілінде бір ғана түбір морфемадан құралған сөздердің жиі ұшырауы және осыған сәйкес сөз таптарының бір-бірінен морфологиялық құрылымы жағынан ажыратылуы әрдайым шарт еместігі аталған тілдерге тән қасиет болып саналады.

5. Түбір морфема жалпылама лексикалық мағынаны білдірсе, аффикстік морфемалар әр түрлі грамматикалық мағыналарды білдіреді және олар (аффикстік морфемалар) мұндай мағыналарды тек сөз құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Демек, аффикстік морфемаларда ешбір дербестілік болмайды.

6. Түбір морфема әр топқа қатысты сөздердің құрамында қолданыла алса, аффикстік морфема сөздердің белгілі бір тобының құрамында ғана қолданыла алады. Бірақ аффикстік морфема түбір морфемаға қарағанда, әлдеқайда жиі қолданылады.

7. Аффикстік морфемалар өз ішінде мағынасы мен қызметіне және сөз құрамында орналасу тәртібіне (орнына) қарай префикс, жұрнақ (суффикс немесе постфикс), инфикс және жалғау (немесе флексия) деп аталатын түрлерге ажыратылады. Аффикстік морфемалардың аталған түрлерінің бәрі бірдей бір тілде ұшыраса беруі шарт емес. Белгілі бір тілде немесе тілдердің белгілі бір тобында аталған аффикстердің бірінің болуы, екіншісінің болмауы сол тілдің немесе тілдер тобының грамматикалық құрылысына байланысты. Аффикстердің ішінен әр түрлі тілдерде жиі ұшырасатыны — жұрнақтар мен жалғаулар.

8 Жұрнақ түбір морфемадан сөз немесе сөздің формасын тудырып, деривациялық мағынаны білдірсе, жалғау сөз бен сөзді байланыстырып, реляциялық мағынаны білдіреді.

9. Жалғаудың қолданылу өрісі мен шеңбері, жұрнаққа қарағанда, анағұрлым кең болады.

10. Жұрнақ түбірге жымдаса кірігіп, оның жалғануынан жасалған туынды сөзде тұтастық қасиет сақталынады да, жалғау сөздің түбіріне немесе негізіне кірігіп кетпей, жай ғана селбесіп, қосақталған қалыпта тұрады. Жұрнақтарға қарағанда, жалғаулардың сөздің түбіріне мағыналық жақтан кірігуі және онымен байланысы әлдеқайда солғын, әлсіз болады.

11. Көбіне-көп лексикалық единица — сөздерге байланысты қаралып келген полисемия, омонимия, синонимия және антонимия құбылыстары тек лексикалық құбылыстар ғана емес, сонымен бірге грамматикалық құбылыстар ретінде де қаралып танылуы керек. Аталған құбылыстар лексикалық единица ретінде қаралатын сөздерге ғана тән емес, сонымен бірге грамматикалық единицалар ретінде қаралатын аффикстік морфемаларға да тән. Сөздердің омонимдес, синонимдес, антонимдес және полисемиялы (көп мағыналы) болатыны сияқты, аффикстер де омонимдес, синонимдес, антонимдес және полисемиялы (көп мағыналы) бола алады[1].

§5. СӨЗДЕРДІҢ МОРФЕМАЛАРҒА МҮШЕЛЕНУ МҮМКІНДІГІ

Сөздің әр түрлі морфемаларға (түбір морфема мен аффикстік морфемаларға) бөлшектеніп мүшеленуге икемділігі оның (сөздің) морфологиялық құрылымына (немесе морфемалық құрамына) талдау жасауға мүмкіндік береді. Сөздердің әр түрлі морфемаларға ажыратылып мүшеленуінің сыры мынада: сөз құрамындағы түбір морфема болсын, аффикстік морфемалар болсын, тек бір сөздің құрамында ғана емес, сол тәріздес әлденеше сөздің құрамында қайталанып келе береді. Мұның өзі тілдің және ондағы сөздердің құрылымдық бөлшектері—морфемалардың жүйелі қарым-қатынаста болатындығымен тікелей байланысты. Тілдің грамматикалық құрылысындағы жүйе сөздің құрылымдық элементтерінің (морфемаларының) қалай болса солай емес, белгілі бір жүйемен орналасуына мүмкіндік тудырады да, ол құрылымдық элементтер (морфемалар) көптеген сөздердің құрамында жүйелі түрде қайталанып отырады. Белгілі бір түбір морфема мен аффикстік морфема әр басқа сөздердің құрамында қайталанып қолданылғанда, әр басқа мағына немесе әр басқа қызметте емес, өзіне тән белгілі бір мағынада және белгілі бір қызметте жұмсалады. Белгілі бір морфема көптеген сөздердің құрамында қаншама рет қайталанса да, өзіне тән сол мағынасы мен қызметінде жұмсалады. Мысалы, *Етікші шеберханаға барды* деген сөйлемдегі сөздердің морфемалық құрамына талдау жасасақ, сөздердің морфологиялық құрылымы мен оны құрастырушы морфемаларға тән жоғарыда аталған жүйелік қасиетті көруге болады. *Етікші* деген сөздің құрамындағы *-ші* деген аффикстік морфема тек осы сөздің құрамында ғана емес, *етікші* тәрізді басқа да көптеген сөздердің, мысалы, *әнші, күйші, кіреші, күзетші, суретші, елші, аңшы, балықшы, биші, шәпші, егінші* деген сөздердің құрамында қайталанып қолданылса, *шеберханаға* деген сөздің құрамындағы *-ға* аффикстік морфемасы *ауылға, жолға, тойға, тоғайға, суға, далаға, үйге, мектепке, тасқа, шелекке, шөпке, егінге* және т. б. осылар тәріздес көптеген сөздердің құрамында қолданыла береді. Ал *барды* деген сөздің құрамындағы *-ды* аффикстік морфемасы осы сөздің құрамында ғана емес, сонымен бірге *жазды, оқыды, тыңдады, қазды, орды, жинады, тоқыды, жүрді, күлді, еңбектенді, сөйледі, таранды* және т. б. осылар тәріздес сөздердің (етістіктердің) құрамында қолданыла береді. Морфеманың осылайша белгілі бір мағына мен белгілі бір қызметте көптеген сөздердің құрамында қайталанып қолданыла беруі сол мағына мен қызметтің оған (морфемаға) әбден үйреншікті, өте-мөте тән, етене болып сіңісіп кетуіне әкеледі. Осылай болғандықтан ондай морфемалар бірден танылады да, олардың жігі бірі-бірінен ажырап, сөздер түбір морфема мен аффикстік морфемаларға мүшелене алады.

Сонымен, сөздің құрамының морфемаларға мүшеленуі грамматикадағы жүйелі қатынастарға (системные отношения) негізделеді. Грамматикадағы жүйелі қатынас сөздердің белгілі бір үлгі бойынша құрылуына мүмкіндік береді. Сөздердің әрбір тобының және ондай топқа енетін сөздердің (ал ондай топқа енетін сөздер өте көп болуы мүмкін) өзіне тән құрылымдық үлгісі (структурная модель) болады. Мұндай үлгі бір сөзге емес, белгілі бір топқа енетін сөздердің бәріне бірдей ортақ болады да, ол сөздер өздеріне тән сол үлгі бойынша құрастырылады. Морфемалар даяр қалып, үлгіге түсіп, сөздердің құрамында қайталана береді де, жүйелі қатынасқа бағынады. Мысалы, *өнім* деген зат есімнің *өн* деген түбір морфема мен *-ім* деген аф-

---

[1] Сөздің морфологиялық құрылымы және морфемалар мен оның түрлері жайында сілтемеде көрсетілгендерге қосымша әдебиеттер: *Н. Д. Арутюнова.* Некоторые вопросы образования и морфологии основ слов. — «Научные доклады высшей школы», филологические науки, 1958, № 1; *В. В. Виноградов.* Словообразование в его отношении к грамматике лексикологии. — «Вопросы теории и истории языка...», М., 1952; *А. И. Смирницкий.* Некоторые замечания о принципах морфологического анализа основ. — «Доклады и сообщения филологического факультета МГУ», 1948, вып. 5; *В. М. Жирмунский:* О границах слова. «Вопросы языкознания». 1961, № 3; *Б. М. Юнусалиев.* Киргизская лексикология (развитие корневых слов). Фрунзе, 1959; *Э. В. Севортян.* К соотношению грамматики и лексики в тюркских языках. — «Вопросы теории и истории языка...». М., 1962; *Н. А. Баскаков.* Корневые, словообразовательные и словоизменительные морфемы в тюркских языках. —Сб. «Вопросы казахского и уйгурского языкознания», Алма-Ата, 1963; Жинақтар: Морфологическая структура слова, в языках различных типов. — М. —,Л., 1963; Морфологическая структура слова в индоевропейских языках. — М., 1970; Исследования по общей теории грамматики. М., 1968.

фикстік морфемаға мүшеленуі үшін: біріншіден, *өн* деген түбір морфеманың *өнім* деген сөзден басқа да сөздердің құрамында болуы қажет *(өнімді, өнгіш, өндір, өндіріс, өндірістік* және т. б.); екіншіден, *-ім* аффиксі (зат есім жұрнағы) басқа да есімдердің құрамында қайталанып келуі шарт *(біл-ім, төз-ім, сез-ім, бөл-ім, күт-ім, сен-ім, төз-ім* және т. б.); үшіншіден, *өнім* деген сөздің құрамындағы *өн* түбір морфемасының мағынасы *өнімді, өндір, өндіргіш, өндіріс* сөздері түбірінің (ал бұл сөздердің түбірі *-өн)* мағынасымен бірдей болуы қажет. Сонда ғана сөздер морфемаларға ажыратылып мүшелене алады. Ал тілдегі әр түрлі морфемалардан құралған сөздердің басым көпшілігінің жігі ажырап, түбір морфемалар мен аффикстік морфемаларға мүшеленеді.

Сонымен, сөздердің әр түрлі морфемаларға ажыратылып мүшеленуі грамматикадағы жүйелі қатынасқа негізделеді. Сөздер әр түрлі морфемалардан қалай болса солай құрыла салмайды, белгілі бір тәртіп, жүйе бойынша құрылады. Ондай жүйені белгілі бір морфеманың (әсіресе жалғаулардың) бір сөздің құрамында ғана емес, белгілі бір топқа енетін барлық сөздердің құрамында қайталанып келуінен көруге болады. Морфеманың өзіне тән мағынасы мен қызметінде қайталанып келуі оның сол мағынасы мен қызметінде әбден қалыптасуына мүмкіндік береді. Ал тілдің бүтіндей жүйесі, оның ішінде грамматикадағы жүйелі қатынастар, адам санасында жатталынып қалады.

§6. СӨЗДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

Сөздердің құрылымдық элементтерінің мағыналары күңгірттенбей және олардың жігі көмескіленбей тұрғанда, сөздердің морфемалық құрамы оңай ажыратылады. Бірақ бұл барлық уақытта осылай бола бермейді. Кейбір сөздердің құрамындағы морфемалардың мағыналары мүлдем көмескіленіп, олардың бірбірінен жігі ажырамайды да, соның нәтижесінде морфемаларға мүшеленбейтін қалыпқа жетеді. Бұлай болудың сыры мынада: тілдің замандар бойындағы дамуы барысында сөздердің де құрылымында өзгеріс болады. Мұндай өзгеріс сөздердің және олардың құрылымдық элементтерінің (морфемалардың) ішкі (мағыналық) жағын да, сыртқы (дыбысталу) жағын да бірдей қамтуы, соның нәтижесінде олардың (сөздер мен олардың құрамындағы морфемалардың) жігі көмескіленіп өзгеруі мүмкін. Сөздердің құрамындағы морфемалардың шегі ауысып, олардың (сөздердің) морфологиялық құрылымының өзгеруі қалай болса солай емес, белгілі бір грамматикалық процестердің әсерінен болады. Көрнекті лингвист В. А. Богородицкий сөздердің морфологиялық құрылымының өзгеруіне себепкер болатын грамматикалық (морфологиялық) процестердің қатарына с і ң і с у (опрощение) құбылысы мен ж ы л ы с у (переразложение) құбылысын жатқызады[1]. Енді осы аталған сіңісу және жылысу құбылыстарына тоқталайық.

1. С і ң і с у қ ұ б ы л ы с ы. Кейбір сөздердің құрамындағы морфемалар тілдің даму барысында мағыналарынан айрылады да, ондай сөздер морфемаларға ажыратылып, мүшеленбейтін сөздер ретінде ұғынылады.

Сөз құрамындағы морфемалардың мағыналары жойылып, олардың бір-біріне кірігіп кетуіне, соның нәтижесінде, сөздің морфемалық жігінің әбден күңгірттеніп, морфемаларға мүшеленбеуіне әкелетін морфологиялық процесс сіңісу құбылысы деп аталады.

Сіңісу процесінің нәтижесінде сөз құрамындағы морфемалар өз ара әбден кірігіп, олардың бұрынғы жігі (шегі) жойылады. Ондай сөздің қандай морфемалардан құралғаны бірден аңғарылмайды, оның жігін лингвистикалық анализ арқылы ғана айқындауға болады. Мысалы, проф. В. А. Богородицкий орыс тіліндегі *забыть* деген етістіктің құрамындағы *-за* -ның қазіргі тілде префикс ретінде сөзден бөліне алмайтындығын айтады[2]. Ал. проф. Р. А. Будагов *забыть* деген етістік мүшеленбейтін бір бүтін сөз ретінде танылып, қажет болған жағдайда сол сөзге басқа бір префикс жалғана алады (мысалы: *забыть — перезабыть*[3] дейді. Ол осы тәрізді, «дәм, татым, талғам» деген мағыналарды білдіретін *вкус* деген сөз қазіргі орыс тілінде *в* және *кус* деген морфемаларға мүшеленбейтін сөз ретінде ұғынылатынын, ал тілдің ертеректегі дәуірлерінде бұл сөздің морфемалық құрамының ажыратыла алынғандығын (мысалы, орысша *кус-ать, кус-ок* дегендерді салыстырыңыз) көрсетеді[4].

Сонымен, сіңісу процесінің нәтижесінде сөздің о баста түбір мен аффикске мүшеленген негізі қазіргі тілде морфемаларға (түбір морфема мен аффикстік морфемаға) ажыратылмайтын негізге айналады.

Морфологиялық сіңісу процесінің нәтижесінде құрамындағы бөлшектері (морфемалары) бір-біріне сіңісіп кетіп, бұл күнде мүшеленбейтін сөздер түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де, бар. Мысалы, *тімтін* **(у)** *тіміскіле* **(у)** тәрізді сөздердің алғашқы түбірі *тім*-екені, ал *-тін* **(-ті, -ін)** *-іскі* **-(іс, кі)** *-ле* дегендердің аффикстер екені күмән тудырмаса керек. Тілдің тарихи дамуы барысында морфологиялық сіңісу процесінің әсерінен бұл сөздердің *(тімтін, тіміскіле)* құрамындағы түбір морфема мен аффикстік морфемалар бір-біріне әбден кірігіп және

[1] *В. А. Богородицкий.* Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Издание 2-е, Казань, 1953, стр. 133; Общий курс русской грамматики. Издание 5-е, М, —Л., 1935, стр. 99—102.

[2] *В. А. Богородицкий.* Общий курс русской грамматики, стр. 99.

[3] *Р. А. Будаговтың* аталған кітабының 235-беті.

[4] Бұл да сонда, 235-бет.

бастапқы мағыналары жойылып, соның нәтижесінде аталған сөздер морфемаларға ажыратылмайтын сөздерге айналған.

Морфологиялық сіңісу процесінің әсерінен түбір мен аффикс те, түбір мен түбір де, аффикс пен аффикс те бір-бірімен кірігуі мүмкін. Жоғарыда келтірілген *тімтін, тіміскіле* деген етістіктер түбір морфема мен аффикстік морфемалардың бір-бірімен кірігіп сіңісуіне мысал болса, *сексен, тоқсан* деген сан есімдер түбірлердің бір-бірімен кірігіп сіңісуіне мысал бола алады. Қазақ тіліндегі аталған сан есімдер бұл күнде *сегіз* және *он, тоғыз* және *он* деген бөлшектерге ажыратылмайды, бұларды қазіргі тілді қолданушылар бір бүтін сөз ретінде ұғынады. Қазіргі қазақ тілінің тұрғысынан алғанда, *сексен* сөзі — «80» санының бір тұтас (бүтін) атауы да, *тоқсан* сөзі — «90» санының бір тұтас атауы. Ал шығу төркіні, жасалу жолы тұрғысынан алғанда, *тоқсан* сөзі *тоғыз* және *он* сөзінің бір-бірімен кірігіп, дыбыстық өзгерістерге ұшырауынан жасалса, *сексен* сөзі *сегіз* және *он* сөздерінің өз ара кірігіп, дыбыстық өзгерістерге ұшырауынан жасалған. Сондай-ақ қазақ тілінде сөйлеуші адамдар қазірде *әкел* дегенді *алып+кел* деген сөздерден, *апар* дегенді *алып+бар* деген сөздерден құралған деп қарамайды, олардың шығу тегі, әдетте, еске алынбай, бір бүтін сөздер ретінде қабылданады. Құрастырушы элементтерге (морфемаларға) бұл күнде мүшеленбейтін мұндай сөздерді морфологиялық сіңісу процесінің нәтижесінде жасалған деп қараймыз. Морфологиялық сіңісу процесінің әсері бойынша алғашқы түбір морфема мен аффикстік морфеманың бір-бірімен кірігуінен жасалған, қазірде бөлшектеуге келмейтін бір тұтас түбірлер сіңіскен түбір делініп аталатыны жайында түбір мен негіз туралы тақырыпта айтылды. Сіңіскен түбірлер немесе негіздерге түбір мен аффикстің кірігуінен жасалған түбірлерді (немесе негіздерді) ғана емес, сонымен бірге түбір мен түбірдің бір-бірімен кірігіп сіңісуінен жасалған *сексен, тоқсан, апар, әкел* тәрізді сөздерді де жатқызуға болады.

Жоғарыда аффикс пен аффикс те бір-бірімен кірігіп сіңісуі мүмкін дедік. Мысалы, *басыңқы, түсіңкі* деген сөздердің құрамындағы *-ыңқы* аффиксі және оның фонетикалық жіңішке варианты *-іңкі -ың (-ің) -қы (-кі)* аффикстерінен құралған, бұл күнде іштей бөлшектенбейтін бір тұтас сіңіскен аффикс (жұрнақ) ретінде танылады (сіңіскен аффикстер жайында аффикстік морфемаларға арналған параграфтарды қараңыздар).

Морфологиялық сіңісу процесінде сөздің түбірлес, төркіндес сөздерімен байланысы көмескіленіп, ол байланыс бірте-бірте жойылады да, құрамындағы морфемалары өз ара бір-бірімен кірігіп (сіңісіп) кеткен сөздер (немесе сіңіскен түбірлер) өзімен түбірлес (төркіндес) сөздерден оқшауланып алшақтайды. Мысалы, *жақ (жағу), жан (жану), жалын, жарық* деген сөздер этимологиялық (шығу төркіні) тұрғыдан алғанда, о баста бір

ғана түбірден тараған түбірлес сөздер болғанымен, қазірде бұл сөздер бір түбірден тараған түбірлес сөздер ретінде емес, бір-біріне төркіндестігі жоқ сөздер ретінде ұғынылады. Мұның өзі морфологиялық сіңісу процесінің барысында алғашқы түбір морфеманың мағыналық дербестігінен айрылып, түбір морфема мен аффикстік морфеманың жігінің жойылып кетуінен болады.

2. Жылысу құбылысы. Тілдің дамуының әр түрлі дәуірінде сөз құрамындағы морфемалардың бір-бірімен ара қатысы өзгеруі мүмкін. Мұндайда сөз құрамындағы морфемалардың бастапқы аралық шегі өзгеріп, соның нәтижесінде сөз морфемаларға бұрынғысынша емес, басқаша мүшеленетін болады. Екінші сөзбен айтқанда, сөз құрамындағы бір морфеманың элементі екінші морфемаға сусып ауысады. Мысалы, орыс тілінің ертеректегі қалпында *женами, рыбами* формасындағы сөздер *жена-ми, рыба-ми* түрінде мүшеленген болса, оның қазіргі қалпында аталған сөздер *жен-ами, рыб-ами* түрінде морфемаларға ажыратылады. В. А. Богородицкий орыс тілінде ертеректе *-а* флексиясы сөздің негізіне телінген болса, кейінде бұл дыбыс септелетін сөздің жалғауларының алдында қайталанып келе беруіне байланысты, сөздің негізінен сусып, жалғаудың құрамына ауысып кеткен деп есептейді[1]. Мұнан негіздің есебінен флексияның ұлғая түскендігін және аталған сөздердің қазіргі орыс тілінде морфемаларға бұрынғысынан басқаша түрде ажыратылып мүшеленетінін көреміз.

Сонымен, тілдің даму барысында сөз құрамындағы морфемалардың бірінің элементі екіншісіне ауысып, ол морфемалардың бұрынғы жігі мен ара қатысының өзгеруі жылысу құбылысы деп аталады.

Морфологиялық жылысу құбылысы (морфологическое явление переразложения) түркі тілдерінде де бар. В. А. Богородицкийдің пікірінше, жіктеу есімдіктері мен сілтеу есімдіктеріне жалғанатын ілік септік жалғауының алғашқы түрі ***-ың (-ің)*** түрінде болған. Бұл бастапқы форма ***(-ың, -ің)*** *менің, сенің, оның, соның* деген есімдіктердің құрамында сақталған. Тілдің даму барысында морфологиялық жылысу процесінің нәтижесінде есімдіктердің *соңындағы н* дыбысы жалғауға ауысқан да, ілік септіктің жалғауы ұлғайып (бір дыбыс қосылып), ***-ның (-нің)*** түрінде айтылып қалыптасқан[2]. Морфологиялық жылысу процесі түбір мен жалғаудың аралығында ғана емес, сонымен бірге түбір мен жұрнақтың аралығында да болуы мүмкін. Жұрнақ жалғану арқылы жасалған негіздің соңғы дыбысы онан (сөздің негізінен) сусып, жұрнақтың құрамына ауысады

[1] *В. А. Богородицкий.* Общий курс русской грамматики, стр. 101.
[2] *В. А. Богородицкий.* Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками, стр, 134.

да, сөз бұрынғысынан басқаша түрде мүшеленеді. Түбір мен жұрнақтың арасындағы морфологиялық жылысу процесін *сарғай* деген етістіктің құрамын талдаудан көруге болады. Аталған туынды етістік *(сарғай) сары* деген сын есімнің бастапқы дыбысталуы түрі — *сарығ* формасынан жасалған. Қазақ тіліндегі *сары* деген сын есім онымен туыстас қазіргі хақас тілінде — *сарығ*, ұйғыр тілінде — *сериқ*, өзбек тілінде — *сариқ* түрінде дыбысталады. Генеалогиялық (шығу төркіні) тұрғыдан алғанда *сарғай* деген туынды етістіктің құрамындағы сөз тудырушы жұрнақ ***-ғай*** емес, ***-ай*** жұрнағы. Мұны төмендегідей салыстырулар арқылы дәлелдеуге болады: ***мол, көп, аз, тың мұң, күш*** деген түбірлерге ***-ай, (ей)*** жұрнағы жалғану арқылы *молай, көбей, азай, тыңай, мұңай, күшей* тәрізді туынды етістіктер жасалғаны сияқты, *сарығ* деген сөзге (түбірге) *-ай* жұрнағы жалғану арқылы *сарғай* деген туынды етістік жасалған. Алғашында *сарығ* түрінде дыбысталған сөздің тілдің даму барысында соңғы дыбысы ***(ғ)*** түсіп қалған да, бұл сөз қазақ тілінде *сары* түрінде дыбысталатын болған. Ал *сарғай* деген туынды етістік қазіргі қазақ тілінде *сары* түрінде айтылатын сын есімнен емес, оның ертеректегі түрі — *сарығ* формасынан жасалып, осы бірдің *(сарығ)* соңғы дыбысы ***(ғ)*** жұрнақтың ***(-ай)*** құрамына жылысып ауысқан. Бұл мысалдардан морфологиялық жылысу процесінің әсерінен сөздің түбіріндегі (немесе негізіндегі) элементтің аффикстік морфемаға жылжып, соның нәтижесінде аффикстің құрамы ұлғая түсетіндігін көреміз.

Мәселенің осы жағын аңғарта келіп, проф. В. А. Богородицкий: «Өте ұлғайыңқырай түскен жұрнақтар жалаң жұрнақтармен салыстырғанда, тілде кейініректе жасалды» — деп түйіндейді[1]. Құранды (күрделі) жұрнақтардың жасалуына морфологиялық сіңісу процесінің де қатысы болады. Орыс тіліндегі құранды (күрделі) жұрнақтардың морфологиялық сіңісу процесінің нәтижесінде жасалғандығы жайында А. А. Реформатский былай дейді: «В. А. Богородицкий сіңісу деп атаған осындай процесс бойынша, түбірлердің аффикстермен қосылып бірігуінің нәтижесінде негіздер пайда болады, ал аффикстердің аффикстермен қосылып бірігуінің нәтижесінде құранды аффикстер пайда болады. Мысалы, *Надюшенько* дегендегі *-ушеньк* -құранды (күрделі) жұрнағында *(-уш, -ух- (+) (эн- (+) -к- -ьк-)* жалаң жұрнақтары қосылып біріккен: *(аш-(+)-ах-(+)эч-) (-ьк-) (-к- -ьк-)...»*[2].

Демек, бұлар тәрізді құранды жұрнақтардың жасалуына морфологиялық жылысу процесі мен сіңісу процесінің бірдей қатысы болады. Мұндай тұжырымды мына бір деректер дәлелдей түседі: *тіршілік* деген сөздің құрамындағы *-шілік* құранды жұрнағының алғашқы сыңары *(-ші) күй, ел, ән, егін* тәрізді сөздерге жалғанып, *күйші, елші, әнші, егінші* тәрізді зат есімдер тудыратын жұрнақ екені даусыз. Бірақ аталған жұрнақ *(-ші) тірі* деген түбірге жалғанғанымен, одан *күйші, әнші, елші, егінші* тәрізді өз алдына дербес қолданыла алатындай туынды сөз жасалынбайды (мысалы, *тірші* деуге болмайды). Аталған жұрнақ *тіршілік* сөзінің құрамында түбірден *(тірі)* сусып, келесі жұрнаққа *(-лік)* қосылған да, бір тұтас құранды жұрнақ жасалған. Бұл

[1] *В. А. Богородицкий.* Общий курс русской грамматики, стр. 101.
[2] *А. А. Реформатский.* Введение в языкознание. М., 1960, стр. 222.

құранды жұрнақтың *(-шілік)* бірінші элементі *(-ші)* түбірден ажырап, келесі жұрнаққа *(-лік)* сусуы, әрине, жылысу процесінің нәтижесінде болған.

Ал құранды жұрнақтың жасалуына морфологиялық сіңісу процесінің қатысы бар дегенде, тілдегі мынадай деректер негізге алынады: *әншілік, егіншілік* деген сөздердің құрамындағы *-ші* жұрнағы түбірлерден де немесе негіздерден де *(ән, егін)*, өзінен кейінгі жұрнақтан да *(-лік)* ажырап, бөліне алса, тіршілік сөзіндегі *-шілік* деген құранды жұрнақтың құрамынан оның бірінші сыңары *(-ші* жұрнағы) бөлініп кете алмайды; ол жұрнақ аталған сөздің (тіршілік) құрамында дербестігінен, яғни ажыратыла алу мүмкіндігінен, айрылып, өзінен кейінгі жұрнақпен кірігіп (сіңісіп) кеткен де, *-шілік* жұрнағы бөлшектенбейтін біртұтас жұрнаққа айналған. Бұл жұрнақтың бір бүтін күрделі жұрнақ болып қалыптасуында грамматикалық аналогия құбылысының да қатысы бар екендігін есепке алу қажет. *Тіршілік* деген туынды сөздің *тірі* деген түбірден әншілік, елшілік және т. б. осылар тәріздес туынды сөздердің үлгісі (модель) бойынша (яғни грамматикалық аналогия бойында) жасалғандығы аңғарылады,

Морфологиялық жылысу процесі мен сіңісу процесінің қатысуы нәтижесінде жасалған күрделі немесе құранды жұрнақтар мыналар:

1) ***-шылық (-шілік):*** *тіршілік, адамшылық, кемшілік, айшылық, азшылық, таршылық, кеңшілік*;

2) ***-лас (-ләс)*** және оның фонетикалық варианттары: *ұялас, бәсекелес, бәстес, будандас, татулас, ауылдас, құрбылас, еншілес араздас, пікірлес, достас, серттес.*

3) ***-ңқы, (-нкі) -ыңқы (-інкі):*** *бытыраңқы, шашыраңқы, жуысыңқы, түсіңкі, бағыныңқы, басыңқы, жабысыңқы, көтеріңкі, кебіңкі, шығыңқы*;

4) ***-нды, (-нді), -ынды (інді):*** *жаттанды, асыранды, ерітінді, жыртынды, шұбырынды*;

5) ***-қылықты (-ғылықты). -кілінті (-гілікті):*** *тыңғылықты, жергілікті, тұрғылықты, қызғылықты*;

6) ***-мпаз (-ымпаз) -імпаз:*** *жасампаз, сұрампаз, кеңесімпаз, жүзімпаз, жортымпаз*;

7) ***-лан (-лән), -дан (-ден), -тан (-тен):*** *ашулан, жігерлен, таңдан, үйлен, қайраттан, бейнеттен, еттен, мастан, бұлттан, аяқтан, арлан, еңбектен, қарулан*;

8) ***-сыра (-сіре):*** *жалғызсыра, етсіре, қансыра*;

9) ***-ңқыра (-ңкіре), ыңкыра (-іккре):*** *айтыңқыра, жүріңкіре күтіңкіре, барыңқыра, тыңдаңқыра, сөйлеңкіре.*

Мысалға келтірілген құранды жұрнақтардың әрқайсысының біртұтас жұрнақ болып қалыптасуында мынадай заңдылық бар: 1) құранды жұрнақтың құрамындағы алғашқы сыңар (жалаң жұрнақ) түбірде тұрақтай алмай, соңғы сыңарға (жұрнаққа) сусып кеткен де (бұл — жылысу процесінің нәтижесі), ол сыңарлар (жалаң жұрнақтар) ерітіндіге айналғандай, бір-біріне әбден кірігіп сіңіскен (бұл — сіңісу процесінің нәтижесі). Бұл жұрнақтар қазір де бөлшектенбейтін, бір бүтін жұрнақтар ретінде ұғынылады. Келтірілген мысалдар морфологиялық жылысу процесі мен сіңісу процесінің өзара ұштаса келіп, морфемалардың бастапқы шегінің өзгеруіне әсер ететіндігін көрсетеді. Мәселенің осы шағын ескерте келіп, Р. А. Будагов грамматикалық (морфологиялық) сіңісу процесі жылысу процесімен тығыз байланысты болатындығын көрсетеді[1]. А. А. Реформатский грамматикалық жылысу процесінің табиғаты мен ерекшеліктеріне тоқтала келіп, «Сіңісу процесі қабаттаса келетін осы процестің (жылысу процесі — К. А.) нәтижесінде кейінгі морфеманың басы алдыңғы морфеманың соңы болып ауысқанда, лексикада морфемалардың шегі... орын алмастыра алады, біртұтас морфема екі морфеманың тіркесіне айнала алады да, екі (және одан да көп) морфема бір морфемаға «ерітіле» және «сіңісе» алады»[2] — дейді. Демек, тіл-тілде сіңіскен түбірлердің

[1] *Р. А. Будагов.* Введение в науку о языке. М., 1958., стр. 207.
[2] *А. А. Реформатский.* Введение в языкознание. М., 1960, стр. 225.

болатыны сияқты (сіңіскен түбір жайында түбір туралы баяндауларды қараңыз), сіңіскен аффикстер де (опрощенные аффиксы) болады. Жоғарыдағы баяндауларды жинақтай келіп, сіңіскен аффикстерге мынадай анықтама беруге болады.

Сіңіскен аффикс деп морфологиялық сіңісу процесінде әр басқа аффикстердің ажырамастай болып, бір-біріне әбден кірігіп, бұл күнде біртұтас морфема (аффикс) ретінде ұғынылатын көмекші морфеманы (аффиксті) айтамыз.

Бұл жерде сіңіскен аффикстер мен құранды аффикстерді бір-бірінен ажыратуға қатысты принципті бір мәселеге тоқталайық. Түркі тілдерінің грамматикаларында, соның ішінде қазақ тілінің әр түрлі грамматикаларында және жеке еңбектерде сіңіскен аффикстер мен «құранды (немесе күрделі) жұрнақтар» деп аталып жүрген аффикстердің шегі бір-бірінен ажыратылмай, олар бір ғана атаумен аталады. Сіңіскен аффикстер мен құранды жұрнақтар деп аталып жүрген аффикстердің өзара ұқсас жағы бар екені рас, бірақ бұл екеуі бір емес. Демек, олардың арасында теңдік белгісін қоюға болмайды. Мысалы, *басыңқы, түсіңкі, көтеріңкі* деген сөздердің құрамындағы *-ыңқы (-іңкі)* аффиксі мен *аралас, ұштас* деген сөздердегі *-лас (-тас)* аффикстері құрамы жағынан, атап айтқанда, екі элементтен (аффикстен) құралуы жағынан ғана, ұқсас болғанымен, бұлардың бір-бірінен түбірлі айырмашылығы бар. Бұл аффикстердің алдыңғысы *(-ыңқы, -іңкі)* екі элементтің *(-ың+ -қы, -ің+—кі)* бір-біріне ерітінді тәрізді сіңісіп кетуінен жасалып, соның нәтижесінде бұл күнде бөлініп жаруға келмейтін біртұтас аффикс ретінде ұғынылса, соңғы аффикстің *(-лас, -тас)* құрамындағы екі элементтің шегі бір-бірінен оңай ажыратылады *(ара-ла-с, ұш-та-с)*. Бұл аффикстердің алдыңғысының *(-ыңқы, -іңкі)* соңғы аффикстен *(-лас, -тас)* осындай ерекшелігін ескере келіп, оны сіңіскен аффикстің қатарына жатқызамыз. Соңғы аффикстің *(-лас, -тас)* табиғатында да ерекшелік бар. Бұл аффикс бірде бөлшектеніп, екі морфема ретінде, бірде бөлшектенбей, біртұтас морфема ретінде қызмет атқарады. Мысалы, *аралас, ұштас* деген сөздердің құрамындағы *-лас (-тас)* аффиксі *-ла+—с (-та+—с)* түрінде бөлшектене алатын болса, *амандас, дидарлас, туыстас, ауылдас, тетелес, жүздес, өштес, құрбылас* деген сөздердің құрамындағы *-дас (-дес, -лас, -лес)* аффиксі элементтерге бөлшектенбей, біртұтас аффикс — сіңіскен аффикс (опрощенный аффикс) ретінде қолданылады. Сіңіскен түбірлер болатындығы тәрізді, сіңіскен аффикстер де болады дейтініміз осыдан. Бұл ретте мынадай аналогия жасауға әбден болады: қазіргі тілдің тұрғысынан келгенде, *жарық* (мысалы: *жарық ай*), бүлік дегендерді негізгі морфема (түбір) мен көмекші морфемаға (аффикске) бөлшектенбейтін бір бүтін морфема (түбір), яғни сіңіскен түбір (опрощенный корень) деп қараймыз да, осы үлгімен жасалған *сызық, бөлік* дегендерді негізгі морфема (түбір) мен көмекші морфемаға (аффикске) бөлшектене алатын *(сыз+ық, бөл+ік)* туынды түбір немесе негіз деп қараймыз. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, *басыңқы, көтеріңкі* деген сөздердің құрамындағы *-ыңқы (-іңкі)* аффиксі мен *амандас, жүздес, құрбылас* деген сөздердің құрамындағы *-дас (-дес, -лас)* аффиксін және осылар тәріздес т. б. аффикстерді қазірде әр басқа элементтерге бөлшектенбейтін біртұтас аффикс — сіңіскен аффикстер деп қарауға әбден болады.

3. Сөздің морфологиялық құрылымының өзгеруіне сіңісу процесі мен жылысу процесі ғана емес, сонымен бірге к ү р д е л е н у п р о ц е с і де (процесс усложнения) әсер етеді. Күрделену процесі бойынша, бастапқы туынды емес негіз (непроизводная основа) туынды негізге айналып, осының нәтижесінде алғашында морфемаларға ажыратылмаған сөз морфемаларға мүшеленетін болады[1]. Морфемаларға ажыратылмайтын кейбір

[1] *Н. М. Шанский.* Очерки по русскому словообразованию. Издательство МГУ, 1968, стр. 223.

сөздер морфемаларға мүшеленетін басқа бір сөздердің құрылымдық үлгісіне ұқсас келіп, аналогия бойынша морфемаларға мүшеленеді. Мысалы, орыс тіліндегі *ехида, зонтик* деген затесімдер қазірде туынды негіздері бар сөздер ретінде *ехида, ехидство, зонт, зонтообразный* деген сөздермен қатар қойылып, аналогия бойынша морфемаларға ажыратылса, алғашында, басқа тілдерден ауысқан кезінде *(ехида* сөзі ежелгі славян тілінен ежелгі орыс тіліне енген кезде, ал *зонтик* сөзі XVIII ғасырдың басында голланд тілінен (Zondek<zon —«күн»+ +dek —«шатыр, сыртқы қабы» (енген кезінде), дәл қазіргідегідей негіз бен жұрнақтарға (*-н* және *-йк*) мүшеленбейтін болған[1].

Орыс тілінде, этимологиясын ескергенде, морфемаларға ажыратылмауға тиісті *фляжка* (поляк тілінде flaska —«фляга») сөзі *крышка, книжка, тележка* және т. б. осылар тәріздес сөздердің құрылымы мен үлгісіне ұқсас келіп, аналогия бойынша морфемаларға туынды сөз ретінде бөлшектенеді де, *-к (а)* жұрнақ ретінде, *фляга* «түпкі» форма ретінде танылады. Орыс тіліне түркі тілдерінен енген *басмачи* сөзі орыс тіліндегі *лихачи, палачи, толмачи* тәрізді сөздердің үлгісімен аналогия бойынша игеріліп, көпше түріндегі атау септіктің формасы ретінде қаралады. Бұл сөздің туынды емес негізі (негіздің морфемаларға мүшелене алу қабілеті бұл сөздің түркі тілдерінен ауысқан кезде жойылған) орыс тілінде қазірде *басмач-* (негіз) және *-и* (жалғау) түрінде ажыратылады. Латынның *лекция* деген сөзі поляк тілінен орыс тіліне қосымшасыз сөз ретінде енген. Кейініректе *лекция* сөзімен түбірлес *лектор* сөзі еніп, бұлар бір-бірімен қатарлас келген де, *лекция* сөзі рекомпозиция процесіне (сөздің құрылымының қайта өзгеру процесі) ұшырап, ол *лект-* деген түбірге және *ий* жұрнағына ажыратылатын болған[2].

Күрделену құбылысы көбінесе төл сөздерде емес, кірме сөздердің морфемалық құрамында ұшырасады.

4. Сөздің морфемалық құрамына талдау жасауда ескеретін процестердің бірі — д е к о р р е л я ц и я п р о ц е с і. Декорреляция процесі бойынша, сөздің о бастағы морфемалық құрамы да, морфемалардың ара қатысы да, саны да, орны да өзгермей, олардың сипаты мен мағынасы өзгереді. Декорреляция сөздің морфемалық құрамын өзгертпейді, сөз морфемаларға алғашында қалай мүшеленсе, қазірде де солай мүшеленетін болады. Сөздің құрамында оның жасалу кезінде сөзді құрастырушы морфемалардың сипаты мен мағынасы бұрынғысынан басқаша

[1] Бұл да сонда. 177. 226—227-беттері.

[2] Бұл деректер Н. М. Шанскийдің жоғарыда аталған кітабы (227—229-беттері) бойынша келтіріліп отыр.

болып, бір-бірімен өзгеше байланысқа түседі[1]. Мысалы, декорреляция процесінің әсері бойынша, орыс тіліндегі *ловец, заморозки, любовь* деген сөздердің сөз тудырушы негіздері *лов-, замороз-, люб-* есім негіздер болуына қарамастан (*ловец ловь* деген зат есімнен жасалған; мысалы, *рыболов, зверолов, птицелов* дегендерді салыстырыңыз), етістік негіз ретінде (*ловить, заморозить, любить* дегендерді салыстырыңыз) ұғынылады. Бұл сөздердің құрамындағы жұрнақтар да өзінің сипатын өзгерткен. Мысалы, *заморозки* деген сөздің құрамындағы ***-к(и)*** жұрнағы алғашында кішірейткіш мағынасындағы жұрнақ ретінде сөздің формасын тудырса, қазірде сөз тудырушы элемент ретінде қызмет атқарады[2].

Н. М. Шанский декорреляцияның аффикстердің табиғатына әсер ететінін айта келіп, орыс тіліндегі *братья, мужья, зятья* сөздерінде жинақтау мағынасын білдіретін сөз тудырушы *-j-* аффиксі негіздің көптік мағынасын білдіретін форма тудырушы аффикске айналғанын, ал ***а*** жалғауының жекеше атау септігінің флексиясынан атау септігінің көпше түрінің флексиясына айналғандығын көрсетеді. Ол орыс тіліндегі зверски тәрізді сөздердің құрамындағы ***и(<и, ы)*** флексиясының (көпше түріндегі көмектес септігі) сөз тудырушы жұрнаққа айналуынан сын есімдердің негізінде үстеулердің жасалатындығын айтады[3].

Қазақ тілінде *босқа, текке, бекерге, бірге, кешке* деген үстеулердің морфемалық құрамы *бос+қа, тек+ке, бекер+ге, бір+ге, кеш+ке* түрінде морфемаларға мүшелене алады. Бұл сөздердің бастапқы морфемалық құрамы, ондағы морфемалардың саны мен ара қатысы сақталып, аффикстің сипаты мен мағынасы өзгеріске ұшыраған. Атап айтқанда, *босқа, текке, бекерге, бірге, кешке* деген сөздердің құрамындағы барыс септік жалғауы *(-қа, -ке, -ға, -ге)* сөз түрлендіруші (сөздерді байланыстырушы) қызметінен айрылып, аталған үстеулердің құрамында сөз тудырушы аффикске айналған. Декорреляция нәтижесінде *қапыда, баяғыда, әлгіде, күнде* деген үстеулердің құрамындағы сөз түрлендіруші аффикс *(-да, -де)* шығу тегі жағынан жатыс септігінің жалғауы болғанмен, өзінің табиғатын өзгертіп, аталған үстеулердің құрамында жалғау мағынасында емес, жұрнақ ретінде танылады. Сондай-ақ, *кенеттен, әуелден, төтесінен, шалқасынан, етпетінен, жүресінен, кезекпен, жөнімен, ретімен* деген үстеулердің құрамындағы тәуелдік жалғауы мен шығыс, көмектес септік жалғаулары сөздерді байланыстырушы қызметінен айрылып, аталған үстеулердің құрамында сөз тудырушы аффиктер ретінде ұғынылады.

---

[1] Бұл да сонда, 231-бет.
[2] Бұл да сонда, 231—232-беттер.
[3] *Н. М. Шанскийдің* аталған кітабының 232-беті.

Қазақ тілінде ***-у*** жұрнағы жалғанған кейбір етістіктер тұйық етістік формасынан зат есімге айналған. Бұлайша жасалынған зат есімдердің, мысалы, *жабу, көсеу, егеу, қашау, бояу, бөгеу* деген зат есімдердің құрамындағы ***-у*** жұрнағы шығу тегі жағынан форма тудырушы, атап айтқанда, тұйық етістік формасын тудырушы жұрнақ болғанымен, синхрониялық тұрғыдан алғанда, аталған сөздердің құрамында форма тудырушы жұрнақ емес, сөз тудырушы жұрнақ ретінде танылуға тиіс. Ал *түзу (түзу жол), бітеу (бітеу жара)* дегендердегі ***-у*** жұрнағы, тұйық етістіктің сын есімге айналуымен байланысты, аталған сөздердің *(түзу, бітеу)* құрамында сөз тудырушы (бұл жерде сын есім тудырушы) жұрнақ ретінде танылады. Тұйық етістік пен зат есімнің және сын есімнің әр басқа сөз таптары екенін ескерсек, олардың құрамындағы жұрнақтың да табиғаты біркелкі болмайтындығы күмән тудырмайды. Ал тұйық етістік формасын тудыратын жұрнақтың бірде зат есім тудыратын, бірде сын есім тудыратын жұрнаққа айналып, өзінің табиғатын өзгертуін декорреляция процесінің нәтижесі деп түсіну керек. Әрине, бір сөз табының екінші сөз табына ауысуы субстантивтену (басқа сөз таптарының зат есімге айналуы), адъективтену (басқа сөз таптарының сын есімге айналуы), адвербиалану (басқа сөз таптарының үстеуге айналуы) деп аталатын құбылыстар бойынша іске асады, ал бір сөз табы екінші сөз табына айналғаннан кейін оның құрамындағы морфемалардың табиғатының (сипаты мен мағынасының) өзгеруі декорреляцияның әсерінен болады.

Сонымен, декорреляция процесі бойынша, сөз құрамындағы морфемаларда сандық өзгерістер емес, сапалық өзгерістер болады. Морфологиялық сіңісу процесі мен жылысу процесінің нәтижесінде морфемалардың бастапқы жігі өзгеріп, сөз о бастағы күйінен басқаша мүшеленетін болса, декорреляция процесінің нәтижесінде сөз құрамындағы морфемалардың бастапқы жігі өзгермей, тілдік табиғаты өзгереді, яғни өзінің сипаты мен мағынасы жағынан басқаша күйге түседі.

5. Сөз құрамындағы морфемалардың арасындағы біркелкі дауыстылардың немесе біркелкі дауыссыздардың өзгеріске ұшырауы, атап айтқанда, ондай дыбыстардың тұтасуы (стяжение звуков) нәтижесінде морфемалардың даралану, ажыратылу мүмкіндігі әлсірейді. Мұндай құбылыс диффузия құбылысы немесе морфемалар диффузиясы деп аталады. Диффузия құбылысы сөздің морфемаларға мүшеленуінің бастапқы қалпын өзгертпейді, сөз морфемаларға бұрын қалай мүшеленсе, қазірде де солай мүшелене алады.

Орыс тілінде морфемалар диффузиясы *приду, разевать* деген сөздердің құрамынан байқалады. Алдыңғы сөзде префикс пен негіздің арасындағы екі ***и*** дыбысы бір ғана ***и*** дыбысына тартылып тұтасқан да, соңғы сөзде *(разевать)* екі ***з*** дыбысы

бір ғана *з* дыбысына ұласқан (*разевать* —«есіну, аузын ашу», *раззява* —«ашық ауыз» дегендерді салыстырыңыз)[1].

Диффузия түбір (немесе қосымшасыз негіз) мен аффикстің аралығында ғана емес, сонымен бірге түбір мен түбірдің (немесе қосымшасыз сөздердің) аралығында да ұшырасуы мүмкін. Мысалы, орысша *табакур* деген біріккен сөздегі ***к*** әрі бірінші негізге, әрі екінші негізге бірдей телінеді (бұл сөзді *табако-курение* дегенмен салыстырыңыз). Орыс тіліндегі *зебро-сел* деген сөздегі жалғастырушы **о** дыбысы мен *осел* деген сөздегі ***о*** дыбысы фонетикалық жақтан бір ғана ***о*** дыбысына сыйысып кеткен. Диффузия сөздер мен сөз тіркестерінің айтылу жағынан көрініп, жазба түріне әсер етпеуі мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде *қара ат, қара ала* дегендер ауызекі тілде *қарат, қаралат* түрінде айтылады.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Жоғарыда грамматикалық мағыналардың екі түрі — деривациялық және реляциялық мағыналардың болатындығы айтылды. Грамматикалық мағыналар тіл-тілде әр түрлі грамматикалық құралдар, амал тәсілдер арқылы беріледі. Грамматикалық мағыналарды білдірудің жолы грамматикалық тәсіл деп аталады. Тіл-тілде грамматикалық тәсілдердің бірнеше түрі бар. Олар мыналар: аффиксация тәсілі, ішкі флексия тәсілі, қосарлану тәсілі, біріктіру тәсілі, көмекші сөздер тәсілі, сөздердің орын тәртібі тәсілі, екпін мен интонация тәсілдері. Енді осы тәсілдердің әрқайсысына арнайы тоқталайық.

§7. АФФИКСАЦИЯ ТӘСІЛІ

Түбірге (немесе негізге) аффикстер жалғау арқылы грамматикалық мағынаның берілу тәсілі а ф ф и к с а ц и я тәсілі деп аталады. Аффиксация тәсілі — грамматикалық тәсілдердің ішіндегі ең кең тараған тәсіл. Бұл тәсіл әсіресе түркі тілдерінде өте-мөте жиі қолданылады. Аффиксация тәсілі түркі тілдерінде деривациялық мағынаны да, реляциялық мағынаны да білдіреді. Демек, аффиксация тәсілі грамматикалық мағыналарды білдіру үшін жұрнақтарды да, жалғауларды да пайдаланады. Грамматикалық мағынаның бір түрі — деривациялық мағына жұрнақтар арқылы берілсе, екінші түрі — реляциялық мағына жалғаулар арқылы беріледі. Мысалы, ***шік, -ғыш, -дыр*** жұрнақтары *үйшік, жазғыш, жаздыр* деген сөздерде деривациялық мағынаны білдірсе, *-лер, -іміз, -де* жалғаулары *үйлерімізде* деген сөзде реляциялық мағынаны білдіреді.

Аффиксация тәсілі, түркі тілдерінен басқа, индоевропа тілдері мен иберо-кавказ тілдерінде де қолданылады. Бірақ аффикстердің сөз құрамында орналасу тәртібі және олардың қолданылуы тілдердің бәрінде бірдей емес. Мысалы, славян тілдерінен түркі тілдеріндегі аффикстердің, соған сай аффиксация тәсілінің мынандай ерекшеліктері бар:

1) Славян тілдерінде, соның ішінде орыс тілінде, сөз септелгенде немесе жіктелгенде, көп жағдайда түбірдің фонемалық құрамы өзгеріп кетеді. Мысалы: *сон — сна, ходить — хожу* т. б.

Ал түркі тілдрінде, соның ішінде қазақ тілінде, сөздердің септелуі немесе жіктелуі түбірдің фонемалық құрамын өзгертпейді. Мысалы: *үйқы — үйқыға — үйқыны — үйқыдан*; *жур — жүрмін — жүріңдер* т. б.

Орыс тілінде сөздің сөз түрлендіруші морфемалар арқылы өзгеруінен көп жағдайда түбірдің фонемалық құрамы өзгерсе, қазақ тілінде аффикстердің жалғануы түбірге әсер ете алмайды, негізінен алғанда, ол (түбір) сол қалпында сақталады[1].

2) Орыс тілінде көптеген аффикстердің әрқайсысы бір-бір мағынаны емес, бірден бірнеше мағынаны білдіреді. Мысалы орыс тілінде *гости* (қонақтар) деген сөздің барыс септік (дательный падеж) жалғауы — ***ям*** (гостям). Бір ғана осы жалғау орыс тілінде әрі барыс септігін, әрі зат есімнің көпше түрін білдіреді.

Ал қазақ тіліндегі көптік мағына мен барыс септігі өз алдына бөлек-бөлек аффикстермен (*қонақ+тар+ға*) беріледі. Мұнда әр түрлі грамматикалық мағына орыс тіліндегідей бір ғана аффикспен емес, әрқайсысы өз алдына дербес аффикстермен берілген, ол аффикстер бірінің үстіне бірі жалғана береді.

Түркі тілдеріндегі сөз түрлендіруші аффикстер (словоизменительные аффиксы) мен форма тудырушы аффикстер (формообразующие аффиксы), негізінен алғанда, дара мағыналы болады. Екінші сөзбен айтқанда, бір аффикс бірден бірнеше грамматикалық мағынаны емес, бір ғана грамматикалық мағынаны білдіреді. Мысалы, жоғарыда келтірілген *қонақтарға* деген сөздің құрамындағы ***-тар*** жалғауы тек қана көптік мағынаны білдірсе, ***-ға*** жалғауы тек қана барыс септіктің мағынасын білдіреді.

Алайда түркі тілдерінде бірден бірнеше грамматикалық мағынаны білдіретін аффикстердің бар екендігін мүлде жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, *Жер жырттық, қайнады еңбек, егіс салдық* (Жамбыл) деген сөйлемдегі *жырттық, салдық* деген етістіктердің құрамындағы ***қ*** аффиксі әрі жақтық (жіктік

[1] *Н. М. Шанскийдің* аталған кітабының 235—236-беттері.

[1] Түркі тілдерінде *мен, сен, ол* деген жіктеу есімдіктері мен *бұл, сол* тәрізді сілтеу есімдіктері септелгенде, олардың түбір қалпындағы фонемалық құрамы өзгереді (мысалы, маған, саған, мұны т. б.). Бірақ бір ғана бұл факт «түркі тілдерінде сөзге аффикстер жалғанудан түбір өзгермейді» деген қағиданы өзгерте алмайды.

жалғау), әрі көпше (көптік жалғау) мағынаны білдіреді. Сондай-ақ *кездескенбіз, сөйлескенбіз* дегендердегі — ***біз*** аффиксі бірден әр түрлі грамматикалық мағыналарды — жақтық мағына (I жақ жіктік жалғауы) мен көптік мағынаны (көптік жалғау) — білдірудің тәсілі ретінде қолданылады.

Бірақ түркі тілдерінде бірден бірнеше грамматикалық мағынаны білдіретін бұл тәрізді аффикстер орыс тіліне қарағанда, әлдеқайда сирек ұшырайды. Әрбір аффикстің бір ғана грамматикалық мағынаны білдіріп, тек соған ғана телінуі түркі тілдері аффикстеріне тән қасиеттердің бірі болып табылады.

Агглютинативті тілдерде, мысалы, түркі тілдерінде сөз агглютинация[1] принципі бойынша құралады да, түбірге аффикстер бірінің үстінен бірі жалғана береді. Бұл жерде түркі тілдерінде түбірге немесе негізге аффикстердің жалғануына байланысты айтылатын бір жай бар: лингвистикалық бірқыдыру әдбиеттерде түркі тілдерінде аффикстер түбірге (немесе негізге) емін-еркін, өз бетінше (механически) жалғана береді деген пікір айтылып жүр. Шындығына келгенде, түркі тілдерінде аффикстер түбірге (немесе негізге) жалғанғанда, өз бетінше емес, белгілі бір тәртіп, заңдылық бойынша жалғанады. Түркі тілдерінде сөздердің құрамындағы аффикстердің орналасуының белгілі бір жүйесі бар екендігін есепке алмасқа болмайды. Бір сөздің құрамында бірнеше аффикс қабаттасып келгенде, түбірге алдымен жұрнақтар, олардан кейін жалғаулар жалғанады. Сөз құрамында бірнеше жалғау қабаттасып келсе, алдымен көптік жалғауы, одан соң тәуелдік жалғауы, мұнан соң септік жалғауы, оның үстіне жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы, *ауылдарыңыздан-быз* деген сөздің құрамындағы *ауыл — түбір* де, *-дар* — көптік жалғауы, *-ыңыз* — тәуелдік жалғауы, *-дан* — шығыс септік жалғауы, *-быз* — жіктік жалғауы. Түркі тілдерінде жалғаулардың осы тәртіппен (жүйемен) жалғануы, негізінен алғанда, сақталады. Аффикстердің белгілі бір тәртіп бойынша жалғануы грамматикадағы жүйелі қатынастарға негізделеді. Жүйелі қатынас, қалыптасқан заңдылық түбірге (немесе негізге) аффикстердің жалғануын да белгілі жүйеге келтіреді. Демек, күллі тілдерде, оның ішінде түркі тілдерінде, аффикстердің түбірге (немесе негізге) жалғануы өз бетінше болмай, белгілі бір заңдылықтарға, жүйелі қатынастарға бағынады.

Орыс тілінде аффикстер сөздің негізіне (немесе түбіріне) жалғанады да, ол негіз, әдетте, аффикстерсіз қолданыла алмайды. Ал түркі тілдерінде түбір немесе негіз аффикстерсіз-ақ дербес сөз ретінде қолданыла алады. Оның үстіне орыс тілі мен түркі тілдерінде түбірге немесе негізге аффикстердің жалғану сипаты бірдей емес, орыс тілінде түбір (немесе негіз) мен аффикс бір-бірімен әбден жымдаса, кіріге қосылса, түркі тілдерінде олар (түбір мен аффикс) жай ғана жалғаса қосылып, морфемалардың ара жігі аңғарылып тұрады. Түбір (немесе негіз) мен аффикстердің жымдаса, кіріге қосылуы, аффикстердің көп мағыналы бола алуы және олардың жалғануынан түбірдің дыбыстық құрамының өзгеру құбылысы ф у з и я (ерітілу, қорытылу) деп аталса, түбір (немесе негіз) мен аффикстердің бір-бірімен жай жалғаса қосылуы, олардың ара жігінің аңғарылып тұруы, аффикстердің көбінесе дара мағыналы болуы және аффикстердің жалғануынан түбірдің дыбыстық құрамының өзгермеу құбылысы а г г л ю т и н а ц и я (желімделу, жалғамалы болу) деп аталады. Фузия индеоевропа тілдеріне тән де, агглютинация түркі тілдері, монғол тілдері және угро-финн тілдеріне тән.

[1] Аглютинация — латын тілінің agglutinatio («жапсырылу», «желімдеу») деген сөзінен жасалған термин; «жалғамалы» деген мағынаны білдіреді.

§8. ІШКІ ФЛЕКСИЯ ТӘСІЛІ

Грамматикалық мағыналарды білдірудің басты тәсілдерінің бірі — ішкі флексия тәсілі.

Түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі арқылы грамматикалық мағынаны білдіру тәсілі *ішкі флексия* деп аталады.

Бұл тәсіл — барлық тілдерге емес, тілдердің кейбір тобына тән тәсіл. Мысалы, түркі тілдері мен финн-угор тілдерінде грамматикалық мағынаны білдірудің флексия тәсілі жоқ. Бұл тәсіл әсіресе семит тілдеріне (араб, еврей және т. б.) тән тәсіл болып табылады. Мысалы, араб тілінде сөздің түбірі тек дауыссыз дыбыстардан құрылады да, сол дауыссыздардың аралығына дауысты дыбыстардың енуі арқылы сөз грамматикалық мағынасы мен формасы жағынан түрленіп отырады. Мысалы, араб тілінде үш дауыссыздан құралған *ktв* деген түбір жалпы «жазу» дегенді білдіреді. Осы түбірден жасалған *katiв* «жазып отырушы», **kĭтив** — «кітап», **kитав** — «кітаптар», *kатава* — «жазды», *kitadu* — «жазылған», *uktuq* — «жаз», *aktuq* — «мен жаздым» дегенді білдіреді. Бұл мысалдардан араб тілінде түбірдің құрамындағы дауыссыздардың аралығына дауыстылардың енуі және олардың өзгеруі (ішкі флексия) аффикстердің қызметімен пара-пар екенін көреміз. Араб тілінде сөздерге аффикстер де жалғана береді. Дегенмен онда ішкі флексия айрықша қызмет атқарады.

Ішкі флексия герман тілдерінде де кездеседі. Мысалы, неміс тілінде *Mutter* — «шеше» дегенді білдірсе, *Mutter* — «шешелер» дегенді білдіреді. Ағылшын тілінде *foot* — «аяқ» дегенді, ал feet — «аяқтар» дегенді білдіреді. Неміс тілінде geben (беру) деген етістіктен өткен шақ тудыру үшін ішкі флексия тәсілі қолданылады; аталған етістіктің өткен шақ түрі — *gав.*

Орыс тілінде ішкі флексия, көбінесе бір видті екінші видтен ажыратудың тәсілі ретінде қолданылады. Мысалы, орыс тілінде *называть — назвать, собирать — собрать, избегать — избежать* деген етістіктердің видтік мағынасы осы аталған ішкі флексия тәсілі арқылы ажыратылады.

Тіл білімінде кейбір тілдерге қатысты *флективті тілдер* деген терминнің қолданылуы ол тілдерге флексия тәсілінің тән болуына негізделеді. Бірақ ондай тілдерде тек флексия тәсілі ғана емес, онымен бірге аффиксация тәсілі және басқа тәсілдер де қолданылады.

§9. ҚОСАРЛАНУ ТӘСІЛІ

Қосарлану да грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілі ретінде қызмет атқарады. Қосарлану тәсілі түркі тілдерінде кең тараған және жиі қолданылады. Зерттеушілер қос сөздерді қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деп, екі үлкен топқа бөліп қарайды[1].

Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздің екі рет қайталануы немесе сол сөздің бір (не бірнеше) дыбысының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: *жол-жол, қора-қора, тау-тау, биік-биік, көре-көре, сөйлей-сөйлей, жүгіре-жүгіре, бетпе-бет, ауызба-ауыз, үй-үйге, бес-бестен, он-оннан, шай-пай, етмет* және т. б.

Қайталама қос сөз бір сөздің қайталана қосарлануынан жасалса, қосарлама қос сөз әр басқа екі сөздің қосарлануынан жасалады. Мысалы: *әке-шеше, ауыл-аймақ, қас-қабақ, тау-тас, дәм-тұз, жол-жоба, тамыр-таныс, етек-жең, құрт-құмырсқа, бақа-шаян, бас-аяқ, алыс-жақын, ілгерінді-кейінді, ұзынды-қысқалы, жоғары-төмен, алыс-беріс, ұрыс-керіс, жүріс-тұрыс, қырып-жойып, аударып-төңкеріп, кесіп-пішіп* және т. б. «Қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес (пара-пар) сөздерден (компоненттерден) құралады. Мысалы, *әке-шеше, әні-міні, алты-жеті, алды-арты, үсті-басы, туған-өскен, ойнап-күліп* деген тәрізді сөздерді алсақ, олардың әрқайсысының компоненттері, біріншіден, мағына жағынан бір-біріне орай, өз ара бірбірімен жақын, ыңғайлас сөздер болса, екіншіден, олар морфологиялық төркіні жағынан да біртектес, демек, белгілі бір ғана сөз табына тән, әрі формалары біркелкі сөздер, үшіншіден, осындағы әрбір қос сөздің компоненттері синтаксистік қызметтері жақтарынан біріне-бірі әрі бағынбай, әрі біріне-бірі тәуелсіз болып, салаласа құрылған күрделі сөздің бірімен-бірі тең, табиғи бөлшектері есебінде қызмет етеді. Бұл аталған үш түрлі ерекшелік қосарлама (қос) сөздердің күрделі сөз болып жасалуына таяныш болумен қатар, олардың өзге күрделі сөздерден ажырауына да негізгі белгі есебінде қызмет етеді.

Компоненттері морфологиялық жағынан бір тектес, синтаксистік жағынан өз ара тең (пара-пар) болатындықтан, қосарлама қос сөздің мағынасы құрамындағы екі компоненттің де мағынасын бірдей қамтиды да, жалпылау, топшылау, жинақтау, болжалдау, мөлшерлеу тәрізді ұғымдарды білдіреді»[1].

Қосарлама қос сөздер синонимдес, антонимдес сыңарлардан да құралуы мүмкін. Мысалы: *сауық-сайран, ағайын-туысқан, үлгі-өнеге, күш-қуат, күш-қайрат, күш-жігер, ұрыс-керіс, ұрыс-жанжал, құрбы-құрдас, қауіп-қатер, қайғы-қасірет, бет-жүз, өштік-қастық, ұрмай-соқпай, асықпай-саспай, ақыра-зекіре* тәрізді қосарлама қос сөздер синонимдес (мәндес) сыңарлардың қосарлануынан жасалса, *аз-көп, азды-көпті, жақсы-жаман, жақсылы-жаманды, өтірік-шын, дос-қас, дос-дұшпан, бас-аяқ, алыс-жақын, ілгерінді-кейінді, жоғары-төмен, ерте-кеш, ұзынды-қысқалы, алыс-беріс, әрі-бері, алды-арты, іші-сырты, келім-кетім, күйініш-сүйініш, ашпалы-жаппалы, ащы-тұщы, бар-жоқ, ақ-қарасы, ақтылы-қаралы, артық-кем, ауру-сау, күн-түн, күндіз-түні, ауыр-жеңіл* тәрізді қосарлама қос сөздер антонимдес (қарсы мәндес) сыңарлардың қосарлануынан жасалған.

Қосарланудың білдіретін мағыналары алуан түрлі, солардың кейбіреулері мыналар:

1) Жинақтылық я жалпылық мағына: *кәрі-құртаң, көйлек-көншек, тау-тас, қыл-қыбыр, жан-жануар, шыбын-шіркей, аяқ-табақ* т. б. 2) жіктеу, даралау мағынасы: *алды-алдына, лек-легімен, қолды-қолына, мая-мая, кімде-кім, сай-сай* т. б. 3) болжалды мағына: *бүгін-ертең, кешелі-бүгін, он-он бес, қырық-отыз* т. б. Сан есім сөздердің тобында қосарлану болжалды сан есім тудырудың бір тәсілі ретінде қолданылады; 4) амалдың, іс-әрекеттің бірнеше рет қайталану мағынасы: *сөйлей-сөйлей, айта-айта, жүре-жүре, күле-күле, көре-көре, ойлай-ойлай* т. б. Қосарлану тәсілі шығу тегі жағынан етістік сөздерден сын-қимыл үстеулерін тудырып, оны қалыптастырудың бір тәсілі ретінде қолданылады. 5) сын мен сапаны күшейтіп айту мағынасы: *қып-қызыл, қап-қара, сап-сары, әп-әдемі, жап-жарық, тап-таза, тіп-тік, түп-түзу* және т. б. Осылар тәріздес сөздердің құрамындағы *қып-, қап-, сап-, тіп-* тәрізді элементтер сын есімдердің құрамында ұшырасады да, зат есім, үстеу, етістік, есімдік

[1] *А. Ысқақов.* Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1964. 139—163-беттері. Қос сөздер жайында мына әдебиеттерде баяндалады: *Н. К. Дмитриев.* О парных словосочетаниях в башкирском языке. — «Известия АН СССР», отделение гуманитарных наук, № 7 1930, стр. 501—522; *І. Кеңесбаев.* Қос сөздердің кейбір жасалу жолдары. «Ученые записки ҚазГУ». т. XI. 1946, *Е. И. Убрятова.* Парные слова в якутском языке. — Сб. «Язык и мышление», т. XI. 1949, *А. Қайдаров.* Парные слова в современном уйгурском языке. Алма-Ата, 1958.

[1] *А. Ысқақовтың* аталған кітабының 147—148-беттері.

сөздерден жасалған қос сөздердің бірде-біреуінің құрамында кездеспейді. Қос сөздердің жасалу үлгілері (бір сөздің екі рет қосарлана қайталануы, әр басқа сөздердің қосарлануы және т. б. үлгілер) барлық сөз табынан да табылса, тек сын есімдерге ғана тән. Мұның өзі «үстеме немесе күшейтпе» буынның негізгі қызметі сөз тудыру емес, сын есімнің күшейтпелі шырай формасын тудыру екендігін көрсетеді.

«Қайталама қос сөздің үстеме буын түрінде қалыптасқан түрі — негізінен алғанда, *сын есімдерге тән форма. Бұл үстеме буын сын есімге күшейту мағынасын жамайтын форма ретінде қалыптасқан* (курсив біздікі — А. К.), өйткені бұл форма тек негізгі сынға я ұлғайту, я солғындату реңкін жамайды»[1].

А. Н. Кононов мұндай формаларды сын есімдердің күшейткіш формалары (усилительные формы) деп атап, оларды жартылай редупликация жолымен жасалған деп есептейді[2]. Кейбір тюркологтар *қып-қызыл* тәрізділердің құрамындағы *қып-қызыл* элементін префикстік тәсіл деп есептейді. Алайда мұндай элементті префикс деу жөн емес[3], қып-қызыл тәрізділерді толық редупликацияның жартылай редупликацияға айналуынан жасалған формалар деп тану керек. Бұлардың «үстеме» (я күшейтпе) буындары тиісті сын есімнің әуелгі толық компонентінің әрі ықшамдалып (қысқарып), әрі соңына **п** дыбысын жамап алып, бір тұйық я бітеу буынға айналуынан пайда болған»[4].

Бұл форманың сын есімнен басқа сөз таптарынан жасалған қос сөздердің түрлерінде мүлдем ұшыраспайтынын, оның тек сын есімдерге ғана тән екендігін және бірден-бір негізгі қызметі сын есімнің шырай формасын тудыру екендігін ескеріп, оны сөз тудыру тәсілдерінің қатарында емес, форма тудыру, соның ішінде сын есімнің күшейткіш шырай формасын тудыру, тәсілі деп қараған жөн. Мұның дұрыстығын *қып-қызыл, қап-қара* тәрізді күшейткіш формалардың мағынасы мен қызметі жағынан *тым қызыл, өте қызыл, тым қара, тіпті қара* тәрізді сын есімдердің күшейткіш шырай формаларымен сәйкес келуі дәлелдей түседі. Ал *тым қызыл, өте қызыл, тым қара, тіпті қара* тәрізділерді күрделі сөздер деп қарамайтынымыз белгілі (бұлар торы ала, қара торы тәрізді күрделі сөздерден мүлдем басқаша). Олай болса, *қып-қызыл, қап-қара* тәрізділерді де күрделі сөз деп қарауда ешбір негіз жоқ. *Тым қызыл, өте қызыл, тым қара, тіпті қара* дегендердің күрделі сын есімдер емес, сын есімнің күшейтпелі шырай формасы ретінде қаралатыны сияқты, *қып-қызыл, қап-қара* тәрізділер де сын есімнің күшейтпелі шырай формасы ретінде қаралуға тиіс. Тілдегі құбылыстарды бір-бірінен ажыратуда, әдетте, негізгі үш түрлі өлшемді (критерий) таяныш етеміз: оның *бірі — мазмұны* (белгіленуші), *екіншісі — форма* (белгілеуші), *үшіншісі — қызмет* (функция). Жартылай редупликация арқылы жасалған *қып-қызыл, қап-қара* тәрізділер формасы жағынан ғана қос сөздерге ұқсайды; ал мазмұны (мағынасы) мен қызметі (функция) жағынан *өте қызыл, тым қара* тәрізді сын есімдердің күшейтпелі шырай формасымен сәйкес келеді. Демек, жартылай редупликацияның қызметі — күрделі сөз тудыру емес, сын есімдерден, соның ішінде сапалық сын есімдерден, форма тудыру, атап айтқанда, сын есімнің күшейтпелі шырай формасын тудыру.

Сонымен, қып-қызыл, қап-қара деген формалар мағынасы мен қызметі жағынан *өте қызыл, тым қара* тәрізді сын есім шырайларының аналитикалық формаларымен сәйкес келеді (бұл жайында аналитикалық формалар туралы тақырыпты қараңыз).

[1] *А. Ысқақовтың* аталған кітабының 134-беті.

[2] *А. Н. Кононов.* Грамматика современного узбекского литературного языка, М. —Л., стр. 160—161.

[3] *Н. А. Баскаковтың* «Каракалпакский язык» (М. 1952) атты кітабы, 213-бет.

[4] *А. Ысқақовтың* жоғарыда аталған кітабының 143-беті.

§10. БІРІГУ ТӘСІЛІ

Бұл тәсіл бойынша өз ара түбір морфемалар немесе түбір мен негіз қосылып, сөз жасалынады. Демек, бірігу тәсілі сөз тудыру қызметін атқарады. Біріккен сөздердің қатарына семантикалық тұтастығымен де, морфологиялық тұтастығымен де, синтаксистік тұтастығымен де сипатталатын қазақ тіліндегі *асқазан, атшабар, отағасы, басқұр, көртышқан, көлбақа, тасбақа, қосаяқ, шекара, әлдекім, әлдеқашан, әлдеқалай, әрқашан, әрқалай, әркім* деген сөздер мен өзбек тіліндегі *алабұға, билигжүзук* (білезік), *отқозон* (асқазан), *күзойнек* (көзілдірік), *тошбақа* (тасбақа), орыс тіліндегі *камнетес* (тас қашаушы), *водовоз* (су тасушы), *жизнеспособность* (тіршілік қабілеті) *железнодорожник* (темір жолшы) және т. б. осылар тәріздес сөздер енеді.

Күрделі сөздердің қатарына жатқызылып жүрген сөздердің ішінде құрамындағы **сыңарлары әр түрлі өзгерістерге** ұшырап, этимологиясының күңгірттеніп кеткендері бар. Құрастырушы сыңарларының әрі фонетикалық өзгерістерге ұшырауынан, әрі ықшамдалуынан жасалған *апар (алып+бар), әкел (алып+кел), бүгін (бұл+күн), биыл (бұл+жыл), білезік (білек+жүзік)* тәрізді сөздерді тарихи тұрғыдан алғанда ғана, күрделі сөздердің (біріккен сөздердің) қатарына жатқызуға болады. Қазіргі тілдің тұрғысынан алғанда, бұл сөздер *(апар, әкел, бүгін, биыл, білезік* және т. б. осылар тәріздес сөздер) өзін құрастырушы сыңарларға (морфемаларға) ажыратылмайтын сөздер ретінде ұғынылады. Алғашында екі түбірдің бірігуінен жасалып, тілдің даму барысында сыңарлары дыбыстық және мағыналық өзгеріс-

терге ұшырап, соның нәтижесінде ол сыңарлардың бір-біріне әбден кірігіп сіңісуінен жасалған сөздер бір екпінге бағынады да, құрамындағы дауысты дыбыстар сингармонизм заңы бойынша не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке болып, барлық жағынан жалаң сөздерге тән қасиеттерге ие болады. Мәселенің осы жағын ескере келіп, И. В. Арнольд ағылшын тіліндегі осылар тәріздес сөздерді негізі сіңіскен (морфологиялық сіңісу процесі жайында осы тараудың 6-параграфын қараңыз) сөздердің (слово с опрощенной основой)[1] қатарына жатқызады. Этимологиялық анализ жасамайынша, сіңіскен түбірлердің морфемаларға мүшеленбейтіні сияқты, сіңіскен негіздер де (опрощенные основы) құрастырушы морфемаларға (алғашқы түбірлерге) ажыратылмайды. Демек, *биыл, бүгін, апар, әкел* және т. б. осылар тәріздес құрамы ажыратылмайтын, морфемаға мүшеленбейтін сөздерді тарихи тұрғыдан (шығу тегі, жасалу тұрғысынан) алғанда ғана, шартты түрде күрделі сөз деп атауға болады. Ал қазіргі тілде бұлардың жалаң сөздерден пәлендей айырмашылығы жоқ. Сондықтан да олар сіңіскен негіздердің (немесе сіңіскен түбірлердің) қатарында қаралуға тиіс.

§11. КӨМЕКШІ СӨЗДЕР ТӘСІЛІ

Тіл-тілдің бәрінде де сөздердің көмекші сөздер (служебные слова) деп аталатын тобы бар. Көмекші сөздердің лексика-семантикалық жақтан алып қарағанда, атауыш сөздердей (знаменательные слова) дербестігі жоқ, олар аффикстерге ұқсас қызмет атқарады. Мысалы, «Неге келдіңіз» деген сұраққа, әдетте, «Сізбен сөйлескелі келдім» немесе «Сізбен сөйлесуге келдім» деп жауап береміз. Бұл сұраққа жауап «Сізбен сөйлесу үшін келдім» деп жауап береміз. Бұл сұраққа жауап «Сізбен сөйлесу үшін келдім» деген түрде де беріледі. Бұл мысалдардан *үшін* деген шылау сөздің аффикстерге барабар мағынаны білдіріп, көмекші қызмет атқаратынын көреміз. Алдыңғы екі мысалдың бірінде грамматикалық мағына *-келі* аффиксі (көсемшенің жұрнағы) арқылы берілсе, екіншісінде *-ге* аффиксі (барыс септік жалғауы) арқылы берілген; үшінші мысалдағы *үшін* деген шылау сөздің грамматикалық мағынасының пәлендей айырмашылығы жоқ. Бұл шылау сөз грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілі жағынан алғанда, аталған аффикстермен синонимдес қызмет атқарып тұр.

Көмекші сөздердегі лексикалық мағынаның грамматикалық мағынаға сіңісіп кететіні соншалық, көмекші сөздердің лексикалық мағынасы (мейлі ол жарым-жарты, көмекші мағына болсын, әйтеуір лексикалық мағына) мен грамматикалық мағынасы ұласып, біріне-бірі өз ара сай келеді. Мұны жоғарыда келтірілген мысалдардан да аңғаруға болады.

[1] *И. В. Арнольдың* аталған кітабының 118-беті.

Көмекші сөздердің лексикалық жағынан гөрі грамматикалық жағы басым болады. Осыдан келіп, олар тіл-тілде алуан түрлі грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілі ретінде қолданылады. Көмекші сөздердің алуан түрлі грамматикалық мағыналарды білдіруі олардың түрлерінің молдығымен байланысты. Басқаша айтқанда, көмекші сөздердің түрлері көп, сондықтан олардың білдіретін грамматикалық мағыналары да алуан түрлі.

Олардың **жалғаулықтар** деп аталатын түрлері сөйлем мүшелерін байланыстырады (мысалы, *Сөйлесейік* **те** *қайтайық; оқу* **мен** *тәрбиені ұштастыра білу қажет*) немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстырады, мысалы: *Артымнан ілесе Тайжанның үйіне кіруге бата алмады,* **өйткені** *ол үйде аюдай ақырған тентек мінезді Сәлима бар* (С. Мұқанов).

Көмекші сөздердің **септеуліктер** (послелоги) деп аталатын түрі *(дейін, таман, соң, қарай, гөрі, кейін* т. б.) сөйлем мүшелерінің арасындағы бағыныңқылық қатынасты, мекендік, мезгілдік мағынаны білдіреді, септік жалғаулы сөздердің мағынасын толықтырып, дәлелдей түседі. Орыс тіліндегі предлогтар *(в, к, на, над, за, после, перед, для, благодаря* т. б.) деп аталатын көмекші сөздердің қызметін түркі тілдерінде көбінесе септеуліктер (послелоги) атқарады. Орыс тілінде предлогтар сөздің алдында тұрса, қазақ тілінде (сондай-ақ жалпы түркі тілдерінде) септеуліктер сөздің соңында тұрады. Қазақ тілінде көмекші сөздердің бұл тобының септеуліктер деп аталуы олардың өзінің алдында тұрған сөздердің белгілі бір септік жалғауында тұруын керек етуіне байланысты. Тюркологиялық еңбектерде (орыс тілінде жазылған) олардың послелоги деп аталуы түркі тілдеріндегі көмекші сөздердің бұл түрінің мағынасы мен қызметі жағынан орыс тіліндегі предлогтармен барабар болып, орны жағынан оларға қарама-қарсы орынға орналасуымен (атауыш сөздерден кейін тұру ерекшелігімен) байланысты деп түсінген мақұл.

Көмекші сөздердің **демеуліктер** (частицы) деп аталатын түрі сұрау мағынасы *(жақын ба? алыс па? кездестің бе?);* тежеу, шектеу *(сен ғана; ендігі серігі — кітап қана),* күшейту *(аты ат-ақ екен!),* әр түрлі көңіл күйі *(кешікті-ау!, ұмытып кеткенім-ай!, көрмей қалды-ау!);* сенімсіздік, күдіктену *(көріпті-міс, айтыпты-мыс)* мағынасын және т. б. мағыналарды білдіреді.

Көмекші сөздердің бір түрі — **артикльдер** славян тілдері мен түркі тілдерінде кездеспейді. Артикльдер роман тілдері мен герман тілдерінде және араб тілінде қолданылады. Бұл тілдерде артикльдер белгілік пен белгісіздік категориясын айыру, род категориясын бір-бірінен ажырату, жекеше мен көпшені бір-бірінен айыру (француз тілінде) үшін қызмет атқарады.

Алуан түрлі грамматикалық мағыналарды білдіретін көмекші сөздердің бір тобы — көмекші етістіктер. Көмекші етістіктердің басқа көмекші сөздерден ерекшелігі мынада: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер, негізінен, өзгермейтін болса, көмекші етістіктер әр түрлі аффикстер жалғану арқылы өзгеріп, түрленіп отырады.

Көмекші етістіктер күрделі етістіктерді жасауда айрықша қызмет атқарып, әр түрлі грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілі ретінде қолданылады. Күрделі етістіктің құрамындағы негізгі етістік белгілі бір формада қолданылады да, көмекші етістік негізгі етістіктегі істің созылыңқылығын *(айта берді, жаза берді)*; тепе-теңдігін *(отыра қалды, бере қойды)*, аяқталғандығын *(айтып болды, жазып қойды)*, басталуын *(қызара бастады, ашулана бастады)* т. б. білдіреді.

Күрделі етістіктің құрамындағы негізгі етістік не көсемше, не есімше формасында қолданылады да, көмекші етістік түрлі аффикстермен өзгеріп, түрленіп отырады. Мысалы: *жазып отыр+мын, жаза бер+е+мін, жаза бер+іп+сің, жаза бер+мек+пін, жаза бер+мек+ші+міз, жаза бер+е+тін+сіз+дер, жазған бол+ды+қ, жазған бол+ар+сыз+дар.*

Түркі тілдерінде көмекші етістіктерге әр түрлі аффикстер жалғанғанда, көмекші сөздер тәсілі мен аффиксация тәсілі қосылып, әлденеше грамматикалық мағыналарды білдіреді. Түркі тілдерінде күрделі етістіктер мәселесінің грамматикалық тұрғыдан қат-қабат, өте-мөте күрделі және қиын мәселе болуы да осыдан. Даралап айтқанда: 1) күрделі етістіктің құрамындағы негізгі етістік мағынасындағы көсемше мен есімшелердің түрлі аффикстерінің грамматикалық мағыналары алуан түрлі болады; 2) негізгі етістікпен тіркесіп айтылатын көмекші етістіктер де сан алуан грамматикалық мағыналарды білдіреді; 3) көмекші етістіктерге әр түрлі аффикстер жалғанып, осыдан олардың білдіретін грамматикалық мағыналары одан әрі түрленіп, күбылып, күрделене түседі; 4) осы тәсілдердің бәрі күрделі етістіктердің құрамында бас қосып, олар (күрделі етістіктер) қат-қабат грамматикалық мағыналарды білдіреді.

§12. СӨЗДЕРДІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ — ГРАММАТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ БІРІ

Сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі олардың сөйлемнің қай мүшесі екенін айқындауы мүмкін. Бұл тәсіл мұнымен бірге грамматикалық мағыналарды білдіруде мәнерлеуші тәсіл ретінде де қызмет атқарады. Сөз түрлендіруші формалары жоқ немесе өте аз тілдерде сөздердің орын тәртібінің мәні айрықша.

Қытай тілі мен ағылшын тілінде сөздердің орын тәртібі грамматикалық тәсілдердің ішіндегі басты тәсілдердің бірі ретінде қызмет атқарады. Мысалы, ағылшын тілінде *The father loves the son* — «әке баласын сүйеді» деген сөйлемдегі *father* («әке») деген бастауыш пен *son* («бала», «ұл») деген толықтауыш бір-бірінен тек орны жағынан ғана ажыратылады. Егер бастауыш пен толықтауыштың орнын алмастырса, сөйлем мүлдем басқаша мағынаға ие болады. Мысалы, *the son loves the father* деген сөйлем ««бала әкесін сүйеді» дегенді білдіреді[1]. *Father* («әке») деген сөз бірінші сөйлемде баяндауыштың алдында тұрғандықтан бастауыш болса, екінші сөйлемде баяндауыштан кейін тұрғандықтан толықтауыш болып тұр. Сонымен, бұл мысалда әр түрлі грамматикалық мағына аффикстер арқылы емес, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі арқылы берілген.

Орыс тілінде *мать любит дочь* («шешесі қызын сүйеді») деген сөйлемнің мағынасынан *дочь любит мать* («қыз шешесін сүйеді») деген сөйлемнің мағынасы субъекті мен объектінің орны жағынан ғана ажыратылады. Индонезия тілінде де сөздердің орын тәртібінің грамматикалық мағынаны білдіруде үлкен мәні бар. Мысалы, ол тілде *rumah orang itu* «осы адамның үйі» дегенді білдірсе, *orang rumah itu* «осы үйдің адамы» дегенді білдіреді[2]; *rumah besar* деген сөз тіркесінің мағынасы «үлкен үй», ал *besar rumah* деген сөз тіркесінің мағынасы «үйдің аумағы» («величина дома»); *memudli orang* деген сөз тіркесі «адамды мақтау»» дегенді білдірсе, *orang memudli* деген предикативті сөз тіркесі «адам мақтайды» деген мағынаны білдіреді[3].

Түркі тілдерінде кейде сөздердің орын тәртібі жалғаусыз байланысқан анықтауыш сөз бен анықталғыш сөздің жігін ажыратуға көмектеседі. Мысалы, қазақ тіліндегі *сағат қалта* деген сөз тіркесінің мағынасынан («сағат салатын қалта») *қалта сағат* дегеннің мағынасы («қалтаға салатын сағат») анықтауыш сөз бен анықталатын сөздің орнына қарай ажыратылып тұр. Бурят-монғол тілінде *түмэр түлгуур* деген тіркес «темір тіреу» деген мағынаны білдірсе, осы екі сөздің орны ауысуынан жасалған *түлгуур түмэр* деген сөз тіркесі «тіреуге керекті темір» («подпорочное железо») дегенді білдіреді[4].

Башқұрт тілінде *бүре эт тота* («бөрі ит (ті) ұстайды») деген сөйлемнің мазмұны мен *эт бүре тота* («ит бөрі (ні) ұстайды») деген сөйлемнің мазмұны бір-бірінен субъекті (бастауыш) мен объектінің (толықтауыштың) орын тәртібі жағынан ғана ажыратылады[5].

---

[1] Бұл мысал Э. Б. Агаянның «Введение в языкознание» аты кітабының 284-бетінен алынды.

[2] *А. С. Телескин. Н. Ф. Алиева.* Индонезийский язык. Издательство Восточной литературы. М., 1960, стр. 17.

[3] А. С. Телескин мен Н. Ф. Алиеваның аталған кітабынан 31-бет.

[4] *Г. Д. Санжеев.* Грамматика бурят-монгольского языка. М. —Л., 1941, стр. 105.

[5] *Н. К. Дмитриев.* Грамматика башкирского языка. М. —Л., 1948, стр. 207.

Алайда түркі тілдерінде жалғаусыз байланысқан сөздердің (сөйлем мүшелерінің) орны тұрақты болады да, бір орыннан екінші орынға жылжи бермейді. Ал жалғаулар арқылы қиыса, матаса, меңгеріле байланысқан сөздердің (сөйлем мүшелерінің) орны тұрақсыз, жылжымалы болғанмен, олар грамматикалық мағынаға әсер етпей, көбінесе стильдік қызмет атқарады. Сөйлемдегі сөздердің қалыпты орнын ауыстырып айтудан, яғни инверсия[1] жасаудан, сөйлем мүшелерінің табиғаты өзгермейді. Мысалы, *қолыңды тарт*; *мені жібер* деген сөйлемдердегі толықтауыш пен баяндауыштың орнын ауыстырып, *тарт қолыңды; жібер мені!* деп айтудан *қолыңды, мені* деген сөздер толықтауыш болудан қалмайтыны сияқты, *тарт, жібер* деген сөздер де баяндауыш болудан қалмайды. Демек, бұл сөйлемдердегі жалғау арқылы байланысқан сөздердің орын тәртібінің грамматикалық мағынаға тигізерліктей әсері жоқ. Мұндағы инверсия стильдік қызмет атқарып тұр.

Сөздердің орын тәртібі грамматикалық тәсіл ретінде көбінесе қандай тілдерге тән? Бұл тәсіл сөйлемдегі сөздер жалғаусыз, тек орнына қарай байланысатын тілдерге өте-мөте тән тәсіл болып табылады. Мысалы, француз тілінде септеу (склонение) жоқ болғандықтан, сөздердің орын тәртібі ең басты грамматикалық тәсіл ретінде қолданылады. Мысалы, *Henri appele Albert* («Анри Альбертті шақырады». Сөзбе-сөз: «Анри шақырады Альберт-ті») деген сөйлем мен *Albert appele Henri* («Альберт Анриді шақырады». Сөзбе-сөз: «Альберт шақырады Анри-ді») дегенді салыстырудан француз тілінде сөздердің орын тәртібінің грамматикалық тәсіл ретінде айрықша қызмет атқаратынын көруге болады[2].

§13. ЕКПІН ЖӘНЕ ИНТОНАЦИЯ ТӘСІЛДЕРІ

Егер екпін тиянақсыз, жылжымалы болса, ол да грамматикалық тәсіл ретінде қызмет атқара алады. Орыс тілінде екпіннің жылжымалы екенін, оның әр буынға түсуі сөздің мағынасы мен шегін ажыратудың бір тәсілі ретінде қолданылатынын жоғарыда айтқанбыз. Мысалы: *му́ка* — «азап», *мука́* — «ұн»; *за́мок* — «қорған», *замо́к* — «құлып»; *про́пасть* — 1) «тұңғиық, терең жар, шыңырау»; 2) «алшақтық»; *пропа́сть* — «жоғалып кету, жоқ болу, жойылу» т. б.

Міне, осылайша екпіннің бір буыннан басқа буынға жылжуы сөздің әр түрлі грамматикалық формаларын ажыратудың да құралы ретінде пайдаланылады. Мысалы: *окна́* — жекеше, ілік септік, *окна* — көпше, атау тұлғада; сондай-ақ *руки, ноги́,*

[1] Инверсия — латын тілінің inversio —«орын алмасу» деген сөзінен жасалған термин.

[2] *Н. К. Дмитриев.* Грамматика башкирского языка, стр. 208.

түрінде айтылатын ілік септіктің (жекеше) формасы *рукй, ногй* түрінде айтылатын атау септіктің (им. падеж) формасынан екпіннің алмасып түсуі арқылы ажыратылады. Атап айтқанда, аталған сөздердің ілік септік формасында екпін соңғы буынға түссе, атау септіктің көпше түрінде екпін алдыңғы буынға түседі. Орыс тілінде кейде видтің түрлері де екпіннің жылжып құбылуы арқылы ажыратылады.

Екпіні тиянақты тілдерде мұндай жағдай кездеспейді, кездесе қалса, өте сирек ұшырайды. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, кейбір аффикстер (болымсыз етістік тудыратын *-ма /-ме, -ба/ -бе, -па/ -пе* жұрнағы, жіктік жалғау т. б.) екпінді өз бойына тартпайды, ал осы аффикстермен формасы бірдей аффикстер (зат есім тудыратын *-ма /-ме, -ба /-бе, -па/ -пе* жұрнақтары, тәуелдік жалғауы) екпінді өз бойына тартады да, акцентуациялық жақтан сол екпін арқылы ажыратылады[1]. Алайда түркі тілдерінде екпін сөздің мағынасы мен грамматикалық формасын ажыратарлықтай толық мәндегі грамматикалық тәсіл емес. Бұл — түркі тілдеріндегі екпіннің тұрақтылығымен байланысты. Француз тілінде де екпін түркі тілдеріндегідей тұрақты, сөздің соңғы буынына түседі. Сондықтан француз тілінде де екпін грамматикалық тәсіл ретінде қолданыла алмайды.

Екпін сөзге (кейде сөз тіркесіне) қатысты болса, интонация фразаға, соның нәтижесінде, грамматикалық тұрғыдан сөйлемге, сөйлемнің құрылысына, айтылу сазына қатысты болады.

Интонация арқылы сұраулы сөйлемді байымдау мағынасындағы сөйлемнен (утвердительное предложение), күдіктену мағынасын білдіретін сөйлемді таңдану т. б. білдіретін сөйлемнен ажыратуға болады. Мысалы, *Жазда ауылға барасың ғой* деген сөйлемді байымдап тұжырымдау интонациясымен де, сұрау интонациясымен де (мысалы, *Жазда ауылға барасың ғой?*) айтуға болады. Әр түрлі интонациямен айтылу сөйлемнің мазмұнына да, грамматикалық жағынан тұлғалануына да (грамматическое оформление) әсер етеді. Мұны мына мысалдан да аңғаруға болады:

«— Ол қыздың бір інісі Дәметкеннің бауырында ғой.

— Адам болып кетті ғой сол?..

— ...Болғанда қандай! Алтын бала, өзі!..» (С. Мұқанов «Сырдария».)

Кейде есім сөздердің тіркесінен жасалған сөйлем мен анықтауыш+анықталғыш сөзден құралған сөз тіркесі де интонация арқылы ажыратылады. Мысалы: *Ол инженер* (сөз тіркесі). *Ол — инженер* (сөйлем). *Мынау кітап* (сөз тіркесі). *Мынау кітап — қызық кітап. Мынау — кітап* (сөйлем) т. б.

Сөйлемде белгілі бір сөзге айрықша назар аударылып айты-

[1] Бұл мәселе жайында толығырақ мағлұматты «Екпін және оның түрлері» атты параграфтан қараңыз.

луымен байланысты ол сөзге ой екпіні (логикалық екпін) түседі. Мұндай екпін әр сөзге түсуіне қарай, сөйлем де әр түрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, *Сен әкелдің бе кітапты?* деген сұраулы сөйлемге, егер логикалық екпін *сен* деген есімдікке (бастауышқа) түссе, *Иә, мен* (немесе ол) деген түрде жауап беріледі де, логикалық екпін *әкелдің бе* деген етістікке (баяндауышқа) түссе, онда *әкелдім* (немесе *әкелмедім)* деген түрде жауап беріледі. Бұл сұраулы сөйлемге әр түрлі жауап берілуі оның мазмұнының (мағынасының) түрлі болуына байланысты болса, оның мазмұнының түрлі болуы логикалық екпіннің әр сөзге *(сен, әкелдің бе)* түсуіне байланысты.

Интонацияның, әсіресе, грамматикалық қатынастар синтаксистік тәсіл арқылы берілетін тілдерде, мысалы, қытай тілінде, өте-мөте үлкен мәні бар.

Сонымен, грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілдері алуан түрлі болады. Жоғарыда аталған грамматикалық тәсілдер негізгі екі топқа бөлінеді: оның б і р і с и н т е т и к а л ы қ[1] тәсіл деп аталады да, екіншісі а н а л и т и к а л ы қ[2] тәсіл деп аталады.

Бұл екеуінің бір-бірінен айырмашылығы мынада: синтетикалық тәсіл сөз ішінде болады да, аналитикалық тәсіл сөздің сыртында болады. Синтетикалық тәсіл аффиксация, ішкі флексия, екпін, қосарлану тәсілдерін қамтыса, аналитикалық тәсіл көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация тәсілдерін қамтиды.

Кейбір тілдерде аффиксация, ішкі флексия тәсілдері жиі қолданылса, қайсыбір тілдерде көмекші сөздер тәсілі мен сөздердің орын тәртібі және интонация тәсілі жиі қолданылады.

Осыдан келіп, аналитикалық тәсіл жиі қолданылатын тілдер кейде а н а л и т и к а л ы қ т і л д е р делініп, ал синтетикалық тәсіл жиі қолданылатын тілдер с и н т е т и к а л ы қ т і л д е р делініп те аталады[3].

---

1) Синтетикалық грек тілінің — sinthetikos (sunthesis —«тізбек», «құрастыру») — «синтездің нәтижесінде жасалған». «біріктіруші» деген сөзінен жасалған термин.

[2] Аналитикалық — грек тілінің analytikos —«анализдің нәтижесінде жасалған, «ажыратушы» деген сөзінен жасалған термин.

[3] Грамматикалық тәсілдер жайындағы әдебиеттер: *В. И. Кодухов.* Способы и средства выражения грамматических значений; Л., 1959, *С. П. Горский.* Аналитические и синтетические тенденции в чувашском языке. —«Записки чувашск. Научно-исслед. инс-та языка, истории и литер.», вып. I, Чебоскары, 1941; *А. Г. Гулямов.* К некоторым вопросам аффиксации в узбекском языке, —Сб. «Акад. *В. А. Гордлевскому»,* М., 1953; *Б. М. Юнусалиев.* Синтаксический способ образования корневых слов.—«Труды Института языка и литературы и Института истории АН Кирг. ССР», вып. V, Фрунзе, 1956.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ФОРМА

§14. ГРАММАТИКАЛЫҚ ФОРМА ЖӘНЕ СӨЗ ФОРМАЛАРЫ ЖАЙЫНДА ТҮСІНІК

Грамматиканың әрі өте маңызды, әрі күрделі мәселелерінің бірі — грамматикалық форма туралы мәселе. Грамматикалық форма туралы ұғым грамматикалық мағына және грамматикалық тәсіл туралы ұғымдармен тығыз байланысты. Грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық формамен айтылады. Ал грамматикалық тәсіл грамматикалық мағынаны грамматикалық форма арқылы білдірудің жолы болып саналады. «Грамматикадағы форма, өз ара бірлікте болатын грамматикалық мағына мен грамматикалық тәсілдің ара қатысы»[1]. Тілдегі мағына мен форма, соның ішінде грамматикалық мағына мен грамматикалық форма, бір-бірімен тығыз байланыста болады. Белгілі бір грамматикалық формасы болған жағдайда ғана, грамматикалық мағына жайында сөз ете алмаймыз. Керісінше, белгілі бір форманың грамматикалық форма ретінде танылуы үшін, оның міндетті түрде грамматикалық мағынаны білдіруі қажет. Мысалы, *Ананың сүті — бал, баланың тілі — бал* (мақал) деген сөйлемдегі *ана* сөзі ілік септік формасында келіп, меншіктеуші мағынаны білдірсе, *сүт* сөзі тәуелдік формада келіп, меншіктелуші (тәуелді) мағынаны білдіреді.

Сөз әр түрлі тәсілдермен түрленіп, әлденеше формаға ие болады. Мысалы, *қызылдау, қызылырақ, қызғылтым, қып-қызыл* дегендер бір ғана *қызыл* деген сөздің аффиксация тәсілі *(қызылдау, қызылырақ, қызғылтым),* жартылай қосарлану тәсілі *(қып-қызыл)* арқылы жасалған формалары болып саналады.

Грамматикалық форма көбіне-көп сөз формаларына байланысты қарастырылады. Сөз, әдетте, әр түрлі формаларға ие болады. Ол белгілі бір сөйлемде немесе сөз тіркесінде қолданылғанында, барлық формаларында емес, бір немесе бірнеше формасында қолданылады. Сөйлемдегі немесе сөз тіркесіндегі сөздер мағыналары жағынан ғана емес, сонымен бірге формалары жағынан да ажыратылады. Мысалы, *Тіземнен сүріндірсең, сүріндір, тілімнен сүріндірме* (мақал) деген сөйлеміндегі *сүріндір* деген етістік бір-бірінен әр түрлі формада қолданылуы жағынан ажыратылып тұр.

Сөздің бір формасын басқа формаларынан ажыратумен бірге, нақты бір сөздің белгілі бір формасын нақты бір сөзге қатысты емес жалпы грамматикалық формалардан, мысалы, «осы шақтың бірінші жақ формасы», «тәуелдеулі шығыс септік формасы» немесе жалпы «бірінші жақ формасы», «шығыс септік формасы» дегендерден ажырата білу қажет. Белгілі бір сөздің

---

[1] *А. А. Реформатский.* Введение в языкознание М., 1967. стр. 314.

формаларын жалпы грамматикалық формалардан ажыратудың қажеттілігін ескеріп, проф. А. И. Смирницкий нақтылы бір сөздің формаларын сөз формалары (словоформы) деп атайды[1].

Сөз формасы, яғни нақтылы сөздің белгілі бір (грамматикалық) формасы, әрі сол сөздің формасы, әрі жалпы грамматикалық форма, мысалы, белгілі бір септіктің, жақтың, шақтың, райдың формасы ретінде танылады[2]. Сөз қаншама формада қолданылса да, әр басқа сөз емес, бір сөз ретінде ұғынылады. Проф. А. И. Смирницкий ондай сөзді (әр түрлі формаларда қолданылғанмен, бір сөз ретінде танылатын сөзді) жалпы сөз атаулыдан ажырату үшін лексема деп атауды жөн көреді. Оның пікірінше, форма лексемаға қарсы мағынада ұғынылса, формалық қатар (формальный ряд) формалар жүйесі ретінде қаралатын сөзге қарсы мағынада ұғынылады. Формалық қатар да сөз формаларының жүйесі, бірақ ол лексемалардың тепе-теңдік (тождество) белгісі бойынша емес, формалардың тепе-теңдік белгісі бойынша біріктірілген сөз формаларының жүйесі болып саналады. Сөз формасында осы екі жүйе бір-бірімен түйісіп жатады[3].

Мысалы:

Сөз:
жол
жолдың

Формалық қатар: *жолға, орманға, қолға, қазға, малға...*
жолды
жолдан

Сөз әр түрлі тәсілдермен түрленіп, алуан түрлі формаларға ие болады. Сөздің өзгерген түрлерінің бәрін оның формалары деп қараймыз ба, жоқ, әлде оларды әр басқа сөздер деп танимыз ба? Бұл сұраққа жауап беру сөздің формалары туралы мәселенің тіл білімінде қаралу тарихына шолу жасауды қажет етеді.

Акад. Ф. Ф. Фортунатов және оның мектебі сөздің түрленуіне (сөз түрлендіруші формаларға) синтаксистік қатынастармен астарласып (байланысып) келетін формаларды, атап айтқанда, зат есімдердің септік бойынша түрленуін, сын есімдердің тек (род) және септік бойынша өзгеруін, етістіктердің жақ, шақ және рай формалары бойынша түрленуін жатқызған болатын. Ал грамматикалық сан-мөлшер категориясы (категория числа) сөз түрлендіру (словоизменение) жүйесінен шығарылып, сөз тудырудың (словообразование) бір түрі ретінде (бұл көзқарас бойынша, мысалы, *окнó* мен *окнá* — әр басқа екі сөз) қаралады. Бұл көзқарас бойынша, сын есімнің шырайлары, кішірейткіш

[1] *А. И. Смирницкий.* Синтаксис английского языка. М., 1957, стр. 19.
[2] Бұл да сонда, 20-бет.
[3] *А. И. Смирницкийдің* аталған кітабының 19—20-беттері.

жұрнақтар сөз тудыруға жатқызылып, инфинитив пен көсемше және есімшелер етістіктің жүйесінен шығарылып, өз алдында дербес сөз таптары ретінде қаралған болатын. И. А. Бодуэн де Куртенэ және оның шәкірті Ф.Ф. Фортунатов пен оның мектебінің бұл көзқарасын жақтамады[1]. Сөз формалары жайында Л. В. Щерба былай деп жазды: «Тіл білімінде сөз формалары дегеннен әдетте бір сөздің әр түрлі реңктерін немесе әр түрлі қызметіндегі бір ұғымды белгілейтін материалды әр түрлі сөздерді түсінеді... *Писать* және *писатель* тәрізді сөздер бір сөздің формалары болып саналмайды, өйткені біреуі іс-әрекетті көрсетсе, екіншісі белгілі бір бейімділігі бар адамды көрсетеді. Мұны былай қойғанда, *худой, худоба* тәрізді сөздерді де бір сөз деп санамаймыз. Оның есесіне *худой* және *худо* тәрізді сөздерді бір сөздің формалары деп санауға біз өте-мөте бейімбіз, бірақ *худо* түріндегі сөздердің *вроде, вкось, наизусть сөздерімен* қызметінің бірдей болуы және соңғыларымен параллель келетін сын есімдердің болмауы айрықша үстеу категориясын жасайды және белгілі дәрежеде *худо* сөзін *худой* сөзінен алшақтатады. Әрине, тілде әрқашан да болатыны сияқты, айқын емес, толқушы жайлар бар. Сонымен *столик, стол* деген сөздің формасы бола ма? Тіл білімінде зат есімдердің кішірейткіш формалары туралы айтылып жүргенмен, мұның өзі онша ашық айқын емес. *Предобрый,* әрине, *добрый* деген сөздің формасы болады да, *сделать делать* деген сөздің формасы болады, бірақ *добежать бежать* деген сөздің формасы бола қояр ма екен, өйткені қимылдың өзі бұл жағдайларда әр басқа сияқты болып көрінеді[2].

Акад. В. В. Виноградов форма тудыруды (формообразование) кең түрде қарайды да, сөз тудырушы жұрнақтардан басқа форма тудырушы жұрнақтар бар деп есептейді[3]. Ол зат есімдердің форма тудыратын жұрнақтарына күллі «субъективті мәнді жұрнақтарды» (кішірейткіш, ұлғайтқыш, еркелету, кемсіту мәнді жұрнақтар және т. б.), сын есімнің форма тудырушыларына салыстырудың әдеттегі түрлері (мысалы: *добрый — добрее — добрейший*) және олардың аналитикалық формалары ғана емес (мысалы: *более добрый, самый добрый*), сонымен бірге күшейткіш түрлерін де (мысалы: *передобрый, прескверный*), сапаның субъективті мәні бар формаларын да (мысалы: *желтоватый, желтенький*) жатқызады. Ал етістіктің форма тудырушыларына шақ пен рай формаларынан басқа инфинитив, көсемше, есімше және етіс формалары жатқызылған. Акад. В. В. Виноградов орыс тіліндегі *«петь — пою — я пел — я пел бы — я буду петь —*

[1] Бұл мағлұматтар *В. М. Жирмунскийдің* «О границах слова» (Сб. «Морфологическая структура слова я языках различных типов», М. —Л., 1963, стр. 14—15) деген мақаласы бойынша келтірілді.
[2] *Л. В. Щерба.* Избранные работы по русскому языку, М., 1957, стр. 76—77.
[3] *В. В. Виноградов.* Русский язык, стр. 36.

я спою — я спел бы — поющий — певший — спевший» дегендерді бір ғана етістіктің грамматикалық формалары және олар бір-біріне қатысты (соотносительный) деп есептесе, *«дом — домик — домишко — домище — домина»* дегендерді бір ғана зат есімнің формалары деп есептейді[1].

Сонымен академик В. В. Виноградов сөздің лексикалық мағынасына қосымша грамматикалық мағыналарды жамайтын формаларды сөз формалары деп қарайды. Орыс тілінің академиялық грамматикасында сөздің формаларына мынадай анықтама берілген: «Бір ұғымды білдіре отырып, оған әйтеуір бір қосымша ұғымдарды үстейтін немесе ойдың бір предметінің сол сөйлемдегі ойдың басқа предметіне әйтеуір бір қатынасын білдіретін сөздің барлық түр өзгерістері сөздің формалары деп аталады»[2].

Қандай бір грамматикалық мағына болсын, ол, әдетте, белгілі бір грамматикалық форма арқылы беріледі. Мысалы, етістіктің шақ, рай түрлерінде немесе сын есімнің шырай түрінде белгілі бір грамматикалық мағыналар бар, ол мағыналар тиісті грамматикалық формалар арқылы көрінеді. Форма, әдетте, мазмұнды білдіреді, мазмұнсыз форма жоқ. Мазмұнды грамматикаға қатысты сөз еткенде, грамматикалық мағына ескеріледі де, форманы грамматикаға қатысты сөз еткенде, грамматикалық мағына ескеріледі. Грамматикалық рай, шақ, жақ мағыналары немесе грамматикалық шырай мағыналары әр түрлі жолдармен, соның ішінде көсемше, есімше формаларымен, жіктік жалғауларымен, шырай жұрнақтарымен беріледі. Олай болса, бұлар (көсемше, есімше тудыратын формалар, жақтық мағынаны білдіретін жалғаудың түрлері, шырай жұрнақтары) арқылы жасалған формаларды сөздің формалары ретінде қарауға тиіспіз.

Сөздердің өзгерген түрлерінің ішінен әр басқа лексикалық мағыналарды білдіретіндері өз алдына дербес лексикалық единицалар (әр басқа сөздер) ретінде қаралуға тиісті де, әр басқа лексикалық мағыналарды емес, әр түрлі грамматикалық мағыналарды білдіретіндері сөздің формалары ретінде қаралуға тиісті. Мәселеге осы тұрғыдан қарау сөз формаларының табиғатын айқындай білуге көмектеседі. Бұл ретте қазақ тіліндегі төмендегі мысалдардың екі тобын бір-бірімен салыстырып көрелік: 1) *ек, егіңіз, ексін, егейік, егіңіздер, ектік, ектіңдер, ексе, ексек, ексеңіздер, екпек, екпекпіз, екпексіздер, егер, егерміз, егерсіздер, егетін, егіп, егіпсіздер, еккен, еккенбіз, еккенсіздер* және т. б. 2) *ек, егін, егінді, егінші, егіншілік, егіс, егістік.* Бірінші топтағылар — *ек* деген етістіктің әр түрлі формалары да, екінші топтағылар — ек деген етістіктен жасалған әр басқа туынды сөздер. Бұлай деуіміздің мәнісі мынада: бірінші топтағы *ек* деген етістіктің әр түрлі формалары түбір етістіктен *(ек)* лексикалық мағынасы өзгеше, әр басқа жаңа сөз тудырмай, әр түрлі грамматикалық мағыналарды білдіреді. Сондықтан олар бір сөздің *(ек)* грамматикалық формалары ретінде танылады. Ал екінші топтағылар *(егін, егінді, егінші, егіншілік, егіс, егістік)* бір ғана *ек* деген түбірден таралғанмен, әр басқа лексикалық мағынаны білдіріп, олардың әрқайсысы өз алдына бөлек-бөлек сөздер (лексикалық единицалар) ретінде ұғынылады.

Сөзде қатар өмір сүретін, бір-бірімен байланысты және өз ара шарттас формалардың жүйесі бар. Сөз бір ғана формаға емес, өзгеріп, түрленіп, әлденеше формаға ие болады. Өзгеріп, түрленген сөздің екі жағы бар: оның бірі — сөздің әр түрлі формалар арқылы қаншама түрленгенімен, өзгеріссіз қалатын негізгі лексикалық жағы, екіншісі — бір ғана сөзге емес, сөздердің белгілі бір тобының күллісіне бірдей ортақ, солардың бәріне бірдей тән грамматикалық жағы. Сөздің грамматикалық формасы сөздің осы аталған грамматикалық жағымен (мағынасымен) ұштасады.

Сөз өзгеріп, түрленіп барып, әлденеше формаға ие болады дедік. Сөздің әлденеше формаларының ішінен бірі негізгі форма болып, басқалары сол негізгі формадан жасалған, туынды формалар болып саналады. Сөздің белгілі бір формасының негізгі форма ретінде саналуы үшін, оның басқа формаларға ұйытқы болуы шарт. Сонда ғана ол негізгі форма ретінде танылады. Мысалы, септік формаларының ішінде атау септік, әдетте, негізгі форма ретінде танылады да, ілік, барыс, табыс, шығыс, көмектес септік формалары туынды формалар ретінде саналады. Соңғылардың бірі екіншісінен, мысалы, барыс септік формасы ілік септік формасынан емес, бұлардың бәрі де негізгі басты форма — атау септік формасынан жасалады. Етістіктің рай формалары да әр түрлі. Солардың ішінен түркі тілдерінде екінші жақ бұйрық рай формасы негізгі форма ретінде саналады, ашық рай, шартты рай, қалау рай формалары туынды формалар ретінде қаралады. Осылайша тұжырым жасауда екінші жақ бұйрық рай формасының етістіктің ашық рай, қалау рай, шартты рай формаларының жасалуына негіз, ұйытқы болатыны ескеріледі.

Тіл-тілде сөз формаларының екі түрі бар: оның бірі — сөздің синтетикалық формалары, екіншісі — сөздің аналитикалық формалары. Енді осы мәселелерге тоқталайық.

---

[1] *В. В. Виноградов.* О формах слова.—«Известия АН СССР, отделение литературы и языка», том III, 1944, вып. 1, стр. 35—36 *В. М. Жирмунский* жоғарыда келтірілген мысалдарды бір сөздің әр түрлі формалары деп есептеу керек пе, жоқ па?— деген сұрақты ашық қалдырып,—«форма тудыру» дегеннен сөз түрлендіру мен сөз тудырудың арасындағы ауыспалы категория ұғынылады деп ойлауға болады, олардың әр басқа тілдердегі көріністерінде түбірлі айырмашылықтар бар»,— дейді. Қараңыз: *В. М. Жирмунский.* О границах слова.— Сб. «Морфологические структуры слова в языках различных типов. М.—Л., 1963, стр. 17.

[2] Грамматика русского языка, том 1. М., 1952, стр 15.

§15. СӨЗДІҢ СИНТЕТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАРЫ

Сөздің синтетикалық формалары екі түрлі жолмен, атап айтқанда, 1) аффиксация арқылы, 2) дыбыстардың алмасуы (ішкі флексия) арқылы жасалады.

1. Сөзге әр түрлі аффикстердің жалғануы арқылы оның түрлі-түрлі формалары жасалады. Сөздің синтетикалық формаларының аффиксация тәсілі арқылы жасалуы көптеген тілдерге тән және ол жиі ұшырасады. Мысалы, қазақ тілінде: *етікшілер, етікшілерге, етікшілердің, етікшілері, етікшілерміз;* орыс тілінде: *стол — столы;* ағылшын тілінде: table (үстел) — tables (үстелдер). Сөздің синтетикалық формаларын жасаудың аффиксация жолы тіл-тілде суффиксация, префиксация және инфиксация түрінде кездеседі. Аффиксация орыс тілінде суффиксация және префиксация түрінде көрінеді, ал түркі тілдерінде мұның бір-ақ түрі — суффиксация түрі ғана қолданылады. Сөз түрлендіретін және оның формаларын тудыратын аффикстердің ішінде әсіресе жалғаулардың қызметі айрықша. Олар сөздің формаларын жасайды, әр түрлі синтаксистік қатынастарды білдіреді. Журнақтардың ішінен кейбіреулері (ал олардың басым көпшілігі сөз тудырушы қызмет атқарады) сөздің формасын тудырады. Мысалы, қазақ тілінде *-рақ (-рек, -ырақ, -ірек)* журнағы сын есімнің салыстырмалы шырай формасын *(жасырақ, көгірек, толығырақ, биігірек)* тудырса, орыс тілінде *-айш, -ейш* журнағы сын есімнің күшейтпелі шырай формасын *(глубочайший, чистейший)* тудырады. Қазақ тілінде етістіктің шақ түрлерін жасауға қатысатын журнақтар да форма тудырушы аффикстердің қатарына жатады. Жалғау атаулының барлығы да (көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары) сөздерді түрлендіріп, оларды бір-бірімен байланыстырады және сөздің әр түрлі формаларын жасайды.

2. Сөздің синтетикалық формалары дыбыстардың алмасуы немесе ішкі флексия тәсілі арқылы да жасалады. Мысалы, ағылшын тілінде *man* зат есімнің жекеше түрін («ер», «еркек») білдірсе, оның ішкі флексия арқылы өзгерген түрі — *men* («ерлер», «еркектер») зат есімнің көпше түрін білдіреді.

Сөздің синтетикалық формалары ішкі флексия тәсілі мен аффиксация тәсілінің екеуінің бірдей қатысуы арқылы да жасалуы мүмкін. Мысалы, неміс тілінде Gast «қонақ» дегенді білдірсе, оның аффиксация тәсілі мен ішкі флексия тәсілі арқылы жасалған формасы — Gäste — «қонақтар» дегенді білдіреді.

§16. СӨЗДІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАЛАРЫ

Сөздің аналитикалық формасы негізгі (атауыш) сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалады. Сөздің аналитикалық формасының құрамына енетін атауыш сөз негізгі морфемаға (түбірге) барабар қызмет атқарса, көмекші сөз әр түрлі көмекші

морфемаларға, яғни аффикстерге ұқсас қызмет атқарады. Мысалы, *келе жатыр* деген негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесіндегі компоненттер мағыналық жағынан алғанда, дербестігі сақталған екі сөз емес, бір сөздің күрделі (аналитикалық) формасы ретінде ұғынылады. Негізгі лексикалық мағынаға ие болып тұрған сөз — *келе* деген етістік, ал *жатыр* етістігінің дербес лексикалық мағынасы бұл тіркесте сақталмаған, ол көмекші морфемаларға (аффикстерге) ұқсас мағынаға ие болып, соларға тән қызмет атқарып тұр. *Келе жатыр* дегеннің құрамындағы көмекші етістікті *(жатыр) үйде жатыр* деген тіркестің құрамындағы негізгі етістікпен *(жатыр)* салыстырсақ, ол етістіктің (көмекші етістіктің) өзінің лексикалық мағынасынан айрылып, дербестігін қаншалықты жоғалтқаны айқын аңғарылады. Осы тұрғыдан алғанда, *келе жатыр* деген форманы *келеді — келмек — келіпті — келген* дегенмен бір қатарға қойып, соңғыларын шақтың жалаң формасы, ал *келе жатыр* дегенді шақтың, соның ішінде осы шақтың, күрделі формасы (аналитикалық формасы) деп қараймыз. Сөздердің тіркесінің кез келген түрі, әрине, сөз тіркесі болып танылa бермейді. Белгілі бір сөздердің тіркесінің сөз тіркесі делінбей, сөздің аналитикалық формасы деп танылуы үшін, оның белгілі бір грамматикалық категорияның құрамына еніп, сол категорияның мазмұнына енетін жалаң формалармен шарттас болуы, ара қатынасқа түсуі қажет. Сөздердің белгілі бір тіркесінің жалаң, синтетикалық формалармен нақ осылайша қарым-қатынасқа түсуі оны (сөздердің белгілі бір тіркесін) сөздің аналитикалық формасы деп тануға мүмкіндік береді. Жоғарыда келтірілген *келе жатыр* тіркесі, *келеді — келмек — келіпті* дегендермен шақты білдіруі жағынан бір қатарға еніп, грамматикалық шақ категориясының құрамында етістіктің аналитикалық формасы ретінде танылады. Орыс тілінде *«работать — работал — работает — будет работать* дегендер бір қатарды жасайды, осы қатардың мүшелерінің арасындағы қатынастар тек қана грамматикалық қатынастар болып табылады»[1]. Орыс тілінде *«будет работать»* дегеннің өзі сөздің тіркесі болуына қарамастан, бір сөз ретінде (белгілі бір грамматикалық формасында) қаралуының себебі осы категорияның басқа формалары, яғни осы шақтың формалары *(«работает»* және басқалары) мен өткен осы шақтың формалары *(«работал»* және басқалары), жалаң синтетикалық формалар болып саналады»[2]. Бұлар тәріздес аналитикалық формаларды басқа тілдерден де, мысалы, ағылшын тілі мен неміс тілінен де, кездестіруге болады. Мысалы, немісше — arbeitet, arbeitete, ағылшынша — *works, worked* дегендер шақтың синтетикалық (жалаң) форма

---

[1] *А. И. Смирницкий.* Морфология английского языка. М., 1959, стр 66—67.

[2] Бұл да сонда, 69-бет.

сы ретінде танылса, немісше —wird arbeiten, ағылшынша — will work дегендер шақтың аналитикалық формасы ретінде танылады[1].

Аналитикалық конструкцияның бөлшегі ретінде қаралатын көмекші сөз өзінің грамматикалық табиғаты мен қызметі жағынан сөз түрлендіруші (форма тудырушы) морфемаға (аффикске) барабар қызмет атқарып, бүтіндей аналитикалық конструкция атауыш сөздің формасы болып саналады да, оның (атауыш сөздің) сөз түрлендіру (форма тудыру) жүйесіне (парадигмасына) енеді[2].

Аналитикалық конструкция немесе сөздің аналитикалық формасы шығу тегі жағынан сөз тіркесіне барып тіреледі. Сөз тіркесі екі түрлі бағытта — грамматикалану бағытында және лексикалану бағытында дамуы мүмкін. Сөз тіркесінің грамматикалану бағытында дамуының нәтижесінде сөздің аналитикалық формасы жасалса, оның (сөз тіркесінің) лексикалану бағытында дамуының нәтижесінде фразеологиялық бірліктер жасалады, сөздің фразеологиялық эквиваленті пайда болады.

Сөз тіркесінің грамматикалануы барысында оның (сөз тіркесінің) құрамындағы сыңарлардың біреуінің лексикалық мағынасы күңгірттеніп, атауыш сөзден көмекші сөзге, ал сөздердің бүтіндей тобы сөздің грамматикалық формасына (аналитикалық формасына) айналады. Кез келген сөз грамматикалану процесіне ұшырай бермейді. В. М. Жирмунский грамматикалануға ұшырайтын сөздердің мынадай түрлерін көрсетеді. «Грамматикалану көмекші сөздің алғашқы нақтылы лексикалық мағынасын абстракцияланғанынан... нәтижесі болып саналады; осының өзінде грамматикалануға ұшырайтындар өздігінен өте-мөте кең (жалпы) мағынасы бар мына сөздер: кең семантикасы бар, мысалы, *болу (ие болу), бастау* мағынасындағы етістіктер, *тұру (қалу), жүру* түріндегі дамыл және қимыл етістіктері және т. б.; бұлар өздерінің грамматикалық қызметтері бойынша көмекші немесе байланыстырушы бола алады; модальды етістіктер..., өздерінен жақ көрсеткіштері дамитын жіктеу есімдіктері; предлогтарға айналатын мекен үстеулері немесе кең мағыналы басқа пысықтауыш сөздер; артикльдер қызметіндегі сілтеу және белгісіздік есімдіктері; сабақтастырушы жалғаулықтар ролінде сілтеу, ...және сұрау есімдіктері және т. б.»[3].

Тіл білімінде сөздің аналитикалық формалары туралы мәселе көбіне-көп индоевропа тілдеріне қатысты қарастырылып келді.

[1] *В. М. Жирмунский.* Об аналитических конструкциях.— Сб. «Аналитические конструкции в языках, различных типов». Издательство «Наука», М.—Л., 1965, 10-бет.

[2] Бұл да сонда, 10-бет.

[3] *В. М. Жирмунский.* О границах слова.— Сб. «Морфологическая структура слова в языках различных типов». М.—Л., 1963, стр, 25.

Академик В. В. Виноградов орыс тіліндегі етістіктердің аналитикалық формаларын қарастыра келіп, аналитикалық конструкцияның құрамындағы көмекші етістіктердің, мысалы, *буду* деген көмекші етістіктің, өзімен тіркесіп айтылған тұйық етістікке келер шақтық мағынадан (грамматикалық мағына) басқа ешқандай да қосымша лексикалық мағына үстемейтіндігін айтады. «Сондықтан да *буду читать* екі сөздің немесе екі форманың еркін тіркесі емес. Бұл — *читать* деген етістіктің келер шағының бір ғана күрделі (аналитикалық) формасы, бір тұтас грамматикалық бірлік»[1]. В. В. Виноградовтың «Орыс тілі» (1947 ж.) атты еңбегінде грамматикалық категориялардың әр түрлі дәрежеде грамматикаланған аналитикалық конструкциялар арқылы берілуіне, сөздің аналитикалық формаларына айрықша назар аударылып, онда шырай түрлерінің аналитикалық формалары, жақ категориясының аналитикалық тәсіл арқылы берілуі, шақ пен рай түрлерінің аналитикалық формалары қарастырылған.

Аналитикалық конструкция туралы мәселе проф. М. М. Гухманның еңбегінде неміс тілінің деректері негізінде баяндалады. Ол аналитикалық конструкцияны «Жартылай сөз бен толық сөздің ажыратылмайтын тұрақты тіркесі» («жартылай» сөз деген термин көмекші сөз деген мағынада) деп таниды[2]. Оның пікірінше, аналитикалық конструкцияның ажыратылмайтындығы, бүтіндігі лексикалық жақтан да, грамматикалық жақтан да көрінеді. Аналитикалық тіркестің, мысалы, неміс тіліндегі ich habe geschrieben («мен жазғанмын») деген аналитикалық конструкцияның ажыратылмайтындығы мынадан көрінеді: өткен шақтың мағынасы ich habe деген көмекші етістікпен емес (бұл — осы шақтың формасы) осы көмекші етістіктің geschrieben деген есімшемен тіркесуі арқылы беріледі де, бұл тіркесте есімше өзіне тән ырықсыз етіс мағынасынан айрылып қалады. М. М. Гухман неміс тіліндегі етістіктердің аналитикалық конструкциясына тән төрт белгіні атайды. Ол белгілер мыналар: 1) аналитикалық конструкцияның сыңарларының өз ара тығыз байланыстылығы, бөлініп ажыратылмайтындығы; 2) бөлініп ажыратылмауға негізделген «идиомалылығы»; 3) етістіктердің күллі лексикалық жүйесін түгел қамтитындығы; 4) етістіктің өз ара шарттас формаларының жүйесіне парадигматикалық қатардың элемент ретінде енетіндігі[3]. Кейбір зерттеушілер бұл белгілердің үстіне қосымша бесінші белгі ретінде көмекші сөз-

[1] *В. В. Виноградов.* Русский язык. М.—Л., 1947, стр. 570.

[2] *М. М. Гухман.* Глагольные аналитические конструкции как особый тип сочетаний частичного и полного слова (на материале немецкого языка).— Сб. «Вопросы грамматического строя». М., 1955, стр. 345.

[3] *М. М. Гухманның* жоғарыда аталған мақаласының 359-беті.

дегі әлсіз екпіннің атауыш сөздегі күшті екпінге бағынышты болатындығын атайды[1].

Проф. В. Н. Ярцева аналитикалық конструкция туралы мәселені ағылшын тіліндегі деректердің (етістіктерге қатысты) негізінде зерттей келіп, аналитикалық конструкцияға тән басты белгілердің қатарына оның тұрақтылығын, етістіктер жүйесін түгел қамтитындығын, парадигма жүйесіне енетіндігін жатқызады[2].

Түркі тілдерінде сөздің аналитикалық формасы, соның ішінде етістіктердің аналитикалық формалары, соңғы жылдарда арнайы зерттеле бастады. Бұл ретте А. А. Юлдашевтың «Түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формалары» деген еңбегі мен Н. Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» деген диссертациясын атауға болады[3].

А. А. Юлдашев аталған еңбегінде түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формасын толық мағыналы етістік пен белгілі бір көмекші етістік формасының грамматикалық мағына арқылы тұтасқан бірлестігі деп таниды да, ондай грамматикалық мағына, біріншіден, тұтасып келген құрылымдық элементтердің бірде-бірінде емес, олардың тұтасқан тіркесінде пайда болатындығын, екіншіден, оның тұрақты және ондай тіркестің, етістік негізінің лексикалық мазмұнына қарамастан, бәріне бірдей ортақ болатындығын, үшіншіден, басқа бір форманың стилистикалық варианты немесе етістіктің грамматикалық жүйесінде дербес мағыналық единица бола алатындығын айтады[4]. Н. Оралбаева қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формаларын қарастыра келіп, аналитикалық формалардың етістіктің грамматикалық категорияларының формалары екендігін, олардың синтетикалық формалармен өз ара шарттас, тектес келіп, ұштасып жататындығын және лексикалық единица немесе тұрақты сөз тіркесі тәрізді даяр единицалар емес, сөйлеу процесінде жасалатындығын көрсетеді. Ол етістіктерге тән аналитикалық форманттың грамматикалық табиғатын айқындай келіп, форманттың құрамына енетін бірінші элемент — негізгі етістікке жалғанатын аффикс те, екінші элемент көмекші етістік екендігін айтады[5]. Әр түрлі тілдердегі сөздің аналитикалық формаларын және олардың белгілерін айқындауға қатысты

---

[1] *В. Н. Жигадло, И. П. Иванова, Л. Л. Иофик.* Современный английский язык. М., 1959, стр. 90; В. М. Жирмунский. Об аналитических конструкциях, стр. 24.

[2] *В. Н. Ярцева.* Историческая морфология английского языка. М.—Л., 1960, стр. 122—123.

[3] *А. А. Юлдашев.* Аналитические формы глагола в тюркских языках. М., 1965; Н. Оралбаева. Аналитические формы глагола в современном казахском языке, автореферат док. диссертации, Алма-Ата, 1971.

[4] *А. А. Юлдашевтың* аталған кітабының 25—26-беттері.

[5] *Н. Оралбаеваның* аталған диссертациясының авторефераты, 8-бет.

байымдаулар мен пікірлердің ұзын ырғасы, қысқаша шолғанда, осындай.

Сөздің аналитикалық формасы немесе аналитикалық конструкция сөздердің тіркесінен жасалады да, осы жағынан алғанда, күрделі сөзбен де, сөз тіркесімен де ұқсас келеді. Бірақ бұған қарап, аналитикалық конструкцияны күрделі сөзбен немесе сөз тіркесімен бір тектес деп санауға, әрине, болмайды. Аналитикалық конструкцияның күрделі сөз немесе сөз тіркесімен ұқсас жақтарын және олардың айырым жақтарын айқындау үшін, аналитикалық форманың көбіне-көп етістіктерге тән екендігін ескере отырып, ұқсастық пен айырмашылықтарды етістіктің аналитикалық формаларына қатысты салыстыра баяндаған жөн. Мысалы, етістіктің аналитикалық формасы күрделі етістікпен де, құрама етістікпен де, етістіктерден жасалған сөз тіркесімен де ұқсас болып келеді. Етістіктің аналитикалық формасының аталған конструкциялармен кейбір ұқсастығы болғанымен, олардың арасында түбірлі айырмашылықтар бар. Сондықтан олар әр басқа құбылыстар ретінде басқа терминдермен аталады.

Ең алдымен етістіктің аналитикалық формасы мен күрделі етістіктің ұқсас және айырым жақтары жайында. Бұлардың ұқсас жақтары мыналар: 1) етістіктің аналитикалық формасының сыңарлары да, күрделі етістіктің сыңарлары да етістіктерден құралып, олардың алдыңғы сыңары көбінесе етістіктің көсемше формасында қолданылады; 2) етістіктің аналитикалық формасы да, күрделі етістік те сөйлемде бір ғана мүше ретінде қызмет атқарады; 3) етістіктің аналитикалық формасы да, күрделі етістік те сөйлемнің басқа мүшелерімен тұтасқан күйінде қарым-қатынасқа түсіп, олармен бір бүтін единица ретінде байланысады. Етістіктің аналитикалық формасы мен күрделі етістіктің арасындағы жоғарыда аталған бірінші ұқсастық — құрылымдық жағынан ұқсастық болса, екінші, үшінші ұқсастық — синтаксистік жағынан ұқсастық. Етістіктің аналитикалық формасы мен күрделі етістіктің бір-бірінен айырым жақтары мыналар: 1) жалпы күрделі сөздердің (мысалы, күрделі зат есімдердің, күрделі сын есімдердің және т. б.) толық мағыналы сыңарлардан (сөздерден) жасалатыны сияқты, күрделі етістік те толық мағыналы және тең мағыналы етістіктердің тіркесінен жасалса, етістіктің аналитикалық формасы тең емес сыңарлардан, атап айтқанда, негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесінен жасалады. Күрделі сөздің (соның ішінде күрделі етістіктің) бір тұтас лексикалық мағынасына оның екі сыңарының бірдей қатысы бар. Мысалы, *шекара* деген күрделі зат есімнің бір тұтас мағынасын оның *шек* деген сыңары да, *ара* деген сыңары да өздігінен бере алмаған болар еді. Бұл күрделі сөздің лексикалық мағынасы оны құрастырушы екі сыңардың мағыналарының қосындысынан туатындығы, күман келтірмейді. Сон-

дай-ақ, *қолғап* деген күрделі зат есімнің білдіретін мағынасына оның екі сыңарының да *(қол+қап)* мағыналық жақтан бірдей қатысы бар. Жалпы күрделі сөздер тәрізді, күрделі етістіктің де бір бүтін лексикалық мағынасы оны құрастырушы сыңарлардың мағыналарының жиынтығынан құралады. Мысалы, *айтып бар, сатып ал* тәрізді күрделі етістіктердің білдіретін мағыналары оларды құрастырушы сыңарлардың мағыналарымен тығыз байланысты. Күрделі етістік, басқа да күрделі сөздер тәрізді, бір тұтас лексикалық мағынаны білдіреді. Ал етістіктің аналитикалық формасын құрастырушы сыңарлардың бірі (әдетте, алдыңғы сыңары) негізгі етістік те, екіншісі көмекші етістік болады. Демек, етістіктің аналитикалық формасы мағыналық жақтан тең емес сыңарлардың тіркесінен жасалады. Күрделі етістіктен туатын лексикалық мағынаға оның екі сыңары бірдей қатысатын болса, негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесінен жасалған аналитикалық форманың құрамындағы алдыңғы сыңардың ғана (негізгі етістіктің) лексикалық мағынаға қатысы бар. Екінші сөзбен айтқанда, етістіктің аналитикалық формасының құрамындағы толық лексикалық мағынаны білдіретін сыңар негізгі етістік болып саналады. 2) Жалпы күрделі сөз атаулының бәрі, соның ішінде күрделі етістік, екі сыңардан құралып, бір тұтас единица (сөз) ретінде бір бүтін лексикалық мағынаны білдірсе, етістіктің аналитикалық формасы басқа бір сөздерге қатысты болып, лексикалық мағынадан басқа грамматикалық мағыналар мен қатынастарды білдіру қызметінде жұмсалады. Етістіктің аналитикалық формасын құрайтын элементтердің ішінде аналитикалық формантты (негізгі етістікке жалғанған аффикс пен көмекші етістіктің) негізгі қызметі — грамматикалық мағыналарды білдіру. 3) Күрделі сөз сөйлеу процесінде жасалмай, бұрынан тіркесіп, даяр тұрған единица ретінде сөз тіркесінің немесе сөйлемнің құрамына енеді. Бұл қасиет жалпы күрделі сөздерге, соның ішінде күрделі етістіктерге де тән. Ал сөздің аналитикалық формасы, соның ішінде етістіктің аналитикалық формасы, даяр тұрған үлгі (аналитикалық форманың моделі) бойынша сөйлеу процесінде жасалады. Етістіктің аналитикалық формасында даяр тұрған элемент — аналитикалық формант. Етістік даяр тұрған формантты қабылдайды, одан етістіктің аналитикалық формасы жасалады[1].

Жоғарыда етістіктің аналитикалық формасының құрама етістікпен де ұқсас келетіндігі айтылды. Етістіктің аналитикалық формасының да, құрама етістіктің де соңғы сыңары көмекші етістіктен болады. Демек, бұлардың ұқсастығы соңғы сыңарларының бір тектестігіне негізделеді. Етістіктің аналитикалық формасы мен құрама етістіктің арасындағы ұқсастық осымен

[1] *Н. Оралбаеваның* жоғарыда аталған авторефератының 17-беті.

шектеледі. Табиғаты жағынан бұлардың арасында түбірлі айырмашылықтар бар. Олар мыналар: 1) етістіктің аналитикалық формасының құрамындағы бірінші сыңар етістік болса (мысалы: *айта көрме, айтса екен),* құрама етістіктің бірінші сыңары есім сөз болады (мысалы: *қызмет ет, жәрдем ет, адам бол).* 2) Етістіктің аналитикалық формасында көмекші етістік негізгі етістікке тіркескенде, аналитикалық форманттың құрамына енетін аффикстің негізгі етістікке жалғануы (дәнекер болуы) артықылы тіркессе (мысалы: *оқы+п ал, оқы+са еді),* құрама етістіктің құрамындағы көмекші етістік негізгі (толық) мағыналы сөзбен ешбір аффикстің дәнекерінсіз тіркеседі (мысалы: *көмек ет).*

Етістіктің аналитикалық формасы етістікті сөз тіркесімен, әсіресе оның ішінде көсемшелі сөз тіркесімен ұқсас келеді. Мысалы, *оқып ал, біліп ал, біле қой, тұра бер* тәрізді етістіктің аналитикалық формалары мен *асығып сөйле (у), ынтыға тыңда (у)* тәрізді көсемшелі сөз тіркестерінің бір-бірімен ұқсастығы байқалып тұрады. Бірақ бұл ұқсастық — сырттай ұқсастық. Етістіктің аналитикалық формасы мен еркін сөз тіркесінің арасында түбірлі айырмашылықтар бар. Ол айырмашылықтар мыналар: 1) Сөздің аналитикалық формасы, соның ішінде етістіктің аналитикалық формасы, бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді. Ондай мағынаны білдіретін сыңар — негізгі (толық) мағыналы сөз (негізгі етістік), ал көмекші сөздің (көмекші етістіктің) лексикалық мағынаға тікелей қатысы болмайды. Еркін сөз тіркесінің әрбір сыңары өзінің лексикалық мағынасын, дербестігін сақтайды. 2) Сөздің аналитикалық формасының, соның ішінде етістіктің аналитикалық формасының, құрамына енетін сыңарлардың әрқайсысы өздігінен сөйлем мүшесі бола алмайды, мұндай қызметті сөздің аналитикалық формасы тұтасқан күйінде атқарады. Ал еркін сөз тіркесінің әрбір сыңары өздігінен сөйлемнің дербес мүшесі бола алады. Сөздің аналитикалық формасын құрастырушы сыңарларда мұндай синтаксистік дербестік болмайды. Осыған орай, сөздің аналитикалық формасы еркін сөз тіркесінің құрамына оның бір сыңары ретінде тұтасқан күйінде ғана ене алады. 3) Сөздің аналитикалық формасын құрастырушы сыңарлардың арасындағы байланыстың синтаксистік сипаты болмайды, ал еркін сөз тіркесінің сыңарларының арасында синтаксистік қатынас пен байланыс сақталады. 4) Сөздің аналитикалық формасын құрастырушы сыңарлардың әрқайсысы сөз тіркесіндегі немесе сөйлемдегі сөздермен өздігінен, жеке дара емес, тұтасқан күйінде байланысқа түссе, еркін сөз тіркесінің әрбір сыңары сөйлемдегі басқа сөздермен өздігінен байланысқа түсе алады, өзінше байланысу, қатынасқа түсу дербестігін сақтайды.

Енді, сөздің аналитикалық формасы немесе аналитикалық конструкция қай сөз табында және қандай грамматикалық категорияларда ұшырасады деген мәселеге келелік. Жоғарыдағы баяндаулардан сөздің аналитикалық формалары әр түрлі тілдерде көбінесе етістіктерге тән екендігі көрінеді. Аналитикалық конструкция етістіктерден басқа қандай сөз таптарына тән деген сұрақ туады.

Ең алдымен зат есімдер жайында. Септеулікті тіркестер немесе септеулікті конструкциялар[1] септеудің аналитикалық формалары болып санала ма, жоқ па деген сұраққа лингвистер әр түрлі жауап береді. Кейбір зерттеушілер септеулікті конструкцияны аналитикалық форма ретінде таныса, кейбіреулер оны сөздің аналитикалық формасы деп санамайды. Н. М. Александров тілтілде зат есімдердің септелуі мен етістіктердің жіктелуінің аналитикалық формалары бар деп есептейді де, тиісті септік формалары қандай грамматикалық қатынастарды білдірсе, септеулікті тіркес те аналитикалық тәсіл ретінде сондай қатынастарды білдіреді, сондықтан олар септеудің аналитикалық формалары ретінде қаралуға тиіс дейді[2].

Академик В. М. Жирмунский септеулік конструкциялардың аналитикалық сипаты бар екендігін айта келіп, олардың 1) синтаксистік қызметі жағынан да, мағынасы жағынан да септіктердің эквиваленті болып табылатындығы; 2) тілдердің тарихи дамуы барысында септіктермен қатарласа қолданылып, оларды жартылай немесе толық алмастыратындығын; 3) септеуліктердің бастапқы заттық мағынасынан айрылып, абстракты синтаксистік байланысты білдіруі нәтижесінде грамматикалық септіктер тәрізді болып өзгеретіндігін көрсетеді[3]. В. М. Жирмунский орыс тіліндегі *в городе — на даче, в магазине — на заводе* тәрізді предлогты тіркестерді аналитикалық конструкция деп санайды да, түркі тілдерінде септік жалғауларының абстракті мағынаға ие болып, орыс тіліндегі предлогтардың қызметінде жұмсалатын іші тәрізді көмекші сөздердің нақтылы мекендік мағынаны білдіретіндігін, соның нәтижесінде *столдың ішінде, столдың ішіне* тәрізді тіркестердің аналитикалық сипатқа ие бола алмайтындығын айтады[4].

Проф. В. Н. Ярцева предлогтарды септік жалғауларымен теңдестіруді қолдамайды. Оның пікірінше, предлог «сөз тіркесінің мүшелерінің арасындағы қатынасты білдіреді, бірақ олардың біреуіне телінбейді»[5]. «Предлог сөз тіркесінің екі мүшесін бір-бірімен өзара байланыстырады... және олардың екеуіне бірдей телінеді... Сөйтіп, предлогтың өзінің екі жақтылық қатынасы оған өте-мөте тән белгі болып табылады»[6]. В. М. Жирмунский предлог туралы бұл тұжырымның тек предлогтарға ғана емес, жанама септіктерге қатысы бар екендігін (әрине, морфологиялық тұрғыдан емес, синтаксистік тұрғыдан), мысалы, индоевропа тілдерінде ілік септіктің немесе барыс септіктің жалғауы морфологиялық тұрғыдан сөздің құрамына енгенімен, белгілі бір предлог тәрізді «екі жақты байланысқа» ие болып, синтаксистік жақтан ол жалғау «сөз тіркесінің екі элементіне» — меңгеретін элементке де, меңгерілетін элементке де (оның бөлшегі ретінде) — бірдей телінетіндігін, бірдей қатысты болатындығын айтады[1]. Бұл жерде В. М. Жирмунскийдің пікірінің дәлелді екендігін мойындамасқа болмайды.

Аналитикалық форманың бірсыпыра тілдерде сын есімнің күшейтпелі шырай түріне тән екендігі байқалады. Мысалы, орыс тілінде *наиболее чистый, наиболее глубокий* деген сын есімнің күшейтпелі шырайы екі сөздің тіркесінен құралған. Бұлардың толық мағыналы екінші компоненттері (чистый, глубокий) өздерімен тіркесе айтылуға тиісті зат есімдердің немесе есімдердің морфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес өзгеріп, солармен септелу жағынан да, род жағынан да, жағы бойынша да қисысады (мысалы: *наиболее чистое стекло*; *наиболее чистого стекла*; *он — наиболее чистый*). Ал көмекшілік қызметтегі бірінші компонентті (*наиболее*) орыс тіліндегі сын есімдердің күшейтпелі шырайының синтетикалық формаларының (мысалы: *чистейший, глубочайший -ейш, -айш* аффиксіне функциональдық жақтан тепе-тең деуге болады. Орыс тіліндегі *наиболее, самый* тәрізді көмекшілік қызметте жұмсалып, сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасауға қатысатын сөздердің қызметін түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, *өте, тым, аса, ең* тәрізді күшейткіш мағынасы бар сөздер атқарады да, олар толық мағыналы *қызыл, қара* тәрізді сын есімдермен тіркесіп, күшейтпелі шырайдың аналитикалық формасын жасайды. Мысалы: *өте қызыл, тым қара.*

Бұл жерде сөздің аналитикалық формасын тануға қатысты бір мәселе бар: сөздердің белгілі бір тіркесінің аналитикалық форма ретінде танылуы үшін, тілде сол категорияның жалаң, синтетикалық формаларының болуы шарт. Мұның, әрине, сын есімнің жоғарыда аталған күшейтпелі шырайының формаларына да қатысы бар. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, өте қызыл, тым қара тәрізді формалармен мағынасы жағынан сәйкес келетін қып-қызыл, қап-қара тәрізді сын есімнің күшейтпелі шырай формасын синтетикалық форма дейміз бе деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беру үшін, қып-қызыл, қап-қара дегендердің құрамындағы бірінші элементтің (қып-, қап-) табиғатын айқындап алу керек. Аталған элементті, әрине, көмекші сөз дей алмаймыз. Бұл элемент шығу төркіні жағынан да көмекші сөздермен жанаспайды. Демек, *қып-қызыл, қап-қара* дегендерді сын есім шырайларының аналитикалық формаларының қатарына жатқызатындай негіз жоқ. Сонда бұл қандай форма болғаны? Қып-қызыл, қап-қара тәрізділердің құрамындағы бірінші элемент тюркологиялық әдебиеттерде үстеме немесе күшейткіш буын деп аталып жүр (бұл жайында 9-параграфты қараңыз). Бұл элементтің (*қып-, қап-*) көмекші сөздің қатарына жатпайтындығы, сондықтан оның қатысуымен жасалған форма аналитикалық форма бола алмайтындығы жоғарыда айтылды. Аталған элемент мағынасы жағынан орыс тіліндегі кейбір префикстермен сәйкес келеді. Бірақ түркі тілдерінде аффикстердің префикс деп аталатын түрінің жоқ екенін ескерсек, оны префикс деп тану тағы да қиын. Алайда, бұл элементтің (*қып-, қап-*) префикс тәрізді қызмет атқаратынын ескеріп, *қып-қызыл, қап-қара, тіп-тік* тәрізділерді шартты түрде сын есімнің күшейтпелі шырайының синтетикалық формасы деп тануға тура келеді. Ал *өте қызыл, тым қара, аса биік, өте ащы, тіпті ыстық* тәрізділер сөздердің тіркесінен жасалып, мағынасы жағынан *қып-қызыл, қап-қара, біп-биік, ап-ащы, ып-ыстық* тәрізді формалармен сәйкес келеді де, сын есімнің шырай категориясының аналитикалық формалары ретінде танылады.

Аналитикалық форма, жоғарыда аталып өткендей, көптеген тілдерде өте-мөте етістіктерге тән форма. Аналитикалық форма сөздің синтетикалық формаларымен қатарласа, жарыса жүріп, белгілі бір грамматикалық категорияның категориялық формаларының қатарына енеді. Бұл жерде аналитикалық

---

[1] Септеулікті тіркестер немесе септеулікті конструкциялар дегендер орысша, предложные сочетания, предложные конструкция деген терминдердің аудармасы ретінде қолданылып отыр. Бұл жерде орыс тіліндегі және т. б. тілдердегі предлогтардың қызметін түркі тілдерінде септеуліктер атқаратындығы ескерілді. Орысша предложные сочетания (немесе предложные конструкция) дегенді предлогты тіркес деп аударуға да болады. Ал оны септеулікті тіркес деп аударуда түркі тілдерінің ерекшелігі ескеріледі. Орыс тіліндегі предлогты тіркестің мағынасы қазақ және т. б. түркі тілдерінде септеулік тіркес арқылы беріледі. Осыған орай, бұл термин («септеулікті тіркес») орыс және т. б. тілдердің мысалдарына қатысты қолданылғанда, орысша предложные сочетания, предложные конструкция деген терминдердің мағынасында жұмсалады.

[2] *Н. М. Александров.* О взаимосвязах аналитических и синтетических форм.— Сб. «Аналитические конструкции в языках различных типов, М,—Л., 1965, стр. 116—119.

[3] *В. М. Жирмунскийдің* аталған мақаласының 50-беті.

[4] Бұл да сонда, 53-бет.

[5] *В. Н. Ярцева.* Историческая морфология английского языка, стр. 120.

[6] Бұл да сонда, 121-бет.

[1] *В. М. Жирмунскийдің* аталған мақаласының 51-беті.

форма етістіктердің қандай категорияларына тән деген сұрақ туады. Енді осы мәселеге тоқталалық.

Аналитикалық форма етістіктің өте-мөте рай, шақ категорияларына тән. Етістіктің райларының ішінде ашық рай шақ категориясының грамматикалық мағынасымен тікелей байланысты болып, үш түрлі шақта (осы шақ, өткен шақ, келер шақ) айтылады. Осыған орай, ашық райдың синтетикалық формалары мен аналитикалық формалары шақ түрлерінің формалары ретінде де көріне алады. Қазақ тіліндегі шақ түрлерінің аналитикалық формалары мыналар:

1. Нақтылы осы шақтың аналитикалық формаларын *-п, -а (-е)* формалы көсемше етістікке *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады. Осы шақтың бұл түрінің аналитикалық формалары көсемшенің аталған түріне екі бірдей көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалуы да мүмкін. Нақтылы осы шақтың аналитикалық форманттары мыналар: ***-п жатыр (-е жатыр, -а жатыр), -п келе жатыр), -п бара жатыр, -п отыр. -п тұр, -п жүр***. Мысалы: *оқып жатыр, жүріп жатыр, келе жатыр, бара жатыр, жүріп келе жатыр,* (поезд) *жүріп бара жатыр, айтып отыр, оқып жүр, көріп тұр* және т. б. Етістіктің осы шағының аталған аналитикалық формаларының құрамындағы көмекші етістікке жіктік жалғауы тікелей жалғанып, жақтық мағыналарды білдіреді.

2. Жедел өткен шақтың аналитикалық формалары шақ формаларын білдіретін негізгі етістікке *еді* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мұндай тіркестің құрамында көсемше, есімше формаларындағы немесе басқа формадағы негізгі етістік бұрынғы өткен шақ немесе келер шақ мағынасын білдіру қызметінен айрылып, *еді* көмекші етістігімен тіркескен күйінде басқа бір грамматикалық мағына — жедел өткен шақ мағынасын білдіреді. Бұл ретте мына бір мысалдарды бір-бірімен салыстыруға болады: *оқыппын — оқып едім, оқығанмын — оқыған едім, оқымақпын (оқымақшымын) — оқымақ едім (оқымақшы едім).* Жұп-жұбымен келтірілген бұл мысалдардың алдыңғылары бұрынғы өткен шақ *(оқыппын, оқығанмын)* мағынасы мен келер шақ (оқымақпын, оқымақшымын) мағынасын білдірсе , соңғылары *(оқып едім, оқыған едім, оқымақ едім, оқымақшы едім)* жедел өткен шақ мағынасын білдіреді. Етістіктің *оқып отыр, жазып жатыр, жазып жүр, көріп тұр, жүріп келе жатыр, жүріп бара жатыр* тәрізді аналитикалық формалары нақ осы шақты білдірсе, бұларға еді көмекші етістігі тіркескенде, етістіктердің аталған аналитикалық формалары осы шақты білдіру мағынасынан айырылып, жедел өткен шақ мағынасын білдіреді. Бұл ретте мына мысалдарды салыстырыңыз: *оқып отыр — оқып отыр еді; жазып жатыр — жазып жатыр еді; жазып жүр — жазып жүр еді; көріп тұр — көріп тұр еді; жүріп келе жатыр — жүріп келе жатыр еді: жүріп бара жатыр — жүріп бара жатыр еді.* Бұлардың алдыңғылары нақ осы шақтың аналитикалық формалары ретінде танылса, соңғылары жедел өткен шақтың аналитикалық формалары ретінде танылады, Аталған аналитикалық формалар бір-бірінен құрылымы жағынан тек еді көмекші етістігінің қатысына қарай ажыратылады. Етістіктің аталған аналитикалық формаларының грамматикалық мағыналарындағы айырмашылық та, атап айтқанда, бірінің нақ осы шақты білдіруі, екіншісінің жедел өткен шақты білдіруі, аналитикалық формалардың құрамында еді көмекші етістігінің болу я болмауына негізделеді. Мұнан етістіктің аналитикалық формаларының жасалуында және ол аналитикалық формалардың шақтық мағыналарының бір-бірінен ажыратылуында еді көмекші етістігінің қызметі айрықша екендігі көрінеді.

Қазақ тілінде етістіктің бұйрық райының аналитикалық формалары мынадай аналитикалық форманттар арқылы жасалады: 1) *-а көр (айта көр)*; 2) ***-шы (-ші) болма,*** *(барушы болма, келуші болма; -а (-е) көрме (айта көрме).*

Етістіктің қалау райының аналитикалық форманттары мыналар: 1) *-ғай (гей) еді (барғай еді, келгей еді)*; 2) *-са (-се) еді (барса еді, келсе еді)*; 3) *-са (-се) игі еді (барса игі еді, келсе игі еді)* 4) *са (-се) екен (барса екен, келсе екен)*;

-са (-се) тұлғалы негізгі етістік пен еді көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалған етістіктің қалау райының аналитикалық формаларында негізгі етістік шартты рай тұлғасында қолданылғанымен, іс-әрекеттің шартын білдіру мағынасынан, ал *еді, көмекші* етістігі *оқып еді, келіп отыр еді, жүріп келе жатыр еді* тәрізді етістіктердің аналитикалық формаларында білдіретін өткен шақтық мағынасынан айрылып қалады. Осының нәтижесінде аталған форманттардан ***-еа (-се) еді, -са (-се -игі еді*** етістіктің қалау райының аналитикалық формалары жасалады.

Қалау райдың аналитикалық форманттарының ішінен *-ғай (-гей)* еді форманттарының жіктелетін сыңары — *еді* көмекші етістігі (мысалы: *барған едім, барған едің, барғай еді*). *Ал* ***-са (-се) игі еді*** форманттарының жалғануы мен тіркесуінен жасалған аналитикалық форманың бірде негізгі етістіктен болған сыңары жіктеледі. Мысалы: *барсаң еді — барса едің; көрсең еді — көрсе едің; барсаң игі еді — барса игі едің: көрсең игі еді — көрсе игі едің.*

Етістіктің қалау райының аналитикалық форманттарының ішінен ***-са (-се екен*** формантының жалғануы мен тіркесуі арқылы жасалған аналитикалық форманың жіктелетін сыңары — көмекші етістік емес, негізгі етістік. Бұл аналитикалық, форманың негізгі етістіктен жасалған сыңары шартты рай формасында қолданылғанымен, шарттылық мағынасын білдірмей, екен көмекші етістігімен тіркескен күйінде қалау рай мағынасында жұмсалады,

Аналитикалық формалар етістіктің шартты рай түрінде де бар. Етістіктің шартты райының аналитикалық форманттары мыналар:

1) ***-р (ар, -ер) болса*** (мысалы: *сөйлер болса, шабар болса, келер болса*); 2) ***-еа (-се болды*** (мысалы: *Айтса болды, жетіп келеді, Естісе болды, жүгіріп барады*; 3) ***-йақ (ген, -қан -кен)*** болса (мысалы: *Оқыған болса, білер еді. Бұл жайды естіген болса, келер еді*). Бұл аналитикалық форманттардың ішінен алғашқы форманттың ***-р) -ар (-ер)*** болса, негізгі мағынасының іс-әрекеттің шартын білдіру мағынасының үстіне болжалдылықты білдіретін мағыналық рең қосылады. Аналитикалық форманттың екінші түрі ***(-са (-се) болды)*** шарттылық мағынаның үзілді-кесілді екенін білдіреді. Мысалы: *Хабарласа болды, жетіп келеді.*

Сөздің грамматикалық формалары жайындағы жоғарыдағы талдаулар мен баяндауларды жинақтай келгенде, мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Сөз әр түрлі формаларға ие болады. Сөз белгілі бір сөйлемде немесе сөз тіркесінде бір немесе бірнеше формасында көріне алады. Сөз тіркесіндегі немесе сөйлемдегі сөздер бір-бірінен мағыналық айырмашылығы жағынан ғана емес, формаларындағы айырмашылықтары жағынан да ажыратылады. Әр түрлі формаларда көрінетін сөздің екі жағы бар: оның бірі — сөздің әр түрлі формалар арқылы қаншама түрленгенмен, өзгеріссіз қалатын лексикалық жағы (лексикалық мағынасы), екіншісі — бір ғана сөзге емес, сөздердің белгілі бір тобының бәріне бірдей тән, күллісіне бірдей ортақ болатын грамматикалық жағы (грамматикалық мағынасы). Сөздің формалары сөздің осы аталған грамматикалық жақтарымен ұштасады.

2. Сөз әр түрлі тәсілдермен өзгеріп, алуан түрлі формаларда қолданылады. Сөздің өзгерген түрлерінің бәрі бірдей емес, оның ішінде лексикалық мағынаны өзгертпей, қосымша грамматикалық мағыналарды үстейтін түр-өзгерістер (формалар) ғана сөз

формалары ретінде танылады. Екінші сөзбен айтқанда, сөздердің өзгерген түрлерінің ішінен әр басқа лексикалық мағыналарды білдіретіндері өз алдына бөлек-бөлек лексикалық единицалар (әр басқа сөздер) ретінде қаралады да, әр басқа лексикалық мағыналарды емес, әр түрлі грамматикалық мағыналарды білдіретіндері бір сөздің түрлі-түрлі формалары ретінде қаралады.

3. Сөзде қатар өмір сүретін, өз ара шарттас, бір-бірімен байланысты формалардың жүйесі бар. Сөздің әлденеше формаларының ішінен біреуі негізгі форма, басқалары сол негізгі формадан жасалған, сонан тараған **туынды формалар** ретінде қаралады. Сөз формаларының ішінен басқа формалардың бәріне бірдей негіз, күллісіне бірдей ұйытқы болған форма ғана негізгі форма болып саналады. Септік формаларының ішінен септіктің күллі басқа формаларына, атап айтқанда, жанама септіктердің барлығына бірдей ортақ, күллісіне бірдей ұйытқы болатын негізгі форма — атау септік формасы да, етістіктің рай формаларының ішінен солардың басқа формаларының бәріне бірдей ортақ, күллісіне бірдей ұйтқы болатын негізгі форма — екінші жақ бұйрық рай формасы.

4. Сөз формаларының екі түрі бар: оның бірі — сөздің синтетикалық формасы, екіншісі — **сөздің аналитикалық формасы.** Сөздің синтетикалық формалары аффиксация тәсілі мен ішкі флексия тәсілі арқылы жасалады да, түрлену мен өзгеру сөзден тыс емес, сөз ішінде іске асады. Сөздің синтетикалық формалары аффиксация тәсілі арқылы жасалғанда, ол формалар түрлі тілдердің грамматикалық құрылысының ерекшеліктеріне қарай тілдердің бір тобында суффиксация жолымен, екінші бір тобында префиксация мен суффиксация жолдарының бірдей қатысуымен, басқа бір тобында инфиксация жолымен жасалады. Ішкі флексия арқылы сөздің синтетикалық формаларының жасалуы көбінесе флективті сипаты бар тілдерге тән. Сөздің синтетикалық формалары аффиксация тәсілі мен ішкі флексия тәсілінің бірдей қатысуы арқылы да жасалуы мүмкін. Сөздің аналитикалық формасы дербес (атауыш) сөзге көмекші сөздің тіркесуі арқылы жасалады. Атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесі бір сөздің аналитикалық формасы ретінде танылуы үшін, белгілі бір грамматикалық категорияға телініп, сол категорияның мазмұнына енетін синтетикалық формалармен шарттас, біртектес болуы, солармен ара қатынасқа түсуі шарт.

5. Аналитикалық конструкцияның құрамындағы атауыш сөз түбір морфемаға тән қызмет атқарса, көмекші сөз аффикстік морфемаға ұқсас қызмет атқарады да, бүтін аналитикалық конструкция атауыш сөздің формасы ретінде танылады және оның (атауыш сөздің) сөз түрлендіру (форма тудыру) жүйесіне енеді.

6. Сөздің аналитикалық формасы күрделі сөзбен 1) бір тұтас мағынаны білдіру, 2) сөйлемде бір ғана мүше болу, 3) сөйлемнің басқа мүшелерімен тұтасқан күйінде байланысқа түсу жақтарынан ұқсас болып келеді. Сөздің аналитикалық формасы мен күрделі сөз бір-бірінен мынадай ерекшеліктері бойынша ажыратылады: 1) күрделі сөз толық мағыналы және тең мағыналы сыңарлардан құралса, сөздің аналитикалық формасы тең емес сыңарлардан, атап айтқанда, атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалады; 2) күрделі сөзді құрастырушы сыңарлардың екеуі де бір тұтас лексикалық мағынаны білдіру қызметінде жұмсалса, аналитикалық конструкцияны құрастырушы сыңарлардың көмекші сөзден болған сыңары грамматикалық мағынаны білдіру қызметінде жұмсалады; 3) күрделі сөз сөйлеу кезінде жасалмай, бұрыннан жасалып даяр тұрған единица ретінде сөз тіркесінің немесе сөйлемнің құрамына ене салса, сөздің аналитикалық формасы тілде бар, қалыптасқан үлгі бойынша сөйлеу кезінде жасалады.

7. Сөздің аналитикалық формасы еркін сөз тіркесімен сыртай ұқсас болғанымен, онан түбірлі айырмашылықтары бар: 1) сөз тіркесі толық мағыналы атауыш сөздердің тіркесінен жасалса, сөздің аналитикалық формасы атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалады; 2) сөз тіркесінің әрбір сыңары өз алдына дербес лексикалық мағынаны білдіре алса, сөздің аналитикалық формасының құрамындағы сыңарлар бір тұтас лексикалық мағынаны білдіреді; 3) сөз тіркесінің құрамындағы әрбір сыңар өз алдына сөйлемнің дербес мүшесі бола алса, сөздің аналитикалық формасы тұтасымен сөйлемнің бір ғана мүшесі болады; 4) сөз тіркесінің әрбір сыңары сөйлемдегі басқа сөздермен өздігінен қарым-қатынасқа, байланысқа түсе алса, сөздің аналитикалық формасы сөйлемдегі сөздермен тұтасқан күйінде байланысқа түседі[1].

---

[1] Сөздің грамматикалық формалары жайында әдебиеттер: Аналитические конструкции в языках различных типов. М.—Л., 1965; *В. В. Виноградов.* О формах слова.—«Известия АН СССР», отделение литературы и языка, 1944, т. III, вып, 1; *М. М. Гухман.* Глагольные аналитические конструкции как особый тип сочетания частичного и полного слова. (На материале истории немецкого языка).— Сб. «Вопросы грамматического строя», М., 1955; *Г. А. Золотова.* О синтаксической форме слова.— Сб. «Мысли о современном русском языке», М., 1969; *Н. Оралбаева.* Аналитические формы глагола в современном казахском языке, автореф. докт. диссер. Алма-Ата, 1971. *Е. А. Реферовская.* От свободного сочетания к грамматической форме.— «Вопросы грамматики. Сборник статей к 73-летию академика *И. И. Мещанинова*». М.— Л., 1960; *А. И. Смирницкий.* Морфология английского языка. М., 1959, стр 11—100; *А. А. Юлдашев.* Аналитические формы глагола в тюркских языках. М., 1965; *Т. П. Лаптев.* О грамматической форме слова в русском языке.—«Вестник МГУ», серия филологии и журналистики, 1960, вып. 4.

ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ

§17. ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Грамматикалық категория туралы ұғым грамматикалық мағына мен грамматикалық форма туралы ұғымдармен ұштасып жатады, олармен әрқашан тығыз байланысты болады. Бұлай дейтініміз мынадан: 1) грамматикалық мағына грамматикалық категориядан тыс, оған байланыссыз өмір сүрмейді, қайта оның элементі ретінде грамматикалық категорияның құрамында өмір сүреді; 2) грамматикалық категория грамматикалық формамен тығыз байланысты. Қандай бір грамматикалық категория болсын, ол біртектес грамматикалық мағыналарды білдіріп, кемінде екі түрлі формада көрінуі шарт. Мұнсыз бірде-бір категорияның болуы мүмкін емес. Мысалы, бір ғана септіктің формасы немесе бір ғана грамматикалық жақтың формасы өздігінен септік категориясын да, жақ категориясын да құрай алмаған болар еді. Белгілі бір тілдегі септік категориясы туралы сөз ету үшін, ол тілде, мысалы, ілік септігінен басқа барыс, шығыс септіктері және т. б. септіктердің болуы шарт. Сонда ғана септік дербес грамматикалық категория ретінде танылa алады. Грамматикалық жақ категориясы туралы I жақтан басқа II жақ, III жақ болғандықтан ғана әңгіме ете аламыз. Сын есімнің шырай категориясы туралы да осыны айту қажет. Шырай категориясы бір ғана жай шырайдың грамматикалық мағынасы мен формасынан құралуы, әрине, мүмкін емес. Сын есімнің шырай категориясы оның мазмұнына енетін жай шырай, салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырайдың мағыналары мен формаларының жиынтығынан құралады.

Қандай бір грамматикалық категория болсын, оның жалпылаушы сипаты болады. Грамматикалық категория біртектес грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығынан құралады. Ал «біртектес грамматикалық мағыналар» дегеннен әр басқа емес, өз ара шарттас, ыңғайлас, бір сипаттағы грамматикалық мағыналарды түсінеміз. Мысалы, грамматикалық шақ категориясы осы шақ, өткен шақ, келер шақ түрінде көрінгенімен, шақтың аталған түрлерінің мағыналары — әр тектес, әр сипаттағы мағыналар емес, біртектес мағыналар, әйтеуір шақтық мағыналар. Біртектес, бір сипаттағы шақтық мағыналар әр түрлі грамматикалық формалармен беріліп, жалпы грамматикалық шақ категориясы ретінде ұғынылады. Демек, дара грамматикалық мағынаны білдіретін бір ғана форма немесе әр сипаттағы грамматикалық мағыналарды білдіретін формалар емес, біртектес, өз ара ыңғайлас грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығы грамматикалық категория деп танылады.

Өз ара шарттас, ыңғайлас, бір сипаттағы формалардың әр-

қайсысын және, осыған орай, олардың біртектес мағыналарының әрқайсысын грамматикалық категория деп есептеу грамматикалық мағына деген ұғым мен грамматикалық категория деген ұғымның жігін жойып, бұларды бір-бірімен араластырып жіберуге соқтырады. Лингвистикалық кейбір әдебиеттерде біртектес грамматикалық мағыналардың әрқайсысын грамматикалық категория деп есептеу, осыдан келіп, «ілік септік категориясы», «барыс септік категориясы», «салыстырмалы шырай категориясы», «күшейтпелі шырай категориясы», «I жақ категориясы», «III жақ категориясы» деп атау, сөйтіп, грамматикалық мағына мен грамматикалық категорияны бір-бірімен араластырып жіберуі жиі ұшырасады. Бұл жайында проф. А. И. Смирницкий былай деп жазды: «...атау септік, ілік септік және т. б. көпше, бірінші жақ, екінші жақ және т. т. осылар тәрізді единицалар үшін «категория» деген терминді қолданбау керек. Бұлай етсек, «категория» деген термин өзіндік сипатын, өзіне өте-мәте тән, дәлме-дәл мағынасын жоғалтады. Өкінішке қарай, бұл терминді осылайша қолдану өте-мәте етек алып кеткен»[1]. Әр түрлі тілдерде грамматикалық жақ категориясы, шақ категориясы, септік категориясы және т. б. грамматикалық категориялар бар, бірақ «I жақ категориясы», «III жақ категориясы» немесе «ілік септік категориясы», «табыс септік категориясы» дегендер болмайды. Бұлар — дербес грамматикалық категориялар емес, грамматикалық категорияның мазмұнына енетін грамматикалық мағыналар. Ілік септіктің немесе табыс септіктің әрқайсысының өзіне тән мағынасы мен формасы бар, бірақ бұлардың бірде-бірі өздігінен грамматикалық категорияны, атап айтқанда, септік категориясын жасай да алмайды, дербес грамматикалық категория ретінде танылa да алмайды. Септік категориясы бір септіктің емес, күллі септіктердің мағыналары мен формаларының жиынтығынан, қалыптасқан жүйесінен құралады. Демек, жалпы септік категориясы дегенмен жеке нақтылы септік дегендер бір емес. Септік категориясы — жалпы құбылыс та, жеке-нақтылы септік — жалқы құбылыс. Жеке, нақтылы септікті, мысалы, барыс септігін «барыс септік категориясы» деп атау жалқыны жалпыдан ажырата алмауға әкеп соқтырады. Жалпы мен жалқы бірін-бірі жоққа шығармайды, жалқы бар жерде ғана жалпы туралы сөз ете аламыз. Жалпының жалқы құбылыстардың бойында және сол жалқы құбылыстар арқылы өмір сүретіні, жалқы құбылыстар арқылы танылатыны сияқты, жалпы септік категориясы, жеке, нақтылы септіктер, мысалы, кемінде екі септік болған жағдайда ғана, грамматикалық категория ретінде өмір сүреді, нақтылы септіктер арқылы танылады. Анығырақ айтқанда, грамматикалық категория жалпы құбылыс болып са-

[1] *А. И. Смирницкий.* Синтаксис английского языка. М., 1957, стр. 30.

налады да, жалпының жеке (жалқы) құбылыстарда өмір сүретіні және солар арқылы көрінетіні, танылатыны сияқты, ол да (грамматикалық категория да) грамматикалық мағыналар мен формалардан көрінеді, солар арқылы өмір сүреді. Керісінше, грамматикалық мағыналар жалқы (жеке, нақтылы) құбылыстар ретінде, қалай да болсын, жалпыға, яғни грамматикалық категорияға ұласады. Бұл — бір. Екіншіден, мұның өзі «грамматикалық категория мен грамматикалық мағына бір-бірімен тығыз байланысты болады» деген тұжырымның дұрыстығын тағы да дәлелдей түседі. Жалпылық сипаты бар грамматикалық құбылыс ретінде қаралатын септік категориясы жалқылық сипаты бар жеке нақтылы септіктердің болуын аңғартады, жеке, нақтылы септіктер болған жағдайда ғана, грамматикалық категория ретінде танылады.

Бір грамматикалық категорияға енетін біртектес, бір сипаттағы грамматикалық мағыналар өз ара шарттас, бір-бірімен байланысты болады. Белгілі бір грамматикалық категорияға енетін өз ара шарттас, ыңғайлас, біртектес грамматикалық мағыналардың ұқсас, ортақ жақтарымен бірге, бір-бірінен айырмашылықтары да болады. Осыдан келіп, белгілі бір грамматикалық категорияға енетін грамматикалық мағыналардың ұқсас, ортақ жақтары жайында да, айырым жақтары жайында да сөз ете аламыз. Мысалы, грамматикалық жақ категориясына енетін I жақ, II жақ, III жақты бір-бірімен байланыстыратын, олардың басын қосатын жалпылама ортақ мағына — жақтық мағына. Бұлай болмағанда, олар бір ғана ортақ атаумен (*жақ* деген атаумен) аталмаған болар еді, жалпы жақ категориясы болмас еді. Сын есімнің шырай категориясының мазмұнына енетін жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырайдың басын қосып біріктіретін, солардың бәріне бірдей ортақ жағы да, олардың бір-бірінен ажыратын айырым жақтары да бар. Жай шырай, салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырайдың бәріне бірдей ортақ белгі — сындық, сапалық дәрежені білдіру болса, оларды бір-бірінен ажыратын белгі — сындық, сапалық дәрежеңің біркелкі емес, әр түрлі болуы. Септік категориясының құрамына енетін жеке септіктер есім сөздердің есімдерге немесе етістіктерге қатысын білдіру жағынан ұқсасады, біртектес, бір ыңғайлас болып келеді. Бұл — олардың басын қосатын, біріктіретін ортақ жағы. Ал септіктердің әрқайсысы бір сөздің басқа сөзге әр түрлі қатысын, мысалы, барыс септігі бағыттың қатынасын, табыс септігі тура объектінің қатысын білдіреді. Бұл — септіктердің бір-бірінен айырым жақтары. Жеке, нақтылы септіктердің бір-бірінен айырмашылықтары олардың біртектестігін, ыңғайластығын, ортақ жағын жоққа шығара алмайды. Септіктер бір сөздің екінші сөзге қатынасын білдіру жағынан біртектес, ыңғайлас келіп, жалпылық сипаты бар грамматикалық категория — септік категориясына ұласады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, септік категориясы, жақ категориясы, шақ категориясы, рай категориясы, шырай категориясы грамматикалық категориялар ретінде қаралады. Ал септіктердің әрқайсысы, жақ пен шақтың әрқайсысы, шырайдың әр түрі — белгілі бір грамматикалық категорияға енетін, соны құрайтын грамматикалық мағыналар. Біртектес грамматикалық мағыналардан бір-бірімен байланысты қатарлар (связанные ряды) құралады да, өздерінің формаларымен бірге грамматикалық категорияға ұласады.

Сөздің белгілі бір формасында бірден бірнеше грамматикалық категорияның элементі ұштасып бас қосуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде *жазғыз* деген бір сөздің формасының бойында төрт түрлі грамматикалық категорияның элементі (бұйрық рай, екінші жақ, жекеше, өзгелік етіс) бар. Бұған керісінше, бір грамматикалық категория әр түрлі формамен айтылуы мүмкін. Мысалы, *оқушыға, оқушыма, оқушысына* деген зат есімдердің барыс септік формалары тұлғасы әр түрлі аффикс арқылы айтылғанмен, олардың грамматикалық мағынасы әр басқа емес. Бұлардың бәрі де (*-ға, -а, -на*) бір ғана аффикс — барыс септіктің әр түрлі тұлғалары. Түркі тілдерінде *күшейтпелі шырай синтетикалық тәсіл арқылы да (қып-қызыл), аналитикалық тәсіл арқылы да (өте қызыл)* берілгенмен, ол әр басқа категория емес, бір ғана категория (шырай) ретінде танылады. Демек, грамматикалық категория бір ғана грамматикалық тәсілмен беріле ме, немесе әр түрлі грамматикалық тәсілмен беріле ме, — мұның грамматикалық категорияның табиғатына, мазмұнына тигізетін әсері болмайды.

Грамматикалық категорияларда универсальды грамматиканың жалпы категориялары емес, туыстас тілдердің тобының немесе жеке тілдердің грамматикалық құрылысының басты ерекшеліктері көрінеді. Осы себептен белгілі бір тілде немесе тілдердің тобында бар грамматикалық категориялардың барлығының бірдей басқа бір тілде немесе тілдердің тобында болуы шарт емес. Мысалы, славян тілдеріне тән грамматикалық вид категориясы роман тілдері мен герман тілдерінде, мысалы, француз тілі мен неміс тілінде кездеспейді. Түркі тілдерінде дербес грамматикалық категория ретінде танылатын тәуелдеу категориясы славян тілдерінде жоқ. Грамматикалық род (тек) категориясы орыс, неміс, француз тілдерінде және т. б. тілдерде дербес грамматикалық категория ретінде ұшыраспайды. Роман, герман тілдерінде белгілі бір артикльдер арқылы айтылатын белгілік пен белгісіздік категориясы (категория определенности и неопределенности) бірсыпыра тілдерде дербес грамматикалық категория ретінде кездеспейді. Славян тілдеріндегі грамматикалық вид категориясы роман, герман тілдеріне, мысалы, француз тілі мен неміс тіліне тән емес. Индоевропа тілдері мен түркі тілдерінде монғол тілдері мен фин-угор тілдерінде және т. б. тілдерде сөйлемнің тұрлаулы мүшелері — бастауыш пен баяндауыш.

Ал кейбір кавказ тілдерінде, бастауыш пен баяндауышпен бірге толықтауыш та сөйлемнің тұрлаулы мүшесі бола алады.

Бірсыпыра тілдерге тән белгілі бір грамматикалық категорияның өзі әр басқа тілдерде әр түрлі сипатта, әр түрлі дәрежеде көрінуі мүмкін. Мысалы, септік категориясы грамматикалық категория ретінде көптеген тілдерге тән, бірақ оның грамматикалық табиғаты да, сан-мөлшері де әр түрлі тілдерде түрліше: араб тілінде үш септік болса, орыс тілінде — алты, қазақ тілінде — жеті, эстон тілінде — он бес септік бар. Грамматикалық етіс категориясы көптеген тілдерде бар, бірақ оның өзгелік етіс (каузатив) деп аталатын түрі түркі тілдері мен грузин, латын, француз тілдеріне тән де, славян тілдерінде кездеспейді. Орыс тілінде грамматикалық тек категориясының (категория рода) үш түрі болса, француз тілінде оның екі-ақ түрі бар, онда тек категориясының аралық тек (средний род) деп аталатын түрі жоқ.

Әр түрлі тілдердің бәріне бірдей тән, бәріне бірдей ортақ болып келетін грамматикалық категориялардың түрлі тілдерде, жоғарыда аталып өткеніндей, әр түрлі сипатта көрінуі грамматикалық категориялардың туыстас тілдер тобының немесе жеке тілдердің әрқайсысының грамматикалық құрылысының өзіндік ерекшеліктерімен тығыз байланысты екендігін дәлелдей түседі. Демек, әрбір тілдің немесе туыстас тілдер тобының грамматикалық категориялары тіл біткеннің бәріне бірдей ортақ принципке емес, әрбір тілдің (немесе белгілі бір туыстас тілдер тобының) грамматикалық ерекшелігіне, нақтылы тілдік материалдарға негізделіп, соған сай белгіленіп айқындалуы қажет. Белгілі бір тілдегі сөздердің өзгеруі мен сөздердің сөйлемде тіркесуінің жалпылық жақтары сол тілдің грамматикалық категорияларының негізі болып табылады да, ол жалпылық жақтар сөз таптары мен олардың грамматикалық категорияларында, әр түрлі сөйлем мүшелерінде, сөйлемдер мен сөз тіркестерінің алуан түрлі типтерінде түрліше байқалып отырады.

Мұнымен бірге, грамматикалық категориялардың ішінде көптеген тілдерге бірдей тән грамматикалық категориялар да бар. Әрине, олардың (грамматикалық категориялардың) түрлі тілдердегі көріністері түрліше болуы мүмкін. Дегенмен грамматикалық сан-мөлшер категориясының (категория числа), септік категориясының, жақ категориясының, шақ пен рай категориясының, етіс категориясының және т. б. кейбір грамматикалық категориялардың көптеген тілдерге тән екендігін жоққа шығаруға болмайды. Енді осы аталған грамматикалық категорияларға тоқталайық.

§18. ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СӨЗ ТАПТАРЫНА ҚАТЫСЫ

Грамматикалық категориялар сөздердің белгілі бір лексика-грамматикалық топтарына телініп, солармен қатарласа өмір сүреді. Әрбір тілдің грамматикалық құрылысында сөз таптарымен оларға тән грамматикалық категориялардың арасында берік байланыс, заңдылықты сипаты бар арақатынас қалыптасады. Сөздердің лексика-грамматикалық топтары ретінде саналатын сөз таптары бір-бірімен топтасып біріккенде, өздеріне бірдей тән, бірдей ортақ грамматикалық категориялар бойынша топтасады, бірігеді. Мысалы, орыс тілінде есімдер деп аталатын сөз таптарын бір топқа ендіріп, біріктіруші қызмет атқаратын грамматикалық категориялардың қатарына тек категориясы, септік категориясы және сан-мөлшер категориясы (категория числа) жатады. Орыс тілінде зат есімдер үшін лексика-грамматикалық категория болып саналатын тек (род) категориясы зат есімдермен қиыса байланысатын сын есімдерде, септелетін есімшелерде, реттік сан есімдерде және етістіктің өткен шақ формаларында таза грамматикалық мағынаға ие болады. Зат есімдер мен жіктеу есімдеріне қатысы жағынан лексика-грамматикалық категория болып табылатын сан-мөлшер категориясы да зат есімдермен қиыса байланысатын сын есімдерде және т. б. сөз таптарында таза грамматикалық мағынаға ие болып[1], грамматикалық категория ретінде танылады. Грамматикалық жақ, шақ, рай, етіс категориялары етістіктің көсемше, есімше формаларының және т. б. түрлерінің басын қосады.

Грамматикалық сан-мөлшер категориясының және т. б. грамматикалық категориялардың тіл-тілде ұқсас, жалпылама ортақ жақтары болумен бірге, олардың (грамматикалық категориялардың) әрбір тілдегі немесе тілдердің әрбір тобындағы нақтылы көрінісінде де, грамматикалық табиғатында да, қолданылу өрісі мен шеңберінде де айырмашылықтар мен ерекшеліктер болады. Бұл жерде мына бір мәселелерді алдын ала айқындап алу қажет: жоғарыда аталып өткендей, бір тілде немесе тілдердің бір тобында бар белгілі бір грамматикалық категорияның басқа бір тілдерде немесе тілдердің басқа бір топтарының бәрінде бірдей бола беруі шарт емес. Мұнымен бірге, тілдердің көпшілігінде бар, соларға жалпылама ортақ грамматикалық категориялардың бар екендігін, әрине, жоққа шығаруға болмайды. Көптеген тілдерде бар, солардың бәріне бірдей жалпылама ортақ грамматикалық категориялардың қатарына грамматикалық сан-мөлшер категориясы, септік категориясы, жақ категориясы, шақ

[1] *Н. С. Поспелов.* Соотношение между грамматическими категориями и частями речи (на материале современного русского языка) — С. «Вопросы грамматического строя». М., 1953, стр. 77—78.

категориясы, рай категориясы, етіс категориясы енеді. Бұл категориялар грамматикалық категория ретінде тілдердің бәріне немесе көпшілігіне тән жалпылама ортақ белгісін сақтай отырып, жеке, нақтылы тілдерде немесе тілдердің топтарында әр түрлі сипатта, әр түрлі дәрежеде көрінеді. Мұнымен бірге, жоғарыда аталған грамматикалық категориялар тіл-тілде әр түрлі сөз таптарына икемделіп, телінеді, солардың әрқайсысын сипаттайтын категориялар ретінде танылады.

Грамматикалық категория атты ұғымның табиғатын ашып айқындай түсу үшін және грамматикалық категориялардың сөз таптарымен ара қатысын баяндау үшін, тілдердің көпшілігіне тән, жоғарыда аталған жалпылама ортақ грамматикалық категориялардың әрқайсысына тоқталу қажет.

1. Сан-мөлшер категориясы (категория числа). Тілдердің барлығына дерлік тән, жалпылама ортақ грамматикалық категориялардың бірі — грамматикалық сан-мөлшер категориясы. Қандай бір тілде сөйлейтін адамдар болсын, олардың ертеден-ақ бір заттан көп затты ажырата білгендігі белгілі. Даралық ұғым мен көптік ұғымды бір-бірінен ажырату тілде өзінің көрінісін тауып, осыған орай, тіл-тілде грамматикалық сан-мөлшер категориясы (категория числа) пайда болған. Даралық (жекелік) ұғымы мен көптік ұғымы, әдетте, заттармен тікелей байланысты болады да, осыған сәйкес, грамматикалық сан-мөлшер категориясы әр түрлі тілдерде сөз таптарының ішінде зат есімдерге өте-мөте тән категория ретінде ұғынылады. Мұнымен бірге, жекелік пен көптік тіл-тілде есімдіктерге, оның ішінде әсіресе жіктеу есімдіктеріне тән. Грамматикалық сан-мөлшер категориясы етістіктерге тікелей қатысты болмай, оның қатысы есімдіктер немесе зат есімдер арқылы ғана іске асады. Атап айтқанда, етістіктер есімдіктермен (көбінесе жіктеу есімдіктерімен) немесе зат есімдермен тіркесіп баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, бастауыш қызметіндегі есімдіктің немесе зат есімнің жекелік немесе көптік мағынада жұмсалу ыңғайына бағынып, осыған орай, жекелік немесе көптік мағынаға ие болады. Грамматикалық сан-мөлшер категориясының әр түрлі тілдер үшін ұқсас, жалпы ортақ жақтары мен белгілері, негізінен алғанда, жоғарыда аталғандармен шектеледі де, мұнан әрі грамматикалық сан-мөлшер категориясының әр түрлі тілдердің немесе тілдердің әр түрлі топтарының грамматикалық құрылысының ерекшеліктеріне тікелей байланысты айырым жақтары, өзіндік белгілері көрінеді. Мысалы, грамматикалық сан-мөлшер категориясы көптеген тілдерде жекелік және көптік мағынасында көріне алса, оның екілік (двойственное число) деп аталатын түрі бірді-екілі тілдерде, атап айтқанда, көне грек тілі, ежелгі орыс тілі, ежелгі индиялық санскрит және қазіргі араб тілінде кездеседі. Орыс тілінде тек жекеше түрінде немесе тек көпше түрінде қолданылатын зат есімдер кездесе беретін болса, орыс тіліне қарағанда, түркі тілдерінде мұндай ерекшелік сирек ұшырайды. Мысалы, орыс тілінде *студенчество, крестьянство, учительство, аспирантура, беднота, нефть, бензин, золото, серебро* тәрізді зат есімдер тек жекеше түрінде қолданылса, *очки, брюки, ножницы, весы, сливки, сутки, именины, шахматы, сумерки* тәрізді зат есімдер тек көпше түрінде қолданылады.

Әр түрлі тілдердегі грамматикалық сан-мөлшер категориясының морфологиясының табиғатында да ерекшеліктер бар. Славян тілдерінде, соның ішінде орыс тілінде, грамматикалық сан-мөлшер категориясының қолданылу өрісі түркі тілдерімен салыстырғанда, анағұрлым кең. Мысалы, орыс тілінде зат есімдер ғана жекеше, көпше түрде қолданылып қоймай, олармен тіркесе жұмсалатын сын есімдер де жекеше, көпше түрде қолданылады. Орыс тілінде сын есім мен зат есім сөздердің тіркесінен құралған сөз тіркесінің зат есім сыңары (анықталғыш сөз) көпше түрде қолданылса, оның сын есім сыңары да (анықтауыш сөз) көпше түрде жұмсалады (мына мысалдарды салыстырыңыз: *высокая гора — высокие горы*). Сөйтіп, орыс тілінде зат есімдердің тобына қатысы жағынан, жоғарыда аталып өткеніндей- лексика-грамматикалық категория ретінде танылатын сан-мөлшер категориясы зат есімдермен тіркесе айтылатын сын есімдерге келгенде, таза грамматикалық мағынаға ие болады. Ал түркі тілдерінде мұндай тіркестердің құрамындағы зат есімнен болған сыңарлар (анықталғыштар) мейлі көпше түрде, мейлі жекеше түрде қолданылсын, бұған қарамастан, сын есімнен болған сыңарлар (анықтауыштар) әрдайым жекеше түрде жұмсалады (мысалы: *биік тау — биік таулар*).

Орыс тілінде сын есімдердің жекеше, көпше болып ажыратылуының тек формальды сипаты бар. Сын есімнің жекеше, көпше түрлері жекелік немесе көптік мағынаны білдірудің емес, қиысудың формалары болып саналады. Мысалы, орыс тілінде жекеше формадағы *книга* сөзі жекелік мағынаны («бір ғана кітап») білдіріп, көпше формадағы *книги* сөзі көптік мағынаны («бірнеше немесе көп кітап») білдірсе, сын есімнің *толстый (толстая), толстые* деген жекеше, көпше формалары сапа-белгінің санын (аз немесе көптігін) білдірмейді, зат есіммен қиысудың формалары ретінде қызмет атқарады. Жалпы алғанда, сандық ұғым — сапа, белгіге тән емес, затқа, құбылысқа тән белгі. Осылай болғандықтан бірсыпыра тілдерде, әсіресе сын есім мен зат есім сөздердің байланысы олардың қатар тұрып қабыса байланысуы арқылы іске асатын тілдерде, мысалы, түркі тілдерінде, сын есімдер көптік формасындағы зат есімдермен, әдетте, көптік жалғауынсыз байланысады.

Кейде сан есімдердің де көптік формада қолданылатындары бар, бірақ грамматикалық сан-мөлшер категориясы сөз табы ретінде қаралатын сан есімдерге тән категория емес. Сырт қарағанда, мұның өзі қарама-қайшылық болып көрінуі мүмкін. Ал,

егер сөз таптары мен грамматикалық категориялардың арасындағы айырмашылықтарға үңіле қарасақ, мұндай қайшылықтың тумайтындығын көреміз. Сан-мөлшер категориясы грамматикалық категория ретінде ұғынылады да, грамматикалық формалармен берілетін сандық ұғым нақтылы емес, өте-мөте жалпылама түрде білінеді. Мысалы, көптік формасы нақтылы санды емес, жалпы «көп» деген ұғымды білдіреді, оның қанша екенін нақты түрде көрсетпейді. Ал әрбір сан есім белгілі бір, нақты санды білдіреді. Мысалы, *бес, он, жиырма, жүз, екі жүз* және т. б. Осы тұрғыдан келгенде, *бір* мен *бестің* арасындағы сандық айырмашылық *кітап* пен *кітаптар* дегеннің арасындағы айырмашылықтан мүлдем басқа екені байқалады. Алдыңғысы — нақты айырмашылық та, соңғысы — нақты емес, дерексіз, жалпылама айырмашылық.

Грамматикалық сан-мөлшер категориясының сан есімдерге тән категория емес екендігі сан есімдерге, соның ішінде есептік сандарға, көптік жалғауы жалғанғанымен, көптік мағынаны емес, мүлдем басқа мағына — болжалды мағынаны (мысалы: *жасы алпыстарда; сағат алтыларда)* білдіретіндігінен де көрінеді. Егер жинақтық сан есім көпше формада қолданылса, ол форма көптік мағынаны білдіретін форма емес, қиысудың формасы ретінде танылады (мына мысалдарды салыстырыңыз: *үшеуің келдің — үшеулерің келдіңдер)*. Ал, егер сын есімдер түркі тілдерінде көптік формада қолданылса, олар міндетті түрде субстантивтенеді. Сын есімнің көптік формада қолданылғанда, міндетті түрде субстантивтенуі грамматикалық сан-мөлшер категориясының өте-мөте зат есімдерге тән категория екенін дәлелдей түседі.

Грамматикалық сан-мөлшер категориясы сөз таптарының бірі — есімдіктерге де тән категория болып саналады. Жекелік және көптік мағынаға ие болатындар — көбінесе жіктеу есімдіктері. Жіктеу есімдіктерінің ішінен түркі тілдерінде I жақтық жіктеу есімдігінің *(мен)*, орыс тілінде I және II жақтық жіктеу есімдіктерінің *(я, ты)* жекеше түрі көптік формаға өздігінен ие бола алмайды. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдігінің *біз* деген көпше формасы жіктеу есімдігінің *мен* деген жекеше формасымен грамматикалық жақтан үйлес келетін форма емес. Орыс тіліндегі *мы, вы* деген көпше формалар мен *я, ты* түріндегі жекеше формалар грамматикалық жақтан өз ара шарттас, үйлес формалар бола алмайды деген пікір бар. Егер *мен* деген жіктеу есімдігі I жақты білдірсе, *біз* деген жіктеу есімдігі «Менің көптігімді» емес, «мен және тағы басқа (басқалар)» дегенді білдіреді»[1]. «Сонымен, *біз* деген есімдік *мен* деген есімдіктен санның абстракциясы жағынан ғана емес, белгіленушінің айрықша сипаты

[1] *В. М. Никитевич.* Грамматические категории в современном русском языке. М., Учпедгиз, 1963, стр 72.

жағынан да ажыратылады. Алайда, көптіктің кез келген формасының бір ғана заттың көп рет қайталануын емес, біртектес заттардың көптігін көрсететіндігін байқау қиын емес. *Столы* деген форманың белгіленушіге қатысы жағынан *мы* деген формадан айырмашылығы жоқ»[1].

Есімдіктердің басқа түрлеріне сан-мөлшер категориясының қатысы жайында мынаны айтуға болады: есімдіктер қай сөз табының орнына жүрсе, сол сөз табына тән формалармен түрленеді. Осыған орай, зат есімдердің орнына жүретін есімдіктер (жіктеу есімдіктері, өздік есімдігі, сұрау есімдіктері мен белгісіздік есімдіктерінің кейбіреулері) жекеше түрінде де, көпше түрінде де қолданыла алады.

Жекелік пен көптіктің мағыналары етістік сөздерде өз алдына дербес аффикстермен емес, көбінесе жақтық мағыналарды білдіретін жіктік жалғауларымен беріледі. Етістік баяндауыштар бастауышпен жіктік жалғаулары арқылы қиысады да, жіктік жалғаулары бастауыштың ыңғайына қарай әрі жақтық мағынаны, әрі сан-мөлшер мағынасын (жекелік не көптік мағынасын) қоса білдіреді. Бұл айтылғандардың бірінші жаққа тікелей қатысы бар (мысалы: *мен бардым — біз бардық, мен барамын — біз барамыз)*, ал екінші жақта жіктік жалғауынан кейін көптік мағынаны білдіру үшін көптік жалғауы жалғанады (мысалы: *сен бардың (сіз бардыңыз)— сендер бардыңдар (сіздер бардыңыздар), сен барасың (сіз барасыз)— сендер барасыңдар (сіздер барасыздар)* және т. б).

Грамматикалық сан-мөлшер категориясы әр түрлі тілдерде түрлі-түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Кейбір тілдерде, мысалы, араб тілінде, грамматикалық сан категориясының көпше түрі ішкі флексия арқылы берілсе, африка тілдерінің бірі — хаус тілінде сөздердің қосарлануы арқылы, тибет тілінде санды білдіретін арнаулы сөздер арқылы беріледі. Грамматикалық сан-мөлшер категориясы қытай тілінде көмекші сөздер арқылы айтылса, түркі тілдерінде және т. б. тілдерде арнаулы аффикстер арқылы айтылады.

Түркі тілдерінде басқа да көптеген тілдердегі сияқты, грамматикалық сан-мөлшер категориясының жекеше және көпше түрі бар. Түркі тілдерінде сөздердің жекеше түрінің арнаулы көрсеткіші жоқ, ал оның көпше түрі арнаулы аффикс — көптік жалғауы *(-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер)* арқылы беріледі. Түркі тілдерінде көптік жалғауының морфологиялық варианттары жоқ, фонетикалық варианттары бар. Кейбір тілдерде белгіленетін заттардың жанды (одушевленные) және жансыз (неодушевленные) болуына қарай, көптік жалғауының формасы да әр түрлі болады. Мысалы, иран тілдерінің бірі — пушту тілінде жанды заттарды белгілейтін зат есімдерге (мужской родта-

[1] Бұл да сонда, 72-бет.

ғы) жалғанатын көптік жалғауының формасы (дауыссыз дыбысқа біткен сөздерден кейін) *-ан* болса (*үш* — «түйе», *ушан* — «түйелер», *сой* — «қоян», *сойан* — «қояндар»), жансыз заттарды белгілейтін зат есімдерге жалғанатын көптік жалғауының формасы — *-уна* (*қор* — «үй», *коруна* — «үйлер», *буй* — «иіс», *буйуна* — «иістер», *дзай* — «орын», *дзайуна* — «орындар» т. б.)[1].

Түркі тілдеріндегі көптіктің көрсеткіші — *-лар* аффиксінің шығу тегі әлі айқындалмаған. Бұл аффикс үшінші жақтық жіктеу (немесе сілтеу) есімдігінің көпше түрінен (*олар‖алар*) пайда болған деген болжам бар[2].

Басқа да бірсыпыра тілдердегі тәрізді, түркі тілдерінде де көптіктің қосарланған көпше (двойное множественное число) деп аталатын түрі кездеседі. Қосарланған көпшенің бірінші элементі сөздің түбірімен бірге басқа тілден енеді де, соңғысы түркі тілдерінің өзінің төл аффиксі болып саналады. Мысалы, түрік тілінде «пахырлар, кедейлер» деген мағынаны білдіретін fukar*lar* деген сөз — шығу тегі жағынан араб тілінің көпше түріндегі *fukara* (жекеше түрі — *fakir* «бишара, пахыр, кедей») деген сөзі. Араб тілінде *навів* деген сөз «дос» деген мағынаны білдіреді. Мұның араб тіліндегі көпше (*ахбаб*) түрік тіліне еніп, оған қосымша тағы да көптік жалғауы жалғанып (*ахбаб-тар* —«достар») қолданылады. Фарсы тілінде *müslüm* («мұсылман») — зат есімнің жекеше түрі де, *müslüma* — көпше түрі[3]. Фарсы тілінің көпше түріндегі осы сөзін түркі тілдерінде көпше түрінде қолдану қажет болғанда, оған көптік жалғауы жалғанып, *мұсылмандар* түрінде қолданылады. Көптіктің мұндай қосарланған түрі тіл-тілде кездесе береді. Мысалы, орыс тіліндегі *рельс* ағылшын тілінен енген. Ағылшын тіліндегі бұл сөздің соңындағы *-s* — көптік жалғауының формасы. Осылай бола тұрса да, бұл сөзді орыс тілі мен қазақ тілінде көпше түрінде қолдану қажет болғанда, оған көптік жалғаулары жалғана береді (орысша — *рельс-ы*, қазақша — *рельс-тер*).

Түркологиялық әдебиеттерде көптіктің көне аффиксі ретінде -з (-ыз, -із), аффиксі аталып жүр. Бұл көне аффикс қазірде *біз, сіз, егіз, көз* деген сөздердің құрамында кездеседі. Аталған аффикс көптіктің көрсеткіші емес, сан мөлшердің екілік түрінің (двойственное число) көрсеткіші деген пікір де бар. Есімдіктің *біз* деген түрі *мен* деген есімдікке қарсы қойылып, ол (*біз*) жіктеу есімдігінің (*мен*) көпше түрінде ұғынылады. *Біз* деген есімдіктің көпше түрінің есімдіктің о бастағы жекеше түріне (*бі*)*-з* аффиксінің жалғануы арқылы жасалу мүмкіндігін ескергенде,

[1] *И. А. Дворянков.* Язык пушту. Издательство восточной литературы. М., 1960, стр. 32—33.

[2] *Н. К. Дмитриев.* Категория числа.— Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, часть II, 1956, стр. 65.

[3] *Н. К. Дмитриевтің* аталған мақаласының 67-беті.

есімдіктің көпше түрінің (*біз*) пайда болуында морфологиялық сінісу процесінің қатысы бар деуге болады. Бұл күнде бөліп-жаруға келмейтін ***көз, егіз*** деген сөздердің о бастағы түбірлері ***кө,*** *екі* екендігі де күмән тудырмайды. Ал қазір *көз, егіз* түрінде қолданылатын түбірлер о бастағы түбірлерге *-з* морфемасының жалғанып, тілдің даму барысында түбірге сіңісіп кетуінен жасалған.

Тәуелдіктің жекеше түрінің жалғауы ***(-м, -ым, -ім)*** мен ортақ түрінің жалғауын ***(-мыз, -ымыз, -іміз)*** бір-бірімен салыстырғанда, ***-з, (-ыз, -із)*** формаларының көптік мағынаны білдіруге қатысы бар екені аңғарылады. Бұл формант тәуелдіктің екінші жақ сыпайы түрінде (*жолдас-ың-ыз, жолдастар-ың-ыз, киімің-із, киімдер-ің-із*) жіктік жалғауының бірінші жағының көпшесі мен екінші жағының жекеше және көпше сыпайы түрінде (*жол-дас-пы-з, оқы-ды-ң-ыз, оқы-ды-ң-ыз-дар, келсе-ң-і-з, келесіз-дер*) ұшырайды. Етістіктер жіктелгенде, екінші жақтың сыпайы түрінде, яғни *барасыңыз, келесіңіз* түрінде де, *барасыз, келесіз* түрінде де жіктеледі. Мұндағы аффикстің *-сыз* (*-сіз*) түрі *-сыңыз -сіңіз* түріндегі аффикстің ықшамдалған түрі[1].

2. Септік категория. Әр түрлі тілдерге және олардағы есім сөздерге өте-мөте тән грамматикалық категориялардың бірі — септік категориясы. Септіктер есім сөздердің бірбірімен қатысын немесе олардың басқа бір сөздерге қатысын білдіру қызметінде жұмсалады. Шындық өмірдегі заттар мен құбылыстар тілде есім сөздермен аталады да, ол заттардың немесе құбылыстардың арасындағы әр түрлі қатынастар әр түрлі септіктер арқылы тіл-тілден көрінісін табады. Септіктер арқылы білдіретін әр түрлі қатынастарға, сайып келгенде, шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың арасындағы түрлі-түрлі қатынастар негіз болады. Септіктердің әр түрлі тілдерде есімдерге, әсіресе зат есімдерге тән болуы да осыдан.

Сөздің атау септік түрін басқа септіктермен, мысалы, ілік немесе барыс септіктегі түрімен салыстырып қарасақ, септік жалғауындағы сөздің басқа сөздерге қатынасының қандай болатындығы ашық айқын аңғарылады. Мысалы, *үй* деген сөз ілік септікте, *есік, терезе* немесе басқа бір сөздермен тіркесіп (*үйдің терезесі, үйдің есігі*) меншіктеуші қатынасты білдірсе, барыс септігінде *барамын, келемін* деген етістіктермен тіркесіп (*үйге барамын, үйге келемін*) бағытты білдіреді. Атау септіктің басқа септіктерге қарағанда дербестілігі басым, ол басқа септіктердің бәріне де негіз болады. Жанама септіктердің (косвенные падежи) бәрі де сөздің осы атау септік түріне тиісті септік жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. Атау септіктің кейде

[1] *А. И. Искаков.* Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке (автореферат докторской диссертации). Алма-Ата, 1964, стр. 38.

негізгі септік (основной падеж) деп аталуы да осыдан. Негізгі (атау) септік, өзінің атынан көрініп тұрғанындай, атаушы қызмет атқарады. Түркі тілдерінде атау септіктің өзіне тән көрсеткіші жоқ, заттар мен құбылыстардың атаулары тәуелдік жалғаулы түрінде, көптік жалғаулы түрінде немесе оларсыз да атау септік түрінде қолданылады. Ал басқа септіктердің өзіне тән жалғаулары болады. Жанама септіктерде атау септігіндей дербестілік, тиянақтылық жоқ. Жанама септіктегі сөз қалай да басқа бір сөзбен тіркесіп айтылады. Мысалы, *күннің ыстықтығы, жолға шығу, жолаушыдан білу* деген түрде айтыла бергенімен, септік жалғауындағы сөздердің өзіне қатысты сөздерінен бөлініп, *күннің..., жолға..., жолаушыдан... деген* түрде айтылуы, әдетте, кездеспейді, бұлардан кейін қалай да белгілі бір сөздердің тіркесіп айтылуы шарт. Жанама септіктерде тиянақтылық жоқ деуіміз де осыдан. Жалғаулардың бәрі мұндай бола бермейді, мысалы, жіктік жалғауларында тиянақтылық бар *(жазғанмын, жазып отырмын, жаза бермекпін)*.

Сонымен, септік дегеніміз жалғау мен грамматикалық мағыналардың бірлігінен тұратын және бір есім сөздің екінші есімге немесе етістікке қатысын білдіретін грамматикалық категория.

Жоғарыда септік бір есімнің екінші есімге қатысын немесе есімнің етістікке қатысын білдіреді делік. Есім сөздердің мұндай қатынасы кейбір тілдерде септік жалғаулары арқылы берілсе, қайсыбір тілдерде (мысалы, болгар тілінде) көмекші сөздер (предлогтар) арқылы беріледі. Мұндай қатынастар септіктер мен көмекші сөздердің бірдей қатысуы арқылы да берілуі мүмкін. Флективті-агглютинативті тілдер мен таза агглютинативті тілдерде сөздердің бір-біріне қатынасы мен грамматикалық мағыналары аффикстер арқылы білдірілсе, аналитикалық тілдерде ондай қатынастар мен мағыналар көмекші сөздер мен сөздердің орын тәртібі арқылы көріне алады. Осыған орай, флективті-агглютинативті тілдер мен таза агглютинативті тілдерде есім сөздердің басқа сөздерге әр түрлі қатынасы септіктер арқылы берілсе, түбір тілдер мен аналитикалық тілдерде көбінесе көмекші сөздер (предлогтар) арқылы беріледі. Аналитикалық тілдерде септіктердің санының, флективті тілдер мен агглютинативті тілдерге қарағанда, аз болуы олардың грамматикалық құрылысының өзіндік сипатымен тығыз байланысты. Мысалы, аналитикалық тілдердің бірі — ағылшын тілінде екі ғана септік болса, агглютинативті тілдердің қатарына жататын эстон тілінде он төрт септік, венгер тілінде жиырма екі септік бар. Агглютинативті-синтетикалық тілдерде сөздердің септіктер арқылы білдірілетін қатынастары аналитикалық тілдерде, мысалы ағылшын тілінде, көбінесе, предлогтар арқылы беріледі.

Славян тілдерінің көпшілігінде және түркі тілдерінде есім сөздердің есімдерге немесе етістіктерге қатынасы көбінесе септік жалғаулары арқылы көріне алады. Бұл тілдерде септік жалғаулы сөздермен көмекші сөздер де (славян тілдерінде предлогтар, түркі тілдерінде септеуліктер) тіркесе қолданылады. Мұндайда предлогтар немесе септеуліктер септіктер арқылы білдірілетін қатынастарды айқындай, дәлдей түседі.

Түркі тілдерінде грамматикалық септік категориясы, негізінен алғанда, зат есімдер мен есімдіктерге тән категория болып саналады. Сын есімдер мен сан есімдер заттық мағынада қолданылғанда, септеле алады.

Түркі тілдерінде септіктерді кеңістік қатынасты білдіретін септіктер және грамматикалық қатынасты білдіретін септіктер деп екі топқа бөлу дағдысы бар. Кеңістік қатынасты білдіретін септіктердің ішінен барыс септігі мен шығыс септігі динамикалық (қозғалу) күйді білдірсе, жатыс септігі статикалық күйді білдіреді. Грамматикалық қатынастарды білдіретін септіктердің ішінен атау септігі бастауыштың қалпын білдірсе, ілік септігі меншіктеуді, табыс септігі тікелей объектіні білдіреді. Алайда, септіктерді кеңістік қатынасты білдіретін септіктер және грамматикалық қатынасты білдіретін септіктер деп бөлудің шартты нәрсе екенін айтпасқа болмайды. Кеңістік қатынасты білдіреді дейтін септіктер де, сайып келгенде, грамматикалық қатынастарды білдіреді. Мысалы, барыс және шығыс септіктері таза объектілік қатынастарды да (мысалы: *жолдасыма жолықтым, жолдасымнан алдым)* білдіре алады.

Септік бар да, септелу бар. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Тілдер септіктердің саны жағынан да, септелудің морфологиялық табиғаты жағынан да әр басқа болып келеді. Түркі тілдерінде орыс тіліндегідей септеудің бірінші септеу, екінші септеу, үшінші септеу деп аталатын түрлері жоқ. Славян тілдері мен түркі тілдерінде неміс тіліндегі септеудің күшті септеу (сильное склонение), әлсіз септеу (слабое склонение) және аралас септеу (смешанное склонение) деп аталатын түрлері кездеспейді. Түркі тілдерінде сөздердің септелуінде басқа тілдерде ұшыраса қоймайтын бір ерекшелік бар: түркі тілдерінде жай септеу мен тәуелді септеуде септіктердің формалары әр басқа болады. Осының өзінде де тәуелді септеудің жай септеуден ерекшелігі барлық септіктерден емес, барыс, табыс, жатыс септіктерінен ғана көріне алады (мына мысалдарды салыстырыңыз: *жолдастың — жолдасымның, жолдасқа — жолдасыма, жолдасты — жолдасымды (жолдасын), жолдаста — жолдасымда, жолдастан — жолдасымнан)*.

Орыс тілінде сөздің жекеше түрі мен көпше түрі септелгенде, септіктер әр түрлі формаларға ие болса, түркі тілдерінде сөздің жекеше түрі мен көпше түрінің септелуінде де, септік жалғауларында да ешбір айырмашылық болмайды.

3. Жақ категориясы. Грамматикалық категориялардың ішінде дүние жүзіндегі тілдердің басым көпшілігіне тән,

соларға ортақ категориялардың бірі — жақ категориясы. Грамматикалық жақ категориясы іс-әрекеттің қай жаққа (кімге немесе неге) қатысты екенін білдіреді. Іс-әрекет сөйлеуші жақ, тыңдаушы жақ немесе бөгде жақтың бірі арқылы жүзеге асады. Осыған орай, жақ категориясы әр түрлі тілдерде бірінші жақ, екінші жақ және үшінші жақтың грамматикалық мағыналары мен формалары арқылы танылып, солар арқылы көрініе алады. Іс-әрекеттің субъектіге қатысты үш жақтың бірімен беріледі. Осыған орай, жақ категориясы етістіктерге тән категория болып саналады. Жақтық мағына белгілі бір аффикстер арқылы көрінеді. Ондай аффикстер жіктік жалғаулары деп аталады.

Жақ категориясының сөз таптарына қатысты әр түрлі тілдерде бірдей емес. Мысалы, орыс тілінде грамматикалық жақ категориясы өте-мөте етістіктерге тән категория ретінде танылады. Орыс тілінде жіктелетіндер — етістіктер ғана, ал есім сөздер жіктелмейді. Түркі тілдерінде жіктелетіндер етістіктер ғана емес, сонымен бірге баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, зат есімдер де (көбінесе адамның мамандығын, кәсібін білдіретін зат есімдер), сын есімдер де, сан есімдер де, кейбір есімдіктер де жіктеліп, жіктік жалғауларын қабылдай алады. Түркі тілдерінде есімдерден болған баяндауыш бастауышпен жіктік жалғаулары арқылы қиыса байланысады. Есімдердің баяндауыш болуы үшін және ондай баяндауыштың бастауышпен қиыса байланысуы үшін, олардың жіктік жалғауымен түлғалануы шарт. Жіктік жалғауларының кейде баяндауыштық аффикстер деп аталуы да осыдан.

Жақтық мағына, әдетте етістіктерден болған баяндауыш арқылы беріледі. Мұндайда жіктеу есімдіктерінің сөйлемде қолданылуы әрдайым шарт емес.

Жақтық форма жақтық мағынаны ғана емес, сонымен бірге жекелік немесе көптік мағынаны да білдіруі мүмкін (мысалы: *бардым — бардық; барамын — барамыз*). Түркі тілдерінде жақтық мағына тәуелдік формалары арқылы да беріле алады. Түркі тілдеріндегі тәуелдеу категориясы бір заттың екінші затқа меншіктелуін ғана білдіріп қоймайды сонымен бірге оның қай жаққа қатысты екендігін де білдіреді.

4. **Шақ категориясы.** Грамматикалық категориялардың бірі — шақ категориясы етістіктерге тән категория ретінде танылады. Бұлай болуы заңды да: қимыл, іс-әрекет уақыт ұғымымен тығыз байланысты ол белгілі бір мезгілде өтетін процесс ретінде ұғынылады. Грамматикалық шақ категориясында осы шақ, өткен шақ және келер шақ бір-бірінен қимыл. Іс-әрекеттің сөйлеу кезіне қатысы жағынан ажыратылады. Демек, сөйлеу кезі (момент речи) әр түрлі шақтардың тірелетін орталығы және оларды бір-бірінен ажыратудың тірегі болып саналады. Осы шақтың формасы сөйлеу кезімен сәйкес келетін қимыл, іс-әрекетті білдірсе, өткен шақтың формасы сөйлеу кезіне дейін болған қимыл, іс-әрекетті,, келер шақтың формасы сөйлеу кезінен соң, яғни келешекте болуға тиісті іс-әрекетті білдіреді.

Бір шақтың бірнеше түрі болуы мүмкін. Мысалы, ағылшын, француз, неміс тілдерінде және түркі тілдерінде өткен шақтың өзінің бірнеше түрі бар. Қазақ тілінде *оқыдым, оқығанмын* деген етістік формаларының екеуі де өткен шақты білдіреді. Бірақ бұлардың өткен шақтық мағыналары бір емес: алдыңғысы жедел өткен шақты білдірсе, соңғысы бұрынғы өткен шақты білдіреді. Тіл білімінде абсолютті шақ (абсолютное время) және қатыстық шақ (относительное время) деген терминдер белгілі бір шақтың бірнеше түрін ажыратумен байланысты енгізілген терминдер болып табылады.

Абсолютті шақта белгілі бір шақтың сөйлеу кезіне қатысты тікелей айқындалады да, қатыстық шақта оның сөйлеу кезіне қатысты тікелей емес, жанама түрде айқындалады. Мысалы, жалпы грамматикалық шақ категориясының өткен шақ, осы шақ, келер шақ түрлері шақтың сөйлеу кезіне қатысына қарай айқындалса, қазақ тілінде өткен шақтың бұрынғы өткен шақ түрі оның жедел өткен шақ түрі арқылы, яғни сонымен салыстыру арқылы ажыратылады. Көптеген индоевропа тілдерінде өткен шақтың перфект, имперфект, плюсквамперфект деп аталатын түрлері де бір-бірінен ажыратылғанда, өз ара салыстырылып, біріне-бірінің қатысы жағынан ажыратылады.

Түркі тілдері грамматикалық шақ категориясына бай тілдердің қатарынан орын алады. Түркі тілдерінде, жоғарыда аталып өткендей, бір шақтың бірнеше түрі бар. Ол түрлердің әрқайсысы белгілі бір шақтың әр түрлі мағыналық реңкін білдіреді. Осы жағынан алып қарағанда, әр түрлі мағыналарды білдіретін белгілі бір грамматикалық шақ тілдің лексикалық жүйесіндегі көп мағыналы сөз тәрізді; мысалы, көп мағыналы сөз әр түрлі лексикалық мағынаны білдірсе, белгілі бір грамматикалық шақ та түрлі-түрлі грамматикалық мағыналарды білдіреді. Полисемантизмді сөздің сан алуан лексикалық мағыналарының арасында мағыналық байланыс болатындығы және олардың бәрі де негізгі номинативті мағынаның айналасына топталатындығы сияқты, белгілі бір шақтың да, мысалы, өткен шақтың, түрлі-түрлі грамматикалық мағыналарының арасында байланыс болады, олар қаншама әр түрлі болғанмен, жалпылама ортақ грамматикалық мағынаға мысалы, жалпы өткен шақтық мағынаға, келіп тіреледі. Әрине, сөздің көп мағыналылығы мен әр түрлі мағынаны білдіретін белгілі бір грамматикалық құбылыстың арасына тепе-теңдік белгісін қоюға болмайды. Бұл жерде мұндай салыстыру айқынырақ түсіну үшін жасалып отыр.

5. Рай категориясы. Грамматикалық рай категориясы да — етістіктерге тән категория. Рай категориясы қимыл, іс-әрекеттің шындыққа қатынасын, іс-әрекеттің іске асу мүмкіндігіне сөйлеушінің қалай қарайтындығын білдіреді. Мысалы,

оқыдым, білдім, оқимын, білемін деген формалар шынайы, ақиқат (реальды) іс-әрекетті білдірсе, *оқы, біл, оқыса, білсе, оқыса игі еді, білсе игі еді, оқығысы келеді, білер ме еді* деген формалар әлі де болса іске аспаған, бірақ іске асуы мүмкін іс-әрекет пен қалау, тілек, болжам мағынасындағы іс-әрекетті білдіреді.

Сонымен, етістіктің рай формалары екі топқа бөлінеді: бірінші топқа ашық рай формалары (ақиқат іс-әрекетті, қимылды білдіретін етістік формалары) енсе, екінші топқа бұйрық рай, шартты рай, қалау рай формалары (ақиқат түріндегі іс-әрекетті емес, болуы мүмкін іс-әрекетті немесе болжам, қалау, тілек түріндегі іс-әрекетті білдіретін етістік формалары) енеді.

Грамматикалық рай категориясы модальдылық, ұғымымен тығыз байланысты. Модальдылық грамматикалық тәсілмен де, лексикалық тәсілмен де берілуі мүмкін. Мысалы, *Мүмкін, үйіне барар; Мүмкін, барар, мүмкін, бармас* дегенде модальдылық лексикалық тәсілмен (толық мағыналы мүмкін деген модаль сөзбен) берілсе, *барғайсың, барғай еді, барғым келеді, барсам екен* дегендерде модальдылық грамматикалық тәсілмен (аффикстер арқылы) және аналитикалық форманттар (-ғай, -еді, -ғы, -кел, -са, -екен) арқылы берілген. Мол модальдылықты білдіретін арнаулы модаль сөздер мен сөз тіркестері бар. Олардың қатарына орыс тіліндегі *действительно, разве, непременно, по-видимому, быть может, по всей вероятности* және т. б. осылар тәріздес сөздер мен сөз тіркестері, қазақ тіліндегі *мүмкін, әрине, зады, зайыры, бәлки, рас, шамасы, әлбетте, керек (білсе керек, үйге келсе керек)* тәрізді сөздер енеді. Ал модальдылық грамматикалық тәсілмен берілгенде грамматикалық категория — рай категориясы жасалады.

Сөйлемнің модальдылығы бар да, райдың модальдылығы бар, бірақ бұл екеуі, әрине, бір емес. «Сөйлем атаулының бәрінің де әрқашан модальды бояуы болады, өйткені ол белгілі бір болған істі ғана анықтап қоймайды, сонымен бірге сөйлеушінің сол іске, уақиғаға және т. б. қатынасын өзінше білдіреді. Ал райдың модальдылығы — сөйлемнің модальдылығының үстіне қосылатын немесе қабаттасатын «екінші» модальдылық. Сөйлемнің модальдылығы айтылған пікірдің барлық жағына қатысты болса, райдың модальдылығы арнайы етістік баяндауышқа қатысты болады.

Мұнымен бірге райдың модальдылығы екінші модальдылық болып ғана қоймайды. Ол өз алдына дербес грамматикалық категорияны (рай категориясын) жасайды[1].

Райдың формалары етістік баяндауышқа тікелей қатысты болады да, етістік баяндауыш арқылы сөйлемнің модальды болуына әсер етпей тұра алмайды. Рай категориясы морфологиялық категория бола тұрып, синтаксистік сипатқа да ие бола алады. Мысалы, *көрсе, білсе* деген шартты рай формалары істің шартын білдіреді. Бұл форма сөйлемде нақтылы мазмұнға ие болып, қолданылу ыңғайына қарай қалау, тілек, арман, ниет мағыналарын, кейде тіпті мезгілдік мағынаны да білдіре алады. Рай категориясының синтаксистік сипаты әсіресе оның баяндауышты сипаттауынан айқынырақ көрінеді.

Рай категориясы — модальдылықты, іс-әрекеттің шындыққа қатынасын білдіретін грамматикалық категория. Басқаша айтқанда, рай — сөздің белгілі бір формаларымен берілген модальдылық[1].

Тіл-тілде райдың түрлері мен саны әр басқа. Орыс тілінде райдың үш түрі болса, қазақ тілінде төрт түрі бар. Бұйрық рай сөйлеушінің іс-әрекетті тыңдаушыға немесе тыңдаушы арқылы басқа біреуге бағыттауын, бұйыра айтуын білдіреді. Қазақ және т. б. түркі тілдерінде етістіктің екінші жақ бұйрық рай түрі етістіктің негізі болып саналады, етістіктің басқа формалары етістіктің осы аталған екінші жақ бұйрық рай түрінен жасалады. Етістіктің шартты рай түрі іс-әрекеттің іске асу мүмкіндігі басқа бір іс-әрекеттің орындалуына байланысты екендігін білдіреді. Осылай болғандықтан, сөйлемдегі шартты рай формасындағы етістік тиянақты бола алмай, сөйлемнің екінші бөлігіндегі іс-әрекетті білдіретін етістікке іліктесіп, оның шартын білдіреді. Мысалы: *Ақылды мақтанса, істі тындырар, ақымақ мақтанса, аяғын сындырар* (мақал).

Қалау рай сөйлеушінің іс-әрекетке ынтасын, тілегін, ниетін білдіреді. Осыған орай, етістіктің қалау рай түрінде эмоциональды-экспрессивті қасиет, басқа райларға қарағанда, ананағұрлым басым болады. Етістіктің ашық рай түрі осы шақ, өткен шақ, келер шақ формаларында айтылатын іс-әрекеттің шындық болмысқа қатысын білдіреді де, етістіктің шақтары ашық райдың көрінісі, формасы ретінде қаралады.

6. Е т і с к а т е г о р и я с ы. Грамматикалық етіс категориясы — сөз таптарының ішінде етістіктерге тән категория. Етіс категориясы қимыл, іс-әрекеттің объектіге немесе субъектіге бағытталғандығын білдіреді де, субъектінің объектімен өз ара қарым-қатысын айқындайды. Етіс және оның түрлері үшін етістіктің субъектіге қатынасының да мәні бар. Мысалы, *оқушы киінді, жер жыртылды* дегендерді бір-бірімен салыстырып көрейік. Бірінші мысалда *(оқушы киінді) киінді* деген етіс формасы (өздік етіс) іс-әрекеттің өз субъектісіне бағытталғандығын білдірсе, екінші мысалда *(жер жыртылды) жыртылды* деген етіс формасы (ырықсыз етіс) іс-әрекеттің объектіге бағытталғандығын білдіреді. Ал баяндауышы өзіндік етістен болған сөйлемде іс-әрекеттің объектісінің әрдайым болуы шарт емес. Іс-әре-

[1] *Р. А. Будагов.* Введение в науку о языке. М., 1965, стр. 236.

[1] *А. И. Смирницкий.* Морфология английского языка. М., 1959, стр. 342.

кеттің объектісі арнайы айтылмаған (көрсетілмеген) сөйлемде (мысалы, *оқушы киінді* дегенде) *киімін* деген сөз (объект) түсіріліп айтылған, оның (объектінің) қызметін субъектінің өзі қоса атқарады. Ал баяндауыш ырықсыз етіс формасынан болған сөйлемде (мысалы, *Жер* (соқамен) *жыртылды* деген сөйлемде *соқамен* деген сөз түсіріліп айтылған) іс-әрекет өзінің объектісіне бағытталып, соған көшеді. Мұндайда сөйлемнің грамматикалық формуласы байымдаудың логикалық формуласына сәйкеспейді. Сонымен, ырықсыз етісте іс иесі көрсетілмей, яғни кенің немесе кімнің істегендігі аталмай, кенің істелгені (немесе істелетіні) көрсетіледі.

Ортақ етіс формасы іс-әрекеттің субъектісінің кемінде екеу екендігін немесе іс-әрекеттің субъекті мен объектіге бірдей ортақ, бірдей қатысты екендігін білдіреді. Мысалы: 1) *Сүйісер жастар қате етпес. Мейлің илан, мейлің күл (Абай). 2. Ол Асанмен хат жазысып тұрады.*

Етістің өзгелік етіс деп аталатын түрі қимыл, іс-әрекеттің өз субъектісіне басқа бір субъектінің қатысы бар екендігін білдіреді. Мұны *Жандос жазды* және *Жандос жаздырды* деген мысалдарды салыстырудан көруге болады. Бірінші сөйлемдегі *(Жандос жазды)* етістік *(жазды)* іс-әрекеттің тікелей өз субъектісі арқылы іске асқандығын білдірсе, екінші сөйлемдегі (Жандос жаздырды) етістік *(жаздырды)* іс-әрекеттің өз субъектісіне бөгде бір субъектінің кірісуі арқылы іске асқандығын білдіреді. Сонымен, өзгелік етісте субъектінің іс-әрекетіне басқа субъектінің араласатыны, кірісетіні көрсетіледі. Етістің өзгелік етіс түрі (каузатив) герман, роман, славян, иран тілдерінде ұшыраспайды, ол өте-мөте түркі тілдері мен монғол тілдеріне тән. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, өзгелік етіс ***-тыр (-тір), -ғыз (-гіз), қыз (-кіз), -т*** аффикстері жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жаздыр, білдір, күттір, оргыз, шашқыз, тіккіз, сөйлет, шақырт, өңдет* т. б. Түркі тілдерінде тілдің тарихи даму барысында өзгелік етістің бірсыпырасы лексикаланып, туынды етістікке айналған да, өзгелік етіс формасында айтылғанмен, мағынасы жағынан өзгелік етіс болудан қалған. Мысалы, *кептір, өткіз, тарат* тәрізді етістіктер өзгелік етіс формасында айтылғанмен, олар өзгелік етіс қызметін атқара алмайды. Бұл етістіктердің өзгелік етіс мағынасына ие болып, оның қызметін атқару үшін, оларға қосымша өзгелік етіс аффикстері жалғануы шарт (мысалы: *кептір-гіз, өткіз-дірт, тарат-қыз, тарат-тыр*).

Түркі тілдерінде етістіктің каузатив формасы, мейлі ол сабақты етістіктен жасалсын, мейлі салт етістіктен жасалсын, әрқашан сабақты етістік мағынасында қолданылады.

Етіс категориясы салт етістік және сабақты етістік деп аталатын ұғымдармен тығыз байланысты. Етіс жұрнақтары салт етістікті сабақты етістікке, және керісінше, сабақты етістікті

салт етістікке айналдыра алады. Мысалы: *күл* (салт етістік) — *күлдір* (сабақты етістік), *жаз* (сабақты етістік) — *жазыл* (салт етістік) және т. б. Етістіктің салт немесе сабақты болуы оның мағынасымен байланысты. Салт етістік пен сабақты етістік бір-бірінен формасы жағынан емес (бұлардың ешқайсысының да өзіне тән және бірін екіншісінен ажырататындай формалары жоқ), мағыналары мен синтаксистік қасиеті жағынан (тура толықтауышты керек ету, не керек етпеу қасиеті жағынан) ажыратылады. Етістің белгілі бір түрі бүтіндей сөзге емес, сөздің формасына тән, соған қатысты болса, салттылық пен сабақтылық сөздің белгілі бір формасына емес, бүтіндей сөзге (етістікке) тән қасиет ретінде танылады. Анығырақ айтқанда, салт немесе сабақты болатындар етістіктің белгілі бір формасы емес, бір тұтас, бір бүтін сөз ретінде танылатын етістіктің өзі. Етістіктің салт немесе сабақтылығы оның (етістіктің) бір немесе бірнеше формасына емес, тұтас етістікке, оның күллі формаларының жиынтығына тән. Етіс формаларын тудыратын аффикстердің салт етістікті сабақтыға немесе, керісінше, сабақты етістікті салт етістікке айналдыратындығы жоғарыда айтылды. Алайда, ондай аффикстер салт немесе сабақты етістіктің формалары ретінде емес, етіс формаларын тудыратын аффикстер ретінде танылады. Демек, етіс аффикстерінің негізгі қызметі — іс-әрекеттің субъектіге немесе объектіге қатысын білдіретін етіс формаларын тудыру. Етіс жұрнақтарының кейде сөз тудыратыны бар. Ондайда ол жұрнақтар етіс формаларын тудыратын жұрнақтар мағынасында емес, туынды етістік тудыратын жұрнақтар, яғни сөз тудырушы жұрнақтар (словообразующие суффиксы) ретінде ұғынылады (мына мысалдарды салыстырыңыз: *жаз+ыс* (ортақ етіс) — *бол+ыс* (туынды етістік), *жаз+дыр* (өзгелік етіс) — — *кеп+тір* (туынды етістік) және т. б. Мәселенің осы жағын ескере келіп, акад. В. В. Виноградов етіс категориясы «грамматика, лексикология және фразеологияның нағыз шектес келетін жерінен орын алады»[1] — дейді.

Сонымен, қимыл-әрекеттің грамматикалық мағыналары етістіктердің жақ, рай, шақ және етіс деп аталатын грамматикалық категорияларынан көріне алады.

Граматикалық категориялар туралы айтылғандарды жинақтай келгенде, мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Грамматикалық категория жалпылама сипаты бар грамматикалық мағына ретінде танылады да, ол грамматикалық мағына сөздердің өзгеріп түрленуі, сөйлемде тіркесуі арқылы көріне алады, солар арқылы беріледі. Грамматикалық категория жалпылама сипатқа ие болып, бір тектес, бір ыңғайлас грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығынан құралады.

---

[1] *В. В. Виноградов.* Русский язык. М.—Л., 1947, стр. 606.

2. Грамматикалық мағынадан тыс, грамматикалық формадан тыс грамматикалық категория деген, әдетте, болмайды. Біртектес, бір ыңғайлас грамматикалық мағыналар грамматикалық формалармен беріліп, грамматикалық категорияның мазмұнына оның мағыналық элементі ретінде енеді.

3. Біртектес, бір ыңғайлас грамматикалық мағыналардың әрқайсысын грамматикалық категория деп есептеу грамматикалық мағына деген ұғым мен грамматикалық категория деген ұғымды бір-бірінен араластырып жіберуге соқтырады. Грамматикалық категория — жалпы құбылыс та, грамматикалық мағына — жалқы құбылыс. Жалпының жалқы (жеке) құбылыстардың бойында өмір сүріп солар арқылы көрінетіні сияқты, жалпылық мәні бар грамматикалық категория да жалқылық мәні бар грамматикалық мағыналар мен формалардың бойында өмір сүреді, солар арқылы көріне алады. Керісінше, жалқының жалпыға ұласатыны сияқты, грамматикалық мағыналар да жалқы құбылыстар ретінде, қалайда, жалпы құбылыс — грамматикалық категорияға ұласады. Жалпылық сипаты бар құбылыс ретінде қаралатын грамматикалық категория нақтылы грамматикалық мағыналар болған жағдайда ғана, белгілі бір грамматикалық құбылыс грамматикалық категория ретінде танылa алады.

4. Белгілі бір грамматикалық құбылыстың, атап айтқанда, біртектес грамматикалық мағыналардың грамматикалық категория ретінде танылуы үшін, оның кемінде екі түрлі формада көрінуі шарт. Сонда ғана грамматикалық категория жайында сөз ете аламыз.

5. Грамматикалық категорияларда универсальды грамматиканың жалпы категориялары емес, туыстас тілдер тобының немесе жеке тілдердің грамматикалық құрылысының басты ерекшеліктері көрінеді және сөздердің сол ерекшеліктерге орайласа, сәйкес өзгеріп түрленуі көрініс табады. Осы себепті бір тілде немесе тілдердің бір тобында бар грамматикалық категориялардың күллісінің бірдей басқа бір тілдерде немесе тілдердің басқа бір топтарында бола беруі шарт емес. Алайда, белгілі бір грамматикалық категориялардың тілдердің көпшілігіне немесе тілдердің топтарының басым көпшілігіне тән, ортақ болып келетіндігін жоққа шығаруға болмайды. Мұның басты себебі грамматикалық категориялар мен логикалық категориялардың бір-бірімен байланысты болып келетіндігінде жатыр. Алайда, байланыс бірдей дегенді білдірмейді. Логикалық категориялар әрбір нақтылы тілде немесе тілдердің тобында сол тілдің немесе тілдер тобының грамматикалық құрылысының ерекшеліктеріне орайласып, әр басқа түрде көрінісін табады. Әр басқа тілдерде немесе тілдердің әр басқа топтарында грамматикалық категориялардың түрлі-түрлі болуы осы аталған жайлардан келіп туады.

6. Грамматикалық категориялар сөздердің белгілі бір лексика-грамматикалық топтарынан (сөз таптарынан) тыс өмір сүрмейді, қайта солардың біріне немесе белгілі бір тобына тән және оны сипаттайтын құбылыс ретінде сөз таптарымен байланысында қатарласа өмір сүреді. Әрбір тілдің грамматикалық құрылысында сөз таптары мен грамматикалық категориялардың арасында заңды ара қатынас қалыптасады. Мысалы, грамматикалық жекелік-көптік (сан-мөлшер), септік категориялары, орыс тілінде грамматикалық тек (род) категориясы есім сөздерге, соның ішінде ең алдымен зат есім мен есімдіктерге тән және соларды сипаттайтын грамматикалық категориялар ретінде танылса, грамматикалық жақ, рай, шақ, етіс категориялары және орыс тіліндегі грамматикалық сипат (вид) категориясы етістікке тән және оны сипаттайтын категория ретінде танылады.

Грамматикалық **жекелік-көптік, септік, тек (род)** категориялары есім сөздердің тобына енетін сөз таптарының (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік) басын қосып ұйыстырса, грамматикалық жақ, шақ, рай, етіс және сипат (вид) категориялары етістіктерді және олардың түрлерін (көсемше, есімше) ұйыстырып, соларды грамматикалық жақтан сипаттайды[1].

СӨЗ ТАПТАРЫ

§19. СӨЗ ТАПТАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ҚОЙЫЛЫСЫ

Жеке, нақтылы тілдердегі немесе тілдердің тобындағы сөздерді сөз таптарына топтастыруда сөз таптарының жалпы теориясына (общая теория частей речи) сүйену өте-мөте қажет.

---

[1] Грамматикалық категориялар туралы әдебиеттер: *В. Н. Головин*, К вопросу о сущности грамматической категорий —«Вопросы языкознания», 1955, № 1; *Н. С. Поспелов*. Соотношение между грамматическими категориями и частями речи.— Сб. «Вопросы грамматического строя». М., 1955; *А. И. Моисеев*. О грамматической категории.—«Вестник ЛГУ», 1956; №2, серия истории языка и литературы, вып. 1; *Д. А. Штелинг*. О неоднородности грамматических категорий.—«Вопросы языкознания», 1959, № 1 *Н. К. Дмитриев*. Категория принадлежности. Категория числа.— Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», ч 11, М., 1956, стр. 22—37; 65—71; *Э. В. Севортян*. Категория принадлежности (бұл да аталған жинақта, 38—44-беттері): *В. М. Никитевич* — Грамматические категории в современном русском языке, М., 1963; *М. М. Гухман*. Грамматическая категория и структура парадичи.— Сб. «Исследования по общей теории грамматики», М., 1968; *В. З. Панфилов*. Категории мышления и языка. Становление и развитие категории количества в языке.—«Вопросы языкознания». 1971, № 5; *А. А. Реформатский*. Число и грамматика.—«Вопросы грамматики. Сборник статей к 75-летию академика *И. И. Мещанинова*», М.—Л., 1960.

Әрине, жеке, нақтылы бір тілдегі сөз таптарының санын да, табиғатын да сол тілдің өзіндік ерекшеліктерін ескермей немесе сол ерекшеліктерге байланыссыз айқындау дұрыс болмаған болар еді. Бұл жерде әңгіме сөз таптарының жалпы теориясының жеке, нақтылы тілдердегі сөздерді сөз таптарына дұрыс топтастыра білуге қатысы жайында болып отыр. Жеке тілдердегі немесе тілдердің тобындағы сөз таптарын айқындауда сол тілдердің немесе тілдердің тобының грамматикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, сөз таптарының жалпы теориясына негізделу қажет. Мұнсыз сөздерді сөз таптарына классификациялау мәселесі өзінің дұрыс шешімін таба алмайды.

«Жалпы теорияның негізінде ғана нақтылы тілдер үшін сөз таптарының арнайы теориялары қажетті көрнекі мысалдармен, дефинициялармен (ұғымдардың логикалық анықтамалары — Қ. А.) және түсіндірмелермен жасала алынады. Мұндай теориялардың — жалпы және арнайы теориялардың — өз ара қатынасы жалпы тіл білімі мен нақтылы тіл білімінің, жалпы теориялық грамматика мен жеке тілдердің грамматикаларының арасындағы ара қатынастардан басқаша болмауы керек. Кім сөз жүзінде емес, іс жүзінде тіл туралы жалпы теориялық қазіргі ғылымның салалары ретіндегі жалпы фонетиканың, жалпы лексикологияның, жалпы грамматиканың қажеттілігін мойындаса, сол жалпы ғылыми грамматиканың бөлімдерінің бірі — сөз таптарының жалпы теориясын жасау тәжірибелерінің жөн екендігін де мойындамай тұра алмайды.

Жалпы грамматиканың, соның ішінде сөз таптарының жалпы теориясының, қажеттілігі тіл атаулының әйтеуір бір универсальды грамматикасын жасау әрекетінен келіп тумайды. Сөз таптарының жалпы теориясы, осы салада істелгендердің пайдалысын дамыта келгенде, таза практикалық міндеттерді шешу үшін және, ең алдымен, өмір сүріп отырған тілдердің толық мәнді ғылыми грамматикалары мен оқулық ретіндегі грамматикаларын жасау үшін, ол грамматикалардың құрастырушыларының алогизм мен субъективизмнен ада болуы үшін, көптеген тілдерге тән, жалпылама ортақ жайларды да, әрбір жеке тілдің өзіндік бейнесін, өзіндік табиғатын, оның грамматикалық құрылысын сипаттайтын ерекшеліктерді де бірдей орынды ескеретін грамматикаларды жасау үшін қажет»[1]. «...Сөз таптарының жалпы теориясының болуы әбден мүмкін ғана емес, сонымен бірге өте-мөте қажет және оны зерттеп айқындау үшін кеңес тіл білімі мамандарында керектің бәрі де бар, олар мыналар: грамматика ғылымының бай классикалық мұрасы, Кеңес Одағы тілдері мен көптеген шетелдердің тілдерін зерттеуге арналған ескі, жаңа және жаңаша грамматикалық еңбектердің молдығы, грамматикалық зерттеулердің арнаулы методикасының негіздері»[2].

[1] *О. П. Суних.* Общая теория частей речи. Издательство «Наука», М.—Л., 1966, стр. 9—10.

[2] Бұл да сонда, 13-бет.

Сонымен, тіл білімінде сөз таптары және олардың классификациясы туралы мәселе сөз таптарының жалпы теориясы тұрғысынан қаралуға тиісті мәселе болып саналады.

§20. СӨЗ ТАПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Тіл білімінде ертеден бастап, сөздерді негізгі немесе атауыш сөздер (знаменательные слова), көмекші сөздер және одағай сөздер деп әр түрлі топтарға бөлу дағдысы бар. Атауыш сөздердің қатарына заттар мен құбылыстардың, сапа-белгінің және іс-әрекеттің атаулары жатады. Олардың әрқайсысында толық мағына бар және сөйлемде өздігінен дербес мүше ретінде қызмет атқара алады. Атауыш сөздердің қатарына зат есім, сын есім, үстеу, етістік және шартты түрде сан есімдер мен есімдіктер жатқызылып жүр. Көмекші сөздерде атауыш сөздердегідей дербестік жоқ. Лексикалық мағынаның әлсіреп күңгірттенуі және ондай мағынаның грамматикалық мағынамен ұласып кетуі, сөйлемде дербес мүше бола алмауы көмекші сөздерді сипаттайтын және оларды атауыш сөздерден ажырататын белгілер болып саналады. Көмекші сөздердің қатарына әр түрлі тілдердегі артикльдер, предлогтар, жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер енеді.

Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар мен байымдаулар бар. Олардың бірі бойынша, сөз таптары сөздердің лексика-грамматикалық категориялары болып саналса, екіншілері бойынша, сөз таптары сөздердің формальды-грамматикалық категориялары, үшіншілері бойынша, сөздердің таза грамматикалық топтары болып саналады.

Сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық категориялары деп қарайтындар сөздер өзіне тән белгілері, атап айтқанда, семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бойынша топталып, тиісінше белгілі бір сөз табына телінеді деп есептейді. Мысалы, А. А. Шахматовтың пікірі бойынша, әрбір сөз табының мағынасы сөздің негізгі (лексикалық) мағынасы мен оған қосымша грамматикалық ұғымдардың, грамматикалық категориялардың жиынтығынан құралады. Орыс тіліндегі зат есімдерде негізгі атауыш түсініктер (основное знаменательное представление) грамматикалық жекелік-көптік, тек (род), септік категорияларымен ұштасады да, етістіктерде — грамматикалық шақ, рай, етіс, жақ және т. б. категориялармен ұштасады[1]. А. А. Шахматовтың бұл жерде «мағына» жайында емес, «түсінік» жайында әңгіме етуінің себебі оның грамматикалық теориясына тән психологизмге байланысты екендігі аңғарылады.

Орыс тіл білімінде акад. В. В. Виноградов және т. б. грамматистер де сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық

[1] *А. А. Шахматов.* Синтаксис русского языка. Л., 1941, стр. 422.

топтары деп есептейді, Сөз таптарын бұлайша анықтау, сайып келгенде, И. А. Бодуэн де Куртенэ мен Л. В. Щербаның сөз таптары туралы көзқарасына барып тіреледі. В. В. Виноградовтың мына бір тұжырымы оның сөз табы туралы пікірінің мәнісін айқындай түседі: «Сөз лексикалық және грамматикалық мағыналардың ішкі конструктивті бірлігі болып табылады»[1]. Акад. И. И. Мещанинов те сөз таптарын сөздердің мағыналары мен формаларының өз ара ұштасуы деп қарайды: «Семантикалық жақтан да, форма жағынан сипатталатын лексикалық топтар сөз таптары деп аталады»[2]. Н. С. Поспелов сөз таптарын сөздердің лексика-грамматикалық топтары деп санайды да, ол топтар өздеріне тән грамматикалық категориялармен сипатталады деп тұжырымдайды[3].

Ф. Ф. Фортунатов және оның мектебі сөз таптарын формальды-грамматикалық (дәлірек айтқанда, морфологиялық) категория деп қарады. Ф. Ф. Фортунатоов сөздерді «түрленетін» және «түрленбейтін» сөздер деп топтастырады да, «түрленетін» сөздерді «жіктелетін» (етістіктер), «септелетін» (зат есімдер) сөздер септелетіндердің ішінде тек (род) категориясына орай сөз түрлендіруші формаларға ие болатын сөздер (сын есімдер) деп іштей жіктейді. Ф. Ф. Фортунатов үстеулерді «түрленбейтін», бірақ сөз тудырушы формаларға ие болатын топқа жатқызады[4]. Сөздерді бұлайша тек сыртқы белгілеріне қарай сөз таптарына топтастыру тар шеңбердегі морфологизмге әкеп соқтырды. Фортунатов мектебіне тән морфологизм Л. В. Щербаның еңбектерінде орынды сынға алынды. Ол былай деп жазды: «Алайда *стол, медведь* дегендер септелетін болғандықтан ғана зат есімдер деп есептеуге бола қояр ма екен: қайта біз оларды зат есімдер болғандықтан септейміз»[5].

Сөз таптарын таза грамматикалық категория деп қарайтын лингвистер де бар. Мысалы, О. П. Суник сөз таптарын классификациялауда тіл білімінде негізге алынып жүрген заттылық, атрибутивтік, іс-әрекет (процесс) тәрізділерді лексикалық мағына емес (ал А. А. Шахматов бұларды лексикалық мағынамен ұштастырады), жалпы грамматикалық мағына деп есептейді. Оның пікірінше, заттылық (предметность) — зат есімдерге тән және оны басқа сөз таптарынан (сын есім, сан есім, етістік және үстеулерден) ажырататын жалпы грамматикалық мағына

[1] *В. В. Виноградов.* Русский язык (грамматическое учение о слове). Л., 1947, стр. 15.
[2] *И. И. Мещанинов.* Члены предложения и части речи. М.—Л., 1945, стр. 5.
[3] *Н. С. Поспелов.* Грамматические категории и части речи.— Сб. «Вопросы грамматического строя». М., 1955, стр. 76—77.
[4] *Ф. Ф. Фортунатов.* Сравнительное языковедение. Общий курс. Избранные труды. т. 1. М., 1956, стр. 157—172.
[5] *Л. В. Щерба.* О частях речи в русском языке. Избранные работы по русскому языку. М., 1957, стр. 64.

(общегрaмматическое значение)[1]. О. П. Суник сөз таптарының әрқайсына тән жеке грамматикалық категориялар мен мағыналарды, грамматикалық формаларды сөз таптарын ажырататын белгілер ретінде емес, сөз таптарының әрқайсысының өзіне тән жалпы грамматикалық мағынасынан туатын, соған бағынышты құбылыстар деп қарайды. «...Формальды белгілер де, жалпы грамматикалық заттылық мағынаға қосақтала жүретін жеке грамматикалық мағыналардың өздері де (әр басқа тілдерді былай қойғанда, бір тілдің өзінде де түрлі-түрлі болатын жеке грамматикалық мағыналар) зат есім категориясын айқындай да, жасай да алмайды. Керісінше, олардың өздері зат есімнің жалпы грамматикалық мағынасы — грамматикалық жалпы және универсальды заттылық мағына арқылы жасалып қалыптасады, айқындалады, ал жалпы грамматикалық заттылық мағына сөздің формаларында да (синтетикалық және аналитикалық формаларында), оның лексикалық мағыналарында да, синтаксистік қызметтерінде де көрінеді»[2]. Сонымен, О. П. Суник сөздерді сөз таптарына классификация жасауда сөз таптарының жалпы грамматикалық мағыналары — заттылық, атрибутивтілік, процессуальдылық және т. б. мағыналарды негізге алады да, сөз таптарын таза грамматикалық категория ретінде қарастырады.

Сөз таптарын А. А. Реформатский де грамматикалық категория деп санайды. Ол былай деп жазды: «Сөз таптары — грамматикалық (бірақ лексикалық немесе лексика-грамматикалық емес) категориялар, олардың құрамы мен орналасуы әрбір тілде басқаша болады және олар өздерінің лексикалық қасиеттерімен емес, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерінің жиынтығымен және мүмкіндіктерімен айқындалады»[3].

Біздің байқауымызша, сөз таптарын лексика-грамматикалық категориялар немесе сөздердің лексика-грамматикалық топтары деп қарайтын лингвистердің байымдаулары ғылыми жағынан дәлелді сияқты. Сөз таптарын бір-бірінен грамматикалық жағынан емес, сонымен бірге лексикалық жағынан да ажыратылатын, осыған орай, оларды сөздердің лексика-грамматикалық топтары деп санайтын пікірлер Л. В. Щерба, В. В.Виноградов, Л. А. Булаховский, В. М. Жирмунский, А. И. Смирницкий, Р. А. Будагов, А. В. Исаченко және т. б. лингвистердің еңбектерінде айтылған. Бұл пікірге тюркологияда А. К. Боровков, А. Н. Кононов, Н. А. Баскаков, И. А. Батманов, Э. В. Севортян, А. Ы. Ысқақов, Н. П. Дыренкова, Л. Н. Харитонова, А. Г. Гулямов және т. б. тюркологтар қосылады. Аталған лингвистердің сөз

[1] *О. П. Суник.* Общая теория частей речи. Издательство «Наука», М.—Л., 1966, стр. 113—116.
[2] Бул да сонда, стр. 114.
[3] *А. А. Реформатский.* Введение в языковедение, издание четвертое, М., 1967, стр. 324.

таптары жайындағы пікірлері мен байымдаулары бір-бірімен түгелдей сай келеді деуге, әрине, болмайды. Дегенмен олар сөз таптарын, бүтіндей алғанда, сөздердің лексика-грамматикалық топтары (категориялары) ретінде таниды.

Сөз — әр жақты және өте-мөте күрделі құбылыс. Ең алдымен, сөз — дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын лексикалық единица. Бұл ретте ол тіл білімінің лексикология саласында қарастырылады. Мұнымен бірге, сөздің грамматикалық жағы да бар, әрбір сөзде грамматикалық мағына болады. Сөздерден сөз тіркесі және сөйлем құралады. Тілде сөздерден тыс еш нәрсе де жоқ десе болады. Сөзден тыс, сөзге келіп тірелмейтін бірде-бір құбылысты тілден табу қиын. Тіл білімінде сөз лексикалық құбылыс ретінде ғана емес, грамматикалық құрылыс ретінде де қаралады.

Сөздердің белгілі бір тобы белгілі сөз табы ретінде қарастырылғанда, ең алдымен, оның білдіретін мағынасы есепке алынады да, зат есімдер тобына тән мағына — заттылық мағына, сын есімдер тобына тән мағына — атрибутивтік мағына, етістіктер тобына тән мағына — процессуальдық мағына ретінде қаралып, аталған мағыналарды лингвистердің бірі лексикалық мағынаның (А. А. Шахматов) немесе лексика-семантикалық мағынаның қатарына жатқызса (В. М. Жирмунский), екіншілері категорияльды мағынаның (категориальная семантика) немесе классификациялаушы мағынаның қатарына (А. Н. Савченко, А. Н. Тихонов, А. Ы. Ысқақов және т. б.), үшіншілері грамматикалық мағынаның қатарына жатқызады (Н. С. Поспелов, М. И. Стеблин-Каменский, О. П. Суник, Э. В. Севортян, Б. И. Косовский және т. б.).

Жоғарыдағы баяндаулардан сөздерді сөз таптарына классификациялауда, қалайда болсын, бір белгі ретінде мағынаның негізге алынатындығы көрінеді. Ал мағынаны қандай терминмен, атап айтқанда, лексикалық мағына, категорияльды (немесе классификациялаушы) мағына немесе грамматикалық мағына деген терминдердің қайсысымен атауымыз керек?

Бұл сұраққа жауап беру үшін сөздің сөз табы ретіндегі мағынасының табиғатын айқындап алу қажет. Сөз өзінің лексикалық мағынасымен бірге белгілі бір сөз табының мағынасына да ие болады. Сөздің лексикалық мағынасы мен сөз табы ретіндегі мағынасын бірдей деп есептеуге де, бұл екеуінің арасына тепе-теңдік белгісін қоюға да, әрине болмайды. Мысалы, *таза, тазалық, тазалау* деген сөздер лексикалық мағыналары жағынан ұқсас болғанымен, сөз табы ретінде әр басқа, бір-бірімен ұқсамайтын мағыналарды, атап айтқанда, *таза* — атрибутивтік (сындық) мағынаны, *тазалық* — заттылық мағынаны, *тазалау* — процессуальдық (іс-әрекет) мағынаны білдіреді. Белгілі бір сөз табына енетін алуан түрлі сөздер әр басқа лексикалық мағыналарды білдіргенімен, сөз табы ретінде бір ғана мағына-

ны білдіреді. Мысалы, *етікші, малшы, жақсылық* деген сөздердің алғашқысы «аяқ киім тігетін адам» деген лексикалық мағынаны білдірсе, екіншісі «мал бағатын адам», үшіншісі «игілікті іс» деген лексикалық мағынаны білдіреді. Ал бұл үшеуінің және т. б. осылар тәріздес сөздердің (зат есімдердің) сөз табы ретіндегі білдіретін мағынасы біреу ғана: ол мағына — заттылық мағына. Заттылық мағына — зат есімдер тобына енетін күллі сөздердің бәріне бірдей тән, солардың бәрінің басын қосатын, зат есім атаулының баршасына бірдей жалпылама ортақ және зат есімдер тобына енетін сөздердің нақтылы лексикалық мағыналарынан абстракцияланған мағына. Сын есімдер тобына енетін сөздер жайында да осыны айтуға тура келеді. Мысалы, *сары, ақылды, сезімтал* деген сөздер лексикалық мағыналары жағынан әр басқа мағыналарды, ал сөз табы (сын есім) ретінде бір мағына — сапалық, сындық (атрибутивтік) мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, *тыңдау, сөйлеу, жүру* тәрізді сөздердің әрқайсысы әр басқа лексикалық мағыналарды білдірсе, сөз табы (етістік) ретінде бір ғана мағына — процессуальдық (іс-әрекет) мағынаны білдіреді. Қимыл, іс-әрекет мағынасы — аталған сөздердің *(тыңдау, сөйлеу, жүру)* және осылар тәріздес т. б. сөздердің нақтылы лексикалық мағыналарынан абстракцияланған, күллі етістік атаулы сөздердің барлығына бірдей тән, жалпылама ортақ мағына.

Сөз таптарына тән, жалпылама ортақ мағыналарды, атап айтқанда, заттылық, атрибутивтік (сапалық, сындық), процессуальдық (іс-әрекет) және т. б. осылар тәріздес мағыналарды сөздің лексикалық мағыналарымен бірдей деп қарауға, әрине, болмайды. Жоғарыда аталып өткеніндей, лексикалық мағыналары әр басқа сөздер сөз табына қатысы жағынан бір ыңғайлас, бір сипаттас болып, ол сөздер сөз табы ретінде жалпылама ортақ, сол сөз табына тән, жеке нақтылы сөздердің мағыналарынан абстракцияланған бір ғана мағынаға (ол мағына заттылық, атрибутивтік, процессуальдық және т. б. осылар тәріздес мағыналардың бірі болуы мүмкін) ұласады. Демек жоғарыдағыдай кейбір лингвистердің сөз табының мағынасын лексикалық мағына деп тануы дұрыс болып шықпайды.

Лингвистердің екінші тобы, жоғарыда аталып өткеніндей, сөз табының мағынасын грамматикалық мағына немесе жалпы грамматикалық мағына деп есептейді. Егер сөз түрлендіруші аффикстер мен сөз тудырушы және форма тудырушы аффикстердің грамматикалық мағыналарды білдіріп, ол аффикстердің де мағыналары грамматикалық мағыналар деп аталып жүргенін ескерсек, сөздердің сөз табы ретіндегі мағынасын да грамматикалық мағына деп атау тиімді бола алмайды.

Бұл мәселе, біздің байқауымызша, орыс тілінің кейінде жарық көрген академиялық грамматикасында дұрыс шешімін тапқан сияқты. Аталған грамматикада сөз табының мағынасы жал-

пы категорияльды мағына (общее категориальное значение) деп аталып, ол мағынаның сол сөз табына жататын барлық сөздердің лексикалық мағыналарынан және сол сөз табына тән грамматикалық категориядан абстракцияланған мағына екендігі көрсетіледі[1].

Сонымен, сөз таптары бір-бірінен, ең алдымен, жалпы категорияльды мағыналары жағынан ажыратылады. О. П. Суниктің пікірінше, сөз таптарында жүйе бар, ол жүйе сөз таптары жалпы грамматикалық мағыналары жағынан ажыратылады. Мысалы, зат есімнің заттылық деп аталатын жалпы грамматикалық мағынасына атрибутивтік, процессуальдық мағыналарға ие болатын сөз таптары мағыналар жағынан қарсы қойылу арқылы ажыратылады[2]. Егер О. П. Суниктің «жалпы грамматикалық мағына» деп отырғанын «жалпы категорияльды мағына» деп түсінсек онда сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда бұл белгінің дұрыстығын мойындамасқа болмайды.

Тіл білімінде сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда грамматикалық белгілер де негізге алынады. Грамматикалық белгілердің өзі екі түрлі: оның бірі — морфологиялық белгі, екіншісі — синтаксистік белгі.

Морфологиялық белгінің қатарына сөз тудыру формалары мен сөз түрлендіру формалары енеді. Сөз тудырушы аффикстер (жұрнақтар) сөз таптарына телініп, соған орай, олардың грамматикалық белгісі ретінде қызмет атқара алады. Мысалы: ***-шы (-ші), -м (-ым, -ім)*** жұрнақтары зат есімдерге *(етікші, жұмысшы, малшы, жылқышы, жазушы, қайықшы; өнім, киім, білім, ұғым, соғым, тізім, сенім, тыным* және т. б.), ***-лы (-лі, ды, -ді, -ты, ті), -ғыш (-гіш, қыш, кіш)*** жұрнақтары сын есімдерге *(сулы, денелі, ажарлы, пайдалы, тұзды, кеуделі, тасты, жемісті, ұқыпты, ойлы, көңілді; жазғыш, білгіш, сезгіш, тапқыш, айтқыш, сенгіш* және т. б.), ***-ла (лә, -да, -де, -та, те), -а (-е)*** жұрнақтары етістіктерге *(тағала, шегеле, тоқтайла, өкпелі, арқанда, мекенде, белгіле, таяқта, астарла, гүлде, әдеміле, ақта, қарала, арықта; сына, міне, қана, өрт* және т. б.) тән жұрнақтар ретінде қаралады да, бір сөз табын екінші сөз табынан ажыратуға көмектеседі.

Сөз тудырушы белгі сөз таптарында болмауы да мүмкін. Мысалы, орыс тілінде *дом («үй»)* деген зат есім мен *хром* («сары бояудың бір түрі») деген сын есім, неміс тілінде *Mut* («ерлік, батылдық»), *gut* («жақсы, мейірімді»), ағылшын тілінде *haod* («бас»), *red* («қызыл») деген зат есім мен сын есімдер[3] қазақ тілінде *тас* деген зат есім мен *сары* деген сын есім сөз тудырушы белгілері жағынан ажыратылмайды. Осы қалпында аталған сөздерде бір сөз табын екінші сөз табынан ажырататындай сөз тудырушы белгілер жоқ. Мұндайда сөз таптарын ажыратуда сөз түрлендіру жүйесіндегі айырмашылықтар көмегін тигізе алады. Мысалы, әсіресе флективті тілдерде, соның ішінде сөз таптарының әрқайсысы өзіне тән сөз түрлендіруші формалар арқылы сипатталатын тілдерде, сөз түрлендіру жүйесі сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда айрықша қызмет атқарады. Орыс тілінде зат есімдер септеледі, сын есімдер де зат есімдермен қиыса байланысып, септеле алады, тек (род) категориясы бойынша түрленеді, сын есімдердің сапалық сын есімдер деп аталатын түрлері шырай формаларын қабылдайды; етістіктер жіктеліп, тиісті формаларға ие болады. Ал белгілі бір сөз түрлендіруші формалардың болмауы, мысалы, сын есімдердің келте түрінің септелмеуі немесе қатыстық сын есімдер шырай түрлерінің болмауы бұларды тиісті лексика-грамматикалық категориядан шығарып тастауға негіз бола алмайды[1].

Сөз таптарының сөз түрлендіру жүйесі арқылы ажыратылуы грамматикалық категориялармен барып ұштасады. Мысалы, жекелік-көптік категориясы, септік категориясы көптеген тілдерде, соның ішінде орыс тілі мен қазақ тілінде, зат есімдерге тән және оны сипаттайтын категория ретінде ұғынылады. Түркі тілдеріндегі зат есімдерге бұған қоса тәуелдік категориясы өте-мөте тән. Грамматикалық тек (род) категориясы мен септік категориясы орыс тілінде зат есімдермен қиыса байланысатын сын есімдерге тән грамматикалық категория ретінде ұғынылады. Бірсыпыра индоевропа тілдерінде және түркі тілдерінде грамматикалық шақ, рай, жақ, етіс категориялары, орыс тілінде грамматикалық сипат (вид) категориясы етістіктерге тән және соларды сипаттайтын грамматикалық категориялар ретінде қарастырылады. Грамматикалық шырай категориясы сөз таптарының ішінде сын есімдерге тән категория ретінде ұғынылады. Сонымен, сөз таптары мен оларды сипаттайтын грамматикалық категориялардың арасында заңды қарым-қатынас қалыптасады.

Есім сөздер бір-бірінен сөз түрлендіруші формалар арқылы ашық-айқын ажыратыла бермейтін тілдерде, мысалы, ағылшын тілі мен түркі тілдерінде, сын есімдер мен үстеулер зат есімдерден әрқашан оңай ажыратыла бермейді деген пікір бар.

Алайда, зат есімдерден сын есімдерді ажырататындай, ағылшын тілі мен түркі тілдерінде морфологиялық белгі жоқ деу қате болар еді. Аталған тілдерде жалпы категорияльды мағына— заттылық мағынаны білдіретін зат есімдерден сын есімдердің сапалық, сындық (атрибутивтік) деп аталатын жалпы категорияльды мағынасы жағынан ажыратылатындығын былай қой-

---

[1] Грамматика русского литературного языка. Издательство «Наука», М., 1970, стр. 304.

[2] *О. П. Суник.* Общая теория частей речи. стр. 114—123.

[3] Бұл мысалдар *В. М. Жирмунскийдің* мына мақаласы бойынша келтірілді: О природе частей речи.— Сб. «Вопросы теории частей речи» (на материале языков различных типов). Издательство «Наука», Л., 1968, стр. 22.

[1] Бұл да сонда, 22-бет.

ғанның өзінде, зат есімдер мен сын есімдер, жоғарыда аталып өткеніндей, бір-бірінен сөз тудыру формалары жағынан ажыратылады. Бұл — бір. Екіншіден, зат есімдерден сын есімдер шырай формалары арқылы, басқаша айтқанда, форма тудырушы аффикстер (жұрнақтар) арқылы ажыратылады. Үшіншіден, морфологиялық жағынан зат есімдермен салыстырғанда, сын есімдер формаларға тапшылығымен сипатталады.

Оларда (сын есімдерде.— К. А.) зат есімдерге тән септік категориясы да, жекелік-көптік категориясы да жоқ. «Сын есімдердің жекеше-көпше болып түрленбеуі зат есімдерден сын есімдерді ажырататын ең басты морфологиялық белгі болып саналады»[1].

Зат есімдерде жекелік-көптік категориясы мен септік категориясының болуы, ал бұл категориялардың сын есімдерде болмауы немесе, керісінше, шырай категориясының зат есімдерге емес, сын есімдерге тән болып келуі аталған сөз таптарының бір-бірінен өздеріне тән грамматикалық категориялары жағынан ажыратылатындығын көрсетеді. Бұл жайында ағылшын тілін зерттеуші А. И. Смирницкий былай деп жазды: «Сын есімдер септік, жекелік-көптік категорияларына ие бола алмағанмен, айрықша, өзінің ерекше категориясымен, атап айтқанда, шырай категориясымен сипатталады. Сонымен, морфологиялық тұрғыдан зат есімдер мен сын есімдердің ара қатысы мына түрде көрінеді: бір жағынан, зат есімдер сын есімдерде жоқ екі категорияға (жекелік-көптік және септік) ие болады, екінші жағынан, сын есімдер зат есімдерде жоқ категорияға (шырай категориясы) ие болады. Демек, бүтіндей алғанда, сын есімдер мен зат есімдер үш тұрғыдан, үш түрлі категория саласынан ажыратылады»[2].

Сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда әр түрлі тілдердің құрылымдық ерекшеліктерінің, әсіресе, олардағы сөздердің морфологиялық құрылымының әр басқа болуының үлкен мәні бар. Мысалы, осы кітаптың бірінші тарауында баяндалып өткеніндей, орыс тілінде көптеген сөздердің құрамында олардың қай сөз табына қатысты екендігін аңғартып тұратындай грамматикалық көрсеткіштер болса және ондай көрсеткіштерсіз сөздің негізі өздігінен қолданыла алмайтын болса, ағылшын тілі мен түркі тілдерінде сөздердің негіздері немесе түбірлері өздігінен дербес сөздер ретінде қолданыла береді және олардың құрамында қай сөз табына қатысты екендігін аңғартатындай грамматикалық көрсеткіштердің болуы шарт емес. Бұл — ағылшын тілі мен түркі тілдеріндегі сөздерге тән өте-мөте басты ерекшеліктердің бірі. Түрлі тілдердің грамматикалық құрылысындағы, ондағы сөздердің морфологиялық құрылымындағы осындай

[1] *А. И. Смирницкий.* Морфология английского языка, стр. 150.
[2] *А. И. Смирницкийдің* аталған еңбегінен, 150—151-бет.

айырмашылықтарды ескере келгенде, ағылшын тілі мен түркі тілдеріне қарағанда, орыс тілінде сөз түрлендіру жүйесінің сөз таптарын бір-бірінен ажыратушы белгі ретіндегі қызметі басым деп тұжырымдауға әбден болады. Мысалы, орыс тіліндегі сын есімдер мен зат есімдер сөздердің құрамындағы грамматикалық көрсеткіштер арқылы (*больш-ой*, *книг-а*) ашық айқын ажыратылады. Мұндай көрсеткіштері жоқ тілдерде, мысалы, ағылшын тілі (big —«үлкен», book —«кітап») мен түркі тілдерінде (мысалы, қазақша *үлкен* және *кітап*) сөздердің мағыналары (анығырақ айтқанда, сөз таптарының жалпы категориялық мағыналары) мен синтаксистік қызметі басты белгілер ретінде негізге алынады. Ағылшын тілінде зат есімдер жапа-тармағай септеле бермейді, зат есімдердің септелу шеңбері тар; сын есімдерде септелу жүйесі де, орыс тіліндегідей тек (род) категориясы бойынша түрлену жүйесі де жоқ.

Осыған орай, зерттеушілер сөз таптарын ажыратуда ағылшын тілінде синтаксистік белгі шешуші роль атқарады деп есептейді: «Сөз таптарының жалпы грамматикалық сипаттамасында олардың морфологиялық белгілері (бір сөз табындағы сөзді басқа сөз табындағы сөзден ажырататын грамматикалық формалардың белгілі бір жүйесі) мен синтаксистік ерекшеліктері (белгілі бір сөз табына қатысты сөздердің сөйлемдегі қызметі мен олардың синтаксистік тіркесімі) бірдей маңызды қызметке ие болады. Бірақ синтаксистік белгі жалпылама ортақ болып саналады да, сөздің грамматикалық сипаттамасында бірінші орынға ие болады. Мұның өзі морфология тұрғысынан сөздердің барлық топтары бір-бірінен жеткілікті дәрежеде айқын ажыратыла бермейтіндігімен байланысты, ал синтаксистік тұрғыдан олар әбден айқын ажыратылады. Морфологиялық жағынан түрленбейтін сөздер, мысалы, одағайлар мен үстеулер, сөздердің әр басқа грамматикалық сипаттамасы бар, әр басқа топтары ретінде синтаксистік тұрғыдан ғана көрінеді»[1]. Ағылшын тілінде морфологиялық белгінің сөз таптарының көпшілігін айқындауда көмекші қызмет атқаратыны белгілі. Демек, оларды екі түрлі белгінің негізінде: мағыналық (категорияльды мағына) және синтаксистік (тіркесу қабілеті мен сөйлемдегі қызметі) белгілердің негізінде айқындауға тура келеді»[2].

Түркі тілдерінде зат есімдерден сөз түрлендіруші формалармен өзгеріп түрлене бермейтін сөз таптарын, мысалы, сын есімдерді, үстеулерді морфологиялық белгінің негізінде ажырату мүмкін бола бермейді. Мұндайда, әрине, сөз таптарының жалпы категорияльды мағынасы мен синтаксистік белгісін таяныш етуге тура келеді.

Сөз таптарының синтаксистік белгісі олардың сөйлем мен

[1] *А. И. Смирницкий.* Морфология анлийского языка. М., 1959, стр. 103.
[2] *Б. А. Ильин.* О частях речи в английском языке.— Сб. «Вопросы теории частей речи», стр. 141.

сөз тіркесінің құрамында атқаратын қызметтерімен айқындалады. Ол қызметтің мазмұнына белгілі бір сөз табына телінетін сөздің сөйлемге мүше болу қызметі ғана емес, мұнымен бірге оның сөйлемде немесе сөз тіркесінде басқа сөздермен тіркесу, олармен байланысу ерекшелігі де енеді.

Бір сөз табына телінген сөздердің басқа сөз табына қатысты сөздермен тіркесу қабілеті және олардың сөйлемдегі қызметі туралы төмендегі жайларды атап айту қажет. Зат есімдер етістіктермен тіркеседі де, сөйлемнің тәуелсіз мүшесі (бастауыш) ретінде қызмет атқарады. Зат есімдердің сөйлемде көбінесе тәуелсіз мүше — бастауыш болуы олардың (зат есімдердің) жалпы категорияльды мағынасы — заттылық мағынасымен байланысты екендігі аңғарылады.[1] «Зат есімдердің аталған қызметте (бастауыш және толықтауыш қызметінде.— К. А.) жиі қолданылуы осы сөздер тобының категорияльды мағынасының заттылығымен байланысты. Шынында да, бастауыш сөйлемнің өте-мөте дербес мүшесі, оның тірегі болып табылады, осыдан бастауыштық қызметтің де затты белгілейтін сөзге тән болуы табиғи нәрсе: процесс те, сапа да зат жоқ жерде — осы процесті немесе сапаны иеленуші жоқ жерде — болуы мүмкін емес; бастауыштық қызметті керек ететін, өте-мөте тәуелсіздікке ие болатын да — заттың тап өзі»[1]. Зат есімдер сын есімдермен де еміннеркін тіркесе алады. Бұлай болуы заңды да: зат белгілі бір сапаға, белгіге ие болады, керісінше, сапа, белгі әрқашан да затқа телінеді. Осыған орай, зат есімдер сын есімдермен тіркесе қолданылып, мұндай тіркесте немесе сөйлемде зат есімдер бастауыш немесе толықтауыш қызметінде, сын есімдер тәуелді мүше — анықтауыш қызметінде жұмсалады. Сөйлемде зат есімдердің тәуелсіз мүше — бастауыш қызметінде, зат есіммен тіркесе қолданылған сын есімнің тәуелді мүше — анықтауыш қызметінде жұмсалуында белгілі бір заңдылық бар: заттық ұғым сапалық ұғымнан басымырақ, сапа — белгі — заттың қасиеті, затқа тәуелді қасиет. Мұндай ерекшелік орыс тілінде бірден аңғарылады. Орыс тілінде сын есімдер зат есімдерге тәуелді, бағынышты сөздер ретінде жұмсалып, зат есімдер қай текте (род), қай септікте және көптік пен жекеліктің қай түрінде қолданылса, сын есімдер де соларға бағынып, қиыса байланысып, зат есімнің грамматикалық формасына ыңғайласа қолданылады. Ал ағылшын тілі мен түркі тілдеріндегі және т. б. кейбір тілдердегі сын есімдерде мұндай, орыс тіліндегідей, түрлену ерекшелігі жоқ. Бұл тілдердің бәріне бірдей ортақ белгі бар: ол — сын есімдердің тәуелді мүше ретінде анықтауыш қызметін атқаруы.

Зат есімдер бастауыш қызметін немесе толықтауыш қызметін, ал сын есімдер анықтауыш қызметін атқарады дегеннен

[1] *А. И. Смирницкий.* Морфология английского языка. М., 1959, стр. 103.

аталған сөз таптары сөйлемнің басқа мүшелері бола алмайды деген ұғым, әрине, тумасқа тиіс. Зат есімдер сөйлемде қолданылу ыңғайына қарай баяндауыш қызметін де, анықтауыш немесе пысықтауыш қызметін де атқаратыны сияқты, сын есімдер пысықтауыш қызметінде немесе субстантивтеніп барып бастауыш, толықтауыш, кейде баяндауыш қызметінде де жұмсалуы мүмкін. Алайда, сөйлемде зат есімнің бастауыш немесе толықтауыш қызметінен, сын есімдердің анықтауыш қызметінен басқа қызмет атқаруы — оларға тән басты қызмет емес, қолданылу ыңғайына қарай туған, екінші қатардағы қызмет. Үстеулердің сөйлемдегі негізгі қызметі — пысықтауыш болу. Сөйлемде үстеулердің пысықтауыштан басқа да қызмет атқаруы мүмкін, бірақ ондай қызмет үстеулерге үйреншікті де, негізгі қызмет те бола алмайды. Етістіктер жайында да осыны айтуға тура келеді. Етістіктердің негізгі синтаксистік қызметі — сөйлемде баяндауыш немесе көсемше түрінде пысықтауыш болу. Ал олардың қолданылу ыңғайына қарай кейде бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалуы екінші қатардағы қызметі ретінде саналуға тиіс.

Жоғарыда сөз таптарының синтаксистік белгісінің мазмұнына олардың сөзі тіркесінде және сөйлемде басқа сөздермен тіркесу ерекшеліктері де енеді дедік. Сын есімдер заттың сынын, сапасын білдіру қызметіне орай, әдетте, зат есімдердің алдында тұрып, олардың анықтауышы болады да, етістіктер заттардың қимыл, іс-әрекетін білдіріп, әдетте, олардан кейін тұрады, баяндауыш қызметін атқарады. Үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің сынын, мезгілін, мөлшерін, күйін білдіреді, осыған орай, етістіктермен тіркесіп, олардың алдында тұрады. Түркі тілдерінде көмекші есімдер, септеуліктер, индоевропа тілдерінде предлогтар заттардың бір-біріне немесе іс-әрекетке қатысын білдіруіне орай, зат есімдерге тіркеседі, басқа сөз таптарына емес, зат есімдерге тікелей қатысты көмекші сөздер ретінде ұғынылады. Артикльдер де басқа сөз таптарына емес, зат есімдерге қатысты және соларға тән көмекші сөздер ретінде танылады. Осыған орай, артикльдер зат есімдермен тіркесе қолданылады. Ал еліктеу сөздер етістіктермен тіркеседі, солардың алдында орналасады.

Сонымен, сөз таптары бір-бірінен жалпы категорияльды мағынасы, морфологиялық және синтаксистік белгілері арқылы ажыратылады. Бұл белгілердің ара салмағы сөз таптарының барлығында бірдей бола бермеуі мүмкін. Мысалы, ағылшын тілі мен түркі тілдерінде сын есімдер мен үстеулер морфологиялық көрсеткіштерге бай емес. Осылай болғандықтан, аталған тілдерде сын есімдер мен үстеулер басқа сөз таптарынан сөз түрлендіруші формаларға тапшы болуы жағынан және жалпы категорияльды мағына мен синтаксистік қызмет деп аталатын белгілері жағынан ажыратылады.

§21. СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ МЕН ДАМУЫ

Бірсыпыра зерттеушілер тарихи тұрғыдан сөз таптарын сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Бұл мәселе жайында акад. И. И. Мещанинов «Сөйлем мүшелері мен сөз таптары» деген салыстырмалы-типологиялық зерттеуінде былай деп жазды: «Зат есім өзінің сөйлемде заттық мағынадағы мүше (бастауыш және толықтауыш) болуымен бөлініп шығады, сөздердің сөйлемнің атрибутивті мүшесі (анықтауыш) ретінде жұмсалуы арқылы сын есім жасалады, үстеулер пысықтауыш мүше ретінде жұмсалады, етістік басқа сөз таптарынан баяндауыш (сөйлемнің іс-әрекетті білдіретін мүшесі) ретінде қызмет атқаруы нәтижесінде ажыратылады. Бұл жерде сөйлемнің осылай мүшеленуімен лексикалық топтар жасалады»[1].

Зерттеушілер сөз таптарының сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалу барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді. «Сөздердің морфологиялық жағынан тұлғаланған лексикалық топтарының (зат, іс-әрекет, қасиет және т. б. атаулары) олардың синтаксистік қызметінің негізінде жасалу процесі индоевропа тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасынан ашық-айқын көрінеді»[2]. «Грамматикалық жағынан тұлғаланған сын есімдер категориясының жасалуы, яғни ежелгі есімдердің зат есімдер мен сын есімдерге дифференциялануы, индоевропа тілдерінде салыстырмалы грамматика методтары арқылы көріне алады». Мұндай дифференциация индоевропа тілдерінің ең көне кезінде болмаған[3]. Бұл жайында А. А. Потебня былай деп жазды: «Тілдердің тарихында зат және белгінің атын ажырататын сын есім зат есімнен кейінірек және содан жасалды»[4]. «Зат есім мен сын есімнің арасындағы айырмашылық о бастан емес. Сын есімдер зат есімдерден туған, яғни әр түрлі индоевропа тілдерінде азды-көпті айқын іздер мен деректер қалдырған, сапа — қасиет тек қана нақтылы, тек қана зат ретінде ұғынылған кездер болған»[5]. «Зат есімнен сын есімнің жасалу жолы дегеніміз зат есімнің атрибутивті қолданылуы»[6].

В. М. Жирмунский индоевропа тілдерінің көп дәуірінде зат есімдер мен сын есімдердің жігінің ажыратылмағандығын есім негіздердің ортақ болуы, есімдердің септелу формаларының бірдей болуы және т. б. жайындағы деректерді келтіре отырып дәлелдейді. Зат есімдер мен сын есімдердің және үстеулердің тілдердің даму барысында біртіндеп жігі ажырап, дербес лексика-грамматикалық категориялық ретінде қалыптасқандығын көрсетеді[1]. Сөз таптарының бірден емес, біртіндеп қалыптасқанын, олардың жігінің ажырап, әр басқа сөз таптарының тілдің тарихи даму барысында жасалғандығын түркі тілдерінің деректері де дәлелдей түседі. Мысалы, *көк, жас* деген сөздердің әрі зат есім, әрі сын есім болуы (омонимдес сөздер) есім сөздердің ерте кезде жігі айқын ажыратылмағандығын аңғартады, дифференциацияланбау құбылысының тілде сақталған ізі екендігін көрсетеді. Түркі тілдерінде әрі есім, әрі етістік мағынасын білдіретін *көш, той, тоң, ық, ой* тәрізді етістік-есім омонимдер бар. Етістік-есім түріндегі бұлар тәріздес түбір омонимдерді Э. В. Севортян түркі тілдерінің көне дәуіріндегі грамматикасы мен сөздігінде болған грамматикалық синкретизм құбылысы ретінде қарайды[2]. Ол синкретизм құбылысы түркі тілерінің тарихында есім мен етістік түбірлерінде ғана емес, сонымен бірге бірден есім және етістік тудыратын аффикстерде болғандығын айтады[3].

Тілдің ғасырлар бойындағы тарихи дамуы барысында оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы өзгеріссіз қала алмайды. Сөздердің лексикалық табиғатында да, грамматикалық табиғатында да алуан түрлі өзгерістер болады, олар қолданылу ыңғайына, атқаратын қызметіне қарай сараланады, топтасады. Осылайша дамудың барысында сөздердің топтары сараланып, сөз таптары жасалады да, олардың әрқайсысы өзіндік жалпы категорияльды мағынаға ие болады, морфологиялық жағынан тұлғаланады, сөз тудырушы және сөз түрлендіруші арнайы формаларға ие болып, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруға икемделеді.

Сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи дамуы барысында біртіндеп жасалатындығы үстеулердің сөз табы ретінде жасалып қалыптасуынан әсіресе ашық айқын көрінеді. Зерттеушілер индоевропа тілдерінде зат есімдер мен сын есімдердің септік жалғаулы түрлерінің сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалу барысында олардан үстеулердің жасалғандығын айтады. Бұған орыс тіліндегі *вечером, порой, кругом, издавна, вплотную* және т. б. үстеулер дәлел бола алады[4]. Қазақ тілінде *Санжармен бірге келді; Асқарды бірден таныды* деген

---

[1] *И. И. Мещанинов.* Члены предложения и части речи. М.—Л., 1945, стр. 203.

[2] *В. М. Жирмунский.* О природе частей речи и их классификации.— Сб. «Вопросы теории частей речи». Л., 1968, стр. 27.

[3] Бұл да сонда, 27-бет; *В. М. Жирмунскийдің* қосымша мына еңбектері: Происхождение категории прилагательных в индоевропейских языках в сравнительно-грамматическом освещении. «Изв. АН СССР О. Л. Я. т. V. 1946, вып. 3, стр. 183—203; Категория имени прилагательного в древних германских языках.— Сб. «Сравнительная грамматика германских языков», т. IV. М., 1966, стр. 8—78.

[4] *А. А. Потебня.* Из записок по русской грамматике, ч., III, стр. 73.

[5] Бұл да сонда, 86-бет.

[6] Бұл да сонда, 77-бет.

---

[1] *В. М. Жирмунский.* О природе частей речи и их классификации.— Сб. «Вопросы теории частей речи», стр, 28—31.

[2] *Э. В. Севортян.* Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке (опыт сравнительного исследования). М., 1962, стр. 361.

[3] Бұл да сонда, 374-бет.

[4] В. М. Жирмунский. О природе частей речи и их классификации Сб. «Вопросы теории частей речи». Л., 1958, стр. 27.

сөйлемдердегі *бірге, бірден* деген сөздер пысықтауыш қызметінде жұмсала келіп, септік жалғауларының көнеленуі нәтижесінде үстеулерге айналған. «Басқа» сөз таптарына тән кейбір сөздер белгілі септік жалғауларында жиі қолданылудың нәтижесінде өздерінің бастапқы объектілік мағыналарынан алшақтап, ауысумен қатар, оларға жалғанған кейбір жалғаулар... сол сөздердің айрылмайтын бөлшегіне айналып, әбден орныққан қалыптасады. Ондай қалыптасқан, орныққан формалар тіл ғылымында әдетте көнеленген формалар деп аталады.

Осылайша форма жағынан көнеленген, мағына жағынан әуелгі төркіндерінен алшақтаған сөздер өздерінің бастапқы топтарынан (мысалы, зат есімдердің, сын есімдердің, сан есімдердің, есімдіктердің қатарынан) бөлініп шығып, лексикалық мазмұны жағынан басқа сөздер тобына айналады. Сонымен қатар, форма жағынан да не біржолата септелмейтін, не біреңсарандаған септіктердің ғана қосымшаларын қабылдайтын, жарым-жартылап қана өзгеретін сөздерге айналады. Мысалы, *арт, ал* сияқтанған сөздерді алсақ, тура түрде (күйде) тұрып, тек көлемді мағына беретін барыс, жатыс, шығыс септіктерде ғана септеледі де *(артқа, артта, арттан; алға, алда, алдан)*, басқа септіктерде түрленбейді, ал өзгерсе, өте сирек қана қолданылады. Мұндай сөздер мағына жағынан қимылдың алуан түрлі күй-жайларын білдіреді, оларда заттық мағына болмайды, сөйлемде көбінесе пысықтауыш болып қызмет атқарады. Ал сөз табы жағынан мұндай сөздер үстеуге жатады. Тіліміздегі *бірге, бірде (кейде* деген мағынадағы), *бірден, кенеттен, лажсыздан, кейде, шалқасынан, жүресінен, зорға, жатқа, басқа, текке, қапыда, абайсызда, жөнімен, ертемен, алға, артқа, алда, артта, мұнда, сонда осында* сияқтанған үстеулердің барлығы да жоғарыдағыдай көнелену жолымен қалыптасқан үстеулер»[1].

Қазіргі қазақ тіліндегі кейбір үстеулердің құрамындағы аффикстер, шығу тегі жағынан алғанда, алғашында жалғаулар болғанымен, қазірде олар сөздің түбірінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жеткен де, түбірге сіңісіп кеткен; осы құбылыстың нәтижесінде үстеулер жасалған. Мысалы, *зорға, босқа, текке, бекерге, жатқа, бірге, кешке* деген үстеулер барыс септік жалғауының көнеленіп, лексикалануынан жасалса, *кейде, жаңада, әлгіде, күнде, аңдаусызда, қапыда, қапелімде, лезде* деген үстеулер жатыс септік жалғауының көнеленіп, лексикалануынан жасалған. Шығыс септік жалғауы мен көмектес септік жалғауының грамматикалық қызметтерінен айрылып, олардың лексикалануынан мынадай үстеу сөздер пайда болған: 1) *жүресінен, етпетінен, шалқасынан, төтеден, кеңінен, келтесінен ежелден, әуелден, кенеттен, тосыннан; 2) шынымен, жайымен, ретімен* және т. б. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде,

[1] *А. Ысқақов.* Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1964, 322-бет.

көсемше формалары етістіктердің пысықтауыш қызметінде үнемі жұмсала келіп, әбден қалыптасуынан және етістіктердің ондай формаларының көнелуінен жасалған *аздап, өз-аздап, жағалай, қайыра, қайтара* тәрізді үстеулер мен көсемше формалы етістіктердің қосарлануынан жасалған *сүріне-жығыла, таласа-тармаса, кие-жара* тәрізді үстеулер бар. *«...Аздап, аз-аздап* деген сөздерге тікелей жіктік жалғаулары жалғанбайды. Бұл сөздер жай сөйлемде де, құрмаластың бағыныңқысында да баяндауыш болып қызмет атқармайды. Қала берді, бұл сөздерде етістіктерге тән шақтық, амалдық және т. б. қасиеттер жоқ. Бұлар *(аздап, аз-аздап)* сөйлемде тек пысықтауыш болып қана қызмет атқарады да, аздан я азғана, аз-аздан, я аздан-аздан, я азғана-азғанадан деген сияқты мағынаны білдіреді. Оның бер жағында, етістікке жалғанатын болымсыздық жұрнағы *(-ма -ме, -па, -пе, -ба, -бе)* бұларға қосылмайды. Сөйтіп, бұл сөздер *аздап, аз-аздап)* көсемшелерге тек форма жағынан ұқсас... Осындай *аздап, аз-аздап* сияқты көсемше түрлес үстеулерді етістіктермен төркіндес үстеулер деп есептейміз»[1].

Сонымен, үстеулер әр түрлі формадағы сөз таптарының етістіктермен тіркесе қолданылып, пысықтауыш қызметінде жұмсалуы және іс-әрекеттің сын, бейне, мекен, мезгіл, мөлшер белгілері мен сынның белгісін білдіруі нәтижесінде біртіндеп сөз табы ретінде жасалып қалыптасқан.

Қазақ тіліндегі *сүзеген, тебеген, қабаған, жатаған* тәрізді сөздер формасы жағынан есімше тәрізді болып көрінгенмен тілдік табиғаты жағынан сын есімдердің қатарына енеді. Бұлар анықтауыш қызметінде жұмсала келіп, заттың тұрақты белгісін, сапа-қасиетін білдіретін сын есімдер болып қалыптасқан да, өздерінің түп төркіні — есімше формасының білдіретін мағыналарынан мүлдем айрылған.

Сөздер әр басқа мағыналарында әр басқа сөз табына енеді. Мысалы, *ауыру* сөзі зат есім де *(ескі ауыру; Ауыру пұттап кіреді, мысқылдап шығады.* Мақал), сын есім де *(Ауыру жүрек ақырын соғады, жай.* Абай), етістік те *(ауырып қалу)* бола алады. Осылай болғандықтан, бұларды лексика-грамматикалық омонимдер ретінде қарау жөн болмақ. Қазақ тілінде әрі зат есім, әрі сын есім түрінде қаралатын *салқын, суық, ыстық, жарық* тәрізді лексика-грамматикалық омонимдер бар. Бұлардың зат есім сыңарлары зат есімдерше, сын есім сыңарлары сын есімдерше түрленеді (мысалы, шырай формаларын қабылдайды), солардың әрқайсысына тән категориялармен сипатталады.

Сөз таптарының бір-біріне ауысу процесін түрлі тілдерден байқауға болады. Субстантивтену, адъективтену, прономиналдану, адвербиалдану құбылыстары сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының өзгеруі нәтижесінде

[1] *А. Ысқақовтың* жоғарыда аталған кітабының 323-беті.

іске асады да, аталған құбылыстар бір сөз табының басқа сөз табына ауысуын білдіреді. Субстантивтену құбылысы бойынша басқа сөз таптары зат есімге, адъективтену құбылысы бойынша — сын есімге прономиналдану құбылысы бойынша — есімдікке адвербиалдану құбылысы бойынша — үстеуге, вербалдану құбылысы бойынша — етістікке ауысады. Сын есімдердің субстантивтенуіне орыс тілінде *больной, ученый, раненый,* жинақтау сан есімнің субстантивтенуіне *трое* (мысалы: *трое в лодке*) деген сөздер мысал бола алса, есімшелердің адъективтенуіне қазақ тілінде *қашаған, тебеген, сүзеген,* сан есімнің прономиналдануына *біреу* (мысалы: *біреу келіп кетіпті*), зат есімдердің адвербиалдануына *кешке, күнде,* сын есімдердің адвербиалдануына *зорға, босқа, лажсыздан,* етістіктің көсемше түрінің адвербиалдануына *аздап, қайта, жағалай, жата-жастана* деген сөздер мысал болады.

Тілдің дамуы ондағы басқа да единицалар, құбылыстармен бірге сөздердің лексикалық мағыналары мен жалпы категориялдық мағыналарының, морфологиялық құрылымы мен грамматикалық мағыналарының, сыртқы түр-тұрпаты мен дыбысталуының өзгеруі мен дамуын да аңғартады. Бүтіндей тілдің дамуы ондағы тілдік единицалар мен құрылымдық элементтерден тыс, оларға байланыссыз болуы, әрине, мүмкін емес. Сондай единицалардың бірі — сөз. Тілдің ғасырлар бойындағы дамуы барысында толық мағынасы, дербес қызметі бар атауыш сөздердің кейбіреулері мағыналары солғындап, дербестігінен жарым-жартылай немесе мүлдем айрылып, көмекші сөздерге айналады. «Шығу тегі тұрғысынан қарағанда, өзге шылаулар сияқты, септеуліктер де тіліміздің даму тарихының белгілі бір кезеңдерінде жеке-дара қолданылатын дербес мағыналы негізгі атаушы сөздерден (зат есімнен, етістіктен, үстеулерден) ауыса келіп, өз алдына категория болып, бірте-бірте қалыптасқан. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі өте жиі қолданылатын *үшін (үш+ін), шейін (шек+ін), сияқты (сиық+ты), арқылы (арт+қа+лы), бойы (бой+ы), жөнінде (жөн+ін+де), шамалы (шама+лы)* сияқты септеулік шылаулардың есімдермен тектес екендігі қандай күмәнсіз болса, *дейін (дей+ін), сайын (сай+ын), қарай (қара+й), гөрі (көр+е)* сияқты септеулік шылаулардың етістіктермен тектес екендігі де даусыз»[1].

Сөз таптарының бір-бірінен жалпы категориялдық мағыналары жағынан ажыратылатыны жоғарыда айтылды. Көмекші сөздерде де категориялдық мағына бар. Мысалы, көмекші сөздерге, соның ішінде септеуліктер мен жалғаулықтарға тән жалпы категориялдық мағына — қатынас мағынасы. Септеуліктер сөздердің арасындағы әр түрлі қатынастарды білдірсе, жалғаулықтар сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің арасындағы

[1] *А. Ысқақовтың* жоғарыда аталған кітабы, 376—377-беттер.

әр түрлі қатынастарды білдіреді. Көмекші сөздердің бір түрі— демеуліктерге тән жалпы категориялдық мағына — модальдылық.

Сөз таптарына қатысты айтылғандарды жинақтай келгенде, мынандай қорытындылар жасауға болады.

1. Жеке, нақтылы тілдердегі немесе тілдердің тобындағы сөз таптарын айқындап классификация жасауда жеке, нақтылы тілдің немесе тілдер тобының грамматикалық басты ерекшеліктерін есепке ала отырып, сөз таптарының жалпы теориясына сүйену өте-мөте қажет.

2. Сөз таптары — сөздердің лексика-грамматикалық категориясы (топтары). Олар бір-бірінен жалпы категориялдық мағынасы мен грамматикалық белгілері жағынан ажыратылады.

3. Сөздердің топтары сөз таптары ретінде қаралғанда, ең алдымен, олардың білдіретін мағыналары, атап айтқанда, заттылық мағына, атрибутивтік мағына, процессуальдық мағына және т. б. түрдегі мағыналар негізге алынады. Ал бұл мағыналарды лексикалық мағына немесе таза грамматикалық мағына деп емес, жалпы категориялдық мағына деп танығаң жөн. Жалпы категориялдық мағына сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда басты белгілердің бірі ретінде негізге алынады. Сөз лексикалық құбылыс қана емес, мұнымен бірге грамматикалық құбылыс ретінде де танылады. Осыған орай, сөздерді сөз таптарына классификация жасауда олардың грамматикалық белгілері де негізге алынуға тиіс. Сөз таптарының грамматикалық белгілерінен олардың морфологиялық және синтаксистік белгілері ұғынылады.

4. Сөз таптарының морфологиялық белгісінің мазмұнына сөз тудыру формалары мен сөз түрлендіру формалары енеді. Сөз таптарының әрқайсысының өзіне тән сөз тудырушы арнайы аффикстері болады да, сөз таптары бір-бірінен сөз тудырушы аффикстер арқылы ажыратыла алады. Сөз тудырушы белгілер сөз таптарында болмаған жағдайда, сөз түрлендіру жүйесіндегі айырмашылықтар сөз таптарын ажыратуда көмегін тигізеді. Сөз түрлендіру жүйесі грамматикалық категориялармен ұштасады. жекелік-көптік, септік, тек (род), шақ, жақ, рай, етіс деп аталатын грамматикалық категориялардың бірі зат есімдерге немесе есімдерге, екіншілері етістіктерге телініп, сөз таптарын саралап ажыратуға көмектеседі.

5. Сөз таптарының синтаксистік белгісінің мазмұнына сөз табының сөйлемде мүше болу қызметі және сөздермен тіркесу ерекшелігі енеді. Белгілі бір сөз табына енетін сөздер сөйлемде белгілі бір мүше болып қызмет атқаруға икемделеді және сөздердің кез келген топтарымен емес, арнаулы бір тобымен (немесе топтарымен) тіркеседі, солармен қарым-қатынасқа түседі, өз ара байланысады. Сөз таптары мен сөйлем мүшелерінің арасында өз ара байланыс пен қарым-қатынас пайда болып, орнығады.

6. Сөз таптары бірден емес, тілдің тарихи дамуы барысында

біртіндеп сараланады, дамиды, толығып жетіле түседі. Тілдер тобының салыстырмалы-тарихи грамматикасы сөз таптарының олардың синтаксистік қызметінің негізінде біртіндеп жігі ажыратылып, сараланғандығын, тілдердің даму барысында сөз тудырушы формалар мен сөз түрлендіруші формаларға ие болғандығын көрсетеді. Зат есімдер мен сын есімдердің жігі ажырап, сын есімдердің сөз табы ретінде қалыптасуы олардың (сын есімдердің) заттардың сын, сапа белгілерін білдіру және зат есімдерді айқындау қызметінде жұмсалуы барысында іске асқандығын түрлі тілдердің деректері дәлелдей түседі. Сөз таптарының тілдің тарихи дамуы барысында жасалып қалыптасқандығы, әсіресе үстеулердің түрлі тілдерде сөз табы ретінде пайда болуы мен даму жолдарынан айқын көрінеді. Үстеулер сөздердің сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалуы, осы қызметтің оларға әбден үйреншікті болып телінуі және сөздердің құрамындағы сөз түрлендіруші аффикстердің өзінің бастапқы қызметтері мен мағыналарынан айрылып көнеленуі, түбірлерге әбден сіңісіп кетуі нәтижесінде жасалған.

7. Тіл-тілде сөз таптарының даму барысында олардың (сөз таптарының) бір-біріне ауысу құбылысы, атап айтқанда, субстантивтену, адъективтену, прономиналдану және адвербиалдану процестері жүріп жатады. Тілдің дамуы барысында атауыш сөздердің кейбіреулері көмекші сөздерге айналады.

8. Тілдің дамуы оны құрастырушы единицалар мен элементтердің дамуынан тыс, оларға байланыссыз бола алмайды. Қайта тілдегі өзгерістер мен даму ондағы единицалар мен лексика-грамматикалық құбылыстардың, соның ішінде сөздердің, мағыналық жақтан да, тұлғалық жақтан да, дыбысталу жағынан да өзгеруін, дамуын және осыған орай сөз таптарының жігі ажырап сараласуын, жетіліп дамуын аңғартады[1].

[1] Сөз таптары, олардың дамуы және классификациясы жайында әдебиеттер: *Л. В. Щерба.* О частях речи в русском языке.—«Избранные работы по русскому языку», М., 1957, стр. 63—85; *Н. С. Поспелов.* Учение о частях речи в русской грамматической традиции. Издательство Московского университета, 1954; *М. И. Стеблин — Каменский.* К вопросу о частях речи.— «Вестник Ленинградского университета». № 6 серия общественных наук, 1954, вып. 2; *А. Н. Савченко.* Части речи и категории мышления. Издательство Ростовского университета. 1959. *Э. В. Севортян.* К проблеме частей речи в тюркских языках.— Сб. «Вопросы грамматического строя», М., 1955; *Г. Д. Санжеев.* К проблеме частей речи в алтайских языках.—«Вопросы языкознания», 1952, № 6; *И. А. Батманов.* Части речи в киргизском языке.— «Вопросы языкознания», 1955, № 2; *Н. А. Баскаков.* Морфологическая структура слова и части речи в тюркских языках.—«Советское востоковедение», 1957, № 1; *А. Ысқақов.* Қазақ тіліндегі сөздерді топтастыру туралы —«Халық мұғалімі», 1950, № 10; *М. А. Габинский.* Об общеязыковых признаках частей речи.—«Проблема языкознания», Доклады и сообщения советских ученых на X Международном конгрессе лингвистов (Бухарест, 28. VIII—2 IX, 1967). М., 1967; *П. И. Кузнецов.* О принципах выделения частей речи (на материале турецкого и русского языков)—«Сборник трудов по языкознанию», М., 1957, № 1; *О. П. Суник.* Общая теория частей речи. М.—Л., 1966; Вопросы теории частей речи, (на материале языков различных типов). Л., 1968.

СИНТАКСИС МӘСЕЛЕЛЕРІ

§22. СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ АМАЛДАРЫ МЕН ФОРМАЛАРЫ

Грамматиканың синтаксис саласының қарастыратын негізгі мәселелері сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысу амалдары мен формалары екендігі жайында жоғарыда айтылды. Осылардың ішінен, ең алдымен, сөздердің байланысу амалдары мен формалары туралы мәселеге тоқталайық.

Сөз тіркесі де, сөйлем де сөздердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуынан жасалады. Сөз тіркесінің жасалуы үшін оның құрамындағы сөздер мағыналық және грамматикалық жақтан байланыста айтылуы шарт. Сөз тіркестері, әдетте, тілдің грамматикалық құрылысындағы заңдар, атап айтқанда, сөздердің бір-бірімен тіркесу заңдары бойынша жасалады да, әрбір тілде сөз тіркестерінің үлгілері (модельдері) пайда болады.

Сөз тіркестерінің және олардың модельдерінің жасалуында ұйытқы сөздің (стержневое слово) қай сөз табынан болуының үлкен мәні бар. Сөз тіркесінің құрылымы, әдетте, оның құрамындағы ұйытқы сөздің грамматикалық табиғатына, атап айтқанда, қай сөз табына қатысты болуына қарай айқындалады. Сөз тіркесін құрастырушы сөздердің өз ара қарым-қатысы мен байланысының сипатын айқындауға ол сөздердің жалпы категориялық мағынасының тікелей қатысы бар. Мысалы, заттылық мәдық мағынасының тікелей қатысы бар. Мысалы, заттылық мәнаны білдіретін сөздер тобы (зат есімдер) ұйытқы (басыңқы) сөз ретінде қолданылғанда, атрибутивтілік (сын, сапа түрткі) сөз ретінде қолданылғанда, атрибутивтілік (сын, сапа түртүс және т. б. белгілер) мағынаны білдіретін сөздермен (сын есімдер) тіркесуге және анықтауыштық қызметте жұмсалатын есімдер, есімшелер және есімдіктермен тіркесуге икем келеді де, атрибутивті сөз тіркестері және олардың моделі жасалады. Сын есімдер заттардың сапасын, белгісін білдіріп, сөз тіркесінің тәуелді, бағыныңқы сыңары ретінде қызмет атқарумен бірге (мысалы: *ақылды адам, бай колхоз*) өзінің алдындағы есімдердің атау мен іліктен басқа септіліктердің бірінде тұруын керек етіп, сөз тіркесінің басыңқы (ұйытқы) сыңары ретінде де қызмет атқара алады (мысалы: *ақылға бай, сөзге шебер, қаладан алыс, тастан қатты, қулықты көргіш, сұмдықты білгіш*) мысалы, Абай өлеңдерінде: *Қулықты көргіш, Сұмдықты білгіш. Табылар кісі жөндерге (мінезімен сыйымды* және т. б.)

Етістіктер тіл-тілде тіркесу мүмкіндігі өте-мөте мол сөз табы ретінде есептелінеді. Әр түрлі іс-әрекеттің, қимылдың мазмұнын ашу үшін іс істеушінің, іс-әрекеттің шығу тегінің, қалай болғандығының көрсетілуі қажет. Осыған орай, етістіктер ұйытқы сөздер ретінде өзіне бағынышты зат есімдермен де, үстеулермен де, көсемшелермен де, еліктеу сөздермен де тіркесе береді.

Сөздердің бір-бірімен тіркесу мүмкіндігінің молдығы немесе

аздығы ол сөздердің сөз табы ретінде жалпы категориялдық мағынасымен тығыз байланысты. Мысалы, үстеулер қимылдың алуан түрлі белгілерін білдіруіне орай, әдетте, зат есімдермен емес, көбінесе етістіктермен тіркессе, сын есімдер мен есімшелер заттардың алуан түрлі белгілерін білдіруіне орай, көбінесе зат есімдермен тіркеседі, олардың анықтауыштары ретінде қызмет атқарады.

Бірақ сөз табының ішіндегі әр түрлі сөз топтарының басқа сөздермен тіркесу қабілетінде де ерекшеліктер мен айырмашылықтар болуы мүмкін. Мысалы, етістіктердің ішінде сабақты етістіктер табыс септігіндегі зат есімдермен және субстантивтенген басқа да сөздермен тіркесіп, сөз тіркесінің белгілі бір моделін жасаса, салт етістіктер табыстан басқа септіліктердегі сөздермен тіркесіп, сөз тіркесінің алуан түрлі модельдерін жасайды.

Сонымен, сөз тіркестерінің және олардың түрлерінің жасалуында ұйытқы сөздің қай сөз табының болуының және бір сөз табының ішіндегі әр түрлі сөз топтарының лексика-грамматикалық табиғатының айрықша мәні мен қызметі бар екендігін көреміз.

Сөздердің бағыныңқы-басыңқы байланысы деп бір сөздің басқа бір сөзге грамматикалық бағыныштылығын (тәуелділігін) айтамыз. Мұндайда бағыныңқы сөздің (немесе сөздердің) белгілі бір формада (немесе формаларда) тұруын басыңқы сөздің категориялдық мағынасы (немесе категориялдық қасиеті) айқындап белгілейді.

Сөз тіркесін құрастырушы сөздер бір-бірімен синтаксистік байланысқа түседі. Сөз тіркесінің құрамындағы ұйытқы сөз бен бағыныңқы сөздің арасындағы синтаксистік байланыстың тілде бірнеше түрі бар. Мысалы, орыс тілінде синтаксистік байланыстың қ и ы с у деп аталатын түрі бойынша ұйытқы сөз бен бағыныңқы сөз бір-бірімен тек (род) жағынан да жекелік-көптік жағынан да, септік жағынан да қиысып, сөз тіркестері жасалады. Мысалы: *высокая гора — высокие горы; высокой горы — высоких гор; высокой горы — высоким горам.* Орыс тілінде сөйлем құрамындағы тұрлаулы мүшелер де (бастауыш, баяндауыш) қиыса байланысады. Мысалы: *Он играл. Она играла.* Ал түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде, қиысу сөйлемнің мүшелерін, атап айтқанда, бастауыш пен баяндауыш мүшелерді байланыстыру үшін жұмсалады. Қиысу сөздердің синтаксистік байланыс түрлерінің бірі ретінде орыс тілінде сөз тіркесіне де, сөйлемге де қатысты болса, қазақ тілінде көбінесе сөйлемге қатысты. Осыған орай, түркі тілдері үшін синтаксистік байланыстың қиысу деп аталатын түрін предикативті байланыс түрі деп атауға болады.

Түркі тілдерінде м а т а с а байланысқан сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір-бірімен жақ және жекелік-көптік жағынан

үйлесіп айтылады. Мысалы, *менің кітабым* деген сөз тіркесінің екі сыңары бірдей жекеше және бірінші жақта тұрса, *сенің кітабың* деген сөз тіркесінде сыңарлардың екеуі де жекеше, екінші жақта, *оның кітабы* деген сөз тіркесінде екі сыңардың екеуі де жекеше, үшінші жақта айтылып тұр. Осылар тәріздес сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің байланысу түрін кейбір түркологтар қиысудың қатарына жатқызады[1]. Қиысу мен матасудың арасында кейбір ұқсастықтардың бар екені рас. Қиыса байланысқан сөздердің арасында жақ, жекелік-көптік жағынан үйлесімділік болатыны сияқты, матаса байланысқан сөздер де бір-бірімен жақ, жекелік-көптік жағынан үйлесіп келеді. Алайда, сөздердің байланысының бұл түрлерінің арасындағы мынандай айырмашылықты мойындамасқа болмайды: матасу — ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғауы сөздің байланысы. Матаса байланысқан сөз тіркесінің құрамындағы басыңқы сөз тәуелдік жалғауында тұрады да, бағыныңқы сөз ілік септік жалғауында тұрып, анықтауыш қызметін атқарады. Сөз тіркесінің сыңарлары шынжырдың бөлшектері тәрізді іліктесіп байланысады. Тәуелдік жалғаулы сөз әрқашан да ілік жалғаулы сөздің болуын керек етсе, керісінше ілік жалғаулы сөз тәуелді жалғаулы сөздің болуын керек етеді де, бір-бірімен іліктескен, матаса байланысқан сөз тіркесі жасалады. Қиысу бойынша бағыныңқы сөз басыңқы сөздің ыңғайына, грамматикалық мағынасы мен формасына бағынып, соның жетегінде болса, матасу бойынша, басыңқы сөз (тәуелді жалғаулы сөз) бағыныңқы сөздің (ілік жалғаулы анықтауыштың) грамматикалық мағынасымен үйлесіп, тиісті формада (тәуелдік жалғауында) қолданылады. Мұнымен бірге, басыңқы сөз (тәуелді жалғаулы сөз) бағыныңқы сөздің әрдайым ілік септікте тұруын талап етеді. Түркі тілдерінде сөздердің қиыса байланысуынан сөйлем жасалса, сөздердің матаса байланысуынан сөз тіркесі жасалады.

Сөз тіркесін құрастырушы сөздер бір-бірімен синтаксистік байланыстың м е ң г е р у деп аталатын түрі бойынша да байланысады. Меңгеру бойынша, сөз тіркесінің құрамындағы ұйытқы сөз (етістік, есім және үстеу) бағыныңқы сөздің жанама септіктердің, атап айтқанда, барыс, табыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде тұруын керек етеді. Мысалы, *киімді тазалау, ауылға бару, үйден шығу, жолдасымен кездесу* және т. б.

Синтаксистік байланыстың меңгеру түрі арқылы байланысқан сөздердің біріншіден басыңқы сыңары өзгергенмен, оның бағыныңқы сыңарының өзгеруі шарт емес (мысалы: *автобусты күттім; автобусты күттіңіздер);* екіншіден, әр түрлі грамматика-

---

[1] *Н. К. Дмитриев.* Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 205; *И. А. Батманов.* Способы выражения синтаксических отношений в киргизском языке, Фрунзе, 1940, стр. 11—13; *А. Н. Кононов.* Грамматика современного турецкого языка. М.— Л., 1956, стр 379.

лық мағыналарды білдіру үшін бір ғана басыңқы сөзбен тіркесіп айтылған меңгерілетін сөздер әр түрлі формада қолданыла береді. Мысалы: *ауылға қайту; ауылдан қайту; үйге бару; үйден бару* т. б.

Меңгеріле байланысқан сөздер тобының көптеген тілдерде меңгеруші сыңары көбінесе етістік сөздерден болады. Сабақты етістік тура объектіні керек етіп, табыс септіктегі сөзді меңгерсе *(сабағыңды оқы, айтқанды тыңда)*, салт етістік барыс, шығыс, жатыс, көмектес септіктегі сөздерді меңгереді *(кітапханаға бар, тауға шықты, жиналыстан шықты, суда жүзу, телефонмен сөйлесу)*. Өз ара байланыста айтылған сөздер тобында кейде зат есімдер мен сын есімдер де меңгеруші сыңар бола алады. Мысалы: *комиссияға мүше, депутатқа кандидат, іске шебер, қаладан жақын, таудан биік, іске жауапты, орындауға міндетті* т. б.

Сөздер бір-бірімен синтаксистік байланыстың қабысу деп аталатын түрі бойынша да байланысады. Қабысу бойынша түркі тілдерінде сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сөз ұйытқы сөзбен жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысады. Мысалы: *ағаш үй, жылы бөлме, білімді адам, он дәптер, білген кісі* және т. б. Түркі тілдерінде қабыса байланысқан сөздердің орын тәртібі мынадай болады: бағыныңқы сөз әрқашан басыңқы сөздің алдында тұрады.

Сонымен, синтаксистік байланыс формаларының бұл түрі бойынша тіркескен сөздер, біріншіден, жалғаусыз, екіншіден, сөздердің орын тәртібі арқылы байланысады. Демек, сөздердің орын тәртібі қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық тәсілі болып саналады. Қабыса байланысқан есім сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың орны ауысса, онда бүтіндей сөз тіркесінің білдіретін мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы: *көз әйнек — әйнек көз, қалта сағат — сағат қалта;* монғол тілінде *түмэр тулгуур* (темір тірек) — *тулгуур түмэр* (тіреуші темір). Бұл тәрізді ерекшеліктер, түркі тілдері мен монғол тілдеріне қарағанда, ағылшын тілінде жиі ұшырайды.

Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары зат есім мен етістіктерден болады. Зат есіммен қабыса тіркесетіндер: зат есімдер *(күміс сағат, ағаш күрек)*, сын есімдер *(ақ орамал, ақылды кісі)*, сан есімдер *(отыз үй, он екінші ай)*, есімдіктер *(барлық адам, бұл кітап)*, есімшелер *(сөйлеген кісі, барар жол)*. Етістікпен қабыса тіркесетіндер: үстеулер *(ерте тұру, кеш жату, ілгері жүру)*, көсемшелер *(түсініп жазу, қадала қарау)*, сын есімдер *(жақсы түсіну, қатты сүйсіну)*, сан есімдер *(екі шоқып, бір қарау)*, еліктеуіш сөздер *(сылқ-сылқ күлу, бұрқ-бұрқ қайнау)* т. б.

СӨЗ ТІРКЕСІ

§23. СӨЗ ТІРКЕСІ ЖӘНЕ ОҒАН ТӘН БАСТЫ БЕЛГІЛЕР

Синтаксистік единица ретінде қаралатын сөз тіркесінің лингвистикалық табиғатын айқындап, оған анықтама беру үшін, біріншіден, сөз тіркесін өзімен сырттай ұқсас құбылыстардан, атап айтқанда, күрделі сөзден, жалпы сөздердің тіркесінен (атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесі, сөздердің салалас қатары), фразеологиялық сөз тіркесінен және сөйлемнен ажырату, екіншіден, оған (сөз тіркесіне) тән басты белгілерді айқындап алу қажет.

Сөз тіркесі — мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өз ара байланыста, бірлікте болатын, толық мағыналы кемінде екі сөздің тіркесі. Сөз тіркесінің сыңарларының арасындағы байланыс сөздің бөлшектерінің арасындағы байланыстан анағұрлым еркінірек болады. Алайда, бұл еркіндік сөз тіркесінің мағыналық және синтаксистік бүтіндігін бұзатындай дәрежеде болмауға тиіс. Мысалы, сөз тіркесінің сыңарларының арасында ұзақ кідіріс (пауза) жасалса немесе ол сыңарлардың арасына бірнеше сөздер енсе, сөз тіркесінің бірлігі, тұтастығы бұзылуы мүмкін. Сөз тіркесінің сыңарларының арасында да, сөздің (мейлі жалаң сөз болсын, мейлі күрделі сөз болсын) бөлшектерінің арасында да байланыс бар, бірақ сөздің (соның ішінде күрделі сөздің де) бөлшектерінің арасындағы байланыс сөз тіркесінің сыңарларының арасындағы байланыстан басым да, бекем де болады. Осыған орай, жалаң сөз де, күрделі сөз де сөйлеу кезінде жасалмай, даяр тұрған единица ретінде сөз тіркесінің немесе сөйлемнің құрамына емін-еркін енсе, синтаксистік сөз тіркесі белгілі бір үлгілер (модельдер), формулалар бойынша сөйлеу кезінде жасалады. Осылай болғандықтан, оның құрамындағы сыңарлар ыңғайына қарай басқа бір сыңарлармен ауыстырыла алады.

Сөз (соның ішінде күрделі сөз) — зат пен құбылыстың, не сапа мен белгінің, не іс-әрекеттің және т. б. тұрақты атауы. Сөздер затты, құбылысты, сапа-белгіні немесе іс-әрекетті атағанда, оларды бір-біріне байланыссыз, қарым-қатынассыз, жеке-дара күйінде атайды. Мысалы, *ат, ағаш, жапырақ* деген сөздер заттардың жеке-дара атаулары болса, *биік, жасыл* деген сөздер сапа мен түстің жеке-дара атаулары, *кесу, ору, жинау* деген сөздер іс-әрекеттің аттары. Бұл сөздер бір-біріне байланыссыз, жеке-дара атаулар ретінде ұғынылады, номинативті қызмет атқарады. Сөз тіркесі де не затты, не іс-әрекетті атап, номинативті қызмет атқара алады. Бірақ сөз тіркесі затты немесе іс-әрекетті атағанда, оларды жеке-дара күйінде емес, өз ара байланысында, қарым-қатынасында атайды. Екінші сөзбен айтқанда, сөз тіркесінде зат, сапа-белгі, іс-әрекет аталғанда, бір-бірімен

байланысында, өз ара қарым-қатынасында аталады. Мысалы, *жүйрік ат, жасыл жапырақ* деген сөз тіркестерінде заттар өздерінің сапа-белгілерімен тығыз қарым-қатынасында, байланысында аталса, *қар тоқтату, хат жазу* деген сөз тіркесінде заттар іс-әрекетпен қарым-қатынасында, байланысында аталған. Сөз тіркесінің сыңарларының бірі сапа-белгіні немесе іс-әрекетті білдіру қасиетінен айрылса, ондай тіркес сөз тіркесі болудан қалып, күрделі сөзге айналады. Мысалы, *кәрі жілік, көр тышқан* тәрізді күрделі сөздердің алдыңғы сыңарлары *(кәрі, көр)* соңғы сыңарларының (*жілік, тышқан*) сапасын да, қасиетін де білдірмейді, мағыналық дербестіктен айрылады. Күрделі сөздер сөздердің тіркесінен жасалғанда, сыңарлардың арасындағы анықтауыш+анықталғыш, толықтауыш+толықталғыш, пысықтауыш+пысықталғыш қатынастар жойылып, күрделі сөз бір бүтін сөз ретінде ұғынылса, сөз тіркестерінің сыңарларының арасында жоғарыда аталған синтаксистік қатынастар сақталып, ол сыңарлар (сөздер) бірін-бірі анықтайтын, толықтайтын немесе пысықтайтын сыңарлар ретінде қызмет атқарады. Демек, сөз тіркесінің әрбір сыңары мағыналық дербестігін де, синтаксистік дербестігін де сақтайды. Күрделі сөздің әрбір сыңары сөйлемнің өз алдына дербес мүшелері емес, тұтасқан күйінде бір ғана мүше ретінде қызмет атқарса, еркін сөз тіркесінің әрбір сыңары синтаксистік дербестігін сақтап, сөйлемде әр басқа мүшелер ретінде қызмет атқара алады.

Сөздердің тілде атаушы қызмет атқарып, тілдің номинативті құралдарының қатарына жататындығы сияқты, сөз тіркестері де заттардың, сапа-белгілердің, іс-әрекеттердің атаулары ретінде қолданылып, тілдің номинативті құралдарының қатарына жатады. Грамматикалық және мағыналық бірлікте болатын сөз тіркесі «күрделі ұғым болғанымен, қалайда әйтеуір бір ұғымды білдіреді және оны белгілеуші ретінде қызмет атқара алады. Ол (сөз тіркесі.— Қ. А.)— фразеологиялық единицаның еркін эквиваленті»[1], ал фразеологиялық единица мағыналық жақтан сөздің эквиваленті бола алады.

Сөз тіркесі сөйлем құрамында қолданылғанда ғана және тек сөйлем арқылы тілде коммуникативті қызмет атқара алады. Осыған орай, сөз тіркестері сөйлем құрамында оның құрылымдық элементтері ретінде зерттеледі. Екінші жағынан, сөз тіркестерін сөйлемнен тыс, «күрделі атаулардың әр басқа түрлері ретінде де зерттеуге болады»[2].

Акад. В. В. Виноградов сөз тіркестерінің тілдің коммуникативті және номинативті құралдарының қатарына енетіндігі жайында былай дейді: «Сөйлем құрамында ғана және сөйлем арқылы сөз тіркестері тілдің коммуникативті құралдарының жүйесіне ене алады. Сөйлемнен тыс, тек соған керекті құрылыс материалы ретінде қаралатын сөз тіркестері сөздер тәрізді болады да, тілдің номинативті құралдарының саласына, заттарды, құбылыстарды, процестерді белгілеу құралдарының қатарына енеді»[1]. Сөздердің сөз таптарына ажыратылатыны сияқты, сөз тіркестері де сөз таптарына, мысалы, есім сөз тіркестері (субъективті және адъективті сөз тіркестері), етістік сөз тіркестері және т. б. болып бөлінеді.

Сөз бен еркін сөз тіркесі тілдің номинативті құралдарының қатарына енгенімен, бұл екеуінің номинативті сипаты бірдей емес. Біріншіден, сөз дара ұғымның атауы болса, сөз тіркесі кемінде екі ұғымның, бірақ бір-біріне қатысты, өз ара байланысты ұғымдардың атауы[2], екіншіден, жоғарыда аталып өткендей, сөз затты, құбылысты, сапа-белгіні немесе іс-әрекетті бір-біріне қарым-қатынасынсыз, жеке-дара күйінде атаса, еркін сөз тіркесі оларды бір-бірімен байланысында атайды; үшіншіден, сөз тілде бұрыннан бар, қалыптасқан, даяр тұрған атау болса, еркін сөз тіркесі даяр тұрған, бұрыннан бар атау емес, сөйлеу кезінде толық мағыналы сөздердің тіркесуінен жасалатын, олардың мағыналық және грамматикалық бірлігінен пайда болатын тіркестер ретінде ұғынылады, анығырақ айтқанда, сөз тіркестері номинативті сипатқа бұрыннан жасалып қойған, даяр тұрған единицалар ретінде емес, сөздердің тілдің грамматикалық заңдары бойынша тіркесуі арқылы ие болады.

Тіл білімінде, жоғарыда аталып өткеніндей, еркін сөз тіркестері «сөйлем құрамында және сөйлем арқылы» тілдің коммуникативті құралдарының қатарына енеді дейтін пікір бар. Сөз тіркесі сөйлем құрамында белгілі бір затты немесе белгілі бір сапаны атап қана қоймайды, сөздердің бір-бірімен байланысуының синтаксистік амалдары (құралдары) арқылы заттың аты мен сапаның аты тіркесінде, зат белгілі бір сапаны иеленуші ретінде сипатталады да, олардың тізбегінен жасалған сөз тіркесі сол зат туралы белгілі бір хабар (информация) ретінде танылады[3]. Мысалы, *Ол қызыл көйлек киіп келді* деген сөйлем-

---

[1] Сб. «Вопросы синтаксиса современного русского языка», М., 1950. стр. 42.

[2] *Н. Н. Прокопович.* Словосочетание в современном русском литературном языке. Изд. «Просвещение», М., 1966, стр. 51.

[1] *В. В. Виноградов.* Вопросы изучения словосочетаний.—«Вопросы языкознания», 1954, № 3 стр. 3.

[2] Тіл-тілде ауыл шаруашылығы, көмір өнеркәсібі тәрізді терминологиялық сипаттағы лексикалық бірліктер бар. Бұлар тәріздес лексикалық бірлік (лексическое единство) бір тұтас күрделі ұғымды білдіреді де, синтаксистік (еркін) сөз тіркестерінің қатарына енбейді. Бұл жайында мына әдебиеттерді қараңыз. *Н. М. Шанский.* Фразеология современного русского языка. Изд. «Высшая школа», М., 1969, стр. 86—87; *И. И. Чернышева.* Фразеология современного немецкого языка. Изд. «Высшая школа», М., 1970, стр. 36—37. 62—63.

[3] *Н. И. Филичева.* О словосочетаниях в современном немецком языке. Изд. «Высшая школа», М., 1969, стр. 32.

дегі *қызыл көйлек* деген сөз тіркесінің осындай сипаты бар. «Сөз тіркестерінің көпшілігінде коммуникация бағыты біреу, ол — заттар, құбылыстар, процестер және т. б. туралы тыңдаушыға немесе оқушыға бұрыннан белгілі болғандарды нақтылау, тәптіштеу және дәлдей түсу»[1]. Зерттеушілер сөз тіркесінің осы аталған коммуникация сипатын ескере келіп және оны сөйлемді сипаттайтын жалпы коммуникативтіліктен ажыратудың қажеттілігін есепке ала отырып, сөз тіркесінің коммуникативтілігін жартылай коммуникативтілік деп атаса, оның бұл қасиетінің сөйлем құрамында ғана толық көріне алатындығын ескеріп және оны сөйлемге тән абсолютті немесе толық коммуникативтіліктен ажырату үшін шартты коммуникативтілік (относительная коммуникативность) деп атайды[2]. Сөз тіркесі осы аталған жартылай (шартты) коммуникативтілік белгісі бойынша сөзден де (сөз өздігінен коммуникативтілік қасиетке ие бола алмайды), сөйлемнен де (сөйлем жалпы, абсолютті немесе толық коммуникативтілік қасиетімен сипатталады), лексикаланған тұрақты сөз тіркестерінен де, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесінен де ажыратылады (сөз тіркесінің аталған единицалардан айырмашылығы жайында толығырақ мағлұмат төменде беріледі).

Синтаксистік сөз тіркесі — сөздердің емін-еркін тіркелуінен жасалатын тіркестер, яғни еркін сөз тіркестері. Еркін сөз тіркестері құрылымы жағынан фразеологиялық единицалармен ұқсас келеді. Еркін сөз тіркестері фразеологиялық единицалардың көптеген түрлерінің жасалуына негіз болады. Екінші сөзбен айтқанда фразеологиялық единицалардың ішінде еркін сөз тіркесінің құрылымы, үлгісі бойынша жасалғандары ұшыраса береді. Мұны мына мысалдарды салыстырудан көруге болады: ***шалқасынан жату*** *— шалқасынан түсу;* ***таудан биік*** *— сүттен ақ, судан таза;* ***есік пен терезенің арасында*** *— қас пен көздің арасында,* ***қол жуып*** *— қол қусырып* және т. б. Бұлардың алдыңғылары — еркін сөз тіркестері де, соңғылары — еркін сөз тіркестерінің құрылымдық үлгілері бойынша жасалған фразеологиялық единицалар.

Алайда, фразеологиялық сөз тіркестері мен еркін сөз тіркестерінің арасында түбірлі айырмашылықтар бар. Жеке сөздердің даяр тұрған единица ретінде сөйлем құрамына енетіні сияқты, фразеологиялық единицалар да бұрыннан жасалып қойған, даяр тұрған единицалар ретінде еркін сөз тіркесінің немесе сөйлемнің құрамына енеді. Мысалы, *қас қаққанша, ауызды ашып жұмғанша, қас пен көздің арасында* тәрізді фразеологиялық единицалар олардың құрамындағы жеке сыңарлардың (сөздердің) сөйлеу кезінде емін-еркін тіркесуінен жасалған тіркестер

[1] Бұл да сонда, 33-бет.
[2] Бұл да сонда, 33-бет.

емес, бұрыннан тіркесіп қойған, әбден қалыптасқан, даяр тұрған тіркестер ретінде қолданылады. Ал еркін (немесе синтаксистік) сөз тіркестері сөйлеу кезінде толық мағыналы сөздердің тілдің грамматикалық заңдары бойынша, емін-еркін тіркесуінен жасалады. Осылай болғандықтан, еркін сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың (сөздердің) бірі ыңғайына қарай басқа бір сыңарлармен (сөздермен) ауыстырылуы әбден ықтимал. Мұндай ауыстырудан сөз тіркесінің грамматикалық табиғаты өзгермейді. Мысалы *қалың кітап* деген сөз тіркесі *қызықты кітап, мазмұнды кітап* деген түрде өзгеріп айтылғанмен, бұл өзгерістер сөз тіркесінің грамматикалық табиғатына әсер етпейді де, аталған тіркестердің бәрі де атрибутивті сөз тіркестері ретінде қала береді. Ал фразеологиялық единицалар бұлайша өзгертуге көнбей, тұрақты қалпын сақтайды, тұтасқан күйінде даяр тұрған тіркестер ретінде қолданылады. Сөздің морфемалық құрамы тұрақты болатыны сияқты, фразеологизмдердің құрамы да, сыңарларының орны да тұрақты болады.

Фразеологиялық единицаның құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа мағынаны емес, барлығы жиналып келіп бір тұтас, бір бүтін мағынаны білдіреді де, осыған орай, белгілі бір фразеологиялық единица сөйлемде бір ғана мүше ретінде қызмет атқарады. Ал еркін сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы сөйлемнің әр басқа және дербес мүшелері ретінде қызмет атқара алады.

Фразеологиялық единицалар да, еркін сөз тіркестері де тілдің номинативті құралдарының қатарына енгенмен, бұлардың номинативті сипаты бірдей емес. Еркін сөз тіркестерінің номинативті қызметінен фразеологиялық единицалардың номинативті қызметі анағұрлым басым. Бұлай болатындығы мынадан: еркін сөз тіркесінің сыңарлары өз ара қаншалықты байланысты, бірі екіншісіне тәуелді болғанымен, олар, қалай да болсын, дербестілік қасиетін сақтайды. Ал фразеологиялық единицаның құрамындағы сыңарлар еркін сөз тіркесін құрастырушы сыңарлар сияқты емес, мағыналық дербестіліктен де, грамматикалық дербестіліктен де айрылады, бір тұтас (бір бүтін) мағынаға ие болады, мағыналық жақтан жеке сөздің эквиваленті ретінде ұғынылады. Осының бәрі, еркін сөз тіркесімен салыстырғанда, фразеологиялық единицаның номинация тұтастығы әлдеқайда басым екендігін көрсетеді. Ал еркін сөз тіркесінің құрамының оңай ажыратылуы, сыңарларының сөйлемнің өз алдына мүшелері бола алуы оны құрастырушы сыңарлардың дербестілік қасиетін сақтай алатындығымен байланысты.

Синтаксистік сөз тіркесі құрамындағы сөздердің өзі тектес басқа бір сөздермен емін-еркін алмаса алатындығы ескеріліп, еркін сөз тіркесі деп те аталады. Осы мағынада ол фразеологиялық единицаларға қарсы қойылып қарастырылады. Дегенмен, бұл жерде бір жайға айрықша назар аудару қажет; синтак-

систік сөз тіркесінің құрамындағы сөздер емін-еркін тіркеседі дегенде, әдетте, олардың грамматикалық тұрғыдан тіркесу мүмкіндігі ескеріледі. Ал сөздердің лексикалық единицалар ретінде бір-бірімен тіркесе алу қабілеті мен мүмкіндігі немесе, тіл біліміндегі терминология бойынша атағанда, сөздердің лексикалық тіркесімділігі (лексическая сочетаемость слов) олардың грамматикалық тіркесімділігіндей шексіз емес. Сөздердің лексикалық тіркесімділігінің шеңбері олардың грамматикалық тіркесімділігінің шеңберінен шағын да тар болады. Мысалы, грамматикалық тұрғыдан сөз тіркесінің *сары жер* (қара жер деген сөз тіркесімен салыстырыңыз) түрінде болуы мүмкін десек те, *сары* мен *жер* деген сөздер лексикалық единицалар ретінде бір-бірімен, әдетте, тіркеспейді, сөз тіркесін жасай да алмайды. Мұның себебі шындық болмыстың өзінде *жер* деген сөз арқылы аталатын зат пен *сары* деген сөз арқылы аталатын сапа-белгінің арасында байланыстың болмауында жатыр.

Мұнан шығатын қорытынды: сөздердің бір-бірімен грамматикалық тұрғыдан тіркесу қабілеті мол болғанымен, олар лексикалық тұрғыдан тіркесу мүмкіндігі болған жағдайда ғана бір-бірімен тіркесіп, сөз тіркесін жасай алады. Осы тұрғыдан келгенде, синтаксистік сөз тіркесі мен фразеологиялық единицалардың арасында түбірлі айырмашылық бар екендігі байқалады. Синтаксистік сөз тіркесі үшін сөздердің лексикалық тіркесімділігі міндетті шарт болса, фразеологиялық единицалар үшін олардың сыңарларының лексикалық тіркесімділігі міндетті емес. Фразеологиялық единицалар үшін оларды құрастырушы сөздердің лексикалық тіркесімділігі қажетті шарт бола алмайтындығы *мұртын балта шаппау, жүрек жалғау, көз байлағанда, аузымен орақ ору, су жүрек, жүрек жұтқан* және т. б. осылар тәріздес фразеологиялық единицалардан және олардың құрамындағы сыңарлардың (сөздердің) тіркесуінен ашық айқын аңғарылады. Ал синтаксистік сөз тіркесін құрастырушы сыңарлар сөздердің лексикалық тіркесімділігіне бағынбай, өзінше тіркесе бермейді. Синтаксистік сөз тіркесі дегеніміз еркін сөз тіркесі, бірақ оның еркіндігі сөздердің лексикалық, мағыналық жақтан тіркесе алу мүмкіндігіне негізделеді. Синтаксистік сөз тіркесінің еркін сөз тіркесі екендігі оның ашық айқын мүшелене алу мүмкіндігінен, лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасының өзін құрастырушы сыңарлардың мағыналарынан туатындығынан, осыған орай, оған (синтаксистік сөз тіркесіне) лексикалық және грамматикалық идеоматизмнің (грамматикалық идеоматизм деген термин бұл жерде сөз тіркесінің синтаксистік жақтан бөлшектенбеуі деген мағынаны білдіреді) тән емес екендігінен көрінеді.

Синтаксистік сөз тіркесінде лексикалық және грамматикалық идиотизмнің болмауы оны лексикалық және грамматикалық идиоматизм қасиетімен сипатталатын басқа тізбектерден, мысалы, етістіктердің аналитикалық формасынан, артикльдер (көмекші сөздердің бір түрі) мен зат есімдердің тізбегінен, ажыратын белгілердің бірі ретінде қаралады. Аналитикалық конструкция немесе сөздің аналитикалық формасы сөздердің тіркесінен (толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесінен) құралғанымен, жоғарыда («Сөздің аналитикалық формасы» туралы параграфта) аталып өткеніндей, бір бүтін лексикалық мағынаны білдіріп, синтаксистік жағынан мүшеленбейді, лексикалық және грамматикалық идиоматизм қасиетімен сипатталады. Артикль мен толық мағыналы сөздің тіркесінен жасалған тізбектер де осы тәріздес болып, синтаксистік жағынан мүшеленбейді.

Сонымен, синтаксистік сөз тіркесі лексикалық та, грамматикалық та идиоматизм сипатына ие бола алмай, осы жағынан ол сөздің аналитикалық формасынан да, артикль мен толық мағыналы сөздің тізбегінен де, фразеологиялық единица мен лексикаланған әр түрлі тұрақты сөз тіркестерінен де ашық айқын ажыратылады.

Еркін сөз тіркесі ажыратылатын, мүшеленетін тіркес бола отырып, мағыналық және құрылымдық бүтіндігін сақтайды. Мазмұн тұтастығы мен семантикалық тиянақтылық сөз тіркесіне тән қасиет болып саналады. Сөз тіркесінің осы қасиеті оны сөйлемдегі сөздердің басқаша тіркестерінен, мысалы, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тізбегінен ажыратады. Мысалы, *көлге дейін..., тауға қарай...* тәрізді толық мағыналы сөз бен көмекші сөздердің тіркесінің мағыналық жақтан аяқталмағандығы, тиянақты емес екендігі, басқа бір сыңардың (сөздің) жетпей тұрғандығы аңғарылады. Бұл тіркестер дербес мағыналы басқа бір сыңармен, мысалы, *бару, жүру* тәрізді етістіктермен толықтырылса семантикалық тиянақтылығы бар сөз тіркестері (*көлге дейін бару; тауға қарай жүру*) жасалады.

Сөз тіркесінің құрамында толық мағыналы кемінде екі сөздің тіркесуі сөз тіркесінің семантикалық тиянақтылығына негіз болып, оның мағыналық және құрылымдық қаңқасын құрайды[1].

Тіл-тілде толық мағыналы сөздердің тізбегінен тұратын, осыған орай, сөз тіркестерімен сырттай ұқсас келетін тізбектер бар. Бұлардың қатарына қазақ тіліндегі *әке мен бала, салмақты да сабырлы,* неміс тіліндегі *Vater, Mutter, Kinder* тәрізді тіркестер жатады. Бұл тәрізді тіркестер тіл білімінде сөздердің салалас қатарлары (сочинительные ряды слов) деп аталып жүр[2].

Сөздердің салалас қатарынан сөз тіркесін ажырата білу үшін, оның (сөз тіркесінің) құрылымдық ерекшелігіне назар аудару қажет. Сөз тіркесі құрылымдық тұйықтылық (структурная замкнутость) қасиетімен сипатталады. Сөз тіркесінің құрылым-

---

[1] *Н. И. Филичева.* О словосочетаниях в современном немецком языке. Изд. «Высшая школа», М., 1969, стр. 19.

[2] Бұл да сонда, 9-бет.

дық тұйықтылығы оның құрамындағы сыңарлардың бірінің басыңқы, ұйытқы мүше болып екіншісінің оған бағыныңқы, тәуелді мүше болуынан көрінеді. Мысалы, *қызыл көйлек, ақ орамал, жер қазу, шөп шабу, тауға шығу, үйге бару, ағаштың жапырағы, үйдің есігі* деген сөз тіркестерінің соңғы сыңарлары *(көйлек, орамал, қазу, шабу, шығу, бару, жапырағы, есігі)* — басыңқы, ұйытқы мүше де, алдыңғы сыңарлары *(қызыл, ақ, жер, шөп, тауға, үйге, ағаштың, үйдің)* — бағыныңқы, тәуелді мүше. Бұлар тәріздес сөз тіркестері сөйлем құрамына енгенде және басқа сөздермен тіркескенде, ұйытқы, басыңқы мүшесі (сөзі) арқылы тіркеседі де, басыңқы мүше болған сөз тиісінше түрленеді, ал бағыныңқы мүше ретінде қызмет атқаратын сөз түркі тілдерінде және т. б. кейбір тілдерде сөз тіркесіндегі қалпын, грамматикалық формасын өзгертпейді. Орыс тілінде бағыныңқы мүше басыңқы мүшенің жетегіне еріп, оның (басыңқы мүшенің) жекеше, көпше түріне тек (род) түріне және септік формасына сәйкес түрленіп отырады (мысалы: *высокий дом, высокие дома, высокого дома, высокому дому...*). Ал сөздердің салалас қатарында басыңқы (ұйытқы) мүше, бағыныңқы (тәуелді) мүше дегендер болмайды, олардың сыңарлары тең дәрежедегі сыңарлар ретінде бір-бірімен салаласа байланысады. Бірнеше сөздердің тізбегінен құралған салалас қатардың құрамынан бір сыңар түсіріліп айтылуы мүмкін, бірақ мұның өзі салалас қатардың ыдырауына немесе жойылып кетуіне соқтырмайды. Мысалы: *балта мен пышақ және орақ — балта мен пышақ... — ...пышақ пен орақ.* Ал сөз тіркесінің басыңқы сыңары да, бағыныңқы сыңары да, әдетте, түсіріліп айтылмайды. Салалас қатардың құрамына енетін сөздер сөйлемде бірыңғай мүшелер ретінде қызмет атқарады. Осыған орай, салалас қатардың құрамындағы сөздер бір формада қолданылады.

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің орны, әдетте, тұрақты болса, салалас қатардың құрамындағы сөз орындарын емін-еркін алмастыра алады. Сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың орнының алмасуы оның мазмұны мен грамматикалық табиғатын өзгертіп жіберсе, салалас қатардың құрамындағы сыңарлардың орны алмасуы, мысалы, *салмақты да сабырлы* немесе *әке мен бала* дегендердің *сабырлы да салмақты, бала мен әке* түрінде орны жағынан алмаса қолданылуы салалас қатардың мазмұнына да, грамматикалық табиғатына да әсер етпейді. Аталған ерекшеліктер сөздердің салалас қатары мен сөз тіркесінің жігін ажыратуға көмектеседі және олардың әр басқа құбылыстар екендігін аңғартады.

Сөз тіркесінің сыңарлары бірі-бірімен бағыныңқы грамматикалық байланыс арқылы тіркеседі де, ол (сөз тіркесі) предикативті қатынастың негізінде тіркескен сөздердің тізбегінен ажыратылады. Предикативті қатынас негізінде тіркескен сөздердің тізбегін сөз тіркесі деймі бе, жоқ па деген сұраққа лингвистер

әр түрлі жауап беріп келді. Мысалы, жоғары мектептерге арналған «Қазіргі қазақ тілі» (синтаксис) атты оқулықта былай делінген: «Сөйлемді сөйлемдік қасиеттеріне қарап, сөз тіркестерін де өзіндік қасиеттеріне қарап танып, мысалы, *жазық дала* дегенді сөз тіркесі деп танысақ, *атқа мінді* дегенді әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп қарау керек»[1]. Бұлайша, бір ғана құбылысты *(атқа мінді)* әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі деп қарау сөйлем мен сөз тіркесінің жігін ажыратпауға, оларды бір-бірімен араластырып жіберуге әкеп соғады.

Предикативті байланыс негізінде сөздердің бір-бірімен тіркесуінен сөз тіркесі жасалмайтындығы жайында О. С. Ахманова кезінде, былай деп жазды: «Байланыстың негізгі үш түрі — атрибутивті, комплективті және предикативті түрлерінің ішінен біріншісі әрқашан да сөз тіркесін тудырады; байланыстың екінші түрі өздерінің тығыз байланысты формаларында ғана сөз тіркесін тудырады; үшіншісі оны (сөз тіркесін. — Қ. А.) ешқашан да тудыра алмайды»[2]. Зерттеушілер предикативті байланыс негізінде туған тізбектерді сөз тіркесінің қатарына жатқызбай, предикативті конструкция немесе предикативті тізбек деп атайды да, осыған орай, оларды сөз тіркесінің синтаксисі емес, сөйлемнің синтаксисі деп қарастыру керек деп есептейді[3].

.Орыс тілін зерттеушілердің бағыныңқы байланыстың (подчинительная связь) негізінде жасалған сөз тіркесі мен предикативті байланыстың негізінде жасалған сөздер тізбегінің арасындағы айырмашылық туралы пікірлері мынандай: бағыныңқы -басыңқы қатынастағы сөз тіркесінде бағыныңқы элемент (сөз) басыңқы элементке тәуелді болып, соның ыңғайына қарай белгілі бір формаға ие болады. Предикативті тізбектерде (мысалы, орысша *брат пишет*) предикативті емес сөз тіркестеріндегідей грамматикалық тәуелділік, бағыныңқылық жоқ; атау септік өзінің табиғаты бойынша мейлінше дербес, тәуелсіз септік болып саналады да, грамматикалық байланыс жүйесінде бағыныңқы септік болып саналмайды. Орыс тілінде *брат пишет* және *писать письмо* тәрізді тіркестердегі байланыстардың сипатының өзі іштей басқа-басқа. Меңгерудің бағыныңқы байланысына тән тәуелді, бағынышты септік предикативті тізбекте болмайды. Егер байланыстың меңгеру деп аталатын түрінде меңгеруші етістікке есімнің бір формасы әрқашан бағынышты, тәуелді болса, предикативті байланыста етістік пен есімнің формалары бір-бірімен түйіседі. Байланыстың бұл түрінде негізгі басты элемент болып саналатын

---

[1] *М. Балақаев, Т. Қордабаев.* Қазіргі қазақ тілі (синтаксис), университет пен пединституттардың филология факультетіне арналған оқулық, 3-басылуы, Алматы, 1971, 25-бет.

[2] *О. С. Ахманова.* Словосочетание.— Сб. «Вопросы грамматического строя». М., 1955, стр. 454—455.

[3] Бұл да сонда, 456—457-бет. Н. И. Филичева. О словосочетаниях в современном немецком языке, стр. 30—31.

сөз — етістік емес, есім. Мұны өткен шақ формасындағы етістіктің жіктеу есімдігімен үйлесе тіркесуінен (мысалы, орыс тілінде *я читал — я читала*) немесе түрленбейтін сөздермен тіркесуінен (мысалы, орысша *дело работает — дело работало — работали*) көруге болады. Оның үстіне, орыс тілінде *брат пишет* тәрізді тізбектер *брат — учитель* тәрізді тізбектермен (сөйлемдермен) жүйелі ара қатынасқа (системные соотношения) түседі де, бұлардың парадигматикалық түрленуі модальдылық пен синтаксистік шақтық біркелкі категориялары бойынша іске асады. Мысалы: *брат пишет— брат — учитель; брат писал — брат был учитель; брат будеть писать — брат будет учитель; брат писал бы — брат был бы учитель.* Мұның өзі орыс тілінде *брат пишет* деген тізбектегі байланыстың сипаты басқаша екендігін көрсетеді. Аталған тізбекпен құрылуы және парадигматикалық қасиеті жағынан ұқсас келетін *брат — учитель* деген тізбекте *брат* деген сөздің формасын *учитель* деген сөздің формасы айқындайды деуге, әрине, болмайды[1].

Предикативті тізбектерді сөз тіркесінің қатарына жатқызатындар предикативті тізбектер де, сөз тіркестері де сөздердің бірбірімен тіркесінен жасалады, предикативті тізбек предикативті емес сөз тіркесінен сөйлем бола алу қасиетімен ажыратылады деп есептейді. «Алайда предикативті деп аталатын және предикативті емес сөз тіркестерінің арасындағы негізгі айырмашылық мұнда емес. Өйткені белгілі бір жағдайларда предикативті емес сөз тіркесі де, жекелеген сөз формалары да сөйлем бола алады»[2].

Предикативті емес сөз тіркесі күрделі атау ретінде қызмет ете алса, предикативті тізбек мұндай қызметке не бола алмайды. Сөз тіркесінде формалар жүйесі бар. Оның формалар жүйесі ұйытқы сөздің формаларының жүйесіне негізделеді. Екінші сөзбен айтқанда, сөз тіркесінің формасының түрленіп өзгеруі ұйытқы сөздің форма өзгерістерімен сәйкес келеді. Ал предикативті сөз тізбектерінің парадигмасы грамматикалық (синтаксистік) шақ категориясы мен объективті модальдылыққа негізделеді және солар арқылы айқындалады. «Сондықтан предикативті сөз тіркесі парадигмасының кез келген мүшесі — «Сөйлем формаларының» көріністерінің бірі. Ал предикативті емес сөз тіркестері жайында мұны айта алмаймыз»[3].

Сөз тіркесінің сөздердің бір-бірімен тіркесіп айтылуынан жасалатыны сияқты, сөйлем де сөздердің өз ара тіркесіп, бір-бірімен байланыста,қарым-қатынаста айтылуынан жасалады. Дегенмен, бұлар тілдік табиғаты жағынан әр басқа құбылыстар. Олардың айырмашылықтары жайында төменде сөз болады.

[1] Основы построения описательной грамматики современного русского литературного языка. Изд. «Наука», М., 1966, стр. 134—135.
[2] Жоғарыда аталған еңбектен, 135-бет.
[3] Бұл да сонда, 136-бет.

Сонымен сөз тіркесі жайында жоғарыда айтылғандарды жинақтай келгенде, мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Сөз тіркесі — кемінде екі дербес (толық мағыналы) сөздің бағыныңқы-басыңқы грамматикалық байланыстың негізінде тіркесуінен жасалған синтаксистік единица. Сөз тіркесі күрделі сөзбен де, фразеологиялық сөз тіркестерімен де, атауыш (дербес) сөз бен көмекші сөздің тіркесімен де, сөздердің салалас қабатарларымен де (тізбектерімен) сырттай ұқсас келгенімен, олардан түбірлі айырмашылықтары бар.

2. Сөздің, соның ішінде күрделі сөздің, бөлшектерінің арасындағы байланыс сөз тіркесінің сыңарларының арасындағы байланыстан анағұрлым басым және бекем болады. Осыдан келіп, күрделі сөз, жалаң сөз тәрізді, сөйлеу кезінде жасалмай, даяр тұрған единица ретінде сөз тіркесінің немесе сөйлемнің құрамына оның бір мүшесі ретінде емін-еркін енеді де, еркін сөз тіркесі сөйлеу кезінде белгілі бір үлгілер бойынша жасалады, оның құрамындағы сыңарлар ыңғайына қарай басқа бір сыңарлармен ауыстырыла алады. Сыңарлардың басқа бір сыңарлармен ауыстырылуынан еркін сөз тіркесінің грамматикалық табиғаты өзгерілмейді.

3. Сөз заттарды, құбылыстарды, сапа-белгіні, іс-әрекетті және т. б. жеке-дара күйінде атаса, сөз тіркесі оларды бір-бірімен байланысында, өз ара қарым-қатынасында атайды. Сөз тіркесінің сыңарларының арасында анықтауыш+анықталғыш, толықтауыш+толықталғыш, пысықтауыш+пысықталғыш тәрізді синтаксистік қатынастар сақталынса, күрделі сөздің сыңарларының арасында мұндай синтаксистік қатынастар жойылады да, күрделі сөздің әрқайсысы бір бүтін лексикалық единица ретінде ұғынылады. Күрделі сөздің әрбір сыңары сөйлемнің дербес мүшесі бола алмаса, сөз тіркесінің әрбір сыңары синтаксистік дербестігін сақтап, өздігінен сөйлем мүшесі бола алады.

4. Синтаксистік сөз тіркесі сырттай фразеологиялық единицалармен ұқсас болғанмен, олардан түбірлі айырмашылықтары бар. Сөз атаулының сөйлеу кезінде жасалмай, даяр тұрған единица ретінде сөз тіркесінің немесе сөйлемнің құрамына енетіні сияқты, фразеологиялық единицалар да (сондай-ақ, жалпы тұрақты сөз тіркестері) бұрыннан жасалып қойған, даяр тұрған единицалар ретінде синтаксистік сөз тіркесінің және сөйлемнің құрамына енеді. Ал синтаксистік сөз тіркесі даяр тұрған тіркес емес, ол сөйлеу кезінде дербес (атауыш) сөздердің тілдің грамматикалық заңдары бойынша еркін тіркесуінен жасалады. Сыңарларының басқа сыңарлармен (сөздермен) ыңғайына қарай ауыстырылуға көнетіндігі ескеріліп, синтаксистік сөз тіркесі еркін сөз тіркесі деп аталады.

5. Жеке сөздің эквиваленті ретінде жұмсалатын фразеологиялық оралымды құрастырушы сыңарлар, дербестігінен айрылып, бүтіндей фразеологиялық оралым сөйлемде бір ғана мүше

ретінде қызмет атқарса, синтаксистік (еркін) сөз тіркесінің сыңарларының әрқайсысы дербестігін сақтап, сөйлемнің дербес мүшелері бола алады.

6. Синтаксистік сөз тіркесі үшін сөздердің лексикалық тіркесімділігі міндетті шарт болса, фразеологиялық единицалар үшін сөздердің лексикалық тіркесімділігі міндетті шарт бола бермейді.

7. Еркін сөз тіркестерінің мағынасы өзін құрастырушы сыңарлардың мағыналарынан туатын болса және емін-еркін мүшелене алатын болса, атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалған аналитикалық конструкция лексикалық және грамматикалық идиоматизм сипатына ие болып, синтаксистік жағынан мүшеленбейді. Еркін сөз тіркесі мүшеленетін тіркес бола отырып, мағыналық және құрылымдық бүтіндігін сақтайды да, семантикалық тиянақтылық қасиетімен сипатталады. Ол осы қасиеті жағынан дербес сөз бен көмекші сөздің тізбегінен ажыратылады.

8. Сөз тіркесі сөздердің салалас қатарынан құрылымдық ерекшелігі жағынан ажыратылады. Салалас қатардың құрамындағы сыңарлар (сөздер) тең дәрежедегі сыңарлар ретінде өз ара салаласа байланысса, сөз тіркесінің сыңарлары басыңқы, бағыныңқы сыңарлар болып, бірі екіншісіне бағына байланысады. Сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың орнының алмасуы оның мазмұны мен грамматикалық табиғатына әсер етсе, салалас қатардың сыңарларының орнының алмасуы оның мазмұны мен грамматикалық табиғатына әсер етпейді.

9. Бағыныңқы байланыстың негізінде сөз тіркесі жасалса, предикативті байланыс негізінде предикативті тізбек жасалады Предикативті емес сөз тіркесі номинативті қызмет атқарса, предикативті тізбек мұндай қызметке ие бола алмайды. Сөз тіркесінің формалар жүйесі ұйытқы сөздің формалар жүйесіне негізделсе, предикативті тізбектің парадигмасы грамматикалық шақ пен объективті модальдылыққа негізделеді.

§24. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Маңызды мәселелердің бірі — сөз тіркестерін топтастыру мәселесі. «Қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасында» сөз тіркестері жаңаша топтастырылған. Құрамына қарай сөз тіркестері жалаң сөз тіркесі, күрделі сөз тіркесі және аралас сөз тіркесі (комбинированное словосочетание) болып үшке бөлінеді. Сөз тіркестерін бұлайша топтастыруда сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің саны емес, оның қандай байланыстың негізінде жасалғандығы ескеріледі.

Жалаң сөз тіркесі деп сөздердің бір еселі, екі еселі немесе үш еселі байланысына негізделген тіркесін айтамыз. Жалаң сөз тіркестері екі мүшелі (мысалы: *сөзді тыңдау*), үш мүшелі

(мысалы: *кітапты оқушыға беру, шөпті қораға тасу*), төрт мүшелі (мысалы: *шығарманы орысшадан қазақшаға аудару*) болып бөлінеді. Мысалға келтірілген екі мүшелі, үш мүшелі, төрт мүшелі жалаң сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің бәрі де меңгеру арқылы байланысқан.

Жалаң сөз тіркестерінің негізінде күрделі сөз тіркестері мен аралас сөз тіркестері жасалады.

Күрделі сөз тіркесі екі немесе одан да көп жалаң сөз тіркесінің қосындысынан жасалады да, бір ғана ұйытқы сөзге келіп тірелетін әр басқа байланыстардың жиынтығына негізделеді. Мысалы: *шығарманы қызығып оқу* деген күрделі сөз тіркесі екі жалаң сөз тіркесінен (*шығарманы оқу және қызығып оқу*) құралып, бір ғана ұйытқы сөзге (оқу) келіп тірелетін екі түрлі байланыс — меңгеру (*шығарманы оқу*) мен қабысудың *қызығып оқу*) түйісуіне негізделген.

Күрделі сөз тіркесі бір ғана ұйытқы сөзге тірелетін екі не одан көп әр басқа байланыс түрлерінің негізінде жасалса, аралас сөз тіркесі әр басқа ұйытқы сөздерге тірелетін әр түрлі байланыстардың негізінде жасалады[1]. Мысалы: *мазмұнды шығарманы қызығып оқу* деген аралас сөз тіркесі әр басқа ұйытқы сөздерге тірелетін әр түрлі байланыстың негізінде жасалып, бірнеше сөз тіркестерінің түйісуінен құралған. Бұл аралас сөз тіркесінің құрамында мынадай сөз тіркестері бар: *мазмұнды шығарма* (қабыса байланысқан сөз тіркесі, ұйытқы сөзі — *шығарма*), *шығарманы оқу* (меңгеріле байланысқан сөз тіркесі; ұйытқы сөзі — *оқу*) және *қызығып оқу* (қабыса байланысқан сөз тіркесі; ұйытқы сөзі — *оқу*). Орыс тілінде *увлеченно читать интересную книгу* деген сөз тіркесі аралас сөз тіркесінің қатарына жатқызылады да, оның құрамы былайша талданады: *увлеченно читать, читать книгу, интересная книга*[2].

Сөз тіркесіндегі ұйытқы сөздің қай сөз табынан болуына қарай, орыс тілінде жалаң сөз тіркестері мен күрделі сөз тіркестері, етістікті сөз тіркестері (ұйытқы сөзі — етістік), субстантивті сөз тіркестері (ұйытқы сөзі — зат есім, есімдікті-зат есім немесе есептік сан есім), адъективті сөз тіркестері (ұйытқы сөзі — сын есім, есімдікті-сын есім немесе реттік сан есім) және үстеулі сөз тіркестері (ұйытқы сөзі — үстеу) болып бөлінеді[3]. Сөз тіркестерін олардағы ұйытқы сөздердің қай сөз табынан болуына қарай осылайша топтастыру түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілі үшін де тиімді және дұрыс болмақ.

Сонымен, сөз тіркестерінің құрылымы, олардың модельдері сөз тіркесіндегі ұйытқы сөздің қай сөз табына қатысты болуына және категориялдық мағынасы мен қасиетіне қарай айқында-

---

[1] Грамматика современного русского литературного языка. Изд. «Наука», 1970, стр. 537.

[2] Жоғарыда аталған еңбектен, 537-бет.

[3] Бұл да сонда, 537-бет.

лады. Белгілі бір сөз табына енетін сөздердің басқа бір сөз табына телінетін сөздермен тіркесу мүмкіндігін ол сөздердің сөз табы ретіндегі жалпы категориялдық мағынасы, жеке грамматикалық мағыналарының жүйесі және оның сөз табы ішіндегі белгілі бір семантикалық топқа телінуі, бір сөзбен айтқанда, сөздің категориялдық қасиеті айқындайды. Құрамына қарай сөз тіркестері жалаң, күрделі және аралас сөз тіркестері болып бөлінеді. Күрделі сөз тіркесі бір ғана ұйытқы сөзге тірелетін әр басқа байланыстардың негізінде жасалса, аралас сөз тіркесі әр басқа ұйытқы сөздерге тірелетін әр түрлі байланыстардың негізінде жасалады[1].

СӨЙЛЕМ

§25. СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОҒАН ТӘН БАСТЫ БЕЛГІЛЕР

Сөйлем — ең басты тілдік единицалардың бірі. Ол өзімен сырттай ұқсас тілдік басқа құбылыстардан ең алдымен коммуникативті қызметі, яғни шындық болмыстың әйтеуір бір бөлшегі жайында хабар беру қызметі жағынан ажыратылады. Демек, сөйлем — толық коммуникативті қызметі бар синтаксистік единица. Сөйлемнің бірдеме жайында хабарлау қызметі оны синтаксистік басқа құбылыстардан, мысалы, сөз тіркесінен ажырататын белгі ретінде қаралады. 1) *Жер жыртылды деген* мен 2) *жер жырту* деген мысалдарды салыстырудан мынаны көруге болады: біріншісі — сөйлем де, екіншісі — сөз тіркесі. Аталған сөйлемнің белгілі бір құрылымдық үлгісі бар, ол бірдеме жайында хабар беру үшін құрастырылған. Ал екінші мысал да (сөз тіркесі) — грамматикалық белгілі бір үлгі бойынша жасалған синтаксистік конструкция, бірақ ол бірдеме жайында хабар беру үшін емес, бірдемені атау үшін құрастырылған. Демек, сөз тіркесінде номинативті қызмет болса, сөйлемде хабарлау қызметі бар. Сөйлем тілдегі құрылымдық үлгілер бойынша жасалады. Ол үлгілер шексіз емес, оларды санап айтуға да, талдап сипаттауға да болады. Сөйлем — құрылымдық үлгісі бар синтаксистік единица. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі басқа синтаксистік конструкциялардан, мысалы, сөз тіркесінен өзгеше болады. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі оның (сөйлемнің) дербес единица ретінде, атап айтқанда, сөйлеудің дербестігі бар бөлшегі ретінде қызмет атқаруына мүмкіндік береді. Тілдік единица ретіндегі сөйлемге сөйлеуде дербес қолданылуға мүмкіндік

[1] Сөз тіркесі туралы әдебиеттер: *О. С. Ахманова.* Словосочетание.— Сб. «Вопросы грамматического строя». М., 1955; *М. Б. Балақаев.* Основные типы словосочетаний в казахском языке. Алма-Ата, 1957; *В. В. Виноградов.* Вопросы изучения словосочетаний (на материале русского языке).—«Вопросы языкознания», 1955, № 3; Грамматика современного русского литературного языка. Издательство «Наука», М., 1970, стр. 536—541.

беретін құрылымдық үлгі — бастауыш-баяндауыштық құрылымдық үлгі. Бастауыш-баяндауыштық құрылым — синтаксистік басқа конструкцияларға емес, сөйлемге тән құрылым[1]. Ал сөйлем болса, ол, жоғарыда аталып өткендей,— толық коммуникативті қасиетімен, яғни бірдеме жайында хабар беру қызметімен, сипатталатын синтаксистік единица.

Сөйлем әр түрлі грамматикалық амал-тәсілдер арқылы бірдеменің осы шақта, өткен шақта немесе келер шақта іске асуын білдіреді немесе оның ықтимал, қалаулы яки қажетті екендігін білдіреді. Аталған грамматикалық мағыналардың баршасы, күллі жиынтығы объективті-модальды мағыналар немесе объективті модальдылық (объективная модальность) деп аталады[2]. Объективті-модальды мағыналар белгілі бір грамматикалық амал-тәсілдер (құралдар) арқылы берілетін синтаксистік категориялар — синтаксистік шақтар мен райлардың жүйесін құрайды. «Сонымен, жай сөйлем объективті модальдылық категориясы мен синтаксистік шақ категориясына және оларды білдіру құралдарының тиісті жүйесіне ие болады. Бұл екі категория бір-бірінен бөлек өмір сүрмейді, олар ажырамайтын бірлік-предикативтілік категориясын құрайды. Предикативтілік категориясы әрбір сөйлемге қатысады және оның грамматикалық мағынасы болып табылады»[3]. Сөйлемде объективті модальдылық пен синтаксистік шақ мағыналарының арнаулы грамматикалық құралдарымен берілуі, яғни предикативтілік категориясының болуы, жай сөйлемнің дербес синтаксистік категория ретіндегі басты белгісі болып саналады.

«Қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасында» синтаксистік шақ категориясы мен объективті модальдылық категориясы былайша түсіндіріледі: синтаксистік шақ категориясы біріншіден, сөйлемнің өзінің құрылымдық үлгісімен, екіншіден, етістіктер үлгілерімен, сөйлемнің тұрлаулы мүшесін жасайтын негізгі етістіктермен, үшіншіден, етістіктерсіз үлгілермен, сөйлем құрамына арнайы ендірілетін *быть* деген көмекші етістікпен беріледі. Мысалы, орыс тілінде (1) *Сын работает.* (2) *Ночь темна* (3) *Тишина* деген сөйлемдер осы келтірілген түрінде синтаксистік осы шақты білдіреді. Синтаксистік осы шақ бірінші сөйлемде оның құрылымдық үлгісіне оның міндетті сыңары (компоненті) ретінде енетін етістік сөзбен берілсе, екінші, үшінші сөйлемде де — етістік сөздің қатынасынсыз, сөйлемнің өзінің құрылымдық үлгісімен берілген. Аталған сөйлемдердің синтаксистік шақтар бойынша түрленуі арқылы олардың орыс тілінде мынадай фор-

[1] *Л. С. Бархударов.* Структура простого предложения современного английского языка. Изд. «Высшая школа», М., 1966, стр 141.

[2] Қазіргі орыс әдеби тілінің жоғарыда аталған академиялық грамматикасының 542-беті.

[3] Бұл да сонда, 542-бет.

малары жасалады: осы шақта: *Сын работает. Ночь темна. Тишина;* өткен шақта: *Сын работал. Ночь была темна. Была тишина;* келер шақта: *Сын будет работать. Ночь будет темна. Будет тишина.* Бірінші сөйлемде *(Сын работает)* синтаксистік шақтардың мағыналары баяндауышты жасайтын негізгі етістіктің әр түрлі морфологиялық формалары арқылы берілсе, соңғы екі сөйлемде *(Ночь темна. Тишина)* синтаксистік осы шақтың мағынасы — сөйлемнің өзінің құрылымдық үлгісімен, синтаксистік өткен шақ пен келер шақтың мағыналары шақтық мағынаның абстракты көрсеткіші ретіндегі *быть* деген көмекші етістік формаларының сөйлем құрамына ендірілуі арқылы берілген[1]. Синтаксистік шақ категориясы қандай тәсілдермен жасалса, синтаксистік рай категориясы да, негізінен алғанда, сондай тәсілдермен жасалады. Синтаксистік рай категориясының жасалуына бұған қоса синтаксистік демеуліктердің де қатысы бар[2].

Сонымен, «Жай сөйлем дегеніміз — хабарлаудың дербес синтаксистік единицасы, оның грамматикалық мағынасы — предикативтілік те, формасы — синтаксистік шақтар мен райларды білдіретін арнайы грамматикалық тәсілдердің жүйесін қамтып иеленген ең кіші құрылымдық үлгі»[3].

Сөйлем предикативтілік деп аталатын грамматикалық мағынасымен, коммуникативтілік деп аталатын қызметімен және бастауыш-баяндауыштық деп аталатын құрылымдық үлгісімен сипатталады да, осы жағынан келгенде, ол (сөйлем) әр түрлі айтылыстардан (высказывания) ажыратылады. Әр түрлі тілдердің синтаксисін зерттеушілер коммуникативті қызметі жоқ, яғни бірдеме жайында хабарлауды білдірмейтін, информация үшін жасалмаған айтылыстарды сөйлемнің қатарына жатқызбайды. Сөйлемнің қатарына емес, айтылыстардың (высказывания) түрлеріне жатқызылатындар, зерттеушілердің пікірінше, мыналар: 1) әр түрлі эмоцияны білдіретін айтылыстар мысалы: *Қап! Әттеген-ай! Ойпырмай! Мәссаған! Бәрекелді! Пау, шіркін!*; 2) диалогтарға тән төмендегідей мақұлдау мен теріске шығару, келісу мен келіспеу: *Бар*; *Жоқ*; *Иә*; *Солай*; *Жарар*; *Жақсы*; *Ешқашан да*! және т. б.; 3) сәлем беру және оған жауап айту, рақмет, тілек білдіру және оларға жауап айту, кешірім сұрау және оған жауап айту: *Сәлеметсіз! Кеш жарық! Аман-саусыз! Кешіріңіз! Рахмет! Келуіңізбен! Жаңа жылыңызбен! Кездескенше!* және т. б.; 4) бірдемеге үндеу, көңіл аудару: *Айда! Марш! Қараул Алло!* және т. б.; 5) жалпы сұрақты білдіру және оған жауап айту: *Немене? Бұ қалай? Дәнеме емес. Ештеме емес. Бұ қалайша?* және т. б.; 6) дербес қаратпалар: *Балалар! Өй жігіттер!*

[1] Грамматика современного русского литературного языка. М., 1970. стр. 543.

[2] Бұл да сонда, 544-бет.

[3] Бұл да сонда, 544-бет.

және т. б.[1] «Одағайлар да, әдеп-ізет формалары да, қаратпалар да өздігінен информация беру үшін арналмаған; олардан біздің алатын информациямыз айтылғандардың тікелей мазмұнынан емес, бірнеше ой қорытындыларынан келіп туады»[2]. Жоғарыда келтірілген одағайлар, әдеп-ізет белгілері және қаратпалар сөйлемге ұқсап айтылғанмен сөйлем бола алмайды, өйткені оларға «бастауыш-баяндауыштық құрылым тән емес»[3].

Бастауыш пен баяндауыш туралы ұғымдар — логика-семантикалық ұғымдар емес, синтаксистік ұғымдар. Зерттеушілердің пікірінше «сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері» дегендер сөйлем құрамынан емес, сөз тіркестерінен болған бастауыштар мен баяндауыштардың құрамынан мүшеленіп шығады. Осы тұрғыдан келгенде, тіл білімінде «сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері» дегендер жалпы сөйлемнің мүшелері емес, мүшелердің мүшелері, атап айтқанда, бастауыш, баяндауыштың мүшелері дейтін пікір бар[4]. Алайда, бұл мәселе әлі де болса зерттей түсуді қажет етеді. Бұл жерде әңгіме сөйлемнің құрылымдық үлгісі, анығырақ айтқанда, бастауыш-баяндауыштық құрылымы жайында болып отыр.

Сөйлемге тән белгілердің бірі — интонация. Сөйлем белгілі бір интонациямен айтылады. Интонация — сөйлемнің органикалық элементі. Сөйлем жеке сөзден де, сөз тіркесінен де құрылымдық үлгісі жағынан ғана емес, интонацияға ие болу жағынан да ажыратылады. Жеке сөздер немесе сөз тіркестері кейде сөйлем түрінде жұмсалады. Олардың сөйлем түрінде жұмсалуы үшін, міндетті түрде сөйлемге тән интонациямен айтылуы шарт. Сонда ғана олар сөйлем ретінде ұғынылады. Бұған қоса олар грамматикалық мағыналары жағынан, әрине, предикативтілікті білдіруі шарт (мысалы: *Түн. Вокзал. Қаптаған жүргіншілер.)*

Жоғарыда әрбір сөйлемде объективті-модальдық мағына болады дедік. Сөйлемде мұнан басқа белгілі бір субъективті-модальдық мағына да болуы мүмкін. Субъективті-модальдық мағына сөйлеушінің нені айтқысы, хабарлағысы келсе, соған қатысын, атап айтқанда, тұгелдей хабарға (сообщение) немесе оның әйтеуір бір бөлшегіне қатысын білдіреді. Субъективті-модальдық мағынаның қатарына күшейту мен әсерлеу, сенімділік пен сенімсіздік, құптау мен жақтырмау және т. б. осылар тәріздес мағыналар енеді. Мұндай мағыналар белгілі бір тілдік құрал-тәсілдер арқылы беріледі.

[1] Осылар тәріздес мысалдардың ағылшын тілі мен орыс тілінде сөйлем бола алмайтындығы жайында мына еңбектерде айтылған: 1) *Л. С. Бархударов.* Структура простого предложения современного английского языка. Изд. «Высшая школа», М., 1966, стр. 142; 2) Грамматика современного русского литературного языка. Изд. «Наука», М., 1970, стр. 545—574—575.

[2] *Л. С. Бархударовтың* жоғарыда аталған кітабының 142-беті.

[3] Бұл да сонда, 142-бет.

[4] Бұл да сонда, 143-бет.

Сондай құрал-тәсілдердің бірі — интонация. Интонация әр алуан суъективті-модальдық мағыналарды білдіретін тәсіл ретінде қолданылады. Мысалы, лепті интонациямен айтылған сөйлем алуан түрлі экспрессивті мағыналарды білдіреді. Интонация тәсілі сұраулық демеуліктермен ұштаса келіп, риторикалық сұрақпен айтылатын сөйлемдер жасалады да, олар әр түрлі эмоцияны білдіреді.

Сөздердің орын тәртібі де сөйлемде субъективті-модальдық мағыналарды білдіру тәсілі ретінде қолданылуы мүмкін. Мұндайда сөздердің орын тәртібі тәсіліне интонация тәсілі келіп ұштасады. Мысалы: *Тарт қолыңды Вьетнамнан! Тапқан екенсің сенетін адамды! Тыңдар ол сені!* Келтірілген сөйлемдердің субъективті-модальдық мағыналары баяндауыштардың қалыпты орны өзгеріп, олардың сөйлемдердің басында айтылуы (бұл — сөздердің орын тәртібі тәсілі) және онымен көтеріңкі (лепті) интонация тәсілінің ұштасуы арқылы берілген.

Субъективті-модальдық мағыналарды білдірудің бір тәсілі — қосарлану тәсілі. Қосарлану тәсілі қомсыну, кемсіну, күшейту, бірнеше рет қайталау тәрізді және т. б. мағыналарды білдіреді. Мысалы: *Шай-пайға қарайтындай уақыты болмады. Айта-айта шаршадық. Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың* (мақал). *Кемпір-семпірлер де жинаған екен. Сары ала қаз күнге шағылысып, жалт-жұлт етеді* (Ғ. Мүсірепов). *Ағашқа қонып, қаранып, Қанатын-жүнін таранып, Болмақшы еді мәз-мейрам* (Абай). *Ушаков жалынып-жалпайып оны осы араға әрең сүйреп әкеліп еді* (Ғ. Мүсірепов). Қосарлану субъективті-модальдық мағыналарды білдіруде өте-мөте түркі тілдерде жиі қолданылады. Бұл тәсіл орыс тілінде де бар. Мысалы: *Кругом леса-леса. Пошумят-пошумят и успокоятся. Никогда не видел такого синего-синего моря. Быстро-быстро собрался*[1].

Тіл-тілде әр түрлі субъективті-модальдық мағыналарды білдіретін арнаулы конструкциялар, атап айтқанда, сөйлемдердің құрылымдық үлгілері, баяндауыш пен басқа мүшелердің құрылу үлгілері бар. Мысалы: *Сөзі сөз емес! Сұлуы сұлу екен! Неткен адам екенін түсінбеймін!* «Қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасында» бұған мысал ретінде мынандай сөйлемдер келтірілген: *Что за церемонии! Так и поверил ему! Устроили концерт — не концерт, спектакль — не спектакль.*

Сөйлемде алуан түрлі субъективті-модальдық мағыналарды білдіру үшін сөздерге демеуліктер тіркесе қолданылады немесе сөйлем ішінде одағайлар қолданылады. Мысалы: *Бәйгеге қосқан аты ат-ақ екен! Қайта келер есікті қатты серіппе, жарқын-ау! Жетілсең де, жетсең де, Керек күні бір бар-ау* (Абай). *Зәрі қатты қырсық екен! Абай қатты кінәлапты-мыс* (М. Әуезов),— *Япыр-ай, ғажап екен бұнысы,— деді Балқаш* (С. Мұқанов).— *Уай, осы жегізбегің — асың, жаймағың — төсегің ғой! Дән ризамын, ағайын* (М. Әуезов).

Сонымен, сөйлем жайында айтылғандарды жинақтай келгенде, мынадай қорытындылар жасауға болады.

1. Сөйлем — коммуникативті қызметімен, яғни шындық болмыстың бір бөлшегі жайында хабар беретін қызметімен, сипатталатын синтаксистік единица.

2. Сөздің де, сөз тіркесінің де қызметі — номинативті қызмет болса, сөйлемнің қызметі — коммуникативті қызмет.

3. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі — бастауыш-баяндауыштық үлгі. Бастауыш-баяндауыштық құрылым — синтаксистік басқа конструкцияларға емес, сөйлемге ғана тән құрылым.

4. Сөйлемге тән белгілердің бірі — интонация. Сөйлем тілдік басқа құбылыстардан интонациялық белгісі жағынан да ажыратылады.

5. Сөйлем объективтілік модальдылық категориясы, синтаксистік шақ және рай категорияларымен және осы категорияларды білдіретін құралдардың жүйесімен сипатталады.

6. Предикативтілік — әрбір сөйлемге тән басты белгі. Предикативтік сөйлемнің грамматикалық мағынасы ретінде танылады.

7. Сөйлемде объективті-модальдық мағынадан басқа субъективті-модальдылық мағына да болады. Субъективті-модальдық мағынаның қатарына күшейту мен әсерлеу, құптау мен жақтырмау, сену мен күдіктену және т. б. осылар тәріздес мағыналар енеді. Субъективті-модальдық мағына алуан түрлі құрал-тәсілдер, атап айтқанда, интонация тәсілі, қосарлану тәсілі, одағай мен демеуліктер және т. б. тәсілдер арқылы беріледі.

§26. СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Тіл білімінде сөйлемдер әр түрлі тұрғыдан қарастырылады да, осыған орай, оларға түрліше классификация жасалады.

Хабардың (сообщение) мақсатына қарай сөйлемдер екі топқа бөлінеді: оның бірі — хабарлы сөйлемдер, екіншісі — сұраулы сөйлемдер. Сөйлемдердің бұл екі түрі сөйлеуші (немесе жазушы) мен тыңдаушының (немесе оқушының) өз ара бір-бірімен хабар алысуы үшін жұмсалады. Хабарлы сөйлем сөйлеушінің (немесе жазып отырған адамның) информациясын тыңдаушыға (қабылдаушыға) білдіру үшін жұмсалады, хабарлау интонациясымен айтылады. Мысалы: *Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек.* (Абай.) *Жолаушылар Ақшоқыдан шыққанда, Қорық бойында тек шұбартқан нөпір, қалың мал көрінгені болмаса, тігілген үй, жайғасқан ауыл жоқ еді.* (М. Әуезов).

Сұраулы сөйлем бірдеменің жайынан хабар (информация) алу үшін жұмсалады. Сұраулы сөйлем коммуникативті қызметі

[1] Орыс тілінің жоғарыда аталған грамматикасының 613-беті.

жағынан басқа бір хабардың келіп тууын қажет ететін сөйлем болып саналады. Хабарлы сөйлем сұрау интонациясымен айтылса немесе сөйлемнің құрамына сұрау есімдіктері не сұраулық демеуліктер енгізілсе, сұраулы сөйлемге айналады. Мысалы: *Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма* (Абай.) *Жеткен жерің осы ма? Қара суыр секілді, іңіңді бері қазады десе, кері қазайын деп пе едің?* (М. Әуезов) *Бұл кім болды екен?* (Б. Майлин.)

Хабарлы сөйлем де, сұраулы сөйлем де интонациялық тәсілдер арқылы лепті сөйлемге айналуы мүмкін. Мұндайда лепті сөйлем эмоциональды-экспрессивті қасиетке ие болады да, адамның көңіл күйіне байланысты жайларды, мысалы, қуану, шаттану, еркелету, шошу, ашу-ыза, күдіктену және т. б. білдіреді. Бұларды білдіру үшін сөйлемде арнаулы модаль сөздер мен одағай сөздер де қолданылады. Мысалы: *Ақбала-ай, айналайын-ай, ақылшы болуға қандай жақсысың? О, дүние қоңыз, дүние қоңыз!.. Әкесі болмай кет Баянның! Біттім, Жантық, біттім! Бере көр қолыңды* (Ғ. Мүсірепов). *Уа, мынау, менің баламның сөзі емес! Тілеуің құрғыр-ай! Қарғадай баламды тағы шырылдаттың-ау, қан ішер Майбасар!* (М. Әуезов) *Әй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!* (Б. Майлин.)

Сөйлемдер өзін құрастырушы сыңарлардың (компоненттердің) сипатына қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып екі топқа бөлінеді. Жай сөйлем сөздерден, сөздердің формаларынан жасалса, яғни жай сөйлемді құрастырушы сыңарлар сөздер мен сөз формалары болса, құрмалас сөйлем жай сөйлемдерге тән қасиеті бар сыңарлардан жасалады. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің әрқайсысына тән ерекшеліктерді әңгімелеуден бұрын жай сөйлемнің түрлері туралы мәселеге келейік.

Жай сөйлемнің құрылымдық үлгісі жайында жоғарыда айтылды. Жай сөйлемнің құрылымдық үлгісінің компоненттері, яғни оны құрастырушы элементтер болып саналатындар — белгілі бір сөз формалары. Сөйлемнің құрылымдық үлгісін құрастыратын (жасайтын) мұндай сөз формалары сөйлемнің тұрлаулы немесе бас мүшелері деп аталады[1]. Жай сөйлемнің екі түрлі құрылымдық үлгісі бар: оның бірі — екі құрамды (бастауышбаяндауышты) үлгі (двухсоставные схемы), екіншісі — бір құрамды үлгі (односоставные схемы). Екі құрамды сөйлемнің құрылымдық үлгісі екі бас мүшеден құралса, бір құрамды сөйлемнің құрылымдық үлгісі бір ғана бас мүшеден құралады. Мұндай бас мүше бір компонентті де, екі компонентті де болуы мүмкін. Мысалы: 1) *Түн. Вокзал. Өрт!* және т. б. 2) *Мыңдаған жүргіншілер. Сіркіреген жауын.*

Жай сөйлемнің басқа түрлері туралы мәселенің жеке (нақтылы) тіл білімінің грамматика саласының үлесіне енетіндігін ескеріп, құрмалас сөйлем және оның түрлері туралы мәселеге келейік.

[1] Қазіргі орыс әдеби тілінің жоғарыда аталған академиялық грамматикасының 546-беті.

Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемге ұқсас жақтары да, одан айырым жақтары да бар. Құрмалас сөйлем де, жай сөйлем сияқты, бірдеме жайында хабар беру үшін қолданылатын синтаксистік конструкция болып саналады. Жай сөйлемнің сөздердің орналасу тәртібі және интонация арқылы тұлғаланатыны сияқты, құрмалас сөйлем де өзін құрастырушы компоненттердің орналасу тәртібі және интонация арқылы тұлғаланады.

Құрмалас сөйлем жай сөйлемнен өзін құрастырушы компоненттердің табиғаты мен сипаты жағынан ажыратылады. Жай сөйлем сөздердің формаларынан, олардың тіркесінен құралса, құрмалас сөйлем жай сөйлемге тән қасиеттері бар компоненттерден құралады. Құрмалас сөйлемді құрастырушы компоненттер предикативтілік категорияға ие болады. Анығырақ айтқанда, құрмалас сөйлем предикативтілік қасиеті бар единицалардан құралады. Предикативтілік категориясы предикативтілік единицалардың құрылымы арқылы не олардың өз ара тіркескен жиынтығы, яғни құрмалас сөйлемнің жасалуы арқылы берілуі мүмкін[1]. Мысалы: 1. *Кеше жаңбыр жауып еді, бүгін қар жауды.* 2. *Малшылар қыста — қыстауды, жазда — жайлауды мекендейді.* Бірінші құрмалас сөйлемді құрастырушы предикативті единицалардың екеуі де жай сөйлемдердің құрылымдық үлгісін қайталаса, екінші құрмалас сөйлемде жай сөйлемнің құрылымдық үлгісін қайталайтын — тек соңғы единица *(жазда жайлауды мекендейді), ал алдыңғы (бірінші) единица (малшылар — қыста қыстауды)* синтаксистік шақтық мағынаға құрмалас сөйлемнің құрамына енудің және соңғы единицамен өз ара қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде ғана ие болады. Бірінші құрмалас сөйлем өзіне тән құрылымдық үлгісі бар предикативті единицалардан жасалса, екінші сөйлемнің құрамындағы бірінші предикативті единицаның өзіне тән құрылымдық үлгісі жоқ, ол соңғы предикативті единицаның құрылымдық үлгісіне негізделген.

Екі немесе бірнеше предикативті единицалардың синтаксистік тіркесіне негізделген құрмалас сөйлем полипредикативті (көп предикативті) құрылым ретінде қаралады да, ол (құрмалас сөйлем) осы тұрғыдан монопредикативті (дара предикативті) құрылым ретінде қаралатын жай сөйлемге қарама-қарсы қойылады. Құрмалас сөйлем жай сөйлемнен бір емес, бірнеше синтаксистік модальды-шақтық мағынаға ие болуы жағынан ажыратылады. Предикативтілік жай сөйлемнің грамматикалық

[1] Қазіргі орыс әдеби тілінің жоғарыда аталған грамматикасының 652-беті.

мағынасы болып саналса, ол бүтіндей құрмалас сөйлемнің емес, оны құрастырушы компоненттердің сапасы болып саналады. Құрмалас сөйлемнің мағынасы оны құрастырушы компоненттердің арасындағы белгілі бір синтаксистік және мағыналық қатынастардан келіп туады. Құрмалас сөйлемнің компоненттері синтаксистік және мағыналық байланыстардың көрсеткіштері арқылы белгілі бір құрылымдық үлгі бойынша тіркесіп байланысады[1]. «Құрмалас сөйлем дегеніміз белгілі бір құрылымдық үлгі бойынша құрастырылған және хабардың біртұтас единицасы ретінде қызмет атқару үшін жасалған предикативті единицалардың тіркесі»[2].

Құрмалас сөйлемді құрастырушы сыңарлар (компоненттер) сыртқы құрылысы жағынан жай сөйлемдермен біртектес болғанмен, бүтіннің құрамында сөйлем категориясына тән мағыналық және интонациялық тұжырымдылығы (законченность) болмайды, өз алдына дербестігі бар сөйлемдерді де құрай алмайды. Құрмалас сөйлемді құрастырушы сыңарлар интонация және синтаксистік байланыс тәсілі арқылы бір ғана синтаксистік бүтінге айналады; соның нәтижесінде ол бүтін сөйлем ретінде ұғынылады. Мысалы, *«өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы»* (Абай.) деген құрмалас сөйлемдегі ойдың ішкі бірлігі құрастырушы сыңарларды мағыналық және интонациялық жағынан топтастырып, күрделі синтаксистік бүтін — құрмалас сөйлемге айналдырып тұр.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасындағы байланыс салалас байланыс және бағыныңқылы байланыс түрінде болуы мүмкін. Осыған орай, құрмалас сөйлемдер салалас құрмалас сөйлем және сабақтас (бағыныңқылы) құрмалас сөйлем болып екі топқа бөлінеді.

Салалас құрмалас сөйлем деп құрастырушы компоненттері салаласа байланысқан сөйлемді айтамыз. Салалас құрмалас сөйлем іштей ашық құрылымды және жабық құрылымды салалас сөйлемдер болып бөлінеді. Ашық құрылымды салалас құрмалас сөйлем екі, үш не одан көп компоненттердің ашық қатарларынан жасалады. Мысалы, *Жаңбыр жауды жер көгерді* деген ашық құрылымды салалас сөйлемнің құрамына үстеме компоненттер қосылып, оның іргесі кеңейе түсуі мүмкін. Мысалы: *Жаңбыр жауды, жер көгерді, күн жылына бастады, шаруалар жер жыртуға кірісті!* Ал жабық құрылымды салалас сөйлем екі компоненттің тіркесуінен құралады да, оның құрамына үстеме компоненттер қосыла алмайды. Мысалы: *Күріш тұқымы суға қолмен себіледі, өйткені сеялка суға жүре алмайды.* (С. Мұқанов). Ашық құрылымды салалас құрмалас сөйлем бірнеше предикативті единицалардың жалғаулықтар арқылы байланысуынан да, жалғаулықсыз байланысуынан да жасалса, жабық құрылымды салалас құрмалас сөйлем екі предикативті единицаның тек жалғаулық арқылы байланысуынан жасалады.

Сабақтас құрмалас сөйлем деп құрамындағы компоненттерінің бірі екіншісіне бағына байланысқан сөйлемді айтамыз. Мысалы: *Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап.* (Абай). *Әдейі барған жұмысы көңілдегідей аяқталған соң. Ыбырай шаттанғандай болып қалды.* (С. Мұқанов).

Құрмалас сөйлемнің компоненттерінің арасындағы салалас және бағыныңқы байланыстар туралы ілім орыс тіл білімінде XIX ғасырдың ортасында жасалып қалыптаса бастады. Орыс тіл білімінің көрнекті уәкілі А. М. Пешковский салалас пен бағыныңқы байланыстарды логикалық емес, синтаксистік ұғымдар ретінде қарастыра келіп, сабақтас құрмалас сөйлемнен салалас құрмалас сөйлемді ажырататын формальды белгілерді атап көрсеткен болатын. Пешковский салалас байланыс пен бағыныңқы байланыстың айырмашылығы деп орыс тіліндегі салалас жалғаулық пен бағыныңқылы жалғаулықтың арасындағы айырмашылықты атайды. Пешковскийдің пікірінше, бағыныңқы байланыста оның көрсеткіші бағыныңқы компоненттің құрамына енсе, салалас байланыста компоненттердің бір-біріне қатысын білдіретін көрсеткіш (салыстырушы жалғаулық) олардың бірде-біріне телінбей, компоненттердің екеуіне бірдей ортақ болып келеді. Салалас құрмалас сөйлемде салыстырушы жалғаулық компоненттердің бірде-бірінің құрамына қосыла алмайды да, оларды бір-бірімен тең дәрежеде байланыстырады[1]. Ал жалғаулықсыз құрмалас сөйлем тұрлаулы мәселеге тоқталғанда, А. М. Пешковский интонация түрлерінің мағыналық жақтан жалғаулықтардың түрлеріне сәйкес келуін негізге алады да, интонацияның үш түрін атап көрсетеді. Оның пікірінше, интонацияның үш түрі қызметі жағынан жалғаулықтардың үш түріне (себеп-салдарлық, түсіндірмелі, салыстырушы) сәйкес келеді де, сөйлемнің интонациялық түрлерінің алғашқы екеуі сабақтас құрмалас сөйлемнің, соңғысы салалас құрмалас сөйлемнің қатарына жатады[2]. Алайда, жалғаулықсыз құрмалас сөйлемде интонацияның түрлері жалғаулықтардың белгілі бір топтарына сәйкес келеді деп тұжырымдау қате болады. Интонацияның лингвистикалық табиғаты жалғаулықтардан мүлдем басқа, сондықтан оларды (интонация мен жалғаулықтарды) бір-бірімен теңестіруге, әрине, болмайды.

---

[1] Қазіргі орыс әдеби тілінің жоғарыда аталған грамматикасының 652-беттері.

[2] Бұл да сонда, 653-бет.

[1] *А. М. Пешковский.* Существует ли в русском языке сочинение и подчинение предложений: Избранные труды. М., 1959, стр. 140—145.

[2] *А. М. Пешковский.* Русский синтаксис в научном освещении. Изд. 7. М., 1956, стр. 470.

Сабақтас құрмалас сөйлемдерді іштей топтастыруда орыс тіл білімінде құрылымдық және семантикалық белгілер негізге алынып, осыған орай, бұл классификация құрылымдық-семантикалық классификация деп аталып жүр. Сабақтас құрмалас сөйлемді оны құрастырушы компоненттердің ара қатысы тұрғысынан топтастыруда алғашқы қадам жасаған лингвист В. А. Богородицкий 1) бағыныңқының неге қатысты екендігін, 2) сөздердің қандай формаларының (және интонация мен басқа тәсілдерінің) қолданылуын, және 3) басыңқының белгілі бір мүшесінің емес, бүтіндей бағыныңқының қандай мағыналық реңкке ие болатындығын ескеріп[1], сабақтас құрмалас сөйлемді классификациялауда бағыныңқының басыңқыға мағыналық қатысын негізге алады. Сабақтас құрмалас сөйлемге құрылымдық-семантикалық классификация жасауда мол еңбек еткен лингвист Н. С. Поспелов[2] сабақтас құрмалас сөйлемді екі мүшелі (двучленный) және бір мүшелі (одночленный) деп екі үлкен топқа бөледі. Н. С. Поспеловтің пікірінше, бұл екеуінің арасындағы айырмашылық басыңқы компонент пен бағыныңқы компоненттің арасындағы байланыстың сипатына келіп тіреледі. Екі мүшелі сөйлемде бағыныңқы компонент бүтіндей басыңқы компонентке қатысты болса, бір мүшелі сөйлемде бағыныңқы компонент басыңқы компоненттің бір сөзіне (немесе сөз тіркесіне) ғана қатысты болады да, оны дәлдей немесе толықтыра түседі.

Енді бір-екі сөз жалғаулықсыз құрмалас сөйлем жайында. Кейінгі жылдарға дейін тіл білімінде жалғаулықсыз құрмалас сөйлем жалғаулығы түсірілген құрмалас сөйлем ретінде қаралып келді. Осылай болғандықтан, жалғаулықсыз құрмалас сөйлемді зерттеу оны жалғаулықты құрмаластардың түрлерімен салыстырып, олармен теңдестірумен ғана шектеліп келді. Орыс тілінде жалғаулықты құрмалас сөйлем салалас және сабақтас болып бөлінсе, жалғаулықсыз құрмалас та осылайша топтастырылатын болды. Елуінші жылдардан бастап, орыс тіл білімінде жалғаулықсыз құрмалас сөйлемді құрмалас сөйлемдердің айрықша құрылымдық-семантикалық тобы ретінде қарайтын көзқарас қалыптаса бастады. Жалғаулықсыз құрмалас сөйлемнің қатарына орыс тілінде мынадай сөйлемдер жатқызылып жүр: *Впечатление такое: рассказ писали два человека; Поймите главное: без специального образования в лаборатории делать нечего; Он сказал: «Позвони в институт»; Я ухожу, (так) вы дверь заприте; Ты меня не провожай: я дорогу знаю*[3].

---

[1] *В. А. Богородицкий.* Общий курс русской грамматики. Изд. 5. М.—Л., 1935, стр. 230.

[2] *Н. С. Поспелов.* О грамматической природе сложного предложения.— Сб. «Вопросы синтаксиса современного русского языка», М., 1950, Сложноподчиненные предложения и его типы.— «Вопросы языкознания», 1959, № 2.

[3] Грамматика современного русского литературного языка М., 1971, стр. 736—739.

Құрмалас сөйлемдерді топтастыруда әрбір тілдің немесе тілдердің әрбір тобының грамматикалық құрылысындағы ерекшеліктер есепке алынуы қажет. Мұнымен бірге, түрлі тілдердегі құрмалас сөйлем жүйесіндегі ортақ белгілер мен ұқсастықтар да ескерілуі керек.

§27. СӨЙЛЕМ МЕН БАЙЫМДАУ

Тіл ойлаумен тығыз байланыста, өз ара қарым-қатынаста болады дегенде, әдетте, тілдік құбылыстар мен логикалық құбылыстардың, соның ішінде, әсіресе сөз бен ұғымның, сөйлем мен байымдаудың бір-бірімен байланысы, өз ара қатысы ескеріледі. Ойлау мен тілдің байланысы көбінесе ұғым мен сөздің, байымдау мен сөйлемнің байланысы негізінде қарастырылады.

Сөйлем қатынас жасаудың негізгі формасы ретінде жұмсалады. Сөйлем ойды айтып берудің және хабарлаудың негізгі құралы ретінде байымдаумен тығыз байланыста болады. Сөйлем — байымдаудың тікелей шындығы, байымдауды айтып берудің құралы. Бірақ бұдан сөйлем тек даяр тұрған байымдауды ғана білдіреді, байымдаудың жасалу процесі сөйлемнің жасалу процесінен тыс болады екен деген ұғым тумасқа тиісті. Шындығында, байымдаудың жасалу процесі сөйлемнің жасалу процесімен қатар, бір мезетте іске асады.

Сөйлем мен байымдау бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ ол байланыс — өте-мөте күрделі байланыс. Бұлардың арасындағы байланыс пен айырмашылықты жете түсіну үшін, байымдау мен сөйлемнің әрқайсысына тән белгілердің және олардың әрқайсысының құрылымдық ерекшеліктерін айқындап алу қажет.

Ойдың формасы ретінде қаралатын байымдауда затқа немесе оның белгісіне қатысты бірдеме мақұлданады немесе теріске шығарылады. Осыған орай, мақұлдау немесе теріске шығару байымдауға тән белгілердің бірі ретінде қаралады. Бұл — бір. Екіншіден, байымдау ақиқат не жалған байымдау түрінде болуы мүмкін. Бұлар байымдаудың мазмұнына қатысты белгілер.

Байымдаудың өзіне тән логикалық құрылымы, логикалық элементтері бар. Жай сөйлеммен айтылған байымдаудың құрылымында, байланысты (связка) құрылымдық элемент ретінде есептемегенде, екі элемент болады: оның бірі — логикалық субъект (ойдың предметі туралы ұғым), екіншісі — логикалық предикат (ойлауға қатысты белгі жайындағы ұғым). Бұл ұғымдардың әрқайсысы жеке сөзбен немесе сөздердің тобымен, мысалы, бастауыштың синтаксистік тобы немесе баяндауыштың синтаксистік тобымен берілуі мүмкін. Мысалы, *Тіл дегеніміз қатынас құралы* деген байымдауда мынадай логикалық элементтер бар: тіл — логикалық субъект, *қатынас құралы* — логикалық предикат (*дегеніміз* — байланыс); орысша сөйлеммен айтылған мына

бір байымдауды талдап көрелік: *Слух обо мне пройдет по всей Руси великой* (Пушкин). Бұл байымдаудың логикалық субъектісі — *«слух обо мне»*, логикалық предикаты — *«пройдет по всей Руси великой»*.

Сөйлемнің басты белгілері жайында жоғарыда (§ 24) айтылды. Енді оның байымдаумен ара қатысы туралы мәселеге тоқталайық.

Бастауыш-баяндауыштық құрылымы бар жай сөйлем, әдетте, байымдаумен құрылымдық элементтері жағынан сәйкес келеді. Мысалы: *Жер — планета. Алтын — металл. Арам шөп — егіннің жауы* және т. б. Сөйлем мен байымдаудың, олардың құрылымдық элементтерінің арасында сәйкестілік те, сәйкессіздік те ұшырасады. «Субъект пен предикат сөйлем мүшелерімен салыстырылады, бірақ олармен теңдестірілмейді. Субъект бастауыш болып қана қоймайды, вербальды баяндауыштың жіктік жалғауынан да көріне алады. Предикативтік мазмұнға баяндауыш қана ие болып қоймайды, баяндауыштан тыс қолданылатын етістіктен жасалған сөз табы да ие бола алады. Мұндайда предикативтілік мазмұн сөйлем мүшесімен емес, сөз табымен байланысады. Әйтсе де субъект және предикаттың сөйлем мүшелерімен әр жақты байланыстарында сөйлем мүшелері олармен (субъект және предикатпен) бір жақты байланысқа түседі. Бастауыш субъектінің мазмұнын иеленеді. Баяндауыш предикаттың мағынасына ие болады»[1].

Логикалық субъект грамматикалық бастауышқа жақсыз сөйлемдерде сәйкес келмейді. Мысалы, жоғарыда аталған *Оған темекі тартуға болмайды* деген мысалда *оған* деген мүше байымдаудың, логикалық субъектісі болса, сөйлемнің — бастауышы емес, толықтауыш мүшесі. Жайылма сөйлемде бастауыш пен баяндауыш байымдаудың логикалық субъектісі мен предикатына сәйкес келмейді. Орысша *Слух обо мне пройдет по всей Руси великой* (Пушкин) деген мысалда сөйлемнің бастауышы — «слух», баяндауышы — «пройдет» деген сөз болса, байымдаудың субъектісі — «слух обо мне», предикаты — «пройдет по всей Руси великой».

Бұл жерде предикативтілік және баяндауыштық (сказуемость) деген ұғымдарды бір-бірінен ажырата білудің үлкен мәні бар екенін айту қажет.

Сөйлем-байымдауда логикалық (анығырақ айтқанда, логика-грамматикалық) субъект пен предикаттың қатынасынан көрінетін предикативтілік пен екі құрамды сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыштың қарым-қатынасынан көрінетін және сөйлемнің мүшесі ретіндегі баяндауышты сипаттайтын синтаксистік категория — баяндауыштық бір емес. Предикативтіліктің баяндауыштықтан айырмасы сол, ол сөйлемнің шындық болмысқа қатысын сипаттайды; предикативтілік сөйлемнің бір ғана мүшесінің, мысалы, баяндауыштың емес, бүтіндей сөйлемнің қасиеті болып саналады[1]. «Бастауыш немесе бастауыштың тобы логикалық субъектіні, ал баяндауыш немесе баяндауыштың тобы логикалық предикатты білдіргенде ғана, баяндауыштық пен предикативтілік бір-бірімен сәйкес келеді. Алайда, олар көптеген жағдайда бір-бірімен сәйкес келгенмен, мұнан предикативтілік пен баяндауыштық дегеніміз біртектес құбылыстар деуге болмайды...»[2]. Баяндауыш та, баяндауыштық та «сөйлемнің ұйымдастырушы белгісі бола алмайды, өйткені, біріншіден, өзінің құрамында баяндауыш жоқ сөйлемнің түрлері аз емес, екіншіден, — бір ғана баяндауыштың өзі біршама тиянақты ойды білдіре де бермейді және сөйлемді де құрай бермейді[3]. Ал предикативтілік болса, ол әрбір сөйлемнің қажетті қасиеті және оның ұйымдастырушы белгісі болып саналады. Мысалы, бір мүшелі сөйлем предикативтілік қасиетімен, яғни өзінің мазмұнының шындық болмысқа қатысымен сипатталады да, ол осы қасиеті арқылы жеке сөзден ажыратылады[4].

Дүние жүзіндегі әр түрлі тілдерде сөйлейтін әр басқа халықтар үшін байымдаудың логикалық құрылымы бірдей (біркелкі) болады да, байымдауды білдіретін сөйлемнің құрылымы әр түрлі тілдерде түрліше болады. Мысалы, байымдау кавказ тілдерінде сөйлемнің номинативті түрінен басқа эргативті түрімен де беріле алады. Ал сөйлемнің эргативті түрі дүние жүзіндегі көптеген тілдерде, мысалы, герман тілдері мен роман тілдерінде, индия тілдері мен иран тілдерінде, славян тілдері мен түркі тілдерінде, угро-фин тілдері мен монғол тілдерінде ұшыраспайды.

Сөйлем байымдауды ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге айтылған ойға, берілген хабарға адамның қатысын, алуан түрлі эмоциясын да білдіреді[5].

---

[1] *И. И. Мещанинов.* Структура предложения. М.—Л., 1963, стр. 5.

[1] *В. З. Панфилов.* Взаимоотношение языка и мышления. М., Издательство «Наука», 1971, стр, 169.

[2] Бұл да сонда, 170-бет.

[3] Бұл да сонда, 173-бет.

[4] Бұл да сонда.

[5] Сөйлем, оның түрлері және байымдаумен арақатысы туралы әдебиеттер: *П. С. Попов.* Суждение и предложение.— Сб. «Вопросы синтаксиса современного русского языка», М., 1950; *Е. М. Галкина-Федорук.* Предложение и суждение. Издательство Московского университета, 1956; *П. В. Тавanец.* Суждение и его виды. М., 1953; *М. Н. Алексеев, Г. В. Колшанский.* О соотношении логических и грамматических категорий.—«Вопросы языкознания», 1955, № 5, *В. З. Панфилов.* Грамматика и логика. Издательство Академии наук СССР, 1963; *Н. А. Баскаков.* Предложение и словосочетание в тюркских языках.— Сб. «Вопросы составления описательных грамматики», М., 1961; *И. И. Мещанинов.* Структура предложения. М.—Л., 1963; В. Н. Ярцева. Предложение и словосочетание.— Сб. «Вопросы грамматического строя», М., 1955.

VII тарау

ЖАЗУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

§1. ЖАЗУ ЖӘНЕ ЖАЗБА ТІЛ

Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін ауызша түрде де, жазбаша түрде де атқара алады. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады. Соның нәтижесінде оның қатынас құралы ретінде қолдану шеңбері кеңейеді. Жазу (жазба тіл) — адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Ал ауызекі тіл жайында мұны айта алмаймыз. Ауызекі тілмен сөйлесіп, қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігі (телефонды есептемегенде) сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы кеңістікке байланысты болады да, оның шеңберінен шығып кете алмайды. Ол кеңістіктің шеңбері құлаққа естілудің мүмкіндігімен ғана өлшенеді де, адамдар ауызекі тіл арқылы жүзбе-жүз кездескенде ғана, бір-бірімен сөйлесіп пікір алыса алады. Алайда мұндай салыстыру ауызекі тілдің қызметі мен құндылығын ешбір төмендете алмаса керек. Ауызша тіл күнделікті өмірде ауызба-ауыз сөйлесіп, қарым-қатынас жасауда, тікелей өз ара пікір алысуда айрықша қызмет атқарады.

Жазба тілдің ауызекі тілден (устная речь) кейін пайда болғаны, оның (жазба тілдің) жазудың шығып жасалуымен байланысты екендігі белгілі. Жазудың шығып жасалуының, соған сай жазба тілдің жасалуының күллі мәдениет атаулының тарихында орасан зор маңызы болды және болып та отыр. Жазусыз мәдениет атаулыны, цивилизация атаулыны көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Көрнекті жазушы Леонид Леонов жазудың маңызы туралы былай дейді: «Адамдардың тегін қорлық жағдайдан бөліп алып шыққан, өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың ішінде жазу өте-мөте үлкен роль атқарды. Алфавиттің туған күнін адамның өзін-өзі біліп ұғынуындағы дәуір деп есептеуге болады, осыдан кітап басу станогының пайда болуына тура жол ашылды. Адам өзінің қазіргі биігіне нақ кітап арқылы баспалдақпен көтерілгендей көтерілді»[1].

[1] *Леонид Леонов.* Литература и время. Издательство «Молодая гвардия», 1964, стр. 252.

Адам білімді, негізінен, жазба тіл арқылы, жазылғанды оқу арқылы алады. Адамзаттың сонау көне дәуірінен бастап, біздің заманымызға дейінгі талай ғасырлар бойына ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласында жасаған күллі мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де — жазба тіл. Көптеген заман бойында жасалған және біздің заманымызда жасалып отырған мол рухани мәдениетті бізден кейінгі ұрпақтарға, дәуірден-дәуірге жеткізетін де — осы жазба тіл.

Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да зерттеп білудің әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар.

Көне жазу нұсқаларын талдап оқи білу ерте заманда өмір сүріп, қазірде өлі тілдерге айналған тілдермен танысуға немесе қазіргі тілдердің ертедегі қалпымен танысуға және оны білуге мүмкіндік береді. Мұның тіл тарихын зерттеуде орасан зор маңызы бар. Жазудың тарихын зерттеп білу тіл білімі үшін ғана емес, сонымен бірге тарих ғылымы үшін де, археология мен этнография үшін де айрықша маңызды.

Халықтардың қазіргі жазуларын олардың дыбыстық тіліне қарым-қатынас жағынан қарастырып зерттей білу сол тілдің жазуларының ғылыми тұрғыдан дәлелді ережелерін жасау үшін өте-мөте қажет.

§2. ЖАЗУДЫҢ ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Қазірде біз жазба тілді ауызша тілдегі сөздердің жазбаша түрде әріптердің тіркесімен белгіленуі деп түсінеміз. Бірақ алғашында бұлай болмаған. Жазудың тарихына көз жіберсек, әріппен таңбалаудың кейінірек пайда болғанын көреміз. Жазу өте ерте заманда жасалып, мыңдаған жылдар бойы өзгеріп, дамып келді. Жазудың мыңдаған жыл бойына дамып жетілуімен бірге, оның принциптері де өзгеріп отырды.

Жазудың жүйесі таңбалардың жиынтығынан құралады. Ол таңбалар бүтіндей сөзді, не буынды, немесе дыбысты белгілейді. Әрбір жазбаша таңбаның графикалық формасы, белгілі бір мағынасы болады. Жазу жүйесіндегі таңбалардың не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не буынды, не дыбысты белгілеуіне қарай, жазу мынадай түрлерге бөлініп қарастырылады: 1) пиктографиялық жазу, 2) идеографиялық жазу, 3) буын жазуы (слоговое письмо), 4) әріптік немесе дыбыстық жазу. Енді осылардың әркайсысына арнайы тоқталайық.

1. Пиктографиялық[1] жазу. Бұл — жазудың ең алғашқы түрі. Пиктографиялық жазу — суретке негізделген жазу. Сондықтан оны кейде сурет жазуы (рисуночное письмо) деп те атайды. Пик-

[1] Пиктография — латынның pictus —«суретті» («живописный») және graphо —«жазамын» деген сөзінен жасалған термин.

тографиялық жазудың таңбалары (суреттері) пиктограммалар деп аталады. Пиктографиялық жазудың ескерткіштері әр түрлі суреттердің жиынтығынан құралған. Әрбір сурет (пиктограмма) өздігінен бүтіндей хабарды (сообщение) білдіре алады. Ол хабар графикалық жағынан жеке сөздерге бөлшектенбейді. Осыған орай пиктограмма тілдік формаларды емес, оның мазмұнын бейнелейді. Осылай болғандықтан пиктограммалардың мағынасын әр түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар түсіне алатын болған. Пиктографиялық жазуға таңба ретінде адамның, қайықтың, малдың, тоғайдың т. б. суреттері қолданылған. Адамдар басқа біреулерге нені хабарлап білдіргісі келсе, соның суретін салған. Мысалы, «мен ақ аулауға кеттім» дегенді білдіру үшін адамның суретіне қатарластырылып тоғайдың және аңның суреті салынған.

Алғашында өнер (искусство) мен жазу бір-бірінен ажырамай, синкретикалық қалыпта болды. Суретті-синкретикалық жазу шығу тегі жағынан ең алғашқы көне өнерге, сурет өнеріне барып тіреледі. Пиктографиялық жазудың тұңғыш рет шыққан мерзімі ең алғашқы сурет өнерінде әр түрлі суреттерді бейнелеу қызметінен бірдеме жайында хабарлау қызметіне ауысу кезінен басталады. Демек пиктографиялық жазу ең алғашқы суретті жазудың таңбалары — пиктограммаларға айналу кезінен басталады. Мұның өзі өте көне дәуірге барып тіреледі. Зерттеушілер суретті-синкретикалық (пиктографиялық) жазу ең алғаш рет неолит дәуірінде пайда болды деп есептейді[1].

Пиктографиялық жазуды аң аулайтын және балық аулайтын халықтар жиі қолданатын болған. Пиктографиялық жазу басқа тілдерге қарағанда полисинкретикалық тілдерге бір табан жанасымды болды. Жоғарыда атап өткеніміздей, пиктограммалар бүтіндей хабарды білдіретін, бөлшектеп ажырата беруге келе бермейтін күрделі таңбалар болған. Пиктограммалардың синкретикалық мұндай сипаты полисинкретикалық тілдерге үйлесімдірек болғандықтан, пиктографиялық жазуды басқалармен салыстырғанда, полисинкретикалық тілдерде сөйлейтін халықтар (ацтектер, американдық индеецтер, мысалы, прокездер, Қиыр Солтүстіктің көптеген халықтары және т. б.) кең түрде қолданатын болған. Алайда бұған қарап, тілдердің полисинкретикалық құрылысы пиктографиялық жазуды тудыруға себепші болды деп санауға болмайды.. Пиктографиялық жазу басқа типті тілдерде сөйлейтін халықтарда да болған. Бұл жерде әңгіме тілдердің полисинкретикалық құрылысы осы тілдерде сөйлейтін халықтарда пиктографиялық жазудың дамуына мүмкіндік берген жағдайлардың бірі екендігі жайында болып отыр.

Пиктографиялық жазу өте жабайы жазу болды, оның кең мазмұнды ойды түгелімен жазып жеткізуге мүмкіндігі болмады.

[1] *В. А. Истрин.* Развитие письма. М., 1961; стр. 59—60.

Пиктографиялық жазудың тәсілін қазірде де кездестіруге болады. Мысалы, көшеде жүрудің тәртібін аңғартатын әр түрлі белгілердің, магазиндер мен шеберханалардың жарнамасындағы бас киімнің, аяқ киімнің түрлерінің суреттері, сағаттың, примустың және т. б. суреттерінің пиктографиялық сипаты бар.

2. **Идеографиялық[1] немесе логографиялық[2] жазу.** Пиктографиялық жазудың біртіндеп даму барысында идеографиялық жазу пайда болды. Идеографиялық жазудың таңбалары идеограммалар деп аталады. Пиктографиядан идеографияға көшу өте баяу болды және пиктограммалардан пайда болған идеограммалардың алғашында пәлендей айырмашылығы да болмады. Идеографиялық жазудың даму барысында идеограммалар пиктограммалардан біртіндеп алшақтап, ақырында олар (идеограммалар) белгіленетін заттың сыртқы формасына дәлме-дәл негізделудеп қалып, шартты таңбалар ретінде қолданыла бастаған. Идеографияның пиктографиядан ең басты айырмашылығы таңбалардың формасында емес, олардың мағынасында. Идеографиялық таңба (идеограмма) не жеке сөзді немесе оның атауыш бөлшегін (мысалы, қытай тілінде бір буынды сөздерден құралған күрделі түбір морфемаларды немесе жапон және корей тілдеріндегі грамматикалық жақтан өзгеретін сөздердің негіздерін) белгілейді.

Идеографиялық жазудың үлгілерін өте ертедегі қытай жазуы мен шумер жазуынан (древнейшее шумерское письмо) көруге болады. Қытай жазуының идеографиялық жүйесі осыдан төрт мың жыл бұрын жасалған болатын. Қытайдың жазу жүйесі әрбір таңбаның дыбыстық тілдегі белгілі бір сөзге сәйкес келіп, соған телінуіне негізделген. Қытай жазуындағы таңбалар біртіндеп өзгеріп, жетіліп, белгілейтін заттар мен құбылыстардың шартты таңбаларына айналған.

Идеографиялық жазудағы графикалық таңбалар цифрлар тәрізді; олар сөздің дыбысталуын емес, мағынасын білдіреді. Сондықтан қытай тілінде омонимдер әр түрлі иероглифтермен белгіленеді, бірақ олардың дыбысталуы мен морфологиялық құрылысы біркелкі болады. Жазудың идеографиялық принципін қазіргі тілдердегі сандардың таңбаларынан да көруге болады. Мысалы, «5» деген цифрды алалық. Бұл цифрдың сандық мағынасын орыс та, қазақ та, неміс те, ағылшын да, басқалар да түрліше емес, бірдей ұғынады. Бірақ бұл цифрдың атының дыбысталуы әр тілде әр түрлі: орысша — *пять*, қазақша — *бес*, ағылшынша — *five*.

Цифр белгілі бір ұғымды санның таңбасы ретінде көрсетеді,

[1] Идеография — грек тілінің *idea* —«идея»; *grapho* —«жазамын» деген сөздерінен алынған.

[2] Логография — грек тілінің *logos* —«сөз және *grapho* —«жазамын» деген сөздерінен алынған.

бірақ ол таңбаның цифр атының дыбысталуына (дыбыстық жағына) ешбір қатысы болмайды. Осы ерекшелік — идеограммалар мен идеографиялық жазуға да тән нәрсе. Идеограммаларды цифрлар тәрізді таңбалар деп түсіну керек.

Қазіргі кездегі идеограммалар (математикалық, химиялық, астрономиялық және т. б. ғылыми-техникалық таңбалар) жеке сөзбен немесе сөз тіркестерімен айтылатын ғылыми терминдерді білдіреді. Мысалы: *O* —«кислород», *V* —«түбір», (±)—«Атом ядросы», h —«Планк тұрақтысы». Ғылым саласында жаңадан пайда болған ұғым, ең алдымен, сөз тіркесімен айтылады да, осыдан кейін барып ол арнаулы таңбамен (белгі) белгіленеді.

Пиктографиялық жазуға қарағанда, идеографиялық жазудағы идеограммалар өзінің мағыналары арқылы тілді дәлірек бейнелейді. Идеографиялық жазу сөйлеудің мазмұнын білдірумен бірге, оның бөлшектері — сөздерді, сөздердің синтаксистік орын тәртібін, кейбір жағдайда сөйлеудің фонетикалық жағынан да ажыратып бере алады.

Лингвистикалық әдебиеттерде пиктографияны синкретикалық жазу немесе суретті-синкретикалық жазу (картинно-синкретическое письмо) деп, ал идеографияны логографиялық[1] жазу, осыған орай идеограмманы логограмма деп атаудың қажеттілігі айтылып жүр[2].

Логограммаларды сөздерді белгілейтін таңбалар ретінде екі түрге бөліп қарауға болады. Логограммалардың кейбіреулері (мысалы, қытайдың идеографиялық иероглифтері) сөздердің мағынасымен тікелей байланысты болса, қайсыбіреулері (мысалы, қытайдың фонетикалық иероглифтері) сөздердің фонетикалық жағымен тікелей байланысты болады. Бұл логограммалардың бір-бірінен айырмашылығы мынадан ашық айқын көрінеді: бұлардың біріншілері бірнеше синонимдерді белгілеу үшін қолданылса, екінші түрі бірнеше омонимдерді белгілеу үшін қолданыла береді. Логографиялық жазу бойынша сөздерді дәлме-дәл белгілеу үшін логограммалардың бұл екі түрі бір-бірімен тіркесіп қолданылады.

Жазу және оның мәселелері жайындағы әдебиеттерде логограммалардың бұл екі түріне қатысты түрліше терминдер қолданылып жүр. Мысалы, логограммалардың бірінші түрі (сөздің мағынасымен тікелей байланысты түрі) «идеограммалар» (сөздің тар мағынасында), «идеографиялық иероглифтер», «мағына айқындауыштар» («смысловые определители»), «детерминативтер» делініп, ал екінші түрі (сөздің фонетикалық жағымен тікелей байланысты түрі) «фонограммалар», «фонетикалық иероглифтер» делініп әр түрлі терминдермен аталып жүр. Логограммаларға қатысты терминологияны бір ізге түсірген, әрине,

[1] *В. А. Истрин.* Развитие письма. М., 1961, стр. 31.
[2] Бұл да сонда, 31-бет.

қолайлы болған болар еді. В. А. Истрин идеограмма деген терминді логограмма деген терминмен ауыстырғанда, логограммалардың бірінші түрін идеографиялық логограммалар деп атау дұрыс дейді. Бұған қоса ол идеографиялық логограмма және фонетикалық логогрмамма деген терминдермен бірге, мағына айқындауыш (детерминатив) деген терминді де сақтаудың керектігін айтады[1]. Бұл термин тар мағынасында, яғни логограммалар сөздердің дербес таңбалары қызметінде емес, омонимдес келетін фонетикалық логограммалардың мағыналарын айқындап ажырату қызметінде жұмсалғанда қолданылады. Мысалы, қытай тілінде *gan* деген фонетикалық логограмма, мағына айқындаушысы болмағанда, өздігінен жеке-дара күйінде «төбе, төбешік» дегенді білдіреді. Бұл фонетикалық логограмма (gan) «металл» деген мағынадағы айқындаушы сөзбен тіркесіп айтылғанда, «болат» дегенді, «пышақ» деген мағынадағы айқындаушы сөзбен тіркескенде, «қатты» (твердый) дегенді білдіреді де, «жіп» деген айқындаушы сөзбен тіркескенде, «аудың (тордың) негізі» дегенді білдіреді. Қытай тіліндегі *та* деген фонетикалық логограмма да осы тәрізді. Бұл логограмма өздігінен *«ат»* дегенді білдірсе, «әйел» деген мағынадағы айқындаушымен тіркескенде, «ана, шеше» дегенді, «екі ауыз» деген мағынадағы айқындаушымен тіркескенде, «ұрсысу» дегенді білдіреді[2]. Сонымен, идеографиялық логограммалар мағына айқындаушыларға (детерминативтерге) ауысқанда, толық мағынасындағы логограммалар болудан қалып, фонетикалық логограммалардың мағыналарын айқындап дәлдей түсетін идеографиялық көмекші таңбаларға айналады.

Логографиялық жазудың жетіле түскен түрі — морфема-логографиялық жазу. Бұл жазудың таңбалары (белгілері) бүтіндей сөзді емес, күрделі сөздің құрамына енетін жеке морфемаларды белгілейді. Осыған орай морфемаларды белгілейтін таңбалар морфемограммалар деп аталады. Қазіргі қытай иероглификасы морфема-логографиялық жазу болып саналады. Қазіргі қытай тіліндегі көп буынды сөздердің көпшілігі алғашқы бір буынды сөздердің бірігуінен жасалған. Ондай бір буынды сөздер көп буынды сөздердің түбір морфемаларына айналып кеткен. Осыған орай алғашында бір буынды сөздерді белгілеген иероглифтер кейіннен көп буынды сөздердің құрамына енген түбір морфемаларды белгілейтін болды.

Қазіргі ғылыми таңбаларды (научные знаки) логографияның айрықша бір түрі ретінде қарауға болады. Бұл таңбалар әдеттегі сөздерді емес, терминдерді белгілейді, солардың «орынбасарлары» ретінде қолданылады. Терминдер сөздердің айрықша бір түрі болып саналатыны сияқты, ғылыми таңбалар да лого-

[1] *В. А. Истриннің* жоғарыда аталған еңбегінің 31—32-беттері.
[2] Бұл да сонда, 122-бет.

граммалардың бір түрі болып саналады. Мұндай ғылыми таңбаларды В. А. Истрин терминограммалар деп атайды.

Жазу және оның тарихы туралы еңбектерде гетерограмма[3] немесе жалған идеограмма (псевдоидеограмма) деген термин де кездеседі. Алғашында бір тілдегі белгілі бір сөзді белгілеу үшін қолданылып, кейіннен сол сөзге мағынасы жағынан сәйкес келетін басқа бір тілдегі сөзді белгілей бастаған логографиялық таңба немесе буын таңбаларының комплексі (сондай-ақ дыбыс таңбаларының комплексі) гетерограммалар деп аталады. Гетерограммалар алғашында өзінің жазуы мен жазба әдеби тілі болмаған, оларды басқа елдерден (халықтардан) қабылдаған, ақырында ол жазуды өздерінің тілі үшін қолданған халықтарда пайда болды. Мысалы, қытай жазуын қабылдап, оны өз тіліне сәйкестендіріп алған жапондықтар қытай тілінде «адам» дегенді білдіретін иероглифті қытайша (жэнь) емес, жапонша (хито) оқитын болған. Сондай-ақ ежелгі фарсылар арамей жазуын қабылдап, «патша» дегенді арамейше жазғанмен ***(т-л-к)*** фарсыша оқитын болған ***(sah)***. Арамейше «патша» дегенді білдіретін дыбыстық комплекстің ***(т-л-к)*** фарсыша ***гаһ*** түрінде оқылуы бұл дыбыстық комплекстің ***(т-л-к)*** , фарсы тілінде идеографиялық логограмма тәрізді қызмет атқаратындығын көрсетеді. Бұл құбылыстың гетерограмма немесе жалған идеограмма (псевдоидеограмма) деп аталуы да осыдан. Гетерограммалар әсіресе хетт сына жазуында, фарсы-арамей жазуында және жапон жазуында жиі қолданылатын болған.

Логографиялық жазу пиктографиялық жазудың даму барысында пайда болды дедік. Пиктографиялық жазуда бүтіндей бір хабарды білдіретін сурет-бейнелер логографиялық жазуға біртіндеп көшу барысында іштей бөлшектеніп, бейнелеуші ол бөлшектер жеке сөздерді белгілей бастайды да, осыдан логограммалар пайда болады.

Логографиялық жазу қоғам дамуының қай дәуірінде пайда болды?

Зерттеушілер логографиялық жазудың пайда болуын құл иелену құрылысының пайда болып, ежелгі мемлекеттердің жасалуы, сауданың дамуы осыған орай жазбаша түрде қарым-қатынас жасау қажеттілігінің күшеюімен байланыстырады. Египет, шумер, қытай және т. б. логографиялық жазу жүйесі ең алғаш құл иелену мемлекеттерінің құралып жасалған кезінде солармен бір мезгілде пайда болған[2].

Пиктографиялық жазудан логографиялық жазуға көшуге және оның қалыптасып орнығуына қоғамдық себептермен бірге тілдің кейбір ерекшеліктері де себепші болды. Ондай ерекше-

[1] Гетерограмма — грек тілінің *heteros* —«басқа, өзге» және *gramma* — «жазу» деген сөздері бойынша жасалған термин.

[2] *В. А. Истриннің* аталған еңбегінің 78-бегі.

ліктер деп мыналарды атауға болады: 1) сөйлеудің жігі ажырап, одан сөздердің бөліне алуға икемділігі; 2) логограммалар арқылы белгіленген сөздердің грамматикалық жақтан өзгерілмейтіні және олардың сөздің грамматикалық өзгерісін қосымша фонетикалық таңбалардың көмегінсіз білдіре алмайтындығы. Түрлі тілдердің ішінде логографиялық жазудың дамуына және қалыптасып орнығуына қолайлы тілдер делініп, әдетте, түбір тілдер аталады. Түбір тілдерде сөз грамматикалық жақтан өзгеріске түсе бермейді де, қосымша фонетикалық (буын немесе дыбыстық) таңбалардың болуын әрдайым қажет етпейді. Осыған орай түбір тілдерде сөздер логограммалар арқылы таңбалануға икемді келеді. Түбір тілдерге қарағанда, агглютинативті тілдердің логографиялық жазуға сәйкестілігі азырақ, икемділігі кемдеу. Агглютинативті тілдерде форма тудырушы аффикстер қосымша фонетикалық (буын немесе дыбыстық) таңбалардың болуын қажет етеді. Мұның есесіне агглютинативті тілдерде сөздің түбірі (немесе негізі) оңай бөлініп шығады да, логограммалармен берілуге икемді болады. Мұнымен бірге, агглютинативті тілдерде сөздің негізін белгілейтін логограммалар аффикстерді белгілейтін фонетикалық таңбалармен емін-еркін тіркесіп айтыла алады. Ал логография флективті тілдерге, әсіресе полисинкретикалық тілдерге[1] тіптен жанаспайды, өйткені бұл тілдерде әсіресе полисинкретикалық тілдерде сөздің сөйлемнен жігі ажырап бөлінуге икемдігі аз болады. Агглютинативті тілдермен салыстырғанда, флективті тілдерде сөздің түбір мен аффикстерге ажырауы әлдеқайда күрделі. Осының бәрі флективті тілдер мен полисинкретикалық тілдер үшін логографияның жанасымсыз екендігін көрсетеді. Логографиялық жазудың қытайда дамып қалыптасуы оның қытай тілінің құрылысына (қытай тілі түбір тілдердің қатарына жатады) жанасымдылығымен байланысты болса, шумер жазуы мен жапон жазуының логографиялық буынды (логографически-слоговой) жолмен дамып қалыптасуы бұл тілдердің (шумер, жапон) агглютинативті тілдер болуымен байланысты[2].

Египет, шумер, қытай, ацтек жазулары логографиялық жазу болды. Логографиялық жазу жүйелерінің барлығында да нақтылы мағынасы бар сөздер заттар мен құбылыстардың бейнесімен немесе схема түрінде беріледі. Мысалы, египет жазуында *үкі, көкаршын, арыстан, қоян, аяқ* деген сөздер осылардың бейнесімен берілсе, *қала, су* дегендер бейнелі-схемалы түрде берілген (1-суретті қараңыз).

Ертедегі шумер жазуында *көз, ағаш, тау, сабақ* деген сөздер (2-суретті қараңыз), қытай жазуында *күн, тау, ат, ауыз* деген

[1] Түбір тілдер, агглютинативті тілдер, флективті тілдер және полисинкретикалық тілдер жайында IX тарауды қараңыз.

[2] *В. А. Истриннің* аталған еңбегінің 79-беті.



1-сурет. Египет жазуында нақты мағынаны білдіретін, бейнелеуші (алғашқы екі бағана) және бейнелеуші-схемалы түрдегі (үшінші бағана) логограммалар.

сөздер де (3-суретті қараңыз) осы бейнелеу немесе схема түріндегі тәсілдермен берілген.

Абстракті мағынасы бар сөздерді, соның ішінде етістіктер мен сын есімдерді таңбалау үшін образды-символдық сипаты бар бейнелер (изображения) қолданылған (4-сурет).

Ондай белгілерді қолданудың әр түрлі тәсілдері бар: 1) Синекдоха тәсілі бойынша бүтін бөлшекпен бейнеленген. Мысалы, «жауынгер», «шайқас» деген сөздер екі қолдың бейнесі (бірінде қалқан, екіншісінде найза) арқылы берілген. 2) Метонимия тәсілі бойынша нәтижесінің орнына себеп, адамның дене мүшелерінің қызметінің орнына оның өзінің бейнесі белгіленген. Мысалы, мерзім мағынасын білдіретін *күн* деген сөз күннің бейнесі арқылы белгіленсе, *жүру* деген етістік аяқтың атталу бейнесімен, *көру* деген етістік екі көздің бейнесімен берілген. 3) Метафора тәсілі бойынша белгіленетін сөз басқа заттар мен құбылыстардың ұғымдарымен ассоциацияға түсіп, солардың бейнесі арқылы берілген. Мысалы, *қомағайлық, ашқарақтық* деген сөздер крокодилдің бейнесімен, *суық* деген сөз су ағып тұрған түтіктің бейнесімен берілген. 4) Сөздер энигматикалық (жұмбақ) тәсіл бойынша белгіленген. Бұл тәсіл аңызға немесе наным, түсінікке негізделеді. Мысалы, Египет жазушысы Горапаллонның (IV ғасыр) айтуынша, египеттіктер страустың қанатындағы қауырсындардың барлығы бірдей тең болады деп түсінген де, осыдан келіп *әділеттік* деген сөз страустың қауырсынының бейнесімен белгіленген.

Жыл деген сөз пальманың бұтақтарының бейнесімен белгіленген, өйткені египеттіктер пальманың бұтағының саны 12 болады деп түсінген[1].

Шумер жазуында абстракті мағыналы сөздерді белгілеу үшін екі логограмманың тіркесі қолданылған. Бұл ретте логограммалардың мынадай тіркесін мысалға келтіруге болады: *құс+жұмыртқа=туу; нан+ауыз=жеу; жұлдыз+су=жауын.* Шумер жазуында абстракті мағыналы сөздер 5-суретте көрсетілген түрде белгіленген.



2-сурет. Шумер жазуында нақтылы мағынасы бар сөздерді белгілейтін бейнелеуші логограммалар.

Логографиялық жазудағы таңбалар дамудың барысында бейнелеу сипатынан біртіндеп алшақтайды да, олардың графикалық формасы қарапайым түрге келе бастайды.

Логографиялық жазудың бірсыпыра кемшілікері бар. Олар мыналар: логограммалардың көптігі, логографиялық жазудын өте-мөте күрделілігі және логограммалар арқылы грамматикалық формаларды білдірудің қиындығы.

3. Буын жазуы. Жазудың даму барысында буын жазуы пайда болады. Жазудың буын жүйесінде таңба буынды белгілейді. Жазудың буын жүйесі шығу тегі мен таңбалардың фонетикалық мағынасы жағынан бірнеше түрге бөлінеді. Таңбалардың фонетикалық мағынасы жағынан буын жазуын негізгі үш түрге бөліп қарауға болады.

Мұның бірінші түріне ассиро-вавилон, элам, урарт, сына жазулары (клинописи), майя жазуы, лигатуралы[2] дыбыстық корей жазуы (корейское лигатурное-звуковое письмо) жатады. Жазудың бұл жүйелерінде таңбалар кез келген буынды, атап айтқанда, буынның мынадай түрлерін белгілейтін болған: дара дауыс-

[1] *В. А. Истриннің* аталған еңбегінің 112-беті.

[2] *Лигатура* — латынның ligare («байланыстыру») деген сөзінен алынған.

Ежелгі жазу	Кейініректегі жазу	Аталуы	Мағынасы	Ежелгі жазу	Кейініректегі жазу	Аталуы	Мағынасы
⊙	日	жи	күн	人	人	жэнь	адам
山	山	шань	тау	⬭	口	коу	ауыз
火	火	хо	от	目	目	му	көз
木	木	му	ағаш	上	上	шан	жоғарыда
犬	犬	цюань	ит	下	下	ся	төменде
馬	馬	ма	ат	中	中	чжун	орта
魚	魚	юй	балық	生	生	шэн	өсу

3-сурет. Қытай жазуының бейнелеуші және символды (соңғы төртеуі) логограммалары.

тының өзі, **А** (дауысты) + **С** (дауыссыз), **С+А, С+А+С**; майя жазуында сөз соңындағы дауыссыздарды да белгілеген.

Буын жазуының екінші түріне крит-микен (критско-микенское) буын жазуы, кипр, эфиопия және жапон (кана) буын жазулары жатады. Жазудың бұл жүйесінде таңбалар тек дара дауыстыларды және дауыссыздардың тіркесі мен белгілі бір дауыстың қосындысын белгілейді.

Буын жазуының үшінші түріне үнді (индия) жазуының әр түрлі жүйелері (кхарошти, брахми және т. б.) енеді. Жазудың бұл жүйесінде негізгі таңбалар (лигатуралы еместері) жеке-дара дауыстыларды («а») және дауыссыз бен дауыстының («ка») қосындысын белгілейді.


Жазудың буын жүйесі шығу тегі жағынан да үш топқа бөлінеді.

1) Логографиялық жазудың даму барысында жасалған крит, майя, кипр буын жазулары.


2) Эфиопия, индия (брахма, кхарошти және осылардан жасалған жазулар) буын жазулары.

3) Жапон буын жазуы (жапондық кана) мен лигатуралы дыбыстық жазу жүйесі (корейлік кунмун).

Логографиялық жазуға қарағанда буын жазуы оқыту ісі үшін де, қолдану үшін де қолайлырақ. Жазудың буын жүйесіндегі таңбалардың саны да ықшамырақ. Логографиялық-фонетикалық жазу жүйесінде мыңдаған таңбалар болса, жазудың буын жүйесінде таңбалардың саны (лигатуралы таңбаларды қоспағанда) отыз бес немесе қырықтан бастап (брахми, кхарошти және фарсы-ахеменид жазулары) екі жүзге дейін (эфиопия жазуы) жетеді. Буын жазуы тілді, әсіресе оның фонетикалық жағын дәлме-дәл беруге икемді. Буын жазуы сөздің грамматикалық формаларын да бере алады.



4-сурет. Египет жазуында жалпы және абстракті мағынасы бар сөздерді (жоғарыдағы), соның ішінде етістіктер мен сын есімдерді (төмендегі) белгілейтін образды-символдық логограммалар.



5-сурет. Шумер жазуында абстракті мағыналы сөздерді логограммалар арқылы белгілеу тәсілі.

Буын таңбалары (слоговые знаки) ең алғашында бір буынды сөздерді белгілейтін идеографиялық логограммалардың негізінде пайда болған. Мұндай логограммалар о баста омонимдес сөздерді таңбалап, фонетикалық логограммаларға айналған да, кейінде көп буынды сөздердің олармен (омонимдермен) ұқсас дыбыс талатын бөлшегін белгілейтін болған. Осылайша жиі қолданыла келіп, ол таңбалар дербес сөздердің таңбасы емес, буынның таңбасы ретінде ұғыныла бастаған.

Ертедегі буын таңбалары біздің заманымызға дейінгі үш мың жылдықтың бас кезінде шумер жазуында бір буынды сөздерді таңбалаған логограммалардан пайда болған. Мысалы, «садақтың оғы» деген мағынаны білдіретін сөзді (шумер тілінде *ti*) белгілеген таңба *ti* деген буынды да таңбалау үшін қолданылған. Шумер жазуында біздің заманымызға дейінгі үш мың жылдықтың бірінші жартысында буын таңбалары кең түрде тарайды да, бұл жазу біздің заманымызға дейінгі үш мың жылдықтың ортасында логографиялы буын жазуына айналады.

Шумер жазуындағы идеографиялық логограммалар мен фонетикалық логограммалар кісі аттарын, әсіресе шетелдік кісі аттарын немесе жаулап алынған қалалардың аттарын таңбалауға икемсіз болды. Мұның үстіне шумер тілінің құрылысы да буын таңбаларын қажет етті. Өзінің грамматикалық құрылысы жағынан шумер тілі агглютинативті тілдерге жақын. Бұл тілде сөздің түбіріне аффикстер агглютинативті принцип бойынша жалғанған. Ондай аффикстерді логограммалар арқылы таңбалау қиын болып, олар буын таңбаларымен белгіленген. Шумер жазуының буын жазуына көшуіне тағы бір мынадай қолайлы жағдай болды: шумер тілінде бір буынды сөздер көп болған да, олар 1) жеке-дара дауыстыдан (мысалы: *i* —«бес», е —«үй»), 2) дауыссыз бен дауыстыдан ***s—„кол“, lu—„адам“)*** немесе 3) дауысты мен дауыссыздан *(as— „бір“, an— „көкаспан“),* 4) дауыссыз бен дауысты және дауыссыздан ***(kuy—„е“)*** құралған. Осындай бір буынды сөздерді белгілеген логограммалардың буын таңбаларына айналуы оңай болған.

Шумер буын жазуын ассириялықтар мен вавилондықтар қабылдайды. Бұл жазу эламиттер мен хеттерге және урарттарға да тарайды. Крит (критское) буын жазуы да алғашқы логограммалардың буын таңбаларына айналуынан жасалған. Ал кипр жазуы осы аталған крит жазуынан пайда болған. Кипр жазуының бізге белгілі 55 таңбасы бар. Оның ішінде бесеуі жеке-дара дауыстыны таңбалайды да, қалған елуі дауыссыз бен дауыстының тіркесін (6-суретті қараңыз) таңбалайды.

Тарихи жағынан мұнан кейін пайда болған буын жүйелі екінші бір жазу — индиялық брахми, кхарошти жазулары мен осылардың негізінде жасалған басқа жазулар және эфиопия жазуы. Бұл жазулар логографияның негізінде емес, консонантты-дыбыстық жазудың (консонантно-звуковое письмо) вокалдануының (вокализация) негізінде жасалған. Брахми жазуы Индияның қазіргі мемлекеттік жазуы — деванаггари жазуына дейін күллі Индияға кең тараған жазу болды. Брахми алфавитінде (7-суретті қараңыз) жеке-дара дауыстыны (әдетте, сөз басындағы дауыстыны) белгілейтін 4 таңба, буынды (дауыссыз + қысқа дауысты **а** дыбысы) белгілейтін 31 таңба және анусвара деп аталатын арнаулы таңба (соңғы дауыссыздың мұрын жолды болып айтылатын көрсететін таңба) болған. Басқа бір дауыстымен, атап айтқанда, **а** дыбысынан басқа дауыстылармен айтылатын буындарды белгілеу үшін буын таңбасының астынан немесе үстінен сол дауыстыны көрсететін қосымша белгі қосақталған (мысалы: *ta* (буын -таңбасы) + *i* (арнаулы қосымша белгі) = *ti*).




6-сурет. Кипр жазуының буын таңбалары.

Буын жүйелі жазудың жоғарыда аталған екі түрінен кейініректе пайда болған үшінші бір түрі — жапонның к а н о деп аталатын буын жүйелі жазуы мен корейдің к у н м у н деп аталатын лигатуралы-дыбыстық жазуы. Жапон жазуында сөздің түбірі қытай иероглифтерімен беріледі де, аффикстер мен көптеген көмекші сөздер буын таңбаларымен белгіленеді.

IV. Әріп (дыбыс) жазуы. Әріп жазуы буын жүйелі жазудан кейін пайда болды. Таза күйінде консонантты-дыбыстық жазу II мың жылдықтың екінші жартысында пайда болса, вокалданған-дыбыстық жазу (вокализованно-звуковое письмо) біздің дәуіріміздің I мың жылдығының басында пайда болған.

Әріп жазуының пайда болуының дүние жүзілік мәдениеттің дамуы үшін үлкен маңызы болды. Жазу жүйелерінің ішінде



7-сурет. Брахми алфавиті.

Жоғарыда. Сол жақта — дараланған дауыстылардың таңбалары, оң жақта — буын таңбалары (дауыссыз+дауысты «а»); төменде, сызықтың астында — күрделі буын таңбалары (дауыссыз+дауысты, «а» дыбысынан басқалары) төмендегі оң жақ бұрышта — «анусвара» таңбасын қолдану үлгісі.

әріп жазуы — ең қолайлы жазу. Әр түрлі тілдерде буын саны мен сөздің санынан дыбыстың саны әлдеқайда аз. Осыған орай дыбыстарды таңбалау үшін, әдетте, 20-дан 40-қа дейінгі таңба санының өзі жеткілікті болады. Әріп жазуындағы таңбалардың мұндай шағын мөлшері жазуды меңгеруді, сауаттылыққа үйретуді жеңілдетеді. Әріп жазуы — сөздерді ғана емес, сонымен бірге, олардың дыбыстық жағы мен грамматикалық формаларын да дәлме-дәл белгілеу үшін өте-мөте қолайлы жазу.

Ертедегі әріп жазуы (финский жазуы, ежелгі еврей жазуы, арамей жазуы және т. б.) консонантты-дыбыстық жазу болды. Ондағы таңбалар тек дауыссыз дыбыстарды ғана белгілейтін болған. Жазудың бұл жүйесі дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың қызметі мен мәні басым тілдерде пайда болып, қалыптасқан. Мысалы, семит тілдерінде (ішінара хамит тілдерінде) сөздің түбірі дауыссыз дыбыстардың тіркесінен құралады да, оларға дауыстылар қабаттасқанда, ол дауыстылар түрлене отырып туынды сөздің әр түрлі грамматикалық формаларын білдіреді.

Консонантты-дыбыстық таңбалар алғаш рет египет жазуында пайда болады. Ежелгі египет тілінің семит тілдерімен (ассиро-вавилон, финикий, ежелгі еврей тілдері және т. б.) бірсыпыра ортақ жақтары болған. Мысалы, египет тілінде дауыстылар-

әріптің формасы	әріптің аталуы	Аталудың мағынасы	әріптің мағынасы	әріптің формасы	әріптің аталуы	Аталудың мағынасы	әріптің мағынасы
𐤀	'алеф	өгіз	'	𐤋	ламед	бізгек	л
𐤁	бет	(үй)	б	𐤌	мем	су	м
𐤂	гимель	түйе	г	𐤍	ну	(балық)	н
𐤃	далет	(есік)	д	𐤎	самех	тіреу	с
𐤄	хе	мағынасы белгісіз	h	𐤏	'айн	көз	'
𐤅	вав	шеге	в	𐤐	пē	ауыз	п
𐤆	зайн	(қару)	з	𐤑	цāдē	мағынасы белгісіз	ц
𐤇	хēт	қоршау	х	𐤒	коф	маймыл	к
𐤈	тēт	жүк	т	𐤓	реш	бас	р
𐤉	йод	қол	й	𐤔	шин	тіс	ш
𐤊	каф	(алақан)	к	𐤕	тав	белгі	т

8-сурет. Финикий алфавиті (әріп атының жақша ішінде көрсетілген мағынасы күмәнды, талас дегенді білдіреді).

дан дауыссыздардың мәні басым. Бұл тілде де сөздің түбірі дауыссыздардан құралады. Египет жазуы таза дыбыстық жазу болмаған. Бұл жазу қоспа (комбинированные) жазу түрінде болды да, онда идеографиялық логограммалар мен фонетикалық логограммалар, екі немесе үш консонантты таңбалар мен консонантты-дыбыстық таңбалар қабаттаса қолданылған.

Зерттеушілер ең алғашқы таза дыбыстық жазу мен финикий жазуын атайды. Жазу тарихының мамандарының пікірі бойынша, финикий жазуының ескерткіштері (Ахирам, Асдрубаал, Абибаал, Элибаал жазба ескерткіштері және т. б.) біздің заманымызға дейінгі X—XI ғасырларда пайда болған.

Финикий жазуында 22 таңба бар (8-суретті қараңыз).

Олардың әрқайсысы жеке дыбысты таңбалаған. Финикий жазуындағы таңбалардың барлығы да дауыссыздар мен жартылай дауыстыларды белгілеген де [мысалы, w (waw), j (jod)], дауыстылар жазуда түсіріліп, ешбір әріппен таңбаланбаған.

Финикий алфавитіндегі әрбір әріптің өзінің аты бар және әріптің дыбыстық аты әрқашан әріп атының бірінші дыбысына сәйкес келеді (мысалы: b — bet, d — dalel). Финикий әріптерінің аты әріптің дыбыстық мағынасымен ғана емес, сонымен бірге оның графикалық формасымен де байланысты болған. Мысалы, waw (вав) деп аталатын әріп (семитше waw «шеге» дегенді білдіреді w әрпін ғана белгілеп қоймайды, сонымен бірге формасы жағынан шегені еске түсіреді (көзге елестеді).


Ертедегі консонантты-дыбыстық жазудың қатарына финикий жазуымен бірге протохонаан, протосинай, угарит жазулары енеді. Финикий жазуымен қатар Аравия жарты аралында оңтүстік семит жазу жүйелері болған. Батыс семит әріп жазуларының ішінен үшеуі (угарит, протоханаан, протосинай жазулары) жойылып кеткен. Ал финикий алфавиті кейінгі әріпті-дыбыстық (буквенно-звуковое) жазу жүйелерінің жасалуына негіз болған.

Логографиялық жазу мен буын жүйелі жазуға қарағанда, әріп жазуы бір елден екінші елге ауысуға икемді болды. Әріп жазуының өте-мөте қарапайымдылығы, әр түрлі тілдерге жанасымдылығы, халықтардың арасындағы сауда қатынасы мен мәдени қатынастың және т. б. қатынастардың дамуы — осының бәрі әріп жазуының дүние жүзіне кең тарауына мүмкіндік берген қолайлы жағдайлар болып саналады. Кейбір халықтар басқалардан әріп жазуын қабылдай отырып, оның алфавиттік құрамын өз тілдерінің дыбыстық жүйесіне икемдеп өзгерткен. Мысалы, финикий алфавитінің негізінде грек жазуын жасауда, ал грек алфавитінің негізінде грек жазуын жасауда, ал грек алфавитінің негізінде славян жазуын жасауда осылай болды (В. А. Истрин).

Әріп жазуының таралуы біздің заманымызға дейінгі I мың жылдықтың алғашқы ғасырларынан басталады. Әріп жазуы негізгі екі түрлі бағытта таралды. Шығыста финикий жазуының негізінде пайда болған арамей жазуынан Азия халықтарының әріп жазу жүйелері жасалып таралады. Батыста финикий жазуының негізінде пайда болған грек жазуынан Европа халықтарының әріп жазу жүйелері жасалып таралады. Шығыстағы әріп жазуы жүйелерінің көпшілігінде белгілі дәрежеде финикийлік консонантты принцип сақталса, батыста грек жазуынан бастап, барлық жазулар воколданған-дыбыстық жолмен дамыды.

Шығыстағы әріп жазуы жүйелерінің барлығы да (ежелгі еврей жазуынан басқалары) шығу тегі жағынан арамей әріп жазуына барып тіреледі дедік.

Алғашында арамей жазуының финикий жазуынан пәлендей айырмашылығы болмаған. Кейіннен арамейліктер жазуға кейбір өзгерістер енгізеді, жеке әріптердің таңбаларын оңайлатады. Арамей жазуын ежелгі семит халықтары — еврейлер, ассириялықтар, вавилондықтар және басқалар қабылдай бастайды.



9. Арамей жазуының негізінде жасалған жазу жүйелерінің генеаеологиялық схемасы.

Арамей жазуы персиялық сына жазуымен (персидская клинопись) қатар Персияның мемлекеттік жазу жүйелерінің біріне айналады. Арамей тілі мен жазуы біздің заманымыздың III—IV ғасырларында арамейліктердің оңтүстіктен қоныс аударған арабтармен ассимиляциялануының нәтижесінде жойылып кетеді.

Арамей жазуынан тараған жазулардың төрт түрлі бұтағы бар. Олар мыналар: еврей жазуы, иран жазуы, сирия жазуы және араб жазуы. Осы бұтақтардың әрқайсысынан бірнеше жазулар жасалып дамыған (9-суретті қараңыз).

Семит тілдерінің бірі — араб тілінде дауыссыз дыбыстардың қызметі айрықша. Олар сөздің консонантты негізін құрайды. Араб алфавиті дауыссыздар мен жартылай дауысты әріптерден құралған. Дауыстылар ең алғашқы араб жазуында дәлме-дәл емес, шамамен белгіленген (мысалы, «әліп» кейде әр түрлі дауыстылардың бірнешеуін белгілеу үшін қолданылған). Кейіннен араб жазуында дауыстыларды таңбалау үшін жазудың үстінен немесе астынан қойылатын таңбалар пайда болады. Араб жазуындағы әріптер жеке-дара тұрғандағы қалпы, сөз басында келуі немесе сөз ортасы мен сөз аяғында келуіне қарай төрт түрлі графикалық формаға ие болады (10-таблицаны қараңыз). Араб жазуы құрылысы жағынан флективті, сөздерінің түбір құрамы консонантты болып келетін семит тілдері

Әріптердің кескіні				Аты
дара қалпы	сөз аяғында	сөз ортасында	сөз басында	
ا	ا	...	...	Әліф
ب	ب	ـبـ	بـ	Ба
ت	ت	ـتـ	تـ	Та
ث	ث	ـثـ	ثـ	Ҫа
ج	ج	ـجـ	جـ	Джим
ح	ح	ـحـ	حـ	Ҳа
خ	خ	ـخـ	خـ	Ҳа
د	د	...	...	Даль
ذ	ذ	...	...	Заль
ر	ر	...	...	Ра
ز	ز	...	...	За
س	س	ـسـ	سـ	Син
ش	ش	ـشـ	شـ	Шин
ص	ص	ـصـ	صـ	Ҫад
ض	ض	ـضـ	ضـ	Дад
ط	ط	ـطـ	طـ	Ҭа
ظ	ظ	ـظـ	ظـ	Ҙа
ع	ع	ـعـ	عـ	Айн
غ	غ	ـغـ	غـ	Гайн
ف	ف	ـفـ	فـ	Фа
ق	ق	ـقـ	قـ	Каф
ك	ك	ـكـ	كـ	Қаф
ل	ل	ـلـ	لـ	Лам
م	م	ـمـ	مـ	Мим
ن	ن	ـنـ	نـ	Нун
ه	ه	ـهـ	هـ	Һа
و	و	...	...	Вав
ي	ي	ـيـ	يـ	Йа

10. Араб алфавиті.

үшін қолайлы болғанмен, басқа тілдер үшін жанасымды бола алмады. Араб жазуы түркі тілдерінде сөйлейтін халықтарға ертеректе тараған болатын. Араб жазуы түркі тілдерінің дыбыстық құрамына да, агглютинативті сипатына да сай келмеді. Сондықтан оны түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар өз тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне ыңғайластырып өзгертті, қосымша әріптер мен диакритикалық белгілер енгізді. Алайда араб жазуының консонантты сипаты, графикалық жағынан күрделілігі түркі тілдері үшін жат, қолайсыз екендігін көрсетті. Түркі тілдерінде сөйлейтін Кеңес Одағындағы халықтар латын алфавитін, кейінірек орыс алфавитін қабылдады (бұл жайында келесі параграфты қараңыз). Индонезия мен Турция араб жазуынан латын жазуына көшті Араб жазуы араб елдерінен басқа, Иранда, Ауғанстанда. Пакистанда, Малаяда т. б қолданылады.

Әріп жазуына, әсіресе гректер үлкен өзгерістер енгізіп, оның дамуына ат салысты. Олар дауыссыздарды ғана емес, сонымен бірге дауысты дыбыстарды да таңбалау үшін арнаулы әріптерді енгізді. Грек жазуы финикий жазуынан шыққан дедік. Бұған мынадай дәлелдер бар: 1) финикий жазуы сияқты, грек жазуы да әріп жазуы болды; 2) өзінің дыбыстық мағынасы және графикалық формасы жағынан грек әріптерінің көпшілігі финикий әріптеріне сәйкес келеді; 3) грек әріптерінің аттары да финикий алфавитіндегі әріптердің аттарына өте-мөте ұқсас; бұлар (әріп аттары)— формасы жағынан әріптерді елестететін заттар-

Бас әріп	Кіші әріп	Аты	Дыбысталуы
Α	α	ἄλφα альфа	[а] (қысқа немесе созылыңқы)
Β	β	βῆτα бета	[б]
Γ	γ	γάμμα гамма	[г]
Δ	δ	δέλτα дельта	[д]
Ε	ε	ἒ ψιλόν э псилон	[е] (әрқашан қысқа)
Ζ	ζ	ζῆτα дзета	[дз]
Η	η	ἦτα эта	[е] (әрқашан созылыңқы)
Θ	ϑ	ϑῆτα тета	[т]
Ι	ι	ἰῶτα иота	[и] (қысқа немесе созылыңқы)
Κ	κ	κάππα каппа	[к]
Λ	λ	λάμβδα ламбда	[л] (латынша тәрізді дыбысталады)
Μ	μ	μῦ ми	[м]
Ν	ν	νῦ ни	[н]
Ξ	ξ	ξῖ кси	[кс]
Ο	ο	ὂ μικρόν омикрон	[о] (әрқашан қысқа)
Π	π	πῖ пи	[п]
Ρ	ρ	ῥῶ ро	[р]
Σ	σ ς	σίγμα сигма	[с]
Τ	τ	ταῦ тау	[т]
Υ	υ	ὖ ψιλόν и псилон	[и] французша немесе неміше ü (созылыңқы немесе қысқа)
Φ	φ	φῖ фи	[ф]
Χ	χ	χῖ хи	[х]
Ψ	ψ	ψῖ пси	[пс]
Ω	ω	ὦμέγα омега	[о] (әрқашан созылыңқы)

11. Классикалық грек алфавиті.

дың семит тіліндегі атаулары; ал грек алфавитіндегі әріп аттарының грек тілімен ешқандай байланысы жоқ; 4) финикий жазуы мен ертедегі грек жазба нұсқаларындағы жазудың бағыты да бірдей (оңнан солға қарай) болған. Грек жазуының бағыты кейіннен өзгерген (солдан оңға қарай).

Грек алфавитінің классикалық деп аталатын вариантында (11-таблицаны қараңыз) 24 әріп бар (17 дауыссыз, 7 дауысты), ал финикий алфавитінде 22 әріп болған. Гректер финикий әріптерінің графикалық формасына кейбір өзгерістер енгізген; финикий алфавитіндегі әріптердің аталуын негізінен сақтай отырып, гректер олардың атының соңына *а* дыбысын жалғастырған (мысалы: *alef — alfa, bet — beta* және т. б.).

Грек жазуынан барлық европа алфавиттері жасалып таралады. Мысалы, батыс грек жазуы негізінде этрус, копт және латын алфавиттері жасалып, латын алфавитінен күллі батыс европа халықтарының алфавиттері таралып дамыды.

Грек алфавитіне қарағанда классикалық латын алфавитінің құрамы басқаша болды (12-таблицаны қараңыз). Грек алфавитіндегі кейбір әріптер (мысалы, «тэта», «омега», «пси») латын алфавитіне енбеді; қайсыбіреулері (мысалы, «ипсилон», «ро»,

Бас әріп	Кіші әріп	аты	Дыбысталуы
A	a	а	[а]
B	b	бе	[б]
C	c	це	[ц] және [к]
D	d	де	[д]
E	e	э	[э]
F	f	эф	[ф]
G	g	ге	[г]
H	h	аш	[h]
I	i	и	[и]
J	j	йот	[й]
K	k	ка	[к]
L	l	эль	[л]
M	m	эм	[м]
N	n	эн	[н]
O	o	о	[о]
P	p	пе	[п]
Q	q	қа	[к]
R	r	э	[р]
S	s	эс	[с]
T	t	тэ	[т]
U	u	у	[у]
V	v	ве	[в]
W	w	дубль-ве	[w]
X	x	икс	[кс]
Y	y	игрек	[и]
Z	z	зет	[з] [дз]

IMPCAESAR
TRAIANOA

12. Латын алфавиті

хи») дыбыстық мағынасын өзгертіп барып енді. Кейбір әріптер латын алфавитіне енгенде, мағынасын сақтап, формасын өзгертті (мысалы, «ламбда»). Көне дәуірдегі грек жазуы мен латын жазуында әріптер бас әріптер (прописные) және кіші әріптер (строчные) болып ажыратылмаған да, бас әріптің таңбалары ғана болған. Кіші әріп таңбалары орта ғасыр дәуірінде ғана жасалған.

Латын алфавиті француздар, испандықтар, румындар, италияндар, ағылшындар, немістер, шведтер, датчандар, финдер, венгерлер, чехтар, словактар, поляктарға тарады. Америка мен Австралиядағы жазу жүйелері түгелімен, Африкадағы жазу жүйелерінің көпшілігі және Түркия мен Индонезияның қазіргі жазулары латын жазуына негізделген. Латын алфавитіне негізделген европа халықтарының және т. б. халықтардың жазу жүйелерінің қалыптасуы грек алфавитіне (жазуына) негізделген славян жазуына, әсіресе орыс алфавитіне негізделген. КСРО халықтарының жазу жүйелерінің жасалып қалыптасуынан басқаша болды. Грек жазуының негізінде славян тілі үшін айрықша алфавит жасалды да, ол көне славян тілінің (старославянский язык) өзіндік ерекшелігі бар дыбыстық құрамын дұрыс көрсете алды. Орыс жазуына негізделген КСРО халықтарының алфавиттерінде әрбір тілдің дыбыстық ерекшеліктерін таңбалайтын қосымша әріптер алынып, ол алфавиттер еліміздегі тілдердің әрқайсысының дыбыстық құрамын түгел қамтып белгілей алатын болды. Ал мұны батыс европа халықтарының латынға негізделген алфавиттері жайында айта алмаймыз. Батыс европа халықтарының жазу жүйелерінде, тілдерінің дыбыстық құрамының әр түрлі болуына қарамастан, біркелкі дерлік алфавиттер қолданылады. Оларда байырғы латын алфавитіне елеулі өзгерістер енгізілмеген. Бұл алфавиттің құрамындағы 23 әріпке орта ғасыр дәуірінде жаңадан екі-ақ әріп (w, j) қосылған. Мұнан басқа жаңалық: латын әріптерінің бірі — v (u) орыс тілінің у немесе в әрпінің мағынасын білдіруінғайына қарай екі түрлі таңбамен (начертание) қолданылатын болды. Сөйтіп, батыс европа халықтарының жазу жүйелерінде латын алфавиті елеулі өзгеріссіз, толықтырусыз қолданылып келеді. Толықтыру да, өзгерісте енгізбей, алфавитті жай қабылдай салудың салдарынан батыс европа тілдерінің дыбыстық құрамы мен алфавиттерінің арасында алшақтық келіп туды. Мысалы, француз тілінде 17 дауысты, 18 дауыссыз, неміс тілінде 16 дауысты, 21 дауыссыз; ағылшын тілінде, дифтонгтарды қоспағанда, 15 дауысты, 15 дауыссыз дыбыс бар. Ал қазіргі батыс европа алфавиттерінде дыбыстардың осынша мол түрлерін белгілейтін 26 ғана әріп бар (оның алтауы дауыстыларды, жиырмасы дауыссыздарды таңбалайды). Осыдан батыс европа жазу жүйелерінде әріптердің асты-үстінен қойылатын көптеген диакритикалық таңбалар мен екіден жетіге дейін әріптердің

тіркестері қолданылатын болды. Мысалы, ***х, ч, ш, щ*** дауыссыздары батыс европа жазу жүйелерінде әріптердің мынадай тіркестерімен беріледі:

Тілдер	х	ч	ш	щ
Немісше	ch	tszh	sch	scthtsch
Ағылшынша	kh	tch	sz	stch
Французша	kh	tch	sh	szcz
Полякша	ch	cz		sch

Тіл мен жазудың арасындағы үлкен алшақтық батыс европа халықтарының жазу жүйелерінде көптеген замандар бойы елеулі реформаның жасалмауынан болып отыр. Мысалы, француз жазуында XIII ғасырдан, ағылшын жазуында XIV ғасырдан бері ірі өзгеріс болған емес. Бірнеше ғасыр бұрын қабылданып, елеулі өзгеріске түспеген жазу жүйелері тілдердің жүздеген жылдардың бойындағы дамуын, ондағы өзгерістерді, әрине, көрсете алмайды. Мұның өзі, әсіресе ағылшын тілі мен француз тілінде дәл осылай болып отыр. Айтылуына орфографиясы жақынырақ келетін тілдердің қатарына неміс, голланд, венгер, швед, норвеж тілдері және жазуында реформа жасалған т. б. кейбір европа тілдері жатады.

Славян әліппесі (азбука) IX ғасырдың екінші жартысында грек алфавитінің негізінде жасалды. Бұл әліппені Кирилл (Константин) өзінің ағасы Мефодиймен Моравияға сапар шегудің алдында (863 ж.) жасайды. Біздің еліміз 1963 жылы славян әліппесінің 1100 жылдық юбилейін атап өтті. Славян жазуының графикалық екі түрі болған: 1) кириллица (Константин Философтың екінші аты — Кирилл дегеннен алынған), 2) глаголица (көне славян тілінің «сөз» деген мағынаны білдіретін *глагол* деген сөзінен алынған). Кириллицада 43 әріп болған, оның 24-і византиялық устав жазуынан (византиское уставное письмо) алынған да, қалған 19-ы славян тілінің ерекшеліктерін көрсететін әріптер ретінде жасалған. Бұл 19 әріп грек-византия жазуында болмаған. Демек славяндықтар грек-византия жазуын жай ғана қабылдай салмай, оны өз тіліне ыңғайлап, соны (оригинальный) алфавит жасаған. Орыс алфавиті осы аталған алфавиттің заңды жалғасы болып саналады. Славян алфавиті славян тілдерінің, соның ішінде орыс тілінің, дыбыстық құрамына сайма-сай келетіндей етіліп жасалған. Бұл алфавиттің ең үлкен жетістігі де осында. Кеңес Одағындағы халықтардың орыс графикасына негізделген жаңа алфавиттерінің жасалып қалыптасуы олардың жазу мәдениетін дамытуда айрықша роль атқарып отыр (бұл жайында келесі параграфты қараңыз).

Сонымен, жазудың шығуының және оның біртіндеп дамып, осы күнгі дәрежеге жетуінің ұзақ тарихы бар. Әр түрлі жазу жүйелерінің ішінде әріп жазу жүйесі жеңіл және өте-мөте қолайлы.

Жазулар таңбалардың орналасу бағытына қарай да бірбірінен ажыратылады. Қытай жазуындағы идеограммалар жоғарыдан төмен қарай орналасады. Орыс, грузин, армян, өзбек, қазақ жазулары т. б. солдан оңға қарай бағытталса, араб жазуы, керісінше, оңнан солға қарай бағытталады.

§3. АЛФАВИТ. ГРАФИКА. ОРФОГРАФИЯ

Әдетте, сөз құрамында айтылатын тіл дыбыстарының жазба тілде қағаз бетіне түсіп жазылуы және соған орай оқылуы үшін олардың белгілі бір таңбалармен белгіленуі шарт. Тіл дыбыстары жазуда графикалық таңба-әріптермен таңбаланады. Бірінен кейін бірі рет-ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы *алфавит* деп аталады.

Ал графика дегеннен белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесін белгілеу тәсілдерінің жиынтығы дегенді түсінеміз. Л. В. Щерба графиканы «алфавиттің ережелері (қағидалары)» деп те атайды.

Графика белгілі бір қағидаларға негізделеді. Графиканың ең басты мәселелерінің бірі — тілдің алфавитіндегі әріптердің құрамы туралы мәселе. Графикалық қағида бойынша, әр түрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбаланбай, олардың әрқайсысының өзіне телінген таңбасы (әріп) болуы керек. Екінші сөзбен айтқанда, графика белгілі бір әріп бірнеше фонеманың таңбасы емес, бір фонеманың таңбасы болсын деген қағидаға негізделеді. Бұл қағида графиканың ең басты қағидаларының бірі болып саналады. Ал, егер әр түрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбалана берсе, онда сауат ашу, оқыту ісі, емлені үйрену қиындай түсер еді. Алайда бұл айтылғаннан белгілі бір тілдегі фонемалардың саны мен әріптердің саны өз ара тепетең болуы шарт деген ұғым тумауға тиіс. Графиканың транскрипциядан[1] айырмашылығы сол, ол (графика) тілдің дыбыстық құрамын дәлме-дәл және түгел қамтып көрсетуді мақсат етпейді. Алфавиттегі әріптер транскрипциялық таңбалар емес, ол (әріп) басқа әріптермен түрлі-түрлі қарым-қатынаста бола отырып, әр түрлі фонемаларды таңбалауы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде жуан дауыссыз дыбыстан жіңішке дауыссыз дыбыс қосымша таңба — жіңішкерткіш белгі ***(ь)*** арқылы ажыратылады. Орыс тілінде 35 дауыссыз фонема бар. Ал егер әрбір фонема өз алдына бөлек әріппен таңбаланған болса, онда орыс тілінің қазіргі алфавитінің құрамында бар әріптердің үстіне

[1] Транскрипция жайында 4-параграфты қараңыз.

палаталь дауыссыздарды белгілейтін тағы да 15 әріп қосылған болар еді. Мұның өзі орыс алфавитінің құрамындағы әріптердің санын жасанды түрде ұлғайту болар еді. Орыс графикасына бір ғана жіңішкерткіш белгіні және дауысты дыбысты белгілейтін төрт әріпті (жіңішке дауыссыздан кейін келген ***е, о, и, а*** фонемаларын белгілейтін ***е, ё, ю, я*** әріптері) енгізу арқылы палаталь дыбыстар таңбаланып, соның нәтижесінде орыс алфавиті ықшам және қолайлы алфавит бола алды. Әдетте, алфавит өзінің құрамындағы әріптердің молдығымен емес, ықшамдылығымен ұтымды болады. Ықшамдылықтың да орынды, орынсыз болатыны бар. Алфавиттегі әріптердің саны ықшам, жинақы болсын дегенге сүйеніп, кез келген әр түрлі фонемаларды бір ғана әріппен таңбалай беруге болмайды. Бұлай ету жазуды да, оқуды да күрделендіріп ауырлата түседі. Өте ұқсас фонемаларды, емле мен оқыту ісіне залалы тимейтін болса ғана, бір әріппен таңбалауға болады.

Кейде фонемалардың тіркесін бір ғана әріппен таңбалауға тура келеді. Мысалы ***я, ю, е*** әріптері орыс тілінде сөз басында, дауысты дыбыстан және ***ъ, ь*** әріптерінен кейін ***йа, йу, йе*** дыбыстарының (фонемаларының) тіркесінің таңбалары ретінде жұмсалады.

Кейде керісінше жағдай болуы да мүмкін. Бір фонема екі әріптің тіркесімен таңбаланады. Мұның өзі әрі түрлі болады: 1) бір фонеманың таңбасы ретінде қолданылатын екі әріптің біреуінің дербестігі болмай, диакриталық таңба тәрізді қызмет атқаруы мүмкін. Бұған орыс тіліндегі дауыссыздардың жіңішке екендігін көрсететін, бірақ өз алдына ешбір дербестігі жоқ әріп — жіңішкерткіш белгі (ь) мысал бола алады; 2) бір фонеманың таңбасы ретінде жұмсалатын әріптердің тіркесі дербес қолданыла алатын әріптерден де құралады. Мысалы, ағылшын тілі мен неміс тілінде ***ch*** және ***ng*** әріптерінің тіркесі бір-бір фонеманың таңбасы ретінде қолданылады. Мұнымен бірге бұл әріп тіркестерінің құрамындағы әріптердің әрқайсысы жеке фонеманың таңбасы ретінде де жұмсала алады; 3) кейде қос әріп созылыңқы дауысты дыбысты таңбалайды. Мысалы, қосарланған ***аа, оо*** әріптері хақас, тува тілдерінде созылыңқы ***ао*** дыбыстарын белгілейтін таңбалар ретінде қолданылады.

* * *

Рет-ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы *алфавит* деп аталады дедік. Өте-мөте кең таралған алфавит — латын алфавиті мен орыс алфавиті.

Әзірбайжан, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, татар т. б. түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың алфавиті 20-жылдардың аяғына дейін араб графикасына негізделген алфавит болды. Бірақ араб алфавитінде ұқсас әріптердің көп болуы және ондай әріптердің бірінен екіншісі қосалқы белгілер

арқылы ғана ажыратылуы, бір әріптің сөз басында, ортасында және соңында келуіне қарай, түрліше таңбалануы, алды-артындағы әріптермен кейде бірге, кейде бөлек жазылуы, алфавит құрамында түркі тілдеріндегі дыбыстарды (әсіресе дауысты дыбыстарды) таңбалайтын әріптердің жетіспеушілігі т. б. сауат ашу, оқыту ісінде де, баспа техникасында да көптеген қиындықтар туғызды.

Қазақ халқы 1929 жылы латын графикасының негізіндегі жаңа алфавитті қабылдады. Осы жылдары еліміздегі түркі тілдерінде сөйлейтін басқа да халықтар латын алфавитіне көшті.

Латын алфавитінің сауат ашуда болсын, баспа ісінде болсын, араб жазуы негізіндегі алфавитке қарағанда, әлдеқайда прогрестік маңызы болды. Латын алфавитіндегі әрбір әріп өзінің жеке тұрғандағы қалпын сақтайды. Бұл алфавиттің құрамында 29 әріп бар еді. Бұлар байырғы сөздерді дұрыс жазуға мүмкіндік берді. Латын графикасы негізіндегі алфавит сауатсыздықты қысқа мерзім ішінде жоюға көмектесті. Осындай жетістік жақтары бола тұрса да, латын графикасы негізіндегі алфавит орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген көптеген сөздер мен терминдерді дұрыс жазуға төтеп бере алмады. Мұның өзі бір сөзді әр түрлі жазу, ғылыми-техникалық терминдердің айтылуын бұрмалау сияқты қолайсыз жағдайларға ұшыратты.

Біздің елімізде түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар орыс графикасына негізделген алфавитке көшуді қажет деп тауып, 30-жылдардың аяғы 40-жылдың басында жаңа алфавит қабылдады. Қазақ халқы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті 1940 жылы қабылдады. Орыс алфавитіндегі 32 әріп түгелдей қабылданып, оған қоса орыс тілінде жоқ дыбыстарды таңбалайтын 9 әріп алынды да, әріп саны 41-ге жетті. Орыс тілінде жоқ дыбыстардың қазақша таңбалары ***(ң, ғ, ә, ө, ұ, ү, і, ң h)*** орыс алфавитіндегі әріптерге ***(о, к, г, у, н*** ұқсас болу жағы ескерілді. Орыс графикасына негізделген жаңа алфавит қазақ жазуын бұдан бұрын әріптің жетіспеуіне байланысты болып келген қиыншылықтан біржола құтқарды. Орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген көптеген сөз бен терминді дұрыс жазуға мүмкіндік туды. Мектеп оқушылары латын алфавиті тұсындағыдай, екі алфавитті емес, шын мәнінде бір-ақ алфавитті танып білуге мүмкіндік алды. Орыс графикасына негізделген алфавитті қолданудың жиырма жылдан астам тәжірибесі жазуымыздың өте икемді, алфавит тарапынан ешбір қиындық келтірмейтіндігін іс жүзінде дәлелдеді.

Графика мен орфография[1] өз ара тығыз байланыста болады. Орфография дегеннен дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы

[1] *Орфография* — грек тілінің orephos «дұрыс» және grapho «жазамын» деген сөздерінен жасалған термин.

дегенді түсінеміз. Тілдің дыбыстық жағы оның сөздік құрамы және грамматикалық құрылысымен астарласып, өз ара байланыста болады. Осыған орай фонетикалық жазу (әріппен жазу) тілдің дыбысталу жағын ғана емес, сонымен бірге лексикасы мен грамматикалық ерекшеліктерін де қамти алатындай болуы керек. Орфография дұрыс жазудың нормасы мен қағидаларын белгілегенде, тілдің әр түрлі жақтарын және олардың байланысын бірдей ескере отырып, нақтылы принциптерге сүйенеді, соларды негіз етіп алады. Орфографияның жүп-жұбымен тізбектеле қолданылатын алты түрлі принципі бар. Олар мыналар:

Фонематикалық принцип пен фонетикалық принцип. Фонематикалық принцип бойынша, әрбір фонема қай позицияда келуіне қарамастан, өзіне бекітілген тұрақты таңба — бір әріппен белгіленеді. Орыс тілінде бір сөздің әр түрлі формалары, мысалы, *плода* және *плод* формалары әр түрлі дыбысталғанмен (*плода* формасында айтылған сөздің құрамындағы ұяң дауыссыз **д плод** сөзінде айтылуда қатаң дыбысқа айналады), біркелкі жазылады. Орфографияның фонематикалық принципі бойынша *дуб* және *дуба* формалары да айтылуда бірінде қатаң, екіншісінде ұяң дауыссыз келуіне қарамастан біркелкі ұяң әріппен жазылады.

Фонетикалық принцип сөздің құрамындағы дыбыстардың айтылуын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы, *жаздыгүні, қыстыгүні, ашудас* деген сөздердің айтылуынша, осылай жазылуы — орфографияның фонетикалық принципіне сүйеніп жазудың нәтижесі. Бірсыпыра сөздердің жазылуында фонематикалық принцип пен фонетикалық принцип бірдей ұштасып, бірбіріне сайма-сай келеді. Мысалы, орыс тіліндегі *пол, ток, кот, сом, сам,* қазақ тіліндегі *ағаш, тас, көл, қорған, аттаныс* тәрізді сөздер фонематикалық жақтан да, фонетикалық жақтан да біркелкі жазылып, бір-бірінен ажыраспайды. Солай болғандықтан аталған сөздердің жазылуын фонематикалық принципке де, фонетикалық принципке де жатқызуға болады.

Этимологиялық принцип пен дәстүрлік-тарихи принцип. Этимологиялық принцип сөздердің қалпын емес, шығу тегін (этимологиясын) сақтап жазуға негізделеді. Мысалы, орыс тілінде «қайық» деген мағынаны білдіретін сөз *лотка* түрінде емес, *лодка* түрінде жазылады. Бұлай жазуда сөздің негізі *лодочный, лодочка* деген сөздердің құрамында кездесетін *лод* екені ескеріледі. Этимологиялық принцип бойынша жазу сөздердің өткен дәуірдегі қалпын сақтайды. Мысалы, орыс тілінде *пчел, пошел, пшенный* деген сөздердің құрамындағы *е* әрпінің орнына қазіргі кезде о дыбысы айтылғанмен, бұлардың ертеректегі қалпы сақталып, этимологиялық принцип бойынша жоғарыда көрсетілген түрде жазылады.

Дәстүрлік-тарихи принцип этимологиялық принциппен төркіндес, соған ұқсас принцип болып саналады. Орфографияның

бұл принципі тілдің ерте кездегі жазу дағдысына негізделеді де, сөздің ертеректегі айтылуы мен жазылуын өзгертпей сақтауды көздейді. Мысалы, *помощник* деген сөз шіркеулік славяндық *помощь* дегеннен емес, орыс тілінің *помочь* деген сөзінен жасалғанына қарамастан, дағды бойынша жоғарыда көрсетілген түрде жазылады.[1]

Орфографияда дәстүрлік-тарихи принципке сүйену сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы үлкен алшақтыққа әкеп соқтырады. Тілдің уақыт озған сайын өзгеріске түсіп, дамып отыратыны белгілі. Тілдің даму барысында дыбысталу жағынан өзгеріске түскен сөздердің айтылуы мен жазылуының арасындағы алшақтық орфографиясы дәстүрлік-тарихи принципке көбірек сүйенген тілдерде жиі ұшырасады. Мысалы, ағылшын тілі мен француз тілінің орфографиясының негізгі принципі дәстүрлік тарихи принцип болғандықтан, ол тілдерде сөздердің айтылуы мен жазылуының арасындағы үлкен алшақтық жиі кездеседі. Ежелгі дәстүр бойынша жазу тілдің жазба түрін оның ауызша түрінен және мазмұнынан алшақтата береді. Орфографиядағы реформа әдетте көне дағды бойынша жазуға қарсы бағытталады да, оны өзгертуді көздейді.

Морфологиялық принцип пен иероглиф принципі. Морфологиялық принцип бойынша жазу сөздердің айтылуына емес, түбір тұлғасын сақтауға негізделеді. Көптеген тілдерде сөздерге сөз тудырушы аффикстер мен сөз түрлендіруші аффикстер жалғанғанда, екі сөз бірігіп немесе өз ара тіркесіп айтылғанда, сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы өзгеріп, әр түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Морфологиялық принцип дыбысталудағы бұл ерекшеліктерді ескермей, сөз құрамындағы сыңарлардың жеке тұрғандағы қалпын сақтап жазуды басшылыққа алады. Мысалы: *басшы* (башшы емес), *ұшсын* (ұшшын емес), *сәнқой* (сәнкой емес), *көрінбеді* (көрімбеді емес), *қазанқап* (қазаңғап емес), *әркім* (әргім емес), *көзқарас* (көзғарас емес), *Сарыарқа* (Сарарқа емес).

Орыс тілінде айтылуда *вадавоз, атрез, одзыв, хаждение, паставить* түрінде дыбысталатын сөздер жазуда морфологиялық принципті таяныш етудің негізінде *водовоз, отрез, отзыв, хождение, поставить* түрінде жазылады.

Қазақ орфографиясының негізгі принципі — морфологиялық принцип. Морфологиялық принцип күллі түркі тілдері үшін қолайлы принцип болып саналады. Бұлай дейтінімізтүркі тілдерінің табиғаты, атап айтқанда, ондағы сөздердің морфологиялық құрылысы және олардың түбір тұлғасының сақталу ерекшелігі — осылардың бәрі жазуда морфологиялық принципті басты принцип етіп алуды қалайды. Түркі тілдері, соның ішінде қазақ

[1] *А. А. Реформатский.* Введение в языкознание. 1960, стр. 305.

тілі, үшін морфологиялық принцип ең жанасымды, ең қолайлы принцип деуіміз де осыдан.

Иероглиф немесе символ (символический) принципі біркелкі дыбысталатын сөздерді, яғни омонимдерді жазуда бір-бірінен ажырату үшін қолданылады. Мысалы, орыс тілінде «музыкалы би кеші» деген мағынаны білдіретін *бал* деген сөз бен «оқушылардың білім дәрежесіне қарай қойылатын цифрлы баға» деген мағынаны білдіретін *балл* сөзі жазуда біреуінде жалғыз **л** әрпі, екіншісінде қосарлы **лл** әрпі қолданылу арқылы ажыратылады. Орыс тілінде «науқан» деген мағынаны білдіретін *кампания* деген сөзден «бірлестік, серіктік» дегенді білдіретін *компания* деген сөз жазуда иероглиф принципі бойынша ажыратылып жазылады. Қазақ тілінде «жай, күй, жағдай» деген мағынаны білдіретін *хал* сөзі мен «денедегі кішірек қоңырқай таңба, белгі» деген мағынаны білдіретін *қал* сөзінің осылайша жазылуы иероглиф принципіне мысал болады. Бұл принциптің сөздерді бір-бірінен ажыратушы қызметі ескеріліп, ол кейде дифференциальды принцип (дифференциальный принцип) деп те аталады.

§4. ТРАНСКРИПЦИЯ МЕН ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ

Графика ауызекі сөйлеу тілінің дыбыстық жағын, оның ерекшеліктерінің барлығын түгелдей қамтып бере алмайды. Мұндай қызметті транскрипция[1] ғана атқара алады. Транскрипцияның әдеттегі жазудан мынадай айырмашылықтары бар: әдеттегі жазу жүйесінде сөздердің дыбыстық жағымен бірге олардың әр түрлі байланыстары, атап айтқанда, этимологиялық және морфологиялық байланыстары да қарастырылып, есепке алынады. Ал транскрипцияда сөздің дыбыстық жағына ғана назар аударылады. Транскрипция үшін сөздің этимологиялық, морфологиялық байланыстарының ешбір мәні жоқ. Бұл — бір. Екіншіден, графика сөздің дыбысталуын әрқашан дәлме-дәл көрсете бермейді. Ал транскрипцияның ең негізгі қызметі — сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәлме-дәл көрсету. Бір әріп ыңғайына қарай әр түрлі фонемаларды белгілей алса, транскрипциялық таңба бір ғана мағынаға ие болады. Бір фонема жазуда (графика) әр түрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда ол (фонема) әрқашан бір ғана таңбамен белгіленеді.

Транскрипцияның екі түрі бар: 1) фонематикалық (немесе фонологиялық) транскрипция, 2) фонетикалық транскрипция. Фонетикалық транскрипцияда фонемалардың барлық реңкі (оттенки) бір ғана таңбамен берілсе, фонематикалық транскрипцияда фонеманың әрбір реңкі әр басқа таңбамен белгіленеді.

Фонематикалық транскрипция әрбір жеке тілдің фонемалық

[1] *Транскрипция* — латынның transcriptio —«қайта жазу» деген сөзінен жасалған термин.

жүйесін айқындап белгілеу үшін жасалады да, фонетикалық транскрипция барлық тілдердегі немесе тілдердің тобындағы дыбыстық ерекшеліктерді түгел қамтып көрсету үшін жасалады. Универсальды фонетикалық транскрипцияға практикалық тұрғыдан мынадай талаптар қойылады: онда әр түрлі тілдердегі дыбыстар мен дыбыстық ерекшеліктерді белгілеу үшін таңбалардың саны жеткілікті болуы қажет; транскрипциялық таңбалар еске сақтауға, белгілеуге жеңіл, тез жазуға және баспаханаға қолайлы болуға тиіс; ондағы таңбаларды оңай ажырату үшін, ол таңбалардың бір-біріне өте-мөте ұқсас болмауы керек.

Фонетикалық транскрипция диалектілік ерекшеліктерді дәлме-дәл таңбалап айқындауда және тіл білімінің оқу құралдары мен дикциялық оқу құралдарында қолданылады.

Фонетикалық транскрипцияда диакритикалық таңбалар дыбыстардың сәл ғана ерекшеліктеріне дейін көрсетіп, олардың дыбыстық табиғатын дәлме-дәл айқындауға көмектеседі. Латын әріптерінен құралған фонетикалық алфавитте фонетикалық транскрипцияның мынадай қосымша таңбалары қолданылып жүр.

Орыс графикасына негізделген алфавиттегі әріптерді пайдалана отырып, түркі тілдерінің бәріне бірдей ортақ фонетикалық транскрипция, соған сай фонетикалық алфавит жасау өте-мөте қажетті жұмыстардың бірі болып табылады.

Транскрипциядан транслитерацияны[1] ажырата білу керек. Транслитерация жазылғанды бір алфавиттен екінші алфавитке, мысалы, орыс алфавитінен латын алфавитіне немесе, керісінше, аударып жазуда қолданылады. Транслитерация әсіресе географиялық атауларды және т. б. жалқы есімдерді жазуда жиі қолданылады. Бір тілдің алфавит құрамы екінші тілдің алфавит құрамына сай келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда транслитерацияны қолдану кейбір қиындықтарға соқтырады. Мысалы, *Oslo, London* деген атаулардың жазылуын орыс әріптерімен, ал *Москва* дегенді латын әріптерімен транслитерация жасау оңай да, *Stockholm* дегенді орыс әріптерімен транслитерация жасау қиын. Бұлай болатындығы орыс алфавитінде латын алфавитіндегі **c**, **h** әріптеріне сәйкес келетін әріптер жоқ. Сондай-ақ латын алфавитінде орыс тіліндегі Ярославль, Щербаков тәрізді жалқы есімдерді жазуға керекті әріптердің жетіспеуі бұл сөздердің транслитерациясын қиындатады. Мұндай жағдайда сөздің жазылуын емес, дыбысталуын жазып беру үшін шартты (жартылай) транслитерация қолданылады. Кейде бір тілде бар әріптер ғана емес, сонымен бірге дыбыстар да екінші бір тілде болмауы мүмкін. Мұндайда ондай дыбыс екінші бір тілдегі сәл болса да ұқсас-

[1] *Транслитерация* — латын тілінің trans —«арқылы» және litera —«әріп». деген сөздерінен алынған; бір жазудағы әріптерді екінші бір жазудағы әріптермен беру дегенді білдіреді.

1. Аспирация таңбасы:	c	t^c, p^c
2. Созылыңқылық таңбасы:	: немесе —	:a:o: немесе a, o
3. Жартылай созылыңқылық таңбасы:	c	a; o
4. Келте айтылу таңбасы:		
5. Буын құрай алмайтын дауыстының таңбасы:		a, o i. и
6. Буын құрайтын сонант немесе дауыстың таңбасы:	c	l, n, i
7. Лабиализация таңбасы:	o	o o o
8. Палатализация таңбасы:	'	s^{o} z^{o}
9. Дауыстының қысаңдық таңбасы:		t', d'
10. Дауыстының ашық айтылу таңбасы:	c	e, o
11. Веляризация таңбасы:	l	t^c c
12. Сонор және ұяңдық таңбасы:		l, t
13. Қатаңдық таңбасы:	⌣	$\widehat{q}$, $\widehat{m}$

тығы бар әріппен беріледі. Мысалы, неміс, ағылшын және т. б. тілдегі фаргинал **h** дыбысы орыс тілінде болмағандықтан, ол көбінесе **г** әрпімен беріледі (мысалы: *Гейне*). Аталған тілдердегі **h** дыбысына дыбысталуы жағынан орыс тіліндегі **х** дыбысы да жақын келеді. Осыған орай соңғы кезде **h** әрпі орыс тілінде **х** әрпімен де беріліп жүр (мысалы: *Хирт, Хьюлет* және т. б.).

Бұл тарауда айтылғандардан жазудың ұзақ тарихы бар екенін және оның сан алуан түрлері болғандығын көреміз. Қазіргі заманғы дыбыстық жазу адам баласының мәдени зор табысы болып саналады.[1]

Бұл қосымша таңбалардың үлгісі *Э. В. Агаянның* «Введение в языкознание» деген кітабының 190-бетінен алынды.

[1] «Жазу және оның тарихынан мәлімет» аты бөлімге қатысты әдебиеттер: *В. А. Истрин.* Развитие письма. Издательство Академии Наук СССР, М., 1961; *Р. С. Гиляревский. В. С. Гривнин.* Определитель языков мира по письменностям. М., 1960; *Ч. Лоукотка.* Развитие письма, перевод с чешского *Н. Н. Соколова.* М., 1950; *В. А. Кочергина.* Краткий очерк истории письма. Издательство Московского университета, 1955; *Ю. В. Кнорозов.* Проблема изучения иероглифической письменности майя.—«Вопросы языкознания», 1957, № 5; *В. Георгиев.* Происхождение алфавита.—«Вопросы языкознания», 1952, № 6; *А. В. Суперанская.* Международный алфавит и международная транскрипция.—«Вопросы языкознания», 1958; № 4; *В. П. Иванцев.* От рисунка до азбуки. Ростов-на-Дону, 1957; *Е. И. Кацпрожак,* История письменности и книги. М., 1955; *А. П. Поцелуевский.* История письма (краткий очерк). Ашхабад, 1942; статья «Пиктография», БСЭ, изд. 2, том 33; статья «Идеографическое письмо», БСЭ, изд. 2, том. 17; «Слоговое письмо», БСЭ, изд. 2, том, 39 статья «Звуковое письмо», БСЭ, изд. 2 том, 16; *В. И. Авдиев.* Возникновение древнеегипетской письменности. М., 1960; *Н. В. Юшманов.* Ключ к латинским письменностям земного шара. М.—Л., 1941; *Ю. Д. Дешериев,* Развитие младописьменных языков народов СССР в советскую эпоху.—«Вопросы языкознания», 1957, № 5; *С. Аманжолов.* Новый алфавит орфографии казахского литературного языка. Алма-Ата, 1940; *В. А. Истрин.* Октябрьская революция и системы письма народов СССР.—«Вестник истор
Екі томдық таңдамалы шығармалары, II том. Қазақ мемлекет баспасы, Алрии мировой культуры», 1957, № 5.

VIII тарау

ТІЛДІҢ ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ МЕН ДАМУЫ

ТІЛДІҢ ШЫҒУЫ

§1. ТІЛДІҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ ҚОЙЫЛЫСЫ

Тілдің шығуы туралы мәселені сөз еткенде, ең алдымен, екі түрлі проблеманы бір-бірінен ажыратып алу қажет: оның бірі — жалпы адам баласы тілінің (речь) шығуы, яғни алғашында адамның сөйлеуді, ойын айтып жеткізуді қалай үйренгендігі туралы мәселе де, екіншісі — жеке, нақтылы тілдердің, мысалы, орыс тілі, ағылшын тілі, араб тілі, испан тілі, француз тілі немесе қазақ тілінің шығып жасалуы туралы мәселе. Бұл екі мәселені (проблеманы) бір-бірімен шатастырмау керек. Бұлай дейтініміз: адамзат тілінің пайда болуы сонау көне заманға — адамдардың жануарлар дүниесінен бөлініп шығу заманына, алғашқы адамдардың пайда болу заманына барып тіреліп, жеке нақтылы тілдердің немесе туыс тілдердің тобының жасалып құрылуы жалпы адамзат тілінің шығып пайда болу заманынан анағұрлым бертінгі дәуірлерде болған. Нақтылы, жеке тілдердің, мысалы орыс тілінің, ағылшын тілінің немесе қазақ тілінің пайда болып жасалуын және олардың пайда болу дәуірін тарих пен лингвистика ғылымдары тұрғысынан зерттеп айқындауға болады. Ал жалпы адамзат тілінің шығуы, яғни адамдардың о баста сөйлеп үйренуі туралы проблеманы қарастырып айқындау үшін, тек қана тарихи-лингвистикалық зерттеулердің бір өзі тіптен жеткіліксіз болады. Адамзат тілінің шығуы адамның пайда болуы және адам баласы қоғамының пайда болуы тәрізді күрделі мәселелермен тығыз байланысты. Осылай болғандықтан бұл мәселелерді бірін екіншісіне байланыстырмай, жеке-дара күйінде алып қарастыру да, тыңғылықты түрде шешу де мүмкін емес. Тілдің о баста шығу проблемасын зерттеп шешу тарих пен лингвистика ғылымдарының ғана емес, сонымен бірге философия мен психологияның, археология мен этнографияның, физиология мен антропология ғылымдарының және жалпы материалдық мәдениет тарихының мәліметтері мен деректерін есепке алып, кең түрде пайдалануды талап етеді.

Тілдің шығуы туралы мәселе тіл білімінің ең күрделі және өте-мөте принципті мәселелерінің бірі болып саналады. Бұл мәселе туралы әр түрлі жорамалдар мен пікірлер де ертеден бері айтылып келеді. Мұның өзі түсінікті де. Адамның тілсіз өмірі жоқ. Тіл адамдардың өмірінің барлық саласында, олардың күллі іс-әрекетінде қолданылады. Ол — адам баласы қоғамымен бірге жасасып келе жатқан қоғамдық құбылыс. Тіл — адамдардың

ертеден бері қолданып келген және күнделікті өмірінде қолданып жүрген ең маңызды қатынас құралы. Тіл жоқ жерде қоғамдасып, бірлесіп еңбек ету де, қоғамдық өндірісті ұйымдастыру да, прогреске жету де мүмкін емес. Міне, сондықтан да адамдар тілдің қалай туып пайда болғандығын үлкен құштарлықпен білгісі келеді. Бұл мәселе жайында әңгіме болса, оны зор ынтамен қызыға тыңдайды.

Тіл білімі ғылым ретінде пайда болудан көп замандар бұрын тілдің және ойлаудың шығуы туралы мәселе әр түрлі ойшылдардың назарын аударған болатын. Ғасырлар бойында бұл мәселе туралы философтар мен социологтар, психологтар мен лингвистер түрлі-түрлі пікірлер мен жорамалдар айтып, сан қилы байымдаулар жасап келді.

Қеңестік тіл білімі тілдің шығуы туралы мәселені зерттеуде ғылымның алуан түрлі салаларының деректерін пайдалана отырып, адамзаттың пайда болуы және адам қоғамының пайда болуы туралы марксистік-лениндік теорияның қағидаларына негізделеді. Тілдің шығуы туралы марксистік көзқарасқа дейін де, жоғарыда аталып өткеніндей, әр түрлі көзқарастар мен теориялар, байымдаулар мен жорамалдар болып келді және олар қазірде де бар. Енді, сол теориялар мен байымдаулардың тарихына шолу жасайық.

§2. ТІЛДІҢ ШЫҒУ ПРОБЛЕМАСЫН ҚАРАСТЫРУ ТАРИХЫНАН МӘЛІМЕТ

Адам баласы тілінің пайда болуы туралы мәселе ерте замандардан бері қарастырылып келеді. Бұл мәселе жайында әр түрлі теориялар бар. Солардың бірі дыбысқа еліктеу теориясы (немесе аноматопоэтикалық теория.) Тілдің шығуы туралы дыбысқа еліктеу теориясының тарихы ежелгі грек философтарынан басталады. Бұл теория, әсіресе XVIII—XIX ғасырларда кең өріс алды. Дыбысқа еліктеу теориясын латын жазушысы Августин (V ғ.), неміс философы Г. Лейбниц (1646—1716) жақтады. Бұл теория тілдің шығуын былай түсіндіреді: алғашқы адамдар табиғаттағы дыбыстардың, мысалы, өзеннің сылдырын, жануарлар мен жәндіктердің дауыстарын, құстың сайрауын т. б. естіп, соларға еліктеуден әр түрлі дыбыстарды шығарады. Бұл теория бойынша табиғаттағы дыбыстарға еліктеуден алғашқы сөздер жасалып, олар заттардың атауына айналған. Түрлі тілдерде *қарқ-қарқ, миау-миау, гу-гу, тарс-тарс, саңқ-саңқ, қор-қор, сықыр-сықыр, ыңқ-ыңқ* тәрізді еліктеуіш сөздер және олардан жасалған *қорқылдау, миаулау, гуілдеу, тарсылдау, саңқылдау, қорылдау, сықырлау* тәрізді туынды сөздер бар екені рас. Бірақ бұған қарап тіл дыбысқа еліктеуден шықты деуге болмайды. Табиғатта дыбыс шығармайтын заттар да көп екені, олардың атаулары — сөздердің де мол

екені белгілі. Әрбір тілдің лексикасында еліктеуіш сөздер болғанмен, қандай тілдің болсын лексикасының негізін олар айқындай алмайды, олар тіпті лексикаға негізгі тірек те, ұйытқы да бола алмайды. Бұл теория тілдің шығуын дыбысқа еліктеуге теліп, тілдің пайда болуының әлеуметтік себебін ескермейді. Дыбысқа еліктеу теориясын жақтаушылар тілді қоғамдық құбылыс емес, табиғат құбылысы, «табиғаттың сыйы» деп қарайды. Шындығында тіл қоғамның жемісі, ол қатынас жасау қажеттілігінен туған.

Дыбысқа еліктеу теориясымен бірге XVIII—XX ғасырларда кең таралған теориялардың бірі — тілдің шығуының эмоциональды теориясы. Бұл теорияны жақтай келіп, Ж.-Ж. Руссо (1712—1778) тілдердің шығуы туралы трактатында «құштарлық дауыстың алғашқы дыбыстарын шығарды», «алғашқы тілдер үнді, сазды болып, кейінде қарапайым тілдерге айналды» деп жазды. Бұлай деп тұжырымдау тілдің дамуын қате түсінуден болған. Ж.-Ж. Руссоның «эмоциональды теориясы» XIX—XX ғасырларда одағай теориясына келіп ұласты. Бұл теория бойынша алғашқы адамдар айналадағы заттармен танысқанда, өздерінің сезімдер мен алған әсерлерін еріксіз шығарылған дыбыстар — одағайлармен білдірген. Одағай теориясы бойынша, әр түрлі эмоцияны білдіретін еріксіз шығарылған дыбыстар заттардың атауларына айналып, осыдан келіп тіл пайда болған. Одағай теориясын жақтаушылардың бірі — орыс лингвисі Д. Н. Кудрявский (1887—1920) одағайлар адамның «ең алғашқы сөздері» болды; одағайларда дыбыс, леп, мағына алғашында бір-біріне кірігіп, кейін де одағайлардың сөзге айналу барысында дыбыс пен мағына бір-бірінен ажырасты деп тұжырымдайды.

Бұл теорияның қате екендігі мынада: одағай теориясын жақтаушылар тілдің шығуы туралы мәселені тілдің экспрессивтік қызметіне апарып тірейді де, оның негізгі қызметі — коммуникативті қызметін ескермейді. Бұл теория тілдің қоғамдық табиғатына мән бермейді. Тіл-тілдегі одағайлар әр түрлі эмоцияны білдіреді, бірақ одағайлар олардың аты болып саналмайды. Тіл-тілде эмоцияны білдіретін сөздерге қарағанда, эмоцияны білдірмейтін сөздер әлдеқайда көп. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені тіл эмоцияны ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге, ең бастысы — қатынас құралы, пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқарады. Тіл пайда болғанда да қатынас құралы, пікір алысудың құралы ретінде пайда болған.

Тілдің шығуы туралы теориялардың тағы бірі — қоғамдық шарттасу теориясы. Бұл теория бойынша алғашқы адамдар сөздерді өздері өз ара келісіп таңдап алған да, осыдан келіп тіл жасаған. Тіл туралы «келісу» үшін ол адамдардың бұрыннан тілі болуы дәлелдеуді керек етпейтін ақиқат екенін ескерсек, тілдің шығуы туралы «қоғамдық шарттасу» теориясы-

ның ешбір дәлелсіз екені өзінен-өзі аңғарылады. Бұл теорияны жақтаушылар тілдің шығуында адамдардың саналы қызметі айрықша қызмет атқарады деп ойлап саналықтың өзі тілмен бірге туып, тілмен бірге дамитындығын ескермейді.

XIX ғасырда тұрпайы материалистер тілдің шығуы туралы еңбек айқайы деп аталатын теорияны (теория трудовых выкриков) ұсынды. Бұл теорияны философ Людвиг Нуаре жасады, оны Карл Бюхер және т. б. жақтады.

Бұл теория бойынша тіл алғашқы адамдардың еңбек ету кезінде шығарған рефлексті айқайларының негізінде пайда болған. Тілдің шығуы туралы «еңбек» теориясының авторлары адамдардың еңбек актілерімен қатар шығарған айқайынан, ең алдымен, етістік сөздер жасалған деп байымдайды. Бұл теорияның қателігі сол, оның авторлары тілді қатынас құралы ретінде емес, тек қана еңбекті қостаушы екінші қатардағы көмекші құрал ретінде қарап, тілдің шығуын осы соңғы позиция тұрғысынан түсіндіреді. Олардың тілдегі алғашқы сөздер етістіктер еді деген көзқарасының да ешбір ғылыми негізі жоқ. Еңбек процесінде шыққан рефлексті айқайлардың тілге тән ешбір белгілері мен қызметтері жоқ. Олар ешбір ұғымды білдіре алмайды және қатынас жасауға қажетті қызмет те атқара алмайды.

§3. ТІЛДІҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ МАРКСИСТІК ТЕОРИЯ

Адамзат тілінің пайда болу теориясының ғылыми негізін К. Маркс пен Ф. Энгельс жасады. К. Маркс пен Ф. Энгельс «Неміс идеологиясы» атты еңбегінде былай деп жазды: «Тіл де, сана сияқты, ертеден келе жатқан нәрсе, тіл дәл айтқанда, басқалар үшін, осының арқасында өзім үшін де өмір сүріп отырған шын практикалық сана болып табылады, сөйтіп, тіл де, сана сияқты, басқа адамдармен қатынас жасау мұқтаждығынан және қажеттілігінен туады»[1].

Бұл қағида да біріншіден, тіл мен сананың бір-бірімен тығыз байланыстылығы және бұлардың бір мезетте шыққандығы. екіншіден, тілдің шын практикалық сана болып есептелетіндігі, үшіншіден, тілдің адамдардың бір-бірімен қатынас жасау қажеттілігінен келіп пайда болғандығы көрсетілген.

Тілдің шығуы туралы мәселе Ф. Энгельстің «Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі», «Семьяның, жеке, меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбектерінде ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданып, бұл мәселе жайында марксистік теория әрі қарай дамытыла түседі. Ф. Энгельстің аталған еңбектерінде тілдің шығуы жалпы адам баласының пайда болу мәселесімен тығыз байланыста қарастырылады. Ф. Энгельс адамның маймылдан бөлініп шығуында алдыңғы екі аяқтың жүріп-тұру

[1] *К. Маркс. Ф. Энгельс.* Шығармалар, 2-басылуы, 3-том, 29-бет.

қызметінен босап, қолдың қызметін атқаруының және соның нәтижесінде адам баласының арғы тегінің тік жүруге мүмкіндік алуының үлкен мәні болғандығын атап көрсетеді. «Мың жылдық күрестен кейін қол, ақырында, аяқтан жіктеліп, тік жүретін болған кезде адам маймылдан бөлініп шықты, сөйтіп, анық сөйлеудің дамуы үшін және мидың қарыштап дамуы үшін негіз жасалды, ал мұның нәтижесінде содан бергі жерде адам мен маймыл арасында өткелсіз тұңғиық пайда болды»[1]. Тік жүру, соның нәтижесінде қолдың жүру қызметін атқарудан босауы әр түрлі әрекет жасауға, еңбек етуге мүмкіндік береді. Қол еңбектің органына айналумен бірге, өзі де еңбек процесінде жетіліп дамиды: «...қол еңбек органы ғана емес, ол сонымен қатар еңбектің жемісі де»[2]. Қолдың жүру қызметінен босауы, тік жүруге мүмкіндік алу адамның арғы тегінің жоғары және төңірегіне қарауына, соның нәтижесінде төрт аяқты хайуанаттардан гөрі көбірек әсер алуына, өкпе мен дауыс жүйелерінің жетілуіне мүмкіндік береді. Еңбек құралдарын жасау, оны қолдану, еңбектің дамуы маймылдың адамға айналуында айрықша роль атқарған. Қоғамдық еңбек процесі қалыптасып келе жатқан адамдардың тіл арқылы өз ара қатынас жасауын қажет етеді. Осыдан келіп тіл пайда болады. Бірақ тілдің пайда болуы, оның қалыптасуы бірден бола салмай, ұзақ уақытқа созылады.

Ф. Энгельс қолдың дамуы, оның басқа организмге әсері, еңбектің шығуы және оның дамуы, еңбек процесінде қатынас жасаудың қажеттілігі — осылардың барлығы тілдің пайда болуында маңызды роль атқарғандығын айтады.

«Қолдың дамуының қалған организмге тікелей, дәлелдеуге болатындай кері әсерінің едәуір зор маңызы бар. Біздің маймыл тәріздес арғы бабаларымыз, жоғарыда айтылғандай, қоғамдық жануарлар болды; адамды, барлық жануарлардың ішіндегі осы анағұрлым қоғамдық жануарды қоғамдық емес бергі ата-бабаларымыздан жаралды деуге болмайтыны әбден айқын нәрсе. Қолдың дамуымен бірге, еңбекпен бірге басталған табиғатқа үстемдік ету алға қарай әрбір жаңа қадам басқан сайын адамның ой-өрісін кеңіте берді. Табиғат заттарынан адам үнемі жаңа, оған дейін мәлім болмаған қасиеттерді тауып отырды. Екінші жағынан, еңбектің дамуы қажет болғандықтан қоғам мүшелерінің неғұрлым тығыз ұйымдасуына себепкер болды, өйткені осының арқасында өз ара біріне-бірі жәрдемдесу, бірігіп әрекет ету реттері жиілене түсті, сөйтіп, осылай бірігіп әрекет етудің пайда-

[1] *Ф. Энгельс.* «Табиғат диалектикасына» кіріспе.— К. Маркс, Ф. Энгельс. Екі томдық таңдамалы шығармалары, II том. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1956, 67-бет.

[2] *Ф. Энгельс.* Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі — К. Маркс, Ф. Энгельс. Екі томдық таңдамалы шығармалары, II том, Қазақ мемлекет баспасы. Алматы, 1956, 75-бет. Мұнан кейін Ф. Энгельстің еңбегінің беті ғана көрсетіледі.

лылығын қоғамның әрбір жеке мүшесі айқын сезетін болды. Қысқасы, қалыптасып болған адамдардың жеткені сол — бұларда бір-біріне *бірдеңе айту қажеттігі* пайда болды. Бұл қажеттік өзіне өз органын жасады: маймылдың жетілмеген көмекейі нәзік қозғалыстар модуляция жасау үшін модуляция жолымен ақырындап, бірақ үнемі өзгере берді, ал ауыз органдары бірте-бірте бір анық дыбыстан соң бір анық дыбыс шығаруды үйренді»[1].

Еңбек пен тіл адам баласы миының дамуына күшті әсер етті. Ал мидың дамуы сезім мүшелерінің жетіліп дамуына әсерін тигізеді. «Әуелі еңбек, ал онан соң және сонымен бірге анық сөз ең басты екі стимул болды, осы екі стимулдың әсерінен маймылдың миы бірте-бірте адам миына айналды, ал адам миы, маймылдың миына өзі қаншама ұқсас болғанымен, көлемі мен жетілгендігі жағынан маймылдың миынан әлдеқайда асып түседі. Ал мидың одан әрі дамуымен қатар оның ең жақын құралдары — сезім органдары онан әрі дамыды. Сөздің бірте-бірте дамуымен қабат есіту органының солай бірте-бірте үнемі жетіле бергені сияқты, жалпы мидың дамуымен қатар барлық сезімдер де түгелінен нақ солай жетіле берді. Бүркіт адамға қарағанда әлдеқайда алыстағыны көреді, бірақ адамның көзі заттың көп жағын бүркіттің көзінен әлдеқайда жақсы байқайды. Адамға қарағанда ит әлдеқайда иіс білгіш келеді, бірақ ит түрліше заттардың адам үшін анық белгісі болып табылатын иістердің жүзден бірін де айыра алмайды. Ал маймылдарда өте дөрекі, бастама формасында әрең-әрең болатын дене сезімі тек адам қолының өзінің дамуымен бірге, еңбектің арқасында шықты»[2].

Мидың жетіліп дамуы, соған сай сананың дамуы өз тарапынан еңбек пен тілге және олардың дамуына әсерін тигізді. «Мидың және оған бағынушы сезімдердің, бірден-бірге ашылып келе жатқан сананың, абстракция мен ой қорыту қабілетінің дамуы еңбек пен тілге кері әсер етіп, мұның екеуінің де одан әрі дамуына барған сайын жаңа қозғау салып отырады»[3]. Еңбек процесінде адам баласы қоғамының тууы еңбек пен тілдің және сананың дамуына күшті демеу болды және соның арқасында олардың әрі қарай дами беруіне мүмкіндіктер мен жағдайлар жасалды.

Қорыта келгенде, алдыңғы екі қолдың жүру қызметін атқарудан босап, дененің тік тұруға мүмкіндік алуы, еңбек пен қоғам, тіл мен ойлаудың пайда болуы — алғашқы адамдардың адам тәрізді маймылдардан пайда болуының алғы шарттары,

[1] *Ф. Энгельс.* Маймылдың адамға айналу процесінде еңбектің ролі, 75—76-беттер.

[2] *Ф. Энгельстің* аталған еңбегінің 77-беті.

[3] Бұл да сонда.

міне осылар. Бұларсыз маймылдың адамға айналуы мүмкін болмаған болар еді.

Маймылдың адамға айналу процесі австралопитек деп аталатын адам тәріздес маймылдан басталады. Өте көне заманда өмір сүрген австралопитектің қаңқасы Оңтүстік Африкадан табылған Австралопитектің қазіргі заманғы адам тәріздес маймылдардан айырмашылығы мынада: қаңқасының құрылысына қарағанда, австралопитек төрт аяқтап емес, екі аяғымен жүрген; оның алдыңғы тістері шимпанзенің тістері сияқты үлкен де емес, алға да шығып тұрмайды; көбінесе адам тістеріне ұқсайды. Олар өзін қорғау үшін және аң аулау үшін тас, сойыл сияқты құралдарды пайдаланған; үйір-үйірмен топтасып өмір сүрген. Зерттеушілердің пікірінше, хайуанаттар дүниесіндегі эволюция австралопитекпен аяқталады да, мұнан кейін ежелгі адам — пикентроп пайда болады. Ежелгі адам, негізінен алғанда, дамудың екі түрлі сатысынан өткен: оның бірі — ежелгі адам немесе неандерлық (бұл сөз Германиядағы Неандер деген ойпаттың атынан алынған). Пикентроптың бас сүйегінің ми орналасқан бөлегінің көлемі — 1400 *куб см,* неондерлықта 900 *куб см* (ал адамның бас сүйегінің ми орналасқан бөлегінің көлемі —1400 *куб см*)[1]. Неондерлықтар тастан құрал, қару жасай білген. Уақыт озған сайын мұндай құрал, қарулар жетіле түскен. Құрал жасау, аң аулау, тамақ табу бірлесе еңбек етудің, әрекет жасаудың болғандығын аңғартады. Алғашқы адамдардың еңбегі коллективті еңбек, қоғамдық еңбек түрінде болды. Бірлесе еңбек ету әрекеті өз ара қатынас жасау қажеттілігін тудырады. Осыдан біртіндеп алғашқы сөздер туады, тіл мен ой пайда болады.

Сонымен, тіл мен ойлаудың шығуын алғашқы адамның пайда болуынан бөліп қарауға болмайды. Тіл адамның маймылдан бөлініп шыққан дәуірінде, еңбектің арқасында және еңбекпен бірге коллективте туды. Қалыптаса бастаған алғашқы адамдарда еңбек процесінде біріне-бірі бірдеңе айту қажеттілігі туды, ал бұл қажеттілік өзіне дыбыстау мүшелерін жасады. Осыдан барып тіл пайда болды. Адамды адам еткен — еңбек. Сол еңбек процесінде және еңбекпен бірге қоғамда тіл де шықты.

Тілдің пайда болуы ойлаудың пайда болуымен, тілдің дамуы ойлаудың дамуымен тығыз байланыста болады.

Тіл мен ойлаудың шығуы және бұл екеуінің байланысы туралы мәселені дәлдеп айқындауда академик И. П. Павловтың екі сигнал жүйесі туралы ілімнің үлкен мәні бар. Бірінші сигнал мен екінші сигнал және олардың бір-бірінен айырмашылығы туралы И. П. Павлов былай деп жазды: «Егер де айналадағы дүниеден алатын біздің түйсіктеріміз бен елестеулеріміз біз үшін шындық өмірдің бірінші сигналдары, нақтылы сигналдар болып табыла-

[1] *А. А. Леонтьев.* Возникновение и первоначальное развитие языка, М., 1963, стр 34—35.

тын болса, онда тілдің өзі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын ең алдымен кинэстезикалық тітіркенулер, екінші сигналдар, сигналдардың сигналы болып табылады. Олар шындық өмірден дерексіздену болып табылады және жалпылауға мүмкіндік береді; ал бұл соңғы бізге ғана тән ең жоғары ойлауды құрайды»[1].

Адамдарда сигналдардың бірінші сигнал және екінші сигнал деп аталатын екі түрі де болса, хайуанаттарда бірінші сигнал жүйесі ғана болады. Бірінші сигнал жүйесінің табиғаты мынадай: сырттан болатын алуан түрлі тітіркендіргіштер, мысалы, жыртқыш хайуандардың айбат шегіп әр түрлі дыбыс шығаруы әлсіз хайуанаттардың сезім мүшелеріне әсер етеді, ал әлсіз хайуандар өздерінің сезім мүшелері арқылы сырттан болатын сигналдарды қабылдай отырып, қорғануға, жасырынуға әрекет жасайды. Хайуандарда тіл жоқ, сондықтан оларда тілдік ойлау да (тілдік материалдың негізінде ойлау) болмайды.

И. П. Павловтың ілімі бойынша екінші сигнал жүйесі ойлаудың физиологиялық негізі болып саналады. Ал ойлаудың өзі сигнализацияның сөздік жүйесіне негізделеді. «Сөз бірінші сигналдардың сигналы бола отырып, шындық өмірдің екінші, бізге ғана тән, сигнал жүйесін құрды»[2]. Сөз сигналдардың сигналы болумен бірге, адамға айрықша әсер етеді. Адам сөздің дыбысталуына ғана емес, сонымен бірге ең алдымен, оның мағынасына мән береді. Адамдар арасындағы сигнализация, яғни қоғамдағы адамдардың өз ара қатынас жасауы, тіл арқылы іске асырылады. Акад. Павловтың ілімі бойынша, сигнал жүйесінің екі түрінің арасында генетикалық байланыс болады, екінші сигнал жүйесі шындық өмірмен бірінші сигнал жүйесі арқылы ғана қатынасқа түседі; екінші сигнал жүйесі бірінші сигнал жүйесінің негізінде қалыптасады: «Хайуандар және жабайы адамдар, ал бұл соңғылар нағыз адам болып жетілгенге дейін және біздің дәрежемізге жақындағанша, олар айналадағы сыртқы дүниемен тек көру, дыбыс, температура және тағы басқа сияқты түрліше түйсіктер түрінде болатын әрбір жеке тітіркенуден алған әсерлері арқылы ғана байланыс жасайды және байланыс жасаған да болатын. Сонан соң, ақырында адам пайда болған кезде, біз өзіміз ұдайы сүйенетін шындық өмірдің осы бірінші сигналдары айтарлықтай дәрежеде сөздік сигналдармен ауыстырылады... Шындық өмірден алынған әсерлердің негізінде және оның осы бірінші сигналдарының негізінде бізде сөздер түріндегі екінші сигналдардың дамығандығы түсінікті нәрсе»[3].

---

[1] *И. П. Павлов.* Полное собрание сочинений, т. III, М.—Л., 1949, стр. 490.

[2] Бұл да сонда, 568-бет.

[3] Павловские среды., том III, 1940, стр. 318.

Акад. Павловтың бұл қағидаларының ойлау мен сөйлеудің физиологиялық негіздерін тануда үлкен ғылыми мәні бар. Мұнан шығатын қорытынды: тілдің шығуы туралы проблеманы зерттеуде және оны танып білуде басқа ғылымдармен бірге, физиологияның жетістіктері мен деректерін де жете пайдалану өте-мөте қажет[1].

Алғашқы адамдар жер шарының әр түрлі территориясында өмір сүрген. Осыған орай, әр түрлі диалектілер мен тілдер болған. Жер шарындағы қазіргі әр түрлі тілдер тарихи дамудың барысында жасалған.

ТІЛДІҢ ДАМУЫ

§4. ТІЛДЕРДІҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҒЫ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗАҢДАР

Тіл — қоғамдық құбылыс. Сондықтан оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты болады. Осыдан тілді және оның даму заңдарын сол тілді иеленушілердің тарихымен тығыз байланысында қарастыру міндеті келіп туады.

Адам баласы қоғамы пайда болғаннан бері тіл қоғамға қатынас құралы ретінде қызмет етіп, оның дамуымен бірге дамып келеді. Қоғам және оның дамуы тілдің дамуына әсер етпей тұра алмайды. Бірақ әр түрлі қоғамдық құрылыстың тілдің дамуына әсері бірдей емес (бұл мәселе жайында толығырақ мағлұматты 7-параграфтан қараңыз).

Қоғам тілдің дамуына әсер етеді, бірақ тілдің дамуы қоғамның даму заңдары бойынша емес, өз дамуының ішкі заңдары бойынша іске асады. Тілдің даму заңдары қоғамның даму заңдарына сәйкеспейді. Тілдің дамуы туралы қате көзқарастар болды. Мысалы, Н. Я. Марр тілдің дамуы туралы мәселеде «сатылық даму теориясын» ұсынды. Тілді қондырмалық құбылыстың қатарына жатқызған Н. Я. Марр тіл дамуының әр түрлі сатысы бар және ол сатылардың әрқайсысы белгілі бір қоғамдық формацияға сай келеді деп есептеді. Ол тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі кенет қопарылыстар арқылы болады дейтін мүлдем қате көзқараста болды. Н. Я. Марр лингвистикалық заңдарды социологиялық заңдармен ауыстырған болатын. Өз сөзімен айтқанда, ол «семантикада ғана емес, морфологияда да салмақты тілдік құбылыстардың әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты екендігіне аудара отырып, тіл дамуының ішкі заңдарының маңызын төмендетуді»[1] көздеді.

Кейбір лингвистердің (ағайынды Шлегельдер, Гумбольдт және т. б.) тілдің өткен дәуірін—классикалық дәуір, тілдің гүл-

---

[1] *Н. Я. Марр.* Избранные работы, т. 2., М., 1934, стр. 117.

деніп дамыған дәуірі, ал бергі дәуірлер тілдің құлау, бүліну дәуірі деп есептеулері — ешбір шындыққа жанаспайтын, мүлдем қате көзқарас.

Тілді биологиялық құбылыстың қатарына жатқызатындар, мысалы, неміс лингвисі Август Шлейхер, тілдің дамуының өсімдік пен хайуанаттардың өсіп дамуынан айырмашылығы жоқ деп есептейді. Шлейхердің пікірінше, тіл организм сияқты туады, өседі, қартаяды, ақырында өледі. Сонымен, ол тіл мен тірі организмнің арасына тепе-теңдік белгісін қояды. А. Шлейхер тілдің өмір сүруін екі дәуірге бөліп, оның бірін «тарихқа дейінгі дәуір», екіншісін «тарих бойындағы дәуір» (исторический период) деп атайды. Ол тілдің дамуы «тарихқа дейінгі дәуірде» ғана болды деп есептейді де, ал «тарих бойындағы дәуірді», тілдің құлау, бүліну дәуірі деп санайды. А. Шлейхер өзі реконструкция жасаған индоевропалық ата тілді (праязык) тіл дамуының ең жоғарғы сатысы, флективті форманың ең жоғарғы түрі деп есептеген болатын. Оның пікірінше, «тарих бойындағы дәуірде» тілдің дифференциялану процесі басталады да, түрлі тілдер жасалады, «организм ретінде саналған тіл» бөлшектеніп бүлінеді. Индоевропа тілдерінің тарихын зерттеумен шұғылданып және оларға тән дыбыстар мен формаларды индоевропалық ата тілге апарып телуді көздей отырып, А. Шлейхер тілдердің даму барысындағы әр түрлі өзгерістерді тілдің дамуын көрсететін деректер мен дәлелдер деп қарамай, қайта, олардың бәрін тілдің бүлінуі, ыдырауы деп санаған болатын. Мұндай қате көзқарас тілдің шынайы табиғатын, атап айтқанда, оның қоғамдық құбылыс ретіндегі мәнісін түсінбеуден, тілді «табиғи организм» деп есептеуден келіп туды. Тіл — биологиялық құбылыс емес, қоғамдық құбылыс. Осындай болғандықтан бұл екеуінің (тіл және организмнің) даму жолдары және сипаты мен мазмұны мүлдем басқаша болады. Қоғамдық құбылыс ретіндегі тілдің құралып жасалуының және оның дамуының өзіне тән заңдылықтары бар да, биологиялық құбылыс ретіндегі тірі организмнің туып және жетіліп өсуінің өзіне тән заңдылықтары бар. Демек, бұл екеуін (тіл мен организмді) бірдей деп есептеудің ешбір ғылыми негізі жоқ.

Тілдің даму қарқыны туралы мәселе де маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Бұл мәселе жайында Н. Я. Марр тілдің сатылық даму теориясын ұсынып, тілдің ескі сападан жаңа сапаға көшуі кенет жарылу жолымен болады деп есептеді. Бұл теорияның қате екендігі тіл білімі жайындағы 1950 жылғы дискуссияда көрсетіліп, тілдің дамуы бар тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементтерін өрістету, жетілдіру жолымен болатындығы, ал тілдің бір сападан екінші сапаға көшуі жарылу жолымен де, бірден ескіні жойып, жаңаны орнату жолымен де емес, тілдің жаңа сапасы мен құрылымының элементтерін бірте-бірте қорландыру жолымен болатындығы айтылып, бүтіндей тілдің эволюция жолымен дамитындығы дәлелденді. Алайда, тілдің даму қарқыны оның барлық дәуірлерінде бірдей болмауы мүмкін. Жүздеген жылдар бойында елеулі өзгерістерге ұшырамаған тіл белгілі бір дәуірде айтарлықтай өзгерістерге ұшырауы ықтимал.

Тіл, жоғарыда аталып өткеніндей, өзінің ішкі заңдары бойынша дамиды. «Совет тіл білімінде... тілдің ішкі заңдары проблемасы, егер ол — тілге тән заңды процестердің формулалары делініп түсінілсе, күн тәртібінен ешбір шығарылмайды. Бұл мәселені осылай түсінген жағдайда лингвистикалық заңдарды «ішкі заңдар» деп анықтау өзін-өзі әбден ақтайтыны көрінеді, бірақ бұл анықтама лингвистикалық заңдарды айрықша топқа теліп бөлуге, оларды жалпы заң атаулының міндетті сипаттамасынан тыс қоюға себеп болмауы керек»[1].

Жалпы заң атаулыны диалектикалық материализм философиясы қалай түсініп, қалай бағаласа, лингвистикалық заң — тіл дамуының ішкі заңын да сол тұрғыдан, сол позициядан келіп анықтау қажет. «Жеке, ерекше заңдарды зерттеу адамзатқа дамудың ең жалпы заңдарын танып білуге мүмкіндік береді және, керісінше, жалпы заңдарды білу ерекше, жеке заңдарды танып білуге көмектеседі»[2]. Мәселеге осы тұрғыдан келіп, заңға тән мынадай жайды атаймыз. Табиғат пен қоғам заңдарының объективті сипаты болады. Ол заңдар адамның еркінен тыс өмір сүреді. Тіл өзіне тән ерекшеліктері бар, айрықша қоғамдық құбылыс болғандықтан және оның дамуының өзіне тән ішкі заңдары болғандықтан, оның заңын объективті заң ретінде қарап, осы тұрғыдан зерттеу қажет.

Тілдің заңы айрықша қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы тілдің заңына сәйкес келе ме немесе жеке, нақты тілдің заңына сәйкес келе ме — міне, осыған қарай тілдің заңын оның жалпы заңдары (общие законы) және жалқы (жеке) заңдары (частные законы) тұрғысынан сөз етуге тура келеді. Жалпы заңдардың қатарына тілдің әр түрлі құрылымдық элементтерінің даму қарқынының біркелкі болмауын жатқызуға болады, Мысалы, тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысының тұрақтылық дәрежесі біркелкі болмайды да, сөздік құрам қоғамдағы өзгерістерді тікелей көрсетіп, өзгеріске өте-мөте бейім болады, ал грамматикалық құрылыс өте баяу өзгереді. Демек, ол (грамматикалық құрылыс) сөздің құрамға қарағанда, тілдің анағұрлым тұрақты саласы болып саналады. Бұл — тіл атаулының барлығына бірдей тән, күллісіне ортақ жалпы заң. Осылай бола тұрса да, бұл ортақ заңның әр түрлі нақтылы тілдерде жүзеге асуы, олардың сипаты түрліше болуы мүмкін. Мысалы, өз ара туыстас ағылшын тілі мен неміс тілінің грамматика-

[1] *В. А. Звегинцев.* Очерки по общему языкознанию. Издательство МГУ, 1962, стр. 158—159.

[2] Журнал «Вопросы истории», 1951, № 6, стр. 53.

лық құрылысын салыстырсақ, мынадай жағдайды байқаймыз: өз дамуының ертедегі дәуірінде бұл екі тілдің грамматикалық құрылысы бір-бірімен өте жақын, екеуі де синтетикалық тіл еді. Ал қазіргі ағылшын тілі өзінің грамматикалық құрылысы жағынан неміс тілінен анағұрлым алшақтап кетті. Қазіргі ағылшын тілінің неміс тіліне қарағанда, аналитикалық құрылысқа тән белгілері әлдеқайда мол. Ал неміс тілі, негізінен алғанда, синтетикалық тілдің қалпын сақтап қалды. Қазіргі неміс тілінің грамматикалық құрылысы ағылшын тілінің грамматикалық құрылысымен салыстырғанда, тілдің ертеректегі жазба нұсқаларындағы қалпына анағұрлым жақын, соған ұқсас. Бұл салыстыру ағылшын тілінің өзгеріске көбірек ұшырағанын көрсетеді. Біркелкі мерзімнің, бірдей дәуірдің ішінде ағылшын тілінің грамматикалық құрылысы неміс тіліне қарағанда анағұрлым жылдам қарқынмен өзгерген. Әрбір тіл өзіне тән заңдары бойынша түрліше дамиды. Өзінің даму барысында әрбір тіл түрлі-түрлі формаға ие болады. Айырықша қоғамдық құбылыс ретіндегі адамзат тілінің дамуының жалпы заңдарынан нақтылы бір тілдің өзіне тән, оны басқа тілдерден бөліп қарауға мүмкіндік беретін жеке заңдарын ажырата білу қажет. «Әрбір тіл құрылымдық ерекшеліктерімен айқындалатын болғандықтан, мұндай заңдардың категориясын дамудың жеке ішкі заңдары деп атауға болады... Тіл дамуының жалпы заңы мен жалқы (жеке) заңы бір-бірінен мүлдем ажырап кетпейді, қайта жеке заңдар жалпы заңдармен қиюласып тұтасады. Мұның өзі әрбір нақтылы тілдің айрықша қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы тілдің барлық ерекшеліктерін қамтып көрсету қасиетімен байланысты болады, сондықтан да ол тіл дамуының жалпы заңдарының негізінде ғана дами алады. Бірақ екінші жағынан, әрбір нақтылы тілдің басқаша құрылымы, айрықша грамматикалық құрылысы мен фонетикалық жүйесі, түрліше лексикасы болады және тіл жүйесінде бұл құрылымдық сыңарлардың байланысу заңдылықтары біркелкі болмауымен сипатталады, сондықтан дамудың жалпы заңдарының формаларының көрініу әрекеті жеке тілдерде түрленіп, өзгеріп отырады. Ал нақтылы тілдердің дамуының айрықша формалары, жоғарыда айтылғандай, олардың дамуының жеке заңдарымен байланысады»[1].

Тіл дамуының жеке (жалқы) заңы оның барлық саласын — лексикасын да, грамматикасын да, фонетикасын да қамтиды. Тілдің әрбір саласының өз заңы болады. Мысалы, қазақ тілі және т. б. түркі тілдерінде жуан дауыстыдан кейін жуан дауыстының, жіңішке дауыстыдан кейін жіңішке дауыстының келуін немесе алтай, қырғыз тілінде ерін дауыстылардан кейін міндетті түрде ерін дауыстының келуі аталған тілдердің фонетикалық заңдарының қатарына жатады. Сингармонизм заңы — басқа

[1] *В. А. Звегинцевтің* аталған кітабының 168—169-беттері.

тілдерге қарағанда, түркі тілдеріне өте-мөте тән заң. Бұл заң өз ішінде тармақталып кетеді, оның түрлі жақтары әр түрлі түркі тілдеріне тән болып келеді. Мысалы, ерін дауыстысынан кейін соған үндесе ерін дауыстысының келуі, яғни сингармонизмнің лабиальдық сингармонизм деп аталатын түрі қазақ, қарақалпақ тілдеріне қарағанда, алтай, қырғыз тілдерінде әлдеқайда басым, соларға тән заң деп саналады.

Тіл — лингвистикалық элементтердің, мысалы, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық элементтердің жай ғана жиынтығы емес, олардың өз ара бір-бірімен заңды түрде нық байланысқан және әрдайым тығыз қарым-қатынаста болатын жүйесі. Сондықтан да тілді белгілі бір құрылысы бар, жүйелі құбылыс деп қараймыз. Тілдің фонетикалық жүйесі мен сөздік құрамының және грамматикалық құрылысының дамуының өздеріне тән заңдары, өздеріне тән формалары болғанмен, ол заңдар жекедара бытырап кетпей, өз ара байланысты, бір-біріне бағынышты болады да, тілдің даму заңдарының бүтіндей жүйесін құрайды. Мысалы, орыс тілінде екпіннің жылжымалы болып, сөздердің әр түрлі буынына түсуі жеке-дара құбылыс ретінде қала алмайды, ол сөздердің формалары мен мағыналарын ажырататын тәсіл ретінде қызмет атқарады. Демек орыс тілінде екпіннің жылжымалы болуы тілдің басқа да салаларымен, атап айтқанда, сөздің формасын ажыратуы жағынан алғанда, грамматикамен ұштасып байланысады да, сөздің мағыналарын ажырату қызметі жағынан алғанда, семантикамен байланысады. Тарихи дамудың барысында түркі тілдерінде жіктеу есімдіктерінің жіктік жалғауына айналуы сөздердің көмекші морфемаларға ауысуымен, яғни морфологиялық құбылыс болуымен шектеліп қоймай, жіктік жалғаулы сөздің қызметі жағынан (баяндауыш болу қызметі) алғанда, синтаксиспен де ұштасып байланысады.

Тілдің тұрақтылық қасиеті басым. Дегенмен, ол (тіл) уақыт озған сайын өзгеріске ұшырайды, дамып жетіле береді. «Ауызекі тіл өзінің лексикалық құрамы жағынан тамаша тұрақты болғанмен және өзінің грамматикалық формалары жағынан онан да гөрі тұрақты болғанмен, ол өзгеріссіз қала алмайды»[1].

Тілдің лексикасы мен грамматикалық құрылысында және фонетикалық жүйесінде әр түрлі өзгерістер жасалып, бүтіндей тіл даму күйінде болады. Осы кітаптың «Лексикология» тарауында тілдің лексикасында болатын өзгерістер, тілдің сөздік құрамынан кейбір ескірген сөздердің шығып қалуы, оның есесіне көптеген жаңа сөздердің енуі, сөздердің мағынасының өзгеріп жаңаруы, сөздік құрамының сөз тудырудың әр түрлі тәсілдері арқылы және басқа тілдерден енген сөздер арқылы толығып байып отыруы туралы мәселелерге тоқталғанбыз. Сондықтан тілдің лексикасында болатын өзгерістер және олардың да-

[1] Архив Маркса и Энгельса, IX, стр. 79,

муы туралы мәселеге қайталап соқпай-ақ, тілдің грамматикалық құрылысында болатын кейбір өзгерістерге, оның жетіліп дамуы туралы мәселеге тоқталайық.

Әдетте, тілдің грамматикалық құрылысы өте тұрақты, оның дамуы, онда болатын өзгерістер өте баяу болады. Баяу болса, да, тілдің грамматикасының морфология саласында да, синтаксис саласында да өзгерістер болып, тілдің даму барысында оның грамматикалық құрылысы жетіліп отырады.

Түрлі тілдердегі қазірде бар грамматикалық категориялар мен грамматикалық формалардың күллісі бірден жасала салмаған. Олардың жасалып қалыптасуының ұзақ тарихы бар және олар тілдердің ұзақ тарихының өн бойында біртіндей пайда болған. Мысалға кейбір үстеулерді алайық. Қазіргі қазақ тіліндегі *ендігәрі* деген үстеу шығыс септік жалғауындағы *ендігіден* деген сөз бен *әрі* деген шылау сөздің бірігіп ықшамдалуынан жасалса, *босқа, зорға* деген үстеулер есім сөздерге барыс септігінің жалғанып және оның түбірімен кірігіп, соған әбден сіңісіп кетуінен жасалған. Сондай-ақ, *тосыннан, кенеттен, ежелден* деген үстеулердің құрамын талдап қарасақ, бұлардың да түбірге жалғаудың (шығыс септік жалғауының) кірігіп, сіңісуінен жасалғанын көреміз. Қазақ тіліндегі *қабаған, тебеген, қашаған* тәрізді сөздер қазірде сын есім сөздер деп саналады. Ал шығу төркіні жағынан алғанда, бұлар етістікке есімшенің жұрнағы жалғану арқылы жасалып, тілдің даму барысында сын есімдерге айналған.

Сөздердің грамматикалық жақтан дамып, сөз таптарының бір-біріне ауысуы сөздің лексикалық мағынасының өзгеруімен тығыз байланысты болады. Лексикалық мағынада өзгеріс болмай тұрып, бір сөз табының басқа бір сөз табына ауысуы мүмкін емес. Мысалы, *ауру* деген тұйық етістік семантикалық жақтан дами келіп, бұл күнде сын есім мағынасында да (мысалы: *ауру адам),* зат есім мағынасында да (мысалы: *ауруды емдеу, ауруды дәрігерге көрсету*) қолданылады. Қазірде зат есім болып қалыптасып кеткен *егеу, көсеу, бөгеу, бояу, жабу* деген сөздер тұйық етістіктердің субстантивтенуінен жасалған. Бұл сөздер мұнымен бірге етістік қалпын да сақтап қалған. Сондай-ақ *батыр, ер, қарт, соқыр, ақсақ, жарымжан* деген сын есімдер субстантивтеніп, зат есім түрінде де қолданылады.

Орыс тілінде грамматикалық сан-мөлшер категориясының ертеректе болған қосарлы түрі (двойственное число) көнеріп жойылған да, оның жекеше және көпше түрі ғана сақталған. Қазіргі орыс тілінде күйді, көбінесе сапалық күйді көрсететін ерекше грамматикалық категория қалыптасуда, олар баяндауыштық формадағы *стыдно, совестно, точно, боязно* және осылар тәріздес т. б. сөздер арқылы көрінеді.

Өзгеру мен дамудың барысында бірсыпыра дербес сөздердің көмекші сөздерге, көмекші сөздердің аффикстерге айналуы —

әрбір тілдің тарихында кездесетін құбылыс. Бұл ретте *бара дұр, жүре дұр* тіркесінен *барады, жүреді* формаларының, *бара тұрған, келе тұрған* тіркесінен есімшенің *баратын, келетін* формаларының жасалуын және бұлардың қалыптасып орныгуын мысалға келтіруге болады. Тілдің тарихи даму барысында кейбір аффикстер ықшамдалып, өздерінің формасын өзгертіп отырады. Мысалы, *айтқанмын — айтқам, барғанмын — барғам. келгенмін — келгем, барамын — барам, келемін — келем, айтамын — айтам, беремін — берем* деген формалардың соңғы сыңарларының аффиксі — жіктік жалғауының ықшамдалып өзгерген түрі екені ақиқат. Осылайша ықшамдалу сөз тіркестерінде де болады. Алғашында жеке сөздердің тіркесі ретінде қолданылған тізбектер келе-келе бір-бірімен кірігіп, бір сөзге айналып кетеді. Олардың өз ара кірігіп, бір-біріне сіңісіп кететіні соншалық, қазірде олардың жігін ажырату тек этимологиялық тұрғыдан зерттеудің нәтижесінде ғана мүмкін болып отыр. Мысалы, *бүгін* деген сөз *бұл* және *күн* деген екі сөздің ұзақ уақыт бойында тіркесе қолданылып, бір-бірімен кірігіп кетуінен жасалса, *биыл* сөзі *бұл* және *жыл* деген сөздердің кірігіп, сыңарлардың бір-біріне сіңісуінен жасалған. *Алып* және *бер* деген екі сөздің тіркесінің *әпер* түрінде, *алып* және *бар* деген сөздердің *апар* түрінде кірігіп, өз ара бір-біріне сіңісіп кетуі ерітіндіге айналған бөлшектердің химиялық қосындысымен бара-бар. Мұндай сөз тіркестерінің алғашында дербес сөздер ретінде қолданылған сыңарларының тілдің даму барысында дербестігінен айрылып, мүлдем өзгеріп бір сөзге айналуы және олардың ертедегі қалпы этимологиялық анализ арқылы ғана айқындалады.

Түркі тілдерінің грамматикалық құрылысының жетілуіне оның дами түсуіне байланысты мынадай жайларды атауға болады: түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде: ***-лық (-лік, -дық, -тік, -тық, -тік)*** жұрнағының сөздерге жалғану өрісі кеңейіп, осы жұрнақ арқылы жасалған сын есімдер кең өріс алуда (мысалы: *социалистік, өндірістік егіндік, аудандық, облыстық*). Осы жұрнақ пен ***-шылық (-шілік)*** жұрнағының абстракті зат есім тудыру қызметі де кең өріс алды (мысалы: *жолдастық, іскерлік, бостандық, бақыттылық, белсенділік, шаруашылық, егіншілік, азшылық, көпшілік, жұртшылық, мүмкіншілік, торығушылық*). Сын есім тудыруда ***-лас (-лес, -дас, -дес, тас, -тес*** жұрнағы да активті қызмет атқарады (мысалы: *пікірлес, ниеттес, көршілес, колхоздас, одақтас, сабақтас, мәжілістес, қаламдас*).

Түркі тілдерінде кейбір септіктердің функциясының, мысалы, жатыс септігінің функциясының кеңейгендігі байқалады. Мысалы, өзбек тілінде *бу масалани уйлап курмок* («бұл мәселені ойлау») деудің орнына *бу массалада уйломок* деу, немесе *ишингизга муваффақият тилайман* («ісіңізге сәт (табысты болу) тілеймін») деудің орнына *ишингизда муваффақият тилай-*

ман деу, яғни табыс септіктің және барыс септіктің орнына жатыс септікті қолдану кездеседі[1].

Қазақ тілінде баяндауышы жатыс жалғаулы тұйық етістіктен жасалған сөйлем түрі бар. Мысалы: *Еңбек өнімділігі арттырылуда. Халқымыздың тұрмысы мен мәдениеті көркеюде.* Баяндауышы жатыс жалғаулы тұйық етістіктен болған сөйлем түрі қазақ тілінде кейінгі кезде жасалып қалыптасты. Сондай-ақ, *жетістікке жету, басшылыққа алу, табысқа жету, қуанышқа бөлену* тәрізді меңгерудің жаңа түрлері жасалып қалыптасуда.

Жай сөйлемнің инверсиялы түрін кең қолдану дағдысы қалыптасып келеді. Мысалы, башқұрт тілінде: *ярата инек без уны* («жарататын едік біз оны), қырғызша: *берилет ушул справке* («беріледі осы справка»), түрікменше: *геплейэр Ашгабад,* қазақша: сөйлеп тұрған Алматы; тарт қолыңды Кубадан!

Меңгеретін мүшесі есім сөз болып келген сөз тіркесі мен сөйлемдердің конструкциясы жасалып, кең қолданылып жүр. Бұған мыналар мысал бола алады. Әзірбайжанша: *ганаа ган, өлүмә өлүм* («қанға қан, өлімге өлім»); *ондан бө і үк, оннан іахшы* («одан биік, одан жақсы»); өзбекше *жахонга тинчлик* (орысша: «миру мир» дегенмен бірдей), *энг яхши нарса болаларға* («ең жақсы нәрсе балаларға»); қазақша: елім менің көлге бай; кеңсе ісіне сең жауапты[2].

Түркі тілдерінде оңашаланған мүшесі бар сөйлем түрлері және қыстырма сөздер мен сөз тіркестері қосылып келген сөйлем түрлері жасалып, әдебиеттерде қолданылып жүр. Жазба әдебиеттің дамуымен байланысты құрмалас сөйлемдердің сан алуан түрлері жасалып қалыптасты.

§5. ТІЛДЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘСЕРІ

Әр түрлі халықтар бір-бірімен қарым-қатынаста өмір сүреді. Халықтардың арасындағы қарым-қатынас түрлі-түрлі салада — экономика, сауда, мәдениет т. б. салаларда — болуы мүмкін. Халықтардың өз ара бір-бірімен қарым-қатынас жасауының барысында олардың тілдері де бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, бір тілден екінші тілге, екінші тілден үшінші тілге тілдік элементтер де ауысады. Тілдердің бір-біріне қарым-қатынасы тоғысу түрінде де, тілдердің бір-біріне әсер етіп, тілдік элементтердің бірінен екіншісіне жай ғана ауысу түрінде де болуы мүмкін.

Тілдердің тоғысу процесінде с у б с т р а т[3] деп аталатын құбылыс пайда болады. Жеңген тіл жеңілген тілден сөздер мен

[1] Вопросы развития литературных языков народов СССР, в советскую эпоху (сборник), Алма-Ата, 1964, стр. 161.

[2] Жоғарыда аталған жинақтың 162-беті.

[3] Субстрат-латын тілінің subsratum «астар» деген сөзінен жасалған термин.

жеке дыбыстарды, кейбір морфемаларды қабылдайды. Жеңген тілдегі жеңілген тілдің элементтері субстрат деп аталады.

Зерттеушілер белгілі бір тілдегі тарихи өзгерістердің себебін айқындап дәлелдеу үшін, әдетте, ең алдымен, сол тілдің және онымен туыстас тілдердің материалдарына үңіледі. Егер ол тілде немесе туыстас тілдерде ондай өзгерістің мән-жайын айқындайтындай деректер болмаса, онда зерттеуші сырттан болатын әсерге, басқа тілдердің материалдарына назар аударады.

Субстрат проблемасы — таза лингвистикалық қана проблема емес. Субстрат құбылысы этникалық ассимиляция процесінде, этникалық топтардың топтасып бірігуі (консолидация) нәтижесінде пайда болады. «Тілдік субстрат этникалық субстраттың болу мүмкіндігін аңғартады. Біріншінің екіншісіз мағынасы жоқ... Егер болып өткен этникалық субстрат тілдік ешбір нәтижеге әкелмесе, онда субстрат туралы ұғым ешбір лингвистикалық мазмұны жоқ, таза этногенетикалық ұғым болып қалар еді»[1]. Субстрат құбылысы белгілі бір тілдік нәтижелермен қабаттаса жүретін этногенетикалық процестің болғандығын аңғартады.

Субстрат мәселесі — тіл білімінде әзірге толық шешімін таппаған өте күрделі мәселе. Мәселенің күрделілігі және қиындығы мынада: субстрат құбылысының элементтері тілдің замандар бойындағы даму барысында оның өн бойына «сүтпен еніп, сүйекке кіргендей» сіңісіп кетеді де, оны айқындау оңайға соқпайды. Оны айқындау үшін тек лингвистикалық тұрғыдан ғана зерттеу жеткіліксіз. Тілдік субстрат этногенетикалық процеспен тығыз байланысты. Екінші сөзбен айтқанда, тілдердегі субстрат мәселесін этникалық субстрат (этнический субстрат) мәселесін бөліп алып, жеке-дара қарауға болмайды. Субстрат мәселесін зерттеп шешу тарих, археология, этнография, антропология ғылымдарының деректері мен жетістіктерін кеңінен пайдалануды талап етеді.

«Шынында да, біз, мысалы, Франциядағы кельт субстраты туралы айтқанда, ең алдымен, француздардың, өзінің роман тіліне қарамастан, генетикалық жақтан кельт халқы — рим жаулап алушыларына дейін Францияны мекендеген галлалармен байланысты екендігін факті ретінде көрсетеміз; бұл факті олардың тіліне де әсер етпей қала алмайды»[2]. Римдіктердің жаулап алуының нәтижесінде Францияның жергілікті кельт (галль) тұрғындары латын тіліне көшкен де, осы соңғының негізінде қазіргі француз, испан тілі жергілікті тұрғындардың тілдері — келть тілдерінен кейбір элементтерді қабылдаған. Мысалы, латын тіліндегі *и* дыбысы французша *іі* дыбысына тілдердің әсе-

[1] *В. И. Абаев.* О языковом субстрате.—«Доклады и сообщения Института языкознания», вып. IX, 1956, стр. 85.

[2] *В. Н. Ярцев.* Теория субстрата в истории языкознания.—«Доклады и сообщения Института языкознания», вып. IX. 1956. стр. 15.

рінің нәтижесінде ауысса, латынша *f* дыбысы итерий субстратының нәтижесінде испанша *h* дыбысына ауысқан[1].

Удмурттар мен татарлар қоныстас, көршілес өмір сүрген де, осыдан келіп олардың тілдері өз ара біріне-бірі әсер еткен. Удмурт тілі мен татар тілі — өз ара туыстас тілдер емес, әр басқа топқа жататын тілдер. Татар тілі түркі тілдердің тобына енеді де, удмурт тілі фин-угор тілдерінің тобына енеді.

Басқа фин-угор тілдерінде, мысалы, удмурт тіліне өте-мөте жақын коми-зырян тілінде кездеспейтін аффрикат *дж* удмурт тілінде қолданылады. Зерттеушілер удмурт тілінде аталған аффрикаттың қолданылуын және күрделі етістіктердің жасалып қалыптаса бастауын татар тілінің әсерінен деп түсіндіреді[2].

Марий тілі мен чуваш тілінде дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздердің басқы дыбысы ұяң дыбыс емес, қатаң дыбыс болады. Басқа түркі тілдерінде ұяңнан басталатын сөздердің чуваш тілінде қатаңнан басталуы — марий тілінің әсерінің нәтижесі. Мысалы, чуваш тілінде: пус — «бас, пур — «бар», тавал— «дауыл»[3] т. б. Керісінше, чуваш тілі марий тілінен көптік мағынаны білдіретін *-сем* деген аффиксті қабылдаған. Мысалы, чуваш тілінде *ял* — «ауыл» дегенді білдіреді де, *ялсем* — «ауылдар дегенді білдіреді[4].

Эвенкілердің якут тіліне көшу процесі бірнеше ғасырға созылады. Эвенкілердің якут тіліне көшуі негізінде якут тілінде әр түрлі диалектілер жасалды. Якут тілін қабылдаған эвенкілердің бірі — долғандар. Бұл күнде якут тілінің айрықша бір диалектісі ретінде қаралатын долған тілінде якут тілінде жоқ әр түрлі ерекшеліктер кездеседі. Зерттеушілер мұндай ерекшеліктерге созылыңқы дауыстылар мен дифтонгілердің жартылай жойылуын, тәуелділікті білдіретін есімдіктердің зат есімдердің анықтауышы ретінде қолданылуын және т. б. жатқызады[5].

Түркі тілдерінің басым көпшілігінде алты септік болса, якут тілінде (бұл тіл де түркі тілдерінің тобына енеді) тоғыз септік бар. Якут тіліндегі септіктердің бұл ерекшелігі тұнғұс-маньчжур тілдерінің әсерінен пайда болған деген пікір бар[6]. Марий тілі чуваш тілінен сын есімнің салыстырмалы шырайының *-рақ* (чуваш тілінде *-рах)* жұрнағын қабылдаған (мысалы, марий тілінде: *сай* —«жайсы», *сайрак* —«жақсырақ»)[7].

Тілдердің бір-бірімен қарым-қатысы немесе өз ара әсері лек-

[2] *В. Н. Ярцевтің* аталған еңбегі, 15-бет.

[2] *Б. А. Серебренников.* Проблема субстрата.—«Доклады и сообщения Института языкознания», вып. IX: 1956, стр. 37—38.

[3] Бұл да сонда, 43-бет.

[4] Бұл да сонда, 47-бет.

[5] *Е. И. Убрятова.* Взаимодействие языков на материале взаимоотношений якутского и эвенкийского языков.—«Доклады и сообщения Института языкознания», вып. IX, стр. 87—88.

[6] Общее языкознание. М., 1970, стр. 222—223.

[7] Бұл да сонда, 225-бет.

сика саласында жиі ұшырасады. Мысалы, түркі тілдерінде орыс тілінен және араб-иран тілдерінен енген көптеген сөз бар. Олардың ішінде жазба тіл арқылы енген сөздер түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің, фонетикалық заңдылықтарына бағынбайды да, ол сөздердің басқа тілдік сөздер екені аңғарылып тұрады. Әдетте, тілдік единицалардың ішінде бір тілден екінші тілге, одан үшінші тілге енуге өте-мөте икем болатындар — лексикалық единицалар, яғни сөздер. Лексикалық единицалардың ауысуы үшін этногенетикалық процестер мен этникалық субстраттың болуы шарт емес. Тілдердің бір-бірінен сөз ауысуы тілдердің тоғысуын көрсетпейді. Бұл мәселе жайында В. И. Абаев былай деп тұжырымдайды: «...субстрат пен кірмелер (заимствование) бір системаның басқа бір системаға енуі болып саналады. Бірақ субстратта мұндай ену әлдеқайда тереңге кетеді, әлдеқайда жақын және маңыздырақ болады. Ол тілдің құрылымдық жақтарының барлығына өтіп кете алады, ал кірмелер, әдеттегідей, лексиканың кейбір топтарына ғана тарайды. Өте-мөте жапсарласу мен тереңге бойлау субстраттық байланысты туыстастыққа негізделген байланыспен жақындастыра түседі. Субстрат та, туыстық та этногенетикалық байланыстың болғандығын аңғартады. Кірмелердің бұлардан айырмашылығы сол, олар этногенезбен ешбір байланысты емес.

Біз субстраттың тілдік нәтижесінің өзіндік ерекшелігінің себебі неде, бұл нәтижелердің тіпті өте-мөте үдемелі кірмелерге қарағанда да тым жақын және тереңірек бойлауы неліктен дегенді анықтауға тырысқанымызда, екі тілділік проблемасына келіп тірелеміз. Субстрат бір тілден екінші тілге өту процесімен... күрделі және қиын процеспен байланысты. Бұл процесс ауыспалы кезең ретінде екі тілділіктің азды-көпті ұзақ дәуірінің болуын аңғартады. Ал ұзаққа созылған екі тілділік екі түрлі тілдік системаның көбірек араласуына және бір-біріне өз ара алмасып өтуіне алдын ала жағдай тудырады. Субстраттың лингвистикалық ерекшелігін екі тілдіктің негізінде түсіндіруге болады»[1].

Екі тілде сөйлеу (екі тілділік — двуязычие) тек өткен дәуірлерде болған құбылыс емес, сонымен бірге қазір де бар. Мысалы, Францияда тұратын бретондықтар өз ана тілімен бірге француз тілінде де сөйлейді. Швейцария тұрғындары өз ана тілімен бірге неміс, француз, итальян тілдерін де қолданады.

Кеңес Одағы — көп ұлтты мемлекет. Біздің елімізде екі тілде сөйлеу кең өріс алған. Орыс халқының тілі еліміздегі халықтардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының құралы — ұлт аралық тіл болып отыр. Армяндар, грузиндер, әзірбайжандар, өзбектер, қазақтар, қырғыздар, түрікмендер және т. б. халықтар өздерінің ана тілімен бірге орыс тілінде де сөйлейді. Еліміздегі халықтардың шаруашылық пен экономика және мә-

[1] *В. И. Абаевтың* жоғарыда аталған мақаласының 59-беті.

дениет салаларында әрдайым қарым-қатынас жасауы, бауырластығы мен достығы — осылардың барлығы олардың тілдерінің бір-біріне өз ара әсер етіп, бірін-бірі байытуына қажетті қолайлы жағдайлар болып саналады. «СССР халықтарының ұлттық тілдерінің дамуымен және олардың ұлт аралық қатынастың — орыс тілімен өз ара қарым-қатынасының дамуымен бірге екі тілділік проблемасы да ерекше дамуда. Тілдік қарым-қатынастардың советтік практикасында екі тілділік мәселесі тең праволылық жағдайда екі тілді меңгере білу тұрғысынан ұғынылады. Сөйтіп, СССР халықтарының барлығының орыс тілін білуі, оның өндіріс пен рухани өмірдің барлық салаларына таралуы басқа ұлттық тілдердің маңызын төмендетуді, бір тілдің басқа тілдің есесінен кеңейіп таралуын көрсетпейді, керісінше, олардың бірін-бірі өз ара байытуына, ұлттық творчестволық мүмкіндіктердің дамуына, бір тұтастылық элементтерін жасап шығарудағы ішкі ерекшеліктерінің дамуына жәрдемдеседі. Мұның өзі коммунистік қоғам құрылысының тарихи жолына түскен Совет Одағы халықтарының ұлттық тілдерінің даму заңдылықтарының ең негізгі, ең маңыздыларының бірі болып саналады»[1].

Екі тілділік жалпылама болып, кең өріс алған жағдайда — бір тілдің екінші тілге әсері заңдылық сипат алуы мүкін. Екі тілділік жағдайында жергілікті тұрғындар өз тілінен басқа екінші тілді бірден жан-жақты меңгеріп кете алмайды. «Осындай толық білмеудің салдарынан сөйлеушілер айтылуда, форма қолдануда, сөз қолдануда, синтаксисте бірсыпыра дәлсіздік пен қателер жібереді. Мұндай қателіктер кездейсоқ емес, заңдылық сипат алады, өйткені олар сөйлеушілердің ана тілінің ерекшелігінен келіп туады»[2].

Екі тілділік, тілдердің бір-біріне әсері, өз ара бірін-бірі байытуы, тілдердің араласуы немесе тоғысуы — осылардың бәрі де тілдердің қарым-қатынастарының (контакт) түрлері болып саналады.

Жоғарыда тілдердің тоғысуы туралы мәселе аталып өтті. Енді тіл білімінде бұл проблеманың қойылуы және оны қалай түсініп, қалай бағалау мәселесіне келелік. Н. Я. Марр екі тілдің тоғысуы нәтижесінде жарылу жолымен кенеттен жаңа, үшінші тіл жасалады және ол тіл тоғысушы тілдердің біреуіне де ұқсамайды деп есептеген болатын. Н. Я. Маррдың бұл пікірі мүлдем қате еді. 1950 жылғы дискуссия кезінде Н. Я. Маррдың тілдердің тоғысуы туралы қате көзқарасы сынға алынды. Тоғысу процесінде бір тіл жеңіп шығады да, екінші тіл жеңіледі.

[1] *И. К. Белодед, Е. А. Бокарев, С. К. Кенесбаев, Н. Г. Корлэтяну.* Русский язык — язык межнационального общения народов СССР, «Всесоюзная конференция, посвященная закономерностям развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху» (тезисы докладов), Алма-Ата, 1962, стр. 22.

[2] *В. И. Абаев.* О языковом субстрате.—«Доклады и сообщения Института языкознания», выпуска, IX, 1956, стр. 60.

Алайда тілдердің араласуы немесе тоғысуы бір тілдің жеңіп, екінші тілдің жеңілуімен ғана шектеліп қоятын мәселе емес, бұл процестің формалары алуан түрлі болады. Бұл — бір.

Екіншіден, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болған тілдердің тоғысуы әрқашан шарт емес. Осыған орай олардың бірінің жеңіп, екіншісінің жеңілуін міндетті деп түсіну қате болған болар еді.

Тілдердің араласу процесі бір тілдің жеңіп, екінші тілдің жеңілуімен ғана тынып қоятын процесс емес, мұның формалары алуан түрлі болады дедік. Енді осы мәселеге тоқталайық.

Тілдердің араласуы барысында бір тілдің жеңіп, екінші тілдің жеңілуіне Европада ертеде өмір сүрген кельт тілдерінің жеңіліп, ақырында жойылып кеткенін мысалға келтіруге болады. Бірақ тілдердің араласуы барысында бір тілдің жеңіп, екінші тілдің жеңіліп жойылып кетуі әрдайым шарт емес. Белгілі бір дәуірде кейбір тілдер бір-біріне өз ара әсер етіп немесе біреуі тек қана екіншісіне әсер етіп, белгілі дәрежеде араласып, соңынан ажырасып кетуі, әрқайсысы өзінің дербестігін сақтап дами беруі мүмкін. Мысалы, араб халифаты дәуірінде араб тілі түркі тілдес және иран тілдес көптеген халықтарға тіл жағынан да, мәдениет пен дін жағынан да қысым жасады[1]. Оқу араб тілінде жүргізілді. Сол дәуірде араб, түркі, иран тілдерінің арасындағы күресте олардың ешқайсысы да бірін-бірі жеңіп немесе бірінен-бірі жеңіліп жойылып кеткен жоқ, әрқайсысы да өзінің дербестігін сақтап дами берді. Араб халифаты дәуірінде араб тілінің көптеген элементтері енді. Араб тілінің фарсы тіліне күшті әсер еткені сонша лық, фарсы тілін білу араб тілі грамматикасының қысқаша очеркімен танысуды қажет етеді. Аталған тілдердің араласуы барысында араб тілі иран тілдеріне қаншама әсер еткенімен, иран тілдері жойылып кетпей, өздігінше дами берді.

Тілдердің тоғысуының бір түріне «тілдердің одақтарын» жатқызуға болады. «Тіл одақтары — тілдердің араласуының бір түрі, онда тілдердің топтарының ұзақ уақыт қатар өмір сүруінің нәтижесінде олардың грамматикалық құрылымында типологиялық ұқсастық пайда болады. Мұның өзінде олардың өз ара бірібірінен сөздер алмасуы жоққа шығарылмайды (әдетте, мұндай жағдайда олар өте-мөте мол болады), бірақ басты белгі олардың грамматикалық құрылымы болып саналады»[2]. Құрылысы әр түрлі кейбір тілдер көптеген уақыт бойында іргелесіп қатар өмір сүреді де, бір-біріне жақындасады. Осының нәтижесінде ондай тілдердің арасында өз ара кейбір ұқсастықтар пайда болады. Мысалы, Балкан жарты аралына тараған жаңа грек, албан, румын, болгар тілдерінде грамматикалық жақтан кейбір ортақ белгілер ұшырасады. Бұл тілдерде етістіктің инфинитив

[1] *В. Л. Звегинцев.* Очерки по общему языкознанию. М., 1962, стр. 222.

[2] *В. Л. Звегинцев.* Очерки по общему языкознанию. М., 1962, стр. 230.

түрі қолданылмайды десе де болады, келер шақ *хотеть* деген көмекші етістік арқылы жасалады. Румын, болгар және албан тілдерінде артикль есім сөздердің алдында емес, олардан кейін тұрады. Мұндай ортақ белгілердің болуы аталған тілдердің туыстас тілдер болуынан емес, өйткені болгар тілі славян тілдерінің тобына енсе, румын тілі роман тілдерінің тобына енеді, жаңа грек тілі мен албан тілі индоевропа тілдерінің ішіне енгенмен, румын, болгар тілдерінен алшақ тілдер болып табылады. Оның үстіне болгар тілі жаңа грек тілі немесе албан тіліне қарағанда, славян тілдеріне әлдеқайда жақын, ал румын тілі болгар немесе жаңа грек тіліне қарағанда, роман тілдеріне анағұрлым жақын. Демек аталған тілдердегі ортақ белгілер туыстық қатынастың жақындығының негізінде емес, олардың бір территорияда болып, өз ара жапсарласа, қатарласа өмір сүріп жақындасуының нәтижесінде, яғни «тілдік одақтың» негізінде пайда болған. Сөйтіп, тілдер ұзақ уақыт іргелес, жапсарлас өмір сүрудің нәтижесінде типологиялық жағынан жақындасып, өз ара бірсыпыра ортақ белгілерге ие болады.

Сонымен тілдердің қарым-қатынасы, бір-біріне өз ара әсері және олардың тоғысуының табиғаты алуан түрлі болады және жалпы алғанда, тілдердің қарым-қатынасы (контакт) мен олардың түрлері туралы мәселе әрі әр жақты, әрі күрделі мәселе болып саналады.

Енді тілдердің өз ара бір-біріне әсер ету жағдайында тілдің әр түрлі жақтарының басқа тілдерге ауысу қабілеті мен мүмкіндігі туралы мәселеге келейік.

Әрбір тілдің дыбыстық (фонетикалық), сөздік (лексикалық) және грамматикалық жағы болатыны белгілі. Тілдің осы аталған жақтарының тілдердің бір-біріне әсер етуі барысында олардың бірінен-біріне ауысуға, өтуге икемділігі біркелкі болмайды.

Ең алдымен фонетикадан бастайық. Әдетте, тілдің фонетикалық жүйесі тұрақты болады. Егер бір тілден екінші тілге белгілі бір дыбыс (фонема) ене қалса, ол өздігінен енбейді, сөздің құрамында қолданылып, сөздер арқылы ғана ене алады. Белгілі бір дыбыстың бір тілден басқа тілге өтуі үшін бірен-саран сөздердің енуі мүлдем жеткіліксіз. Ол үшін, әдетте, құрамында сол дыбыс бар көптеген сөздердің еніп, олардың қабылдаушы тілде төл сөздер тәрізді жиі және жаппай қолданылуы шарт. Соның өзінде де ол бірден үйреншікті дыбыс болып кете алмайды. Әдетте, ондай дыбыс алғашқы кезде сөйлеушілердің ана тілінде бар, өзіне ұқсас қалай айтылса, солай айтылады. Оқыту ісінде басқа тілдік дыбыстың ана тіліндегі дыбыстан айырмашылығы түсіндіріліп, сөйлеушілер ол дыбысты дұрыс айтуға бірте-бірте дағдыланады. Бұл, әрине, бірсыпыра уақытты керек етеді және мұның өзі бірқыдыру жайлармен, атап айтқанда, сөйлеушінің мектептен өтуі, мәдени және білім дәрежесімен байланысты болады.

Кеңес Одағындағы халықтардың тілдеріне орыс тілінің игілікті әсері тиді. Бұл әсерді ол тілдердің фонетика саласынан да, лексика мен грамматика саласынан да көтеруге болады. Еліміздегі көптеген халықтар орыс алфавитіне көшті де, онан өз тілдерінде бар дыбыстардың таңбаларымен бірге, өзінің байырғы төл сөздерінде болмаған, бірақ орыс тілінен енген сөздерде қолданылатын дыбыстардың таңбаларын да (әріптерді) қабылдады. Мысалы, қазақ тіліне *вокзал, вольт, велосипед, завод, инверсия, квартет, конвейер, автомат, авиапочта* т. б. көптеген сөздермен бірге *в* дыбысы, *фабрика, ферма, факультет, физика, фамилия, фильм, информация, афоризм, светофор, асфальт* т. б. көптеген сөздермен бірге *ф* дыбысы келіп енді. Аффрикат *ц* дыбысы *авиация, станция формация, цензура, цех, циклон, целиндр, цитата* т. б. әр алуан сөздердің кіруімен бірге енді. Бұл дыбыстар қазақ тілінің байырғы төл сөздерінде қолданылмайды, олардың ертеден бері қолданылып келе жатқан төл дыбыстармен салыстырғанда, қолданылу өрісі бірдей емес. Алайда бұл дыбыстар, орыс тілінен сөздердің көптеп енуі, ол дыбыстар мен айтылатын сөздердің әдебиетте, күнделікті өмірде жиі қолданылуы, олардың айтылуын меңгерумен байланысты аталған дыбыстар үйреншікті, етене дыбыстарға айналуда. Әрине, бұл дыбыстардың орыс тіліндегі айтылуын дұрыс сақтап айту, оларды өзіне ұқсас дыбыстардан ажырата білу, бір сөзбен айтқанда, оларды меңгере білу дәрежесі қазақ тілінде сөйлеушілердің барлығында бірдей емес. Мектептен өткен жастардың, орыс тілінде оқып, жаза білетіндердің білім дәрежесі әзірге төмен адамдардан, орыс тілін меңгере, жете білмегендерден гөрі бұл дыбыстарды дұрыс айтып, дұрыс қолдануға әлдеқайда икем, анағұрлым тез меңгеруге мүмкіндігі мол. Бүкіл халықтың жаппай сегіз жылдық және он жылдық мектептен өтуі, білім дәрежесінің өсуі және орыс тілін жаппай меңгере білуі барысында мұндай айырмашылық, әрине, келешекте жойылмақ.

Орыс тілінің фонетикалық әсерін тәжік тілінен де көруге болады. Мысалы, ол тілде «сирек қолданылатын *ж* дыбысы кең түрде пайдаланылатын болды; *ц* аффикаты тәжік тіліне ене отырып, барған сайын ана тіліне тән дыбысқа айналуда»[1].

Бір тілдің екінші тілге тигізген фонетикалық әсерін тек қана белгілі бір дыбыстардың енуі тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге бұл мәселені жалпы фонетикалық жүйе мен фонетикалық құбылыс атаулының шеңберінде қарау керек. Мысалы, қазақтар, қырғыздар, татарлар және т. б.түркі тілдес халықтар бұрын өз тілдерінің фонетикалық заңдылығында болмаған, бірақ кейінде орыс тілінің әсерімен пайда болған фонетикалық

[1] *Д. Т. Таджиев.* О влиянии русского языка на таджикский.—«Тезисы докладов всесоюзной конференции, посвященной закономерностям развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху». Алма-Ата, 1962, стр. 62.

құбылыстарды айтып үйренуге дағдыланып отыр. Түркі тілдерінде төл сөздердің басында екі немесе үш дауыссыз дыбыс тіркесіп келмейтін еді, ал қазірде орыс тілінен енген сөздердің басында дауыссыз дыбыстардың тіркесіп қолданыла беру құбылысын (*станция, бригада, взвод, трансляция, фраза, плюс т. б.*) түркі тілдерінде сөйлеушілердің біртіндеп игеріп меңгеруімен байланысты бұл құбылыстың өзі үйреншікті, дағдылы құбылысқа айналуда. Түркі тілдерінде екпін жылжымалы болмай, көбінесе сөздің соңғы буынына түсетіні белгілі. Ал қазірде түркі тілдерінің әрқайсысының лексикасында да орыс тілінен енген көптеген сөздер мен терминдер бар. Ол сөздер мен терминдердің орыс тілінде екпіні қай буында болса, түркі тілдерінде сол қалпы сақталып айтылады. Демек түркі тілдерінде сөйлеушілердің жылжымалы екпінді үйреніп меңгере білуін орыс тілінің әсері деп есептеу керек. Қазақ тілінде жуан дауыстылар ***қ,ғ*** дауыссыздарымен тіркесіп (мысалы: *қабырға, қол, ағайын*), жіңішке дауыстылар ***к,г*** дауыссыздарымен тіркесіп айтылатын (мысалы: *күн, шеге, күміс, көгілдір*). Ал қазіргі қазақ тілі лексикасындағы орыс тілінен енген сөздерде жуан дауыстылар ***к,г*** дауыссыздарымен тіркесіп айтыла береді (мысалы: *станок, педагог, биолог, агроном, терминология, капитан, корабль т. б.*). Қазақ тілінде жуан дауысты дыбыстарды ***к,г*** дыбыстарымен тіркестіріп айтуға дағдылану да орыс тілінің әсерінен болған.

Бір тілдің екінші тілге әсері оның морфология саласынан да көрінеді. Бірақ морфологиялық элементтердің бір тілден басқа тілге ену икемділігі бірдей емес. Мысалы, сөз түрлендіруші аффикстер (септік, жіктік, тәуелдік жалғаулары) сөз тудырушы аффикстерге (жұрнақтарға) қарағанда басқа тілге енуге әлдеқайда икемсіз. Ал соңғылары, әдетте, бір тілден екінші тілге ауыса береді. Мысалы, бұл ретте орыс тілінен қазақ тіліне сөз құрамында енген ***-изм*** (*материализм, интернационализм, империализм, социализм, гуманизм*), ***ист*** (*журналист, материалист, очеркист, машинист, турист*), ***-тор (-атор, -итор)*** аффиксін (*авиатор, агитатор, директор, импровизатор, колонизатор, оператор, экспедитор*) және т. б. жұрнақтарды жатқызуға болады. Араб-иран тілдерінен қазақ тіліне мынадай жұрнақтар енген: ***-қой*** (*сәнқой, жеңіской, әуеской*), ***паз*** (*өнерпаз, қырымпаз, әсемпаз, сөйлемпаз*), ***қор*** (*ызақор, жемқор, жалақор, пәлеқор, дүниеқор* және *т. б.*

Бір тілдің екінші тілге әсері морфологиядан гөрі синтаксис саласында көбірек аңғарылады. Мысалы, латын, француз тілдерінен ағылшын, неміс тіліне жазба әдебиет арқылы бірсыпыра синтаксистік оралымдар келіп енген; неміс тілінің осындай әсерін дат тілі мен швед тілінен көруге болады. Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары мен орыс жазушыларының шығармаларын аударумен байланысты және орыс тіліндегі

синтаксистік оралымдардың үлгісін пайдаланумен байланысты қазақ тілінде сөйлемнің жаңа синтаксистік үлгілері пайда болып қалыптасуда. Бұған орыс тіліндегі құрмалас сөйлемдердің үлгісі бойынша қазақ тілінде құрмалас сөйлемдердің іргесінің кеңейіп, оңашаланған айқындауыш мүшелі сөйлемдердің жасалып қалыптасуын, әр түрлі қыстырма сөздерді немесе бүтіндей қыстырма сөйлемді қамтыған сөйлемдердің дамуын мысалға келтіруге болады. Бірер мысал келтірелік. *Коммунистік партияның туы астында біздер ұлы мақсатқа қарай, елімізде коммунизмнің толық жеңуіне қарай, мықты сеніммен алға басамыз* (газеттен) деген сөйлемдегі *елімізде коммунизмнің толық жеңуіне қарай* деген оңашаланған айқындауыш өзінің алдындағы мүшені (*ұлы мақсатқа қарай*) дәлдеп айқындай, саралай түсу үшін қолданылып тұр. Орыс тіліндегі осы тәріздес оралымдардың үлгісін кейбір жазушыларымыз творчестволықпен пайдаланып, оны шығармаларында кеңінен қолданды. Мысалы, М. Әуезов сөйлемде айрықша назар аударған сөзінің мағынасын саралап тарту, айқындап дәлдей түсу үшін соны толықтыра түсетін айқындауыш сөздер мен сөз тіркестерін үндес те үйлесімді түрде пайдаланады. Бірнеше мысалдар: *«Ендігі сырласы, досы,* ***шын ұзақ айнымас серігі*** *— тағы да кітап,* ***кітап қана„****. «Әсіресе әке, әке істеген мінез, әке қолындағы қаннан үркеді. Өз әкесі, қаптал, кәрлі әкесі!».*

«Тоғжанның аппақ жүзі қайтадан тағы бір рет **соңғы рет,** *қою қызғылтпен ду ете түскендей көрінеді». «Абай мынау ыстық үйде,* ***мынадай тырысқақ, ашушаң кісінің үйінде,*** *ет асым уақыт отыруды өз басына жазадай санап еді». «Жастығын,* ***шексіз шат жастығын,*** *қайта тапты,* ***сағынып сүйсініп, тапты„.***

Жазушының бұл сөйлемдерінде айқындалатын сөз жалпы ұғымды білдіреді де, одан кейін қосақталып келген айқындауыш нақтылы ұғымды білдіріп, өзінің алдындағы айқындалатын сөзге айрықша мән беріп, мәнерлеп айту, мағынасын таратып, саралап айту қызметін атқарады,

Орыс тілінің қазақ тіліне синтаксистік әсерін қыстырма сөз бен қыстырма сөйлемді қамтыған сөйлем түрлерінің қалыптасып дамуынан да көруге болады дедік. Мұнан қазақ тілінде бұрын қыстырма сөз араласқан сөйлем мүлдем жоқ еді деген ұғым тумасқа тиісті. Әңгіме орыс тілінің әсерімен олардың жаңа түрлерінің жасалып қалыптасуында болып отыр. Мысалы:

1) М. Горький университетке түспек болып Қазанға барады, бірақ түсе алмайды. Себебі біріншіден, қаражаты жоқ болса, екіншіден, білімі жетпейді, бірақ мұның есесіне, Горький Қазан студенттерінің революциялық үйірмелеріне араласады (оқулықтан).

2) Егіс биыл, біздің бақытымызға, тамаша жеңіспен аяқталды (Ғ. Мүсірепов).

3) Биыл жоспарды, сөз жоқ, асыра орындаймыз (газеттен).

Осы келтірілген мысалдардағы қыстырма сөздер мен сөз тіркестерін және бүтіндей қыстырма сөйлемді *(«сөз жоқ»)* қамтыған сөйлемдер орыс тіліндегі синтаксистік үлгі бойынша құралған.

Тілдің бір тілден екінші тілге енуге өте-мөте икемді элементі — лексикалық элементтер (сөздер). Бұл мәселе жайында «Кірме сөздер» атты параграфты қараңыз.

§6. ӘР ТҮРЛІ ТАРИХИ ДӘУІРЛЕРДЕ ТІЛДЕР МЕН ДИАЛЕКТІЛЕРДІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдар ру болып біріккен. Рулық құрылыста өндіріс құралдарына қоғамдық меншік болды. Алғашында ру адамдардың шағын тобын қамтыған. «Ру мүшелері біріне-бірі жәрдемдесіп, бірін-бірі қорғап отыруға міндетті, әсіресе бөтен адам қорласа, соның кегін алуға көмектесіп отыруға міндетті болды»[1]. Өлгендердің мүлкі ру ішінде қалдырылған. Рудың бірлесе пайдаланатын жері және өліктерді жерлейтін ортақ жерлеу орны болған. Рулардың даму барысында адамдардың тайпалық бірлестігі пайда болады. «Ру ішінде некелесуге тыйым салынғаннан кейін әрбір тайпа өз алдына дербес өмір сүру үшін кемінде екі руды қамтуға мәжбүр болды. Тайпаның өсе түсуімен әрбір ру, өз ретінде, екі немесе одан да көп руға бөлінді; бұлар енді өзіне дербес руларға айналды, ал... ең алғашқы ру фратрия ретінде өмір сүріп келеді»[2]. «Бірнеше рудан бір фратрия құралатыны сияқты, ру құрылысының нағыз жетілген формасында бірнеше фратриядан бір тайпа құрылады»[3].

Ф. Энгельс Америкадағы дакота деп аталатын тайпаның бес тайпаға бөлінгендігі және олардың кәсібі, саны, тілі жайында былай деп жазды: «Миссисипидің батыс жағындағы өздерінің мекендеген жерінен шығып,— мұнда олар дакота деген үлкен бір туысқандас топтың бір тармағы болған болу керек,— ұзақ кезудің соңынан олар: сенека, кайюга, онондага, онейда және могавиклер деген бес тайпаға бөлініп, осы күнгі Нью-Йорк штатында қоныстанды. Олардың істейтін кәсібі балық, аң аулау және жабайы огород салу болды; көбіне шарбақ қадалармен қоршалған деревняларда тұрды. Олардың саны ешқашан да 20 000 адамнан артпаған; барлық бес тайпада бірнеше ұқсас рулар болды; олар бір тілдегі ұқсас диалектімен сөйледі және бес тайпа өз ара бөлісіп алған тұтас бір жерді мекендеді»[1].

Тайпаның ішіндегі адамдардың сан жағынан көбеюі, олардың кең территорияға таралуы тайпаның бөлінуіне және, осыған орай, тілде айырмашылықтардың жасалуына әсер етпей қала алмайды. Шығу тегі жағынан да, тілі жағынан да алғашқы бір тұтас тайпадан өзіне тән диалектісі бар екі немесе бірнеше тайпалар құралады. Бұл процесті Ф. Энгельс бөліну арқылы жаңа тайпалар мен жаңа диалектілердің жасалуы»[2] деп айқындайды. «Бөлінудің әрқашанғы тенденциясы рулық ұйымның элементтерінде орын тепті; ол — тілде айырмашылықтар болу тенденциясымен күшейді. Олардың (яғни тағы және варварлық тайпалардың) қоғамдық жағдайында және *орын теуіп отырған территориясының кең көлемді* болған жағдайында бұл тенденцияның болуы сөзсіз еді. *Ауызекі тіл өзінің лексикалық құрамы жағынан тамаша тұрақты* болғанмен және өзінің *грамматикалық формалары жағынан* одан да гөрі тұрақты болғанмен, *ол өзгеріссіз қала алмайды. Локальды ыдыраушылық* — кеңістікте уақыт озған сайын *тілде айырмашылықтардың тууына* әкелді; бұл мүдделердің оңашалануына және толық дербестікке әкеп тіреді»[3].

Солтүстік-американ индеец тайпалары және олардың тілдері жайында Ф. Энгельс былай деп жазды: «Солтүстік-американ индеецтерінің мысалынан біз мыналарды көреміз; алғашында тұтас бір тайпа бірте-бірте ұлан байтақ материкке тарап отыр; тайпалар бөліне-бөліне келіп, халықтарға, толып жатқан тайпа топтарына айналып отыр, тілдердің бір-біріне түсініксіз болғаны былай тұрсын, сонымен қатар алғашқы тіл бірлігі дегеннің жұрнағы да қалмай тілдер өзгеріп отыр»[4].

Ф. Энгельс ежелгі Грециядағы рулық құрылысқа талдау жасай келіп, тайпалық диалектілердің тағдыры басқаша болғандығын айтады: «Түрліше диалектілердің жасалуы Американың кең байтақ ормандарындағыға қарағанда, біршама азғана территорияға тығыз қоныстанған гректерде әлде қайда кем дамыды; алайда біз бұл арада да тек негізгі бір тілде сөйлейтін тайпалардың ғана неғұрлым бір бүтіндікке біріккенін көріп отырмыз, тіпті кішкене Аттиканың өзінде де ерекше диалектінің бар екенін кездестіреміз, бұл диалект кейіннен бүкіл грек прозасы үшін ортақ тіл ретінде үстем болып алды»[5].

Қоғамның туыстас тайпаларға бөлінуінен шығу тегі бір тайпа диалектілері жасалды. «Диалект жағынан ғана айырмашы-

[1] *Ф. Энгельс.* Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Алматы, 1967, 99-бет.
[2] Бұл да сонда, 99-бет.
[3] Бұл да сонда, 102-бет.

[1] *Ф. Энгельс.* Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы, 104-бет.
[2] Бұл да сонда, 104-бет.
[3] Архив Маркса и Энгельса, IX, 1961, стр. 79.
[4] *Ф. Энгельс.* Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы, 110—111-беттер.
[5] *Ф. Энгельс.* Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы, 118-бет.

лығы бар ортақ тілдің болуы — бұлардың бәрінің де бір тектен таралғандығының көрінісі және дәлелі болды»[1].

Рулық құрылыс ыдырап, таптық қоғам және мемлекет пайда болған кезде, қоғам бұрынғыдай тайпаға емес, территорияға қарай бөлінетін болды. «Енді азаматтардың ру одақтарына қатыстығының шешуші маңызы болған жоқ, тек түпкілікті тұрғын жерінің ғана шешуші маңызы болды; халықты бөлмей, территорияны бөлетін болды; саясат жағынан халық жай ғана территорияның шылауына айналды»[2].

Бұл дәуірде туыстас тайпалар одақ болып бірігеді. Туыстас тайпалардың одағынан немесе бірнеше одақтың бірігуінен халықтар құрылып, соған сай біртіндеп халықтардың тілдері жасалып қалыптаса бастайды.

Адамдар коллективінің нығаюы, мемлекеттердің құрылуы, адамдар коллективінің қалалардың айналасына топталуы олардың белгілі бір территорияға топталуына әкеледі. Енді бұрынғыдай тайпалық диалектілер емес, оның орнына территориялық диалектілер пайда болады.

Феодализм заманында әр түрлі феодалдық жерлерге қарасты жергілікті одақтар жасалады. Бұл дәуір туралы В. И. Ленин былай деп жазды: «Егер арғы заманғы Русь елінің рушылық тұрмысы туралы сөз қылсақ,— орта ғасырлардың өзінде-ақ Москва патшалығы тұсында, бұл ру байланыстары болған жоқ, яғни мемлекет мүлдем ру одақтарына емес, жергілікті одақтарға негізделді: помещиктер мен монастырьлар өздеріне шаруаларды әр жақтан алып отырды, сөйтіп, осы жолмен құралған қауымдар нағыз территориялық одақтар болды. Бірақ сөзді шын мағынасында алатын болсақ, ол кезде ұлт байланыстары туралы айта қою екіталай: мемлекет бөлек-бөлек «жерлерге» бөлінді, кей жерлерде тіпті бұрынғы автономияның нақтылы ізін, басқару ісіндегі ерекшеліктерін сақтап қалған, қайсыбір уақыттарда өзінің бөлек әскері (жергілікті боярлар соғысқа өз полктерімен шығып отырды) бар, ерекше межелі шекаралары т. с. бар князьдықтарға бөлінді»[3].

Феодализм дәуірінде феодалдық жерлердің арасында шекара болып тұрған жағдайда, бір жағынан, олардың әрқайсысында диалектілердің оқшаулану процесі болып жатса, екінші жағынан, әрбір феодалдық жердің ішінде бұрынғы тайпа диалектілерінің бірігу процесі болып жатады.

Феодализм заманында жергілікті диалектілерімен сипатталатын, бірақ бір тұтас тілі бар халық қалыптасады. Капиталистік дәуірге дейінгі кейбір елдерде қолданылған кітаби-әдеби тілдің мынадай айрықша ерекшелігі болды: кітаби-әдеби тілді адамдардың азғана тобы меңгерді, өйткені ол сол халықтың

[1] Бұл да сонда, 119—120-беттер.
[2] Бұл да сонда, 136-бет.
[3] *В. И. Ленин.* Шығармалар, қазақша басылуы, I-том, 154-бет.

жалпы халықтық тілінің негізінде емес, басқа тілдің негізінде құралды. Мысалы, орта ғасырдағы Батыс Европаның жазбаша әдеби тілі латын тілі (халықтық латын тілі емес, классикалық латын тілі) болды. Латын тілі Батыс Европаның халықтарына, әсіресе немістерге, поляктарға, мүлде бөтен тіл болатын. Таяу Шығыстың кейбір елдерінде қолданылған кітаби-әдеби тіл — араб тілі де сол халықтарға бөтен тіл болатын[1]. Мұндай кітаби-әдеби тілдер діннің, сот орындарының, ғылыми және философиялық трактаттардың т. б. қажеттілігін өтеді, солардың тілі болды. Алайда кітаби-әдеби тіл өмір сүре бере алмады, оны халық тілінің белгілі бір диалектісінің негізінде жасалған әдеби тіл ығыстырып шығарды.

Феодализмнен капитализмге көшудің нәтижесінде ұлттар пайда болды. В. И. Ленин «Ұлт — қоғамдық дамудың буржуазиялық заманының болмай қоймайтын жемісі және болмай қоймайтын формасы»[2] дейді.

Капитализм дәуірінде бұрынғы феодалдық бытыраңқылық жойылады; бұрынғы феодалдық облыстар, князьдықтар экономикалық және саяси жағынан концентрацияланып, бір тұтас болып бірігеді.

«Капитализмнің феодализмді түпкілікті жеңіп шығу заманы бүкіл дүние жүзінде ұлт қозғалыстарымен байланысты болған болатын. Бұл қозғалыстардың экономикалық негізі мынада: товарлы өндірістің толық жеңуі үшін буржуазияның ішкі рынокты қолына қаратып алуы керек, бір тілде сөйлейтін халқы бар территорияларды мемлекет етіп біріктіруі керек, сонымен қатар бұл тілдің дамуына және оның әдебиетте берік орнығуына бөгет болатын кедергілердің бәрін жоғалту керек»[3].

Сонымен, капитализм пайда болған кезде халықтар ұлтқа айналады да, халық тілі ұлттық тілге айналады. Ұлттық тілдің құралып пайда болуы — ұлттың жасалып пайда болуымен байланысты.

Ұлттық тілге тән белгілер қайсылар. Ол немен сипатталады?

Ұлттық тіл өнеркәсіп пен техниканың, ғылым мен мәдениеттің және қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласын қамтып көрсететін бай лексикамен, қалыптасқан жазу жүйесімен және әр түрлі стильдік тармақтармен (көркем сөз стилі, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, ресми іс-қағаз стилі және т. б.) сипатталады[4].

[1] *А. Н. Болдырев.* Некоторые вопросы становления и развития письменных языков в условиях феодального общества.—«Вопросы языкознания», 1956, № 4, стр. 31. А. А. Реформатский. Введение в языкознание», 1960, стр. 405.
[2] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 21-том, қазақшасы, 61-бет.
[3] *В. И. Ленин.* Шығармалар, 20-том, 408-бет.
[4] *К. Х. Ханазаров.* Сближение нации и национальные языки в СССР. Ташкент, 1963, стр. 35.

Ұлт — тарихи категория, ол капитализм дәуірінің жемісі, ал ұлт тілінің пайда болуы ұлттың пайда болып қалыптасуымен байланысты дедік. Башқұрт, қазақ, қырғыз және т. б. халықтар Қазан революциясына дейінгі дәуірде ұлт болып қалыптаса алмады. Олар қоғам дамуының капиталистік сатысына соқпай, Ұлы Қазан революциясының жеңісінің арқасында қоғам дамуының социалистік жолына түсті. Кеңес дәуірінде башқұрт, қазақ, қырғыз және т. б. халықтар ұлттарға айналып, олардың тілдері де ұлттық тілдер болып қалыптасты. Біздің елімізде социализм дәуірі — ұлт тілдерінің көркею дәуірі болды. Қазан революциясының жеңісі, Кеңес өкіметінің орнауы еліміздегі халықтарды мешеуліктен құтқарды, бақытты тұрмысқа жеткізді. Кеңес дәуірінде еліміздегі халықтар мен ұлттар экономика саласында да, ғылым мен техника саласында да, әдебиет пен мәдениет саласында да зор табыстарға ие болды. Кеңес өкіметінің алғашқы күндерінен бастап халыққа білім беру жұмысына айрықша назар аударылды. Бұрын жазу-сызуы болмаған халықтардың алфавиттері жасалды, орфография мен терминологияны, оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда көптеген жұмыстар жүргізілді. Әрбір адамның мектепте өз ана тілінде білім алуына толық мүмкіндік жасалды.

Кеңес Одағындағы халықтардың тілдерінде көптеген газет-журналдардың шығуы, жазба әдебиеттің дамуы, оқулықтар мен оқу құралдарының жасалуы, ғылыми-техникалық әдебиеттердің жазылып жарық көруі, театрлардың құрылуы, ана тілінде радио хабарларының берілуі — осының бәрі еліміздегі халықтардың тілдерінің қолданылу өрісінің кеңеюіне, оның барлық жақтан дамуына әкелді. Кеңес дәуірінде еліміздегі сан алуан тілдердің әрқайсысының сөздік құрамы туынды жаңа сөздермен, ғылыми-техникалық терминдермен, орыс тілінен енген көптеген сөздермен толығып байыды, грамматикалық құрылысы жетіліп дамыды, тілдердің әдеби нормалары белгіленді. Әдеби тілдің әр түрлі стильдік тармақтары жасалып қалыптасуда.

Ұлт тіліне және оның әдеби түріне белгілі бір диалект негіз болып қалануы мүмкін. Мысалы, орыстың ұлттық әдеби тілі Москва диалектісінің, француздың ұлттық әдеби тілі Париж диалектісінің негізінде жасалса, ағылшынның ұлттық әдеби тілі Лондон диалектісінің негізінде жасалған. Ташкент-Фергана говорларының тобы өзбек әдеби тіліне негіз болған.

Ұлттық тілге арқау болған негізгі диалект ұлттық тілді қалыптастыруда жазба әдебиет арқылы жетекші қызмет атқара алады. Ондай диалект әдеби өңделген формада әдеби тілге негіз болып қаланады. Ал басқа диалектілер белгілі дәрежеде өзінің тұрақтылығын сақтағанмен, уақыт озған сайын оған әдеби тіл күшті әсер етеді, ақыр аяғында ұлттық тілдегі диалектілер өзінің ерекшеліктерін жояды. Бүкіл халық әдеби тілде сөйлейтін болады. Бұл процесс (диалектілердің біртіндеп жойылу процесі), әрине, тез арада бола қоймайды, мұның өзі бірсыпыра уақытты керек етеді.

Жергілікті диалектілерді тіл білімінің арнаулы бір саласы диалектология зерттейді. Диалектілерді зерттеудің тіл тарихын, оның тарихи даму жолдарын, қазіргі тілдегі сөздердің ертеректегі дыбысталуы мен формаларын танып білуде үлкен мәні бар.

Диалектілік ерекшеліктер тілдің лексика мен фонетика саласында және грамматика саласында да болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде *бақан* деудің орнына *айыр; төмен, нашар, кем* деудің орнына *пәс* (бұлар лексикалық диалектілер); *мысық, бейнет, шылғи* деудің орнына *мышық, пейнет, шіли* (бұлар фонетикалық диалектілер); *сынғалы тұр, барғым келмейді* деудің орнына *сынуға тұр, барғым жоқ* (бұлар грамматикалық диалектілер) деп айтылады.

Ал әдеби тілде мұндай ала-құлалықтар болмайды. *Әдеби тіл — сол тілде сөйлеуші адамдардың барлығына бірдей ортақ, барлығына бірдей түсінікті; лексикалық жақтан да, фонетикалық жақтан да, грамматикалық жақтан да бірыңғай, біркелкі нормасы бар, өңделіп сұрыпталған, баспасөзде қалыптасып орныққан тіл.* Әдеби тіл дамыған сайын, оның нормасын сол тілдің иесі — бүкіл халық баспасөз арқылы, оқыту ісі арқылы меңгерген сайын, диалектілік айырмашылықтар азайып, жойыла бастайды.

Кеңес дәуірінде еліміздегі халықтар мен ұлттардың әрқайсысының тілінің лексикасы саяси және ғылыми-техникалық терминдермен толығып байыды, грамматикалық құрылысы жетіліп, стильдік тармақтары саралана түсті. Еліміздегі халықтар мен ұлттардың тіліне марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары мен орыс әдебиетінің классиктері және дүние жүзілік әдебиет классиктерінің шығармаларының аударылуы — кеңес дәуірінде ол тілдердің жан-жақты дамығандығын көрсетеді. Кеңес дәуірінде біздің еліміздегі әрбір тіл арнайы ғылымның зерттеу объектісіне айналып, олардың әрқайсысының орфографиясы мен терминологиясы, әр түрлі сөздіктері мен грамматикалары жасалды.

Ескерту. Техникалық себептерге байланысты IX тараудан бастап бірнеше кесте алынып тасталды және аздаған қысқартулар енгізілді.

IX тарау

ТІЛДЕРДІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

§1. ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА КЛАССИФИКАЦИЯ ЖАСАУ ТУРАЛЫ

Дүние жүзінде үш мың шамасында тіл бар деп есептелінеді. Дүние жүзіндегі тілдердің санын дәлме-дәл көрсетудің қиындығы мынада: кейбір елдердегі тілдер мен диалектілер жеткілікті дәрежеде зерттелінбеген. Осылай болғандықтан, олардың ішінен қайсылары дербес тілдер екендігін, қайсылары бір тілдің диалектілері екендігін қазірде дөп басып айту мүмкін бола бермейді. Демек, дүние жүзі тілдерінің дәл саны олардың күллісі түгел қамтылып, жан-жақты зерттелінгенде ғана, айқындалмақ. Дүние жүзі тілдерінің ішінде тайпа тілдері де (мысалы, Африкадағы кейбір тілдер, Америка индеецтерінің тілдері және т. б.), халық тілдері де, ұлт тілдері де бар. Дүние жүзі тілдерінің ішінен орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі, қытай тілі, араб тілі және испан тілі халық аралық тілдер болып саналады. Бұл тілдерде халық аралық ұйымдардың, мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының, Бейбітшілікті қорғау комитетінің және т. б. материалдары жарияланып отырады. Орыс тілі халық аралық тіл болумен бірге, біздің еліміздегі халықтардың бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын ұлт аралық тілі болып та табылады.

Тіл білімінде дүние жүзіндегі тілдер екі түрлі тұрғыдан: 1) тілдік материалдың (түбірлер мен аффикстердің және сөздердің) бірлігі, яғни шығу тегінің бірлігі тұрғысынан, 2) шығу тегіне байланыстырылмай, құрылысы мен типінің, ең алдымен, грамматикалық құрылысының, ыңғайластығы, ұқсастығы тұрғысынан топтастырылады. Топтастырудың бірінші түрі тілдердің *генеалогиялық классификациясы* делініп, екінші түрі тілдердің *типологиялық* (немесе *морфологиялық*) *классификациясы* делініп аталады. Енді осы топтастырулардың әрқайсысына арнайы тоқталайық.

ТІЛДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ МЕТОДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

§2. ТІЛДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ МЕТОДЫ

Тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудің барысында XIX ғасырдың басында салыстырмалы-тарихи тіл білімі пайда болды. Лингвистер XIX ғасырға дейін де әр түрлі тілдер-

дің белгілі бір ұқсастығына, бірлігіне назар аударды, бірақ олар сәйкестілік пен айырмашылықтарды айқындаудың жолдарын, салыстыра зерттеудің тәсілдері мен мақсатын көрсете алмады. Кейбір тілдердің арасындағы ұқсастық пен бірліктің (общность) растала беруі және көптеген материалдармен дәлелденуі бұл құбылыстың тегіннен-тегін емес екенін аңғартады да, лингвистер ондай тілдердің шығу тегінің бір екендігін айқындай бастайды. Әр түрлі тілдерді зерттеудің барысында олардың өз ара ортақ белгілері лексика саласынан ғана емес, сонымен бірге грамматика саласынан да табылып, айқындала береді. Ақырында, зерттеу жұмыстары ағылшын, грек, неміс, және т. б. тілдердің неғұрлым ертеректегі қалпына, ерекшеліктеріне үңілген сайын, олардың ортақ белгілері мен бір тектестігі солғұрлым анық айқын соғұрлым мол аңғарылатындығын көрсетті. Осыдан тілдердің бір тектестігін айқындаудың, оларды салыстыра және тарихи тұрғыдан зерттеудің қажеттілігі келіп туды. Орайынша, тілдерді зерттеудің салыстырмалы-тарихи методы да осылай пайда болды. Бұл метод туыстас тілдердегі материалдарды өз ара бір-бірімен салыстыра зерттеуге негізделгендіктен салыстырмалы деп аталады да, тілдегі құбылыстарды олардың өзгеруі, тарихи дамуы тұрғысынан қарастыратындықтан тарихи деп аталады.

Әр түрлі тілдердің өз ара бір-бірімен туыстастығы, туыстас тілдердің топтары дүние жүзіндегі тілдерді тарихи және салыстыра зерттеудің нәтижесінде, салыстырмалы-тарихи методты пайдалана білудің арқасында ғана айқындалды. Атап айтқанда, роман тілдері, герман тілдері, иран тілдері, түркі тілдері, финугор тілдері деп топтастыру және дүние жүзіндегі басқа да тілдерді әр түрлі топтарға бөліп жіктеу салыстыра зерттеудің нәтижесінде ғана іске асты.

Туыстас тілдер тобының немесе семьясының құралып дамуының көптеген замандар бойына созылған ұзақ тарихы бар. Ең алғашқы тіл бірлігінен, негіз тілден (язык основа) болашақ дербес тілдер біртіндеп бөліне бастайды.

Бүтіндей алғанда, негіз тілден туыстас диалектілер тобының бөлініп шығу процесі өте күрделі және әр қилы болады. Болашақ дербес туыстас тілдер тобының біртіндеп бөлініп шығуы және құралып жасалуы негіз тілдің диалектілерімен сөйлеген тайпалардың тарихымен, кейінірек халықтардың тарихымен байланысты болды. Талай замандар бойы жеке тілдер жасалып, орайынша, олардың өздері туыстас тілдердің топтарына ұйытқы, негіз тілдер болып қаланады. Мұның өзі баяу болатын және ұзаққа созылатын процесс. Негіз тілдің әр түрлі диалектілері өз алдына дербес тіл болып құралғанға дейін, өз ара бір-бірімен сан алуан қатынасқа түскен. Диалектілердің кейбіреулері бөлініп жатса, қайсыбіреулері қосылып, бірігіп кеткен. Туыстас тілдер тобының немесе семьясының, құралу процесінде тілдердің

дифференциясы (бір-бірінен ажырауы) айрықша қызмет атқарады. Мұнымен бірге, туыстас тілдер тобының жасалу процесінде бір-бірінен бөлініп ажыраған, бірақ құрылысы жағынан өз ара жақын тілдердің бір-біріне әсер етуінің нәтижесінде олардың өз ара жақындасуы, интеграция процесінің пайда болуы мүмкін.

Сонымен туыстас тілдер семьясының құрылу процесі өте күрделі болды және ол көптеген дәуірді қамтып, ұзаққа созылды. Туыстас тілдер семьясының құрылу барысында бір топқа енетін тілдер алуан түрлі процесті — дифференция процесін де, интеграция процесін де, тоғысу процесін де басынан өткізді. Қорыта айтқанда, ғасырлар бойында тарихи дамудың барысында туыстас тілдердің тобы құралып, орайынша ол топ өзі өз ішінде бірнеше кіші топтарға бөлініп отырды. Мысалы, славян тілдері индоевропа тілдері семьясының бір тобы бола отырып, өз ішінде үш топқа — шығыс славян тілдерінің тобы, батыс славян тілдерінің тобы және оңтүстік славян тілдерінің тобына бөлінеді. Шығыс, батыс және оңтүстік славян тілдерінің топтарының үшеуі де бір ғана негіз тіл — праславян тіліне барып тіреледі. Праславян тілі біздің заманымыздан көптеген дәуір бұрын индоевропа негіз тілден бөлініп шығады. Праславян тілінің өмір сүруінің ұзақ тарихы бар. Біздің заманымыздың VIII—IX ғасырларында праславян тілінің негізінде жасалып және сонан тараған славян тілдері даралана бастайды. Ол тілдер — ежелгі орыс тілі (древнерусский), ежелгі серб тілі, ежелгі поляк тілі, ежелгі чех тілі, ежелгі болгар тілі еді. Сонымен, бір бүтін праславян тілінен қазіргі әр түрлі славян тілдері шығып жасалады да, орайынша ежелгі орыс тілінен өз ара туыстас үш шығыс славян тілі — орыс, украин, белорус тілдері — тарады.

Салыстырмалы-тарихи метод туыс тілдердің деректерін салыстыра келіп, ол тілдердегі ортақ, бір тектес элементтерді, ондай бірліктің шығу негізін және ортақ формалар мен грамматикалық категориялардың ары қарай дамуы мен өзгеру ерекшеліктерін айқындауды көздейді. Сонымен, тілдердің генеалогиялық (шығу тегі) бірлігі (генеалогическая общность), генеалогиялық байланысы салыстырмалы-тарихи методтың қарастыратын негізгі объектісі болып саналады...

1. Ең алдымен салыстырмалы-тарихи метод тілдердің адам баласы тілінің шығу процесінен бастап түрлі-түрлі болу фактісіне, яғни сол кездің өзінде әр түрлі тілдердің өзіне сай әр түрлі сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысының жасалу фактісіне негізделеді. Демек, салыстырмалы-тарихи метод ең алғаш жасалынған көптеген тілдерде белгілі бір зат немесе құбылыс әр түрлі лексикалық атаулармен (сөздермен) аталғанын, біркелкі грамматикалық категориялардың түрлі-түрлі формаға ие болып, әр түрлі грамматикалық тәсілдермен берілгенін негіз етіп, соған сүйенеді. Адам баласы тілінің пайда болу барысында әрбір жеке тілде оның өзіне тән сөздері мен грамматикалық формалары жасалған. Дыбыс тіркестері (сөздер) мен ол арқылы белгіленетін заттың арасында барлық тілдер үшін ортақ ешқандай байланыс болмайды. Әрбір тілде дыбыс тіркесі (сөз) белгілі затқа немесе құбылысқа атау ретінде бекітіледі, бірақ бұл дыбыс тіркесі ол заттың не құбылыстың жаратылысын да, қасиеті мен сапасын да көрсете алмайды, оның олармен ешқандай етене байланысы жоқ. Егер мұндай байланыс болса, онда дүние жүзіндегі сан алуан тілдерде белгілі бір зат немесе құбылыс бір ғана дыбыстық комплекспен аталып, ешқандай лексикалық айырмашылық та болмаған болар еді. Мысалы, *үй* деген сөз бен ол арқылы белгіленетін заттың арасында ешқандай табиғи байланыс жоқ. Міне, сондықтан да ол (баспана) әр түрлі тілдерде түрлі-түрлі дыбыстық комплекспен (сөзбен), мысалы, орыс тілінде *дом,* неміс тілінде *Наис* деп аталады. Зат пен оның атауының (сөздің) арасындағы байланысты тарихи байланыс, соның өзінде шартты байланыс қана деп түсінген мақұл.

2. Тілдердің туыстас тілдер деп саналуы үшін, ең алдымен, олардың лексикасында мағыналар жағынан біркелкі немесе өз ара ұқсас, дыбысталуы жағынан да бір-біріне жақын көптеген сөздердің болуы шарт. Мұндайда туыстас тілдердің лексикасындағы сөздердің барлығы бірдей емес, олардың сөздік қорындағы байырғы төл сөздер еске алынады.

Мысалы, қазақ тіліндегі *ауыр,* өзбек тіліндегі *оғыр,* қырғыз тіліндегі *оор,* тува, хақас тілдеріндегі *аар,* түрікмен тіліндегі *ағыр,* алтай тілінде *уур,* башқұрт тіліндегі *ауыр,* татар тіліндегі *авыр,* деген сөздердің мағына жағынан бірдей, дыбысталуы жағынан ұқсас болып келуі бұл сөздердің бір бұлақтан (негізден) шыққандығын көрсетеді.

Түркі тілдеріндегі мына сөздердің де бір негізден шыққаны күмәнсіз: қазақша — *ауыз,* қырғызша — *ооз,* өзбекше — *оғиз,* туваша және хақасша — *аас,* татарша — *авыз,* түрікменше — *ағыз,* алтайша — *оос,* қазақша — *сөйле,* қырғызша — *сүйлөө,* өзбекше — *суйла,* туваша — *сөгле,* татарша — *сөйлә,* хақасша — *соле,* түрікменше — *сөзле,* алтайша — *сөстә,* башқұртша — *һөйле* т. б.

Туыстас тілдердің барлығына бірдей ортақ сөздердің қатарына адамдардың өз ара туыстық қатынасын білдіретін сөздер, адамның дене мүшесінің аттары, жыл мезгілдері мен тәулік бөлегінің аттары, табиғат құбылыстарының аттары, адамдардың күн көрісіне, қоғамдық еңбегіне байланысты іс-әрекет атаулары, еңбек құралдарының аттары, есімдіктер, заттардың негізгі сансапа атаулары және т. б. енеді.

Лексикалық жақындық пен ұқсастықты славян тілдері мен түркі тілдерінің әрқайсысының тобынан келтірілген төмендегі мысалдардан айқын аңғаруға болады.

Туыстық қатынас пен семьядағы адамдардың арақатысын білдіретін сөздер түркі тілдерінің барлығына бірдей ортақ бол-

ғанмен, бірінен-бірінің аздаған айырмашылықтары да жоқ емес. Мысалы, *іні* деген ұғымның тува тіліндегі атауы басқаша. Ұл деген сөздің түрлі варианттарының ішіндегі көнесі өзбек тілі мен түрікмен тілінде (*оғул, оғыл*) сақталған.

Мұндай жақындық анатомиялық атауларда да жиі ұшырасады.

Славян тілдерінің деректерін салыстырудан мынадай ерекшелік байқалады: болгар тілінде *нога* («аяқ») дегеннің орнына *крак* деген сөз қолданылады. Болгар тіліндегі бұл сөз *(крак) чех* тіліндегі — *крок* («шаг»— «адым») серб тіліндегі — *крак* («длинная нога»—«ұзын (аяқ) сирақ» деген мағынада) деген сөздермен түбірлес, туыстас деп сааналады.

Ал түркі тілдерінің деректерінен мынадай ерекшелікті байқаймыз: тува тілінде *аяқ* деген сөздің мағынасы *бут* деген сөз арқылы беріледі. Бұл ерекшелік тек тува тілінде ғана емес, сонымен бірге басқа да түркі тілдерінде, мысалы, қырғыз, алтай, ұйғыр тілдерінде де бар. Ал әзірбайжан тілінде *тұяқ* деген сөздің орнына *дырнаг* сөзі (басқа түркі тілдеріндегі —«тырнақ» дегенмен де мәндес) қолданылады. Басқа түркі тілдеріндегі жақ («щека») дегеннің мағынасын өзбек тілінде *лунж, чакак* деген сөздер білдіреді.

Мысалға келтірілген сөздердің топтарында ағаш пен таудың атына қатысты оңтүстік славян тілдерінде (болгар мен серб тілінде) ауытқушылық бар. Оларда *ағаш («лес»)* дегеннің ұғымы *гора* деген сөзбен аталса, *тау («гора»)* дегеннің ұғымы *планина* деген сөзбен аталады.

Түркі тілдерінде *жауын* мағынасындағы сөз *иағ* деген түбірге әр түрлі аффикстердің жалғануынан жасалып, түрлі-түрлі вариантта қолданылады. *Иағ* деген түбірге ***-ыш*** аффиксі жалғану арқылы бұл сөз *яғыш* (йағыш) түрінде, ***-мыр (-быр)*** аффиксі жалғану арқылы *йаңмыр, яңғыр, ёмғыр, ямгур, жаңбыр түрінде, -ың* аффиксі жалғану арқылы *жауын* түрінде қолданыла береді. *Теңіз* деген сөз басқа түркі тілдеріне қарағанда, тува тілі мен хақас тілінде мүлдем басқаша. Тува мен хақас тілдеріндегі *теңіз* ұғымының аты монғол тіліндегі атаумен бірдей; онда да бұл сөз *далай* түрінде дыбысталады. *Теңіз* деген ұғым алтай тілі мен шор тілінде де *талай* деген сөзбен аталады екен. Монғол тілінде бұл ұғым екі сөзбен аталады: оның бірі — *далай*, екіншісі — *тэнгэс*. Тува, хакас, алтай, шор тілдеріндегі атаудың монғол тіліндегі атаумен (далай) негізі бір, түбірлес екені байқалады. *Бұтақ* деген ұғымның атауы түркі тілдерінің көпшілігінде бірдей немесе ұқсас, ал хақас тілінде басқаша *(салаа)*. Хақас тіліндегі «бұтақ» мағынасындағы сөздің *(салаа)* дыбысталуы хақас және т. б. түркі тілдеріндегі *қолдың саласы* дегендегі *сала* сөзімен бірдей. Ал *жапырақ* болса, ол тува және хақас тілдерінде *бур* деген сөздің түрлі варианттарымен аталады. Әзірбайжан тілінде *масақ* деген ұғым жалпы түркілік (общетюркское) *ба-*

шақ дегенмен аталмай, араб тілінен енген *сүмбүле* деген сөздің фонетикалық өзгеріске түскен түрімен (сүнбүл) аталған.

Сөздердің бұл топтарынан мынандай ерекшелік байқалады: *күз* деген ұғым чех тілінде басқа славян тілдерінен бөлек — *podzim* («перед зимой»—«қыстан бұрын», «қыстың алдында») деген сөзбен аталған. Чех тілінде *көктем* дегенді атау үшін орыс тіліндегі *ярка* (овца), *яровое, яркий* деген сөздермен түбірлес (туыстас) *iaro* деген сөз қолданылады. Ал болгар тілі мен серб тілінде *весна* («көктем») дегеннің орнына «жаздың алды» («перед летом») деген мағынаны білдіретін *пролет, пролеће* деген сөздер қолданылады. Атаудағы мұндай айырмашылықтардың себебі сол, ертедегі славяндар көктемнің әр мезгілін түрліше (весна, яро, пролет) атаған да, кейіннен славян тілдерінің әрқайсысында сол атаулардың белгілі біреуі сақталып қалған. Батыс славян тілдерінде және украин мен белорус тілінде «таңертең» («утро») дегенді атау үшін, «ерте» деген мағынаны білдіретін сөздер (ранок, раніця, гапо) қолданылады.

Түркі тілдерінде де жыл мезгілдері мен тәуліктің әр кезінің аттары бір-біріне ұқсас келеді. Мысалы: қазақша — *жаз*, өзбекше — *ёз*, қырғызша — *жай*, туваша — *чай*, башқұртша — *йәй*, татарша — *жәй*; қазақша, қырғызша — *күз*, өзбекше — *куз*, туваша — *күс*, түрікменше — *гүйз*, башқұртша, татарша — *көз*, қазақша — *қыс*, хақасша — *хыс*, өзбекше — *қиш*, түрікменше — *гыш*, ал қырғыз, тува, алтай, башқұрт, татар тілдерінде — *қыш*; қазақша, қырғызша — *күн*, өзбекше — *кун*, туваша — *хүн*, түрікменше — *гүн*, башқұртша, татарша — *көн*; қазақша — *кеш*, өзбекше, қырғызша — *кеч*, туваша — *кежээ*, башқұртша — *кис*, татарша — *кич* т. б.

Тілдердің туыстық байланысы бүтіндей бір грамматикалық категориядан, мысалы, сан есімдер жүйесінен де ашық-айқын аңғарылады. Бұл үшін мына мысалдарды салыстырыңыздар:

а) славян тілдерінен мысалдар:

Орысша — *один, два, три, четыре, пять, шесть семь, восемь, девять, десять;*

Полякша — *jeden, dwa, trzy, cztery, piec, szesc, siedem; osiem, dziewies, dziesiec;*

Чехтарша —*ieden, dva, tri, ctyri pet, sest, sedm, osm, devet, deset.*

Болгарша — *един, два, три, четири, пет, шест, седем, осем, девет, десет;*

Сербше — *jeden, два, три, четири, пет, шест седам, осам, девет, десет.*

ә) түркі тілдерінен мысалдар:

Қазақша — *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың;*

Өзбекше — *бир, икки, уч, тўрт, беш, олти, етти, саккиз, тў-*

қиз, ұн, йигирма, ұттиз, қирқ, эллик, олтмиш, етмиш, саксон, тұқсон, юз, минг;

Туваша — *бир, ийи, үш, дөрт, беш, алды, чеди, сес, тос, он чээрби, утен, дөртен, бежен, алдан, чеден, сезен, тозан, чус, муң;*

Хақасша — *пір, үс, төрт, пис, алты, читі, сигіс, тоғыс, он, чибіргі, отыс, хырых, иліг, алтон, читон, сигізон, тоғызон, чус, мунь.*

Сонымен, салыстырмалы-тарихи метод мағынасы жағынан бір тектес, дыбысталуы жағынан ұқсас сөздер тобына, материалдық жағынан туыстас сөздердің мұндай тобының бір негізден шығу мүмкіндігіне негізделеді.

3. Тілдердің өз ара туыстас тілдер деп танылуы үшін ол тілдердің лексикалық жағынан біртектес, өз ара ұқсас болуы, әрине, қажетті және басты шарттардың бірі. Бірақ мұның өзі де жеткіліксіз. Әр түрлі тілдердің бір-бірімен туыстас тілдер деп саналуы үшін, олардың лексикасындағы төл сөздер жағынан ғана емес, мұнымен бірге грамматикалық құрылысы жағынан да жақын, біртектес болып келуі шарт. Мысалы, славян тілдері деп аталатын тілдердің де (орыс, украин, белорус, поляк, чех, болгар тілдері және т. б.) өз ара туыс тілдер екенін, сондай-ақ түркі тілдері деп аталатын тілдердің де (әзербайжан, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек, татар, түрікмен, ұйғыр, шор, хақас, якут тілдері және т. б. бір-біріне жақын, туыстас тілдер екенін олардың грамматикалық құрылысына тән септелу, тәуелдену, көптелу, жіктелу жүйесінен, сөз тудырудың жолдарынан, сөздердің бір-бірімен тіркесу, өз ара байланысу ерекшеліктерінен және т. б. грамматикалық құбылыстардан көруге болады. Тілдердің грамматикалық құрылысы жағынан ұқсастығы мен тектестігі олардың бір негізден шығып таралғандығының және өз ара туыстас тілдер екендігінің басты айғағы болып саналады.

Славян тілдерінің, соның ішінде орыс, поляк, чех, серб тілдерінің, септелу жүйесіндегі жақындық пен біртектестікті Н. А. Кондрашовтың «Славянские языки» деген кітабынан көруге болады.

Септелу жүйесіндегі осындай жақындық пен біртектестілік түркі тілдерінде бар. Бұл ретте *жер* деген сөздің қазақ, тува, хақас, түрікмен, қырғыз тілдерінде септелуін мысалға келтіруге болады:

Түркі тілдеріндегі септік жалғаулары мен жіктік жалғауларының, тәуелдік жалғаулары мен көптік жалғауларының формантарының ұқсастығы, мағыналары мен атқаратын қызметтерінің бірлігі мен біртектестігі, сөз тудырушы аффикстердің ортақ болуы және синтаксистік құбылыстардың бірдей немесе өте жақын болып келуі түркі тілдерінің бір негізден шыққандығын, олардың туыстас, біртектес тілдер екендігін көрсетеді.

Сонымен, тілдердің бір негізден шыққандығына, олардың туыстас тілдер екендігіне айғақ болатындар — ол тілдердегі

мағынасы жағынан бірдей немесе жақын, дыбысталуы жағынан ұқсас көптеген байырғы төл сөздер ғана емес (бұл да әрине басты және маңызды фактор), сонымен бірге грамматикалық құрылыстағы бір текстілік, атап айтқанда, грамматикалық құрылымдағы элементтердің материалдық туыстығы, сөздерді түрлендіретін әр түрлі форманттар (септік жалғаулары, жіктік жалғаулары, көптік жалғаулары т. б.)

Әдетте сөздерді түрлендіретін морфемалар (жалғаулар) бір тілден екінші тілге ауыспайды. Тарих дамудың барысында әр түрлі тілдердің бір-бірімен түрліше қарым-қатынасқа түсуі, мысалы, өз ара бір-біріне әсер етуі немесе тоғысуы мүмкін. Мұндай жағдайда бір тілден екінші тілге сөздер және сөз тудырушы аффикстер енгенмен, сөз түрлендіруші аффикстердің, мысалы, септік немесе жіктік жалғауларының тілден-тілге ауысуы, әдетте, болмайды. Қазақ тілі талай замандар бойы әр түрлі тілдерден, мысалы, орыс тілінен, араб-иран тілдерінен және т. б. тілдерден көптеген сөздерді, сөз тудырушы кейбір аффикстерді қабылдады, бірақ олардың ешқайсысынан да септік, жіктік жалғауларын немесе сөз түрлендіруші басқа бір жалғауды қабылдаған емес. Түрлі тілдермен қарым-қатынаста болған басқа тілдер жайында да осыны айту қажет. Лексикалық элементтер (сөздер) мен сөз тудырушы кейбір аффикстердің (жұрнақтардың) бір тілден екінші тілге енуге икем болып, грамматикалық элементтердің, айталық әр түрлі жалғаулардың, тілден тілге енуге икемсіз болуының не себебі бар және оны немен түсіндіруге болады?

Мұның себебін лексикалық абстракция мен грамматикалық абстракцияны салыстыра отырып, бұл екеуінің бір-бірінен айырмашылығын айқындау арқылы түсіндіруге болады. Сөз де, грамматикалық жалғаулар да абстракцияның нәтижесі, бірақ лексикалық абстракцияның шеңбері грамматикалық абстракцияның шеңберінен тар болады. Сөз — біртектес заттардан, құбылыстардан абстракцияланудың нәтижесі. Мысалы, *көл* деген сөз белгілі бір көлді де, көл атаулының күллісін де білдіреді.

Сөздер біртектес заттардың, құбылыстардың немесе сапа мен белгінің белгілі бір тобымен байланысты болады. Ал грамматикалық категориядағы абстракция лексикалық абстракциядан дәрежесі жағынан әлдеқайда жоғары, көлемі жағынан әлдеқайда кең болады. Сөз нақтылы және жеке заттардан абстракцияланудың нәтижесі болғанмен, қалай да онда заттық қасиеттің (предметность) белгісі болады да, заттар мен құбылыстардың немесе сапа мен белгінің затталған ұғымын (овеществленное понятие) білдіреді. Ал сөздерді түрлендіретін аффикстерде мұндай заттық қасиет болмайды да, олар сөздердің арасындағы қатынастар арқылы заттардың немесе құбылыстардың арасындағы әр түрлі қатынасты білдіреді[1].

---

[1] *Э. В. Агаян.* Введение в языкознание, Ереван, 1960. стр. 22.

Сөздердің арасындағы әр түрлі қатынастарды білдіретін көмекші морфемалар сол тілдің өзінде жеткілікті болады, ол қатынастарды әрбір тіл өзінше білдіре алады.

Славян тобына енетін туыстас тілдердегі септік жалғауларының немесе етістік жалғауларының (немесе жіктелу жүйесінің) өз ара өте-мөте жақындығы олардың бір негізден шыққандығын көрсетсе, түркі тілдеріндегі көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларының бұл тілдерде өте-мөте ұқсастығы олардың (түркі тілдерінің) бір негізден шыққандығын көрсетеді.

Сонымен, тілдердің құрылымында бір тектес грамматикалық элементтердің болуы және бұлардың жүйелі сипат алып қалыптасуы ол тілдердің генетикалық бірлігін, бір негізден шыққандығын дәлелдейді. Сонымен бірге бұл факт салыстырмалы-тарихи методтың сүйенетін басты негізінің бірі болып табылады.

4. Тілдердің туыстастығын айқындауда және олардың тарихи даму жолдарын танып білуде туыстас тілдердегі дыбыстардың сәйкестілігін есепке алудың үлкен мәні бар. Мысалы, қазақ тіліндегі ***ш*** дыбысына қырғыз, өзбек тілдерінде және т. б. түркі тілдерінде ***ш*** дыбысы сәйкес келсе (мысалы: қазақша— *бас* (дене мүшесі), қырғызша — *баш,* өзбекше — *бош),* қырғыз тіліндегі ***ш*** дыбысына қазақ тіліндегі ***с*** дыбысы сәйкес келеді (мысалы: қырғызша — *шаш* («абыржы» деген мағынада), қазақша — *сас).* Қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі сөз басындағы ***ж*** дыбысына *(жол)* өзбек тілінде ***й*** дыбысы *(йол),* алтай тілінде дыбысы *(дел),* қырғыз тілінде ***ж*** дыбысы (джол) сәйкес келеді.

Бір дыбыс туыстас тілдердің әрқайсысында немесе белгілі бір тобында әр түрлі дыбысқа айналып қалыптасады. «Орыс тіліндегі ертедегі мұрын жолды ***о*** барлық жерде ***у*** -ға айналған, сөз басында келетін ежелгі түркілік (древнотюркское) ***S*** башқұр тілінде заңды түрде ***h*** -ға айналған, ертедегі ***p*** герман тілінде заңды түрде ***f*** -ға айналған» (Б. А. Серебренников).

Түркі тілдерінің кейбіреулерінде сөз ішінде немесе сөз соңында ежелгі дыбыстары сақталынған да, қайсыбіреулерінде дыбысына ауысқан. Мысалы: өзбекше — оғиз,— әзірбайжанша және түрікменше — *ағыз,* қазақша және қарақалпақша — *ауыз;* азербайжанша, туваша — *дағ,* өзбекше — *тоғ,* ұйғырша — *тағ,* қазақша — *тау* және т. б. Тіл арты дыбыстарының дыбысына айналуы кейініректе болған.

Сонымен, салыстырмалы-тарихи метод туыстас тілдердің арасындағы дыбыс сәйкестілігін есепке алады.

Туыстас тілдердің тобына енетін әр түрлі тілдердің түрліше дамуы, олардың біреуінде белгілі бір көне форманың сақталып, екіншісінде жоғалуы және зерттеу жұмыстарында бұларды бірбірімен салыстырып, мұндай ерекшеліктердің бәрін есепке алу

тіл тарихын зерттеп, дұрыс қорытындыға келу үшін өте-мөте пайдалы болмақ.

Бір негізден шыққан туыстас тілдердегі ортақ, бір тектес сөздер мен формалар олардың архетиптерін жорамалдап белгілеуге мүмкіндік тудырады. Ал архетиптер дегеніміз — сөздің немесе форманың алғашқы түрінің реконструкцияланууы. Реконструкция тіл тарихына қатысты мәселелерді зерттеп шешу үшін өте-мөте қажет. Салыстырмалы-тарихи метод тілдердің өткен тарихын, олардың даму заңдылықтарын ашып айқындауда маңызды метод болып саналады. Тарихи фонетика мен морфологияны, сондай-ақ тарихи лексикологияны туыстас тілдерді салыстыра зерттеп, салыстырмалы-тарихи методты шебер қолдана білгенде ғана жасауға болады.

Сонымен, тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу өзінің алдына, негізінен алғанда, мынадай міндеттерді қояды: 1) негіз тілден бастап, туыстас тілдердегі ортақ категориялардың даму заңдылықтарын ашып айқындау; 2) бұл дамудың ортақ, жалпы бағытын таба білу; 3) негіз тілдің түпкі құрылымының туыстас тілдердің ары қарай дамуына тигізетін әсерінің сипатын белгілеу; 4) тілдің белгілі бір элементтерін тұрақты, басқа бір элементтерінің өзгеріске бейімділігінің себептері мен жайларын айқындау; 5) әр түрлі туыстас тілдердегі өзгерістердің біркелкі болмауының себептерін белгілеп айқындау.

§3. ТІЛДЕРДІҢ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Тілдердің генеалогиялық классификациясы салыстырмалы-тарихи тіл білімінің деректері мен жетістіктеріне сүйене отырып, дүние жүзіндегі тілдерді олардың шығу тегінің бірлігіне, материалдық туыстастығына (материальное родство) қарай әр түрлі тілдік семьяға, топтарға бөліп топтастырады. Туыстас тілдердің топтарына қатысты «семья» деген термин биологиялық (антропологиялық) ұғымды білдірмейді. Семья деген термин тілге қатысты қолданылғанда, шығу тегі бір, біртектес тілдердің бірнеше топтарының жиынтығы дегенді білдіреді. Түркі тілдері өз ара туыстас тілдер дегеннен, олардың жалпы түркілік (общетюркское) бір негізден шыққандығын аңғарамыз. Роман тілдері (француз, испан, итальян, португал, румын тілдері т. б.) өз ара туыстас тілдер, олар бір негізден (источник) — латын тілінен шыққан. Тіл — биологиялық құбылыс емес, қоғамдық-тарихи құбылыс. Тілдердің туыстастығы туралы ұғымды тарихи және лингвистикалық ұғым деп түсіну ең дұрыс түсінік болмақ.

Тілдердің туыстастығы, өз ара жақындық дәрежесі әр түрлі болады. Туыстас тілдердің кейбіреулері бір-бірімен өз ара өте жақын да болуы мүмкін, қайсыбіреулері бір-бірімен алшағырақ туыстық қатынаста болуы да мүмкін. Мысалы, тілдердің индоевропа семьясына көптеген тілдер, соның ішінде орыс, белорус,

украин, поляк, чех, болгар, неміс, француз, ағылшын, испан, фарсы, итальян, швед және т. б. тілдер енеді. Бұл тілдердің бәрі де туыстас тілдер. Алайда бұлардың бір-біріне жақындығы, олардың грамматикалық құрылысы мен сөздік құрамының және фонетикалық жүйесінің тұтастық (общность) және жақындық дәрежесі біркелкі емес. Индоевропа тілдері өз ішінде славян тілдері, роман тілдері, герман тілдері, индия тілдері, иран тілдері деп аталатын топтарға бөлінеді. Осы топтардың әрқайсысына енетін тілдердің өз ара жақындық, ұқсастық жақтары әр түрлі топтарға енетін тілдердің ұқсастық, жақындық жақтарына қарағанда басым және мол болады. Мысалы, орыс тілі мен фарсы тілінің немесе орыс тілі мен француз тілінің жақындық, ұқсастық жақтарына қарағанда, орыс, украин, белорус тілдерінің өз ара жақындық, ұқсастық жақтары әлдеқайда мол. Аталған топтардың әрқайсысы өз ішінде бірнеше кіші топтарға (подгруппы) бөлінеді. Мысалы, славян тілдері өз ішінде шығыс славян, оңтүстік славян, батыс славян тілдері болып бірнеше топқа бөлінеді. Шығыс славян тобына енетін орыс тілі мен батыс славян тілінің тобына енетін поляк тілінің өз ара ортақ белгілеріне қарағанда, бір ғана кіші топ — батыс славян тобына енетін чех, словак, поляк тілдерінің жақындық жақтары мен өз ара ортақ белгілері көп.

Түркі тілдері де өз ішінде бірнеше топқа бөлінеді. Ол топтардың әрқайсысына енетін тілдердің әр түрлі топтарға қатысты тілдерге қарағанда, өз ара ортақ белгілері мен ұқсас жақтары көбірек болады. Мысалы, қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдері түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай тобы деп аталатын (Н. А. Баскаковтың топтастыруы бойынша) тобына енеді де, әзірбайжан тілі мен түрік тілі оғуз-сельджук тобына енеді. Әр түрлі топтарға енетін қазақ тілі мен әзірбайжан тілінің ортақ белгілері мен ұқсас жақтарына қарағанда, бір ғана топқа енетін қарақалпақ, қазақ, ноғай тілдерінің ортақ белгілері мол.

Сонымен, туыстас тілдердің бір-бірімен арақатысы бірдей болмайды. Туыстас тілдердің ішінде грамматикалық құрылысы мен негізгі сөздің қоры және фонетикалық жүйесі жағынан бірбіріне өте жақын, ортақ белгілері көп тілдер де, керісінше, айырым жақтары молырақ, демек ортақ белгілер азырақ тілдер де болады.

Генеалогиялық классификация бойынша дүние жүзіндегі тілдер тіл білімінде былайша топтастырылады.

I. Үндіевропа тілдері. Үндіевропа тілдерінің құрамына туыстас тілдердің төмендегі топтары мен жеке тілдер енеді:

1. Индия тобы. Бұл топқа мына тілдер енеді: бенгали тілі (Индия мен Пакистанда), маратхи тілі (Индияда), пенджаби тілі (Индия мен Пакистанда), лахнда тілі (Пакистанда), синдхи тілі (Индия мен Пакистанда), раджастхани тілі (Индияда), гуджарати тілі (Индия мен Пакистанда), сингаль тілі (Цейлонда), непали тілі (Непал мен Индияда), бихари тілі

(Непал мен Индияда), ория (немесе одри, уткали) тілі (Индияда), ассам тілі (Индияда), кашмир тілі (Индияда), цыған тілі. Кейде хиндустани деген жалпы атпен аталатын әдеби тілдің екі түрі бар: оның бірі — урду (Пакистанның мемлекет тілі, жазуы араб алфавитіне негізделген), екіншісі — хинди (Индияның, мемлекет тілі). Индия тобына санскрит, пали, пракрит деп аталатын өлі тілдер де енеді.

2. Иран тобы. Бұл топқа мына тілдер енеді: фарсы тілі (Иранның мемлекет тілі, жазуы араб алфавитіне негізделген), пушту (пашто) тілі (Ауғанстанның мемлекет тілі), балучи (белуджи) тілі (Пакистан, Ауғанстан, Индия мен Иранда және Түркменияның кейбір аудандарында), тәжік тілі (Тәжікстанда, Өзбекстанда, Ауғанстанда), курд тілі (Түркияда, Иранда, Иракта, Сирияда, Армения, Әзірбайжан, Грузия және Түркменияның кейбір аудандарында), осетин тілі (Солтүстік Осетияда, Оңтүстік Осетияда), тат тілі (Иранда, Әзірбайжан мен Дағыстанда), талыш тілі (Әзірбайжанда, Иранда), ягноб тілі (Тәжікстанда), Памир тілдері (шугнан, рушан, бартанг, сарыколь, язгулем, ишкам, вохан тілдері). Бұл тілдерде сан жағынан өте шағын этникалық топтар сөйлейді. Этникалық бұл топтардың тілдері шугнан-раушан тілдерінің тобы деп те аталады (КСРО, Ауғанстан және Қытайда). Иран тобына қолданылудан қалған, тек жазба ескерткіштер арқылы танылатын мынадай өлі тілдер енеді: ежелгі фарсы тілі, авести тілі, миди тілі, скиф тілі, алан тілі, пехлевн тілі, парфян тілі, согди тілі, хорезм тілі, бактри тілі.

3. Славян тобы. Тілдердің славян тобы өз ішінде кіші үш топқа бөлінеді: а) шығыс славян тобына енетін тілдер: орыс тілі (Ресейде және бұрынғы КСРО-ның басқа республикаларында, Америка мен шет европаның кейбір елдерінде) — Кеңес Одағы халықтарының ұлт аралық тілі, халық аралық тілдердің бірі, украин тілі (Украинада және КСРО-ның басқа республикаларында, Польша, Чехословакия, Румыния, Венгрия, Югославия, Америка Құрама Штаттары және Канадада), белорус тілі (Белоруссияда және КСРО-ның республикаларында, Польшада); ә) оңтүстік славян тобына енетін тілдер: болгар тілі (Болгарияда, Югославия және КСРО-да), македон тілі (Югославияда), сербохарбат тілі (Югославияда; сербтердің жазуы орыс алфавитіне, хорваттардың жазуы латын алфавитіне негізделген), словен (немесе словин) тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Югославияда, Америка Құрама Штаттарында); бұл топқа көне славян тілі де (өлі тіл) енеді; б) батыс славян тобына енетін тілдер: чех тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Чехословакияда, Америка Құрама Штаттарында), словак тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Чехословакияда, Америка Құрама Штаттарында), поляк тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Польшада, Францияда, Америка Құрама Штаттарында, Канадада, КСРО-да), кашуб тілі (Польшада),

серболужиц тілі (ГДР-де); бұл топқа енетін өлі тілдер: полаб тілі мен помор диалектілері.

4. Балтық тобы. Бұл топқа енетін тілдер: литва тілі (Литвада, Америка Құрама Штаттарында), латыш тілі (Латвияда), прус тілі (өлі тіл).

5. Герман тобы. Тілдердің герман тобы өз ішінде кіші үш топқа бөлінеді: а) солтүстік герман (скандинав) тобына енетін тілдер: дат тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Данияда, Америка Құрама Штаттарында), швед тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Швеция, Финляндия және Америка Құрама Штаттарында), норвеж тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Норвегия, Америка Құрама Штаттары және Канадада), исланд тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Исландияда), феррер тілі (Атлант мұхитындағы Феррер аралдарында); ә) батыс герман тобына енетін тілдер: ағылшын тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Великобритания, Америка Құрама Штаттары, Канада, Оңтүстік Африка Одағы, Оңтүстік Родезия, Австралияда және т. б.) — халық аралық тілдердің бірі, голланд тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Голландия, Канада, Америка Құрама Штаттарында), неміс тілі (ГДР, Батыс Берлин, ФРГ, Румыния, Америка Құрама Штаттары, Канада, Бразилия және КСРО-да), идиш (жаңа еврей) тілі; б) шығыс герман тобына енетін өлі тілдер: вестгот тілі, остгот тілі.

6. Роман тобы. Бұл топқа енетін тілдер: француз тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Францияда Алжир және Америка Құрама Штаттарында), провансаль тілі (оңтүстік-шығыс Франциядағы (Прованс) аз ұлттардың тілі), итальян тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Италия, Франция, Швейцария, Америка Құрама Штаттары, Аргентина, Канада, Африка, Австралияда), испан тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Испания, Франция, Аргентинада және т. б.), каталан тілі (Испания, Францияда және т. б.), португаль тілі (Португалия, Америка Құрама Штаттары, Бразилияда және т. б.) румын тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Румынияда, Америка Құрама Штаттарында, КСРО-да), молдаван тілі (жазуы орыс алфавитіне негізделген; Молдовада), аромун тілі (Югославия, Греция, Албанияда), рето-роман тілі (Швейцарияда), латын тілі (өлі тіл).

7. Кельт тобы. Тілдердің бұл тобы өз ішінде кіші үш топқа бөлінеді: а) гаэль тобына енетін тілдер: ирланд тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Ирландия, Великобритания, Америка Құрама Штаттары, Канадада), шотланд тілі (Великобритания, Америка Құрама Штаттары, Канадада); ә) бритт тобымен енетін тілдер: бретон тілі (Францияда), уэльс тілі (Великобританияда); б) галль тобына галль деп аталатын өлі тіл енеді.

8. Грек тобына жаңа грек тілі (XII ғасырдан басталады; Греция, Кипр, Түркия, КСРО, Америка Құрама Штаттарында), көне грек тілі (өлі тіл) мен византи тілі (өлі тіл) енеді.

9. Албан тобына албан тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген, Албания, Югославияда).

10. Армян тобына армян тілі (Арменияда, Сирия мен Иранда) енеді.

II. Семит-хамит тілдері.

1. Семит тобы. Бұл топқа енетін тілдер: араб тілі (жазуы араб алфавитіне негізделген; Аравия, Сирия, Ливан, Иордания, Палестина, Иран, Түркия, Ауғанстан, Судан Тунис, Алжирде және т. б.) — халықаралық тілдердің бірі, амхор тілі (Эфиопияның әдеби тілі), тигре, тигран, гураге тілдері (Эфиопиядағы жазуы жоқ тілдер), айсор тілі (Иран, Ирак, Сирия және КСРО-да), иврит тілі (Израиль еврейлерінің әдеби тілі). Бұл топқа мынадай өлі тілдер енеді: аккад (ассиро-вавилон) тілі, угарит тілі, аремей тілі, финикий тілі.

2. Египет тобына көне египет тілі және копт тілі деп аталатын өлі тілдер енеді.

Семит-хамит тілдерінің қатарына тілдердің кашит тобы, бербер тобы және чадо-хамит тобы енеді.

III. Кавказ тілдері (тілдердің төменде көрсетілген топтары тілдердің бір семьясын құру не құрмауы туралы мәселе ғылымда әлі де болса шешілмеген; «Кавказ тілдері» деген термин тілдердің географиялық таралуын білдіреді). Кавказ тілдерінің бірнеше тобы бар: а) оңтүстік (немесе картвель) тобына енетін тілдер: грузин тілі (жазуы грузин алфавитіне негізделген; Грузияда, Турция мен Иранда), мегрель тілі, чан (лаз) тілі (Түркияда), сван тілі; ә) батыс (немесе абхаз-адыгей) тобына енетін тілдер: абхаз тілі (жазуы 1954 ж. дейін грузин алфавитіне, қазірде орыс алфавитіне негізделген; Абхазия), адыгей және кабардин тілдері (Кабарда мен Балкария), б) бацбий-кистин тобына енетін тілдер: бацбий тілі, чечен тілі және ингуш тілі (Шешен республикасы мен Ингушетия); в) дағыстан тобына енетін тілдер: авар тілі, даргин тілі, лезгин тілі, лакс тілі, табасаран тілі (бұл тілдердің жазуы орыс алфавитіне негізделген) және Дағыстандағы жазусыз бірнеше тілдер.

IV. Фин-угор (немесе **угро-фин**) **тілдері.** Фин-угор тілдері екі үлкен топқа бөлінеді, а) угор тобына енетін тілдер, венгер (мадьяр, угор) тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Венгрия, Румыния, Югославия, Чехословакия, Америка Құрама Штаттары, КСРО), манси тілі, ханты тілі (КСРО); ә) финтобына енетін тілдер: фин тілі (жазуы латын алфавитіне негізделген; Финляндия, Швеция, Норвегия, Америка Құрама Штаттары, Австралия), карель тілі (КСРО), вепс және ижор тілдері

(КСРО), коми-зырян тілі (Коми АССР-і, Екатеринбург облысы), удмурт тілі (Удмуртия, Татарстан, Башқұртстан және Киров, Горький облыстарында), марий тілі (Мариияда) және т. б. тілдер.

V. **Түркі тілдері.** Тюркологияда түркі тілдерінің әр түрлі классификациясы бар. Н. А. Баскаков қазіргі түркі тілдерін батыс хун бұтағы және шығыс хун бұтағы деп бөледі де, әрбір бұтақты бірнеше топқа таратып, былайша топтастырады[1].

А. Түркі тілдерінің батыс хун бұтағы. Бұған енетін тілдер топтары: 1. Булгар тобына чуваш тілі (Чувашия, Башқұртстан, Татарстан және Ресей) енеді; 2) Оғуз тобына енетін тілдер: түрікмен тілі (Түрікменияда, Өзбекстанда, КСРО Одағының басқа республикаларында; Иран, Ауғанстан, Түркия, Сирияда), гагауз тілі (Украина мен Молдовада және Болгарияда), балқан түркілерінің тілі, әзірбайжан тілі (Әзірбайжанда, Грузияда, Арменияда, Дағыстанда; Иранда), түрік тілі (Түркия, Кипр, Греция, Ирак, Сирия, Болгария, Югославия, Румыния, КСРО, Франция, Аргентина, Америка Құрама Штаттарында); 3. Қыпшақ тобына енетін тілдер: караим тілі (Литва мен Украинада), құмық тілі (Дағыстанда, аз бөлегі Шешен республикасы мен Ингушетияда және Солтүстік Осетияда), карачай-балқар тілі (қарачайлар Карачай-Черкес автономиялы облысында, балқарлар Кабардин-Балқар АССР-інде, қарачайлар мен балқарлардың аз бөлегі Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстанда), қырым татарларының тілі (Қырымда, Өзбекстанда), татар тілі (Татар, Башқұрт, Чуваш автономиялы республикаларында, Горький, Тамбов, Пенза, Рязань, Ульянов, Куйбышев, Оренбор, Волгоград, Саратов, Астрахань, Челябинск, Новосибирь, Омск, Томск, Тюмень, Пермь және Киров облыстарында, Қазақстанда және Кеңес Одағының басқа республикаларында), башқұрт тілі (Башқұртстанда, Ресейде, Қазақстанда және Кеңес Одағының басқа республикаларында), ноғай тілі (Ставрополь өлкесінде, Карачай-Черкес автономиялы облысында, аз бөлегі Астрахань облысында, Краснодар өлкесі мен Дағыстанда), қарақалпақ тілі (Қарақалпақстанда, Өзбекстанның Хорезм, Ферғана облыстарында, Түрікменстанның Ташауз облысында, Қазақстанның және Астрахань облысының кейбір аудандарында), қазақ тілі (Қазақстанда, Орта Азия республикалары мен Ресейдің кейбір аудандарында, Қытай мен Монголияда); 4. Қарлық тобына енетін тілдер: өзбек тілі (Өзбекстанда, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қарақалпақстанда; Қытай мен солтүстік Ауғанстанда), ұйғыр (жаңа ұйғыр) тілі (Қытайда, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстанда).

Б. Түркі тілдерінің шығыс хун бұтағы. Бұған енетін тілдер тобы: 1) Ұйғыр-оғуз тобы; бұл топқа енетін тілдер: тува тілі (Тувада, Монголияда), тофа (қарағас) тілі (600 шамасында адамы бар этникалық топтың тілі; Краснояр өлкесінде), якут тілі (Якутияда, Краснояр өлкесінде, Магадан, Сахалин, Амур облыстарында), хакас тілі (Хакас автономиялы облысында), шор тілі (Солтүстік Алтайда, Хакас және Таулы-Алтай автономиялы облыстарымен шектесетін территорияда), чулым тілі (Чулым өзенінің) Обь өзенінің құйылысы (жағасында); 2. Қырғыз-қыпшақ тобы; бұл топқа енетін тілдер: қырғыз тілі (Қырғызстанда, Өзбекстан, Тәжікстан, Қазақстанда, Қытай, Монголия, Ауғанстанда), алтай тілі (Алтай өлкесінің Таулы-Алтай автономиялы облысында). Түркі тілдерінің (түрік тілінен басқаларының) жазулары орыс алфавитіне негізделген. Түркі тілдеріне жазба ескерткіштерде сақталған мынадай өлі тілдер енеді: орхон, қыпшақ (половец, құман), көне ұйғыр, чағатай және т. б. тілдер.

Тюркологияда түркі тілдерінің бұдан басқаша түрде жасалған классификациялары да бар. Бұл ретте Н. И. Ильминский[1], В. В. Радлов[2], Н. А. Аристов[3], Н. Ф. Катанов[4], Ф. Е. Корш[5], А. Н. Самойлович[6], В. А. Богородицкий[7], С. Е. Малов[8] және И. А. Батманов[9] ұсынған классификацияларды атауға болады. Бұлар жайында сілтемеде көрсетілген әдебиеттерді қараңыз.

VI. **Монғол тілдері.** Бұлардың құрамына мына тілдер енеді: халха-монғол тілі (жазуы бұрын монғол алфавитіне, ал 1945 жылдан орыс алфавитіне негізделген; (Монғол Халық Республи-

---

[1] *Н. А. Баскаковтың* классификациясында қазіргі түркі тілдеріне қоса көне түркі тілдерінің қайсысы қай топқа жататындығы және түркі тілдерінің ірі топтарының қандай кіші топтарға жіктелетіндігі көрсетілген. Бұлар жайында *Н. А. Баскаковтың* мына еңбегін қараңыз: Введение в изучение тюркских языков. М., 1969.

[1] *Н. И. Ильминский.* Вступительное чтение в курс турецко-татарского языка.—«Ученые записки. Имп. Казанского университета», 1861, кн. III—IV.

[2] Radloff. Phonetik der hö·dtichen Türksprachen. Leipzig. 1882.

[3] *Н. А. Аристов.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности.—«Живая старина», 1896, вып. III—IV.

[4] *Н. Ф. Катанов.* Опыт исследования урянхайского языка с указанием главнейших родственных отношений его к другим языком тюркского корня. Казань, 1903; Этнографический обзор турецко-татарских племен. Казань, 1894.

[5] *Ф. Е. Корш.* Классификация турецких племен по языкам.—«Этнографическое обозрение», Кн. 84—85, М., 1910.

[6] *А. Н. Самойлович.* Некторые дополнения к классификации турецких языков. Пг., 1922.

[7] *В. А. Богородицкий.* Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Казань, 1934.

[8] *С. Е. Малов.* Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951. стр. 5—8.

[9] *И. А. Батманов.* Краткое введение в изучение киргизского языка, Фрунзе, 1947.

касында), бурят тілі (Бурят автономиялы республикасында, Иркут облысы мен Чита облысында. Монголия мен Қытайда), қалмақ тілі (жазуы орыс алфавитіне негізделген; Қалмақ автономиялы республикасында, Астрахань, Ростов, Волгоград облыстары мен Ставрополь өлкесінде, Қытайда).

VII. **Тунгус-маньчжур тілдері.** Бұл тілдер екі топқа бөлінеді: 1. Тунгус тобы және оған енетін тілдер: эвенк тілі (Красноярөлкесінің Эвенк ұлттық округі, Бурят, Якут республикаларында, Иркут, Чита, Томск облыстарында, Хабаровск өлкесі мен Сахалин аралында), эвен тілі (Магадан, Камчат облыстарында, Чукот ұлттық округінде, Хабаровск өлкесінде, Якут автономиялы республикасының солтүстік-шығыс аудандарында); 2. Маньчжур тобы және оған енетін тілдер: нанай тілі (Хабаровск өлкесі мен Приморье өлкесінде), ульч тілі (Хабаровск өлкесінің Ульч ауданындағы этникалық топтың тілі), орок тілі (саны 400 адам; Сахалин аралында), орочи тілі (Хабаровск өлкесінде), удэгей (немесе удэй) тілі (Хабаровск өлкесі мен Приморье өлкесінде).

VIII. **Қытай-тибет тілдері.** Бұл тілдердің екі тобы бар: 1. Таи-қытай тобы және оған енетін тілдер: қытай тілі (Қытай Халық Республикасында, Тайланд, Малайя, Индонезия, Сингапур, Вьетнам, Бирма, Филиппины, Корея, Япония, Лаос, Америка Құрама Штаттары, Канада, Перу, Мексика, КСРО, Великобританияда), дүнген тілі (Қытайда, Қазақстан мен Қырғызстанда), таи тілі (Таиландтың мемлекет тілі), лаос тілі (Лаос, Таиланд, Камбоджа, Бирмада), чжуан тілі (Қытайда), вьетнам тілі (Вьетнам, Камбоджада); 2. Тибет-бирма тобы және оған енетін тілдер: тибет тілі (Қытайда), бирма тілі (Бирмада). Туыстас тілдердің ешбір тобына енбейтін, жеке-дара тұратын тілдер: жапон тілі және корей тілі.

Тілдердің жоғарыда аталған семьялары мен топтарынан басқа да бірнеше топтары (немесе семьялары), мысалы малайя-полинезей тілдері, дравид тілдері, аустроазиялық тілдер, Австралия тілдері, Африка тілдері, полеоафрикан тілдері, полеоазиат тілдері, Солтүстік Америка тілдері, Орталық Америка тілдері деп аталатын тілдер бар. Бұл тілдер жайында төменде (сілтемеде) көрсетілген әдебиеттерді қараңыздар.

§4. ТІЛДЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ (МОРФОЛОГИЯЛЫҚ) КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Құрылымдық ұқсастық бір негізден тараған туыстас тілдердің арасында ғана емес, сонымен бірге әр басқа негізден тараған тілдердің, яғни генеалогиялық (шығу тегі) жағынан әр басқа тілдердің арасында да болуы мүмкін. Мұның үстіне, туыстас тілдердің арасында да құрылымдық жағынан елеулі айырмашылықтардың болуы әбден ықтимал. Ал туыстас тілдердің арасындағы құрылымдық айырмашылықтарды салыстырмалы-тарихи тіл білімі тұрғысынан түсіндіру әрқашан мүмкін бола бермейді. Мұндай ұқсастық пен айырмашылықтарды айқындау, олардың себептерін зерттеу және тілдердің құрылымдық типтерін белгілеу барысында тіл білімінде оның бір саласы — лингвистикалық типология пайда болды. Лингвистикалық типология тілдердің құрылымдық ұқсастығы мен жақындығын олардың (тілдердің) туыстығына байланыссыз зерттейді.

Лингвистикалық типология тілдердің типтерін айқындауды мақсат етеді. Алайда, лингвистикалық типология пайда болғаннан бері ұзақ уақыт (150 жылдан астам) өткенімен, тілдік тип туралы ұғым мен тілдердің типтерінің пайда болуының себептері әлі де болса жете айқындалмай келеді.

Тілдің типін айқындау, сайып келгенде, тілдің құрылысын айқындау болып шығады. Алайда, белгілі бір тілдің тілдердің қандай типіне жататындығын (қатысты екендігін) айқындау үшін, әдетте, сол тілдің барлық қасиеттері мен ерекшеліктері емес, оның басты белгілері негізге алынады. Тілдерге типологиялық классификация жасауда грамматикалық формалардағы аналитизм мен синтетизм құбылыстарының ара қатысы, бұлардың бірінің басым, екіншісінің аз не мүлдем болмауы, түбір морфема мен аффикстік морфемалардың байланысу сипаты, ішкі флексияның болуы не болмауы, анықтауыш пен анықталғыштың арасындағы байланыстың түрлері, сөйлемнің эргативті конструкциясы, сөздердің орын тәртібінің ерекшеліктері (сөйлемдегі сөздердің орнының тұрақтылығы не жылжымалы болуы, анықтауыштың анықталғыштың алдына не соңында келуі, баяндауыштың орны) және т. б. осылар тәріздес тілдік құбылыстар ескеріледі.

Тілдердің типологиялық классификациясында мына бір жайды ескермеске болмайды: белгілі бір тілде тілдердің бір емес, бірнеше типіне тән ерекшеліктер мен белгілер, әдетте, ұшырасқа береді. Осыны ескергенде, әрбір тілді политипологиялы[1] деуге болады. Мұның өзі тілдердің жалпы типологиялық классификациясын жасауда нақтылы бір тілді тілдердің белгілі бір типологиялық тобына жатқызу мәселесін шешуді қиындата түседі. Мәселенің осы жағы ескеріліп, жоғарыда аталып өткендей, нақтылы бір тілді тілдердің белгілі бір типологиялық тобына жатқызуда ол тілдің күллі құрылымдық ерекшеліктерінің барлығы бірдей емес, ең басты ерекшеліктері мен белгілері негізге алынады.

Тілдерге типологиялық немесе морфологиялық классификация жасау XIX ғасырдан басталады. XIX ғасыр лингвистері тілдердің типтерін айқындауда әр түрлі тілдердегі сөздердің морфологиялық құрылымын, грамматикалық мағыналарды білдіру

[1] Общее языкознание. Издательство «Наука», М., 1972, стр. 519.

тәсілдерін негізге алады. Неміс лингвисі Фридрих Шлегель (1772—1829) санскритті грек тілі, латын тілі және түркі тілдерімен салыстыра келіп, тілдердің екі түрлі типі бар деп есептеді: оның бірі — флективті тілдер, екіншісі — аффикстендірілуші тілдер. Ф. Шлегель тілдерді бұлайша топтастыруда сөз құрамындағы мағыналық бөлшектердің өз ара байланысу сипатын, тілдердің бірінде түбірдің өзгеруін, екіншілерінде өзгермеуін басты меже етіп ұстанды.

Ф. Шлегель ұсынған классификацияны өңдеп және толықтыра келіп, Август Шлегель (1767—1845) тілдерді үш түрлі типке бөліп топтастырды. Тілдердің ол типтері мыналар: 1) флективті тілдер, 2) аффикстендірілуші тілдер, 3) аморфты тілдер. А. Шлегель морфологиялық және синтаксистік қатынастар сөздердің орын тәртібі арқылы берілетін қытай және үнді-қытай тілдерін аморфты тілдердің қатарына жатқызып, флективті тілдердің ішінде синтетизм құбылысы да, аналитизм құбылысы да болатындығын көрсетті. Ағайынды Шлегельдердің флективті тілдер мен агглютинативті тілдердің және даралаушы (изолирующие) тілдердің арасындағы айырмашылықтарды көрсетуі белгілі дәрежеде дұрыс болғанымен, ол тілдердің құрылымын түсіндіруі және тілдердің бір типін (мысалы, флективті тілдерді) артық, екінші типін (мысалы, агглютинативті тілдерді) кем деп бағалауы мүлдем қате пікір болып табылады. Мұның үстіне, егер формасыз тілдің болуы мүмкін еместігін ескерсек, А. Шлегельдің қытай тілін аморфты тіл деп атауы да дұрыс болып шықпайды.

Вильгелм Гумбольдт (1767—1835) «Грамматикалық формалардың шығуы және олардың идеялардың дамуына әсері туралы» (1822) деген еңбегінде және «Ява аралындағы кави тілі туралы» (3 том, 1836—1840) еңбегінің кіріспесінде тілдерге олардың типологиялық белгілерінің негізінде классификация жасап, тілдердің төрт түрлі типін көрсетеді. Олар мыналар: 1. даралаушы тілдер, 2. агглютинативтендіруші тілдер, 3. флективтендіруші, 4. инкорпоративтендіруші тілдер. Гумбольдт флективтендіруші тілдерде ішкі флексиядан басқа аффиксация да болатындығын көрсетті. Ол тілдердің аморфты типін даралаушы, аффикстендіруші типін агглютинативтендіруші деп атады. Бірақ Гумбольдт тілдердің типологиялық классификациясынан қате қорытынды шығарды: тілдердің типтерін «ұлттық» психологияға апарып тіреді, (даралаушы) тілдерді тілдердің төменгі сатысындағы, ал флективті тілдерді жоғары сатыдағы тілдер деп есептеді. Бұл көзқарасты кейіннен А. Шлейхер, Г. Штейнталь, Ф. Мистели жақтады. Н. Г. Чернышевский мұндай көзқарастың мүлдем қате екендігін көрсетті.

Август Шлейхер (1821—1868) тілдерді үш түрлі типке (даралаушы, агглютинативтендіруші, флективтендіруші) бөліп, агглютинативтендіруші тілдердің ішінде де, флективтендіруші тілдердің ішінде де құрылысы жағынан синтетикалық тілдердің де, аналитикалық тілдердің де болатындығын көрсетті.

Гейман Штейнталь (1823—1899) тілдерді формасы бар тілдер және формасыз тілдер деп топтастырды. Бұлайша топтастыруда ол сөздің ғана формасын емес, сонымен бірге сөйлемнің формасын да есепке алады.

Акад. Ф. Ф. Фортунатов (1848—1914) тілдердің үш түрлі типіне (түбір тіл, агглютинативті тіл, флективті тіл) қоса флективті-агглютинативті тілдер типі бар деп есептейді.

Эдуард Сепир (1884—1939) тілдердің көп сатылы типологиялық классификациясын (1921 жылы) ұсынды. Э. Сепир тілдерді топтастыруда 1) білдірілетін ұғымның табиғатын, 2) қатынастарды білдіру «техникасын» және 3) синтездің дәрежесін негіз етіп алды.

Тіл арқылы білдірілетін ұғымдарды ол төрт түрге бөліп қарады: I. Нақтылы түбір ұғымдары (заттар, іс-әрекет, сапа); II. Деривациялық ұғымдар (атрибутивтілік, субстантивтілік және т. б.); III. Нақтылы-реляциялық ұғымдар (мысалы, зат есімнің жекеше-көпше түрі, тек (род түрі); IV. Таза реляциялық ұғымдар, яғни тек қана қатынас ұғымдары.

Тілдер сөздің құрылымы арқылы жоғарыда аталған ұғымдардың қай тобын білдіруіне қарай былайша топтастырылады: А. Жалаң реляциялы тілдер (вьетнам тілі, қытай тілі, тибет тілі) I және IV топ ұғымдарын білдіреді. Б. Күрделі реляциялы тілдер (полинезей тілдері, түрік тілі) I, II және III топ ұғымдарын білдіреді. В. Жалаң аралас-реляциялы тілдер (банту тілі, француз тілі) I және III топ ұғымдарын білдіреді. Г. Күрделі аралас реляциялы тілдер (ағылшын тілі, грек тілі, санскрит және семит тілдері) I, II және III топ ұғымдарын білдіреді.

Э. Сепир грамматикалық тәсілдердің, яғни грамматикалық қатынастарды білдіру техникасының төрт түрлі комбинациясын көрсетеді: 1) даралау (сөздердің орын тәртібі тәсілі, көмекші сөздер тәсілі, интонация тәсілі), 2) агглютинация (немесе түбір мен аффикстердің «іліктесуі»), 3) фузия (немесе түбір мен аффикстердің «ертіле қосылуы»), 4) символизация (қосарлану тәсілі, түбірдегі дауыстылар мен дауыссыздардың өзгеру тәсілі, екпін тәсілі және интонация тәсілдерінің бір-бірімен тіркесіп ұштасуы). Э. Сепир «синтезденудің» үш түрлі дәрежесі (аналитикалық, синтетикалық және полисинтетикалық) дәрежесі бар деп қарайды[1].

Тілдердің типологиялық классификациясы жайындағы шолуды жинақтай келгенде, тілдерді типологиялық тұрғыдан мынадай типтерге ажыратуға болады.

1. Даралаушы тип. Даралаушы тілдердің (изолирующие языки) қатарына вьетнам тілі, қытай тілі, бирма тілі, таи тілі, тибет тілі, малайя-полинезей тілдері және Батыс Африка-

[1] *Э. Сепир.* Язык. Русский перевод. М., 1934, гл. VI.

ның кейбір тілдері енеді. Даралаушы тілдерде сөздер түрлен
бермейді, сөз таптарының формалық жақтан жігі ашық-айқы
емес. Сөздік құрамында бір буынды омонимдес сөздер өте мол
олар бір-бірінен музыкальды екпін арқылы ажыратылады. Син
таксистік тәсілдердің ішінде қабысу негізгі тәсіл ретінде қызме
атқарады, қиысу тәсілі ұшырамайды. Синтаксистік қатынаста
даралаушы тілдерде сөздердің орын тәртібі, көмекші сөзде
және интонация арқылы беріледі. Сөз тудырудың ең басты тә
сілі ретінде біріктіру тәсілі қолданылады.

2. Полисинтетикалық тип. Полисинтетикалық тіл
дердің қатарына американдық индеецтердің тілдері, полеозиа
тілдері (ительмен тілі, чукот тілі, коряк тілі, нивх тілі, юкаги
тілі және т. б.) жатады: Полисинтетикалық тілдер кейде инкор
поративті тілдер деп те аталады. Флективті тілдер мен агглюти
нативті тілдерде немесе түбір (даралаушы) тілдерде сөйлемме
айтылатындар полисинтетикалық тілдерде бір сөзбен де беріл
алады. Мысалы, чукот тілінде *ты-ата-каа-нмы-ркын* деген сө
«мен семіз бұғыларды өлтіремін» дегенді білдіреді. Мұның құра
мындағы *ты* — бірінші жақтың көрсеткіші, *ркын-* — етістіктің
журнағы, ал басқа сыңарлары есім түбірлер.

3. Агглютинативті тип. Агглютинативті тілдердің
қатарына түркі тілдері, монғол тілдері, угро-фин тілдері және
т. б. тілдер жатады.

Агглютинативті тілдерде грамматикалық мағыналар түбірге
аффикстердің жалғануы арқылы беріледі. Тілдердің бұл түрінде
аффикстердің әрқайсысы көбінесе бір ғана грамматикалық ма
ғынаны білдіреді де, олар бірінің үстіне бірі жалғана береді.
Мысалы, қазақ тілінде *ту* деген сөзге бірнеше аффиксті жалғап
ол сөзді *туыс, туыстар, туыстарым, туыстарымнан* деген түрде
айтуға болады. *Туыстарымнан* деген сөздің құрамындағы *ту*
морфемасы — негізгі морфема да, қалғандары — көмекші морф
фемалар (аффикстер). Негізгі морфемаға жалғанып тұрға
-ыс — зат есім тудыратын жұрнақ, *-тар* — көптік жалғауы, *-ым*—е
тәуелдік жалғауы, *-нан* — шығыс септік жалғауы. Агглютина
тивті тілдерде сөздерге аффикстер жалғанып, сөздің морфоло
гиялық құрамы күрделенгенмен, сөздің түбірінің дыбыстық құ
рамы күрделенгенмен, сөздің түбірінің дыбыстық құрамы, негі
зінен алғанда, өзгермей, сол күйінде қалады.

4 Флективті тип. Флективті тілдердің қатарына орыс
тілі, неміс тілі, грек тілі, араб тілі және т. б. тілдер енеді. Флек
тивті тілдерде ішкі флексиямен бірге сыртқы флексия да қолда
нылады. Екінші сөзбен айтқанда, флективті тілдерде граммати
калық мағыналар ішкі флексия тәсілі арқылы да (мысалы: *ок
но — окон, избегать — избежать*), аффиксация тәсілі арқылы да
(мысалы: *охотник, охотника, охотнику, охотником*) беріледі. Аг
глютинативті тілдерде сөз құрамында аффикстердің әрқайсысы
көбінесе дара мағыналы болып, бір ғана қызмет атқарса, флек-

тілдерде бір аффикс бірнеше грамматикалық мағынаны
діріп, әр түрлі қызмет атқарады. Мысалы, *охотники* деген
дің құрамындағы *и* аффиксі (жалғау) әрі атау септікті, әрі
тікті білдіреді. Мұнымен бірге, флективті тілдерде аффикс-
сөздің түбіріне (немесе негізіне) сіңісіп кетеді де, осымен бай-
ысты көптеген сөздер аффикссіз дербес қолданыла алмайды
салы: *писать, письмо, писание; дети, детство, детский*). Аг-
тинативті тілдерде аффикстер, түбірге жалғанып, негізгі
фемадан кейінгі орынға ие болса, флективті тілдерде аф-
стер префикс, суффикс, инфикс болып бөлінуіне қарай және
н сай сөз құрамында әр түрлі орынға ие болады.

Тілдер грамматикалық құрылысына қарай *синтетикалық тіл-*
және *аналитикалық тілдер* болып бөлінеді. Құрылысы син-
икалық тілдерде синтаксистік қатынастар атауыш сөздердің
ріп түрленуі арқылы беріледі. Синтетикалық тілдерде аф-
сация тәсілі мен ішкі флексия тәсілі ең басты грамматикалық
лдер ретінде қызмет атқарады. Синтетизм құбылысы әсіресе
а тілі, неміс тіліне, түркі тілдеріне, славян тілдерінің көп-
гіне және т. б. тілдерге тән.

Құрылысы аналитикалық тілдерде синтаксистік қатынастар
ердің формалары арқылы емес, сөздердің орын тәртібі, кө-
ші сөздер және интонация арқылы беріледі. Аналитизм құ-
ысы әсіресе ағылшын тілі, болгар тілі, дат тілі, грек тілі,
нцуз тілі және т. б. тілдерге тән. Тілдерді синтетикалық тіл-
және аналитикалық тілдер деп бөлу — шартты нәрсе. Синте-
лық тілдер деп аталатын тілдерде грамматикалық мағына-
білдірудің синтетикалық тәсілмен бірге, ішінара болса да,
итикалық тәсілі де қолданылады. Керісінше, аналитикалық
дердің қатарына жатқызылып жүрген тілдерге синтетикалық
мүлдем жат деуге болмайды. Белгілі бір тілді синтетик
немесе аналитикалық тілдердің қатарына жатқызуда
е аналитикалық тәсіл мен синтетикалық тәсілдің қайсы
м екендігі ескеріледі[1].

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3

I Тарау. Тіл білімі және оның басқа ғылымдармен байланысы

§1. Тіл білімі және оның салалары 4
§2. Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орны және оның басқа ғылымдармен байланысы туралы жалпы мағлұмат 7
§3. Тіл білімінің ғылымның әр түрлі салаларымен байланысы 11
§4. Тіл білімінің практикалық мәні 33

II тарау. Тілдің қоғамдық мәні және оның жүйесі мен құрылымы

§1. Тілдің анықтамасы және оның мәні мен қызметі 38
§2. Тіл және ойлау 44
§3. Тілдің таңбалық сипаты 57
§4. Тілдің құрылымдық және жүйелік қасиеттері 62
§5. Синхрония мен диахрония 68

III тарау. Лексикология

§1. Лексикология және оның түрлері мен салалары 77
§2. Сөз және оған тән белгілер 85
§3. Сөздердің типтері мен варианттары 92
§4. Полисемия және сөздің лексикалық мағыналарының түрлері (типтері) 95
§5. Сөз мағынасының өзгеру себептері мен ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдері 106
§6. Омонимдер 113
§7. Синонимдер 125
§8. Антонимдер 132
§9. Табу мен эвфемизмдер 135
§10. Этимология және «халық» этимологиясы 137
Тілдің сөздік құрамы 147
§11. Сөздік құрам және оның дамуы . . . . . —
§12. Кірме сөздер 152
§13. Терминдер мен терминология 161
Фразеология 165
§14. Фразеологиялық оралым және оған тән басты белгілер . . . . . —
§15. Фразеологиялық оралымдардың түрлері 170
§16. Фразеологиялық оралымдардың пайда болуы, шығу негіздері 182

тарау. Лексикография.

§1. Лексикография және сөздіктердің түрлері туралы түсінік 1
§2. Түсіндірме сөздіктер 1
§3. Диалектологиялық сөздіктер 19
§4. Салыстырмалы сөздіктер 19
§5. Этимологиялық сөздіктер 19
§6. Синонимдер сөздігі 19
§7. Фразеологиялық сөздіктер 20
§8. Аударма сөздіктер 20
§9. Терминологиялық сөздіктер 20
§10. Шет тілдер сөздерінің сөздігі 2

V тарау. Фонетика.

§1. Фонетика және оның салалары 2
§2. Дыбыстардың акустикалық тұрғыдан мінездемесі 2
§3. Дыбыстау мүшелері және олардың қызметі 3
§4. Тіл дыбыстары және олардың түрлері (дауыссыздар мен дауы тылар) 1

§5. Дауыссыз дыбыстар 222
§6. Дауысты дыбыстар 226
§7. Дифтонгтар мен дифтонгоидтар 232
§8. Фонема 235
§ 9. Сөйлеудің фонетикалық жақтан мүшеленуі 240
§10. Екпін және оның түрлері 242
§11. Дыбыстардың өзгеруі мен үндесуі 248
§12. Сингармонизм 249
§13. Ассимиляция 253
§14. Диссимилияция 255
§15. Редукция мен элизия 257
§16. Фонетикалық басқа процестер 260
§17. Фонетикалық (дыбыстық) заңдар 263
§18. Орфоэпия 267

VI тарау. Грамматика.

§ 1. Грамматика және оның салалары 270
Сөздің морфологиялық құрылымы 274
§ 2. Сөздің морфологиялық құрылымы және мағыналық бөлшектері (морфемалар) туралы мағлұмат . . . . . —
§ 3. Түбір морфема мен негіз 278
§ 4. Аффикстік морфема және олардың түрлері 283
§ 5. Сөздердің морфемаларға мүшелену мүмкіндігі 292
§ 6. Сөздердің морфологиялық құрылымының өзгеруі 294

Грамматикалық тәсілдер

§ 7. Аффиксация тәсілі 304
§ 8. Ішкі флексия тәсілі 307
§ 9. Қосарлану тәсілі 308
§10. Бірігу тәсілі 311
§11. Көмекші сөздер тәсілі 312
§12. Сөздердің орын тәртібі — грамматикалық тәсілдердің бірі . 314
§13. Екпін және интонация тәсілдері 316

Грамматикалық форма

§14. Грамматикалық форма және сөз формалары жайында түсінік 319
§15. Сөздің синтетикалық формалары 324
§16. Сөздің аналитикалық формалары . . . . . —

Грамматикалық категория

§17. Грамматикалық категория туралы түсінік 338
§18. Грамматикалық категориялардың түрлері және олардың сөз таптарына қатысы 343

Сөз таптары

§19. Сөз таптары туралы мәселенің тіл білімінде қойылысы . . 359
§ 20. Сөз таптары және олардың классификациясы 361
§ 21. Сөз таптарының шығуы мен дамуы 372

Синтаксис мәселелері

§ 22. Сөздердің байланысу амалдары мен формалары 379

Сөз тіркесі

§ 23. Сөз тіркесі және оған тән басты белгілер 382
§ 24. Сөз тіркесінің түрлері 394

Сөйлем

§ 25. Сөйлем және оған тән басты белгілер
§ 26. Сөйлемнің түрлері 396
§ 27. Сөйлем мен байымдау 401
. 407

VII тарау. **Жазу және оның даму кезеңдері**

§ 1. Жазу және жазба тіл 410
§ 2. Жазудың шығуы және оның даму кезеңдері 411
§ 3. Алфавит. Графика. Орфография 433
§ 4. Транскрипция мен транслитерация 438

VIII тарау. **Тілдің шығуы және тілдердің жасалуы мен дамуы. Тілдің шығуы**

§ 1. Тілдің шығуы туралы мәселенің қойылысы 441
§ 2. Тілдің шығу проблемасын қарастыру тарихынан мәлімет . . 442
§ 3. Тілдің шығуы туралы марксистік теория 444

Тілдің дамуы

§ 4. Тілдердің даму заңдылығы. Жалпы және жеке лингвистикалық заңдар
§ 5. Тілдердің қарым-қатынасы және өз ара әсері 449
§ 6. Әр түрлі тарихи дәуірлерде тілдер мен диалектілердің даму ерекшеліктері 456
. 466

IX тарау. **Тілдердің классификациясы**

§ 1. Дүние жүзі тілдері және оларға классификация жасау туралы 472

Тілдерді зерттеудің салыстырмалы-тарихи методы және олардың генеалогиялық классификациясы

§ 2. Тілдерді зерттеудің салыстырмалы-тарихи методы 472
§ 3. Тілдердің генеалогиялық классификациясы 481
§ 4. Тілдердің типологиялық (морфологиялық) классификациясы . 488